

ЖАРЫЛҚАП
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ІІІ ТОМ





**ЖАРЫЛҚАП
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ**

ШЫҒАРМАЛАРЫ

**ҮШІНШІ
ТОМ**

Зерттеулер

Астана: «Өрнек» баспасы – 2022

* ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

* АРҒЫ ТҮРКТЕР АҚИҚАТЫ ІЗІМЕН

* ШҮЙГІН МҰРА, ТҰҢҒИЫҚ ТҮЙСІК

* НАҒАНАЙ БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44
Б 38

БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ Ж.

Б 38 Шығармалары: / Жарылқап Бейсенбайұлы. – Астана: «Өрнек», 2022. – 502 бет.

ISBN 978-601-7379-54-4


3 том. Зерттеулер. 2022. – 502 б.

Қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлының шығармалар жинағының бұл томына «Қазақ шежіресі», «Арғы түркітер ақиқаты ізімен» атты еңбектері, «Шоқан Уәлиханов – ауыз әдебиеті мен ортағасырлық жазба мұралар зерттеушісі» және Жошы ұлысының әйгілі бектербегі, қазақтың этнотектік тарихында елеулі орны бар Нағанай ұлыби туралы «Нағанай би» ғылыми монографиялары еніп отыр.

ISBN 978-601-7379-54-4 (Т. 3)

© Бейсенбайұлы Ж, 2022

ЗЕРТТЕҮЛЕР



ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ¹

(аңыздық және деректемелік сарындар)



Шежіре – кастерлі қазынамыз

Қазақ дәстүрінде шежіре тарқатуға ілкіден ерекше көңіл бөлінетіні белгілі. Сәбилеріне тілі шыққаннан бастап, қай ата, қай рудан тарайтынын үйретіп, жеті атасына дейін жаттатқызып, туысқандары, ағайындары кім екенін айтып отыру ұлтымыздың өзіне тән тәлім-тәрбиелік дәстүрлерінің бірі. Бұның түп-төркінінде ұрпақты жастайынан ата-баба тарихын білуге, бауырмалдыққа, сыйластыққа, жөн-жобаға баулу мүддесі жатыр. Адам өз ғұмырында әртүрлі жағдайларға ұшырасады, қуаныш та, қиыншылық та кезігеді. Сондайда, сенің қасыңда осы бауырларың, ағайындарың жүреді, қолқабыс береді. Сен де

¹ «Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалып», газет редакциясына шежіре нұсқаларын жолдаған мыңдаған автордың аты-жөндері түгел көрсетіліп, барлық қазақ тайпаларының бастапқы 10 ұрпақ шамасына дейінгі баба ұрпақтарын қамтитын ата-тек кестелері берілген «Қазақ шежіресі» (Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 160 б.) кітабынан үзінділер.

оларға сондай сәттерде өз қолыңды созып көмектесуің керек, дейді бұл тәлім.

Үйге танымайтын қонақ келгенде, оған алдымен дәмін ұсынып, дастарқанын жайып отырып, отағасының «не елсің?» деп жөн сұрауында да қазақтың тамаша салты жатыр. Мейманның елін сұрау арқылы, оның бұл шаңыраққа қатысы қандай екендігі аңғарылады. Қонақтың бұл үйге құдалық, нағашылық, жегжаттық жағынан сүйек шатыстығы болуы да мүмкін ғой. «Қарға тамырлы қазақ» деп бекер айтылмайды. Сол мейманның қайткен күнде де әйтеуір бір жақындығы табылып, әңгіменің тиегі ағытылады. Бәйбіше жағдайлары келіп жатса, қонақтың осы шаңыраққа қатысына қарай қазанға өз сыбағасын салады. Құдалары жағынан болса, әрине, кәделі мүшелер асылатыны да түсінікті.

Яки, шежірені білу, тарқату – кейбіреулер айтып жүргендей, рушылдықты, жікшілдікті қоздыратын құрал емес, жұртымызды елдің өткен тарихын тануға, бауырмалдыққа, туысқандыққа, ағайын-жегжат арасындағы сыйластыққа баулитын асыл тәлімдеріміздің бірі, бағзыдан жалғасқан қасиетті дәстүріміз, ардақты салтымыз.

Сондай-ақ оны бір жағынан, еліміздің бағзы замандардағы тарихы туралы халық арасында ұрпақтан ұрпаққа сақталып қалған байырғы деректер сарынының жиынтығы, мәліметтік дәйектері мол қария сөздер қазынасы десе де болады. Тайпалар мен рулардың түп-тегін қаузаған шежірелік аңыздар мен дәйектерді зерделеу үстінде, олардың алыс дәуірлердегі тарихи кезеңдерге өткен оқиғаларымен үндесіп жатқан сипаттарын да байыптау қиын емес. Шежірелер уақыт керуені озған сайын әртүрлі өзгерістерге түсіп, жаңарып отырса да, олардың бойынан көне ғасырлардың көмескіленген іздерінің сорабын бағамдауға болады. Ежелгі этнонимдер мен топонимдердің бүгінгі күндерге жүлге-жүлге боп сабақтасып жеткен сілемдері аңғарылады. Яғни, шежірелер сарынындағы мәліметтер – қазақ халқын құрауға қатысқан тайпалар мен рулардың *арғы этнотектік тамырларын* ғылыми дәйектермен салғастыра отырып пайымдаудың құнарлы бір қайнар көзі, ұлтымызға тән ауызша тарихнамасының құнарлы арнасы.

* * *

Қазақтың қара шежіресін тарқату дәстүріне кеңінен сіңісіп қалған сарындарға көз жіберсек, олардың көбінде қазақты ежелгі аңыздардан алынған Нұх пайғамбардан, яхуди-араб пайғамбарлары Ысқақ пен Смағұлдан, одан бері келе Әнес сахабадан өрбітіп әкететін желілер әрдайым кездесіп жатады. Сол сахабадан бермен қарай Алаш, одан Жайылхан, Сейілхан туыпты-мыс делінеді де, Жайылхан тұқымынан шыққан Дешті Қыпшақ ханы Әбілқайырдан кейін үш жүзге бөлінген қазақ бірлестігінің аталары – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыстар таралыпты деген тұжырымдар жасалады.

Қазақты араб текті жұрттарымен туысқан етіп шығаратын бұл сарынның түп-төркіні – кезінде ісләм дінінің түрк тайпаларын өз ыңғайына икемдемек ниетімен тығыз сабақтастықта өрбігені анық. Шын мәнінде араб пен түрк тайпалары бір-бірінен аралары алшақ, тілі мен тегі де басқа нәсілдер екендігі баршаға мәлім. Дегенмен сол басым насихаттың салқыны біздің шежірелерімізге де сыналап кіріп, қиялдан шығарылған ата-тек туралы әңгімелер сарыны ылғи пайғамбарларға, сиықтарға (әулиелерге), қожаларға келіп тіреліп жататын дәстүрді де орнықтырған еді.

Ал ғылыми дәйекке сүйенер болсақ, *қазақ* пайғамбарлардан тараған жоқ. Ол тым ежелгі замандардан байтақ аймағымызда қоныстанған, этникалық тарихы аса күрделі, байырғы тайпалық бірлестіктер қауымдасуының: сонау тас, мыс, қола дәуірлері мәдениеттері аясында ғұмыр кешкен жұрттардың, Сак, Ғұн, Түрк, Түргеш, Қарлық дәулеттерінің, Қыпшақ ұлысы, Алтын орда, Ақ орда, Көк орда, Дешті Қыпшақ ордаларының құрамына кірген түрк тілдес елдер мен тайпалардың, Қазақ ордасы ірге көтерген кезде бір хандық аясында топтасқан одағының ортақ атауы.

Бізге жетіп отырған қара шежіре желілері – сол ежелгі замандардан бүгінгі Қазақстан аумағын мекендеп келе жатқан дербес тайпалардың, елдердің, Жошы ұлысы заманынан бастап жаңа қазақ қауымдастығына ұйысу арқылы қайта жаңғыру үдерісін бастан кешкен халқымыздың бергі тарихы. Қазақта бар ру-тайпалардың бірқатар бөлігінің көршілес өзбек, башқұрт, татар, ноғай, қарақалпақ, түрікмен жұрттарының да құрамына

арыс-арыс боп еніп, сол елдердің халқын құрауға қатысқаны белгілі.

Қазақ ұлысының табиғи ерекшелігіне, түздік өмір салтының ыңғайына, шаруашылық және саяси жағдай қажеттілігіне сай дүниеге келген құрылымдық жүйенің *Үш жүз* деп аталғаны мәлім. Ол туралы әңгіме де әрдайым шежірелік аңыздар мен баяндардың әзелгі әлқиссасы, ата-текке қатысты әпсаналардың бастапқы пернесі. Әрбір атаны, руды тарқататын қария сөздер алдымен қазақтың, жүздердің қайдан шыққанын бір толғап алады да, әрі қарай бауыры жазылып еркін көсіліске түседі.

Халық аңыздары мен шежірелер сарындарында бұл ыңғайдағы әңгіменің бірнеше төркіні бар. Олардың бірінде *қазақ* – Алаштың ұрпағы боп саналады. Алаштан – Жайылхан, Сейілхан деген екі ұл. Сейілханнан сегіз арыс түрікмен тарайды да, Жайылханнан – Майқы деген жалғыз ұл туады. Осы Майқыдан – Өзбек, Сәбиян (Жиенбек) деген екі бала. Сәбияннан – Айырқалпақ, Одан – Қазақ пен Созақ. Қазақтан – Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз) тарайды делінеді. Созақтан – қарақалпақ.


Екінші бір нұсқада сол Жайылханнан – Қазақ, Созақ, Ұзақ туады. Созақтан – қарақалпақ, Ұзақтан – қырғыз бен қақас шығады. Қазақтан - жоғарыдағы үш арыс – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Оларды – Байшора, Жаншора, Қарашора деп те атайды.

Тағы бір аңыз бойынша, баяғы заманда Сыр бойында отыз рулы елді билеген Қызыл Арыстан деген хан болыпты делінеді. Ол бір жорықта қолға түскен сұлу қызға үйленеді. Тұтқын әйел тұла бойы түгел ала ұл табады. Бұны жаман ырым деп шошынған хан оны Сырдың суына тастатқызады. Ағып бара жатқан сәбиді балық аулап жүрген бір кедей құтқарып алып, өзіне бала етеді. Кейіннен сол ала бала ақылды да батыр боп өсіп, маңайдағы жұртқа *«Алаш»* деген атпен әйгіленеді. Хан мұны естіп, оны өз ордасына алдырмақ болады. Алайда қарашы билері Қотанби мен Майқыби Алашты ордаға әкелмей-ақ, қасына жүз жігіт қосып беріп, өз еркіне жіберуге кеңес береді. Содан Қотанбидің үлкен ұлы *Үйсін* бастаған жүз жігіт Алашқа барып қосылады. Келесі жылы Қотанбидің ортаншы ұлы *Болат* бастаған жүз жігіт іздеп барып, олар да Алаштың қасында қалады. Үшінші жылы

Қотанбидің үшінші ұлы *Алшын* бастаған жүз жігіт те осы жолды қайталайды. Осы үш жүз ешкімге мойынсұнбай еркін жүріп, төңірегіндегі елдерді де бағындырып, сол заманда «ержүрек», «еркін» деген мағынаны білдіретін «қазақ» деген атаумен аталыпты, дейді аңыз. Кейіннен халық Алашты ақ киізге көтеріп, Алаш ордасының ханы етіпті. Өзара өріс-қоныстарын бөлісіпті. Үйсінге (Ұлы жүз) – Сырдың басындағы аймақ, Болатқа (Орта жүз) – Сырдың орта тұсындағы аумақ, Алшынға (Кіші жүз) – Сырдың төменгі ағысындағы жерлер тиеді. Сол заманнан: «Алаш – Алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, еңсіз қой болғанда, Алаша хан болғанда», деген бейқұт тірлікті бейнелейтін қария сөздер қалған екен, дейді. Осы мазмұндас тағы бір аңызда Үйсіннің әкесі – Майқы, Болаттың әкесі – Қабан, Алшынның әкесі – Алау болып сипатталады.

Жүздердің пайда болуына қатысты ғылыми байыптауларда, ұлыс ішіндегі осы үштік одақ мысалының ежелден ұласқан дәстүрі бар деген пікірлер кәдімгідей ден қойғызады. Кезінде сақтар да, ғұндар да үш бөлікке бөлініп басқарылғаны белгілі. Оғыз ұлысында «*үш оқ*» деген жіктеліс болған. Қытай деректері бойынша, қарлықтар да «*боло, жүз, ташлы*» деп аталған үш рудан құралып, «*үш қарлық*» (ҮІІ ғасыр) аталған. Кей деректер қазақтың үш жүзі осы үш тайпадан бастау алуы да кәміл деген пікірлерді ортаға тартады. Алтай маңында тұрған қарлықтар ҮІІІ ғасырда кезекті ұлы қоныс аудару үркіншілігімен Жетісуға сырғып, Түргеш қағандығы иеленген жерлерді басып алады. Араб зертеушісі Әл-Әуфи 1228 жылы сол қарлықтар туралы «олар тоғыз ұлысқа бөлінеді. Оның ішінде үш ұлыс *шығыл*, үш ұлыс *қазақ* бар», дегенді айтады. Қазақ ғалымы Қадырғали би Қосымұлы Жалайыр өзінің 1602 жылы аяқтаған «Шежірелер жинағында» «*Алаш мыңы болады үш сан*» деген құнды деректі қолға ұқсатады. Демек, бұл айтылғандардан ғылымда ХҮ ғасырдың соңында қалыптасып бітті делінген **қазақ жүздерінің бірлесуі** – бір тектес әрқилы ру-тайпалардың талай заманалар бойы бір-бірімен қарға тамырласып қауымдасуға, топтасуға ұмтылған әрекеттерінің әрі заңды, әрі түйінді нәтижесі екендігіне көз жеткізуге болады.

ҰЛЫ ЖҮЗ – Үйсін бірлестігі



Жыл санауға дейінгі II ғасырдан жыл санаудың V ғасырына дейін ғұмыр кешкен *Үйсін* ордасының атауы нелер қилы дәуірлерді бастан өткерсе де, бүгінге дейін ізі жоғалмай жетіп отыр. Ол қазақ шежіресінде Ұлы жүз тайпаларының ортақ атауы ретінде бағамдалады. Қытай жерінде бір кездері үйсіндер мекендеген өңірлерде «Қарусун» (Қараүйсін), «Алусун» (Алүйсін), Сарығусун (Сарыүйсін) деп аталатын жерлер, өзен атаулары әлі күнге дейін кездеседі екен.

Көне тарихы бар Үйсін атауын шежірелік сарындарда «Төбей бидің төрт баласының» (Майқы, Қоғам, Құйылдыр, Мекірейіл) бірі Майқыдан тарқатып, одан әлдеқайда бергі Ойсылдың бауыры Үйсіннің орнында сыпаттап жататын нұсқалар да бар.

Қытай деректеріндегі *Үйсін* ордасымен қатар өмір сүрген ұлыстардың бірі – *Қаңлы*. Сырдың орта алабы мен Қаратау төңірегін мекендеген қаңлылар қазақ қауымының құралуына көп үлес қосқан ежелгі жұрт. Шежірелерде ол Төбейдің екінші баласы Бәйтеректен тарайды. Бәйтеректің баласы – Қоғам. Қоғамнан – Қаңлы, Шанышқылы делінеді. Қаңлы қазіргі түрк халықтары көбінің құрамына сіңген. Тарихи деректер оның Ұлы жүз құрамына кейіннен енгенін дәйектейді.

Қадырғали бек «Қатаған қауымы қазіргі заманға дейін үлкендерін біледі. Ал алаш мыңы арасындағы ұлығы – тарак тамғалы Жалайыр болады», – дейді. Қазақ шежірелерінің *Қатағанды (Шанышқылы)* біресе Қоғамнан, біресе Құйылдырдан таратуы да осы тайпа бастан өткерген көп аласапырандардан сыр аңғартса керек. Бұл байырғы тайпа ХҮІ ғасырдағы қазақ-моғол қақтығыстары кезінде ыдырап, біраз бөлігі өзбектердің, біразы Ұлы жүздің құрамындағы шанышқылыға сіңген. Бір тобы Сұлтанғазы сұлтанмен бірге Қашқарияға кеткен. (Шежірелерде Құйылдырдан тарайтын ұрпақ Ауғанстан мен Қашқарияға сіңіп кеткені айтылады). Қатағандардың көбі Тұрсын ханның қоластына қарағандықтан, 1628 жылы Есімхан оны соғыста өлтірген кезде қатағанның көп жұртының ханмен бірге опат болғаны Әбілғазы ханның шежіресінде анық жазылады.

Үйсін қауымдастығына қосылады делінетін *Жалайыр* шежірелерде көбіне Үйсін, Майқыдан тарқатылып, бер жағы

Үйсіл – Жансақал (Тарак) болып жалғасады. Ал кей нұсқаларда ол Мекіреден тарқатылады. Осы екі ұдайлықтың өзі де оның Үйсін қауымдастығы құрамына кейіннен қосылған тайпа екенін көрсеткендей. Шынында да Рашид-ад-дин мен Қадырғали бектің тауарихтар жинағына сүйенсек, жалайыр оғыз тайпаларымен бірге Көк түрк қағанатының құрамында болып, Лияу мен Жиң патшалықтары кезінде Моңғолия өңіріндегі белді ұлыстардың бірі ретінде танылған. Кейіннен Шыңғысханның қол астына бағынған кездерде, олардан көптеген қолбасылар, бектер мен билер шыққан. Сол кездерден бастап, жалайырлар Орта Азия мен Ирак, Үндістан елдерінің саяси тіршілігіне молынан араласқан. Олар өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарының құрамында да ұшырасады.

Шежірелік сарындарда жалайырды Жансақал (Тарак) баласы дейтін нұсқалар да бар. «Оның әуелгі аты Мерке екен, туғанда арқасында екі жағына жарылған жалы болған деседі. Содан Жалайыр деп атанған. Жалайырдан – Манақ, одан – Орақты, Жазықты, Тарақты деген үш ұл болған. Орақтыдан тоғыз бала, Жазықтыдан үш бала, осыдан келіп, он екі ата жалайыр шығады», делінеді.

Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауариғы» мен Әбілғазының «Түрк шежіресінде» қазіргі моңғол деп жүрген елдің төркінін – Нұх пайғамбардан басталатын ежелгі шежірелік эпсаналарды әрі қарай сабақтастыру арқылы, түрк текті Оғыз ханнан өрбітеді. Оның бесінші ұрпағынан туған Қиян мен Нүкіз атты ұлдарды Моңғол үстіртін мекендеген жұрттар арасында көне сілемдері қалған Ергене қон туралы аңызбен, сол мекенде өсіп-өнген әулеттермен байланыстырады. Жалайырлар да сол Ергене қоннан тараған Нүкіз ұрпағының дәрлікен тобына жатады.

Бір шежірелерде Майқының, бірінде Қоғамның ұрпағы болып саналатын *Сіргелі* де Ұлы жүз құрамына кейіннен қосылған тайпалардың бірі болуы ғажап емес. Оның бір ұшығы Сіргеліге қатысты шежірелік аңыздардан да байқалып жатады. Онда Ойсыл жұрты бір заманда үлкен шапқыншылыққа ұшырағанда, қырғыннан аман қалған аяғы ауыр бір әйел өз төркіні он екі ата Байұлы еліне барып паналайды. Одан туған бала есейгесін, мұрнына сірге салған тайға мініп, еліне қайтқан екен дейді. Сонау Кіші жүз арқылы келген сапардың ізін біз бір

кезде Ноғай ордасының құрамында болған рулар атынан да байқар едік. Себебі олардың арасында да сіргелі мен оның құрамындағы ұштанбалы руы бар.

Қазақ арасында тараған шежірелерде Ұлы жүз елдерінің тармақталуы аса көп қайшылықтарға бара бермейді. Оны енді сөз етілетін, түп-тегі бір-бірімен тығыз байланыста қаралатын тайпалар мен рулар шежіресінен де аңғару қиын емес. Ол – үйсіннің (үйсілдің) Ақсақал-Абақтан бері қарай өрістеген тармағы. Қария сөздерде Абақтан – Айдарлы, одан Қараша би, Қараша биден *Байдулы, Бәйдібек* болып бөлінеді. *Байдулыдан – Шақшам, Бәйдібектен – Байтоқты, Жалмамбет, Жарықшақ. Байтоқтыдан – Сарыүйсін, Жалмамбеттен – Шапырашты, Ошақты, Ысты. Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат.*

Бұл елдерге қатысты көне тарихқа көз жіберген кезде де, олардың ежелден кіндіктес жұрттар екендігіне ден қойылар еді. Қазақ шежірелерінде шыққан тегі бұлардан бөлектеу екені байқалып жататын, әлгінде айтқан – *қаңлы, қатаған (шанышқылы), жалайыр, сіргелі* елдеріне қарағанда, Қараша биден тарайтын бұл тармақтың баяғы Үйсін ұлысына ілікшатыстығы бар екендігі жорамалданады.

Қытайдың тарихи жазбаларында ж.с.д. I-II ғасырларда Үйсін ұлысының аумағы: батысы – Шу, Талас, шығыста – Тәңірі тауларының шығыс баурайы, солтүстігі – Балқаш, оңтүстігі – Қашқардың теріскейіне дейін жайылып жатқаны дәйектелген. Сол шамадағы Үйсін күнбиі (ханы) Елсау бидің он баласының бірі Дулы деп аталыпты деген деректер бар. Біраз байыптар бүгінгі *Дулат* тайпасының тарихи деректерде алғаш көрініс беруі осы есіммен байланысты деп қаралады. Елсау бидің тақ мұрагері етіп тағайындаған үлкен ұлы Нулы қайтыс болады да орнына одан туған бала Жөңше отырады. Таққа үмітті Дулы бұған наразылық білдіріп, Жөңшенің көзін құртып таққа отырмаққа ниеттенеді. Елсауби немересі Жөңшенің мерт болуынан қауіптеніп, оны он мың әскермен Ыстықкөлдің етегіне, Дулыны Іле бойына қоныстандырып, өзі екеуінің ортасына жайғасып, ұлысты үш бөлікке бөледі. Дулының еншісіне тиген ел кейіннен Дулу, Дұғлат, Дулат аталды делінеді.

Арада бес-алты ғасырдай уақыт өткен кезде, бұрын Үйсін ұлысының иелігінде болған аймақтағы тайпалар қытай

жазбаларында «дулу» деген атпен белгілі болыпты. Қытай тарихшылары өздеріне бейімдеп, «дулу» деп жазған атау, парсы тілінде «дуғлат», «дукулат» түрінде де көрініс берген.

ҮІ-ҮІІІ ғасырларда сонау Мәнжүриядан Каспий теңізіне дейін созылған апайтөс аймақты жайлаған айбынды мемлекет Түрк қағандығының кейіннен Батыс, Шығыс Түрк қағандықтары болып екіге бөлінгені тарихтан белгілі. Сонда Батыс Түрк қағандығының иелігі бұрынғы Үйсін ұлысының біраз аумағын қамтыған еді. Қытай жазбалары қағанат ордасы Шу өзені бойындағы Суяб қаласында (қазіргі Тоқмақ маңы) болып, халқы «он оқ бұдын» (он оқ жұрт) деген он тайпадан құралғанын айтады. Және ол «оң қанат», «сол қанат» деп екіге бөлініп басқарылыпты. «Оң қанатқа» нушебелердің бес тайпасы, «сол қанатқа» дулулардың бес тайпасы кірген. Шынжандағы қазақ оқымыстылары «Қытай тарихи сөздігі. Түрк тарауы» деп аталатын еңбекте сол бес тайпа: *түркеш*, *қойлау*, *шимойын*, *ысты*, *жаныс* ыңғайында оқылады деген болжам ұсынады. Ол бойынша *дулат* тобындағы бес тайпаның үлкені әрі күштісі – *түргеш*, бүгінгі Ұлы жүз құрамындағы, шежіреде Бәйдібек бидің бәйбішесі Сарықыздан (Марау) туды делінетін – ***Сарыүйсін*** болса керек. Бұл ру – Іле мен Шу өзені аралығын; *қойлау* – Барлық тауы мен Ебінұр көлінің маңын; *шимойын* – Тарбағатай аймағын; *ысты* – Іле өзенінің шығыс алабын; *жаныс* – Тәңірі таудың үстіртін мекендепті. Бұларға қоса дулатқа қатысты *шымыр* (шуми) Манас өңірін қоныстанса, *шығыл* (шыбыл) тайпасының одан шығысқа таман орналасқаны болжанады.

Дулу тайпасының құрамында болған түргештер ҮІІ ғасырдың соңында Өжелі (Үшлік) деген көсемінің маңайына ұйысу арқылы тез арада күшейіп, бұл кезде өзара қырқыстардың салдарынан әлсіреп тұрған Батыс Түрк қағандығын құлатады да, орнына Түргеш қағандығын құрады. Бұрынғы «он оқ жұртын» алпыс жылдай билеген бұл мемлекет кейіннен Сарытүргеш, Қаратүргеш деген екі иелікке бөлінеді. Содан соң Алтай мен Іле қарлұқтарының соққысына шыдас бере алмай, тарих көшінен кетеді.

Бұл келтірілген деректердің қазіргі қазақ шежіресіне орайласып жататын тұстары баршылық. Түргеш, сарытүргештен бүгінге ұласып жеткен елдің бірі – *сарыүйсін* болуы әбден кәміл

деген түйінге илансақ, Ұлы жүзге қатысты шежірелерде оның *қойлау*, *бойлау* деп екіге тармақталатыны да біраз сыр аңғартқандай. Жоғарыда айтылғандай, көне *дулу* елі құрамындағы бес тайпаның бірі – *қойлау* еді ғой. Сондай-ақ *қойлауды ителі* атымен алмастыратын бағамдау да бар. Ал *ителі* мен *шимойын* – бүгінде он екі арыс абақ керей елінің құрамына енетін белгілі рулар. Осындайда Ұлы жүз шежіресіндегі Ақсақалдан (Абақтан) туатын Сақалды деген батыр ілгері замандарда Керей ұлысына барып, сонда үйлі-баранды болып қалып қойған екен, одан тараған ұрпақ *абақ керей* аталыпты делінетін аңыз да еске түсер еді.

Дулу елінің қалған екі руын бүгінгі *ысты* мен *жаныс* деп болжасақ, шумиді *шымырға* ұқсатар едік. Осы ретте *ысты* тайпасы таңбасының көне халық *қаңлы* таңбасымен ұқсас болуы да оның ежелден келе жатқан жұрт екендігінің бір дәлеліндей көрінеді. Бұл жерде әртүрлі себептерге байланысты, қаңлы халқынан бірқатар рулардың *ыстыға* келіп сіңуі, өздерімен бірге таңбаларын да ала келуі әбден кәміл. (Ысты руы көне тарихта Қаңлы қауымдастығына қатысы бар ел болуы мүмкін деген пікірді профессор С. Аманжолов та айтады). Қаңлы демекші, *сарықаңлы* рулар бірлестігінің *ақбарағынан* тарайтын *түрке* атауынан бір кездегі *түргешке* де қатысы бар сілем болуы мүмкін. Ал *шығыл* атауынан шапырашты мен албан елінің құрамында бар *шыбыл* атауы қылаң беретіндей. Мұны XI ғасырда ғұмыр кешкен ғұлама Махмұд Қашқари да өзінің әйгілі еңбегі «Түрк сөздігінде» атап кететіні бар. Ол Батыс Түрк, Түргеш қағандықтары қоныс еткен, бізге белгілі осы аймақта *шігіл* атты үш түрк тайпасы бар деп, олардың тұрған жерлеріне дейін дәлдеп жазған. Сол мекендер сорабымен Алатау төңірегіне келсек, ол *шапырашты* мен *албанның* үлкен рулары қос *шыбылдың* қазіргі қоныстарынан көп алыс емес.

Тарихи деректер (YI–YII ғасырларда) Дулу бірлестігіне *Иубан* қауымдастығына енгендігі болжанатын *албан* мен *суан* тайпаларының да кіргенін айтады. Оларды таңбалары мен атауларына қарап-ақ көнеден туыс тайпалар екенін ажырату қиын емес. Екеуінің елдік аты да көне түрктік Алп (Алып), Суб (Су) сөздеріне «ел», «мекен» мағынасын білдіретін «ан» сөзі қосылу

арқылы жасалған сыңайлы. Яғни, албан (алып тау елі), суан (су елі).

Шапырашты мен ошақты елдері таңбаларының ұқсас болуы (тұмар) – олардың қазақ шежіресінде байыпталатындай, тегі туыстас екенін көрсетеді. Ұрпақтан ұрпаққа жеткен қария сөздер бойынша, **Шапырашты, Ошақты, Ысты** – Бәйдібек бидің Зеріп деген екінші жарынан туған Жалмамбеттен тарайтын ұрпақ. Шежірелік аңыздарда Шапыраштының анасы Жұпар (кейіннен Мапырашты) қоңырат Қожбанбеттің (Қызылбидің) қызы. Ошақтының анасы Тұмарша (Қарашаш) – Жұпардың сіңлісі, ал Ыстының шешесі Сыланды Жұпармен бірге келген кәнізек екен делінеді. Бәйдібек бидің үшінші кіші жары, қожаның қызы Нұриләден (Домалақ ана) туған Жарықшақ (Тілеуберді) екі әйел алыпты. Бәйбішесі Тәукелбикеден – **Албан, Суан**, кіші әйелі Бибібәтимадан – **Дулат** туады деген әпсаналық сарындар жүйеленген.



ОРТА ЖҮЗ

(Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ)

Ата-текке қатысты қария сөздерде Орта жүз елдері үш Арыстың ортаншысы Жанарыстан (кейде Бекарыс деп те аталады) тарайды. Және көп нұсқада мұсылманшылық негізге бейімделіп реттестірілген жіктелістің әсер-ықпалы айрықша байқалып жатады. Ол аңыз сарыны бойынша ел аралаған алты қожа көптен бала көрмей зарығып жүрген Жанарыстың үйіне келіп қонады. Кетерінде үй иелерінің қонақжай пейілдеріне риза болған қожалар осы шаңыраққа перзент тілеп бата беріпті. Сонан кейін көп ұзамай Жанарыс отауында бірінен соң бірі алты ұл дүниеге келеді. Оларға сол аяғы құтты қожалардың құрметіне орай, Қарақожа, Аққожа, Ақтанқожа, Дарақожа, Есімқожа, Қасымқожа деп ат қояды. Қарақожадан – Арғын, Аққожадан – Найман, Қоңырат, Ақтанқожадан – Қыпшақ, Дарақожадан – Тарақты, Есімқожадан – Керей, Қасымқожадан – Уақ туыпты делінеді. Енді бір нұсқаларда күллі Орта жүз бір Қарақожадан тарайды. Ол бойынша, Қарақожаның бәйбішесінен Нұржан деген қыз, екінші әйелінен Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, үшінші әйелінен Керей, Уақ туады. Тарақты шежірелерінің сипаттауы бойынша, Нұржан қыздың ұзатылып барған адамы жаугершілікте қайтыс болады да, ол үйіне қайтып келіп отырғанда, Қарақожаның көптен бала көтермей кеткен бәйбішесі босанып, Тарақтыны (бір шежірелерде ол Жолдыбай деп аталып, Тарақты оның баласы Нияздың қосымша аты еді деп те түсіндіріледі). Қарақожа қартайып дүниеден өткесін, оның шаңырағына ие болар сүт кенжесі Тарақты ең үлкен ағасы – Арғынның қолында тәрбиеленеді. Қария сөздерде Тарақтының есейе келе бүкіл Орта жүзге «ноқта ағасы» атануының бір қисыны да осыдан – оның әрі кенже, әрі бәйбіше баласы болуынан деп түсіндіріледі. Сондай-ақ көп шежірелерде ол арғыннан бөлінген бір тап және оның «ноқта ағасы» деп те тұжырымдалады.

Қазақ шежірелері сарынының көбіне тән бір ерекшелік – оларда халық басынан өткен ұзақ тарих тым келтеленіп ұсынылып жатады. Өз ата тегін тізбектей алатын қай қазақтан

жөн сұрамаңыз, дені саусақтарын бүгіп отырып-ақ, бері келсе – он екі, ары кетсе – он сегіз, жиырма ата шамасынан-ақ Қыпшақ пен Найманның, немесе Жалайыр мен Адайдың... нақ өзіне шығып жатады. Егер тарихтың ұзына бойғы көшін байыптауда негізге алынып, әр адамның ғұмырын отыз жылға шақтайтын қарапайым есепке сүйенсек, ол діңгектеріміздің өмір сүрген уақыты тым ары кеткенде XI-XIII ғасырға әзер ілігер еді.

Демек, қазақ шежіресінің этнотектік сарындарындағы бір замандарда жеке-жеке ел болған Қаңлы, Үйсін, Керей, Қоңырат... сынды көне жұрттардың атауларынан тікелей кейін келетін ұрпақтарды көбіне-көп баяғыда өткен арғы бабалар атауының үзіліп барып қайта жалғасқан, ататек тізбесі деп қабылдаған мақұл. Әрі одан бергі ұрпақтарда да талай-талай келтеленіп қалған тұстардың бар екендігі даусыз. Сондай-ақ бір аталарға жалқы-жалқы боп қана ілесу, не мүлдем үзіліп қалу, ары кеткенде арифметикалық өрістеулер ғана тән болса, бір аталар еселенген геометриялық өсімдерді бастан өткерді. Қаншама қырғын мен жойқын зұлматтарға да ұшырай жүріп, ілгеріге жалғасты.

Арғын

Орта жүз қауымдастығындағы аға арыстың бірі – *арғын*. Мұқамеджан Тынышбайұлының есептеуі бойынша, 1917 жылдың қарсаңында 6 миллионға жуық қазақтың ең саны көп руы – арғын болған (890 мың адам). Алайда осыншама үлкен ұлыс бола тұра, арғын атауы көне тарихи деректерде өзімен әуелден қанаттаса қоныстанған *найман*, *керей*, *қыпшақ*, *қоңырат* елдерінің атауы сияқты көп кездесе бермейді. Ғалымдар арасында оны Орхон-Енесай жазба ескерткіштерінде ұшырасатын «ұлық-арғұн» тайпасымен, қытайдың Y ғасыр деректеріндегі гаогуи (алун) тайпасымен, моңғол тобындағы тілдерде бар «он» деген сан есімді білдіретін арғын сөзімен байланыстыратын байыптаулар бар. Оны «ар» (көне түркше – батыс), «ғын» (ғұн), яғни «батыс ғұн» мағынасында да топшылайды (*А. Әбдірахманұлы*). Н. Аристов арғынды әу баста қытай жылнамаларында «башми», орхон бітіктастарында «басмыл» деп атаған тайпаның кейінгі атауы деп дәйектейді. Бұл тұжырымның туындауына XIII ғасырдың атақты жиһангезі Марко Полоның кітабындағы, ол Теңдік деген аймаққа келгенде: «бұл жерде французша «гасмюл»

(құрама. авт.) деген мағынаны білдіретін *арғын* деп аталатын халық бар, ол екі рудан, теңдік арғындарынан және Мұхамедке табынатын теңдіктерден тарайды...», деп жазғандары тиянақ болған еді. Бір қызығы, сонау көне түрк заманында «қоспа, будан» мағынасын білдірген «басмыл» сөзі батыс түркітер арқылы Византия империясы елдерінің сөздік қорына ауысып, дәл сол мағынаға саятын «басмул», «гасмиол» түрінде сіңісіп кеткен көрінеді.

Марко Поло ұлы хан Құбылайдың иелігіндегі елдерді аралап жүргенде, бұл мағынаны енді «арғын» сөзі білдіретін болған еді. Ал одан екі ғасырдай бұрын ғұмыр кешкен ұлы ғұлама М. Қашқари еңбектерінде бұл халық «басмыл» түрінде көрініс береді. Сөздік авторы түрк жұрттарының қатарына «басмыл» деген ел бар екенін, оның Шын еліне дейін ұласып жатқан қонысын «басмылдар даласы» деп сипаттай отырып, «көпарғу» атауы жөнінде де сөз етіп өтеді. (Бұл жерде көне түрк тілінде «арғұн» сөзі «көп, қалың» деген мағынаны да білдіретінін ескере кеткен абзал). Сондай-ақ Қашқари еңбегінде «аркун» сөзі жабайы жылқының айғыры мен үй байталынан туған құлынның атауы деп түсіндірілуі де айтылып отырған әңгімеге қосылар бір тамызық. Бұған М. Тынышбайұлы шежіресіндегі «қодас пен кәдімгі ірі кара буданының қырғызша «арғын» деп аталатыны жайындағы дәйекті қосыңыз. Демек, бұл тұжырымдар әуелде «басмыл», кейіннен «арғын» деп аталған осынау көне елдің кезінде қазақ шежіресінде «құрама» деп аталатын қауымдастыққа ұқсас, әртекті рулардың одақтасуынан құралған қалың да қабырғалы жұрт болғанын көрсетеді. Әрі бұған дәйектемелер де жоқ емес.

ҮІІІ-ІХ ғасырлардағы Қарабалғасұн жазба ескерткіштерінің қытай нұсқасында «башми» түрінде көрініс берген бұл ел құрамында аттай 40 ру болғандығы айтылады. Ал ҮІІІ ғасырдың тибет тіліндегі жазба мұрағаты – «Геріскейдегі елдерді барлау мәліметі» атты құжатта: «Басмылдың бес тайпасы ұйғырлармен және қарлұқтармен одақтаса отырып, түрктің Обукшор қағанын талқандады. Басмыл тайпаларының көсемі оның орнына қаған болды. Кейін ұйғырлар мен қарлықтар бірлесіп, басмыл қағанын өлтірді. Осыдан кейін басмыл тайпалары ыдырап, олардың бір бөлігі басқа елдерге сіңіп кетті», – делініпті.

Біраз ғылыми дәйектер осында аталған қарлұқтардың да бір тұстан қазаққа, оның ішінде арғынға тікелей қатысы бар деген болжам ұсынады. Қытайдың Таң патшалығы дәуіріндегі жылнамаларында (ҮІІ ғасыр) қарлұқтардың бір ұлысы «сопо» деп аталғаны айтылады. Ал осы «сопо» сөзі бүгінгі қазақ руларының ішінде тек арғындарда бар. Ол Мейрамсұпы, Ақсұпы, Қарасұпы, Сарысұпы деген ыңғайда сақталып қалған. Қайткен күнде де тарихи деректер бойынша әуелі Түрк қағанаты кезінде Алтай таулары мен Арғұн өзенінің арасында көшіп жүрген көп рулы басмыл тайпасының, кейіннен Тарбағатай, Алакөл, Іле маңын мекендеген, әрқилы аласапыран сапырылыстар барысында өз құрамында талай жұрттарды қосып алып, өзі де басқа елдердің қатарына ұлыс-ұлыс боп сіңіскен, қазақ хандығы ұйысар кезеңдерде оның қозғаушы күштерінің бірі боп ат дүбірлеткен, кейінгі ғасырларда Сарыарқа төскейін ен жайлаған қалың арғынның өз ата-тек шежірелік сарындарын көне заман сілемінен сыр аңғартар осы сұпылардан тарқатуы да бекер еместей көрінеді.

Әдетте, арғын – *бәйбіше арғын*, *тоқал арғын* деп екіге бөлінеді. Шәкәрім бәйбіше тобын – Қарақожадан, тоқал тобын (шақшақ, сарыжетім) – Сомдықтан таратады. Бірсыпыра шежірелер тоқал арғын тобына Ақсұпы, Қарасұпы, Сарысұпы, Тәнбісұпы ұрпақтарын біріктіріп, бәрін «жеті момын» деп атайды. Арғын нәсілінен тараған тұқымдарды бөлуде қазақ шежіресінде Ергүл бәйбішеден өсіп-өнді делінетін «бес мейрамды» (қуандық, сүйіндік, бегендік, шегендік, қаракесек) – «үлкен арғын», Момын анадан өрбіген «жеті момынды» (қанжығалы, тобықты, әйти, бәйімбет, жанай, қарауыл, атығай) – «ортаншы арғын» деп атайтын нұсқа да бар.

Бірсыпыра шежірелерді арғыннан бөлінген бір тап ретінде аталатын *тарақты* елінің түп-төркіні туралы жаңа айтып өткеніміздей, бірізділік жоқ. Оны бірде бүкіл Орта жүздің, бірде арғынның «*ноқта ағасы*» деп жатады. Дала жұрттары тіршілігінде «ноқта ағасы» болған елдерге ерекше құқық берілген. Жол-жоралғы, сыбағалы тамақ алдымен соларға ұсынылады, билер пәтуға келе алмаған даулардың шешімді түйінін *ноқта ағалары* айтады. Ұлы жүзде бұл мәртебе *жалайырға*, Кіші жүзде *тамаға* тиесілі. Міне, осы жерден қызық

бір үйлесімділіктің ортаға тартылатыны бар. Ол Жалайырдың да, Тарақтының да таңбасы *тарақ* екеніне қатысты. Тарақ – Кіші жүздің *тамасы* мен шежіре бойынша оның інісі боп есептелетін *табынға* қатысты таңбаларда да ұшырасады. Демек, бұл елдерге «ноқта ағасы» мәртебесінің берілуі, олардың шыққан тегіндегі әлдебір көнелікке, үлкендікке байланысты болуы мүмкін. Әрі шын мәнінде, шежірелерде Ұлы жүзде – жалайырды, Кіші жүзде – таманы жолымен ғана емес, атаның үлкені деп те құрметтейді. Бұл ретте *тарақ таңбалылардың* тектес болуы ғажап емес дейтін байыптаулар да бар. Мәселен, жалайыр шежірешілері тарақтыны Бірманақтан тарқатып, «нағашысына сіңген өз туысымыз» дегенді де айтады. Тарақты қарақалпақтың қият пен кенегес руларының құрамында да кездеседі. Сондай-ақ тағы да таңбаға көңіл аударар болсақ, қазақ хандары шыққан төрелердің таңбасы да – тарақ. Яғни, «ноқта ағасы» елдерінің хандық билік төңірегіне де бір ыңғайдан қатысы бар болуы мүмкін. Осы айтылғандардан түйер түйін – *тарақты* бір кезде жеке ру дәрежесінде көрініп, халықтар арасындағы арылы-берілі сапырылыстар кезінде қалың арғынды төңіректей жүріп, Орта жүз құрамына қосылған, кейінгі жүздік жіктеліс кезінде өз дәреже-деңгейіне сай «ноқта ағасы» атанған секілді.

Қыпшақ

Қыпшақ – қазақ халқы мен қазақ тілінің қалыптасуына ерекше үлес қосқан, тарихи деректерде көне замандардан-ақ белгілі тайпа. Бір дәуірлерде оның атақ-даңқы тек қандас түрк жұрттарының арасында ғана аспандап қоймай, Еуропа мен араб елдерінде де әйгілі болып, қыпшақ атауы бүкіл түрк тектес елдерді аясына қамтитын кең мағынада да қолданылды.

Ежелгі қытай жазбаларында қыпшақ атауының байқалуы уақыт жағынан үйсін, қаңлы елдерінің тарих соқпағында танылу кезеңімен тұстас. Цин империясының тарихшысы Сыма Цяннің ж.с.д. 201 жылы жарық көрген «Тарихи жазбалар» (Ши цзи) еңбегіндегі хунну көсемі Мөденің жорықтары туралы жазылған тұстардағы «цюйше, кюйше» түрінде кездесетін этнонимді А. Н. Бернштам және басқа ғалымдар көне қытайшаға бейімделіп айтылған «қыпшақ» сөзі ретінде байыптайды. Алайда оның ең айқын сипатта көрініс беруі 759 жылғы көне түрк жазба

ескерткіші – Мойын-шор (Могойн Шинэ ус, Селеңгі) бітіктасына түсірілген. Онда тоғыз-оғыз одағын көп уақыт *түрк-қыпшақтар* басқарғаны айтылады.

Орхон-Енесай жазбаларын зерттеуші оқымысталар дәл осы түрк-қыпшақ сөзінің қосарлана байқалуынан, оның ілгергі тарихына қатысты мәліметтердің де кілтін табады. Өйткені қытайдың әлгі тарихи жазбаларынан Мойын-шор бітіктасына дейінгі аралықта қыпшақ аты еш жерде кездеспейді екен. Бірақ сол жазуда ол тоғыз-оғыз одағындағы ел басқарған тайпа ретінде нақтыланады. Демек, басым тайпа деген анықтама жоқтан пайда бола қоймайды, бұған дейін де оның тарих көшінде өз ізі бар ел екендігі айдан анық дегенді байыптатады. Ғалымдар осы тиянаққа жүгіне отырып, ата жазу, төл әліппемізде сол кезде жазылған басқа ескерткіштердегі әлгі Мойын-шор бітіктасындағыдай түрк этнониміне қосарлана айтылған сөздерге назар аударған. Сөйтсе, оның ұқсас түрі Тоңұқық (Тұй-ұқұқ) (726 ж.) пен Білге қаған (725 ж.) ескерткіштерінде сайрап-ақ жатыр екен. Тұйұқұқ жазуындағы «түрк есір будун йеринте бод қалмады» (түрк-есір (*тақ*) халқы жерінде тіршілік қалмады); Білге қаған бітіктасындағы «түрк... ты есір тоғуз оғуз йидінікер күліг беглері будуны» (түрк... алты? есір, тоғуз оғуз ұнатқан даңқты бектері халқы) деген жолдардағы «*есір*» сөзі Мойын-шор бітіктасындағы «қыпшақ» атауымен мезгіл, орын жағынан дәл үйлесіп тұр. Мұндағы «есір» сөзі – «тақ» ұғымын, яки хан тағына ие халық, тақ жұрты дегенді білдіреді.

Арада бір ғасырдай уақыт өтер-өтпестен Екінші Шығыс түрк қағанаты тақ таласы жолындағы қырқыстардың салдарынан күйреген кезде, түрк-қыпшақтар бүгінгі моңғол даласындағы мекендерін тастап, өздеріне туыс жұрттар қоныстанған батысқа қарай сырғыды... ҮІІІ ғасырдағы қытай жазбалары Қан (Қаңлы) мемлекетінен теріскейге қарай орналасқан теле жұрттары арасында «қыпшақ» тайпасын, қытай транскрипциясына орай, оның қазіргі атауына жақын «хэбиси(к)» түрінде атап өтеді. Мұндағы Қан – сол заманда Әмудария мен Зеравшан алабын қамтыған Самар-қан немесе Соғды елі.

Осыдан кейін қыпшақ атауы тарихи деректерде ІХ-ХІ ғасырларда Ертіс бойында ірге көтерген Қимақ мемлекетімен байланыста айтылады. Араб, парсы тарихшылары мен

жиһангездерінің шығармаларында қимақтардың (оран-қайлардың) батыс бетінде қанаттаса өмір сүрген тайпалардың айтулысы – қыпшақ. Ал XI ғасырдың басынан ол бұл аймақты мекендеген түрк тектес жұрттарды ұйыстырушы үстем тайпа дәрежесіне көтеріліп, ол құрған қауымдастық тайпа атымен Қыпшақ бірлестігі атала бастады. Соған орай оның құрамындағы басқа елдер де тарихқа *қыпшақтар* деген атпен кірді.

XI ғасырдың орта тұсында Ертіс атырабындағы қимақтар *басмыл* және *жұмұл* тайпаларымен одақтаса отырып, қоныс кеңейту үшін Жетісуға қарай жылжыды да, сол маңға Қытай жақтан үркіп келіп, енді қоныстанып жатқан күн-қидандарға (қарақытайларға) тиісті. Олар өз ретінде батыс бетте жатқан *қыпшақтарды* немесе *сарыларды* (шарыларды) ығыстырды. Қыпшақтар болса, сол замандарда Сырдың орта ағысынан Еділге дейінгі аймақты жайлаған тегі мен тілі туыс қалың *оғызды* батысқа серпіп тастап, олардың босаған орнына өздері жайғасты.

Қыпшақтардың сол заманғы қонысы М. Қашқари еңбегі мен дойра-картасында да белгіленген. Ол деректер бойынша шығысы – Ертіс, батысы - Еділ мен Маңғыстау, түстігі – Тараз аралығында жатқан байтақ аймақ Қыпшақ бірлестігіне қатысты жерлер ретінде сипатталады. Қазақ жерінің «Дешті қыпшақ» (Қыпшақ даласы) ретінде толық түрде атала бастаған кезі де осы тұс. Сол XI ғасырдың орта шамасында-ақ өз құрамына талай түрк тектес тайпаларды қосып алған қыпшақтар Еділден өтіп, біртін-біртін өз қонысын Еуразия көшпелілерінің атам заманнан бергі тарихи өрісінің батыс шекарасы Карпат таулары мен Балқан жоталарына дейін кеңейтті.

Араб, парсы, моңғол, түрк, қытай деректерінде «қыпшақ», Батыс Еуропа елдерінде «қуман» (құба), орыс жылнамаларында «половцы» деп аталған Қыпшақ бірлестігі XIII ғасырда мейлінше күшейіп, маңайындағы жұрттарды өзімен санасуға мәжбүр ететін іргелі елге айналды. Жауынгерлігімен аты шыққан қыпшақтардың бір бөлігі Кіші Азия, Мысырға дейін жетіп, Айбек пен Бейбарыс сынды қолбасшылар Мысыр елінің билігін де өз қолдарына алып, Мәмлүк әулетінің (1250-1513) негізін қалады.

Түрк жұрттарының әсер-ықпалы айрықша байқалған осы замандарда қыпшақ тілі де ерекше өрістеп, сол тілде жасалған талай жарқын ескерткіштер дүниеге келді. Өзінің ғұмыр кешкен

ортасына лайық готикалық көне қаріптерге, араб, армян, орыс жазуларына түсіріліп, деректеме, іс жүргізу, жылнама, уағыз, сөздік, дастан, қара сөз үлгісінде орындалған ол жазбалар сол замандарда елдер мен ұлыстар арасында халықаралық тіл болған қыпшақ тілінің мәртебесін анық байқатады. Қазіргі қазақ тілі де өзінің қуатты қалыптасу сатыларын сол дәуірде бастаған.

Шығыстан жеткен моңғол жорықтары оған дейін әртүрлі хандықтар мен иеліктерге жіктелгенімен, біртұтас мемлекет дәрежесіне кәдімгідей ұйыспаған қыпшақтарға ауыр тиді. Олар жеке-жеке қарсылық көрсетсе де, жойқын шапқыншылыққа төтеп бере алмай, ыдырап кетті. Бір кезде қыпшақ бірлестігіне қараған жұрттар Алтын орда атты айбынды мемлекеттің тұсында қайтадан топтасқандай болғанымен, қыпшақ тілі әлі біршама уақыт әдеби және ресми тіл дәрежесінде қолданылып келгенімен, қыпшақтар бұл кезде бұрынғы үстем қалпынан айырылған еді. Кейіннен Алтын орда ыдырағаннан кейін оның құрамындағы *қыпшақ рулары* қазақ, өзбек, татар, башқұрт, ноғай, қарашай, қарайым, балқар, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ халықтарын құраған жұрттардың бірі ретінде танылды. Бұл халықтардың әрқайсысында дерлік қыпшақ руларының бар болуы да сол бір айқыш-ұйқыш жіктелістер кезеңінен сыр аңғартады. (Мәселен, қарақалпақ құрамындағы қыпшаққа қазақ шежіресінде басқа арыстардан тарайтын қаңлы, қанжығалы, майлыбалта, бағаналы, жәдік аттас рулар де енеді. Яғни, қарақалпақ қыпшақтарынан тегі кім екенін сұрасаңыз, «қыпшақпын, оның ішінде қаңлымын немесе қанжығалымын...», деп жауап берер еді. Бір рудың екінші бір елге өз нәсілі болып бұлай сіңісіп кету мысалдары қазақ шежіресінде де жеткілікті).

Қазақ құрамына енген қыпшақтар шежіре сарыны бойынша, негізінен қарақыпшақтың ірі-ірі бес атасынан (ұзын, бұлтың, көлденең, қарабалық, торы) бөлінеді. Алайда бір шежірелерде онымен қатар мүйізді-сарыабыздан қытайқыпшақ, құланқыпшақ, сарықыпшақ та таралады. Осы орайда, қыпшақты IX ғасырда қимақтар ығыстырған кезде, олардың шары (сары) деп аталғаны да еске түсетіні бар. Бірсыпыра ғалымдар (Аристов, Грум-Гржимайло, Гумилев, т. б.) қыпшақтар әу баста сары шашты, көк көзді болуы әбден мүмкін дегенді айтады. А. Харузин башқұрт қыпшақтарының жартысына жуығы сары,

жирен түсті екенін жазса, К. Шаниязов өзбек қыпшақтарының арасында да сары түстілер мол ұшырасатынын тілге тиек етеді. Ал моңғол жорығының екпінінен қазіргі Мажарстан (Венгрия) жеріне ығысқан қыпшақтардың сары шашты, көк көзді болғаны (олар әлі солай) талайдан айтылып келеді. Сондай-ақ зерттеушілер арасында «куман» сөзін қазақ тіліндегі түске, реңге байланысты айтылатын «құба» анықтауышынан, «половцыны» – половый (ақшыл сары) сөзінен шықты дейтін тұжырымдар да бар. Демек, қыпшақтарды маңайындағы басқа халықтардың сары реңді жұрт ретінде танығаны, соған байланысты оның «сары» деген анықтауышпен аталуы мүмкін екендігін де жоққа шығаруға болмайды.

Осы тектес дәйектерді қозғай келгенде де *сарықыпшақ* жіктелісі бізге сол дәуірлерден жеткен бір белгі секілді көрінер еді. Сондай-ақ шежірелерде бар *қытайқыпшақ* атауы да сонау замандарда Қытаймен қоңсылас отырған қыпшақтарға берілген атау болуы ғажап емес. Ал *қарақыпшақ* тармағы – қыпшақ елінің атамекенінде, қарашаңырағында өркен жайған ұрпақ деген мағынаға сайса керек. Себебі қазақ жерін мекендейтін қыпшақтар негізінен қарақыпшақтан тарқатылады.

Қазақтың қария сөздерінде осы Қарқыпшақтан тараған Қобыланды батыр ХҮ ғасырда Жошы ұлысының негізінде құрылған көшпелі мемлекетті билеген Әбілқайырдың әділ биі болған Дайырқожаны (Ақжолды) өлтіріп кетеді. Ал осы Ақжол – қазақ шежіресі сарындарында арғындардың түп атасы делінетін Қодан тайшының баласы. Осы мысалдардың өзі де қазақ шежіресіне тән ата-текті тарқату үрдісі негізінен Алтын Орда, Қазақ хандығы шаңырақ көтерген ХІҮ-ХҮ ғасырдан бастау алатынына ден қойғызғандай да болар еді.

Найман

Қазақ халқының құрамындағы байырғы тайпа, көне жұрттардың бірі – *найман*. Бұл тайпа туралы деректер Найманды көне замандарда Хинганнан Карпатқа дейін созылып жатқан Ұлы Даланың Ертіс пен Орхон өзендері алаптарында ежелден көшіп жүрген тайпалар қатарында таниды. Ол – сонау ж. с. д. екінші ғасырдан бастап дәуірлеп, Сырдариядан Сары өзенге дейінгі байтақ аймақты жайлаған Хунну (ғұн) ұлысының, ж. с. бастапқы

ғасырларында қытай жазбаларында «теле» деген атпен әйгіленген байырғы киіз туырлықты қандас тайпалар қауымдастығының кесек бір сынығы. Әбілғазы тарихшының жазуынша: «Наймандар – көне жұрттардың бірі, малы мен басы көп өскен халық». Бұл ел YI-YII ғасырлардағы айбынды Түрк қағанаттары заманында дүниеге келген ата жазуымызда ғалым Қ. Сартқожаұлының дәлелдеуінше, «байырқу», «сегіз оғұз» тайпасы түрінде көрініс береді. Ал *ғұз*, *оғұз* көне түрк тілінде – *ру*, *тайпа* деген ұғымды білдіреді (ДТС. 1969: 365). «Оқ» – тайпа, «з» – жиынтық сан есім. Найман моңғолша «сегіз» деген сөз. Сегіз оғұз жұртын әуелі «найман аймақ» (сегіз тайпа) деп X ғасырда моңғол тілдес қидандар атай бастаған екен. Кейіннен моңғол империясының дүниеге келіп дәуірлеуі, бұл сөздің негізгі атау орнында қолданылуын әрі қарай жалғастыруға жағдай жасайды. Зерттеушілер бұл тайпа X ғасырдан «найман» атала бастаса, XIII ғасырға дейін бұрынғы «сегіз» аты да қосарлана байқалып келгенін ортаға тартады.

Кезінде Жапон теңізінен Шығыс Түркістанға дейінгі байтақ өңірді қоластына бағындырып, наймандарға да біраз уақыт билік жүргізген Лияу әулетінің (Ұлы Қидан мемлекеті) тарихы туралы жазылған жылнамаларда (X ғасыр) наймандар батысында (Ертіс алабы) – қаңлы, қыпшақ; шығысында (Орхон, Толы және Онғын өзендерінің атырабы) – керей, меркіт; теріскейінде (Селенгінің салалары) – қырғыз; оңтүстігінде – ұйғыр, таңғұттармен шекаралас, қоңсылас болғаны айтылады.

Рәшид-әд-диннің «Жылнамалар жинағы» мен «Моңғолдың құпия шежіресінің» көрсетуінше, Арғұн өзенінің Хайлар деп атлатын саласы мен Халқынгөл өзені алабында қоңыраттар мекендеді. Екінші мыңжылдықтың бас кезінде осы қоңыраттардан батысқа қарай керей, меркіт жеріне дейінгі аралықта (Онон, Керулен өзендерінің алабы) хунну, дунхулардың бір сынығы болып табылатын түрк-моңғол жұрттары да қанатын жайып өсіп жатты. Ол тайпаларға өздерімен іргелес, кейіннен моңғол тілі деп ен тағылған тілде сөйлейтін Қидан (осы сөзден «қытай» атауы шыққан) мемлекетінің үстемдігі мен ықпал-әсері тым етене байқалатын. Түрк тайпаларының қақ ортасында жатқан осы жұрттардың соңыра моңғол тілді атанып кетуінің де бір

себебі – түп-тегі Ішкі Моңғолиядан шыққан сол қидандардың жойқын ассимиляциясына тығыз қатысы бар болуы да мүмкін.

XII ғасырдың басында Ұлы Қидан (Лияу) мемлекеті ыдырап, қидандардың біраз бөлігі Жетісу мен Кіндік Азияға өтіп, Қарақытай мемлекетін құрғаны белгілі (1140-1213). Олар кейінірек жергілікті халықтарға сіңісіп кетті. Ал сол ғасырдың соңына таман Онон, Керулен алабын жайлаған тайпалардың арасынан Темүжин сынды жас көсем бастаған қият тайпасы лау етіп көтеріліп, «тарыдай шашыраған моңғолдың басын қосып», аз уақытта-ақ маңайдағы елдерді ұйыстыра алған Моңғол мемлекетіне айналды.

Қуатты Найман мемлекетінің Шыңғыс ханмен шайқастары тарихи жылнамаларда жан-жақты жазылып қалған айтулы бір хикая. Темүжиннің әкесі Есүкей батырдың тұсында Найман елін Инаның Білгі қаған билеген еді. «Инаның» – сенімді, «білгі» – білгір, кемеңгер деген сөз. Сол Инаның білгінің заманында наймандар Қидан мемлекетінің (қарақытайлардың) қармағынан құтылып, бостандық алады. Ол өлгеннен кейін Найман ұлысы екі баласы Байбұқа (қосалқы аты – Тай, Таян. Қидандар оған Дауаң /үлкен әмірші/ деген атақ берген, сол сөз келе-келе Таянға айналған) мен Бұйрықтың таласына түседі. Ақыры ағайынды екеу арасындағы араздық ұлысты екіге бөліп тынады. Тай хан үлкені болғандықтан, әкесінің орнында – жазық аймақты, Бұйрық – таулы өңірді мекендейді.

Наймандар мен Шыңғыс хан әскерінің алғашқы шайқасы 1199 жылы Алтай өңіріндегі Үлңгір көлінің маңында өткен еді. Онда Шыңғыс керей ханы Торының (Уаң ханның) шақыруымен одақтас ретінде көмекке келген. Сол жолы Бұйрық хан ойсырай жеңіліп, өзі Енесай қырғыздарына қашып құтылады. Арада үш жыл өтпей жатып, олар тағы да шайқас даласында ұшырасады. Бірақ бұл жолы да Шыңғыс хан мен Уаң ханның тізе қоса қимылдауы Бұйрық ханның ойсырай жеңілуіне мәжбүр етті. Ол басын эзер сауғалап, тағы да қашып құтылды.

Бұдан кейін Шыңғыс хан керейлермен жауласып, олардың да түбіне жетеді. Бір кезде өзіне қамқорлық жасап, әкесіндей болып кеткен керей ханы Торыны туған жерінен бездіріп, ақыры ол кездейсоқта Тай ханның жасауылдары қолынан қаза табады. Сол хабарға көзі анық жеткен Тай бойын ашу-ыза кернеп:

«Күншығыстағы аз моңғол қыр көрсететінді шығарды. Атасынан асыл жаралған Уаң ханды алуан түрлі қырмен қорқытып, бездіріп, өлімге душар етті. Сөйтіп олар бәрін иеленіп, қаған болмақшы ғой тегі? Күн мен ай аспанды үнемі жарық етіп тұру үшін жаратылған болар. Ал жерде екі қаған бола алмайды. Ендеше сол аз моңғолды байлап әкелейік», – дейді («Моңғолдың құпия шежіресі»). Сонда Тай ханның кіші шешесі Кербез: «Қайтпексің, ол моңғолдар қоңырсыған иісті, қомыт-қомыт киімді емес пе? Әкеліп қайтесің. Аулақ жүргенің жөн ғой. Тек өңі түзу қыз-қатындарын әкеліп, қол-аяғыңды жуындарып, мал сауғызса жетпей ме?» – дейді.

Тай хан маңайындағы әлі де моңғолдарға бағына қоймаған меркіт, қатаған, дүрбет тайпалары және бұрын талқандалған керейлер мен татарлардың біраз бөлігімен одақ құрып, Шыңғыс ханға қарсы жорыққа қамданады. Алайда бұл хабарды алысымен, Шыңғыс ертерек қимылдап, одақтастар әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды тас-талқан етеді. Тай хан соғыста қаза тауып, оның ұлы Күшлік аман қалған жұртын бастап, бұл кезде Алтайдың түстігінде жүрген ағасы Бұйрық ханға келіп паналайды.

Осыдан кейін бүкіл найман елінің қонысы моңғолдың қоластына қарайды. «Құпия шежіреде» Тай ханның кіші шешесі Кербез (Күрбесу) ханымды Шыңғыс хан алдына әкелдіріп: «Сен моңғолды сасық депсің ғой. Қандай екен», – деп өзіне тоқал етіп алғандығы жазылады.

Қанаттас отырған ірі көршілері наймандар мен керейлерді осылайша жеңгеннен кейін бұл өңірде енді Шыңғыс ханды тоқтата алатын күш те қалмаған еді. Аз уақытта ол қазіргі моңғол жеріне сәйкес келетін аймақты түгел бағындырып алады. 1206 жылы киіз туырлықты жұрттар Онон жағасында құрылтайға жиналып, «тоғыз сирақты ақ ту көтеріп», Шыңғысты Моңғол империясының ұлы ханы етіп жариялады. (Тарихшы И. Қабышұлы сол империя құрылар қарсаңда моңғолдар 200 мың адам, керейлер 600 мың, наймандар 800 мың болған екен деген дәйек айтады).

Осы құрылтайдан кейін Шыңғыс хан Алтайдың күнгейінде әлі де найманның атамекенін қайтарып алуды ойлап жүрген Бүйрек ханға жорыққа аттанады. Ал ол бұл кезде ештеңеден

хабарсыз Ұлықтау қойнауындағы Сақсу өзенінің бойында аз адаммен аң аулап, сейіл құрып жүрген еді. Қас қылғандай нөпір әскер дәл оның үстінен түседі де, тұтқынға алынып, ата жауы сол жерде оның басын қағады. Оған паналап жүрген Күшлік орда төңірегіне ұйысқан наймандарды соңына ертіп Ертіске қарай қашады. Алайда Шыңғысхан оларға бұл жерде де тиыштық бермейді. 1208 жылы Ертіс жағасында наймандар мен меркіттердің бірлескен күшін тас-талқан қылады. Одан кейін бұл тайпалар Жетісуға қарай босады.

Күшлік хан Бесбалық, Тұрфан аймағы арқылы айналып, бір кезде наймандарды да билеген Қидан мемлекетінің Кіндік Азиядағы жаңғырған түрі Қарақытай империясының астанасы Баласағұнға жетеді. Бұл дәуірде Жоңғар тауларынан Иранға дейінгі аймақ осы Қарақытай гөрханына (ұлы ханына) қарайтын. Наймандардың Таян сынды ханының баласы Күшлікті гөрхан сарайында ілтисатпен қарсы алады. Жилугу гөрхан оған қызын беріп, жақын адамдарының бірі етеді. Бұл шамада Қарақытай мемлекетінің әлсіреп, бұған дейін оған бағынышты боп келген Хорезм елінің дәуірлей бастаған кезі еді. Шамасы гүрхан Күшлік төңірегіне жиналуға тиіс наймандарды өз мүддесіне пайдалануды көздеген де болуы керек. Әрі Күшліктің де оған осы тектес уәде бергенін біз Рәшид-әд-диннің «Жылнамалар жинағынан», «Жол қатынас тарихының материалдары» атты еңбегінен ұшырастырамыз. Күшлік хан Жилугуге: «Менің тайпам көп, олар қазір Еміл, Қойлық, Бесбалық жерлеріне келіп қоныстанып отыр. Маған рұқсат берсеңіз, оларды жинап, сол күшпен сіздерге көмек беремін», дейді. Гөрхан мұны мақұл көріп, оған қару-жарак, қаражат береді.

Әрине Таян ханның ұлы Күшлік хан Түркістан аймағына келіпті деген хабар осы маңға Шыңғыс ханның қаһарынан ығысып келген наймандарға қатты әсер етеді. Олар тез арада Күшлік ханның қоластына жиналып, жойқын күшке айналды. Бұл жағдай енді Күшлікті гөрхан билігін тартып алу ниетіне итермелейді. Және сол кезде талайдан аңдысулы Мұхаммед Хорезмшахтың гөрханға қарсы шыққанын естуі мұң екен, Күшлік те өз діттеген ойын жүзеге асырмақ боп, Қарақытай әміршісіне қарсы қимылды бастап жібереді. Жасанған әскер қойсын ба, Күшлік көп ұзамай-ақ өз қайын атасының тағына отырады.

Осылайша Шыңғысхан әскерінен күйреген (1204 жыл) Найман мемлекетінің соңғы ханы арада сегіз жыл өтпей жатып, Қарақытай империясының билігін өз қолына алады.

Тарихи деректерде наймандар мен керейлердің несториан дінін (христиан дініндегі ағым) ұстанғаны айтылады. Күшлік хан Жилугудің қызы Күнгеке үйленгеннен кейін несториан дінінен шығып, будда дініне кіреді. Ол кезде Қарақытай мемлекетіндегі жұрттың дені мұсылман дінін ұстанатын болғандықтан, Күшлік хан тарапынан оларға «несториан немесе будда дініне кірсін», деген қатаң талаптар да қойылып тұрған көрінеді.

Атамекенінен көтере қуып жіберген найман ханы Күшліктің байтақ Түркістан аймағында бұлайша дәуірлеп отырғанынан Шыңғыс хан сірә, хабарсыз емес-тін. Тек ол осы кезде Қытайды жаулап алу жорықтарының басы-қасында жүрді. Сол жорықтан қайтысымен, Шыңғыс хан 1218 жылы Күшлікке қарсы әйгілі қолбасшы Жебе ноян басқарған әскерін жібереді. Жебе қарақытай еліне жетісімен, баршаға дін, сенім бостандығын жариялады. Бұған дейін де өзіне мұсылмандарды қарсы қойып алған Күшлік шайқастарда шыңдалған моңғол әскерлерінің екпініне төтеп бере алмайды. Тас-талқан боп жеңіліп, Алай тауларына қарай қашты. Бірақ Жебе ноян оны қоймай қуалап жүріп, ақыры Сарыкөл маңында қолға түсіріп, өлтіріп тынады. Найман елінің Шыңғыс ханға қарсы жиырма жылдай уақытқа созылған қанкешті күресі осылайша аяқталады.

Найман мемлекетінің күйреуі атамекендерінде қалың отырған бұл елдің құрамына кірген рулардың жан-жаққа кең жайылып ыдырап кетуіне, басқа тайпалар арасына сінуіне әсер етті. Олардың біраз бөлігі байырғы қоныстарына жақын Ертіс, Алтай алқабында орнығып, Шыңғыс ханның баласы Өгедей ханның қоластына қарады. Шапқыншылықтан ығысқандары Балқаш төңірегіне, Алакөл маңына, Сыр, Бірғыз алабына орналасты, оңтүстікте Кіндік Азия хандықтары жеріне дейін жетті.

Бұл өңірде қоныстанған наймандар ХҮ ғасырдың соңында Мұхаммед Шайбани ханның ықпалында болды. ХҮІ ғасырда Марыға найманнан шыққан Қобыз би, Жолым билер әмір жүргізді. Найман Назар би Балхты биледі. Нұраталық түз жұрттарын найман Ахметәлі басқарды. Шайбани тұқымы

Бабаханның бір әскербасысы найман Жанмұхаммед би болды. Әбілғазы шежіреші найман Сопырмырзаның 1604 жылы оның әкесі Арабмұхаммед ханды өлтіру үшін қастандық ұйымдастырушылардың бірі болғанын тілге тиек етеді. Осы мысалдардан-ақ наймандардың Орталық Азияның күнгей аймақтарында қабырғалы күштердің бірі ретінде әрекет еткенін байқау қиын емес. Бұл найман жұрттары біртін-біртін жергілікті халыққа сіңісіп, өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ қауымдастықтарының бір тармағы болып кетті. Өзбектерде қазақ-найман, қарақалпақта бағаналы, терістаңбалы, қырғызда бүйе найман, күн найман, мырза найман, жуанбұт найман аталарының кездесуі сол араласулардың бір нышаны.

Қазақ наймандары 1720 жылдардағы Жоңғар шапқыншылығынан кейін Орталық Қазақстандағы Тоқырауын алқабынан Алтай мен Жоңғар тауларына дейінгі аралықта орналасты. М. Тынышбайұлы наймандардың 1810 жылы Қарқаралы мен Шыңғыстауды тастап, оңтүстікке қарай сырғуы олардың соңғы қоныс аударуы болғанын айтады. Оның есептеуінше, наймандардың саны 1917 жылдың қарсаңында Бұқара мен Қытайдағы руластарын қосқанда 830 мың адамды құраған.

Орта жүз елдері арасында дәл наймандардағыдай мол таңбаны кездестіре алмайсыз. Олардың ірі рулық бірлестіктері ғана емес, кейде жеке руларының өзі де дербес ұран-таңбаға ие. Дәл осы ерекшеліктің өзі, оның сонау бірінші мыңжылдықтағы «сегіз-оғұз» деп көрініс берген сипатының әсері болуы да ғажап емес. «Сегіз тайпа» – демек, найман жұрты осынша тайпадан құралған дегенді білдіреді.

Тарихи дереткерге сүйенсек, «найман» қазақтың шежірелік сарындарында айтылатындай жеке адамның аты емес. Сөз басында көрсетіп өткеніміздей, ол «сегіз оғұз» деген ел атының моңғол тіліне аударылуы арқылы сіңіскен атау. Алайда халық шығармашылығы оны түп бабаның есімі етіп көрсетеді.

Қария сөздер бойынша, сол түп ата – Найманның кешігіп көрген Токпан деген ұлы ержеткен кезде Ұлы жүз Дулат бидің қызы Ақсұлуға үйленген екен дейді. Содан аз уақыт өтер-өтпесте Найманның кемпірі мен ұлы Токпан қатар қайтыс болады. Ақсұлу өзі түскен шаңырақтың болашағын ойлап, еліне барып,

жақын сіңлілерінің бірі Әлпешті (Дәмеліні) сұрап әкеліп, атасына қосады. Оны өзі Қызеней деп атайды. Найман Қызенеймен алты айдай ғана ғұмыр кешіп көз жұмады. Екіқабат қалған Әлпеш күні жетіп босанады. Баланың атын Найманнан қалған белгі ғой деп Белгібай қояды. Оның екінші аты – Өкіреш. Найманның әулие келіні Ақсұлу атасының жылын бергеннен кейін Қызенейді найманның ұлы атасы делінетін Сарманаймен бір туысқан Шумақтың немересі Елтайға қосады. Оған атамның орнына ата болды деп Елата деп ат қояды. Қызеней одан *Серікбай* деген ұл табады. Ақсұлу Белгібайды тәрбиелеп өсіріп, он бес жасқа толғанда, қайным деп оған өзі тиеді, дейді шежіре. Одан *Сүйінше*, *Сүгірше* деген екі ұл табады. Содан кейін немере сіңлісі Тоқсұлуды Белгібайға қосады. Ол бала көтермей, Сүгіршені бауырына салады. Тоқсұлу кейіннен әпкеме қолқанат болсын деп бір сіңлісі (бір шежіреде түрікмен қызы) Қаракөзді (Ақбаршынды) Белгібайға қосады. Қаракөзден *Өтеген* туады.

Қазақ шежіресі бойынша, бар найман осы төртеуінен тарайды да тоғыз таңбалы найман аталады. Оларды санамалағанда бірде: Қаракерей, Матай, Төртуыл, Садыр, Көкжарлы (Бақы), Бура (Бақанас), Бағаналы, Балталы, Терістаңбалы деп жатса, енді бірде Көкжарлы, Бура, Байдалының орнына Ергенекті деген ортақ атау алмастырады. Кейде Сарыжомарт – рулық бірлестік аты бола тұра, бір таңба соған де телінеді. Шежірелер сарынында найманның нокта ағасы Кетбұға сегіз туысына таңба бөліп бергенде, өзіне таңба жетпей қалып, басылған таңбалардың бірін (шөміш) өзіне тиесілі жылқыларға теріс баса алған екен, содан бауыры Келбұға екеуі *«терістаңбалы»* атаныпты делінеді. Бұл орапйда шежірелерде Төлегетайдың баласы болып есептелінетін қытай атауы туралы әйгілі ғалым С.Аманжолов айтқан топшылаудың да ойға оралатыны бар. Онда найман шежіресін жетік білетін профессор Орхон-Енесай жазуларында, М. Қашқари еңбегінде түрк тайпасы ретінде ұшырасатын *«қытайды»* найманның *садыр, матай, төртуыл, қаракерей* рулары тармақталатын тайпалар бірлестігінің аты болуы мүмкін дегенді байыптайды. Сондай-ақ қытай руы қазақ қана емес, басқа туыстас халықтар құрамында да көп ұшырасады. Өзбектерде шеруші қытай, сары қытай, қазақлы қытай т.б. деген рулар бар. Қарқалпақтың үлкен бір руының аты

– қытай. Башқұртта да солай. Бұлар бір кезде Қарақытай (кидан) ұлысы құрамында ғұмыр кешкен, түрк текті «қытай» тайпасының әр халық құрамына бөлініп-бөлініп сіңіп кеткенінен де сыр аңғартар сілемдерге жатады.

Қонырат

(Бұл тайпаның шежірелік және этнолектік сарындары осы томдағы «Нағанай би және оның заманы» атты зерттеуде жан-жақты қарастырылады).

Керей

Қазақтың Орта жүзі құрамындағы көне тайпалардың бірі – *Керей* (Керейт) елінің де тарих көшінде белгілі бола бастаған кездеріндегі ғұмыр кешкен ата жұрты – сонау замандарда бірсыпыра түрк халықтарының қасиетті қонысы атанып, ғажайып ата жазу мұраларымыз мәңгілікке бәдізделіп қалған, қазіргі Моңғол үстірті және оған іргелесе жатқан байтақ аймақты қамтитын құтты мекеннің бір тұсы – Орхон, Оңғын, Керулен, Селеңгі, Арғұн өзендерінің құйқалы алқабы еді. Керей атауының шығуы туралы әртүрлі пікірлер бар. Бірақ солардың арасында Орхон-Енесай жазуларының білгір зерттеушісі Қаржаубай Сартқожаұлының Керлін (Керулен) өзені және ол өз басын алатын Кентай тауына қатысты пікір көңілге қонымды көрінеді. Онда ғалым көне түрк жазуларында (Мойын шор ескерткіші. ҮШ ғ.) бұл қос жер атауы «Кейре» түрінде көрініс бергендігін айтады. Ал Керлін алқабы ежелден керейлердің түп-тегі тоғыз байырқулар қоныстанып келе жатқан төл мекен. Олар бірде «тоғыз байырқу», бірде «тоғыз оғұз», бірде «тоғыз кейрелік» деп атала жүріп, ғасырлар өте келе «кейрелер», одан соң «керейлер» боп өзгерген секілді. Бұл бағамдау Керей шежіресінде бұрыннан айтылып жүретін өзен атына қатысты әңгіме сарынын да пысықтағандай болады.

Қытайда тұратын қазақ оқымыстыларының кейінгі кездерде бірсыпыра көне қытай жазбаларын қазақша сөйлете бастауы халқымыздың тарихына қатысты көптеген құнды деректерге жолықтырады. Сол жазбаларда керей атауына да қатысты сәттер кездеседі. Мәселен, «Сүй патшалығының

тарихында» (ҮІІ ғ.) *шеп* тайпасының көсемі Керін Еркіннің Шығыс Түрк қағандығына қарсы шыққаны туралы дерек бар. «Таң патшалығының көне тарихы» (ҮІІ-Х ғ.) жазбасында сол Керіннің баласы Хылейдің де қаған болғандығы айтылады. Яғни осылардағы Керін мен Хылей «Керей» деген атау болуы да мүмкін деген топшылау ортаға тартылады. Аудармашылар бұл жазбалардан *шеп* тайпасымен берге *сеп*, *байлау*, *қойлау* секілді тайпалар атауының да ізін бағамдағандай болды. Бір қызығы, Алтай аймағында ХІХ ғасырда ғұмыр кешкен керей Мәмидің шежіресінде де осыған үндесетін тұстар бар. Ол шежіреде Керей ұлысының арғы тегі *шеп*, *сеп*, *байлау*, *қойлау*, *елдей*, *көлдей*, *изен*, *жусан* секілді тайпалардан таралады делінеді. Бұлардың *шеп*, *сеп*тен басқасының бәрі қазір керей-уақ шежіресінде кездесетін ата-тектер...

Академик Ә. Марғұлан керейлер мен үнгіттердің (уақтардың) моңғол дәуіріне дейін мәдениеті жоғары болғаны, көне түрк жазуларын пайдаланғандығы жөнінде өзінің «Таңбалы тас жазуы» еңбегінде былай дейді: «Алтай, Жоңғар даласында, Енесайда орхон жазуы бар құлпытастар жиі кездеседі. Олардың көбін жазған керей мен үнгіттер. Моңғол дәуіріне дейін (ХІ ғасырдың басы) бұлар және наймандар тегіс несториан дінін қабыл еткен елдер. Бұл әсіресе олардың крест таңбасынан анық көрінеді... Бұл таңба қазақ керейлерінде осы күнге дейін сақталған. Мұндай крест таңбасы бар құлпытастар (орхон жазулы) Енесай даласында көп...» (Марғұлан Ә. Тамғалы тас жазуы. «Жұлдыз». 1984. №1).

Шыңғыс хан заманы туралы теңдесі жоқ жылнама түзіп кеткен Рәшид-әд-Дин еңбегінен сол кезеңдерде Керей мемлекетінің құрамында *керейт*, *қырқын*, *қоңқайт* (*тоңқат*), *сақайт*, *тобаут*, *албат*, *қарақин* секілді рулар болғанын білеміз. Бұлардағы сөз соңындағы «*т*» әрпі әдетте көптік жалғауды білдіреді. М. Тынышбайұлы осындағы сақайттан – бүгінгі сақаларды (якуттарды), тубауттардан – тыба жұрттарының атауын көріп, олар бір кездегі ірі Керей (Керейт) мемлекетінен бөлшектенген елдер болуы кәміл деген болжамды ортаға тартады. Бұл пікірді профессор С. Аманжоловтың «тұңқат» руы – тыбалардың құрамындағы «тұңқат», Орхон-Енесай жазбаларында

«құрықан» түрінде кездесетін «қарақинді» – сақаның қазіргі «құрықан» тайпасымен байланыстыруы одан әрі дамытады.

Ал керей мемлекетінің кезінде ірі де айбынды ел болғанына тарихта дәлел жеткілікті. Кей мәліметтер бойынша, X ғасырда керейлер 900 мыңға жуық болған. Моңғол билігіне дейін керейді Марғұзған, Құршақұз, Бұйрық, Гөрхан, Уаң хан сияқты хандар билеген. Уаңның өз аты Торы (Тұғырыл). Ол өз кезінде Қытайдың Алтан ұлысына татар тайпаларын жеңуге көмектескені үшін қытай әміршісінен Уаң хан (ел ханы) лауазымын алған. Уаң ханның (Он ханның) осы есімі кезінде керейлердің несториан дінін ұстағанына қатысты Еуропаға «керейлердің королі Иоан поп» деген атаумен де жеткен екен.

Шыңғыс хан моңғол жұрттарының басын құрап, жас мемлекетінің шаңырағын алғаш көтерген кезде, ол өз әкесінің анда-досы Уаң ханның көмегіне арқа сүйеді. Онымен бірге наймандарға қарсы соғысқа қатысты. Алайда кейіннен екеуінің арасында алауыздық туып, оның ақыры Шыңғыс ханның Керей мемлекетін жойып жіберуіне әкеп соқты.

Осы аласапыраннан кейін керейлердің бір бөлігі қоңсылас наймандарға ығысып, Батыс Алтай мен Зайсан, Ертіс алқабына ауды. Ал атажұртта қалған бөлігі Шыңғысхан қарауына өтіп, кейін жаулап алынған найман, имеркіттермен бірге оның жорығына қатысып, Шыңғыс ханның жер қайысқан қолының басты күштерінің біріне айналды.

Тарихшылар бүгінде Қазақстанның теріскейін жайлаған керейлер сол Керей (Керейт) мемлекеті күйрегеннен кейін Ертісті бойлап, солтүстікке қарай ығысқан бөлігінен тараған ұрпақ екенін айтады. Олар туралы «Сібір жылнамаларында» бірқыдыру деректер бар. Ол бойынша Уаң ханның Тайбұға деген тұқымы Шыңғыстың әмірімен Ертіс, Өб өзендері алабындағы жұрттарды бағындырған әскерге басшы болып, кейіннен сол жерлерді Моңғол империясы ханының рұқсатымен өз иелігіне алған. Бұл жерде Шыңғыс ханның байтақ империясының теріскей шетіне әуелден аралас-құралас, құдандалы хан ордасының мұрагерін қою арқылы, олармен қайтадан дұрыс қарым-қатынас орнатуға құлықты болғанын көреміз. Әрі оның бұл орайда Уаң хан ұрпағының өз атамекендерінен жырақтай бергенін де мақұл көргені анық.

Тайбұға Ібір-Сібір аймағын өз иелігіне алғаннан кейін, Тобылдың бір сағасы Тұра өзеніне Төмен өзені құяр тұсқа Шыңғы (Шымға) деген қала салады (ол қазіргі Төмен қаласының іргесі). Тайбұға тұқымы бұл өңірде 15-ғасырдың соңғы ширегіне дейін билік жүргізді. Шайбан әулетінен шыққан Махмұд ханның немересі, Дешті Қыпшақ даласын қазақ хандары билеуіне байланысты шеттетіліп қалғасын, Ібір-Сібірге жеткен Ибақ хан (Абақ хан) сол кезде Сібір бегі болып отырған Марды екі ұлымен қоса өлтіріп, билікті өз қолдарына қайта алады. Алайда тағы жетпіс жылдай уақыт өткенде, бұл кезде Сібір хандығы аталған мемлекет басына Ибақ ханның немересі Көшім хан келді. Ол бүкіл Тайбұға әулетін қылыш астынан өткізіп, қырғынға ұшыратты. Дегенмен сол қасаптан Сейтек деген бір бала аман қалып, ол 16-ғасырдың соңғы ширегінде Сібір хандығының билігіне қайта оралғанымен, бектің ғұмыры қысқа болады. Жошы әулетінің бір ұрпағы Оразмұхаммед сұлтан Қадырғали би Жалайыр қарашы бекпен бірге саятта жүргенде, оларды Сібір аумағын дендеп жаулай бастаған орыс әскері опасыздықпен алдап тұтқынға түсіріп, Мәскеуге жөнелтеді...

XVIII ғасырда Ресейдің ашкөз отаршылдығының күшейе түсуі Тобыл, Тұра, Өб бойын жайлаған керейлердің Солтүстік Қазақстан өңіріне қарай қоныс аударуына мәжбүр етті. Ақсақ Темір жорықтары туралы жазбалардан сол кезде керейлердің Қара Ертістен Алакөлге дейінгі аймақты мекендегенін де көреміз. Тарихтан жоңғарлардың ХУ ғасырдың басынан қуатты күшке айнала бастағаны белгілі. Осы шамада олар Балқаш, Алакөл аймағындағы керейлерді қатты бір соққыға душар етіп, жан-жаққа тағы ыдыратып жібергенге ұқсайды. Керейлердің бір тобы ХУ ғасырдың аяғы мен ХҮІ ғасырдың басында Жошы тұқымы – Мауераннахр мен Хорасанда билік жүргізген Мұхаммед Шайбани ханның жорықтарына да қатысқан.

Өз тарихында қилы-қилы дәуірлер мен аласапыран замандарды бастан өткерген көне Керей елі кейіннен қазақ халқын құруға атсалысқан белді тайпалардың біріне айналды. Керейлер сондай-ақ өзбек халқының құрамында да бар. Өзбектің кенегес тайпасының екі руы абақлы мен ашамайлы деп аталады. Ол – қарақалпақтың қоңырат деген үлкен арысына енетін

рулардың да бірінің аты. Керей рулары тыбалардың, қырым татарларының, башқұрттардың да құрамында кездеседі.

Дені қазақ ішінде қалған Керей елі қария сөздер бойынша, *абақ және ашамайлы* болып екіге бөлінеді. Қазақ шежіресіндегі бұл ру аттарының шығу тегін тергеген тұстарына үнілсек, абақ тармағын керейдің Ақылбай атты ұрпағы бәйбішесінің аты еді деген түсіндірмеге жолығамыз. Оның есімі әуелі Аппақ екен, келе-келе Абаққа айналған. Қазір «12 ата абақ» деп жүрген бірлестік әу баста сол Абақ бәйбішенің өзі тәрбиелеген он екі немересінен өрбіген делінеді. Ал ашамайлының әуелгі аты Ғали екен (енді бір шежіреде Ақберді), әкесі ашамайға мінгізіп барып, келіншек алып бергендіктен, Ашамайлы атаныпты делінеді. Шежірелерде абақтыны ашамайлыдан әкеліп тарқататын нұсқалар да бар.

Зерттеушілер бұл ру аттарын олардың таңбаларына қатысты өрбіген атау болуы керек деген пікірге ден қояды. Ашамай – қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша, «балаға арналып, екі қасының жоғары ұшы айқастырылып жасалған ер», Ал «абақ» – қасқыр, түлкі секілді аңдарды ұстауға арналған көне құралдың аты. Ол аң сиятындай екі бөліктен тұрады. Аң ішкі бөлікте жатқан етке ұмтылып кірген кезде, жоғары қарай көтеріліп тұрған сырғыма есік сарт етіп төмен түсіп жабылып қалады (Қ. Салғараұлы). Осы «абақ» сөзінен түрме мағынасын білдіретін «абақты» сөзі шыққан. Сондай-ақ ғалымдар арасында «ашамай» таңбаны керейлердің баяғыдан несториан дінін ұстанған кезінен қалған бір белгі деп – шармық (крест) таңбасынан, ал «абақ» сөзін түрк-моңғол тілдеріндегі «қандас туыстар одағы» деген мағынаны білдіретін – «обақ», «обох» сөздерінен тарқататын топшылаулар да бар.

Абақ керейдің қоныстанған мекен-тұрағы Алтай айналасы, Моңғолияда Қобда өлкесі, Баян өлке аймағы, Қытайда Қаба өзені, Қара Ертістің басы, Сауыр тауының күнгейі, Үліңгір көлінің маңайы. Шәкәрім қажы он екі ата абақты – жантiкей, жәдік, жастабан, шұбарайғыр, шеруші, ителі, итемген, молқы, меркіт, сарбас, қарақас, көнсадақ деп бөледі. Абақтың құрамындағы меркіт руы – көне меркіт тайпасынан жеткен бір сынық. Меркіт елі туралы алғашқы мәліметтер Қытайды билеген Лияу әулетінің (X ғ.) жазба жылнамаларында бар. Рәшид-әд-Дин еңбінде оның

ұдайы моңғол жұртымен, әсіресе Шыңғыс ханмен көп жауласқан тайпа болғанын көреміз. Олар бірде жас Темүжинді тұтқынға алса, енді бірде бәйбішесін әзер қайтарып алады. Сол жолы Бөрте үйіне қайтып келе жатқанда, тұңғышы Жошыны босанады. Ол кезде меркіттердің көсемі Тоқтабек деген адам екен. Оның алты ұлы болыпты. Жылнамада сол алтауының тұңғышы Тоғыздың – керейлермен соғыс кезінде, қалғандарының – Шыңғысханмен өткен әлденеше шайқастарда көз жұмғаны айтылады. Жауынгер, бүлікшіл меркіт жұрты Шыңғысханға әлденеше рет қарсы көтерілген. Алайда бұның түбі олардың түгел дерлік құрып кетуіне де әкеп соққан еді. Шыңғыс хан меркіттердің «арба дөңгелегінен бойы асқандарының бәрін қыруға» жарлық берген екен деген деректер де бар. Меркіттердің аман қалған аз тобы керейлерге қосылып, кейін олардың бір атасы ретінде сіңісіп кетті.

Уақ


Ғылымда *уақтың* түп-тегі туралы басы ашық дерек жоқ. Академик Әлкей Марғұлан уақты ежелгі үнгіт тайпасы деп көрсетеді. Егер бұған ден қойсақ, ол қытай жазбаларында «уаң гу», «үң гу» деген атпен белгілі болған. Рәшид-әд-Диннің жазуынша, бұл тайпа – қытай қорғанының теріскей жағын мекендеген. Шыңғыс кезінде үнгіттердің Алақұш тегін деген көсемі болған. Тарихи деректер үнгіттерді Шыңғыс әулетімен қыз алысып, қыз берісіп, құдандалық қатынас құрған ел ретінде таниды. Тіпті Алақұш тегіннің Шеңгей деген баласына Шыңғыс хан өзінің қызы Алағай бегімді қосқан. Одан туған Аңғай Шыңғыстың баласы Төле (Толуй) ханның қызына үйленеді. Осындай тығыз қарым-қатынас үнгіттер тайпасының құрымай сақталып қалуына септігін тигізген. Өздерімен қанаттас тайпалар найман, керей секілді үнгіттер де несториан дінін қабылдап, әрі көшпелі, әрі отырықшы ел үрдісін ұстанған. Олардың Үнгіт қақпа, Теңдік деп аталған қалалары болған. Құлпытастарға түркше жазулар түсіріп қалдырған...

Қазақ шежіресінің этнотектік сарындарында уақ үнемі кереймен аралас-құралас айтылып жатады. Керейдің баласы Арыстанбектен туады дейтін аңыздар да бар. Оны Керейдің әкесінің інісі Жаубасардың Ағыжан деген немересінде бала

болмайды да, ол туысының баласын (Уақты) асырап алады. Олардың ағалы-інілі, еншілес атануының бір себебі осыдан деп бағамдалады. Тағы бір шежіре оның неге Уақ аталатынының себебіне тоқталады. Ол шала туып, дүниеге денесі шағын болып келген көрінеді. Содан уақ аталып кеткен. Бұл жерде керей, уақтың ағайын-туыс екендігіне олардың таңбаларының ұқсастығы (ашамай) да қосымша дәлел ретінде ұсынылады. Қазақ шежіресі бойынша, уақ тайпасы еренші, шоға, сарман, сіргелі, сарыбағыс, байназар, әлімбет, бидалы, жансары, баржақсы, шайкөз руларына бөлінеді. Соңғы төртеуін топтап, «ергенекті уақ» деп те атайды.



КІШІ ЖҮЗ



Қазақтың қара шежіресінің сарындарында Кіші жүз елдері үш арыстың кішісі – Бекарыстан тарайды. Шежіреге сүйенсек, Бекарыстан – Ордаш, одан – Мөңке, одан – Шаншар, одан – Тұлпар, одан – Тоқпан деп келеді де, Тоқпаннан – Алау, Арғымақ деген екі бала туады. Алаудан – Алшын, Алшыннан – Қыдуар,

одан – Каракесек (әлім, шөмен, кете), он екі ата Байұлы өрбиді. Арғымақтан Телеу туады да, оған Рамадан мен Алшынның еншілестері қосылып, бәрі Жетіруға топтасады. Келесі бір шежірелік нұсқаларда Бекарыстан – Маңғытай, одан – Алшын, Алшыннан – Алау батыр, Алаудан – Қыдуар, одан – Сәдірқожа, Қыдырқожа, Нәдірқожа тарайды. Сәдірқожадан – Әлім, Шөмекей, Кете. Қыдырқожадан – он екі ата Байұлы, Нәдірқожадан – Жетіру өрбиді.

Кіші жүз шежіресінің біршама дұрыс нұсқасын қазақтың өткен ғасырдағы көзі қарақты, білімді тұлғаларының бірі, шеркештен шыққан Мақаш әкім Шолтырұлы жүйелеп кеткені белгілі. Көптеген шежірелерде 1852 жылы Орынбор кадет корпусын тәмамдап, көп жыл округтің әкімі (правитель) қызметін атқарумен қатар, өнер-білімнің де үлкен жанашыры болған осы тұлғаға сілтемелер көп жасалады. «Шеркеш Мақаш правитель айтыпты» делінетін нұсқалардан біз Кіші жүз бірлестігіндегі елдердің топтасуына қатысты ғылыми дәйектерге желісі мен сарыны жуықтасатын ыңғайластықты да аңдағандай боламыз. Мәселен, әдетте тарихнамада Жетіру – жан-жақтан жиналған әркілы тайпалардың бірлесуінен пайда болған қауымдастық ретінде байыпталады. Міне, осы болжамның сарыны Мақаш шежіресінен де байқалады. Онда Алау баласы Алшынға, кейіннен Жетіруға топтасатын тама, табын, кердері, керейіт, жағалбайлы руларының аталары сырттан келіп қосылып, еншілес болғаны айтылады. Қарасақал Ерімбет пен Кердері Әбубәкір шайырлар қалдырып кеткен делінетін шежірелердің де ұзын-ырғасы осыған жуықтайды. Сондықтан да Кіші жүздің үш ірі бірлестігін Сәдірқожа, Қыдырқожа, Нәдірқожадан таратқан нұсқадан гөрі, осы тұлғалар жүйелеген желі қолайлы көрінер еді. Және нобайы бұл тарқатуларға жуықтайтын біраз шежірелерде Кіші жүздің арғы ата-бабаларына қожа атауының қосыла бермейтінін қаперге алу ләзім. Олардың бірсыпырасында Құдиярдың балалары Қайырбай (қаракесек) Қыдырбай болып жіктеледі. Ал бұлар ауызекі әңгімелерде көбіне Қадырқожа (немесе Сәдірқолжа), Қыдырқожа түрінде аталып жатады. Сондай-ақ Сыр сүлейі, қазақ шежіресін жетік тарқатқан Қарасақал Ерімбеттің жазуында Құдиярдың екі баласының аты тек Қаракесек, Байлы болып көрсетіледі.

Біраз шежірелерде, тіпті ғылыми айналысқа түскен деректерде Кіші жүз – алшын елдері арасында көбіне-көп Байұлы тармағы бірінші кезекте аталып жататыны бар. Мұқамеджан Тынышбайұлының байыптауынша, 1917 жылы миллионнан асып, қазақ ішіндегі ең саны көп бірлестікке айналған он екі ата байұлының расында да реті мен жолы ешкімнен кем емес. Дегенмен қария сөздерімізге зер салар болсақ, Қаракесекті (оны Кіші жүздің батысы «Алты аталы Әлім» деп атайды) жолы одан үлкен екенін байқар едік Оларда Құдиярдың үлкен баласы Қаракесек, кішісі Қыдырбай (Қыдырқожа) деп көрсетілген. Мәселен, Аққете руынан шыққан атақты Шернияз ақын Мақаш әкімге алғаш кездескенде айтқан шумақта мынадай жолдар бер екен. Мақаш бұрын көрмеген Шернияздан таныңқырамай жөн сұрасқанда, Шернияз:

*Қыстауымды сұрасаң, Торыатбасы, Шідерті,
Жайлауымды сұрасаң адыр-бұдыр арасы, Жем, Сағыздың сағасы.
Әкемнің аты Жарылғап, өзімнің атым Шернияз,
Аты-жөнiмдi айтпасаң, түсiрместей зой, мынау, Мақаш шамасы,*

– дегенде, Мақаш ілтипат танытып: «Қош келдіңіз!» деп қарсы алған екен. Кіші жүз елдерінің қария сөздерінің арасында бар «Әлім алдында аузыңды тый» деген сөздер де Қаракесектің жолы үлкендігін байқатса керек.

Бұл түйіннің бір дәйегін біз қазақ елін отарлаудың барлаушысы болып, Әбілқайыр хан ордасын төңіректеген А. И. Тевкелевтің 1748 жылы жазған Кіші жүз руларына қатысты мәліметтерінен де кездестіре едік. Онда: «Кіші жүзде ірі Алшын руы бар, ал Алшын – Қаракесек және Байұлы болып екіге бөлінеді, – деп жазады ол. – Қаракесек бәрінен де ірі, алты атадан тұрады... Байұлы одан әлсіздеу, құрамында 12 ру бар... Жетіру – кіші жүздегі ең әлсіз ел... Бұрындары олар жеке-жеке жүріп, маңайындағылардан көп теперіш көріпті, содан кейін Тәуке ханның кеңесімен өзара топтасып, Жетіру бірлестігін құрыпты.

Әдетте Кіші жүзді аталар санына жіктегенде, оны бірде «25 таңбалы Кіші жүз» (6 ата – әлім, 12 ата – байұлы, 7 ата – жетіру) десе, кейде оған 4 ата шөмекейді қосып, «29 таңбалы Кіші жүз» деп жатады. Бірқатар шежірелерде кетенің екі атасы о жырай мен қаракетені де қосып, Кіші жүзді 31 таңбаға жеткізеді.

Қаракесек бірлестігі (әлім, кете, шөмекей)

Ауызекі шежіреде Құдиярдың үлкен баласы Қайырбайдың жарлы болғаны айтылады. Оның *Қаракесек* атануы да осы кедейлігіне байланысты таңылған атау ретінде байыпталады. Қаракесектің бәйбішесінен Байсары туады. Әйелі көп ұзамай қайтыс боп кеткесін, қайынатасы Қаракесекке екінші қызын да қосады. Одан *Әлім*, *Шөмен* тарайды делінеді. Байсарыдан Бозаншар, Майлыбай деген екі бала. Майлыбайдан ұрпақ болмайды да, Байсарыдан *Кете* әулеті тарайды. Оның Кете атануы Байсарының Кетебике деген әйелінің атына қатысты делінеді. Байсары бір соғыста қолға түсіп қаза табады да, Кетебикені Әлім алады. Ол Әлімнен Тойқожаны туады. Әлім қайтыс болған соң, Кетебикені Шөмен алып, олан Түменқожа туады. Қаракесектің үш баласының Кетебикеден өрбіген тұқымдары шешесін төңіректеп жүріп, өздері оның атымен «кете» атанған екен дейді. Бозаншар мен Түменқожа ұрпақтары *ожырай*, *кете*, *қаракете*, ал Тойқожа тұқымдары *ақкете* аталады. Шернияз ақынның «үш таңбалы кетемін» дейтіні осы рулар. Қаракетені шөмекейлермен қонысы, өрісі қатар болғандықтан, «кете-шөмекей» деп те атайды. Осы орайда айта кететін бір жайт, Асан, Жанбақты, Құлыстың әкесі Сарыны бір шежірешілер Бозаншардың Адамқожасының тұқымы десе, екіншілері Түменқожаның ұрпағы дейді. Сондай-ақ ақкете тармағына қосылған мамыт, түйте руларын бір шежірешілер Түменқожа ұрпағы деп те байыптайды.

Алты ата әлім – көп өскен ел. Әлімнің бір баласы Ұланақтың жанама аты Қаракесек деп атануын шежірешілер былай түсіндіреді. Қаракесек қартайған шағында кіші немерелерінің бірі Ұланақты қолына алып, өз баласы ретінде «сасығым» деп еркелетіп өсірген екен дейді. Ақырында Қаракесек өлгесін, қара шаңыраққа Ұланақ ие болып, өзге жұрт содан оны Қаракесек деп атап кетеді. Ал Айнық пен Тегенболат екеуінің бірдей Қарасақал деген жанама аты болуының мәнісі – Айнық сақалы үлкен кісі екен. Ол дүниеден ертерек өтеді де, жесірін Тегенболат алады. Айнықтың баласы Сарбас және Тегенболаттың балалары Пұсырман мен Шіңгірдің жанама атпен «үш қарасақал» атануының себебі де осыдан (қарасақал Ерімбет қолжазбасы) деген шежірелік байыптаулар жасалады.

Ал Қаракесек бірлестігі жөнінде ғылыми дәйектер не дейді? Академик Әлкей Марғұлан *кете* жұрты Сыр бойын моңғол дәуіріне дейін қоныстанып, Батыс Түрк қағандығына қараған оғыз тайпаларының бірі, сол отырған мекенінде көшпей қалған ел дегенді айтады. XII ғасыр мәліметтерінде кидандар қоластына қарайтын 18 тайпаның бірі *хити* деп аталыпты. Бүгінгі кетелерде бар + таңбасы сол хитилерде де болған. М. Тынышбайұлы кете атауын Сібірдегі Ачинск қаласынан жүз шақырымдай теріскейдегі Кеть өзенімен де байланыстырады. Оның Кіші жүздегі Жетірудан басқа рулардың ортақ атауы Алшынды осы Ачинск төңірегінде бар Үлкен Ашын, Кіші Ашын руларымен бір қатысы жоқ па екен, деп болжам айтуы да көңіл аудартады.

Кіші жүздің қосалқы атауына айналып кеткен *Алшын* сөзінің шығуы туралы ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. А. Бернштам оны көне түрктердің ұйтқы тайпасы ашинамен сабақтасып жатқан сөз деген жорамал ұсынса, Сәрсен Аманжолов «алшынның» төркінін «алтын» сөзімен байланыстырып, Байұлы құрамында алтын руының болуы да бекерден емес дегенді айтады. М. Тынышбайұлы оны Геродот «Тарихында» айтылатын ж.с.д. V ғасырда Қара теңіз жағасын мекендеген «алазон» тайпасының атауын еске түсіреді деп түйеді. Ал Қ. Салғараұлы оны қазақ тілінің сөздік қорында бар – өртеңнің немесе орылған танаптың орнында біркелкі шығып келе жатқан көк шөп мағынасын білдіретін «алсын» (алшын) ұғымынан өрбітіп, моңғол жорығынан кейін бұрынғы Дешті Қыпшақтың батыс аймағында қайтадан өркен жайған жас өскін ел деген мағынада тұжырымдайды. Бұрындары қазақ деген жалпылық мағына орнына да қолданылған «қыпшақ» атауының кейіннен әртүрлі ру бірлестіктеріне жіктелгенін еске алсақ, бұл да көңіл аударарлық пікір...

Бүгін Алшын құрамына енетін рулардың бірсыпырасы татар, башқұрт, қырым татарлары құрамында кездеседі, Олар Ноғай ордасының негізін қалауға да белсене араласқан.

Ғылыми дәйектер шекті атауының алғаш көрініс беруі Білге қаған ескерткішіндегі көне жазуда бар «чiк» жұрты болуы мүмкін дегенді ортаға тартады. М. Қашқари «Диуан лұғат-әт-түрк» сөздігінде Шу бойында *шеклі* тайпасы мекендейтінін

айтады. Осы төңіректе Қаракесекке жататын шөмен (шөмекей) руының да қоныстанғанына қатысты деректер бірқыдыру. Профессор Н.Кюннердің «Оңтүстік Сібір, Орталық Азия және Қиыр Шығыс халықтары туралы қытай мәліметтері» (1961 ж.) деген кітабында *шуми* (шумугун) жұртының Тарбағатай мен Тянь-Шань аралығында ҮІІ ғасырда мекендегені көрсетілген. Ол кезде Шу бойындағы тайпалар Батыс Түрк қағандығының құрамында еді. ҮІІІ ғасырдың соңында қарлұқтар оларды екіге бөліп тастайды. Сонда Шу бойын мекендеген *шеклі* мен *шумугун* тайпаларының үлкен бөлігі батысқа қарай ығысқан секілді. Ол бүгінгі *шекті* мен *шөмекей* (шөмен) руларының бастапқы тегі болса керек. Олардың шағын бір бөлігі қырғыз асып, Алай тауының шығысына барып қоныстанған сынайлы. Қазіргі кезде Ош облысының оңтүстік-шығысындағы Сырдария мен Зеравшан өзендері аралындағы таулы аймақта орналасқан рулар *шеклік* деген бірлестікке топтасқан. Оның құрамында біздің шөмекей руының ұранына айналған «Дөйтке» ұқсас *тойт* руы, сондай-ақ *қаракесек* руы бар. Әрі, осы шеклік бірлестігінің ішінен қазақ арасында бар қыпшақ, найман, қаңлы руларын да кездестіретін едік. Осы сабақтастықтардың өзі де қаракесек пен оның ұрпақтары боп есептелетін *шекті*, *шөмен* руларының әуелден түп-тегі тамырлас көне тайпалар екенін көрсетеді. Әлімнің үлкені боп саналатын *шекті* елі таңбаларының молдығына қарап-ақ, оның кезінде әлденеше рулар бас қосқан бірлестік болғанын да аңғару қиын емес. Әлім атауының соңыра қосылғаны да өз-өзінен түсінікті. М. Тынышбайұлы айтқандай, ол «ру аты ретінде рухани жебеуші болған әлдебір қожаның құрметіне орай қойылуы кәдік».

Сонау ғасырларда Шу бойындағы шеклі, шумугундердің бір бөлігі батысқа ығысып, екіншілері Алай тауын асып жатқан заманда тағы бір тобы кейіннен Орта жүзге енетін елдер қатарына келіп қосылуы әбден мүмкін. Орта жүз шежірелерінде ірі ру қаракесектің арғын құрамына келіп сіңіскенін меңзейтін тұстардың бар екендігі осындай бір ойларға жетелейді. Сондай-ақ ғылымда (Ә. Қоңыратбаев, О. Смирнова) шектілер Бұлғар қыпшақтарының бір сынығы болуы керек деген дәйектер де бар. ХІ ғасырда Еділ бойын мекендеген бұлғарлардың «шокли ұлы

Алмұш патша» бастаған үлкен бір бөлігі Арал теңізі жаққа ығысқаны туралы мәліметтер де кездеседі.

Он екі ата Байұлы

Халық арасында тараған ауызекі шежіреде Кіші жүздің кабырғалы *Байұлы* бірлестігі он екі атадан тұрады делінеді. Ғылыми айналысқа түскен мәліметтерде де, жария боп жүрген шежірелерде де ол көбіне: *шеркеш, есентемір, таз, ысық, адай, беріш, байбақты, қызылқұрт, тана, масқар, алаша, алтын, жаппас* түрінде тізбектеледі. Бірақ санамалай келгенде, олардың біреуі артық боп тұрғаны байқалар еді. Сондықтан да кейде біраз шежірелерде Байұлын дағдыдағы «он екі ата» анықтауышына дәлдеу үшін бір атаны қысқартып жатады. Кіші жүздің батыс бетінің шежірелерінде өздерінен қашықтау Сыр бойы мен Ырғыз жақты мекендейтін Алтынды санаққа қоса бермейді де, оны бірде: «Алтын – қыздың аты, ұзатылған жерінен қайтып келіп, туысы Жаппаспен қоныстас болады, содан алтын-жаппас атанады», – десе, екінші бір шежіреде: «Жаппастың шешесі Алтын –Орта жүз қыпшақтың қызы екен. Кейбіреулер алтын-жаппас деп анасын баласына қосып, байұлын 13 атаға жеткізеді», – деп түйеді. Келесі бірінде: «Алтын – Жаппастың қызы екен. Адайдың баласы Келімбердінің Ақпан деген баласына шығыпты. Ақпан мезгілсіз өліп, жесір қалады. Әменгершілік заңына көнбей, төркінінің маңына көшіп келіп, өз алдына алтын деген ру болып қалыптасып кетеді», – делінеді. Ал алтын елінің шежірешілері: «Бақтысықтың (немесе Қыдырсықтың) бәйбішесінен Алтын, тоқалы Самса шешемізден Жаппас туыпты, екеуі еншілес болғандықтан қатар аталады», – деп түйеді де, өздері тарапынан он екі ата Байұлына Тананы немесе Байбақтыны (екеуін бір-бірінің баласы деп) қоспайды. Бір шежірелерде он екі атадан кейде Қызылқұрт, кейде Масқар тысқары қалып қойып жатады.

Байұлының қалай он екі ата болып қалыптасқаны жөніндегі осындай бір-біріне қайшы шығып жататын шатасулардың түп-төркіні білгір шежірешілеріміз жүйелеген жіктеулердің айналысқа кеңінен түспей жатқандығына да қатысты ма дейміз. Мәселен, Байұлы тармағына арналған толымды шежірелерде Құдиярдың бір баласы Қыдырбайдан (оны Қыдырқожа немесе Бай, Байұлы деп те атайды. Ол бай болғандықтан, ұрпақтары

Байұлы аталыпты дейтін де түсініктемелер бар) – Қыдырсиық, Сұлтансиық, Бақтысиық (Бақсиық) туғандығы айтылады. Жеке қорымызда бар шеркеш Мақаш әкімнен, беріш Мұрат Мөңкеұлынан, таз Есенбектен, адай Еңсеп Шәуметайұлынан қалды делінетін шежірелерде М. Тынышбайұлына Кіші жүздің мәліметтерін дайындап беруге қолқабыс жасаған профессор Халел Досмұхамедұлының жіктеуінде де он екі ата Байұлы осы ыңғайдан тізбектеледі.

Ол тарқатулар бойынша он екі ата Байұлы дегеніміз әу баста: 1. Қыдырсиық, 2. Бақтысиық, 3. Сұлтансиық, 4. Есентемір, 5. Таз, 6. Адай, 7. Беріш, 8. Алтын, 9. Жаппас, 10. Ебейті, 11. Ноғайты, 12. Мадияр деген аталардың тізбегінен тұрған көрінеді. (Бүгіндері аты мәлімсіз соңғы елдердің орнын кейде Алтынды есептемей: 9. Алтытабан, 10. Алтыбасар, 11. Құлақасқа, 12. Дуатайман деген аталармен алмастырып жататын нұсқалар да бар). Он екі баланың бірі боп есептеліп, бүгіндері аты естілмейтін бұл тайпалар кезінде басқа бір елдер мен ұлттардың қатарына сіңіп кеткен болуы керек.

Шежірелік сарындарда үш сиықтан тараған аталар тізбегінде бірізділік жоқ. Көбіне Сұлтансиықтан тараған ұрпақтар ғана шатастырылмайды. Ал Қыдырсиық пен Бақтысиық (Бақсиық) балалары бір-бірімен қым-қиғаш ауысып жатады. Бір шежіреде Қыдырсиықтың баласы боп жүрген аталар, келесіде Бақсиықтың ұрпағы ретінде аталады. Үш сиықтың ұрпағы жеті атамен шектеледі. Ал қалған аталардың Байұлына қосылу мәнісін шежірешілер қалай түсіндірер еді. Оның бәрін жинақтай келгендегі ұзын-ырға мына тектес. Аманқожа деген кісі өліп, Бай (Қыдырқожа) оның әйелін алған екен, одан Таз туыпты. Атақожа деген адамның Ештай, Елтай деген баласы болған екен. Ештай ерте өліп, келіншегінің ішінде қалған баланың атын кейін Беріш қойыпты, дейді. Енді бір шежірелерде Байдың Қанбibi деген қызын Елтай (ол да жаудан өледі) алған екен, одан Адай туған. Адай дүниеге келісімен, анасы да қайтыс боп, оны Таздың шешесі Қарамоншақ (кейде Күнжан) емізгендігі айтылады. «Аққу менен қаз егіз, Адай менен Таз егіз» деген мақал осыдан қалған болуы керек, дейді шежірешілер. Ел аузында Есентемір басқа жақтың адамы, әуелі байдың жылқышысы боп жүріп, кейіннен бір баласы атанып кеткен деген әңгімелер де бар.

Он екі ата Байұлын тарқатқан тағы бір шежірелік сарындарда Құдиярдан – Алқожа, Асанқожа туады. Асанқожадан – Ерқожа, Қыдырқожа, Елтай, Естай, Ата, Қалпак. Ерқожадан – Ожырай, Жаппас, қызы Алтын; Қыдырқожадан – Қыдырсиық, Сұлтансиық, Бақтысиық. Елтайдан - Адай, Естайдан – Беріш, Атадан – Есентемір, Қалпақтан – Таз. Ерқожаның баласы Ожырай еншіге өкпелеп, кейіннен Кетеге сіңген делінеді (Қаракесекке жататын Ожырай кетенің әу баста сырттан келгені туралы аңыз барын еске түсірейік).

Мұрат Мөңкеұлының шежіресінде Құдиярдан – Сәдірқожа, Нәдірқожа, Нұрқожа, Асанқожа, Алқожа, Қыдырқожа, Ожырай мен Жаппас – Асанқожаның балалары боп сипатталады. Есентемір Нұрқожаның баласы. Нұрқожа жастай өліп, оның әйелі Тастыны Қыдырқожа алған. Тасты Қыдырқожаға тигеннен кейін, одан Алтын туған екен делінеді. Беріш – Алқожаның баласы. Шежіре сарыны Асанқожа мен Алқожа да жаудан өліп, олардың балаларын Қыдырқожа қамқорлығына алғанын айтады. Адай – Қыдырқожаның ғайыптан пайда болған баласы, шешесі жоқ болғандықтан, Таздың анасы Күнжан асыраған екен. Яғни, Жаппас, Есентемір, Беріш - Қыдырқожаның (Қыдырбайдың) ағайындарының балалары болса, Қыдырсиық, Бақсиық, Сұлтансиық, Алтын, Таз, Адай өз балалары делінеді.

Ауызекі шежірелердегі осы тектес қилы-қилы сарындарға қарап-ақ, Байұлының да тарих көшінде әртүрлі тайпалардың қауымдасуынан келіп құралған бірлестік екенін байыптауға болатындай. Әдетте қазақ шежірелеріндегі белгілі бір ру, тайпаның дінгегі боп тұрған тұлғалар әлдебір баланы асырап алған екен (киімді бала), баласына еншілес еткен екен деп келетін аңыз, әңгімелер, сол аталардың әуелде басқа жақтан келіп қосылғанын меңзеп жататыны бар. Алайда халық шығармашылығы олардың бәрін бір атаның балалары, бір кіндіктен өрбіген ұрпақтар ретінде сипаттап, ағайындас, бауырлас қылып жібереді.

Енді Байұлы аталарына қатысты ғылыми дәйектердегі этнотектік сарындарды қаулап көрелік.

Кіші жүз елдерінің тарихына көз жібергенде, оларды қазіргі Қазақстан жерінің батыс бетін мекендеген қас-пи, қасахия, қасоғ, қасоғдиане деген жұрттармен де сабақтастыра қарап жатады.

Қытайдың ҮІІ ғасырға қатысты деректерінде («Таң патшалығының жаңа тарихы») Арал мен Каспий теңізінің аралығын мекендеген елдердің «хаса», «кас-пи» деп аталғаны; Х ғасырдағы Византия императоры Константин Багрянородныйдың Кубаннан шығысқа қарайғы жерлерде «касахия деген жұрт жатыр» деуі; орыс жылнамаларындағы «касог», грек тақуасы Епифани (ҮІІІ-ІХ ғ.) жазбаларындағы Кавказ төңірегінде мекендейтін «касогдиане» елдері туралы мәліметтер, «қазақ» атауының осы өңірлерде әуелден-ақ көрініс бергенін байқатады. Бұл жөнінде академик Әлкей Марғұланның әрқилы ғылыми деректерді зерделей келе айтқан тұжырымдары бар: «Қазақтар арабтар келмей тұрып Арал, Каспий теңізінің төңірегінде хазарлармен байланысты болған. Н. Я. Марр мен Б. Грозный келтірген «қаз», «хаз» сөзі екеуіне бірдей. Хазарлар ортасында «хазаруг», «берішлік» деген екі ұлы қауым болған. Бір тамаша жері Беріш осы күнге дейін Кіші жүз ұлысының бір ұлы тайпасы...», «...Солтүстік Кавказдағы осетиндер қабарда мен балқарларды осы күнге дейін «қасақ», «косок», деп айтады... Бұл атты қабарда мен балқарлар... ерте дәуірден не қыпшақтар заманынан (Х-ХҮ) сақтаған болуы керек» деп жазады академик (Марғұлан Ә. «Тамғалы тас жазуы». «Жұлдыз». 1984. №1).

Кавказдың теріскей жағы, Қобан (Кубань) бойы тарихшы Багрянородныйдың Касахия деп атаған мекені. Осы Қазақия жеріндегі түрк мәдениетінің белгілерін ғалым Е. П. Алексеева «Древняя и средневековая история Карачаево-Черкесии» (1971 ж.) атты кітабында үш кезеңге бөледі. Оның алғашқы кезеңі ҮІ-ҮІІ ғасырларды қамтып, Батыс түрк қағанатының осы төңірекке дейін қанат жаюымен сабақтастырылса, екінші кезең (ІХ-Х) бешенектердің (Сыр бойындағы Қаңлы бірлестігінің құрамдас жұрты) батысқа жылжуымен байланыстырылады. Ал үшінші кезең ХІ ғасырларда осы өңірге лек-лек боп жеткен қыпшақтармен жалғасады. Демек, Қазақия деп аталған, көшпелі өмірге аса жайлы бұл аймақтың таза түркітік бітімі әуелден-ақ дау тудырмайтын ақиқаттардың бірі болған. Тарих осы замандарда Қазақия құрамында қазіргі қыпшақ тектес қарашай, балқар, құмықтардың арғы бабаларының да болғанын, бәрінің қазақ атымен қауымдасқанын ортаға тартады. Олар ғана емес қабарда, черкес атты тегі бөлек жұрттар да қазақ атымен танылған.

Ә.Марғұланның қабарда мен балқарларды «қазақ» деп атайды деуінің мәнісі оында. XIII ғасырдағы моңғол жорығы Дешті Қыпшақтың батысындағы Қазақияны да шайқап өтті. Сол аласапыран кездері өзара тектес черкес, қабарда, абазиндер черкес бас боп қазақтан ірге айырған сияқты. Жазушы-зерттеуші Әнес Сарай Байұлы құрамындағы «Шеркеш руы Қазақия қазақ, черкес боп екіге бөлінгенде, қазақтар құрамында қалған ел болуы мүмкін» дегенді айтады. Қазақ шеркестерінің ұраны – «Шағырай». Ал черкестерде «чакаркас» деген ата кездеседі... абазиндар арасында шакараул тайпасы бар, ол қазақ шеркестерінің қойыстан тарайтын сақауына үндеседі. Бұл сақаудың (шакараулдың) I ғасырда Сыр мен Әму аралығын мекендеген сакараул сақтарының жұрнағы болуы да ғажап емес», деген топшылауға барады.

М. Тынышбайұлы еңбегіндегі «Өб өзеніне құятын Қатын өзенінің оң жақ саласы Черкиш аталады» деген дәйек, бұл атаудың бір төркіні Алтай төңірегінен екенін байыпнатқандай да болады. Оның бір дәлелі – сақа (якут) жұртының құрамында да «сергеччі» деген ру барлығы. Демек, ерте кездердегі ұлы қоныс аударулар заманында шеркеш тайпасы да барған жерлеріндегі елге өз атауын қабылдатуы мүмкін. Осы ретте түрк руларының тарихын зерттеуге зор үлес қосқан Н. Аристовтың: «черкес атауының өзі Кавказ баурайына түрк руларының сол аттас қауымының атымен жеткен секілді», – деп бұдан жүз жылдай бұрын жазып кеткені иланымға келеді. Яғни, черкеш-черкес жұрттарының тегіне қатысты ауыс-түйістер черкестен шеркешке қарай емес, шеркештен – черкеске қарай бағытталғандай.

Байұлы құрамындағы *беріш* руы атауының ізін де зерттеушілер ескі тарихтан тарқатады. М. Тынышбайұлы оның бір сілемін Сібірдегі Шұлым өзенінің сол жақ саласы – Беріштен, сол мандағы Берішкөлден, Симбирск төңірегіндегі Барыш, Бирюч өзендерінен, Азау теңізіндегі Бюрис аралынан көргендей болады. Әуелгісі – түрк жұрттарының құтты қонысы Алтай айналасы, кейінгілері – қалың қыпшақ қоныстанған Дешті Қыпшақтың (Қыпшақ даласының) бір шеті, бұрынғы Қазақияның Жайық пен Қара теңіз арлығындағы құйқалы мекені. Осы орайда алшындар, оның ішінде беріш атасы қыпшақтың бір сынығы деген дәйектердің де түп-төркіні қылаң бергендей болады. Еділ

төңірегіндегі қыпшақтардың өздерінен теріскей беттегі орыс кінәздіктерімен де оқта-текте шекісіп қалатыны орыс жылнамаларына түскен. Мәселен, оларда Владимир кінәздің Беріш баласы Ақланды өлтіргені, 1235 жылы беріштердің орыстарға шабуылдағаны сияқты бірқыдыру оқиғалар жазылып қалған.

Байұлы сөзінің мағынасы шежірелерде «Байдың ұлдары, ұрпақтары» деген ұғымда түсіндіріліп жатады. Ал осы сөздің тарихи деректердегі сілемін тағы да қалың түрк жұрттарының бір ата-мекені Алтай айналасынан ұшырастырар едік. «Таң әулеті мәліметтерінің жинағы» атты көне қытай дерекнамасының дәйектеріне қарағанда, түрк тілдес көшпелі жұрттар қауымдастығы Теле (төлес) тайпалар бірлестігіне кіретін он бес елдің бірі *байегу* деп аталыпты. Ол қытай жазбаларында байгу, багу, байегу түрлерінде де кездеседі. Профессор Н. Кюнердің анықтауынша, байегулер YII ғасырда қазіргі моңғол жерінің теріскейі мен Байкал маңын мекендеген. Әлгі дерекнамада бұл «мемлекеттің 10 000 жауынгері, 60 000 тұрғыны бар, бәрі де бай» екені айтылады. Теле бірлестігіне енетін он бес елдің қуаттыларының бірі Сеяңто тайпасы қыпшақтардың қытай деректерінде көрініс берген бұрынғы атауы дейтін пікір бар (Кляшторный). Байгу, байырку тайпасы да кейіннен қыпшақтар секілді күшейіп, сегіз-байырку, тоғыз байырку деген тармақтарға бөлініп кетті. Теле бірлестігіндегі тайпалар арасында байырку елінің беделі үлкен болғандығын еске алсақ, кей тайпалар өздерін оған теліп «байегуміз», «байгуміз» деп айтуынан, ол келе-келе «байұлына» айналып кетуі де ғажап емес.

Осы орайда әлгі он бес тайпаның бірі *Адие* деп аталатындығы да көңіл аудартады. Қытай деректері бойынша, YII ғасырда Онон өзені бойын жайлаған осы көшпелі жұрттың атауынан бүгінгі Адай руының аты елес бергендей болар еді. Ғылыми деректерде *адай* атауының шығуы туралы басқалай топшылаулар да бар. Солардың арасында оны ж.с.д. II ғасырда өмір сүрген көне «*дай*» тайпасының жұрнағы болуы керек деген пікірлер көбірек айтылады. Кейіннен дайлардың ұрпақтары қаңлылардың, содан соң оғыздардың құрамына да енген. Оғыздар «дайлар» мекендеген Маңғыстау түбегін арал ретінде ұғынып, осы «ада» (арал) тұрғындарын «адай» (аралдықтар) деп атапты,

делінеді. Оғыз мемлекеті дәуірлеп тұрған IX-X ғасырларда оның құрамына түрікмендер мен адайлар қатар енген еді. XI ғасырда адайлар болашақ қазақ руларын ұйыстырған Қыпшақ бірлестігінің құрамына енеді. Осы кезде олар Жем, Ойыл, Сағыз бойын жайлайды. Адайлар кейіннен Алтын орданың, одан соң Ноғай ұлысының құрамына қосылады.

Ноғайлы дәуірінің жырлары Кіші жүз өңірінде ерекше мол сақталған. Олардың арасында қазақ пен ноғайдың айырылуына арналған қария сөздер де бірқыдыру. Ноғай ұлысы ішінде өткен үздік-создық шайқастар, оның бір бөлігінің Ресейге тәуелді болуы ақырында елдің ыдырауына әкеп соқты. М. Тынышбайұлы Ноғай ұлысы құрамындағы алшындардың бір тобы 16 ғасырдың екінші жартысының өзінде қазақтарға келіп қосылды, ал 1600 жылдары Едіге би тұқымы Орманбет би өлгесін алшындардың соңғы елеулі тобының да қазақтарға ауа көшудің нәтижесінде қазақ-ноғайдың айырылуы түгел аяқталған еді, деп жазады.

Кіші жүз ішіндегі *ноғай-қазақ* руы да сол Ноғай ұлысы заманында қоян-қолтық боп сіңісіп кеткен қос елдің түбі төркіндес бір атасы. «Қазақ тайпалары тарихының» (1875) туындыгері, тарихшы С. Жүсіпұлының дәйектеуінше, жағалбайлы мен қоңырат тайпаларының құрамындағы *ноғай* аттас рулар Ноғай ұлысы тарағаннан кейін қазақ тайпаларына келіп қосылған аталар.

Байұлы құрамындағы рулардың бірі *масқар* туралы тарихи деректерді байыптағанда, Батыс Моңғолияда мекендейтін түрк тектес *хотон* жұртына енетін жеті атаның бірі *масқар* аталатындығы назарға ілігер еді. Осы атаның хотоннан бөлініп, батысқа қоныс аударуы, араласа-құраласа жүріп, қазақ халқының құрамына енуі әбден мүмкін. Сондай-ақ *масқардың* бір атасы *қырықсадақ* аталады. Ал дәл осындай ата қарақалпақтың кәндеклі руының құрамында, өзбектерде кездеседі. Қазақтың шаньшқылы руы *балық* атасының да қырықсадақ тармағы бар.

Таз руы атауының да бір сілемі Алтай төңірегінен ұшырасады. Енесай өзенінің бір саласы – Таз. Осы төңіректегі «орман халықтарының» бірі ертеде Тас аталыпты («Моңғолдың құпия шежіресі»). Бір замандарда солармен қатар мекендеген қырғыздың Сарыбағыш руының бір атасы таздар аталады. Таз – тыба, башқұрт елдерінің құрамында да кездеседі. Таз – Ұлы

жүздің жалайыр, ысты, албан; Орта жүздің ашамайлы керейінің де бір атасы. Кіші жүздің таз руы құрамындағы абдал тармағының атауы, оны сонау ІҮ-Ү ғасырларда Кіндік Азия жерінде мемлекет құрған тайпалар бірлестігі эфталдар (ақ хұндар) дәуіріне де сабақтастырғандай болар еді. Ғылымда эфталдарды түрікменнің шәудір руына енетін абдал тайпасының арғы тегі ретінде танитын пікір бар екенін ескерсек, таз құрамындағы абдалдың түбі де эфталдардан тармақталады, деген топшылаудың қисыны келеді.

Қызылқұрт руының көсеу таңбалы болуы, оны Ұлы жүздің көсеу таңбалы ысты руындағы қызылқұрт атасымен байланысы барын байқатқандай болады, дейді ғалымдар В. Востров пен М. Мұқанов. Жалпы қазақ рулары таңбаларының бірдей шығуы кездейсоқтықтан гөрі, сабақтастыққа көбірек жуысады. Осы тұрғыдан алғанда, ілгері замандарда бұл аттас екі рудың бір-бірімен ішек-қарын араластырған туыстық жағдайы болуы да ғажап емес. Сондай-ақ қырғыздың сарұ тайпасында да қызылқұрт руы бар.

Алаша руы туралы тарихи деректер шамалы. Н.Аристов оны Саян-Алтай төңірегін мекендеген ежелгі динлин жұртымен қатысы бар болса керек деп топшылайды. Түрікмендердің сарық бірлестігіне енетін бес атасының бірі алаша аталады. Оны қырым татарлары құрамынан да кездестіреміз.

Жетіру

Кіші жүздің *Жетіру* бірлестігіне енетін рулардың шығу тегі туралы шежірелік сарындар да Бекарыс ұрпақтары – ағалы-інілі Арғымақ пен Алау есімдерінен бастау алып жатады. Әуелі Арғымақтан Телеу туған екен дейді. Ол Рамаданды өзіне еншілес қылып алады. Жаугершілік, шапқыншылық көп сол заманда Алау батырға да әр жылдарда басқа жақтардан Сәдір, Нәдір, Қылуар, Сәдбан деген балалар (жігіттер) келіп паналап, оның баласы Алшынмен еншілес атанады. Кейіннен Сәдірден – Тама, Табын; Нәдірден – Кердері, Қылуардан – Керейт туады. Сәдбаннан Қарақатыс (Жауырыншы), одан – Мілде, одан – Елеу мырза туады. Осы Елеуден он екі ата Жағалбайлы тарайды.

Шежірелер әрі қарай Алшын Кұдияр деген баласын кешірек көреді де, ол ерке, сотқар болып өскен екен деп

жалғастырады. Сондықтан да ел оған Құдияр тентек деген ат қояды. Құдияр кейіннен еншілестердің балаларына тиісіп, сабап күн көрсетпейді. Содан олардың бәрі Арғымақ баласы Телеу мырзаға келіп сағалаған көрінеді. Осы қауымдасудың нәтижесінде Жетіру бірлестігі (*телеу, рамадан, тама, табын, кердері, керейт, жағалбайлы*) құралған екен дейді ата тергеу сарындары. Қария сөздер арасында (қарасақал Ерімбет) Құдияр – Алшынның бәйбішесінің баласы, Сәдір мен Нәдір – екінші әйелінің балалары деп те сипатталатын нұсқа да бар. Сәдірден – Тама, Табын; Нәдірден – Кердері; Арғымақтың бәйбішесінен – Телеу, кейінгі әйелдерінен – Рамадан, Қарақатыс, Керейіт туған делінеді. Енді бір шежірелерде Жетіруға кіретін елдердің бәрі Арғымақтан (бәйбішеден – Телеу, екінші әйелінен – Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Рамадан; үшінші әйелінен – Тама, (Табын) деп таралып жатады. Кіші жүзді Нәдірқожа, Сәдірқожа, Қыдырқожа атты «үш қожадан» тарқататын нұсқа бойынша, Жетіру елдері түгелдей Нәдірқожаның балалары боп есептеледі.

Қазақ руларының тарихына қатысты ғылыми зерттеулерде Жетіру Тәуке хан кезінде осы атпен топтасқан қауымдастық деп түсіндіріледі. Деректерге зейін жіберер болсақ, Жетіру бірлестігіне енетін елдердің де түп-тегі көне замандарға кететінін байқар едік. Халық аңыздарында Жетірудың үлкені боп есептелетін *телеу* атауына ұқсас бірлестік атын біз тағы да сонау Алтай айналасынан ұшырастырамыз. Көне қытай жазбаларында V ғасырдан бастап қазіргі моңғол жерін мекендеген түрк тілдес көшпелі жұрттар *теле* (төлес) елі деп аталатыны айтылады. С. Кляшторныйдың жазуынша, теле тайпаларының біраз бөлігі VI ғасырға дейін-ақ Қара теңіз бен Кавказдың теріскейіне қоныс аударған. Теленің бір сілемі қырғызға да жеткен. Олардағы шеклік бірлестігінің бір тармағы төлес деп аталады. Тыба халқының құрамында да теле руы бар.

Кердерінің әуелгі тарихын ғалымдар ж.с.д. II ғасырында ғұндардың жойқын шабуылына ұшыраған *юечжи* елінен тарқатуға бейіл танытады. Көне қытай жазбалары бойынша, бұрын шығыс Еренқабарға төңірегін қоныс еткен юечжилердің (оны Қытайда тұратын қазақ оқымыстылары «иүзлер» деп аударады) көп бөлігі сол үркіншіліктен Әмудария алабына дейін ауады. Олар қытай дерекнамасында ұлы юечжилер (иүзлер), ал

көшіп кете алмай атақонысында қалғандар кіші юечжилер (иүзлер) деп аталған. Әму жаққа жеткен юечжилерді еуропа тарихшылары кидарит-күндер деген атпен таниды. Сол кидариттерден *кердері* атауы туындаған. Ғылыми деректер Х ғасырда Арал теңізінің Кердері аталғанын, Әмударияның екі бетінде сол аттас қала болғанын да алға тартады.

Керейт елінің тарихы көне жазба ескерткіштерде VII ғасырдан аты белгілі Онон, Керулен, Арғұн өзендерінің аумағын жайлаған қабырғалы Керей (Керейт) мемлекетімен сабақтастырыла қаралады. Шыңғыс ханнан ығыса отырып, Ертіс, Өб бойын теріскейге қарай жайлаған, кейіннен Орта жүз құрамына енген керейттер уақыт өте келе, байырғы атау соңындағы «т» қосымшасын айтпайтын болды. Ал өзбектердің, қырғыздардың құрамына сіңген керейттер, Кіші жүздегі өз руластары секілді бастапқы көне атауларын сақтап қалды. Соған қарағанда Кіші жүз құрамындағы керейттер моңғол жорығымен бірге Кіндік Азияға жетіп, сол елдерде тұрақтап қалған керейттердің ұрпағы болса керек. Кейіннен олардың бір бөлігі өзбектің, екіншілері қырғыздың, үшінші бір тобы Кіші жүздің құрамында сінді.

Тамага ұқсас атауды Рәшид-әд-дин жылынамасынан кездестіреміз. Шежіреші қырғыздармен қоңсылас жайлаған жауынгер Тұма халқы туралы айтады. Бұл жұрт Шыңғысханға бірнеше рет қарсы көтерілген. Сол үшін оларды моңғолдар аяусыз жазалаған. Тамалар башқұрттардың, ноғайлардың, қырғыздардың құрамында жеке ру түрінде кездеседі.


Табын елі атауының да әуелгі іздерін Алтай айналасынан ұшырастырғандай болар едік. Сол маңайда Табын тауы, Табун өзені секілді атаулар бар. Табын – башқұрт халқы құрамындағы ірі рулардың бірі. Зерттеушілер табын тайпасы Батыс Қазақстан өңірін моңғол жорығына дейін де жайлағын сыңайлы дегенді айтады. Ғалым С. Руденконың зерттеуінше, моңғол жорығы басталмай тұрып-ақ башқұрттар он екі арыс елге бөлінген, оның бірі – табын болған. Табын таңбаларына сәйкес, негізінен шөмішті, тарақты, көсеулі болып бөлінеді. Бұл жерде мәселе, «тарақ» таңбасына қатысты. Ұлы жүздің жалайыры мен Орта жүздің тарақтысы да тарақ таңбалы. Олардың екеуі де өз жүздерінің «ноқта ағалары». Қазақ шежірешілері Кіші жүздің

«ноқта ағасы» деп бір таңбасы тарақ боп келетін таманы айтады. Ал тарақ таңбалы жеке руы бар табын сол таманың інісі ретінде сыпатталады. Зерттеушілер арасында табын құрамында Ұлы жүзден қосылған аталар болуы керек деген пікір де бар (В. Востров, М. Мұқанов). Ол осы ру құрамындағы Бозым тармағы. Оның да, албан құрамындағы бозымның да шөміш таңбалы болуы бір кездерде осы атаның Ұлы жүз тарапынан келіп қосылғанын меңзегендей болады, дейді ғалымдар. Осындай пікір рамадан руына да қатысты айтылады. Рамаданның шөміш таңбасы дулат руларына өте ұқсас. Бір замандарда дулаттын кей аталарының әлдеқандай жағдайлармен Кіші жүз құрамына енуі ғажап емес. Және бұған рамаданның ұраны – «Дулат» екенін де қосыңыз.

Жағалбайлы атауының түп-төркінінде шежірешілеріміз айтатындай, Жағал және Байлы деген екі батыр болған екен дегеннен гөрі, «жағал», «төбел», «ала» (ат) мағынасына саятын топшылау иланымдылау көрінеді. Мұның бір жағы ғылыми айналыста бар «хэла» (ала ат) елінің атауына да үндесер еді. Көне Қытайдың YII ғасырға жататын жазбаларында «Хэла мемлекеті... Солтүстік теңізге (Байкал көліне) жақын тұратын ел, жылқыларының бәрі ала, елдің аты содан шыққан, жылқыны қымызы үшін ұстайды, мал тұяғымен еріп көшіп жүреді...» (Кюнер) деген деректер бар. Зерттеушілердің пікірінше, хэла (ала аттылар) елі кейін қыпшақтардың ұлы көшіне ілескен теле жұрттарымен бірге батысқа қарай ауысқан...



АРҒЫ ТҮРКТЕР АҚИҚАТЫ ІЗІМЕН



Түрк жұрттарының түпкі тарихына қатысты этнотектік, археологиялық, генетикалық құпиялардың аршыла басталуына орай, бұрын бекіген тұжырымдарды қайта қаузау²

² 2006 жылы жарық көрген зерттеу-кітаптың ықшамдалған нұсқасы.

Кіріспе немесе мәселенің мәнісі

Түрк халықтарының шығу тегі мен түпкі түрк тілінің пайда болуына қатысты бізге мәжбүрленіп таңылған ғылыми үрдіс аясында талайдан қалыптасқан пікір көбіне тақ-тұқ. Ол бойынша “бұл тұрғыдағы тарихтың ізін әріден індетудің қажеті шамалы, бәрі беріде”, деп есептеледі. Әрі алға тұтылар дәлел де – бұл мәселеде еш түйткіл туындамауы керек, деген ыңғайда нықталар еді.

Яки, “түрк атауына қатысты әуелгі деректер қытайдың ширатпа жылнамаларында жыл санаудың YI ғасырында ғана хатталған. Орхон мен Енесай атырабындағы көне түрк жазуымен бәдізделген бітіктастар ж. с. YII ғасырдан бері ғана бар; демек, бұл жұрттардың тарихын, шыққан тегін, тілін сол кезендер қарсаңындағы жүзжылдықтардан ғана іздеген мақұл; яғни, түрк этносы мен глоттогенезінің (тілдің пайда болуының) көне ошағы – Еуразия құрылығының шығыс бөлігіндегі Алтай мен Хинган таулары аралығындағы аумақпен тығыз байланысты; ал Алтайдан батысқа қарай негізінен үндіеуропалық тілдерде сөйлейтін жұрттар мекендеді”, деген ақи-тақи тұжырым алға тартылар (*Тюркские языки*, 1996: 21б.; *Кляшторный, Султанов*, 2004: 53,95 б.).

Ғылымда *түрк тілінің моңғол, тұңғыс-мәнжу, жапон, корей* тілдерімен бірге *Алтай тілдері* тобына жатқызылып, ол қауымға енетін көне жұрттардың “*алтайлық*” тайпалар деп аталатыны белгілі. “Бұл атаудың өзі шартты: әуелі олар Алтай тауларынан едәуір шығыс жақта, Енесай мен Тынық мұхит аралығындағы Оңтүстік Сібір, Моңғолия мен Мәнжүрия, сондай-ақ, Солтүстік Қытайды қамтитын зор аумақта қалыптасты. Жыл санауға дейінгі II-I мыңжылдықтарда осы “алтай” тайпалары арасында біртіндеп арғы түрк-моңғол, арғы тұңғыс-мәнжүр тілдерінде сөйлейтін тайпалар жіктеле бастады. Арғы түрк жұрттары – *Орталық Азия*³

³ Біз бұл жерде “Орталық Азия” географиялық терминін дереккөздегі қалпында алып отырмыз. Оны алдағы беттерде кейінгі кездерде қалыптаса бастаған “Ішкі Азия” атауымен көрсететін боламыз. Әйгілі ғалым А. Хазановтың жұптауы бойынша, Ішкі Азияға: оңтүстігі – Гималай таулары, солтүстік-шығысы - Хинган мен Шұғайқұз (Иньшан) жоталары, солтүстік-батысы – Алтай таулары арасында жатқан

мен Ішкі Моңғолияда, Байкалдан Ордосқа дейін мекендесе, арғы моңғолдар – Мәнжүрия мен Солтүстік-Шығыс Моңғолияда ұйысты. Олар кей аумақтарда бір-бірімен араласа қоныстанды” (*Кляшторный, 1992: 130 б.; 2004: 53-54 б.*) делінеді.

Бұл пайымның бізге әбден етене, даусыз түйін ретінде пысықталғаны сонша, одан басқа пікірдің туындауы мүмкін еместей көрінер еді. Яки, “түрк тілі – Алтай төңірегінде ғана дүниеге келген перзент, оның Алтайдан батысқа қарай жылжып, Еуропа құрылығына енуі – жыл санаудың бас кезінде өткен хұн /сиунну/ жорықтарына, содан туындаған халықтардың ұлы қоныс аударуларына байланысты жүзеге асты. Оған дейін бүгінгі қазақ жері және оның батысы мен күнгеіндегі жапсарлас аймақтарды тек еуропеид текті нәсілдер, демек, үндіеуропалық тілдерде сөйлейтін жұрттар мекендеді. Олардың түрк тілдес болуы мүмкін емес, өйткені, түрк тайпалары моңғолоид текті нәсілге жатады”, деген тұжырымды даусыз түйін ретінде қабылдауыңыз қажет.

Әрине, тіл мен нәсілдік ерекшеліктерді бір-бірінің анықтамасы түрінде қарастыруға болмайтыны, еуропеидтік кескінді – тек үндіеуропалық; моңғолоид тұрпатын – тек алтайлық қауымға тән белгі деп танудың жөн еместігі сол академиялық ғылым тарапынан талай айтылып, талай тиянақталды.

Алайда еуропеид кескінді болса, ол түрк текті емес, үндіеуропалық тілде сөйлейтін жұртқа жатады дейтін “аксиоманың” әрдайым алдан шығып, аяққа оралғы бола беретінін байқау қиын емес. Бұл ретте, тіпті, таза моңғолоид нәсілі мекен ететін ареал боп табылатын Алтайдың шығыс жағы мен Ішкі Азия жазираларынан археологтар тапқан еуропеид текті бас сүйек қазбаларының өзі де түрк тілділердің артефактісі емес, осы аймақта үндіеуропалық жұрттардың қоныстанғанын

Моңғолия, Жоңғария, Тибет, Қашқария аймақтары енеді. Орталық Азия ауқымына: теріскейі – Қазақ даласы, оңтүстігі – Көпетдаг пен Гиндукуш таулар жүйесін, батысы – Каспий теңізі, шығысы – Еренқабырға, Алтай тауларын қаусырып жатқан аумақ қамтылады. Ал ағылшын-саксон ғылыми дәстүрі бойынша, бұл екі географиялық ұғым бір ғана “Central Asia” (Орталық Азия) деген ортақ атауға топтастырылады (Хазанов, 2000. 71-72 б.)

көрсететін басты нышан ретінде танылып, соған лайық топшылаулар жасалар еді. Өйткені талай уақыт бойы ғылымда үстем боп келген еуроцентршіл өктемдіктен туындап, “сара жол” ретінде нықталған ұстаным осы. Бұл көзқарас кешегі кеңес билігі кезінде де түрк жұрттары тарихының зерттелуі барысында басым түрде алға тұтылды

Ежелгі Түрк өркениетінің ұлы үлгілерінің бірі – Орхон-Енесай жазуларын да кеңес елі құрамындағы түрк елдері ғалымдары тарапынан зерттеу тақырыбына айналдырылуына салқын қабақ танытылып, олардың байырғы байтақ тарихымызға, айбынды империялар мен ұлыстар құрған дәуірлерімізге бойлай бермеуін арнайы қадағалаған саясат өз дегеніне жетті десе де болады. Орталықтан нұсқалған еуроөктемшіл идея түрк тілдес республикалар ғылымына мұрты бұзылмай көшіріліп, “түрк дүниесінің өткені жоқ, оның бар тарихы Алтай төңірегінде мекендеген замандарынан ғана басталады” деген пікірлер әбден санаға сіңірілді. Оған: “иә, біз сондаймыз” деген өзімізден шыққан ләшпайшылар жамырай үн қосты.

Осы үстем пікірге күдік білдірілетін оқыс тұжырымдар дереу қылтасынан қиылып отырылды. Бұл саясат көппен бірге қазақ ғылымын да титықтатты.

Алайда заман өзгерді. Өткен – кетті, өшкен – жанды. Бұрынғы кеңес құрамында болған түрк тілдес елдер ғалымдары талай уақыт бүркемеленіп келген тақырыптарды көтере бастады, төл тарихтарына қатысты терең қатпарларды шындап түгендеуге кірісіп кетті. Бұл ретте, әсіресе, әзербайжан, татар, қарашай, балқар ғалымдарының қарқыны қауырт (Г. Гейбуллаев, З. Гасанов, М. Зәкиев, А. Каримуллин, И. Мизиев, К. Лайпанов). Қазақстанда сонау 1975 жылы “Аз және Я” кітабымен оқырманды елең еткізген О. Сүлейменовтың қаламынан кейінгі жылдардың өзінде “Жазу тілі” (1998), “Тарихқа дейінгі түрктер” (2002) атты кітаптар дүниеге келді. Сондай-ақ, ғалым-жазушы Қ. Салғараұлының “Түрік әлемі” (2000), Т. Жұртбаевтың екі томдық «Дулыға» (1994) кітаптарында да арғы тарихымызды қайта пайымдауға қатысты көптеген тиянақты ойлар мен байыпты дәлелдеулер ұсынылады.

Ежелгі тарихымыз туралы сөз ете отырып, Алтай төңірегі мен Ішкі Азия аймағының бізге бөтен емес, оның түрк

халықтарының бір аяулы мекені, арда жазирасы екендігіне шек келтіре алмаймыз. Ол – барша түрк жұрттарының басын қосқан құтты бір қоныс, құйқалы атамекен. Еуразия құрылығының осы өңірінде көне түрк тарихының талай алтын беттері қатталған, әлемді ат тұяғымен дүбірлеткен айбынды ұлыстарының байрақтары желбіреген, көне өркениетіміздің айшықты белгісіндей төл жазуымызбен өрнектелген жауһар жырлар дүниеге келіп, тас бетінде бедерленіп қалған.

Алайда *ол* – осы кезге дейінгі тарихымызда қалыпталғандай, түпкі түрк тілі мен этносы пайда болған жалғыз атамекен емес. Оны одан гөрі - “алтайлық” қауымға енетін жұрттар қоныстанған байтақ аймақтың шығыс қапталы, мал мен жанға жайлы өлкесі, байырғы түрк тілінің кемелденуі ерекше қарқынмен жүрген құнарлы өңірі, бәлкім, арғы түрк халықтары дамуының белгілі кезеңінде алтын бесік болған айтулы бір құтты ұясы ретінде таныған мақұл.

Ресмиленген тарихнамада алтайлық қауымдардың әуелгі пайда болуы мен түпкі түрк тілінің пайда болған ареалы Алтайдың батыс жағына қарай өткізілмейтінін әлгінде айттық. Бар өркениет кіндігі – күллі мәдениет Еуропа құрлығынан ғана тарайды, дейтін көзқарасты ұстанатын еуроөктемшіл ғылым қалыптастырып кеткен бағыт пен оны жалғастырушылар, әлі де, осы тұжырымнан тастай қатып айырылғысы жоқ.

Неге бұлай? Татардың әйгілі ғалымы, академик М. Зәкиевтің еуроцентризм идеясының не себепті бәрінен бұрын түрк жұрттарына қарсы бағытталғанын былайша түсіндіретіні бар.

Бәрі де мұсылман-селжүктердің ХІ ғасырда христиандардың қасиетті қаласы Иерусалимді жаулап алуынан басталған еді, дейді ол. Батысеуропалық феодалдардың Шығысқа қарсы қанды кек алу жорықтарын жасауына да дәл осы себеп – басты түрткі болыпты. Мұсылман-түрктерге қарсы сол сүреніткен жорықтар барысында еуроцентризм идеясы да нығайыпты. – Еуроөктемшілікті жақтаушыларша, «адамзаттың мәдени-тарихи дамуы әуелде Еуропа құрлығынан ғана басталған», деп есептелген. Демек, әлемдік өркениетті жасау тек батысеуропалық халықтардың өкілдерінің ғана қолынан келеді. Сол себепті оны әрі қарай дамытып нығайтушылар да тек христиандар болмақ керек, олар сондықтан да “тарихи халықтар” деп аталмағы ләзім.

Ал қалғандары өз-өзінен тарихты жасауға атсалыспаған “жабайылар” болып шығады. Сондай халықтардың қатарына еуроцентршілер ең алдымен, өздерінің тікелей әскери және діни тұрғыдағы ата жауы – түрк халықтарын қосқан еді. Яки, ондай азиялық елдердің “тек еуропалық жұрттардың ғана қолынан келер өркениеттік құндылықтарға” еш қатысы жоқ болып шығады (Закиев, 1995: 193-194 б.).

Ғасырлар бойы осы қағидаға орай жазылған тарихтың салқыны бүгінге дейін қатты білінеді. *Жыл санауға дейінгі мыңжылдықтарда Алтайдың батыс бетін, жалпақ Еуразия төсін дүбірлеткен сақ-скиф дәуірлері және одан бұрынғы замандардағы Орталық, Батыс Азиядағы түпкі түрк тарихына қатысты Ұлы Далалық үдерістер, олардың бүгінгі түрк болмысымен үндесіп, сабақтасып жатқан ортақ этномәдени ерекшеліктері, жән-жора, салт-дәстүрлері, мифологиялық сарындары, кей тілдік, этникалық тұрғыдағы ұқсастықтары назарға алына бермей, олардың бәрі тек үндіеуропалық жұрттарға тән нышан ретінде аталумен келе жатыр.* Еуроцентризмге ыңғай берген тарихнама жасаушылар баяғыдан арнайы, мақсатты түрде нықталған осы дәйектерді алға тұтып, басқаша байыптауды жаратпайды. Алда-жалда олардың қасаң қағидаларына қарсылық білдіріліп, соны нұсқа ұсынылса, оған зіл қабақ танытылады, шақшадай басыңды шарадай етеді. “Ұлтшыл”, “пантүрікшіл”, “жалған тарихшы”, ж. т. б. аттар тағылады.

Әсіресе, кешегі кеңес дәуірі кезінде бұл тәсілдің ерекше молынан қолданылғаны көпке белгілі. Одан әсіресе қазақ зерттеушілері көп теперіш көрді. Ғылымдағы үстем боп тұрған пікірге қарсы келе алмау иммунитеті, жалтақпайлық бізге сол кездерде молынан сінді десе де болады. Еліміздің ғылыми орталықтарының әлі күнге дейін *бағзы түрк*, яки арғы түп-төркініміз мәселесіне қатысты ауқымды зерттеулерге молынан кірісе алмай, өзгелердің айтқандарының шылауына жармаса беретіндіктерінің бір себебі де, сол талай жылғы бұқпантайшылық қалпымыздан туындап жататындай.

Алайда әр халық өзгенің жасап берген мәжбүр тарихымен емес, өзі жасаған шынайы тарихымен өмір сүру керектігі даусыз ақиқат. Бұл салада алдағы уақыттарда ғалымдарымыз тарапынан

қазақ халқының этноетегіне қатысты сүбелі зерттеулер сомдалатынына сеніміміз кәміл.

* * *

Осы жолдар авторының халқымыз этногенезінің арғы қатпарларын танумен айналыса бастағанына да біраз жылдардың жүзі болды. 1990 жылы “Ана тілі” газеті дүниеге келген кезде, сол уақытқа дейін жартылай тыйым салынып келген қазақ шежіресін жинақтауға бел шеше кіріскеніміз бар-ды. Газет тарапынан халқымыз тарихын зерделеуде өзінің дәстүрлі орны бар осы құнарлы саланы игерудің ауқымды түрде қолға алынуы, сол шақта жұртшылық тарапынан да қызу қосталды. Жамиғат бұл бастаманы халықтың өз тегін тануға көмектесетін шаруа деп қабылдады. Біздің сұрауымыз бойынша, газетке көкірегі даңғыл оқырмандардан екі мыңдай шежіре түсті.

Өз басымыз сол қыруар шежірелік мәліметтерді газет бетінде жариялау, әлденеше іріктеу, сұрыптаудан өткізіп, қазақ құрамына енетін рулардың бір жүйеге түсірілген ата-тек кестелерін жасауға тікелей араласқан едік. Әрине, бұл ретте шежірелерді ғылыми айналысқа түскен деректермен салғастыру жұмыстары да қатар жүріп отырды. Қазақтың әр ру, тайпаларының этноетегіне қатысты ғылыми сыпаттамалар жасалынды.

“Атамұра” баспасы тарапынан “Ана тілі” газеті аясында атқарылған бұл жұмысқа ықылас танытылып, ол іле-шала кітап түрінде жарық көрді (*Бейсенбайұлы*, 1994.).

Қазақтың этникалық тарихын зерделеуге деген бұрыннан бойда бар қызығушылық, осы зерттеу-еңбекті атқару барысында одан әрі өршіді десе де болады.

“*Біз кімбіз, қайдан шықтық*” деген сауалдар тағы да сан алуан ғылыми әдебиеттерді ақтаруға итермеледі. Қалың дереккөздер әлеміне сүңгіген ізденістер көп жайларға қанық етті. Еуроөктемшіл көзқараспен ресмиленген ғылым түрк тілдес, түрк тектес жұрттардың арғы тарихын қаузауға құлықсыздық танытса да, үндіеуропалық тілдерде сөйлейді делінетін қауымдарды зерттеген еңбектердің өздерінде *арғы түркке қатысты көптеген дәйектердің ұшын ұстауға болатынына көз жетті*. Ғылымда ақиқаттан аттап өте алмайтын зерттеушілердің көне тарихтағы

алтайлық қауымдарға тән сүбелі үлесті тұспалдап айтса да там-тұмдап қозғап кеткені байқалып жатты. Олардың қазақ жері, оның батысы мен оңтүстік-батыс бетіндегі іргелес мекендерде тас дәуірлері замандарынан басталған тарихи кезеңдерді зерделеген жұмыстарынан бұл сипаттарды суыртпақтай отырып табуға болатыны байыпталды.

Қазір ғылыми орталардың бір-бірімен қарым-қатынасы шектеліңкіреген заман боп тұрғаны рас. Іргедегі Ресейдің өзіндегі жарық көрген ғылыми басылымдармен танысып отырудың да мүмкіндігі азайды. Шет елдерде шыққан таралымы аз ғылыми еңбектерге қол жете бермейді. Яки, бір кездердегідей әдебиеттермен ағыл-тегіл алмасулар жоқ. Соның салдарынан да, зерттеушілеріміз соңғы жылдарда басқа мемлекеттердегі әріптестерінің нендей тақырыптармен айналысуда екендігінен көп хабардар болмай жататын сыңайлы.

Алайда сол ресейлік зерттеушілер мен ғылыми орталықтардың бүгіндері интернет мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана бастағанын да айтқан жөн. Ресей Ғылым академиясының әр аймақтағы бөлімшелерінен шығып жатқан салалық басылымдар, жеке-жеке еңбектердің біразын қазір интернеттен қиналмай-ақ табуға болады. Кей авторлар өз зерттеулерін кітап түрінде шығаруға, таратуға мүмкіндігі келмей жатса, ғылыми еңбектерін әлемдік тәжірибеде біраздан бар әдіс – интернетке орналастыра қою жүйесін де кеңінен меңгеріп алған.

Біздің де жарық көргенін естігенімізбен, кітапханаларымызға түспегендіктен, таныса алмай жүрген біраз ғылыми еңбектер мен мақалаларды сол интернет аясынан тапқанымызды қаперге сала кеткіміз келеді. Солардың арасында біздің тақырыбымызға демеу боларлық, бұрынғы таптаурын сүрлеулерге ермеген, ақиқатқа сүйенгіш, кейінгі ғылым жетістіктеріне ден қойған, жаңа көзқарастағы еңбектерді де ұшырастыруға болатынына көз жетті.

Көңілді демдетер жайт. Бір кездерде кеңестік тоңмойын идеологияның темір құрсауынан шыға алмай, түрк жұрттарының арғы шын тарихына қатысты мағлұматтарды көп қаузауға бара қоймайтын, белгіленген шектен аспас деңгейде ғана сөз ететін орыс ғылымының да беті бері қарай бұрылыпты. Шетел ғылымының айналымында бұрыннан бар ақиқаттарды бүркемелемей айтатын болыпты. Әлемдік өркениеттер тарихында

алтай тілді жұрттардың да ойып тұрып алатын өз орны бар екендігі сөз етіле бастапты. Бұл орайда Ресей Ғылым академиясының Философия институты тарапынан 1996 жылы Мәскеуде шыққан Н. В. Клягиннің “Өркениеттердің пайда болуы (әлеуметтік-философиялық байыштар)” және 2002 жылы жарық көрген “Тарих көшіндегі адам” монографияларын ерекше атау ләзім (Клягин, «Происхождения цивилизации» (социально-философский аспект). М., 1996. (<http://www.philosophy.ru/iphras/livrary/wklad.html>); Человек в истории. М., 2002. <http://www.philosophy.ru/iphras/library/>. Өркениеттер мен мәдениеттер генезисі мәселелерін терең талдаған бұл құнды еңбектерде адам эволюциясы, тілдердің пайда болуы, ілкі мәдениеттер тарихына қатысты ғылымның кейінгі жетістіктері мейлінше молынан пайдаланылады. Автор қай мәдениеттің қай тілді қауымға тиесілі екенін, өсу-өрбу сатыларын нақты дәйектермен алға тартады.

Ол тұжырымдармен Кембридж (Ұлыбритания) университетінің археология профессоры К. Ренфрюдің Туран ойпаты мен Көпетдаг (Көптау) жоталары аралығындағы Қаракұм жәзіраларында ж.с.д. XII мыңжылдық шамасында *алтайлықтар* мекен етті, деп тұжырым жасағаны да алшақ кетпейді (Ренфрю, Разнообразие языков мира, распространение земледелия и индоевропейская проблема // ВДИ. 1998. №3. 116-117 б.). Кейінгі жаңашыл еңбектер қатарына этнология саласының ірі маманы, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымының докторы П. И. Пучковтың “Әлем халықтары мен діндері” атты энциклопедиялық анықтамалыққа енген “Тілдердің таралуы және тіл мен нәсіл арасындағы корреляция мәселелері” атты еңбегі (Пучков, Дивергенция языков и корреляция между языком и расой // Народы и религии мира. Энциклопедия. www.cbook.ru/peoples/obzor/index.shtml), М.Т. Дьячок пен В.В. Шаповалдың “Тілдердің генеологиялық топтасуы” (Шаповал, Генеологическая классификация языков, Новосибирск, 2002 (www.philology.ru/linguistics)) зерттеулерінде де ғылымның соңғы жетістіктеріне арқа сүйеген жаңаша көзқарастар ауанын байқауға болады.

Кейінгі кездерде халықтардың арғы тегін тануға *молекулярлық генетика* ғылымы жетістіктерінің кеңінен

қолданыла бастауы да біраз ақиқаттың бетін ашып жатыр. Сол арқылы бірқатар ғалымдар талайдан қозғап жүрген, бірақ бұған дейін толығымен мойындалмай келген көп қатпарлы этногенездік құпиялар аршылу үстінде.

Соңғы жылдарда айғағы анықталу үстіндегі сондай тақырыптардың бірі – қазіргі кездері Американың қос құрлығын мекендейтін үндіс халықтарының тегі мен түп тіліне қатысты мәселелер болып табылады.

Американың байырғы тұрғындары болып саналатын үндістердің бір замандарда көшін қомдап шыққан атажұрттары – Азия құрлығындағы түрк тектілерге жақын екендігі, тілдері ұқсайтыны туралы бірқатар болжамдар талай уақыттан бері айтылып жүргенімен, бұл тектес пікірлер бірауыздан қуаттала қоймай келген-ді. Ғылыми ортада оны әшейін бір кездейсоқ сәйкестіктер ретінде тану үрдісі үстем болатын.

Неге? Бұл жерде де мәселенің мәнісі – арғы түрк тілдері бұдан 2-3 мың жыл бұрын ғана пайда болды, сондықтан бұл тілдің сол заманға дейін бар екендігін сөз ету, ғылымға қайшы шығады дейтін қатып қалған қағидадан аса алмаушылыққа тірелер еді. Яки, бұдан 40 мың жылдай бұрынғы шамадан бастап сол кезде беті құрғап жатқан Беринг бұғазы арқылы Америкаға қарай өткен үндістердің тілі мен тегінің негізін *түпкі түрктен* іздеу жөн емес, бәлкім, оны басқа жақтан: *қытай, ари, тибет* қанды жұрттардан іздеген ептеп жөнге келетін шығар, деген ойлар жұпталады.

Генетика ғылымының соңғы жетістіктері осы түйткілдің де түйінін шешкен сыңайлы. Америкалық зерттеушілер біраздан қозғап жүрген бұл тақырыпқа кейінгі жылдары Ресей ғылым академиясының генетиктері де белсене кірісті. Н. И. Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының зертхана меңгерушісі, РФА корреспондент мүшесі *И. А. Захаровтың* “Орталық Азия – Америка аборигендерінің түп мекені ме?” (Центр Азии – прародина аборигенов Америки? // “Наука в России”. М. 2003. №1), оның шәкірттері *М. А. Деренко мен Б. А. Малярчуктің* “Америка аборигендерінің түп атамекенін іздеу”. (В поисках прародины американских аборигенов // «Природа». М. №1. 2001. /<http://vivovoco. ns.ru/ vv/ Journal/ nature/>, “Солтүстік Азияның тұрғылықты халқының генетикалық тарихы” (Генетическая

история коренного населения Северной Азии // «Природа». М. 2002. №10. / <http://vivovoco.nss.ru/vv/Journal/nature/>. 2002) (<http://vivovoco.nns.ru/vv/jurnal/nature/>) атты еңбектерінде **үндіс пен түпкі алтай, түпкі түрк қауымдарының әуелгі тектестігі генетикалық тұрғыдан тапжылтпай дәлелденді.**

* * *

Көп жұрт үшін тым тосын деп табылар, түрк тілі мен этногенезінің тарихын бірден 40 мың жылдай уақытқа созуға мүмкіндік әперетін бұл генетикалық жойқын жаңалыққа біз де алабөтен қызығушылық танытпай тұра алмадық. Өйткені ол соншама алыс мыңжылдықтарда Америка асқан түрк текті жұрттардың бір-бірімен түрк тілдеріне жуықтайтын диалектілерде ұғынысқаны жөнінде бұрыннан айтылып жүрген жорамалдардың иланымдылығын ерекше нығайтқан қуатты қолдау еді. Енді түрк пен үндіс тілдерінің арасындағы ұқсастықтар туралы әңгіме қозғалғанда, оны «жәй әшейін, кездейсоқтық» деп айта салудың өзіне де абайлап-абайлап бару қажет болады. Түрк тілінің сөздік қорына тән ол мысалдарды үндістер лексикасына кейіннен қосылуы мүмкін деудің де реті келмейді. Себебі, ғылым ж.с.д 10 мың жыл шамасында Беринг «көпірінің» су астына қайта шөгіп, екі құрлық арасының жабылып қалғанын тиянақтаған.

Яки, Аляска бетке алғаш, 30-40 мың жылдай бұрын өткен адамдардың тікелей ұрпақтары ретінде саналып (*Галич, 1990*), бүгіндері Орталық және Оңтүстік Американы жайлайтын *майя, астик, кечуа* халықтарының сөздік қорларында түрк тіліне жақын мысалдардың кездесуі, олардың түп-тек төркінінің тарихы тым әріде, азиялық атамекендерде жатқанын көрсетеді.

Сонда, түпкі түркттердің ең ілкі атамекені қай маң?

Молекулярлық генетика ғылымының кейінгі жаңалықтары бұл сауалға қатысты түйткілдердің де бетін ашты. Жан-жақты жүргізілген ДНҚ зерттеулері алғашқы есті адамдардың – *гомо сапиенстердің* кіндігі кесілген майлы жұрты – күн нұрына малынған Африка құрлығы екенін дау тудырмайтындай етіп айғақтап берген. Ол – адам тектері мен тілдерінің пайда болуы да сол ыстық жақтан өрбіп, жан-жаққа тарады дегенді білдіретін нақтылы дәйек еді. Демек, бұл ретте ғылыми негізділігі

тиянақталған *ностра тілдері* теориясының салмағы әдеттегіден айрықша арта түседі. Алғашқы адам қауымдарының алдыңғы лектері ыстық құрлықтан Азияға қарай сырғып, әуелі Оңтүстік Шығыс Азия аймағының тіршілікке жайлы құйқалы мекендеріне қанаттарын кере орныққан болатын. Сол өңірлерде ғұмыр кешкен әлденеше ғасырлар мен мыңжылдықтар барысында, олар ұғынысқан алғашқы тілдер де біртін-біртін саралану үдерістерін бастан кешеді. Ғылымда ол ілкі диалектілердің төркінін *ностра* (лат. *poster, nostra* – біздікі) тілдері деген ортақ атау аясына топтастырып, сол түп-негізден кейіннен *шығыс* және *батыс* *ностра* тілдері бөлініп шыққандығы болжанатын тұжырым орныққан.

Археологиялық, глоттогенездік зерттеулер бойынша, *ностра*, шығыс *ностра* ауқымына қамтылатын *арғы алтай-орал* тілдерінде ұғынысқан қауымдардың ілкі толқындарының бұдан 50-60 мың жылдай бұрын шығысқа қарай біртін-біртін жылжу үдерістерін бастағаны да нақтыланған. Әлденеше мыңжылдықтан кейін Азияның қиыр теріскей-шығысына жетіп, Америкаға тұңғыш асқан жұрттар да сол ностралық толқынның алғашқы лектері еді. Орта палеолитте (*орта ежелгі тас дәуірі*) батыстан-шығысқа қарай ізашар соқпақтары ашылған осы бағыт, одан соңғы замандарда да әртүрлі климаттық жағдайларда өмір сүре жүріп, қоныс кеңейтуді үздіксіз жалғастырған алғашқы адамзат жұрағаттарының дағдылы көші-қон өрістеріне айналды. Орта Шығыстан Аляскаға дейінгі алып кеңістік бір-бірімен сабақтаса, салаласа ғұмыр кешкен, наным-сенімдері мен ғұрып-салттарының ұқсас тұстары кәдімгідей байқалып жататын төркіндес жұрттардың автохтон қонысы ретінде қалыптаса бастады. Олардан қалған археологиялық артефактілерден *шығыс ностралық, түпкі түрк* жұрттарға тән ортақ дәстүрлер мен үрдістердің көмескі сілемі там-тұм болса да аңғарылып жатады.

Біз осы еңбегімізде, молекулярлық генетика ғылымының кейінгі жетістіктері даусыз тиянақтап отырған тұжырымдарға сәйкес, орта палеолит дәуірі (*ж.с.д. 100 000-40 000 ж.*) ауқымында басталған сол этнотектік лықсулардың шиырлы іздеріне түсуге ниет еттік. Қиын да болса, адам жұрағаттарының кәрі тарихтың ұзына көшінде – соңғы палеолит (*ж.с.д. 40 000-11 000 ж.*), мезолит (*орта тас – ж.с.д. 11– 6 мың жыл*), неолит

(жаңа тас – ж.с.д. 8 – 4 м.ж.), энеолит (мыстас – ж.с. д. 4 – 3 м. ж.), қола (ж.с.д. 4 м. ж. соңы – 1 м. ж. басы) дәуірлерінде – Орталық және Ішкі Азия аумағы мен оған жапсарлас өңірлерде бастан өткерген тіршілік жөңкілістеріне қатысты осыған дейін жүргізілген көптеген археологиялық зерттеулерге айрықша шұқшия қарадық. Алдыңғы легі қырық бес мың жылдай бұрын Америка аса бастаған түпкі түрк жұрттарының ностра тілдері аясындағы даму кезеңдері, ілкі алтай-оралдық, арғы түрк сипаттағы сілемдерінің ізі бар ма екен деп елеңдей үнілдік. Сол қайта пайымдаулар барысында, соңғы жылдары бірқатар шетелдік, тіпті орыс ғалымдарының тарапынан Орта Шығыс пен Орталық Азияның ежелгі палеолиттік, мезолиттік қауымдарының арасында ілкі алтайлық, түпкі түрктік этникалық түзілімдерге ие жұрттардың өмір сүргені туралы ақиқаттардың шым-шымдап тарқатыла бастағанына көз жетті. Бұл жайттар да біздің талпынысымыздың бағыты дұрыс екенін көрсеткен тиянақтардың бірі болды.

Археологиялық мәдениеттер аясы мен шығыс ностра тілдерінде ұғынысқан қауымдардың таралу бағыттарын салғастыра қарау үстінде, олардың этникалық төркіндерінің бір-бірінен аса қашық емес екендігі пайымдалар еді. Яки бұл ретте, Орталық және Ішкі Азияда, Оңтүстік Сібірде әртүрлі дәуірлерде қоныс тепкен ежелгі тұрғындарды, жай әшейін, алғашқы адам қауымдары деп қана емес, *алтай-оралдық* тіл салмағы басымдау байқалатын жұрттар деп танудың иланымдылығы алға тартылады. Қазба деректері осы өңірлердегі палеолит, мезолит замандарына қатысты археологиялық артефактілер түзілімдерінің, кей наным-сенімдердің неолит, энеолит, қола дәуірлерінде де сабақтастығы үзілмегенін паш етеді. Осы тұрғыдан келгенде де Орталық Азия аумағында қалыптасқан мезолиттік *Балқантау, Ферғана, Қаратау*, неолиттік *Намазғы, Келтемұнара, Атбасар*, энеолиттік *Көнешіұңқыр, Ботай*, қола заманындағы *Сынтасты-Арқайым, Андрон* мәдениеттерін осы өңірлерге тән ежелгі үрдістерден нәр алған төлтума дәстүрлер ретінде қабылдаудың ақиқаттығы алға тартылар еді.

Бұдан 45 мың жылдай бұрын алдыңғы лектері Америка асқан *түпкі түрк жұрттарының* әуелі өкше көтерген ілкі атамекендері – Орталық Азияның одан кейінгі

мыңжылдықтардағы этногездік тарихын зерделеу әлі көп қауала қоймаған тақырыпқа жатады. Зерттеу бағдарларын еуроөктемшіл көзқарас әбден тастүйіндетіп берген, саналарында түрк жұрттарының арғы тарихына деген сенімсіздік пиғыл нық орнығып қалған ғалымдар ол ежелгі қауымдарды *алтайлықтар* ретінде санауға құлықсыз. Кейде ол жұрттар *оралдықтар (арғы фин-угорлар)* болуы мүмкін деген пікірлер айтылады, бірақ сол қауымдардың шығыс ностра тілдері аясындағы ең жақын туысы *алтайлықтар* назардан қағыс қала береді. Бұл ретте де кейінгі оралдықтардың антропологиялық жағынан *еуропеоид*, көне түркілердің *моңғол тұрпатты* болуы, олардың тілдік-тектік бітімін танытатын даусыз ақиқат түрінде ауық-ауық алға тартылып тұратынын қайтерсіз.

Ал археологиялық дәйектерді кейінгі жаңаша ғылыми көзқарасқа бейімдеген зерттеулерге қабыстыра қарар болсақ, *алтайлықтар* мен *арғы түркілердің* Орталық Азия мен оған жапсарлас өңірлердің төл автохтондары екенін аңдататын бірқатар айғақтарға жолығар едік. Сол ақиқат сілемдерін қаузау барысында Еуразияның ежелгі малшылары – *көнешұңқыр*, әлемдегі алғашқы жылқышылар – *ботай* энеолиттік мәдениеттерінің өздерінен бұрынғы орталықазиялық мезолит, неолит дәуірлерінен жеткен байырғы *алтай*, *арғы түрк* қауымдарының дәстүрлері негізінде өрістегеніне көз жеткізуге болады. Ал ол мәдениеттердің төл түзілімдерін кейіннен ірі *андрон*, *сақ-скиф* қауымдастықтары әрі қарай жалғастырып, дамытып әкетті.


Бұрын барланбаған тақырыпты қаузау тым ауыр. Оны біз осы еңбекті атқару үстінде айрықша байқадық. Өйткені мұндай күмәні мен күдігі басым жағдайда, сөз – салмақты, пікір – орнықты шығу үшін әр нәрсені де ғылыми жағынан дәйектей отырып айтпаса болмайды. Жай долбарға сүйене салу опа әпермейді. *Сондықтан да біз ежелгі тас дәуірлерінен бастап сыр суыртпақтататын археологиялық, этногенездік қатпарлардан алтайлық, арғы түркілік сілемдерді, түрк этносы мен глоттогенезінің түпкі тамырларын түртінектеу кезінде, ғылыми еңбектерге тән әдіс – тақырыпқа қатысы бар әрқилы дереккөздерге көбірек табан тірегенді жөн көрдік. Ол бір жағынан, оқуға ауырлық әкелетінін біле тұра, ертеңгі күні бұл*

ниет еткен шаруамызға көзі қарақты, көңілі сергек, білімдар зерттеушілеріміз шүбәлана қарамас үшін, қандай ғылыми қайнарлардан із кескенімізді құлағдар етіп отыруға бейіл бердік. Бұл ізденістерімізді өзіміз пайымдаған пікірлер аясында, емін-еркін көсіле жазу тәсіліне салып та орындауға болар еді. Алайда осы тақырыпқа қатысы бар, бірақ әдеттегі қалыптасқан дағдыға сай, алтайлық, арғы түркілік сипаттар мен нышандарға назар аударыла қоймайтын көп зерттеулердің тасадағы, қалтарыстағы бізге орайласатын тұстарын пайдаланған кезде, оларды атамай өтсек, қаузауымыз да сәл дәйексіздеу шығар еді.



I тарау

ТҮРК ТІЛДЕРІ – ПАЛЕОЛИТ ДӘУІРІНІҢ ПЕРЗЕНТІ



Америка үндістері – алыстан қосылатын туыстар

Үндіс пен түрк тілдері арасындағы жақындықтар талай уақыт бойы мойындалмай келгені болмаса, әуелден соншама дәйексіз де емес еді.

Көзі қарақты оқымыстылар 18-19 ғасырлардың өзінде-ақ Америкадағы кей үндіс тілдерінің түрік тіліне ұқсастығына назар аудары бастапты.

Филология ғылымының докторы, Татар Ғылым академиясының академигі *Абрар Каримуллиннің* (1925-2000 ж.ж.) “Түпкі түркілер және Америка үндістері. Бір болжамның ізімен” (<http://viktor-wind.narod.ru/indians/artikl.karimullin>) атты 1994 жылы Қазан қаласында жарық көрген еңбегінен осы сауал орайындағы бірқатар мағлұматтар алға тартылады.

Автор Америкадағы кей үндіс тілдерінің түрк тілдерімен ұқсастығына алғашқы назар аударушылардың қатарында, әсіресе Отто Рериг атты зерттеушінің еңбегін бөле-жара атар еді.

Америка Құрама Штаттарындағы Солтүстік пен Оңтүстік арасында өткен соғыс жылдарында (1861-1865) Солтүстік әскерлерінің госпиталіндегі дәрігерлер қатарында Отто Рериг атты хирург те жұмыс істеген еді, дейді ол. 1819 жылы Пруссияда дүниеге келген Отто жай хирург қана емес, Еуропаның Галл, Лейпциг, Париж университеттерінде медицина мен филологиядан дәріс алып, шығыс тілдерінен маманданған, латын, көне грек, неміс, француз, ағылшын, араб, парсы, түрік, угрофин, орыс тілдерін білетін аса білімдар жан болатын. 1841 жылдан Пруссия елшілігінде атташе болып қызмет еткен. 1849 жылдан Францияда жұмыс істеп, Корольдік Шығыс академиясында дәріс берген. 1853 жылдан Америкаға қоныс аударған. Филадельфияда медицина профессоры болып жүргенде, елде Азамат соғысы басталып кетеді де, ол әскери госпитальдерде хирург қызметін атқаруға кіріседі.

Олардың госпиталі Дакота штатында тұрған кез екен. Осы аймақ үндістердің *сиу-хока* тілдері тобына жататын *сиу* жұртының бір қонысы болып есептелетін. Бірде О. Рериг сиулардың өзара сөйлескендерін естіп, таң қалады. Әскери хирург олардың сөздерінен өзі жақсы білетін түрік тіліне ұқсас үндестіктерді бірден байқайды.

Білімдар жан сол күннен бастап, госпиталдегі операциялар арасында уақыт тауып, сиу тілін, олардың өмір салтын зерделеуге кіріседі. 1865 жылы Азамат соғысы Солтүстік жағының жеңісімен аяқталғаннан кейін, ол жарты жылға жуық үндістердің арасына арнайы барып тұрады. Соның арқасында сиулардың тұрмыс-салты, тілі, ауыз әдебиетіне қатысты көп материал жинақтайды. Медицинадан кетіп, өзінің қалған өмірін түгелдей шығыстануға, филологияға арнайды... Ұзақ ғұмыр кешіп, 1908 жылы 89 жасында Калифорния штатында өмірден озады.

Алайда О. Реригтің есімін орыс тілді ғылым айналымына алып келу үшін көп ыждағаттылық танытқан Абрар Каримуллиннің жазғанындай, бүгінгі күнде бізге бұл әмбебап зерттеушінің *сиу* мен *түрік* тілдерінің туыстығына қатысты 1872 жылы Вашингтонда шыққан жинаққа кірген 19 беттік еңбегі ғана белгілі. Ресей кітапханаларының қорында оның қалған еңбектерінің ізі жоқ. А. Каримуллиннің Американың библиография орталықтарына жіберген сұраныстары да

нәтижесіз аяқталған. Олардың бәрінен де кітап қорларында О. Реригтің қолжазбалары сақталған-сақталмағандығынан хабарсыз екендігі жөнінде жауаптар келген.

Дегенмен татар ғалымы тапқан сол 19 беттік еңбектің өзінде құнды мағлұматтар айтылатынын байқау қиын емес. О. Рериг, өз еңбегінде солтүстік американдық үндіс тайпалары арасында *сиулердің* тілі ерекшеленіп тұрғанына ден қояды. “Сиу тілін орал-алтай тілдері тобына қосуға болады, – дейді ол. – Морфологиясы тым ұқсас. Екеуі де жалғамалы (агглютинативті) тілдер. Демеуліктері жоқ... Фонетикасы жақын: түрік те, сиу тілдері де үндестік заңына бағынады...” Лексикалық мысалдар келтіреді. Сиу тіліндегі “*таң*” сөзінің – түрікшеде де күннің шапақ шашып, айналаның айқындарлар шағын білдіретінін, сиу тілінде “*таң*” сөзінен – таны (біл, айқында) сөзі туындайтынын, сиу тілінде жекешенің бірінші жағында “*танным*” (танимын), екінші жақта – “*таннысың*” (танисың) деп жіктелетінін айтады. Осындай бірсыпыра сөздердің ұқсастығын мысалға келтіре отырып, О. Рериг сиу үндістері “Ұлы Азиядан қоныс аударғандар” деп тұжырым жасайды (*Каримуллин, 1994; 1976*).

XVII-XVIII ғасырларда солтүстік америкалық үндістер арасындағы саны көп жұрттардың бірі – *сиулар* болған еді. Олар бүгінгі Канаданың оңтүстігіндегі Саскачеван өзені алабынан күнге қарай – Америка жеріндегі Арканзасқа дейінгі; ұзын аққан Миссисипиден батысқа қарай - Сенгір тауларға дейінгі байтақ аймақты ен жайлапты (*Галич, 1990: 73 б.*).

Кейінгі тағдырлары – барша үндістің басына түскен зұлматқа ұқсас. Сол замандарда саны әлденеше миллионды құрап, айбынды ел болған, ақ түсті отаршыларға қарсы көп уақыт азаттық күресін жүргізген сиу-хока тілдері тобында сөйлейтін жауынгер тайпалардың бүгінде қырғын-сүргіннен аман қалған 70 мыңдай ғана адамы АҚШ пен Канададағы резервацияларда өмір сүреді (*Народы мира, 1988: 407-408 б.*).

Кезінде ақ түстілерден өз жерін қорғау жолында аянбай шайқасатын сиулармен отаршылар да есептесетін. Оларды өз жағына қаратуға көмек ретінде әр түрлі сөздіктер де дайындалыпты. 1886 және 1890 жылдардың өзінде ағылшын-сиу сөздіктері жарық көріпті. А. Каримуллин сол сөздіктерден “*жүту, ишу, жасау (істеу), қуу, қию, қақпа, қабу (тістеу), қан,*

бату, ми (мен), ик (екі), көкте, иш, ақ, қайда, және тағы басқа да түрк тілдеріндегі осы мағыналарға дәлме-дәл келетін сөздерді ұшырастырғанын мысал ретінде келтіреді (*Каримуллин, 1994*).

Алайда Отто Реригтің сонау 1870 жылдардың өзінде үндіс пен түрік тілдері арасындағы ұқсастықтарға көңіл аударып, олардың Алтай тобына жататындығын, Азиядан қоныс аударғандығын тілдік дәйектер арқылы топшылауы ғылымда өз жалғасын таба қоймады. Елеусіз қалды. Сол кездің өзінде тіл ғылымындағы үндіеуропалық тілдерді зерттеуге жүгі ауа бастаған басымдылық мұндай жаңалыққа аса көңіл аударма қоймаған сыңайлы. Әрі бұған үндіс пен түрк тілдерін білетін мамандардың жетіспеуінің де әсері тиюі мүмкін. Әйтпесе, тіл ғылымы тарапынан үндіс пен түрк тілдерінің ұқсастығы індетте зерттелген кезде, бұл сипаттардың Мексикада, Орталық және Оңтүстік Америка елдерінде мекендейтін *майя, астек, кечуа* халықтары тілдерінен де ұшырасатыны байыпталар еді. Алайда, сол кездерден қанатын жая бастаған еуроцентристік үстем идея бұндай бағытты өрістетуге мән бере қоймаған-ды.

Дегенмен ХХ ғасырдың бас шенінен *майя, астек, кечуа* тілдерін зерттеген бірлі-жарым американдық үндістанушы ғалымдар олардың әу баста *сиу-хока* тілдерінен тарағанын байқапты. *Майя-астектердің* арғы бабалары Солтүстік Америкада тұрды, кейіннен олар Орталық Америкаға көшкенде, сол тілдік нышандарды ала келді деген тұжырымдар жасалыпты. Әрине, оларда да түрк тілдерімен ұқсастық мәселелері кеңінен қозғала қоймаған еді.

Бұдан кейінгі кезек археологиялық зерттеулерге келген. Азия мен Америка құрылықтарының жапсарлас өңірлеріне жүргізілген көп жылдық қазба жұмыстарының нәтижесі осы тақырыпты одан әрі қаузау мәселесіне жаңа серпін қосқан ақиқат дәйектерді қолға ұстатты.

Бүгінде бұл мәселеде пікір ортақ.

Археологиялық айғақтар қазіргі үндіс жұрттарының бұдан 45 мың жылдай бұрынғы уақыттан бастап, Беринг бұғаз-мойнағы арқылы Азиядан толқын-толқын боп қоныс аударғанын даусыз дәлелдеді. Сөйтсе, қазір Беринг атауымен белгілі бұғаз табаны кейінгі плейстоцендік Вюрм-Валдай-Зырян-Висконсин мұз басу дәуірінде (70000-11000 ж.б.) теңіз деңгейінің кем дегенде үші

мәрте төмен түсуіне байланысты жалаңаштаныпты. Әдетте мұз дәуірлері кезінде солтүстік өңірлерде қатты суық орнап, жердүниені, өзендер мен көлдерді мұз құрсап қалуы салдарынан мұхиттарға су құйылуы азаяды да теңіз деңгейі төмендеп кетеді.

Кейінгі мұз дәуірінде солтүстік Шығыс Азия мен Аляскада ерекше суық кезеңдер бұдан 70-50, 45-41 мың және 33-10 мың жылдар бұрынғы шамада өткен сыңайлы. Ғалымдардың салыстырмалы сараптаулары нәтижесінде, дәл сол мыңжылдықтарда теңіз деңгейінің 120-115 метрге дейін төмен түсіп кеткені анықталыпты.

Екі құрылықты ауық-ауық қосып тұрған осы құрғақ жолмен ең әуелі бұдан 45 000 жылдай бұрын аң үйірлерінің соңынан қуалай, адам қауымдарының ілкі толқыны өтіпті. Американы алғашқы ашушылар сол дәуірлерде бүгінгі Канада жері мен Висконсин штатына дейінгі зор аумақты тұтастай құрсап жатқан мұзды өңірді Тынық мұхит жағалауы бойымен қапталдай жылжи отырып, қазіргі АҚШ-тың далалық аймақтарына жетіп қоныстанған көрінеді. Ал бұл кезде олардың қайтар жолы кесіліп, Беринг мойнағы тағы да әлденеше мың жылға су астына шөккен еді.

Үндіс халықтары тарихын зерттеушілер, осы алғашқы толқынмен Америка құрылығына *майя* тілдері тобы өкілдерінің арғы түп аталары өткен болса керек дегенді айтады.

Бұдан 33-10 мың жылдай бұрынғы аралықта қайтадан құрғаған Беринг мойнағы арқылы Америкаға қоныс аударушылардың кезекті толқыны жете бастапты...

Ол толқынмен тұяқ іліктіргендердің де өздерімен бірге, Азия құрылығында жүрген кездерінде пайда болған тілдерін ала келгені шүбәсіз. Зерттеушілердің пайымдауынша, олар бүгінгі *кечуа* тілдері тобына енетін диалектілердің арғы нұсқалары. Толқын-толқын боп жеткен қоныс аударушылар әуелі өздерінен бұрын келгендермен қапталдаса өмір сүрген, тілдік тұрғыдағы ауыс-түйістерге түскен. Адам көбейгесін аң-құстың да қатары кемитіні белгілі. Екінші толқынның аңшы қауымдары мұндай жағдайда теріскейде көп аялдауды қажет деп таппай, қоректік мақұлықаттардың ізін қуалай оңтүстікке қарай бет алғанды жөн көреді. Ілгері жылжыған сайын күн нұрына малынған жылы аймақтардың көбейе бергені, олардың қордаланып өсуіне

қолайлы жағдайлар жасайды. Мексика, Орталық Америка аймағына бұдан 25000 ж. б. қоныстанған шамаларында қол жеткізілген демографиялық өсім адам қауымдарының әрі қарай күнгей беттегі жайлы жазираларға қарай екпіндей жылжуына тағы бір серпін береді. Әлденеше мыңжылдықтарға созылған ұлы көші-қон үдерістері барысында Азиядан келген әуелгі тілдер көптеген диалектілерге ыдырап, бір-бірімен алшақтан қосылатын оқшауланған тармақтарға бөлініп кетеді (*Окладников*, 1956: 82-88 б.; *Галич*, 1990: 9-17, 44-46 б.; *Соди*, 1985: 20-30 б.; *Варшавский*, 1978: 55-73 б.; *Ахметов*, 2003: 19-33 б.; *Деревянко*, 1986: 97-113 б.)

Бүгіндері *үндістер* деген атаумен топтастырылған бұл жұрттар антропологиялық белгілеріне қарай моңғолтекті американдық нәсілге жатқызылады. Түсінің қоңыр сарылығы, тұзу және қатты шаштары, сақал-мұрттарының сиректігі, жақ сүйектерінің көтеріңкі, көз ұялары биік болуы, жоғары күрек тістерінің ішкі жағындағы үлкен шұңқырлары оларды моңғолоид тобына телуге негіз болатын морфологиялық нышандарды құрайды. Қазір үндістердің саны 37 миллиондай адамға жетеді (*Народы мира*, 1988: 171 б.; *ҰЭ*, 1998: 1 т. 34 б.).

* * *

Үндіс пен түрк тілдерінің ұқсастығы туралы мәселеге О. Реригтен кейін уругвайлық профессор Б. Ферейро да назар аударған екен. Ол 1935 жылы Римде өткен шығыстанушылардың халықаралық конгресіне *кечуа* тілінің түрк тілдерімен ұқсастығы жөнінде лексикалық, морфологиялық талдаулар жасаған зерттеуін ұсынады.

Кейінгі жылдары шыққан ғылыми әдебиеттерде *кечуалар* – бұдан 33-10 мың жылдай бұрын қос құрлықты екінші мәрте жалғаған Беринг “көпірі” арқылы өткен адамдардың Оңтүстік Америкаға жеткен тікелей ұрпағы ретінде саналады (*Галич*, 1990:266-267). Қазір *кечуа* халқының саны 13 миллиондай адамды құрайды. Перу, Боливия, Эквадор, Аргентина, Чили елдерінде тұрады. Олар сөйлейтін *кечуа* тілі – әйгілі Инк өркениетінің (ж.с. 15 ғ) ресми тілі болған. Бүгіндері Перу, Боливия мемлекеттеріндегі ресми тілдердің бірі (*Народы мира*, 1988: 212-213 б.; *СЭС*. 1987: 571 б.).

Б. Ферейро кечуа тіліндегі: *ипа (ана), көк, уаға (аға), тата (әке), миси (мысық), аз, ары (арық), қу (қуала)* ж. т. б. сөздердің түрк тілдеріндегі ұғымдармен бірдей екенін дәйектепті.

Кейіннен бұл тақырыпқа француздың әйгілі ғалымы Ж. Дюмезиль де көңіл аударып, кечуа тілін түрк тілдерімен салыстыра зерттеген екі мақала (1954, 1955) жазады. Ол кей фонетикалық және лексикалық ұқсастықтарға мысал келтіре отырып, осы тілдердің өзара жақындығының ең басты белгісі ретінде 1-ден 6-ға дейінгі сандардың ұқсастығын кечуа – көне түрк – чуваш тілдерінің мысалдарымен салыстыра дәлелдейді.

Мәселен, “*бір*” сөзі – кечуа тілінде “*phīwi*”, чуваш тілінде “*непе, пер*”; “*екі*” сөзі - кечуаша “*iskau*”, чувашша “*ике, ук*”; “*үш*” - кечуаша “*kimsa (kinsa)*”, чувашша “*висе, вис*”; “*төрт*” - кечуаша “*tawa*”, чувашша “*тавата, тават*”; “*бес*” - кечуаша “*pisqa*”, чувашша “*тилек*”; “*алты*” - кечуаша “*suqta (sihta)*”, чувашша “*улта, улт*” деп аталады екен (Ахметов, 2003, 81-б.).

Чуваш тілі – Батыс хун тілдері тобына енетін, көнелігі басым тілдердің бірі (Тюркские языки, 1996, 20, 481 б.).

Әдетте, тіл ғылымы 2-ден 5-ке дейінгі сан есімдерді, тілдегі ең тұрақты сөздер ретінде таниды. Олар басқа тілден ауыспайды, сол тілдің төл перзенті болып саналады (Кондратьев, Шеворошкин, 1976: 19 б.). Ал Ж. Дюмезиль болса, кечуа мен чуваш тілдеріндегі 1-ден 6-ға дейінгі сан есімдердің ұқсастығын табады.

Үндіс пен түрк тілдерінің туыстығы швед ғалымы Стиг Викавдерді де қызықтырыпты. Ол 1967, 70, 71 жылдары шведтің “Этнос” журналының үш санында шыққан “Майя тілдері мен Алтай тобы тілдері арасында байланыс бар ма?” деген мақалаларында екі тіл тобының ұқсас сөздерінен көптеген мысалдар келтіреді. Майя тілдеріндегі: *ақ (ағу), балдыз, бай, білім, бояу, бу, шығу, ике (екі), қату (араластыру), өкие, тоқпақ, сат, тұр, кел, тық (ағашты жерге тығу)* ж. т. б. сөздердің түркшеде де дәл сол мағынада қолданылатынын айтады. Викандер өз еңбегінде кечуа тіліндегі түркшеге ұқсас сөздерді де мысалға келтіреді (Каримуллин, 1976, 119-б; 1994.).

XX ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдарында үндіс пен түрк тілдерінің туыстығына кеңес елінің ғалымдары да назар аудара бастайды. Бұл ретте көне майя тілі жазуларының

күпиясын ашуда мол еңбек сіңірген Ю. В. Кнорозовтың үлесі ерекше. Оның “*Көне майялардың жазу жүйесі*” (1955), “*Майя үндістерінің жазуы*” (1963), “*Майялардың иероглифтік қолжазбалары*” (1975) атты еңбектерінен осы тілдегі түрк сөздерімен үйлесетін көптеген лексикалық дәйектерді табуға болады.

Майя халқы бүгіндері Мексика мен Орталық Америкада тұрады. Жалпы саны – 2,5 миллиондай. Майя-киче тілдерінде сөйлейді. Бұдан 3000-2000 жылдай бұрын Америкада өркен жайған ең көне ұлы мәдениетті жасаушылар (*Народы мира*, 1988: 269-271 б.; *Галич*, 1990: 129-181б.).

Кнорозов зерттеулері кеңес ғалымдарының осы тақырыпқа деген қызығушылығын тудыруға ықпал жасады. Әсіресе, оның түрк елдері зерттеушілеріне әсері мол болды. Татар ғалымдары А. Каримуллин мен М. Әріпжановтар тікелей осы тақырыппен айналысып, оны әрі қарай зерделеген еңбектер жазды (*Каримуллин*, 1976; *Арибжанов*, 1976). Кейінгі жылдары бұл мәселемен қазақ ғалымы Әділ Ахметов те кеңінен шұғылданып жүр. Ол АҚШ-қа жұмыс бабымен барып, әлденеше жыл қызмет еткен кездерінде, үндістер өмірімен жақын танысып, олардың тарихына қатысты американдық үндістанушылардың еңбектерін зерттеді. Үндістердің Америкаға Азиядан қоныс аударғанын дәлелдейтін археологиялық, антропологиялық, этнолингвистикалық деректерді салғастыра қарады. Ғалымның бұл орайдағы ізденістері әуелі баспасөз бетінде мақалалар түрінде жарияланып жүрді де, сол зерттеулердің қорытындысы “*Азия – Берингия – Америка немесе америкалық “үндістердің” азиялық тегі*” (2003) атты кітапқа ұласты.

Орыс тілді ғылым айналымына жақсы танымал Ю. Кнорозов еңбектерінен зерттеушілер *майя* тіліндегі: *йаш* (жас, жаңа, жасыл), *күн*, *иш*, *өш* (үш), *күш*, *құл* (қол), *шабу*, *мол*, *аңшы* (аңшы, аушы), *құш* (құл), *имши* (жеміс), *ақ*, *бақа*, *ике* (екі), сияқты түрк тілдерінде де сол мағынада қолданылатын 50-ге жуық сөздердің кездесетінін айтады. Ә. Ахметов оған қоса юто-астек тілдері тобына кіретін *папаго* тілінде де *тоқы* (мақта), *тау*, *дөң*; *астек* тілінде – *төбе* сияқты ұқсас сөздер бар екенін жазады (*Ахметов*, 2003, 78). Бүгіндері саны 1 миллионнан асатын *астек* (науа) халқы да ж.с. ХІҮ-ХҮІ ғасырларында Мексика жерінде ғұмыр

кешкен Астек өркениетін жасаушылар болып табылады (*ЛЭС*, 1990: 61 б.).

Демек, бұл айтылғандардан ұғарымыз, үндіс пен түпкі түрк тілдері арасындағы жақындық белгілері әуелден соншама дәйексіз емес екен. Француздың әйгілі шығыстанушысы, тым үндіеуропашыл ретінде белгілі Жорж Дюмезильдің (1898-1986) өзінің кечуа мен түрк тілдеріндегі морфологиялық категориялар мен лексикалық мысалдар негізінде олардың ұқсастығына көңіл аударып, жақындығына дейін дәлелдеуі көп нәрсені аңғартса керек-ті.

Бірақ тіл ғылымында еуроөктемшіл көзқарас тарапынан қалыптастырылған қағида бойынша түрк тілдері бұдан 2-3 мың жыл бұрын ғана пайда болды деген қағиданы бұзу – қиынның қиыны. Егер үндіс пен түпкі түрк тілдерінің туыстығы шындық деп танылса, онда түпкі түрк тілдерінің әуелгі пайда болу тарихы ежелгі тас дәуірінің бұдан 50000-10000 ж. б. *орта, соңғы палеолит* кезеңдеріне сәйкес келеді ғой. Ал ол, сірә, осыған дейінгі үстем ілім ұстанымымен үйлесе қоймайтын тұжырым. Сондықтан да: “Жоқ, ол әшейін ғана кездейсоқ сәйкестік, бұлай болуы мүмкін емес”, деген бәз-баяғы сес көрсетілер.

Энциклопедиялық сөздіктерде: “Алтай тілдері мен Америка үндістері – сиу, кечуа және майя тілдерінің лексикалық, грамматикалық сипаттарының ұқсастығы байқалғанымен, бұл салыстыруларды дәлелді деуге болмайды... Сәйкес сөздерді талдау олардың генетикалық туыстығын көрсетпейді” делінетін сілтемелер жасалар (*Тюркские языки*, 1996: 7-8 б.).

Дегенмен, әлгінде айтылғандай, ғылымның соңғы жылдардағы айтулы жетістіктері үндіс-түрк туыстығына қатысты бұл қатып қалған қағидаларға да өзгерістер әкеліп жатыр. Бұған дейінгі археологиялық, палеоантропологиялық, этнолингвистикалық дәйектерге енді молекулярлық-генетикалық зерттеу қорытындыларының қосылуы талай уақыт бойы мойындалмай келген шындықтың да пердесін ашты.

ДНҚ ақпараты – үндістердің даусыз түпкі түркітер екенін айғақтады

Америкаға қоныс аударған үндістер, басқа жұрт емес, нақ тарихқа дейінгі ежелгі түрк тектілермен етене туыс болып шықты. Бұл генетикалық дәйек тірі клетка ядросында болатын дезоксирибонуклейн қышқылы (ДНҚ) молекуласындағы тұқым-тектік ақпарат қорын нақтылау арқылы анықталды...

Дәл осы нуклейн қышқылы қандай да болса, тірі организмнің келешек ұрпағының құрылысы, дамуы және жеке белгілері туралы биологиялық ақпаратты сақтап, оларды жаңадан пайда болған клеткаларға (ұрпаққа) бұлжытпай көшіріп отырады екен. Соның арқасында тұқым қуу қасиеттері ұрпақтан-ұрпаққа өтеді. Тұқымдық ақпарат негізінен ДНҚ сақталатын ядролық құрылым хромосомаларында жинақталады. Оның *Y* хромосома түрі тек еркектерде ғана болып, ол әкесінен – ұлына ауысады. Яки, әкеден тіке тарайтын тұқымның бәрінде *Y* хромосоманың бірдей элементері сақталады. Ал клеткалар цитоплазмасында болатын молекуланы “*митохондрияльды ДНҚ*” (мт ДНҚ) деп атайды. Олар тек анадан балаларына қарай, келесі буында қыздарынан – жиендеріне қарай көшіріліп жатады екен.

Міне, осы ДНҚ молекулаларының түзілімі – бүгінгі үндістер пен түрк халықтарында айна-қатесіз бірдей боп шықты.

Ғылымда адамның митохондрияльды генетикалық қорының таралуы аймақтық ерекшеліктерге қарай белгілі бір түрлерге жіктелетіні нақтыланған. Мәселен, Еуропа мен Батыс Азия (яғни, еуропатекті) халықтарының генефондында мт-ДНҚ-ының – *HV**, *H*, *V*, *J*, *T*, *U*, *K*, *I*, *W*, *X* деп аталатын 10 негізгі түрі; Азияның моңғол тұрпаттыларында одан бөлек 10 түрі – *A*, *B*, *C*, *D*, *E*, *F*, *G*, *Y*, *Z*, *M** кездесе; негроидтарда *L* түрі ғана ұшырасатын көрінеді.

Зерттеушілер американдық үндістердің зәуаттық қоры *A*, *B*, *C*, *D* және *X* түрлерінен түзілетінін анықтап отыр. Негізінен моңғол пішінділерге тән мтДНҚ-ға еуропалық *X* түрінің қосылуы – Американың тұрғылықты халқының түп-тегінің құрылымдалуына көне еуропалық нәсілдердің де араласқанын көрсететін бір айғақ боп табылады.

Үндістердің генетикалық ақпараттық қоры анықталғаннан кейін, олардың Азияның қай тұсынан қоныс аударғанын нақтылау ғана қалған еді. Ғалымдар әу баста үндістердің Азиядағы атамекені – Америкаға ең жақын орналасқан аймақ – Солтүстік Шығыс Сібір шығар деп ойлаған. Осы себептен де әуелі сол өңірдегі эскимос, чукча, эвенк сияқты сібір халықтарының өкілдеріне генетикалық зерттеулер жүргізілген. Алайда бұл этникалық топтарда мтДНҚ-ының төрт тобының 3 немесе 2 түрі ғана кездесетін боп шықты. 1990-шы жылдардың ортасында американдық зерттеушілер Қиыр Шығыстың бірқатар халықтары генефондын тексеру нәтижелерін жария етті. Ол зерттеулер кәрістер мен вьетнамдықтарға қарағанда, тибет, қытай, моңғолдар арасында мт ДНҚ-ның 4 “америкалық” түрі бірдей кездесетінін анықтады. Дегенмен олардың жиілік жиынтығы 50 пайыздан төмен қалыпта байқалған еді. Осы дәйектердің өзі де үндістердің Азиядағы бір атамекені – Моңғолия мен Шығыс Азия аймағы болуы мүмкін деген тұспалдаулар жасатқан.

Әйтсе де 1997 жылы белгілі генетик, Ресей Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Н. И. Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының зертхана меңгерушісі И. А. Захаровтың басшылығымен Алтайдың теріскей-шығыс бетіне жапсарлас жатқан Тыба (Тува) жеріне ұйымдастырылған экспедиция ғылыми ортаға күтпеген жаңалық сыйлаған еді. Магадандағы Сібірдің биологиялық проблемалары институтының генетик ғалымдары М. Деренко, Б. Малярчуктер қолданып жүрген ДНҚ зерттеулерінің қазіргі заманғы ерекше сезімтал әдістері арқылы жүргізілген сараптау қорытындысы – Алтай-Саян өңірінен *үндістердің ең жақын жұрағатын* айнытпай тауып берсін.

Шаш буылтықтары клеткасының түзілісін тексеру нәтижесі – барлық “америкалық” 4 ДНҚ түрі жиілік жиынтығының *тыба* ұлтында шырқап 72 пайыздан бір-ақ шыққанын дәлелдеді. Ғылымда әуелден қалыптасқан қағидаға құлай жығылып, түрк халықтарының этногенезіне самарқау қарап келген зерттеушілер назары осыдан кейін-ақ түрк тектес жұрттар мекендеген Алтай аймағына ауды (Захаров, 2003: №1, 21-26 б.; Деренко., Малярчук, 2001, 2002).

Іле-шала жүргізілген зерттеулер *тыбамен* қатар түрк тілдес *алтай, хакас, шор, тоғалар, сойот* халықтарының *mt ДНҚ* түзілісінде де үндістерге тән сипат – *A, B, C, D* түрлері толық құрамда бар екенін анықтады. Тіпті *алтай* халқының генефондында ДНҚ-ның еуропа текті *X* тобы да бар боп шықты. *X* түрі бұған дейін не Шығыс, не Ішкі Азиядан, не Сібірден табыла қоймаған еді. Ал әлгінде айтылғандай, *X* тобы *A, B, C, D* түрлерімен бірге Американың тұрғылықты халқы генефондының негізін құраған бес түзілімнің біріне жатады. Дәл осы жаңалыққа дейін Америкаға алғаш қоныстанушылар арасында көне еуротектілер де болды, бірақ олардың ізі Азияда қалмаған, деп есептеліп жүрген-ді. Компьютерлік талдау арқылы алтайлықтардың ДНҚ түзілісінің ізін қуалағанда, бұл *X* нұсқасы кейінгі қоспа емес, қазіргі еуропалықтар мен америкалық үндістерде бар *X* тобының түп-тегіндегі нұсқасынан да ерте мерзімде пайда болғаны, яки ең ежелгі түріне жататыны нақтыланды (Захаров, 2003; Деренко, Малайчук, 2002: www.).

Демек, бұл дәйектер Американы алғаш қоныстанушылардың – бүгіндері Алтай-Саян тауларын мекендеп отырған түрк тектес халықтардың бұдан 50000-10000 жылдай бұрынғы ең түпкі бабаларынан тараған тұқымдар болғанын тайға таңба басқандай айғақтайды. Олардың антропологиялық тұрпатында сол алыс дәуірлердің өзінде-ақ еуропеоид текті жұрттарға тән *X* - *mt ДНҚ* нышандары ұшырасқанының өзі де, түрк халықтары әу бастан моңғолоид текті еді, дейтін таптаурын боп келген тұжырымның қате екенін көрсетеді.

Осы орайда Ресей ғалымдарының зерттеулері олардың өз мемлекеті құрамындағы түрк тілдес елдерде ғана жүргізілгенін еске алған ләзім. Әлбетте, олар тапқан генетикалық нышандардың Алтаймен жапсарлас жатқан, тарихи тағдырлары, археологиялық артефактілері ұқсас қазақ даласының ежелгі тұрғындарына да тән екендігі дау тудырмаса керек. Бұл ретте біздің ел ғалымдарының да қазақ жұрағатына осындай ДНҚ зерттеулерін жүргізуі көп нәрсені айқындары анық.

Қазақстан антропологтарының қазірге дейін жүзеге асырған зерттеулері нәтижесінде еліміз аумағында, ежелгі тас дәуірінің орта палеолит (ж.с.д. 100000-40000 жыл) заманынан бері *протоеуропалық* нәсілдің мекендегені анықталып отыр.

Қазақтардың бүгінгі бет сипатының белгілері алтайлықтарға, хакастар мен қырғыздарға жақын екендігі, тіс түзілімдері (одонтологиясы) жөнінен алтай, тыба, хакас жұрттарына тым ұқсастығы дәлелденген (*Исмағұлов, 1998: 264-287 б.; 2002: 20-28 б.*). Қазақстан аумағындағы соңғы палеолит дәуірі (ж.с.д. 40000-10000) мәдениетінің көп белгілері сол замандардағы Алтай, Моңғолия, Сібір аумақтарындағы мәдениет үрдістерімен жақын үйлесіп жататындығы ғылымда әуелден белгілі (*Гинзбург, Трофимова, 1972: 33 б.*). Яки, Алтай айналасы мен Қазақ даласы ежелгі тас дәуірлерінен бері қарай салаласа-сабақтаса ұласқан ұқсас тарихы, байырғы тұрғындарының аралас-құралас ғұмыры, кіндіктес тірліктері қатарласа жүрген қанаттас өңірлер болған.

Түпкі түрк пен америкалық үндістердің тарихқа дейінгі алыс дәуірлердегі ілік-шатыстығына қатысты тиянақтарға олардың көне мифологиялық сарындардың ұқсастығы да салмақты дәйек боп қосылады. Соңғы кездерде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Алтай төңірегі мен америкалық үндістер мекендеген аймақтарда тараған көптеген мифологиялық сарындар кешенінің де бір-бірімен сәйкес келетіндігі дәлелденіп отыр (*Березкин, Коротаев, ... www.*).

Енді, осындай уәждерге генетикалық туыстықтың тапжылмас айғағы – ДНҚ зерттеулерінің қорытындысы қосылғаннан кейін, бұрынғы түпкі түрк және үндіс тілдері мен зәуат тектерінің ұқсастығын кездейсоқтық деп мойындамаушылық көзқарастың да біртін-біртін түбіне су құйылары анық.

Яки, түрк халықтарының шығу тегі мен түпкі түрк тілінің пайда болуына қатысты, бұған дейін үстем боп келген қағидаттардың да қайта қаралуы әбден заңды.

Өйткені түрк тілінің ең ежелгі белгілерінің бұдан 50000-30000 жылдай немесе одан бұрын да бар болғаны, Беринг мойнағы арқылы Америкаға сол тектес тілде сөйлейтін қандас жұрттардың толқын-толқын боп өткені, сол тілдік мысалдардың, мифологиялық сарындардың үндістерде бүгінгі күнге дейін жоғалып кетпей сақталып қалғандығы даусыз айғақталып отырған заманда түпкі түрк жұрағатының шығу тегі мен тілінің ілкі бастауын еуроцентршіл көзқарас нықтаған 2-3 мың жылдық

кезеңнен бері ғана қайырғанымыз, ғылым мен тарих ақиқаты алдында нағыз қиянат болып табылары анық.

Осы орайда бір кезде ағылшын ғалымы, көрнекті түрктанушы Дж. Клоусон жасаған лексика-статистикалық талдау тұжырымдарының да еске түсетіні бар. Клоусон түрк тілдерінің XX ғасырдағы базалық лексикасының X ғасырдағы қалпынан көп өзгермегеніне, яғни 1000 жыл бойы тұрақты түрде дерлік сақталғанына назар аударып, осы мың жылда базалық лексиканың 1 пайызы ғана ескіргеніне таң қалған екен. Егер осы дәйекті математикалық есепке салып, әр мың жылда 1 пайыз сөз ауысып отырды, дейтін болсақ, онда түрк тілдерінің әуелгі пайда болуы уақыты, бұдан 100 000 жыл бұрынғы орта палеолит дәуірінің басына дейін ұласар еді, депті әйгілі ғалым (*Клоусон. 1969: 31 б.*). Кезінде ғылыми ортаға оғаштау көрініп, академиялық зерттеушілер күдіктене қараған осы тұжырым, соңғы генетикалық сараптаулар нәтижесіне дәлме-дәл келіп тұрғанын да байқамасқа лаж жоқ.

Сонымен, түрк текті жұрттардың тарихы тым әріде екеніне айғақ жетерлік. Ресей мен Американың генетик ғалымдарының соңғы жылдарда бірлесе атқарған жұмыстары өз жемістерін беріп, түрк халықтарының этногенезіне қатысты соны мағлұматтар ұсынылды. Енді сол даусыз игілікті тереңдеп зерттеуді әрі қарай өрістетуге, қазақстандық ғалымдарымыз да кеңінен араласса ғой, шіркін, дейсіз...

Кімбіз, қайдан шықтық? Ностра тілдері болжамы

Түпкі түрктердің тілі мен шығу тегінің ілкі тарихының нышандары палеолит дәуірлерінен табылғандығы ғылыми айғақтар арқылы нақтыланғаннан кейін, сол этногенездік тарихтың арғы-бергі кезеңдері, түрк тілінің әуелгі атамекені сияқты сауалдарды да тереңірек зерделеу мүмкіндігі ашылары анық.

Осы ретте әңгіме ауаны өз-өзінен ғылымда бұрыннан бар ностра тілдері болжамы туралы мәселені жаңаша тұрғыдан келіп қаузауға жетелер еді.

Ностра болжамы ұғымын ғылыми айналымға 1903 жылы даниялық зерттеуші Хольгер Педерсон енгізген. Ол Еуразия мен Солтүстік Африканы мекендейтін халықтар сөйлейтін

үндіеуропалық, афразиялық және алтай-орал тілдері топтарының алыс замандарда бір-бірімен туыстық байланыстары болғандығы, яғни бір ортақ тілден өрбігендігі жөніндегі болжамды алға тартқан. Әрі сол тілдерді топтастыра **“ностра тілдері”** (лат. *noster, nostra* – біздікі) – деп атағанды жөн көрген...

Әуелгіде Х.Педерсон ұсынған ностралық болжам бірден құпталып кете қоймады. Оған, әрине, өткен ғасырдың бас шенінде лингвистикалық ғылымда үндіеуропа тілдерін зерттеушілер үстемдігінің де әсері тиген. Олар соған дейін үндіеуропалық тілдер тобының өз іштерінде тармақталуы бұдан 6-8 мың жыл бұрын өтті, ал оның өзіне туыс делінетін басқа тілдік топтардан бөлінуі тым әріде жатқан кезеңдерде (бәлкім, 1-2 миллион жыл) жүзеге асты дейтін тұжырымға ден қоятын. Сондықтан мұндай ұзақ мерзімнің фонетика, грамматика, лексикаға орасан зор өзгерістер әкелетіні сонша, тілдер арасындағы туыстық белгілерді анықтау мүмкін емес деген көзқарас ұсталынатын.

Ностра тілдерінің ғылыми негізділігін өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында ең бірінші боп, көрнекті орыс зерттеушісі В. М. Иллич-Свитыч (1934-1966) дәлелдеді. Бар болғаны 32 жыл ғана ғұмыр кешіп, қыршын кеткен ғалымның қыруар шаруаны тындырып үлгергені таңдандырады. Оның үш томдық “Ностра тілдерін салыстыру тәжірибесі” (*Иллич-Свитыч, 1971. 1984*) атты іргелі еңбегі осы болжамды ғылыми түрде дәйектеген нағыз нар беліне лайық жүк ретінде танылған. Әрі Иллич-Свитыч өзінің тыңғылықты зерттеулерінің нәтижесінде ностра тілдері макротармағының аясын, оған *картвел, дравид* тілдерін және алтай тобына *корей* тілін қосу арқылы одан әрі кеңейткен де болатын.

Түп ностра тілі мен одан өрбіді делінетін алты тілдік топқа тән лексемалардың кей сәйкестіктеріне қатысты мысалдарға назар аударалық.

1. Ностр. *bura* – қар (құм) бораны: афразия (семит-хамит) *bwr* “құм бораны” (арабша. *barin* “ыстық құм бораны”); үндіеур. *bher* “боран, борау” (орыс. *буря*); орал. *pura* “қар ұйтқуы” және *purka* “боран” (фин. *purku*); алт. *bura/bora* “боран, бора”.

2. Ностр. *qura* “жұту”: афразия. *q(w)r* “жұту, жұтқыншақ”; үндіеур. *quorhu* “жұту” (орыс. горло); орал. *kurka* (фин. *kurkku*

“жұтқыншақ, мойын”, дравид. *kura* “жұтқыншақ, кеңірдек” (тамил. *kura* “жұтқыншақ”; картв. *qerq* “кеңірдек” (грузин *qoq* “кеңірдек”). (Иллич-Свитыч, 1971: 188-189).

Иллич-Свитыч екінші мысалда алтай тобына қатысты сөзді келтірмеген. Оған өзбекше “*кекирдек*”, қазақша “*кеңірдекті*” де жуықтатуға болар еді.

Қазіргі кезге дейін ғалымдар ностра тобына енетін тілдер арасында 1200-дей лексикалық сәйкестіктер бар екенін айқындап отыр.

Ностра тілдері қай дәуірлерде өмір сүрді?

Адам Ата – Хауа Ана ұрпақтары

Глоттогенез (тілдің пайда болуы туралы ғылым) проблемаларын зерттеушілер ежелгі адамдар сорабын жалғаған қазіргі тұрпаттағы адам (*Homo sapiens sapiens*) бұдан 150 мың жыл бұрын шамасында қалыптасты деген тұжырымға сүйене отырып, олар сол әуелгі дәуірлерде ортақ бір түп тілде ұғынысты дегенді тұспалдайды. Сол түп тілден бұдан 70-60 мың жыл бұрын, *Homo sapiens* санының өсіп, Африкадан Еуразияға қарай таралуына байланысты, қазіргі макротармақтарға топтасқан тілдердің ең арғы диалектілері пайда болған делінеді (ЛЭС, 1990: 108 б.).

Қазіргі ғылым адамзаттың әуелгі атамекені – Африка құрылығы дегенге ден қойған сыңайлы. Бұл орайда да зерттеушілерге генетика ғылымының соңғы жетістігі – ДНҚ тәсілінің көмегі әбден тиген. Ғалымдар ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз беріліп отыратын клеткалық материалды анықтау үшін әртүрлі елдердің әйелдерін тестік тексерулерден өткізген кезде, *барлық әйелдердің тұқымдық мәліметтерінің африкалық түп-теппен бірдей екенін* анықтайтын нәтижелерге тап болды (Янковский, Боринская, 2001).

Адамзаттың әуелі Африкадан тарағандығы Ч. Дарвин ақсақал (1809-1882) заманынан бері айтылып келе жатыр. Палеоантропология ғылымы зерттеулерінің қорытындыларына қарағанда, арғы адам тектерінің бірі деп жорамалданатын – аустралопитектер (оңтүстік маймылы) бұдан 4,5-1 миллион жылдай бұрын Оңтүстік және Шығыс Африкада өмір сүрген көрінеді. Олар өздеріне қажет еңбек құралдарын жасауға

қабілетті, маңдайы кең, саусақтары икемді болғандықтан *homo habilis* (епті адам) деңгейіне жақындаған екі аяқты приматтар ретінде танылады. Сол Африкадан алғашқы адам тектерінің келесі даму сатысы *архантроптарға* (ежелгі адам) жататын – *питекантроп* (маймыл адамы – 1,5 – 500 мың ж. б.), Африкадағы Атлас тауынан табылуына орай, *атлантроп* атанған ертедегі адам (350 мың жыл) қаңқалары да көптеп табылды.

Бұл ежелгі адамдардың бел омыртқалары мен тізелері тік жүруге бейімделген, маңдай сүйектері тайқы, қабақтары көтеріңкі, қалың, иектері төмен, тіс құрылыстары мен бедерлері осы күнгі адамға өте ұқсас. Олар қол шапқылар мен тас құралдарды өңдеу әдістерін (Ашель мәдениеті) меңгерген. Адам эволюциясында *Homo erectus* (тік жүретін адам) түріне жатқызылатын бұл буын ежелгі адам тектері дамуын ертедегі адамдар – *палеоантроптар* кезеңі (250 мың-35 мың ж. б.) және қазіргі адамдардың әуелгі түрі – *неантроптар* (150-50 мың ж. б.) кезеңіне дейін ұластырады.

Неоантроптардың (жаңа адам) ежелгі адамдардан негізгі айырмашылықтары – көлемді бас сүйегінің ми сауыты сопақ, маңдайы тік, иегі жақсы жетілген, шығыңқы, қабақ сүйектері болмайды. Антропологтар қазбалардан табылған неоантроптардың сүйектерінің қазіргі адамдар сүйектерінен ірілеу екенін айтады (ҰЭ. 1998: 1 т. 65,382, 583; БСЭ, 1978: 29 т. 51; Кучера, 1996: 10; Урысон, 1977: 16-22; Ердаков, 2002).

Осы дәйектерді салғастыра келе, антропогенез ғылымы адамның ең-ең түпкі жұрағаты әуелі Африкада тұсау кесіп, өсіп-өнді, содан кейін ғана, бұдан 2 миллион жылдай бұрын ақырындап Азия мен Еуропаға ауыса бастады деген топшылауларға ден қояр еді. Яки, Азияның оңтүстік шығысындағы Ява аралынан питекантроп тектес *явантроп* (1,9-1,5 миллион ж. б.), Қытай жеріндегі Чжоукоудяң үңгірінің төменгі плейстоцен (700-300 мың ж. б.) шөгінділерінен *синантроп* (қытай адамы), Германиядан *Гейдельберг адамы* (400 мың ж. б.), әлемнің әр шалғайынан *палеоантроп* қаңқаларының табылуы, Алтайда (Улалинка) ізі қалуы осы көші-қон үрдісінің нәтижесі ретінде танылады (Клягин, 1996: II. 1).

Қазақ археологтары қазақ жерінен адамдардың арғы тектерінің сүйектері табылмағанымен, олар мекендеген

тұрақтардың, пайдаланған құралдардың қалдықтары қалғанын дәлелдеп отыр. Олар Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Кіші Қаратау жотасы маңындағы Бөріқазған, Тәңірқазған мекендерінен, Жетісу, Сарыарқа, Балқаш, Маңғыстау, Мұғалжар өңірлерінен ұшырасқан (*Алпысбаев*, 1980: 58-79 б.; *Таймағамбетов*, 1996: 68-84 б.; 47-55 б.; *ҰЭ*. 1998: 1 т. 65, 450 б.).

Осы ретте адам тегінің алғашқы пайда болған атамекені тек Африкамен ғана шектелмейді, дейтін әуелден келе жатқан көзқарастың да бар екенін еске алған жөн. Адамзат тұқымының бір ілкі атамекені – Оңтүстік Шығыс Азия болуы керек дейтін дәйек – явантроп қаңқасы табылған 100 жылдан астам уақыттан бері айтылып келеді. Кейіннен, 1927 жылы Қытайдан синантроп, Явадан аустралопитек сүйегінің табылуы бұл әңгіменің тамызығын одан әрі үрлегендей болған. Алайда 1960 жылдардан бастап, Африка жерінен адам эволюциясының барлық буындарының ең көне қаңқаларының табылуы, бәріміз бір африкандық “Хауа ананың ұрпағы екенбізге” қайта ден қойғызған-ды.

Ал *Гомо сапиенс* қашан пайда болды?

Кейінгі жылдарда жүргізілген генетикалық зерттеулер ежелгі адамдардың қазіргі *есті тұрпатқа* ауысуы, яғни *сапиенстенуі* де осы Африка жерінде басталды дегенді нақты дәлелдейді. Ал бұған дейін әлем ғалымдары арасында бұл мәселе турасында екі көзқарас бар болатын. Олардың біріншісі – *homo sapiens* Африка не оған жапсарлас ортақ бір аумақта қалыптасты, содан кейін басқа аймақтарға тарады дегенге сүйенетін “*моноцентристік*” (бір орталық) теориясы болса, екіншісі – *есті* адам әлемнің әр тұсында, Африка, Оңтүстік Шығыс пен Батыс Азияда және оңтүстік Еуропада бірдей қалыптасу сатыларын бастан кешірді дегенді қаузайттын “*полицентристік*” (көп орталық) концепциясы еді. Полицентристік көзқарасты қолдайтын зерттеушілер, өздерінің теорияларына әлемнің әр қапталынан бұдан 300-30 мың жылдар шамасы бұрын өмір сүрген, неандерталдықтар қаңқаларының табылуын алға тартатын. Өйткені палеоантропология ілімінде күні кешеге дейін қазіргі адамдар неандерталдықтардан тарады делінетін теорияның меселі үстем болғаны белгілі. Әр аймақтың өз неандерталы бар, демек, әр өңірдің *homo сапиенстері* де өздерінің

сол төл түп тегінен өрбіген ұрпақ еместігіне кімнің дауы бар, дер еді полицентризм бағытын ұстанушылар.

ДНҚ зерттеулері бұл мәселенің де анық-қанығын айқындап беруге септесті. Сөйтсе, қазіргі адамдар тіптен де неандерталдықтардың тұқымы емес екен. Генетиктер неандерталдықтардың сүйек қаңқаларынан алынған митохондриялды ДНҚ үлгілерін адам ДНҚ-ындағы молекуласымен салыстырғанда, екеуінің бір-бірімен жуыспайтындығы анықталды.

Белгілі ғалым, Ресей Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Н. И. Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының зертхана меңгерушісі И. А. Захаровтың және басқа генетиктердің жүргізген сараптаулары неандерталдықтар мен адамдар әуелі ұқсас бір тұқымнан (адам текті маймылдан) тараса да, олардың бұл жақындықтары 500 мыңдай жыл бұрын жойылып, бір-бірінен алшақ екі бұтаққа айырылған еді дегенді айтады (*Захаров, 2002; Янковский, Боринская, 2001*).

Бір бұтағынан – болашақта *homo sapiens*ке айналатын адамдардың арғы жұрағаты өркен жайса, екінші бұтақтан – бұдан 350 мың жылдай бұрын, келешекте *неандерталдықтар* атына ие болатын (қазба сүйегі Германиядағы Неандерталь жазығынан табылуына орай) екі аяқтылар дамуы басталды. Алғашқы бұтақ 150-140 мың жылдай бұрын қазіргі тұрпатты адамдар эволюциясына ұласады да, олар 100 мың жылдай неандерталдықтармен қатар өмір сүреді. Дегенмен 30 мыңдай жыл бұрын неандерталдықтар жер бетінен түгел жойылып кетіпті.

Оған не себеп?

Бір қарағанда, тәп-тәуір даму сатысына жеткен, от жағуды үйренген, ұжымдаса жүріп аң аулауды меңгерген, өлгендерін жерлеп, балаларын өсіруді білетін, тас өңдеу техникасында Мустье мәдениетінің сипаттары: қырлы, дөңгелек өзектастар (нуклеус), әр түрлі қырғыш, тескіш, тілгіш үшкір тас құралдар, найзалар жасауға қол жеткізген, қызыл жосамен сызықтар да жүргізе алған неандерталдықтардың (*Окладников, 1956: 38-49 б.*) құрып кетуі таңданарлық құбылыс.

Кембридж университетінің (Ұлыбритания) геоархеологы Тьерд Ван Андел бастаған ғалымдардың 2004 жылы жарық көрген “Неандерталдықтар мен қазіргі адамдар соңғы мұз дәуірінің аясында” атты кітабына қатысты интернет беттеріне шыққан зерттеулерінде осыған біршама жауап беріледі. Ғалымдар тобы Еуропа құрылығындағы соңғы 65-20 мың жылғы климаттық, экологиялық, археологиялық ақпараттарды сараптай отырып, неандерталдықтарды жойып жіберген басты себеп – Солтүстік жарты шардағы Британ аралдарынан Байкал теріскейіне дейінгі аралықты қамтыған *Вюрм, Валдай, Зырян* мұз басу дәуірінің (70-11 мың ж. б.) зардабы еді, деген тұжырымға келеді.

Алайда неандертальдықтар суықтан ұшып өлген жоқ еді, дейді ғалымдар. Неандерталдықтар өзімен қатар өмір сүрген *хомо сапиенстермен* бірге суықтан қаймығып, оңтүстікке қарай ығысқанымен, аң аулаудың осы жағдаятқа байланысты туындаған жаңа тәсіліне бейімделе алмапты. Мамонт, бизон, солтүстік бұғысы сияқты қимылы шабан аңдарды ұстауға үйренген неандерталдықтар, ол хайуанаттар мұз дәуірінің суық кезеңдерінде жойылып таусылғандықтан, далалық өңірге тән жүйрік түз тағыларын ұстаудың әдісін таба алмаған көрінеді. Азықсыз қалған олар ақырында аштан қырылуға мәжбүр болыпты.

Ал олардан көрі саналы тірлік жасауға әлдеқайда икемі бар, сөйлей алуға, бірлесе қимылдауға қабілетті, балық аулауды да, жылы киінуді де үйренген *сапиенстер* адамзат дамуын әрі қарай ұластырып әкетіпті (Захаров, 2002; *Эволюция человека*, 2001. иив.; Европейский пейзаж ледникового периода. 2004: иив.; Хайнц, иив).

Неандерталдықтар тарихына қатысты бұл жаңалық полицентристік көзқарас сүйенген тиянақтың мығым еместігін де көрсеткен еді.

Генетикалық зерттеулер нәтижесі қия бастырмайды.

ДНҚ түзілісін тізбектеу нәтижесі *хомо сапиенс* бір атамекеннен ғана тарады деген моноцентристік теорияның меселін одан әрі еселеді.

...Калифорния университетінің ғалымдары әртүрлі нәсілдерден құралған 147 адамның *mt ДНҚ* генетикалық ақпарат құрамын арнайы сараптаған кезде, молекула құрылымы түрлерінің ортақ бір түп-анаға қарай өрлей сабақтасып жатқанын анықтады. Ол ортақ кіндік іздері де бұдан 150 мың жыл шаманың ар жақ, бер жағында Шығыс Африкада өмір сүрген арғы адамдар заманынан табылған. Ғалымдар оларды шартты түрде топтап, ертеден келе жатқан әйгілі аңыздан тарқата “*Хауа Ана*” деп ат қойды. Генетиктердің бұл зерттеуін тек еркектерде ғана болатын *Y* хромосомасы белгісінің тұқым қуу түзілісі де одан әрі нақтылады. Ер кісі хромосомаларының түп-төркіні де дәл сол Африкаға, Хауа Ана ғұмыр кешкен дәуірлердегі түп аталарға барып тірелген еді. Генетиктер ол түп аталарға да – тиісінше *Адам* деп ат қойды (*Янковский, , Боринская, 2001; Клягин, 1996: I. I; 2002: II. I*)

Сөйтіп, бар адамзат – Адам Ата мен Хауа Анадан тараған дейтін, бір жағынан, моноцентризмді қуаттар әлемдік эпсананың жалғасы осындай генетикалық айғақтарға сабақтасқан еді. Әрине, бұл адам жұрағаты бір ғана еркек пен әйелден тарайды дегенді көрсетпейді. Шамасы сол дәуірлерде адамның қалыптасуына қолайлы жағдай туындаған Африкада “*есті адам*” бұтағын бастаған алғашқы бір қауымдар мекендеген болуы керек, дейді ғылым. Олардың барлық тұқымдары бүгінге дейін жетпеген. Үзілген. Жойылған. Некен-саяқ аман қалғандары ғана мыңжылдықтан-мыңжылдыққа іргелес қауымдармен қан араластыра жүріп, ғұмыр жалғастыра берген.

Орыс генетигі И. Захаровтың топшылауынша, әлемдегі барлық адамзат 10 еркек, 18 әйелдің ұрпағы болып табылады. 150 мың жылдай бұрын Африкада қазіргі тұрпаттағы адамдар тарихының елең-алаңын бастаған да – солар (*Захаров, 2002, 2003*). Талай аумалды-төкпелі таукіметтерді бастан кеше, кейде азайып, кейде тоқырап, кейде көбейе жүріп, олардың да саны біртіндеп өсе берген. Жан басы көбейгесін, тамақ асырау қамы оларды жаңа қоныстарға көшуге мәжбүр етті. Қатары артты. Молайды. Сол демографиялық өсімдер оларды ақырын-ақырын ыстық құрлықтың солтүстік-шығыс бетіндегі бос кеңістіктерге қарай жылжытты. Мұндай ұзақ мыңжылдықтарға ұласқан көші-қон

лықсулары барысында, әрқилы ассимиляциялық сiңiсулер, алыс-берiс ауысулардың да болмауы мүмкiн емес.

Нәсiлдер мен тiлдердiң саралануы

Генетиктердiң *mt ДНҚ* салыстырмалы зерттеулерiнiң нәтижелерiне қарағанда, бұдан 70000-60000 ж. б. шамада Африкадан Азияға қарай өтер алдында, адам тектерiнiң бойында әрқилы нәсiлдiк тұрғыдағы сараланулар да нышан байқата бастағанға ұқсайды. Сол кездiң өзiнде-ақ африкандық, еуропалық нәсiлдердiң жiктелуi қылаң берген. Ал бүгiнгi нәсiлдердiң рең басына, түсiне, бет пішiнiне, дене бiтiмiне қарай қалыптасқан ерекшелiктерi – олардың кейiннен қоныстанған аймақтарының табиғи жағдайына бейiмделуiне байланысты одан әрi тұрақтанған едi, дейдi генетиктер (*Янковский,...* 2001; *Эволюция человека ...*, 2001).

Сонымен, қазiргi тұрпатты адамдардың алғашқы легi Африка жерiнен – iргелес құрылық Азияға бұдан 70 000 жылдай бұрын Араб түбегiнiң оңтүстiк-батыс мүйiсiндегi қысаң Баб әл-Мандаб (Қасiрет қақпасы) бұғазы арқылы жүзеге асыпты. Бұл бағыт – оларға дейiнгi 3 миллион жылдай тарих көшiнде ежелгi архантроп түрлерi – аустралопитек, питекантроп, атлантроптар; арғы неандертальдықтар мен арғы кранманьондықтар әр дәуiрлерде толқын-толқын боп өткен үйреншiктi сүрлеу де едi.

Ғылым әуелгi *архантроптарда* (ежелгi адамдарда) тiлдiң пайда болмағанын айтады. Олардың түсiнiсуi – ыммен, ишарамен ғана жүзеге асқан. Антропологтардың дәлелдеуiнше, бұдан 1,5 миллион жыл бұрын өмiр сүрген аустралопитектердiң оң қолмен әрекет етуi, сол қолына қарағанда басым болыпты. Ал адамның оң қолының басқарылуы мен ымдауы, үн шығаруы мидың сол жақ жарты шарындағы Брока нүктесi арқылы атқарылады екен. Демек, ежелгi адам тектiлерде де ымдау, дыбыстау тәсiлi болған. Осы Брока нүктесiнен басқарылатын ым, ишара, дыбыс тiлi бiртiн-бiртiн ұжымдаса атқаруды қажет ететiн қауымдық тiршiлiктiң дамуына байланысты белгiлi бiр ұғымдарды бiлдiретiн қалыптарға ауысқан (*Клягин, 1996: I. 3; 2002: II.2.*).

Гомо хабилистер мен *гомo эректустер* (ептi адамдар мен тiк жүретiн адамдар) ым, ишарамен күн кеше жүрiп, санын молайтты; қарқынды демографиялық өсiмге жетуiнiң арқасында

ыстық құрлықтан асып, дүниенің әр бұрышына тарады. Малта тастан құрал дайындауға, яки *Олдувай* мәдениетін (1,5 млн – 800 000 ж. б. жасауға қол жеткізді. Тас құралдарының жаңа түрлері – басы үшкір, екі жүзді сопақ қол шапқылармен ерекшеленетін *Ашель мәдениетінің* (800 000 – 150 000 ж. б.) үлгілерін дүниеге әкелді. Бұл дәуірлерде өте сапалы өңделген қырғыш, тескіш, кескіш тас құралдар көбейді. Аңшылықпен, терімшілікпен айналысты. Отты пайдалануды үйренді. Әрине, ежелгі адам тектілердің мың, миллион жылдарға созылған осындай даму үрдісінде ым, ишара тілінің біртіндеп болса да, аздап сөз құрау, өзара түсінісу дәрежесіне дейін жетуі әбден кәміл (*Окладников, 1956: 17-49 б.; Клягин, 1996: I, 3; 2002: II.5; Ердаков, 2002: 4 тарау; ҰЭ, 1998: I том. 583 б.*).

Глоттогенездік зерттеулер нәтижесі ұғынықты сөйлеу тілінің әуелгі пайда болуы, қазіргі тұрпатты адамдар тарихының елең-алаңы – “Адам Ата, Хауа Ана заманына” деңгейлес дәуірлерде басталғанын алға тартады. Жер бетіндегі ең жоғары даму сатысына жеткен тіршілік иесі – *Гомо сапиенс* жұрағатының өздеріне дейінгі буындардан ерекшелігі де осы еді. Алғашқы пайда болғаннан – бастапқы қоныс аудару толқындары Азия құрылығы бетіне өткенге дейінгі 80 000 жылдай мерзімде есті адамдар қазіргі тілге жуықтайтын дыбыстық тілді қалыптастырып үлгерді. Ғылым адамның әуелгі атамекені – Африка жерінде әртүрлі қауымдардың бір-бірінің сіңісіп, араласуынан, арғы түп тілдің негізі қаланды, кейінгі дәуірлерде тарам-тарамға бөлінетін макросемьялық топтардың ілкі диалектілері жіктеле бастады дегенге ден қояды (*ЛЭС, 1990: 108-109 б.*).

Генетикалық зерттеулердің – адамның пайда болуы бір атамекеннен (Африкадан) басталды дейтін моноцентристік көзқарасты дәйектеуі – тіл ғылымында бар *моногенездік* (бір тек) теорияның да қаймағын қоюлатқан жаңалық болды. Тілдің бір түп тамырдан таралғанын қаузайттын бұл ілім – егер *гомо сапиенс* моногенезі рас болса, *тіл моногенезі* де ақиқат дегенді көлденең тартады. Бұл теория бойынша әуелі бір түп тіл дүниеге келеді. Сол ілкі тіл адамдардың басқа да алғашқы қауымдарымен араласуы арқасында өзгелерге де ауысады. Енді ғана тәй-тәй баса бастаған сол тілдердегі ерекшеліктерді өз бойына қабылдайды.

Біртін-біртін сөз құрамы да қоюлана береді. Адам эволюциясымен бірге әр ұрпақтың өзінің алдындағы ұрпаққа қарағанда тілдік қоры байып, күрделі синтаксистік құрылымдар игеріле бастайды. Өзге өңірлерге қоныс аудару барысында түп тіл сол аймақтарда енді бүршік жарған тілдермен де ауыс-түйіске түседі. Ол тілдерде ұғынысатын қауымдар, түп тілдің ұшқындарын өздері араласқан басқа сапиенстерге ұластырады. Талай мыңжылдықтар бойы бір-бірімен сабақтасып, салаласып жалғасқан бұл құбылысты, адамзаттың бастапқы нәсілдік саралануына қатысты тұжырыммен де байланыстыруға болады.

Өлгінде айтылғандай, генетиктер адамдардың еурпеоидтік, моңғолоидтық, негроидтық нәсілдерге жіктеле бастауы – сол байтақ майлы жұрт – Африка құрылығында-ақ қылаң бергендігін дәлелдеді. Яғни, арғы түп тілдің алғашқы диалектілерінің қалыптасуы да осы нәсілдердің саралануына қатысты құбылыспен шамалас өтті деуге келеді. Әр нәсілге тән болған сол диалектілер кейіннен әр бөлек макротармақтарға топтасатын тілдердің әуелгі ұйтқысына да айналған еді.

* * *

Салыстырмалы тарихи әдіс арқылы тілдердің туыстығын нақтылап, олардың ірі-ірі топтарға біріктіру қағидалары жүзеге асырыла бастағалы бері арғы түп тілдің қай шамада ғұмыр кешкенін байқау мүмкіндігі де артып отыр. Глоттегенездік зерттеулер бойынша, *ностра* тілдері және болжамды түрде оларға түпкі туыстығы бар делініп, келесі бір макротармақтарға топтастырылатын *теріскей кавказ – енисей – қытай-тибет – надене* (қысқаша сино-кавказ) тілдерінің арғы жасы бұдан бұрынғы 30 000 мен 15 000 жыл аралығы деп есептеледі. Ғалымдар бұл тақырыпты әрі қарай қаузаған зерттеулер – осы екі ірі топқа жататын тілдердің одан бұрынғы мыңжылдықтардағы заңды байланыстарын анықтауға, ең ежелгі түп тілдің түзілімдерін табуға мүмкіндік әперетінін айтады. Сонда адамзаттың Африкадан басталған тарихының бір белгісіндей боп қалған тілдер ретінде тұспалданатын *койсан* тобымен де іліктестік іздері табылуы кәміл деген ойлар ортаға тартылады (*Иванов, 1990: 308-309 б.; Иванов; 1983: 158-159 б.; Дьячок, Шаповал, 2002: 5. 01.*)

Яки, бұл екі ірі макротармақ: *ностра* мен *сино-кавказ* тілдерінің бір-біріне жақынырақ болған дәуірлері – ертедегі адам қауымдарының Африканың шығысы мен оған іргелес Оңтүстік Батыс Азиядағы құйқалы аймақтарға шоғырланған, бұдан 70 000-60 000 ж. б. мерзімге шамаласар еді. Бұл жапсарлас жазиралар ықылым замандардан жанға жайлы климатымен, жырттылып-айырылатын аң-құсымен, теңіз жәндіктерімен, қайысқан жеміс-жидегімен, ерекшеленді. Осылардың өзі-ақ бұл өңірлерде адам санының көбеюіне, демографиялық өсімге әсер ететін қолайлы ахуалдар жасаған еді.

Алайда табиғаттың асып-тасқан байлығының да көбейе түскен адам санына қарай шет-шетінен кемірілері анық. Оңтүстік Батыс Азия аймағында әлденеше мыңдаған жылдар мәулетінде шоғырланған адам жұрағатының үзік-үзік топтары қорек қуалап, өздерінен бұрынғы архантроп, палеоантроптардың сорабымен біртін-біртін Шығыс пен Батысқа қарай қанатын жая бастады. Ал ілгері кеткен аңшы қауымдарды аттандырып салып, сол бұрынғы жанға қолайлы атажұрттарында ірге көтермей қалған жұрттар кейінгі мыңжылдықтарда тек аңшылық-терімшілікке қана арқа сүйемейтін жаңа тірлік – *өндіруші шаруашылықтың* алғашқы талпыныстарын бастаушылар болды. Дәнді дақылдарды өсірудің, жануарларды қолға үйретудің ілкі тәжірибелері осы аймақтарда сыннан өтіп, әлемдегі ең алғашқы неолиттік төңкерістің алғышарттары да осы майлы жұртта жасалды (*Древние цивилизации*, М. 1989: 23-35 б.; *Клягин*, 1996: II. 1; 2002: II.1).

Этнологиялық заңдылықтар бойынша, аңшы-терімші қауымдардың жаңа қоныстарға қарай жылжуы – өздері мекендеген өңірлерде адам санының мөлшерден тыс көбеюіне қатысты туындайтын табиғи үдеріс. Адамдардың белгілі бір топтары ішім-жем қамымен ілгері қарай мекен ауыстырады. Арада едәуір жылдар өткен кезде сол тұяқ тепкен қоныстардың да аң-құс қоры сыр бере бастайды. Тамақ асырау мәжбүрлігі адам қауымдарының басы артық бір бөлігін тағы да жаңа аймақтарға қарай жетелейді...

Ұдайы тізбектеле жалғасып жататын осы үдеріс – ежелгі адамдардың жаңа қауымдарға жіктелуіне, жаңа топтарға бөлінуіне де әсер ететін бірден-бір себеп болып табылады. Алғашқы атажұрттарынан өз нәпақаларын іздеп, жыраққа кеткен

қауымдардың ұрпақтары арада жүздеген, мыңдаған жылдар өте келе, әуелгі тектерінен алшақтанған, бөгде жұрттарға айналады. Олардың өздері қоныстанған жаңа өңірлерге сай қалыптасқан тіршілік салттары, бітім-болмыстарымен бірге, бастапқы тілдері де көп өзгерістерге ұшырайды. Ұзақ мыңжылдықтарға созылатын осындай көші-қондар барысында Африкада бастау алған ең ілкі түп тіл әлденеше тармақтарға бөлшектеніп, әуелгі туыстығы ешкімді сендірмейтіндей алшақ топтарға, диалектілерге ыдыраудың үздіксіз үдерістерін бастан кешеді (*Окладников, 1956: 75; Иванов, ЛЭС. 1990: 108-109 б.; Арутюнов, 1989: 51-81 б.*).

Археологиялық айғақтар бойынша, бұдан шамамен 45-40 мың және 33-10 мың жыл бұрынғы шамалардағы кезеңдерде беті дегдіген Беринг бұғаз-мойнағы арқылы Америка құрлығына қарай асқан адамдар Оңтүстік Батыс Азия аймағында бүршік жарып, әлі де ара жіктері ажырай қоймаған, кейіннен *ностра* және оған іліктес *сино-кавказ* тілдері деп екі макротармаққа бөлінетін топтардың арғы әуелгі түп тілге жақын нышандарын (*Иванов . ЛЭС. 1990: 309*) ала өткен қауымдар болған еді. Ол бүгіндері археологиялық, тілдік, генетикалық дәйектермен нықталып отырған салиқалы уәжге айнала бастады (*Захаров, 2003*).

Әлемге таралу үдерісі сонау Африка жерінен басталған *хомо сапиенстің* Азияның шығыс түкпіріне қарай біртін-біртін жылжуы әлденеше ондаған мыңжылдықтарға созылды. *Жол-жөнекей Орталық Азия аймағының оңтүстігі мен батысындағы, орталығындағы өңірлерде шоғыр-шоғыр боп қоныстанып, келесі жүзжылдық, мыңжылдықтарда ол мекендерінен де халық саны өскендіктен, басы артық бір бөлек қауымдардың ішіп-жем қамымен ілгері қарай бөліне лықсуы үздіксіз жалғасып жатты.*

Археологиялық дәйектер Адам Ата – Хауа Ана ұрпақтарының бұдан 50 мың жылдан астам уақыт бұрын өздеріне дейінгі талай мыңжылдықтар бойы ежелгі екі аяқты архантроптар сүрлеулерімен Қазақ жерінің орталық, солтүстік өңірлеріне, Алтай төңірегіне жеткенін алға тартады. Олардың тас құралдарды жасау тәсілдері мен антропологиялық түзілімдерінен – Таяу Шығыс пен Кіндік Азия жақтан өрбіген үрдістер сілемі

анық байқалып та жатады (*Деревянко*, 1986: 94 б.; *Абрамова*, 1984: 332-324 б.; *Васильев*, 2000).

Ілкі ностра тілді ол қауымдар кейіннен әрі қарайғы тіршілік сапарларын Саян таулары, Байкалдың шығысы, Становой, Колыма, Чукотка жоталарын баурайлай Аляскаға дейін ұзартқан еді (*Соди*, 1985: 21 б.; *Захаров*, 2003: 21 б.; *Галич*, 1990: 9, 44-46 б.).

Мұз дәуірінің жиһанкездері

Американы алғаш ашқан сол жұрттардың Орталық пен Ішкі Азияны өрлей, толқын-толқын боп жылжыған кезеңдеріне көңіл аударар болсақ, ол мерзімнің негізінен Батыс пен Шығыс Еуропада – *Вюрм*, *Валдай*, Теріскей Азияда – *Зырян*, *Сарпан*, Солтүстік Америкада – *Висконсин* деп аталатын, бұдан 70 000-11 000 жыл бұрын шамасында өткен мұз басу дәуірінің орта тұсындағы климаттық жағдай аясына сәйкес келетінін байыптар едік. Мұз дәуірі делінгенімен, 60 мың жылға созылған ол кезеңнің тұтасымен тек ауа райы қытымыр мыңжылдықтардан тұрмағаны белгілі. Археологтар Еуразия мен Американың теріскейін қалың мұз құрсаған аса қатты ұзақ суықтың, негізінен бұдан бұрынғы 70 000-50 000 және 25 000-11 000 жылдар шамасында екі мәрте өткенін айтады. Геологиялық зерттеулерге қарағанда, сол дәуірлерде мұздықтардан тепкен ызғардың әсерінен пайда болған қалың тоң белдеулері Карпат, Мұғалжар, Ұлытау, Алтай, Байкал бойлығындағы аймақтарға дейін жетіп жатады екен.

Екі суық дәуірдің ортасындағы 50000-25000 жылдар ауқымында Батыс Сібірге тән болған *Каргин* (Орта Валдай) деп аталатын мұздықаралық кезеңде күн кәдімгідей жылынып, ежелгі адамдардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туған климаттық ахуал орнаған еді. Жиырма мың жылдай тұтасып жатқан мұздықтардың еруі салдарынан, өзендер арнасынан асып, ойпаттар суға толып, аумақты көлдер пайда болып жатты. Ылғалдылықтың артуы – ұзаққа созылған суық кезеңдерде әбден жүдеу тартқан даланың қалың шалғынды, орманды өңірлерге айналуына, алдындағы мұздық кезеңде оңтүстікке қарай ығысқан суыққа төзімді жануарлар санының молаюына ықпал жасады. Қазба дәйектеріне қарағанда, сол дәуірлерде Орталық Азияда зіл (мамонт), бизон,

бұғы, бұлан, кодас, жүндес мүйізтұмсық, жолбарыс, киік, құлан, тарпаң сияқты ірілі-уақты түз тағылары жосып жүріпті.

Күн жылынғаннан кейін мұз бен тоң белдеуінің де ери-ери солтүстікке қарай ығысуынан – аң мен жанға қолайлы соны қоныстар, жаңа кеңістіктер ашылған. Бұрын мал тұяғы тимеген оты мол өрістерге сұғына жайылған суыққа төзімді сүтқоректілермен бірге аңшы-терімші қауымдардың да әр тарапқа қарай ілгерілеп жылжуы, жаңа мекендерді игеруі басталады.

Ол қауымдар кімдер еді?

Зерттеушілер орта палеодиттің (ж.с.д. 100 000-40 000 ж.) соңғы он жылы мен кейінгі палеолиттің (ж.с.д. 40000-11000 ж.) алғашқы жартысына сәйкес келетін осы Каргин мұзаралық кезеңінде Орталық Азия мен оған қапталдас өңірлерде неандертальдықтармен қатар тіршілік кешіп жатқан адам жұрағаттарын – осы аймақтардың ілкі *homo сапиенстері* ретінде таниды. Өйткені оларға тән археологиялық айғақтар – осы Адам Ата – Хауа Ана ұрпақтарының сол заманға орайлас палеолиттік мәдениет үрдістерін, яки *тас құралдар жасаудың жаңа тәсілдерін игергенін; аңшылар магиясына табынып, от пен ошақ киесі әйелдердің мәртебесін пір тұтқанын; аң терілерінен жылы киімдер тігіп, алыс-алыс қашықтықтарға қаймықпай шыға алғанын; сүйектен шағын мүсіншелер, әшекейлер ойып, үңгірлердің қабырғаларына, жартастарға бояулы суреттер сала білгенін; бір-бірімен сөз арқылы түсінісетін деңгейге жеткен саналы тірлік иелері болғанын* алға тартады (Абрамова, 1984: 302-346; Алпысбаев, 1980: 79-88; ҚТ, 1996: 68-83; Медоев, 1979; Лазуков,.. 1981: УІ; Деревянко, 1986: 94; Васильев, 2000: Байбатша, 1998: 18-42; Захаров, 2003; Соди, 1985: 24-25).

Ал олардың өзара түпкі түрктік үлесі басымдау байқалатын *ілкі ностра* тілдерінде ұғынысқаны – кейінгі жаңа көзқарастағы зерттеулер нәтижесінде ғана белгілі болып жатыр. Каргин мұзаралық кезеңінде орнаған жұмсақ климат аясында саны өсіп, өрістерін теріскейге қарай ұзартқан аңдардың ізін қуалай ілгері жылжыған сол *түпкі түрк* қауымдары бұдан 45 мың жылдай бұрынғы шамада Чукотка түбегі аумағына да жеткен сияқты. Бұл кез олардың жылы киініп, суықтан қымтану тәсілдерін игерген шағы. Сондықтан да ежелгі аңшыларды Лена мен Алдан

өзендерінен солтүстік-шығысқа қарай ұласқан қыратты, ойпатты аймақтардың әлі де бұрынғысынша мұз құрсауында жатқаны, аса сескендіре қоймағандай. Өйткені палеолит заманы адамдарының бар тіршілігі – қоректік жануарлармен табиғи тығыз жымдастыққа құрылған. *Номо сапиенстер* жейтін аңнан ажыраса, аштан қырылатынын жақсы білетін. Сол себепті, олар ылғи да көздерінен таса қылмай, сырттай иемденіп, тамақтарын айырып жүретін суыққа төзімді бизон, зіл, бұғы, бұлан, қойбұқа секілді жануарлардың Аляскаға қарай соны өріс іздеген бағыттарынан тысқары қала алмаған еді. Белді бекем буынып, жаңа құрлыққа өздеріне көптен таныс қоректік аң үйірлерін өкшелей бірге аттануға мәжбүр болғандай.

Екі құрылықты уақытша жалғастыратын Беринг мойнағының мұхит деңгейі түсіп тұрған оған дейінгі әр дәуірде де сүтқоректілер үшін табиғи миграциялық жол сорабы болуы мүмкін екендігін қаперге алу да артықтық етпейді. Палеонтологтардың зерттеулері бойынша, Американың ежелгі фаунасы құрамына енетін 54 жануар түрінің 48-інің түп-тегі Азиядан шыққаны дәлелденіпті (*Галич*, 1990: 45 б.). Мұның өзі осы уақытша мойнақтың ең-ең ескі замандар кезінде де жануарлар үшін алыс өрістерге шығандап барар бағыттағы әуелден дағдылы бір өткел болғанын да көрсететіндей (*Лазуков*, ... 1981).

Зырян-Висконсин мұз басу дәуіріне қатысты дәйектерге сүйенген археологтар Шығыс Сібір аймағында *Каргин* мұзаралық кезеңінің өзгешелеу байқалғанын айтады. Ол жылымық Орта Валдайға жуықтау Батыс Сібір жақта 50-25 мың жыл бұрынғы шамаларда өткенімен, жайшылықтың өзінде салқын боп тұратын Солтүстік Шығыс Азия бетінде, сол Каргин кезеңінің өзінде екі мәрте суық стадиал түсіпті. Олардың біріншісі – 45000-41000 ж.б., екіншісі – 35000-28000 ж.б. мерзімдерге сәйкес келеді. Одан кейін көп ұзамастан, 25000-10000 жылдықтарды қамтыған, аса суық *Сартан* мұз дәуірі басталған еді (*Пряслов*, 1984: 30-31).

Ғалымдар *Висконсин* мұз дәуірінің де ерекшеліктері мен кей археологиялық дәйектерді (АҚШ-тың Даллас қаласынан теріскей-батыс жақта жатқан Льюисвилл тұрағының жасы 38 мың жылдан артық) сараптай келе, Аляскаға қарай өтетін мойнақ 70-50, 45-41, 33-10 мың жылдар аралығындағы дәуірлерде

ашылды, демек, адамның Америка құрлығына жетуі де осы кезеңдерде жүзеге асты дегенге ден қояды (*Долуханов, 1972: 23; Галич, 1990: 45-46; Гуляев, 1985: 10-11*). Осы ретте зерттеушілер арасында, адам жұрағаттары Америкаға 45 мың жылдай бұрын емес, Зырян-Висконсиннің кейінгі кезеңі – Сартан мұз басу дәуірі шамасында ғана өтуі мүмкін дейтін пікірлердің де талай уақыт бойы басым боп келгенін айта кеткен ләзім. Ғалымдар мұндай тұжырымдарды Азия мен Америка құрлығының қапталдас өңірлерден табылған археологиялық артефактілердің, негізінен, тек кейінгі Сартан кезеңіне ғана қатысы бар боп жатуымен түсіндірер еді. Сонымен қатар, бәлкім, оған дейінгі ең ежелгі жәдігерліктер теңіз деңгейі көтерілген кезде су астына қалып қоюы мүмкін дейтін уәждер де айтылып қалатын (*Васильев, 2001; 2004*).

Бірқатар американдық, һәм латынамерикандық генетик ғалымдардың үндіс жұрттарына тән *митохондриялды ДНҚ* түзілімдерін саралауы нәтижесінде, олардың арғы тектерінің Аляскаға алғаш қоныстануы – 45 мың жылдай бұрынғы шамаға сәйкес келетіні дәйектелді (*Захаров, 2003; Деренко, Малярчук, 2001; Ахметов, 2003: 28-31*). Яки, генетикалық айғақтар да теңіз деңгейінің төмендеуіне қатысты археологтар пайымдаған шамаға дөп үйлесіп, 45 мың жылдан астам уақыт бұрын ілкі ностра тілдерінде ұғынысқан қауымдардың алғашқы толқындарының Беринг «көпірі» арқылы Америкаға өтіп үлгергенін даусыз нақтылаған еді.

* * *

Оңтүстік Батыс Азиядан Беринг бұғазына дейінгі аралықты бұдан 50-40 мың жылдай бұрынғы шамаларда тұтаса жайлаған *холо сапиенстер* бір-біріне соншама бөтен де емес-тін. *Олар әуелден ілік-шаттыстығы бар туыс тектерден тараған, тамыры бір түп тілдердің әлі де өзара көп жырақтай қоймаған диалектілерінде түсініскен жұрттар еді десе де болады*. Содан бері әрісі 45-40 мың, берісі 28-10 мың жыл өтсе де үндіс жұрттарында арғы алтайлық, түпкі түрктік дәуірлерден қалған ұқсас сөздердің әлі де өмір сүріп отырғанына қарағанда, сол замандардағы ілкі ностра тілді қауымдардың бір-бірімен ұғынысулары аса қиынға түспеген сыңайлы. Әрі мұны, бір

жағынан, сол бастапқы ортақ тіл ауқымында *түпкі түрк сөздері басымдау кездесетінін байқатар* салмақты айғаққа балағанмыз да мақұл.

Әлгінде тілге тиек етілгендей, ғылым түп *ностра* тілдің және оған жақындығы бар *сино-кавказ* тілдерінің әуелгі өркен жайған атамекенін – Оңтүстік-Батыс Азия аумағы деп таниды. Глоттегенездік зерттеулер нәтижесіне сайсақ, бұл тілдердің осы екі макротармаққа бөлінуі – бұдан 30 000 – 20 000 жылдар бұрынғы дәуірлер аралығында өткендей. Ал олардың сол мыңжылдықтарға дейінгі сөз түзілімдері әуелгі “есті адамдар” сөйлеген, әлі ыдырауға толық ұшырай қоймаған түп тілге жақын болуы да ықтимал (*ЛЭС*, 1990. 309 б.; *Пучков*, www.cvook.ru)

Бұдан 16 000 жылдай бұрын ілкі *ностра* тілі *батыс ностра* (афразия, картвел, үндіеуропалық) және *шығыс ностра* (элам-дравид, алтай-орал) деп аталатын топтарға ыдырады (*Клягин*, 1996: II. I; *Дыбо*, *ЛЭС*. 1990: 339 б.). Ғылым *батыс ностра* тілдерінде сөйлейтін *афразиялықтардың* Левант аймағында (қазіргі Мысыр, Израиль, Иордания, Ливан, Оңтүстік Түркия, Сирия жерлері), ал *картвел* мен *үндіеуропалық* қауымдардың одан теріскей бетке қарай, Алдыңғы Азия жерінде ірге теуіп қалғанын айтады⁴. Үндіеуропалықтар кейіннен әрі батысқа қарай жылжып, Балқан, Карпат өңірлеріне қоныс аударған еді.

Арғы алтайлықтар ареалының батыс қапталы

Түп *ностра* тілінде сөйлейтін жұрттардың батыс және шығыс топтарға бөліну себебі – Левант аймағындағы 20 000 жылдай уақыт бұрынғы жоғары палеолиттік демографиялық дүмпудің нәтижесі ретінде ұғынылады. Сол дәуірлерде Левант өңірінде *ориньяк* үрдісті мәдениеттің соңғы кезеңі Кебара мәдениетіне

⁴ *Афразия тілдеріне* – семит, көне мысыр, бербер, ливия, чад, кушит және омот тілдерінің; *картвел тобына* - қазіргі грузин, мегрель, лаз, сван тілдерінің жататыны белгілі. Ал *үндіеуропалық тілдер* кейіннен әлемдегі ең ірі тілдік топтардың біріне айналды. Оның құрамына – хет-лувий, үнді, иран, грек, итальян, роман, кельт, герман, балтық, славян топтары сияқты лексика-грамматикалық, фонетикалық негізі бір, туыстас тілдер енеді (*ЛЭС*. 1990: 55, 186-189, 215.)

(21 000 – 16 000 ж. б.) ұласқан-ды⁵. Оның өзі кейіннен геометриялық Кебара мәдениетіне (16 000-14 000) жалғасты (*Клягин*, 1996: II. 1; 2002: II.). Бұл мәдениетке тән болған еңбек құралдарында қыстырма техникалардың дамып, найзалар мен сүңгілердің басына сүйектің, тастың өткір ұштарын сыналап бекіткен жарақтардың кеңінен қолданыла бастауы, қырғыштар мен сүргілердің, пышақтардың, кескіштердің жаңа оңтайлы түрлерінің жаппай таралуына мүмкіндік берді.

Әдетте, еңбек құралдарының жетілуінен адамның қоректену мөлшерінің артуы, соның арқасында жұрт санының өсуі қатар жүрер құбылыс. Демографиялық өсім жаңа қоныстарға бет түзеген кезекті көші-қон үдерістерін бастайды. Алдыңғы Азия ауқымында ностра тілдерінің екі топқа бөлінуі де сол көші-қондық толқындарға қатысты туындаған әсерлерге саятын.

Түп ностра тілдерінде сөйлейтін жұрттардың алдыңғы лектері Берингия аймағына 50 000 жылдан астам уақыт бұрын жетсе де (*Захаров*, 2003), олардың артқы қапталы осы Кебара кезеңдерінде (20 000 – 16 000 ж.б.) әлі де арқасын Левант аймағына тіреп жатқан болатын.

Яки, Левант өңірінен шығысқа қарай Берингияға дейін созылған алып ареалды – түпкі *шығыс ностра* тілдерінде сөйлейтін қауымдардың тұтаса қоныстанған аймағы деп байыптау ләзім.

Соңғы лингвистикалық, археологиялық дәйектер олардың артқы шебінің 16 000 – 14 000 жыл бұрын шығысқа қарай сырғып, Батыс Иран аумағына табан тірегенін айтады. Осы өңірде шығыс ностра тілдерінің *арғы элам-дравид* және *арғы алтай-орал* топтарына бөліну үдерісі өтеді.

Ғылымның кейінгі жетістіктері нәтижесінде сол *алтай-оралдық* жұрттардың оңтүстік-шығыс Каспий маңы аймағында қанаттаса жайғасып *Бельт*, *Хоту* (Теріскей Иран. 14000-13000

⁵ Н. Клягин өз еңбектерінде ж.с.д. мыңжылдықтарды кезеңдеудің абсолюттік хронологиясын, әдетте, соңғы жылдардағы радиокарбондық анықтаулар арқылы түзетілген мәліметтерге сәйкес көрсетеді. Ол абсолюттік хронология жүйесі бойынша, осыған дейін белгілі болып келген біраз кезеңдеудің мерзімі әрі қарай мың жылдай шамаға көнереді (*Манзура*, 2000).

бұрын) және оған туыстас *Дам Дам Чешме, Жебел* (Батыс Түрікменстан) мәдениеттерін түзуге араласқаны дәйектеліп отыр.

13 000 жылдай бұрынғы шамада *алтай-орал* тілді қауымдар одан әрі *алтай* және *орал-юкагир* топтарына ажырайды. Орал-юкагир тілдерінде сөйлейтін қауымдар кейіннен Орал тауларына қарай бет алып, *фин-угор, самоди* тармақтарына бөлінеді. Ал *арғы алтай* жұрттары бұрынғысынша қазіргі Иранның батыс-теріскейінен Орталық Азияны қамти, Қиыр Шығысқа дейінгі өңірді тұтаса жайлап қалады. Осы Қап тауынан Тынық мұхитқа дейін ұласқан алып аумақта ж.с.д. 12-2 мың жылдар аралығында алтай тобының: *арғы түрк, арғы моңғол, арғы тұңғыс-мәнжүр, арғы корей, арғы жапон* тілдеріне біртіндеп саралану үдерістері жүреді. Көптау (Көпетдаг) баурайындағы шұраттарда кейіннен өркен жайған Жейтун мәдениетінің (ҮІІ-ІІ м.м.) ілкі түзілімдерін құруға араласқандар да палеолит замандарынан осы өңірде мекен еткен *алтайлық жұрттар* болатын (Ренфрю, 1998: 112-121 б.; Клягин, 1996, II.1., 2002. II; Пучков, //www.cbook.ru).

Шығыс ностра тілдері қатарына топтастырылатын арғы *элам-дравид* қауымдары – тарихта Оңтүстік Батыс Ирандағы ілкі неолиттік егіншілік мәдениетінің (көп қатпарлы Әли-Кош тұрағы, 11000-10000 мың ж. б.) ізашарлары ретінде танылады. Арғы *дравидтердің* арғы *эламдықтардан* бөлінуі де осы кезеңдерде өтіп, *дравидтер* Үндістан аумағындағы Инд өзенінің алабына қоныс аударады. Дәл осы дәуірде олардың келуімен бірге аталған өңірде арпаны дақылға айналдыру, ешкіні қолға үйретудің әуелгі үрдістері басталған ілкі неолиттік тәжірибелер (Мергар, Пәкістан, 10000 ж. б.) пайда болған көрінеді. Сол арғы дравид дәуірлерінен сабақтасқан даму сатылары кейіннен Хараппа өркениетін (5000-4000 ж. б.) шыңдаған *дравид* жұрттарының мәдениетіне ұласады. Ал арғы *элам* тілінде сөйлеушілердің Әли-Кош мәдениетінен басталған тіршілік үрдістері 5000 жылдай бұрын *көне элам* өркениеті мен жазуының туындауына жалғасады (Клягин, 1996, II.1.; Ренфрю, 1998; ИДВ, 1979: 277-284 б.).

Бүгінгі ғылым *шығыс ностра* тілдерінің бірте-бірте қалай сараланғанын осылайша тізбектеп таратады. Ол тармақтау жүйесінен арғы алтай тілдерінің тарих көшінде қалған соқталы іздерін де байқау қиын емес.

* * *

Ғылымның кейінгі жетістіктеріне арқа сүйеген Кембридж университетінің археология професоры К. Ренфрю, орыс ғалымдары Н. Клягин мен П. Пучков өз зерттеулерінде арғы алтай тілді қауымдардың қалың тобының әуелгі қоныстанған аймақтарын нақтылай атайды.

Оңтүстік Батыс Азиядан шығысқа қарай лықсыған *ностра* тілдерінде сөйлейтін жұрттар арасынан бөлінген арғы алтайлықтардың *артқы қапталы 14-13 мың жыл бұрынғы шамада Иранның теріскейі мен Орта Азияны мекендеген еді*, дейді олар. Бұл жайт, осыған дейінгі ғылыми еңбектерде анық айтыла қоймайтын.

XX ғасырдың жетпісінші жылдарында орыстың белгілі археологы Г. Е. Марковтың күнгей-шығыс Каспий, Орталық және Теріскей Иранда соңғы палеолит пен мезолит тоғысқан мыңжылдықтарда бір-бірімен туыс тайпалар мекендеген сыңайлы, деп назар аударғаны бар тұғын. Ғалым теріскей-батыс Ирандағы *Шанидар В2, Зарзи*, күнгей Каспийдегі *Бельт, Хоту, Гари-Камарбанд*, батыс Түрікменстандағы *Дам-Дам Чешме, Кайлю* тұрақтарынан табылған археологиялық жәдігерліктердің бір-бірімен тым ұқсастығын тап басып байыптап, оларды тек-тамыры жақын қауымдар қалдырған болуы мүмкін дегенді алға тартқан-ды (*Коробкова, 1989: 152-155 б.*). Алайда олардың қай этникалық топқа жататыны қауала қойылмаған еді. Әрине сол жылдары ол археологиялық жәдігерліктердің иелері – арғы алтайлықтар деп айтудың реті келмегені де белгілі.

Өйткені алтай тілділерге қатысты әңгіме бола қалса, олар тек Алтай тауының шығысын ғана жайлады деген таптаурын қағиданың нағыз күшейіп тұрған кезі еді ол. Сесі үстем сол ұстаным бойынша, арғы алтайлықтардың Алтайдың батыс беті, бүгінгі Кіндік Азия өңірі мен оған жапсарлас мекендерде қоныстануы мүмкін емес делінетін...

Неге?

“Негесі сол, алтайлық жұрттар негізінен моңғолоид нәсілдес. Ал біздің заманымыздан бұрынғы мыңжылдықтарда Алтай мен Каспий арасындағы аймақтардан антропологтар моңғол нәсілдес бас сүйектерді тапқан жоқ”, деген қарабайырлау жауап дайын тұрар еді мұндайда.

Кейде тәп-тәуір зерттеушілердің, тәп-тәуір еңбектер жазып отырып, дәл осындай тұстарға келгенде сылқ түсіп: “бұл бас сүйектердің алтайлық жұрт, арғы түрк қауымының өкіліне қатысты болуы мүмкін емес, ол осы өңірлерде *дравид*, *орал* немесе шығандап шыққан *үндіран* қауымы мекендегенін көрсетеді”, деген таптаурын уәжге құлап шыға келетінін қайтерсіз.

Моңғол тұрпаттылық қалай қалыптасты

Бұл пікірлердің туындауына – нәсілдердің қалыптасуына қатысты қозғалатын, бір жағы *полицентризм* (көп орталық) концепциясымен ұштасып жататын байыптаулардың әсер-ықпалы бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Полицентризмді жақтаушылардың пікірінше, *хомо сапиенстер* әлемнің әр шалғайында пайда болғандықтан, олардың нәсілдік жіктелуі де бірнеше ошақтарда өтеді, деп топшыланар еді.

Моноцентризм (бір орталық) идеясының меселі арта бастағалы бері, осы қос концепцияны бір-бірімен ұштастыратын көзқарастар да дүниеге келген болатын. Ол бойынша, *жаңа тұрпатты адам нәсілдерінің саралануы* соңғы палеолит (ж.с.д. 40000- 10000) дәуірінің бастапқы кезеңдерінен жер шарының екі аймағында: бірі – Батыс Азияда, екіншісі – Шығыс Азияда өтті делінеді. Яки, *дицентризм* деп аталған бұл концепция өз уәжін Қытай жерінен табылған кейінгі палеолит дәуіріне жататын неоантроптардың яки қазіргі тұрпатты адамдардың қазба сүйектерінен моңғол нәсіліне тән нышандардың байқалғандығымен түсіндіретін (*Алексеев, 1974: 127-143 б.; 1977: 62-67 б.*).

Бірсыпыра антропологтар мұны Батыс Азиядан Сары өзен (Хуанке) мен Қызыл өзен (Янцзы) атыраптарына жеткен неоантроп қауымдарының осы өңірде бұрыннан мекендеген палеоантроптар (ертедегі адамдар. 250 000 – 35000 ж.б.) ұрпақтарымен араласуынан пайда болған пішіндік қалып деп ұғындырады. Яғни, *хомо сапиенстер* мен *палеоантроптар* тұқымдарының бір-бірімен ілік-шатыстық мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды. Қытай ғалымдары бұл ретте моңғол нәсіліне тән бас сүйек бітімін шырамыттыратын морфологиялық түзілімдер мен сипаттар сонау *синантроп* (300 000 – 200 000 ж.б.)

қазбаларынан бергі нешеме неоантроптар қаңқаларында, әсіресе Чжукоудяң үңгір тұрағының ұйық жұртында үзілмей жалғасып келе жатқандығын дәлелдейтін деректерді де алға тартар еді (*С. Кучера, 1996: 130-160, 278-281 б.*).

Моноцентристік концепция болса, нәсілдердің жіктелуі – алғашқы адам жұрағаты Африкада тіршілік кешкен дәуірлерден нышан таныта басталған құбылыс деген тұжырымды қуаттайды.

Генетика ғылымының кейінгі жетістіктеріне сәйкес, бар адамзаттың Африкадан шыққанының дәлелденуі нәсілдердің саралануына қатысты туындаған соны пікірлерге де өміршеңдік сипат ұсынғанын айтуға тиіспіз. Бұл ретте әртүрлі нәсіл өкілдерінің саусақ пен алақан сызықтарының айырмашылықтарын зертеген дермитоглификалық мәліметтерге математикалық сараптаулар жасалған кезде еуропеоидтердің өзінің де бұдан 120 жылдай бұрын бүгінгі моңғолоидтардың ең ең арғы түп тектерінен бөлінгендігі дәлелденгенін еске алсақ та жеткілікті (*Хитъ, Кейта, 1981: 25-39 б.*).

Осы орайда *моңғол нәсіліне тән қазіргі айқын ерекшеліктердің туындау себебі* – неоантроптардың батыс ойкуменнен Қиыр Шығысқа жеткен алғашқы толқындарының әуелгі атажұрттарынан тым шығандап кетіп, ұзақ уақыттар бойы оқшауланып қалғандығына, бұрынғы тектермен аралас-құраластық үзілгендігіне қатысты генетикалық үдерістермен байланыстырылатын тұжырымдар бұрыннан бар екенін айтуға болады. Алайда ол бар адамзаттың шыққан төркіні Африка екендігі ДНҚ-ның тапжылтпас деректері арқасында ақиқатқа айналғанын кейін ғана шын мойындалды. Яки моңғолдық тұрпаттың әуелгі арғы тегінің де көктеген жері Алтай, Қытай емес, Африка құрылығы болып шықты. Және сол атамекендерінде олардың бітімдерінде қазіргідей моңғол тұрпаттылық нышан әлі анық байқала қоймайтын. Ол пішін кейіннен сол қауымдар Ішкі Азияға жеткен 50-40 мың жылдай бұрынғы уақыттан бастап қана тұрақтану сатыларынан өткен еді.

Сондай-ақ, орта палеолит дәуірінің соңында Шығыс Азияға дейін әлденеше мыңжылдықтарды басып өтіп жеткен адамдардың алғашқы толқындары арасында, әуелден моңғол тұрпаттылықты шырамыттыратын кей нышандарды сонау Африка жерінен ала келген қауымдардың кездесуі ықтимал

екендігін де қаперден шығаруға болмайды. Олардың Тынық мұхитқа маңдайлары тірелгенше, талай тектік, мутациялық тұрғыдағы өзгерістерге ұшырап, қилы-қилы ұрпақтар ауыстырғандығын да қаперде ұстау ләзім...

Сол алғашқы қауымдардың күн шығар жаққа қарай жылжыған тіршілік сапарларын шеті мен шегі жоқ өкірген ұлы мұхит кес-кестеген кезде, Жер шетіне жеттік деп ойлағандары да анық. Содан кейін олардың жүрек жұтқан батылдары суыққа төзімді жануарларға ілесе, теріскейге тереңдей еніп, ары қарай Аляска асты. Біраз қауым күнгейге қарай жатқан жылы өңірлерді игеруге кірісті. Ал Орталық Азия өңірі арқылы өткен бірер толқын Саян таулары ендігі мен Солтүстік Қытай арасындағы қоректік жануарлары көп далалық аймаққа ұзақ уақытқа орнығып қалған сыңайлы.

Олар ақырындап осы өңірдің табиғат жағдайына, ауа райының ерекшеліктеріне бейімделе бастайды. Бет-пішіндерінде қазір моңғол нәсіліне тән сипаттар деп табылатын морфологиялық түзілімдер беки түседі. Антропологтар моңғол тұрпаттыларға тән көз қиығы үстінің қатпарлы болуын (эпикантус), қабақтың қалыңдығын – олар мекендеген осы континенталды қуаң аймақта ұшырасатын қатты жел, құмды борандардан көзді қорғау дағдысының қалыптасуы әсерінен туындаған ерекшелік деп те таниды (*Янковский, ... 2001; Народы мира, 1988. 19-20 б.*).

Археологиялық, антропологиялық дәйектер Ішкі Азияға дүркін-дүркін жетіп орныққан алғашқы *есті адам* қауымдарының әлденеше мыңжылдықтарға ұласқан дербес даму эволюциясы барысында, соңғы палеолиттің әуелгі кезеңдерінен бастап қана, олардың бітімдерінде моңғол пішіндік нышандардың қылаң бере бастағанын алға тартады. *Оның бір дәлелі, бұдан 45-40 мың жылдай бұрын Америка аса бастаған “түпкі түріктердің” өздерімен бірге моңғол нәсіліне ұқсас белгілерді ала кетуі.* Ал Америкаға қоныс аудармай, Ішкі Азия өңірлерінде қалып қойған жұрттарда әртүрлі араласу-құраласу ықпалдарының әсерінен уақыт өткен сайын континенталдық моңғол нәсілінің сипаттары айқын тұрақтала бастады. Ол антропологиялық белгілер кейіннен біртін-біртін Тынық мұхит бойында қалыптасқан оңтүстік азиялық тұрпаттарға да ауысты (*Чебоксарев, 1976: 10-24 б.*;

Крюков., Сафронов, Чебоксарев, 1978: 50-51 б.; Васильев. 1977: 142-149 б.).

Бұл айтылғандардан шығар қорытынды, айқын моңғолоидтық ерекшелік әу баста арғы алтай жұрттарына түгелдей тән болмаған Ол – сол алтайлықтардың әлі ностра тілдері қауымынан жіктеліп, бөліне қоймаған кездерінде Ішкі Азияға жеткен, бәлкім, әуелден осы морфологиялық түзілімге бейім алдыңғы толқындардың жергілікті аймақтағы тектік, климаттық өзгерістерге ұшырауынан кейін ғана тиянақты саралана бастаған, кейіннен сол шығыс аймақты тұтас қамтыған нәсілдік нышан. *Ал олардың Оңтүстік Батыс Азиядан бері жүріп өткен жолдарында шоғыр-шоғыр боп тізбектеле ірге теуіп, тұрақтанып қалған, бастапқыда шығыс ностра, содан соң арғы алтай-орал, одан кейін арғы алтай тобы тілдерінде түсініскен жұрттар көне еуропеоидтік нәсілге тән белгілерімен ғұмыр кешіп жатты.*

Палеоантропология ғылымы бүгінгі қазақ жері мен оның оңтүстігіндегі аймақтарды ж.с.д. I мыңжылдықтың орта тұсына дейін мекендеген адамдардың тек еуропеоидтік нәсіл өкілдері болғанын айтады. Олардың бітімдерінде моңғолоидтық сипаттың қылаң беруі сақ заманынан ғана басталады (*Гинзбург, Трофимрва, ...1972; Исмағұлов, Сиқымбаева., Исмағұлова, 1993: 18-34 б.; Исмағұлов, 1998: 264-287 б.; 2002: 20-28 б.).*

* * *

Яки, *алтай тілдері* тобына енетін жұрттардың бәрін тұтасымен моңғолоид нәсіліне жатқыза салудың келеңсіздігіне жоғарыда айтылған айғақтардың өзі-ақ дәлел. Қазіргі заманғы глоттохронологиялық зерттеулер *алтай-орал* тілдерінің бір-бірінен бөлінуі бұдан 13 000-12 000 жыл бұрын шамасында өткенін байыптатады. *Ал бұл дәуірлерде Орталық, Ішкі Азияны мекендейтін алтайлықтардың артқы қапталының іргесі әлі Иран жерінің теріскей-батыс аймағынан ажырамай тұрған болатын. Қап тауының оңтүстігінен Байкал маңының жазираларына дейін тұтасып жатқан осы ұйық жұрттарында алтайлық қауымдар әлі де талай мыңжылдықтар бойы тұтаса өмір сүрді. Шығысқа әуелгі толқынмен кеткен алдыңғы легі – моңғолоид нышанына ауысып жатса да, қазіргі қазақ жері және*

одан күнгейге, күнгей-батысқа қарай, Кап тауы мен Каспийдің оңтүстігін қоса қамтып жатқан ұлыдалалық атамекендерінде қоныстанып қалған кейінгі қапталы – *сол еуропеоидтік қалыптарын бұзбай ұстап қалды. Бұдан 10000-4000 жылдар бұрын осы алып еуразиялық аймақта алтай тілдерінің арғы түрк, арғы моңғол, арғы тұңғыс, арғы мәнжүр, арғы корей, арғы жапон тілдеріне саралануының ілкі нышандары басталды.*

Академик П. И. Пучков осы орайда алтай тілді жұрттардың әу бастан еуропеоид тектес болғанын, осы нышан, әсіресе *түрк* халықтарында көптеп сақталғанын қадап айтады. Ал *моңғол, тұңғыс-мәнжүр, корей, жапон* жұрттары арғы тектерінің шығысқа қарай жылжып, сол өңірде ұзақ тұрақтап қалуы барысында, олар өздерінің бастапқы еуропеоидтік белгілерін толығымен жоғалтқан еді, дейді (*Пучков. www.cbook.ru*).

Ілкі алтайлықтардың бүгінгі Орталық Азияның оңтүстігі мен батысындағы Орта Шығыс аймағында өздері сияқты *шығыс ностра* тобына енетін *арғы элам, арғы дравид, арғы орал* тілдерінде сөйлейтін жұрттармен қатар қоныстанғаны белгілі. Бұл тілдер де алтай тілдері сияқты түбір сөздің соңынан немесе алдынан түрлі қосымшалар жалғану арқылы грамматикалық тұрғыда түрленетін *жалғамалы* (агглютинативті) тілдерге жатады. Яки, қосымшалар тіркелгенде, түбір сөз өзгеріссіз қалады. Аталған тілдердің осы құрылымдық ерекшелігі, олардың байырғы дәуірлердегі бір-біріне жақындығынан да хабардар етеді.

Шығыс ностра тілдеріне тән осы өзгешелік, олардың әу бастағы ортақ атамекенінде, батыс ностра тілдерінен бөлінгеннен кейін қалыптаса бастаған сыңайлы. Өйткені батыс ностра тобына жататын үндіеуропа, семит-хамит тілдері негізінен *қопармалы* (флективті) тілдер аясына топтастырылады.

Қопармалы тілдерге сөз ішіндегі дыбыстарды өзгерту арқылы жаңа сөз жасау, ішкі флексия, түбірге жалғанған қосымша арқылы бірнеше грамматикалық мағынаны көрсете алу тәсілі тән екені мәлім.

* * *

Шығыс ностра тілдерінде сөйлейтін қауымдардың кейінгі қапталының Таяу Шығыстан Иран бағытына қарай ақырын-ақырын лықсуының (16-14000 ж.б.) соңын ала, осы дәстүрлі көші-қон бағытымен *сино-кавказ* деп топтастырылатын тілдердің ілкі диалектілерінде сөйлейтін жұрттардың бір бөлігінің де шығысқа жылжуы басталған еді, дейді кейінгі зерттеулер. Ғалымдар арасында сино-кавказ тобының құрамына өзара ежелгі байланыстары бар *баск, солтүстік кавказ, енисей, қытай-тибет, на-дене* тілдері енеді дейтін пікір орныққан. Алайда алыстан қосылуы мүмкін бұл тұтастықтың дәлелдері әлі жеткіліксіз, деп есептейтін кей зерттеушілер кавказ тілдерін бір бөлек, қытай-тибет тілдерін бір бөлек қарастырғанды жөн көреді.

Глоттохронологиялық талдаулар нәтижесі әуелгі түп бастауы *ностра* тобына жақындау болды деп есептелетін ілкі *сино-кавказ* тілдерінің өз ішінде жіктелуі 14000- 13000 ж. б. шамада Анадолы аймағының (бүгінгі Түркияның) шығыс бетінде өтуі мүмкін екендігі тұспалдайды. Әуелде сино-кавказдықтар тобына енген арғы *солтүстік кавказ, баск* тілдері – әуелгі атамекенінен көп ұзамай, Қап тауын төңіректен қалып қойды. Ал, *енисей, қытай, тибет, на-дене* тілдерінің ілкі түзілімдерінде ұғынысатын жұрттар өздерінің шығысқа қарай тереңдеп ілгерілуін Кіндік Азия және Үндіқытай түбегі арқылы жалғастыра берген еді (*Пучков, www*).

Глоттогенездік сараптаулар бойынша, *қытай* тілінде сөйлейтін жұрттардың түп тегі бұдан 7000-6000 ж. б. Янцзы өзені алабына келіп жетті делінеді (*Иванов, 1990: 611 б.*).

Алайда бұл болжамды мерзімдерді үш-төрт мың жыл ілгерірек жылжытуға да болатын сыңайлы. Себебі, қазіргі кезде Канада мен Аляскада және оған жапсарлас аумақтарда мекендейтін, сөз құрылымы одан басқа үндіс тілдерінен кәдімгідей бөлектенетін *на-дене* тобындағы тілдерде сөйлейтін жұрттардың арғы тектері Америкаға соңғы Сартан мұз басу дәуірінің (25-10 мың ж. б.) кейінгі кезеңдерінде, яғни Беринг мойнағы бұғаз боп жабылар алдында өтті, деп байыпталады. Бұл *сино-кавказ* тілдерінің Анадолы аймағындағы ілкі ыдырауы, *шығыс ностра* жұрттарының кейінгі топтарымен шамалас 14 000-

13 000 ж. б., ал Ішкі Азия мен теріскей Қиыр Шығысқа жетуі 12 000-11 000 жылдар шамасына тұспа-тұс келеді, деп жорамалдауға мүмкіндік әпереді.

Демек, алтайлықтармен қабаттаса лықсыған түпкі қытайлық қауымдардың да Қызыл өзен (Янцзы) алабына осы шамада табан тіреуі мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды. Сино-кавказ тобына енетін *енисей (кет)* тілдерінде сөйлейтін жұрттардың Сібірге дейін жетуі де сол замандардағы көші-қон үдерісінің бір нәтижесіне саяды.

Ал оған дейін осы және оған қапталдас теріскей мен күнгеі аймақтарда алғы легі 50 мың жылдай не одан да ілгергі замандарда келіп жеткен, түп ностра, түпкі алтай тілдерінде ұғынысатын, біреер толқыны Америкаға да өтіп кеткен, өздері моңғолоид тұрпатқа бейім адамдар тіршілік кешуде еді (*Захаров, 2003; Крюков,...* 1997: 142-149 б.).

Сол дәуірлерден кейін Ішкі Азияның оңтүстік бетінде түпкі негізі Анадольдан тамыр тартқан *қытай-тибет* тілінің өркен жаюы да басталады...



II тарау

КІНДІК АЗИЯДАҒЫ АЛТАЙЛЫҚ ЖҰРТТАРДЫҢ ІЛКІ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОТЕКТІК ИШАРАЛАР



Самарқаннан Сібірге дейінгі ортақ сілем

Орталық Азияның ежелгі этникалық тарихына қатысты тақырыпты түптен қаузағымыз келсе, оны ілкі және шығыс ностра жұрттарының алғы лектері толқын-толқын боп Америка аса бастаған замандардан бері тарқату ләзім.

Өйткені дәл сол, орта палеолиттің соңы мен кейінгі палеолиттің алғашқы жартысын қамтитын *Каргин* (Орта Валдай) мұзаралық кезеңі (50-25 мың ж.б.) Орталық, Ішкіазиялық кеңістіктерде мал мен жанның өмір сүруіне қолайлы жағдайлар орнаған мыңжылдықтарға саяды. Оған дейін Сібір өңірінің жиырма мың жылдай Зырян мұз дәуірінің құрсауында жатқаны

мәлім. Ал Каргин жылымығы туғаннан кейін сол тұтас мұздықтар ери-ери теріскейге қарай ығысқан еді. Мұздан, тоннан босаған кеңістіктерде соны аң өрістері ашылды. Талай мың жылғы мұз ызғарынан жүдеу тартып тұрған өңірлер жасыл тоғайлы, көгорай шалғынды өлкелерге айналды. Бұрын тұяқ тимеген мекендерге қоректік жануарлармен бірге Адам Ата – Хауа Ана ұрпақтары да жаппай аяқ басты.

Әрине, ол аңшы-терімші қауымдардың үзік-үзік толқындарының бір шеті Аляскаға дейін өріс ұзартқанымен, бірсыпыра бөліктерінің жолшыбай тіршілікке оңтайлы аймақтарда топ-топ болып қоныс теуіп қалғаны да белгілі. Археологтар Қарабұғаз көлінің күнгеіндегі – Янгаджа; Зеравшан бойындағы – Самарқанд; Ангрен, Шатқал өңіріндегі – Құлбұлақ, Обирахмат; Памирдің батысындағы – Шогноу; Оңтүстік Қазақстандағы – Ащысай; Орталық Қазақстандағы – Хантау, Тораңғы, Батпақ; Үстірттегі – Есен; Ертіс бойындағы – Қанай, Шұлбі; Алтайдың теріскейіндегі – Кіші Сыя; Ангара алабындағы әйгілі Мальта, Бурет; Ленаның бас жағындағы Макарово; Байкалдың шығысындағы – Варвара тауы сияқты тұрақтардағы тас құрал үлгілерін, фауналық қалдықтарды, тұрмыс-салт сілемдерін, қолөнер туындыларын сараптай келе, олардың Каргин мұзаралық кезеңінде ғұмыр кешкен есті адам қауымдарының қоныстары деп таниды (*Палеолит СССР*, 1984: 136, 147, 302-334 б.; *Таймағамбетов*, 1987: 12-21 б.; 1996: 79-81 б.).

Осы орайда әйгілі археолог А. П. Окладниковтың өз кезінде Самарқанд тұрағынан табылған тас құралдар кешені түзілімдерін Мальта-Буреттегі сол тектес жәдігерліктермен тым ұқсас деп тапқанының, кейінгі генетикалық жетістіктер нәтижесімен үйлесіп жатқаны да назар аудартар еді. Ол өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жазған еңбегінде бұл жақындықты «Шығыс және Батыс Сібірдің палеолиттік тұрғындарының Орта Азия, сондай-ақ одан да әрі жатқан азиялық өңірлер тұрғындарымен тығыз мәдени, яғни этникалық байланыстарын көрсететін» айқын ишаралар ретінде тұжырымдаған болатын (*Абрамова*, 1984: 308, 333 б.). *Кезінде ғалымдар арасында сәл күдік білдіріле қабылданған бұл пікірдің бүгінгі күні түпкі түркілік тіл салмағы басымдау палеолиттік қауымдардың*

шығысқа қарай толқын-толқын боп жылжыған бағытымен, ностра теориясы ақиқатымен дәп шығып жатқанын байқау қиын емес.

Ал геологиялық жасы – Каргин мұзаралық кезеңінің соңғы жағы, әлі Сартан дәуірінің қатты суығы түсе қоймаған 25 мың ж.б. мерзімге шамаланатын *Мальта мен Бурет тұрақтары* – кейінгі палеолиттің әлемдік деңгейдегі ең айшықты мәдениеттері қатарына жатады. Ангара бойында қатар орналасқан (арасы 7-8 шақырым ғана) бұл қоныстар тұрғындары қабырғасы зіл (мамонт), мүйізтұмсық сүйектерінен немесе жалпақ әктастардан көтеріліп, төбесі терілермен жабылған, дәл ортасында тас ошақ орналасқан дөңгелек жеркепелерде мекендепті. Зілдің азу тістерінен тамаша мүсіншелер жоныпты. Екі тұрақ орнынан табылған 40-қа жуық шағын мүсіншелердің көбі киімді әйел кейіптерін бейнелейді. Араларында бет пішіндері анық ойылғандары да бар. Сүйек мүсіншелер арасынан Еуразияның палеолиттік өнерінде сирек кездесетін құс бейнелерін де көруге болады. Олардың дені ұшып бара жатқан су құстарын сипаттайды. Мүсіншелерді әдетте аяқ жағынан тесіп, мойынға тағуға немесе киімге тігуге пайдаланған. Сүйектерден инелер, түйрегіштер, біздер, түймелер, алқалар, моншақтар мен түрлі-түсті әшекейлер жасалған.

Мальта тұрағының тағы бір айтулы ерекшелігі – онда сол замандарға тән жерлеу жораларын айқын аңғартатын, Сібірдегі кейінгі палеолиттік жалғыз қабірдің табылғаны еді. Қабірдің беті әбден тегістеліп, жер боп кеткен екен, оның сопақтап қазған шұңқырының шығысы мен батыс жағына екі тақта тас тігінен, бір-біріне қарай сәл иіле тұрғызылыпты. Тағы бір тақта тас олардан 73 см. төмендікте көлденеңінен жатыр. Үстінде зілдің (мамонтың) үлкен тісі. Сол тастың астындағы қуысқа басын солтүстік-батысқа қарата, екі қолын жанына жіберіп, тізесін сәл бүге шалқасынан жайғастырылған төрт жасар баланың мүрдесі қойылыпты. Сүйегіне қызыл жоса құйылған.

Ғылымда «Мальта бөбегі» деген атауға ие болған сәби мүрдесінің бас жағында зілдің азу тісінен ойылған дөңгелек диадема-тәж, мойын тұсында сүйектен жасалған 120 моншақ пен әдемі өрнектері бар алқа жатыпты. Беліндегі ортасы тесік дөңгелек алқа бетінде ирек сызық (*от тәңірісі – жылан бейнесі*)

бедерленген. Кеудесінде ұшып бара жатқан құсты бейнелеген жұқа мүсінше. Оң қолының қарына зіл сүйегінен ойылған білезік кигізіліпті. Жанында шақпақтастан жасалған пышақ тектес бұйым, аяқ жағында шағын тас құралдар жайғасыпты (*Окладников, 1980: 38-53 б.; Абрамова, 1984: 315, 328-333 б.*).

Мальта қабірінен табылған ғұрыптық ишаралар сол дәуірлердің өзінде өлгендерді қадірлеу культі, олардың жаны басқа дүниеге ұшып кетеді (мүрденің жанындағы құс бейнелері), ол жақта да адам жердегідей өмір сүреді, аң аулайды, үй салады, сүйек пен тастан қару-жарақ жасайды, дейтін сенімдердің болғандығын паш етеді. Сондықтан о дүниеде денеден тіршілік нәрі, қан ағыны үзілмесін деген ниетпен – мүрделерге оны алмастыратын *қызыл жоса* себіледі.

Жерлеу жорасына қатысты бұл жайттардың бәрін тәптіштеп жатуымыздың да өз жөні бар. Өйткені алдағы беттерде әртүрлі археологиялық мәдениеттерге орай әңгіме қозғалғанда, олардың кей үрдістері мен наным-сенімдерінде сол 25 мың жылдай бұрынғы Мальта-Бурет дәстүріне ұқсаңқырап жататын жерлеу ғұрпының мысалдарына да ұшырасып қалатын боламыз.

«Мальта бөбегінің» бас сүйегі қатты бүлінгендіктен, ғалымдар оның антропологиялық тұрпатын анықтай алмады. Алайда сүйектен жасалған әйел мүсіншелеріндегі бет-пішіндердің сипатталуына қарап, Мальта мен Буретте моңғол тұрпаттылық нышандары бар қауымдар мекендеген сынайлы деген болжамдар да орныққан (*Абрамова, 1984: 329 б.*). Аляска асқан түпкі түркітерге қатысы бар ежелгі үндістердің рең-бастарында да моңғол тұрпаттылық сілемдер бар екенін еске алсақ, бұл пікірлер де ақиқаттан алыс кете қоймайтынын аңғарамыз.

Тұранның ежелгі тұрғындары

Каргин мұзаралық кезеңінде ежелгі адамдардың жан-жаққа таралуына қолайлы жағдай орнаған жұмсақ климат 25 мың ж. б. шамаларға дейін созылды. Одан кейін Батыс Сібірде ызғарлы Сартан мұз дәуірі (25-10 мың ж. б.) басталды. Оны кейде Зырян дәуірінің екінші кезеңі ретінде де таниды.

Әдетте, суық түскен замандарға тән ерекшелік – қиыр теріскейді мұздықтардың ерімеуі салдарынан, далалық өңірлерде

өзендер мен көлдердің суы кемиді, ылғалдылық азаяды, өріс қуаңданады. Мұндай жағдайларда түз тіршілігіне бейімдеу киік, бөкен, жылқы тұқымдас жануарлар жойқын ызғардан қаймығып, күнгей аймақтарға қарай ығысса, бұрындары олармен аралас-құралас жайылып жүрген суыққа төзімді зіл (мамонт), жүндес мүйізтұмсық, бизон, бұғы, койбұқа, бұлан секілді аңдар мұздықтармен іргелес оты мол өрістерден жылжымай қалып қояды. Қоректік жануарлардың маңынан адам қауымдары да жіпке байланғандай, ұзап кете алмайды. Яки, бұған дейін от жағу, баспана тұрғызу, қымтанып жылы киіну дағдыларын меңгеріп алған есті адам жұрағаттарының біраз топтары мұз басқан Сібірдің суығымен арпалыса жүріп, тырбанған тіршіліктерін ілгері қарай ұластыра берген еді. Олар аң үйірлерінің соңынан ілесе, Америка асып жататын үздік-создық сапарларын Сартан мұз дәуірінде де үзбестен, ауық-ауық жалғастырып тұрған.

Алайда 15 мың жылдай уақытқа созылған суықтың ақыры, шөптесін өсімдіктер және бұталармен қоректенетін зілдердің түбіне де жетті. Бұл ірі жануарлардың кейінгі палеолиттің соңына қарай құрып кетуіне қатысты бірнеше себептер айтылады. Олардың бірінде зілдер мен мүйізтұмсықтар аса қатты суықтан ұшып өлді делінсе, келесілерінде: қимыл-қозғалысы икемсіз аңдар адамдардың аңшылық әрекеттерінің тым күшейіп кетуінен зардап шекті; ұзақ мұз дәуірінің ызғарынан туындаған жайылым тапшылығына ұрынды; жердің магнит өрісі өзгеруінің әсерінен жойылды деген пікірлер ортаға тартылады. Қайткен күнде де олардың тіршіліктерінің жалғаспауына, климат пен айнала ортаға қатысы бар әйтеуір бір дүмпулі өзгерістің себепкер болғаны анық (*Лазуков,.. 1981: 133-135 б.; Матюшин, 1996*).

Қимылы икемсіз ірі аңдар азая бастағаннан-ақ, адам қауымдары қозғалысы жылдам қоректік жануарларды аулаудың жаңа тәсілдерін игеруге кіріскен еді. Олар ұштарына үшкір тастар мен өткір сүйектерді бекіткен қолға оңтайлы келте найзалар жасауды меңгерді. Қаумалап аулау, апандарға құлату, аң-құс өрістеріне тұзақ қою, суат басында аңду секілді әдістерге бейімделді. Келте найза, садақ тектес қарулар дүниеге келе бастады.

Бұл күнкөріс тәсілдері әсіресе жүйрік түз тағылары мекендейтін далалық өңірлерде қауырт дамыған еді. Батыс

Сібірде – Сартан, Шығыс Еуропада – Осташков мұз дәуірлері туысымен, соған дейін Батыс және Шығыс Сібір аумақтарында тіршілік кешіп жатқан бірталай адам қауымдары солтүстіктің қытымыр ызғарынан қаймығып, оңтүстікке қарай ойысқан болатын. *Сөйтіп, олар талай мыңжылдықтар бойы, теріскейі – Жалпы Сырт қыраты, Торғай үстірті, Алтай ендігі, күнгейі – Тянь-Шань, Памир, Гиндукуш, Көпетдагтың асу бермес мұз көмкерген таулары, шығысы – Тарбағатай, Жоңғар Алатауы, батысы – Каспий теңізі тұйықтаған орталықазиялық аумақта, негізінен алып шара секілді Тұран ойпаты мен оған іргелес өңірлерде тұрақтап қалды. Қарақұм мен Қызылқұмның, Үстірттің қойнаулы тұстарын ықтады.*

Палеографиялық дәйектер мұхитпен қосылмайтын Каспийдің Орта Валдай (Каргин) мұзаралық жылымық кезеңінде оған құятын Еділ, Жайық, Ойыл, Сағыз, Жем және Кавказ дарияларының ағыл-тегіл тасуы арқасында аса мол сулы теңізге айналғанын айтады. Ол 54-35 мың ж.б. өткен *ертехвалын трансгрессиясы* (тасуы) кезінде қазіргі деңгейінен 50 метр биіктікке көтеріліп, теріскейі – Жигули тауларына, солтүстік-шығысы – Мұғалжардың батыс етегіне дейін жеткен, күллі күнгей-шығыс Каспий, Кура ойпаттарын басып қалған зор акватория құрапты. Ақыры кемерінен асқан теңіз суы ілгергі палеолит замандарындағы ескі бұғаз арнасын кеулей-кеулей қазіргі Кума-Маныш ойысы арқылы Қара теңізге қарай ақтарылыпты. Ғалымдар *ерте хвалын* трансгрессиясы кезінде ерекше қатты көтерілген теңіз деңгейінің 20-25 метрге дейін күрт түсуін осы қуатты орып кетудің әсері ретінде түсіндіреді (*Палеолит СССР, 1984: 21,26,32 б.*). Осы шамаға төмендегеннен кейін, оның Қара теңізге қарай құлауы да со бойы тоқтап қалған еді.

Сартан (Шығыс Еуропада – Осташков) мұз басу дәуірі кезінде Каспий теңізінің деңгейі тағы көтеріліпті. Бұл өз бастарын негізінен аласа қыратты, орманды аймақтардың күнгей беткейлерінен алатын өзендердің сағаларында суық кездің өзінде мұз бен тоңның жылғаларға айналып жатуы тоқтамағанын көрсетеді. Оның үстіне солтүстікке қарай ағатын өзендердің тау-тау мұздықтар қабатынан жаратылған биік тоспалардан әрі өте алмай, оңтүстікке қарай кері лықсығаны туралы да тұжырымдар

бар. 20-11 мың ж.б. аралықта өткен сол *кейінгі хвалын трансгрессиясы* кезінде, қазіргі Каспий ойпаты мен күнгейдегі Кура, Батыс Түрікмен еңістері тағы да су астына шөккен болатын.

Ал Тұран ойпатының қазаншұңқырында орналасқан Арал теңізі алабының кейінгі 20 мың жылдық палеоклиматтық жағдайын барлаған зерттеулерге қарағанда, оның деңгейі 20-12 мың ж. б. аралықта тым төмен болып, Сырдария және Әмудария арнасынан 9-10 текше километр ғана су ағып тұрыпты. Бұл бір жағынан, қос өзен бастарын алып жатқан биік Гиндукуш, Памир, Тянь-Шань тауларының мұз басу дәуірі әсеріне күштірек ұшырап, қатты суықтан мұздықтардың көп ери қоймағанын да көрсетеді. Зерттеу қорытындылары сол мыңжылдықтарда Орталық Азияның оңтүстігіндегі дариялар алабында ауа райы қазіргіге қарағанда, 10-14 градус төмен, салқын, қуаң болғанын анықтады (*Трофимов, Квасов, 2000*).

Демек, жоғарыда айтылғандардан түйеріміз, Сартан (Осташков) мұз дәуірлері кезінде оңтүстік өңірлерге ойысқан адамдардың өмір сүру жағдайы да аса қолайлы бола қоймаған. Күнкөріс қиындаған осы салқын кезеңдерде жергілікті қауымдар өзен, көл бойларын паналап, тау баурайларындағы үңгірлерді мекендеуге көшкен еді. Суатқа келген жылқы, құлан, түйе, киік, дала қойы сияқты түз аңдарын аулау тәсілдерін жетілдірді, балықшылық дағдыларды меңгерді, тас құралдардың қолға оңтайлы түрлерін жасауға бейімделді.

Сол ұмтылыстардың арқасында Тұран аумағында біртін-біртін өндіруші шаруашылықтың алғашқы белгілері нышан бере бастады. Адам қауымдары тіршілік аса қиындап кететін қатты қыс маусымына қамдану, қажетті тамақ қорын жасау амалдарын ойлап табуға кірісті. Аңшылар түз жануарларын қаумалай қуып, аузы қысаң тұйық шатқалдар мен жыраларға қамауды, сол қоршаулардан қажеттерінше ғана пайдаланып тұру машықтарын үйренді. Ғалымдар арасында Каспий-Арал ортасындағы Үстірт жонынан табылған айналасы таспен қоршалған өте ежелгі қаумалау орындары да сол замандардан жеткен сілемдердің ізі болуы мүмкін дейтін жорамалдар бар (*Магомедов, .. 1997*).

Жануарларды осы тектес жан-жағы тұйық мекендерде қамап ұстау тәсілі сол қоршаулардың маңайында бір-біріне жақын,

ағайындас қауымдардың қоныстану үрдісін қалыптастыра бастады. Мұндайда жануарлар аш қалмас үшін оларға шөп беріп тұру қажет болатындығы да алға тартылғаны сөзсіз. Жұлып әкелген шөптермен қоректендіру барысында жабайы қой-ешкі, жылқылар мен киіктердің үркектігі азая түсетіні де байқалды. Осылайша жануарларды қолға үйретуге болатынына көз жеткізілді. Біртін-біртін андарды қаумалау, қоршауларға қамау секілді, көп адам күшін керек ететін әдістер, кейінгі палеолиттің соңына қарай жануарларды қолға бағып көбейту тәсілдеріне алмаса бастады. Сөйтіп, Тұран ойпатының алып шара секілді аумағын жайлаған автохтон жұрттар мұз дәуірі кезіндегі тіршілік үшін арпалыс барысында, Таяу Шығыс аймақтарындағы адам қауымдарымен қатар әлемде алғашқылардың бірі болып, мал шаруашылығының ілкі талпыныстарын жасады...

Соңғы Сартан мұз дәуірі суығының зәрі 13 мың ж.б. шамада ғана сына бастады. Соған байланысты Орталық Азия мен оған іргелес өңірлердегі палеоклиматтық жағдайлар да аумалы-төкпелі өзгерістерге ұшырады. Бір қызығы, мұз басу кезеңіндегі *Хвалын трансгрессиясы* ауқымында маңайының бәрін басып қалған Каспий теңізінің көлемі мұздықтардың көл-көсір еруіне орай, одан әрі көбеюдің орнына, 11300 ж.б. мерзімнен бастап күрт азаю құбылысына (*Бекдаш регрессиясы*) ұшырапты. Ғалымдар мұны мол сулы Еділ дариясының бас жағындағы алаптардың талай мыңжылдықтар бойы зілбатпан мұз таулары астында жаншылуына байланысты, ойыс тартқанына, сондықтан да өзен сағасы мен Еділге сол аумақтарда құятын салалардың өз бағыттарын негізінен солтүстік теңіздерге қарай бұрып кеткеніне байланысты түсіндіреді (*Магомедов, .. 1997*). Ақыры Каспий сол төмендеу барысында 10500-9700 ж.б. аралықта бір рет көтерілгенімен (*Сартас трансгрессиясы*), одан кейінгі мың жарым жыл шамасында тағы күрт құлдылап, мұхит деңгейінен 75 метрге дейін төмендеп кетіпті (*Маңғыстау регрессиясы*).

Ал бұл мыңжылдықтарда Сырдария мен Әмудария сағаларындағы биік тауларды құрсап жатқан мұздардың жіпсуінен – Арал теңізі біртіндеп суға тола бастаған еді. Суықтың беті қайтып, өзен-көлдер ағынының молаюы, талай мың жыл жүдеу тартқан ойпаттар мен жазық өңірлерге жаңа тіршілік лебін әкелді. Табиғаттың сол оянуымен бірге бұған дейін негізінен

Орталық Азия мен Ішкі Азияның өмір сүруге қолайлы қойнауларында ғана бұйығы күн кешіп жатқан есті адам қауымдарының әр тарапқа қарай серпілу үдерістері де қатар жүрді.

Бұл замандарда – орта палеолиттің соңғы жағынан бермен қарай, Қап тауының оңтүстік бетіндегі өңірлерден бастап, Аляскаға дейінгі алып аумаққа қанатын жайған, әуелі *ілкі ностра*, одан кейін *шығыс ностра* аясына енген *арғы алтай-орал* тілдерінде ұғынысқан жұрттар, енді сол макротілдердің әрі қарай жеке-жеке тармақтарға саралану сатысын бастан өткеруде болатын (Клягин, 1996: II. I; 2002: II).

Осы ақиқаттан Кембридж (Ұлыбритания) университетінің археология профессоры К. Ренфрюдің Тұран ойпаты мен Көпетдағ (Көптау) жоталары аралығындағы Қарақұм қойнауларындағы, келешекте Жейтун мәдениеті аясына енетін өңірлерде мұз дәуірінің соңына таяу, ж.с.д. XII мыңжылдық шамасында алтайлықтар мекен етті, деп тұжырым жасағаны да алшақ кетпейді (Ренфрю, 1998: 116-117б.). Бұл дәйектің өзі де дәл осы аймақта ж.с.д. YII мыңжылдықтан бастап өркен жайған неолиттік Жейтун өркениетінің арғы тегі алтайлықтар үшін бөтен еместігін көрсетеді. *Ал Жейтун мәдениетінің арғы төркіні – одан батысқа қарай қапталдаса жайғасқан Оңтүстік-Шығыс Каспий маңындағы әйгілі Бельт, Хоту, Гари-Камарбанд, Үлкен және Кіші Балқантау жоталары мен Красноводск үстіртіндегі Дам-Дам-Чешме, Қайлу, Жебел тұрақтарындағы ж.с.д. XI-YII мыңжылдықтарға тән мезолит (орта тас) дәуірінің тас құралдар үрдістерімен сабақтаса өрбігені бұрыннан аңғарылған болатын* (Окладников, 1956 (а): 124; Массон, 1989 (а): 43).

Түп-төркіні осы өңірдегі жоғарғы палеолиттік төл дәстүрлерден бастау алатын бұл тұрақтарды қазір *Балқантау, Шығыс Каспий маңы* археологиялық кешені деп тану қалыптасқан. Мезолиттің басында сол шығыс каспийлік-балқантаулық қауымдардың аңшылық, еңбек құралдарында «геометриялық микролит» деп аталатын тәсіл кеңінен тарапты. Ол сабы ағаштан, сүйектен жасалған қару-жарақтардың ұшына қыстырма техникасы арқылы, шақпақтастан шағылған сегмент (кесік), трапеция (қостабан), үшбұрыш пішінді өткір, істік тас қалақшаларды қарамаймен (асфальтпен), шайырмен қатырып

тастайтын әдіс еді. Тас тілікшелерінің тым шағын болуына байланысты оны археологияда – «микролиттер» деп атау қалыптасқан.

Микролиттік техниканың таралуы – ежелгі қауымдардың аңшылық, еңбек жарактарын жетілдіру жолындағы елеулі ілгерілеушілігін, яғни мезолитке өтуін байқататын белгіге жатады. Әдетте бұл тәсілдің дүниеге келуі жоғарғы палеолиттің соңы мен мезолит дәуірінің (ж.с.д. XI-ҮІІ мыңжылдықтар) басында садақтың пайда болуымен байланыстырылады. Сол кезеңдерде жебе ұшына жеңіл істік тас бекіту арқылы оның өткірлігінің, қадалу қуатының күрт артуы айтулы жаңалыққа баланған еді. Микролиттер, сондай-ақ келте найзалардың ұштары мен пышақ жүздері ретінде де кеңінен қолданылады (*Авдусин, 1977: зл.3. www.;* *Матюшин, 1996: Микролиты*).

Ғылымда әуелден-ақ оңтүстік-шығыс Каспий маңы өңірлерін өзіндік төл «геометриялық микролиттер» тәсілі өрістеген ең көне әрі қордалы ошақтардың бірі ретінде тану қалыптасқан. Оның үстіне ол жарақтардың жасалу тәсілдерінің ұқсастығына қарап, бұл жапсарлас жатқан тұрақтарды мезолит замандарында этникалық жағынан туыс қауымдар мекендеген болуы керек деген орнықты пікірлер бұрыннан да айтылып қалатын (*Мезолит СССР, 1989: 154 б.*). *Енді сол туыс, бір-біріне жақын жұрттардың кейінгі зерттеулер нәтижесінде, алтайлықтар екені нақтыланып жатқан кезде, Жейтун аймағынан шығысқа қарай созылған тау тізбектерін бөктерлей: Әмудария сағасы мен Зеравшан алаптарындағы жазықтарда, Сыр бойы, Қаратау баурайы, Жетісу, Орталық Қазақстан, Ертіс, Алтай өңірлерінде қоныстанған адам жұрағаттары арасында арғы алтайлықтар да өмір сүрді деп айтудың қисыны келетіндей.* Оны Әмударияның бас жағындағы, бүгінгі Тәжікстан жерінде орналасқан Обикиік мезолиттік тұрағының жәдігерліктері де жоққа шығармайды. Археологтар оның шақпақтастан шағылған микролиттерінен Дам-Дам-Чешме тас құралдарының жасалуына ұқсас дәстүрлер ізі байқалатынына мән береді (*Сонда: 165-166 б.*).

Мұз дәуірінен соң, қазіргі геологиялық кезең – *голоценнің* басталып, күн жылынғаннан кейін қоректік аңдар санының артып, олардың теріскейіне қарай өріс ұзартуымен бірге

адамдардың да оларды өкшелей ілгері жылжуының қайта жанданғаны белгілі. Сол арқылы алтай-орал тілдерінің де жан-жаққа таралу ауқымының кеңеюі басталды. Жаңа қоныстарға бет алған қауымдардың біраз толқыны солтүстікке қарай шегінген мұз бен тоңнан босаған өңірлерді қуалай Орал таулары мен Батыс Сібір жазығының құнарлы шалғындарына бағыт түзеді. Ол жұрттар негізінен оралдықтар, болашақ фин-угорлардың түп бабалары деп танылады (*Матющенко, 1997*). *Түпкі түрктік сипаты басым бірер лек Орталық Қазақстандағы өзен бойларында тұрақтады, Ертіс, Алтай, Байкал асын, Ішкі Азияны бұрыннан мекендеп жатқан арғы алтайлықтар қатарын толықтырды.*

Осы шаманың алдында Ішкі Азия өңіріне Іле, Алакөл және күнгейдегі Үндіқытай түбегі арқылы бір-бірімен түп алыстан қосылатын байланыстары бар екендігі жорамалданатын *қытай-тибет, на-дене, енисей* тілдерінің арғы түзілімдерінде сөйлейтін жұрттардың ілкі толқындары да жеткен сыңайлы. Өйткені осы топтағы *на-дене* тілінде ұғынысатын қауымдар Беринг мойнағы бұғаз боп мүлдем жабылар алдында ғана (10 мың ж.б.) Америка бетіне өтіп үлгерген еді. Олардың бүгінгі ұрпақтары Аляска мен Канаданың жапсарлас аймақтарында мекендеп отыр (*Иванов, 1990: 611 б.*). Ғалымдар олармен қатарлас замандарда Ішкі Азияға жеткен, кейіннен енисей тілдері деп топтастырылған диалектілерде сөйлейтін қауымдардың Саян төңірегінде тұрақтап қалғанын айтады. Тегі жағынан тибет-бирма, нах-дағыстан тілдеріне алыстан қосылатын қатысы барлығы дәлелденген енисей тармағы қазір Сібірдің бір-бірінен оқшау тілдерінің басын құрайтын палеоазиялық тілдер қатарына жатқызылады (*Топоров, ЛЭС.1990: 150-151*).

Каспий айналған мыңжылдықтар

Мезолит дәуірінде Каспий теңізінің төңірегінде туындаған табиғи-климаттық ахуалдар этногенетикалық үдірістердің серпінді өрістеуіне де әсер етті. Теңіздің 11 500 ж. б. кезеңнен бермен қарай күрт тартыла бастауы (*Бекдаш регрессиясы*) оның судан босаған ойпаттарына адамдардың жаппай қоныстануына мүмкіндік әперген болатын. Бұрын да мұз басу дәуіріндегі трансгрессиялар кезінде теңізге жақын маңдардағы оты мол

өңірлерді қоныс етіп, жануарларды қолға үйретудің алғашқы талпыныстарын жасап жатқан қауымдар құрғаған қайраңдарда қаулай көтерілген соны өрістерді игеруге кірісті.

Суы қайтқан ойпаттардың қарашірікті, құнарлы топырағында астық тұқымдас жабайы өсімдіктер де молынан шығыпты (*Магомедов, 1977*). Жануарлар аса сүйсініп жайылатын сол дәнді шөптерді, адамдар біртін-біртін өздерінің тамағына пайдалануға болатынына көзін жеткізді. Оны дақылға айналдырудың ілкі ұмтылыстарын жасай бастады.

Ғылыми деректерде дәл осы кезеңдерде Алдыңғы Азия мен Жерорта теңізінен шығысқа қарайғы Кавказ бен Каспийдің оңтүстігіне дейінгі өңірлерде жабайы арпа мен бидайды қорек ету дағдылары қолға алынғаны айтылады (*Массон, 1989: 24-27 б.*). Яки, бұл үрдістен Каспий маңы ойпаттарындағы жаңа құнарлы өрістерге қоныс аударған мезолиттік қауымдар да тыс қала алмағаны белгілі. Судан құрғаған Кура-Аракс, Теріскей Каспий, Батыс Түрікмен ойпаттарында да бір-бірімен шамалас мерзімдерде дәнді өсімдіктерді тамаққа пайдаланудың алғашқы машықтары қалыптасып жатты. Талай мыңжылдық трансгрессиялар кезінде тасыған теңіз бетінің деңгейі батыс жағында – Кавказ, күнгей-шығысында – Түрікмен-Қорасан тауларының биік тұстарына дейін жетіп шіреп тұрғаны белгілі. Соңғы мұз дәуірінде сол таулар да сіреуқармен құрсанып, асу бермес асқарларға айналған болатын. Соған байланысты адам қауымдарының меридиандық бағыттардағы арылы-берілі қатынастар тым сиреді деуге де келетін. Енді күн жылынғасын, биік тау асуларының ашылуымен бірге, суы күрт кері шегініп, жалаңаштанып қалған теңіз маңы ойпаттары арқылы да жаға бойлай жылжитын жаңа көші-қон үдерістері басталды. Соны кеңістіктерді игеру барысындағы сол ілгері қарай ұмсынулар кезінде Каспийге құятын өзендерді өрлей, әр тарапқа беттеудің ізашар сүрлеулері салынды.

Археологиялық дәйектерді зерделеу барысында, мың жылға жуық уақытқа созылған сол алғашқы *Бекдаш регрессиясы* кезінде, *Шығыс Каспий маңына тән микролиттерді тұтыңған қауымдардың Иран жерінің батыс жағындағы Теріскей Загрос тауларына қарай асқанын аңғаруға болады*. Шамасы, олар бұл өңірлерге теңіздің күнгей бетін жағалай отырып, Қызылөзен

бойымен өрлей жеткен сыңайлы. Күнгейге беттеген бұл сапарларында оларға Кавказ жақтан, судан дегдіген Кура, Аракс ойпатына енді келіп қоныстана бастаған жұрттар да қосылған еді.

Кейінгі зерттеулер нәтижесінде алтайлықтар ретінде тұспалданып отырған балқантаулықтардың, теріскей Месопотамияға қарай асқан сол жылжуының айғақты іздері оларға тән болған *геометриялық микролиттер* - бүгінгі Ирак жерінің теріскейінде жатқан әйгілі *Шанидар*, *Палеграва*, *Зарзи* үңгір-тұрақтарының мезолиттік қабаттарында (*Шанидар В2*) қадау-қадау боп қатпарланып қалыпты. Ол қабаттардың жасы – ж.с.д. X-IX мыңжылдықтарды құрайды (*Коробкова*, 1989: 154). Ғалымдар оған дейінгі қатпарларда мұндай артефактілердің кездеспегенін, олардың бірден дайын құрал-жарақ күйінде ұшырасқанына назар аударады. Әйгілі ағылшын ғалымы Дж. Мелларт өз еңбегінде бұл микролиттерді бұдан 12 мың жылдай бұрын солтүстік жақтан жеткен, сол кезден садақты қолдана бастаған адамдар алып келді, деп шындыққа жақындау болжам айтқанымен, олардың түп-тегіне қатысты әңгімеге тереңдеп бара қоймаған-ды (*Мелларт*, 1982: 19 б.).

Сол үңгірлердегі *шақпақтас микролиттерінің* қалай пайда болғаны, қандай этникалық қауымдардың әкелгені туралы әртүрлі пікірлер айтылды. Алайда кейінгі онжылдықтарға дейін олардың Балқантау аясындағы тұрақтардан бастау алатын тәсілдерге сай дайындалғаны, түп-тегі сол жақ екені елеусіздеу қалып жатты. Әрине, олардың Шығыс Каспий мен Балқантау тұрақтарындағы микролиттік қару-жарақтармен ұқсастығы сөз етілетін. Бірақ көбіне-көп ол ежелден белгілі Шанидар мен Зарзи тұрақтарынан басталып, басқа өңірлерге тараған әсер-ықпалдар санатына баланатын. Сол себепті осы тектес геометриялық тәсіл *Зарзи мәдениеті* (*Матюшин*, 1996:) деген атауға да ие болған-ды.

Орыстың белгілі археологы Г. Коробкованың күнгей-шығыс Каспий жәдігерліктерін зерттей келе, Балқантау жотасындағы 2-ші Дам-Дам-Чешме тұрағының ең төменгі 9 қатпарының – бұдан 13500 жыл бұрынғы жоғарғы палеолиттік кезеңге сәйкес келетінін, *геометриялық микролиттердің* алғашқы үлгілерінің 2-ші Дам-Дам-Чешме үңгірінің *7-ші қатпарынан*, *1-ші Дам-Дам-Чешме* үңгір-тұрағының *4-ші қатпарынан* бастап, яғни 13-12

мың ж.б. мерзім шамасында кездесетінін, сондықтан бұл үрдістің осы өңірдің өзінде өрбіген төл әдіс ретінде тану қажет екенін дәлелдеуі – бұл біржақтылыққа да түзету енгізді. Ғалым Түрікмен-Хорасан тауларының батыс баурайынан Каспийдің оңтүстік жағалауына қарай күрт бұрылғаннан кейінгі батыс тұста қатар орналасқан *Гари-Камарбанд*, *Бельт*, *Хоту* үңгір-тұрақтарының төменгі қатпарларындағы геометриялық микролиттердің дәл осы атылған мыңжылдықтарға тән екеніне назар аударады. Олардың Балқантау жәдігерліктеріне ұқсас болуына орай, ортақ мәдениет аясына біріктіріп, *Балқантау және Шығыс Каспий маңы археологиялық кешені* деп атауды ұсынады (*Коробкова*, 1989: 149-155 б.).

Демек, осы түйінді ақиқаттың өзі де Зарзи үрдісінің Орталық Азияға емес, керісінше, күнгей-шығыс Каспийдің микролиттік тәсілдерінің Загростың батыс баурайындағы ежелгі мәдениеттер бастауына тигізген әсері туралы айту әлдеқайда иланымдылау көрінер еді. Сондай-ақ *мұны Орталық Азияның оңтүстігінде соңғы мұз дәуірі кезінде ұйыса ғұмыр кешкен алтайлықтардың (Ренфрю) өздерінің бір замандарда арғы ата-бабалары қоныс еткен, шығыс ностра тармағы енді саралана бастаған кезеңдерде ғұмыр кешкен атамекендеріне, байланыстары үзіліп қалған туыстарының ортасына қайта оралып соққаны десе де болады.*

Әрине, екі арада мұз дәуірі үзіп тастаған әлденеше мыңжылдықтар түсуіне байланысты, олардың тілдерінің көп өзгерістерге ұшырағандығында дау жоқ. Күнкөрістері де өзгешелеу. Жабайы бидай түрлері мол өсетін қоныста, оны дақылға айналдырудың, өндіруші шаруашылыққа бейімделудің ілкі талпыныстары кәдімгідей басталып та кеткен (*Дьяконов*, 2000(а): 28). Теріскейден келіп Шанидар мен Зарзи тұрақтарында микролиттік тас құралдарының үлгілерін қалдырған қауымдардың өздерінің ата-баба қоныстарындағы жұрттармен сіңісу, араласу үдерістерін бастан кешіргендері, кей реттерде тілдерін орнықтырғаны да анық.

Осы орайда екі мың жылдай уақыттан кейін Зарзиден аса қашық емес. Загрос жоталарының батыс баурайындағы, қазіргі Киркук қаласы маңынан табылған *Жармо қонысы* (9000-8000 ж.б.) аясында өркен жайған әйгілі егіншілік-малшылық

мәдениетке де арғы алтайлықтардың әсері тиюі мүмкін деп жорамалдауға болады. Өйткені Жармо тұрғындары да шақпақтастан шағылған *геометриялық микролиттерді*, әсіресе *симметриялық трапецияларды* көп уақыт кеңінен пайдаланыпты. Осы жерден археологтардың Жармо мен Жейтун мәдениеттері түзілімдерін бір-біріне ұқсата беретінінің де (Массон, 1989(а): 38-45 б.; Матюшин, 1989: 147 б.) сыры суыртпақталар еді. Әдетте, бұл ұқсастықтардың себебі қалыптасқан дағды бойынша, Загрос жақтан Орталық Азияға қарай жеткен ықпалдарға баланып жатады.

Ал шын мәнінде солай ма? Бәлкім, бұл ауыс-түйіс іздерін енді Балқантау-Жейтун аясындағы алтайлықтар үшін ортақ бір майлы жұрттан (Ренфрю, Клягин, Пучков) Теріскей Месопотамия жаққа шақпақтас микролиттері дәстүрін апарған қауымдармен бірге жеткен сілемдер деп байыптағанымыз мақұл болар. Демек, Жармондың түп-төркіні де алтайлықтарға аса бөтен емес.

Осы ретте Жармо қонысына жақын аймақта онымен мерзімдес *Хассуна* мәдениеті (Ирактың Мосуд шаһарының маңы) өркен жайғанына назар аудару ләзім. Оның тұрғындары да егін ору үшін ағаш сапқа бекітілген шақпақтастан жасалған *геометриялық микролиттерді* кеңінен пайдаланыпты. Демек, бұл олардың да осы өңірлерге әсер-ықпалы жеткен балқантаулық үрдістен тыс қала алмағанын көрсетеді. Хассуналықтардың одан кейінгі тарихын қаузар болсақ, тағы да бізге таныс шиырларға жолығамыз. Бұдан 8000-7000 ж.б. олар Оңтүстік Месопотамияға қарай үдере қоныс аударып, сол аймақта Убейд мәдениетін түзуге араласыпты. Ал дәл сол *Убейд мәдениеті* кейіннен әйгілі *Шумер өркениетіне* (6000-4000 ж.б.) ұласқан еді (ИДВ, 1977: 92-97; Матюшин, 1996).

Бұлға да зерттеушілер арасында ауық-ауық әңгіме көрігін қыздырып, бір-біріне қайшы пікірлерге арқау болып жататын, *шумер мен түрк тілдеріндегі кей сөздердің ұқсастықтарының әуелгі төркіні дәл сол көші-қон үдерістерінен бастау алуы әбден мүмкін.* Шумерлердің өздерін «сан-нгиға» – қара шаштылар» деп атағаны, көне эпсаналарында Оңтүстік Месопотамияға теріскей жақтан көшіп келгендігі айтылатынын қаперге алар болсақ, олардың түпкі тарихында *шығыс ностра, арғы алтайлық*

жұрттармен аралас-құраластық қатынастар өтуінің ықтималдығы кәдімгідей нанымды бола түсер еді.

Шумер мен түрк сөздерінің ұқсастығына қатысты алдағы беттерде тоқталатын болғандықтан, әзірше бұл әңгімені тұйықтай тұрып, Орталық Азия өңіріндегі археологиялық, этногенетикалық ишараларды қаузауымызға қайта оралайық.

* * *

Археологиялық дәйектер Балқантау тұрғындарына тән геометриялық микролиттерді тұтынған қауымдардың бірер толқыны құрғаған теңіздің шығыс жағалауымен, Үстірт жонымен жылжи отырып, Оңтүстік Оралдың шығыс беткейлеріне дейін жеткенін де алға тартады. Сөйтіп, күнгей беті – Каспий маңы ойпатына шектесіп, шығысы – Тобыл, теріскейі – Есет өзендері аралығына тараған *Жангел* мезолиттік мәдениетін түзуге араласыпты. Тобыл өзені бойындағы Шикаевка (Қорған облысы) және Жайықтың жоғарғы алабындағы Жангел тұрақтарынан (11300-10000 ж. б.) табылған микролиттік жарақтардың жасалу тәсілі күнгей-шығыс Каспий үрдістеріне тым жақындығымен ерекшеленеді екен (*Матюшин*, 1989: 146-148 б.; *Денисов*, 2000: 21-27 б.).

Голоценнің басындағы теңіз айналған сол мыңжылдықтарда балқантау-жейтун үрдістерін ұстанған *алтайлық* қауымдардың бір толқыны Теріскей Каспий ойпатымен батысқа қарай бұрылып, Жайық пен Еділ алаптарын да игеруді жүзеге асырды. Археологтар бұл өңірдегі геометриялық микролиттер іздерін *Сероглазов* мәдениетіне (11000-10000 ж. б.) топтастырады (*Мезолит СССР*, 1989: 104-105 б.; *Ист. Астраханского края*, 2000). Каспий маңы ойпатын батысқа қарай жағалап, Кавказға қарай бұрылған балқантаулықтар Терек пен Сулақ өзендерінің алабына жеткесін, сол өзендерді бойлай, күйқалы тау қойнауларына дейін өрлейді. Олар тұтынған микролиттік құрал-жарақтар Дағыстан жеріндегі *Чох* тұрағының мезолиттік қатпарында (10000-9000 ж. б.) сақталып қалыпты. Зерттеушілер ол артефактілерден де Шығыс Каспийдегі *Дам-Дам-Чешме*, *Жебел*, Оңтүстік Оралдағы *Жангел* мәдениеттеріне тән микролиттік үрдістерге ұқсас тәсілдерді тап басып таныған

(Мезолит СССР, 1996: 102-104 б.; Амирханов, 1975: 4 б.; Матюшин, 1991).

Демек, бұл дәйектерден байыпталар түйін – мезолит дәуірлерінде түп-төркінінің *арғы алтайлықтарға қатыстылығы айқын – геометриялық микролиттер аймағының дәстүрлері Каспийді айнала орап жатқан ойпаттардан жан-жаққа көші-қон үдерістерін жасау арқылы таралу ауқымын кеңейтті. Күнгейі – Теріскей Загросқа, батысы – Қума-Маныш ойысы арқылы Азау маңы мен Қырым түбегіне дейін, теріскейі – Самара өзені, шығысы – Есіл жазығы, Торғай үстірті, Арал төңірегіне дейін қанатын жайды (Мерперт, 1947: 135-137 б.; Древности Самарского края, www.; Матюшин; 1996).*

Осы мезолиттік мыңжылдықтар кезінде жоғарғы палеолит замандарында Аляскаға қарай беттеген жолдарында Орталық Азияның қонысқа қолайлы қойнауларында тұрақтап қалған *арғы алтайлық* қауымдардың сол өңірлерге тән тіршілік салттары одан әрі табиғи түрде өрбіп жатқан еді. Археологтар Орталық Ферғана аймағындағы *Обишир* (12000-9000 ж.б.), *Таскөмір* (11000-9000 ж.б.) тұрақтары мәдениеттерінің жәдігерліктерінен – әлгінде *Мальта-Буретпен* жақындығы сөз етілген жоғарғы палеолиттік *Самарқанд* тұрағы үрдістерімен ұласқан жақындықты байқайды. Әмударияның жоғары ағысындағы Вахш, Кафирниган, Пяндж жазықтарында орналасқан *тұтқауыл* мәдениетіне жататын *Обикик, Сай-Сайед, Ақтеңге, Шогноу* (13000-9000 ж.б.) тұрақтарының бірінің түзілімінде сол Самарқанға тән сипат аңғарылса, екіншілерінде *Балқантау* ықпалы сезілетініне назар аударады (Мезолит СССР, 1989: 158-169 б.). Ғалымдар неолит дәуірінде *тұтқауыл* мәдениетін алмастырған *гиссар* мәдениетінің малтатас құрал-жарақтары бітімінен Алтай-Сібір және Қытайдың Яншао дәстүрлерінің үрдістері байқалатынын аңғарыпты (*Гинзбург...*: 1972: 36-37 б.). Оны алтайлықтар мен сино-тибет тілдерінде сөйлейтін жұрттардың шығысқа қарай көші-қон үдерістері неолит заманында да өтіп тұрғанын көрсететін археологиялық бір айғақ деп қабылдағанмыз мақұл.

Қазақстанның мезолиттік ескерткіштеріне келер болсақ, Қаратаудың күнгейіне орналасқан Отырар шұратындағы *Жаңашілік, Маятас* тұрақтарынан да халщедон мен шақпақтастан дайындалған геометриялық кесік, қостабан, үшбұрыш

микролиттер, кескіштер, тас жаңқалар, тілікшелер табылыпты. Археологтар бұл жәдігерліктерді Орталық Ферғанадағы *обишир* мәдениетінің соңғы кезеңіндегі (9000 ж. б.) үрдістермен ұқсастырады. Яғни, оны *ферғана (обишир)* – *қаратау* мәдениеті ретінде топтастыруға болады. Көкшетау өңіріндегі *Куропаткино*, *Виноградовка*, Атбасар төңірегіндегі *Тельман*, Есілдің Қызылжар бөлігіндегі *Явленка*, *Бескөл*, *Тобыл* алабындағы *Обаган* тұрақтарындағы тас құралдарға *жұқа микролиттік* тәсілдердің тән екендігі анықталды. Қазақстандық археолог В. Ф. Зайберт *Тобыл* мен *Ертіс* аралығындағы өңірлердегі тас құралдар жасау әдісі Орталық Ферғанамен ұқсас үрдістер аясында өрбігеніне назар аударады. Және оның хронологиялық мерзімінің Ферғана жәдігерліктерімен деңгейлес (12000-9000 ж.б.) шамаға сәйкес келетінін дәйектейді. Бұл тұрғыдан алғанда, оларды бір жағынан, осы аймақтардағы шұрайлы өрістерге тұяқ іліктірген аң үйірлерін өкшелей, найзалары мен садақ ұштарының шағылуында *балқантау*, *ферғана-қаратау* үрдістері бар аңшы қауымдардың да жеткенін көрсететін артефактілер деп пайымдауға болар еді. Ол дәстүрлер *Ертіс* пен *Жайық* арасындағы далалық өңірлерде, содан кейінгі неолит дәуіріне тән аңшылар мен балықшылардың *атбасар* мәдениетінің ұйысуына тікелей әсер етті (*Мезолит СССР*, 1989, 169-173 б.; *Зайберт*, 1992).

Мезолиттің соңына таман Арал-Каспий су алаптары аумағында күллі Орталық Азия мен оған жапсарлас өңірлердің генетикалық үдерістеріне зор әсер-ықпалы тиген табиғаттық-климаттық ахуал туындады. Күннің жылынуынан тауларды құрсаған қалың мұз еріп, *Әмудария* мен *Сырдария* суының молаюынан Арал теңізінің ауқымы күрт тола бастады. 9000 ж.б. ол өз тарихындағы ең биік деңгей – 72 метрге дейін көтерілді (өткен, XX ғасырдың ортасындағы деңгей – 53 метр болған). Кемерінен асқан су *Сарықамыс* ойпатына қарай ақтарылып, ол әрі қарай, 8000 ж.б. шамада *Үзбой* дариясы арқылы *Каспийге* құйған еді.

Бұдан 9000-8000 жылдай бұрын Аралдың тасуына байланысты, *Үзбойдың* *Каспийге* қайтадан құюы осы қос теңіз алабындағы табиғи-климаттық ахуалдың жанаша өрбуінің де басы болды. Аралдан жеткен мол су осыған дейінгі регрессия кезінде тым таяздап кеткен *Каспийдің* төмендеуін тоқтатып,

денгейінің көтерілуіне ықпал етті. Сол кезеңдерде Еділдің жоғарғы ағысында да жойқын тектоникалық өзгерістер өтіп жатты. Мұз дәуірінің соңына таман Еділ бастау алатын Валдай қыраты бойлығындағы ауыр мұз тауларының салмағымен жаншылып ойыс тартқан өңірлер жер асты қысымының серпу әсерімен бұрынғы қалпына келе бастайды. Соның нәтижесінде Еділдің екі-үш мың жыл бойы мұзды мұхитқа бұрылып кеткен теріскейдегі салаларының күнгейге қарай аударылу үдерісі жүреді. Бұдан 8000 жылдай бұрынғы шамада олар негізінен Каспийге қарай қайта құлай бастайды.

Каспийдің мезолит (орта тас) пен неолит (жаңа тас) дәуірлері тоғысында өткен бұл трансгрессиясы адамзат тарихындағы *топансу* эпсанасымен де байланыстырылады. Су денгейінің күрт көтерілуі, регрессия кезінде теңізді жағалай айнала аршылып қалған құнарлы ойпаттарда орнығып үлгерген мезолиттік жұрттардың да қоныстарын тастап кейін қарай серпіле суыт көшуіне мәжбүр етті. Топансудан қашқан үркінші жұрт шығысы – Көпетдағ баурайына, Үстіртке, Арал теңізіне, Мұғалжар тауларына қарай ығысса, теріскейі – Еділ мен Жайықтың орта ағысына, Дон өзеніне қарай шегіншектеді. Оңтүстігі мен батысы – Кура, Аракс бойын өрлей, Оңтүстік Гүржістанға, Армян қыраттарына, Үрмиә көлінің айналасына, Месопотамия алаптарына дейін жетті. Түп-төркіні алтайлық қауымдардан тарқатылатын олармен бірге шығыс ностра жұрттарының әуелгі атамекені ретінде белгілі осы өңірлерде топансу туралы аңыз желілері де бірге ілесіп барды (*Магомедов, 1997*).

Бұл лықсуға қатысы бар жұрттардан қалған этногенетикалық белгілер, әлгінде сөз етілген *жармо, халаф, убейд* неолиттік мәдениеттерінің археологиялық түзіліміне соны леп қосып, тілдік тұрғыда құнарландырғаны да анық.

Топансудан ығысқан жұрт неолит дәуірінің (ж. с. д. VІІ-ІV мыңжылдықтар) алғашқы кезеңдерінде Балқантауды баурайлай, ұзын аққан Үзбойды бойлай, Арал теңізінің күнгейіне жетіп, Әмудария алабындағы әйгілі *келтеминар (келтемұнара)* мәдениетінің ірге түзуіне септесті. Олармен бірге осы өңірге Каспий айналасына тән микролиттік құралдармен қатар, басқа да бірқатар мәдени үрдістер қоса жетті.

Археологтар еңбек құралдары мен қару-жарақтарда байқалатын, Келтеминар арқылы құнарланған ол нышандардың Маңғыстаудағы *ойықты, қосқұдық, шебір* (ж.с.д. YI-Y мыңжылдықтар), Есіл алабындағы *атбасар* (YII-YI м.), Торғай иініндегі *маханжар* (YII-IV м.), Оңтүстік Қазақстандағы *қарауңгір* (Y м.), Ертістегі *усть-нарым* неолиттік мәдениеттердің түзілуіне ықпалы тигеніне ден қояды. Одан кейінгі Оңтүстік Оралтау, Арқа төсіндегі *терсек, ботай*; Жетісу, Алтай аймақтарындағы энеолиттік мәдениеттер түзілімдерінде де Көптау қойнаулары мен Арал төңірегі, Қос дария арасында ізі қалған ежелгі үндес байланыстар сілемдерінің, түбі бір ұқсастықтардың ізі бар екенін байыпталады (*Алтысбаев*, 1980: 88-103 б.; *ҚТ*, 1996: 85-100 б.; *Авдусин*, 1977: IV. www.; *Зайберт*, 1992; 1993; *Матющенко*, 1996: 1997; *Молодин*, 1996; 1977: 16-18, 78 б.; *ҰЭ*, 2003: 5 т. 623-624 б.).

Әдетте, ғылымда, мұндай ұқсастықтар – әртүрлі қауымдардың әуелден өзара етене тірлік кешкендігі, аралас-құраластығы күшті болғандығы немесе олардың этникалық тұтастығы тұрғысынан ұғындырылатыны белгілі. Зерттеушілер арасында кең ауқымды *келтеминар* мәдениетінің нышандарын оралдық (фин-угор) қауымдарға телу болжамы бұрыннан бар. Яки, сол дәуірлерде фин-угорлардың негізгі бөлігі Батыс Сібір мен Оралтау өңірлерін мекендеуі мүмкін, олардың бір сынығы Арал төңірегінде де ғұмыр кешіп жатқан еді, деген байламдар айтылатын (*Пьянков*, 1995; *Массон*, 1999: ч.II; *Вереш*, 1998). Осыған орай, қазақ даласындағы ежелгі мәдениеттерде еуропеоид тұрпатты фин-угор жұрттарының өзіндік үлесі баршылық деген ойлар меңзелетін.

Алтайлық қауымдардың байырғы тарихы қайта пайымдалып жатқан жаңа көзқарасқа сай, енді ол үлестің *арғы түрктерге* де басымдау қатыстылығы барын айтқан жөн болмақ керек. Шығыс ностраның ортақ аясынан бұдан 15 мың жылдай бұрын еншілерін бірге алып шыққан алтай-оралдықтардың, бұдан 12 мың жылдай шамасы бұрын бір-бірінен бөліне бастағаны туралы осыған дейін тілге тиек етілген ғылыми дәйектерге сүйенер болсақ, *біз ежелгі алтайлық жұрттардың батыс аймағы ретінде танып отырған – Кунгей Кавказ бен Орталық Азия жері де еуропеоид*

тұрпатты арғы түркілерге еш бөтен еместігі ортаға тартылады.

Яки, алтайлық (арғы түрк) қауымдар да өздерімен әуелден іліктес оралдық жұрттармен аралас-құралас күн кеше жүріп, мезолит, неолит дәуірлерінде Орталық Азия ауқымында қатар өмір сүрді. Әрі олардың бәрін басқа жақтан көтеріле ауып келген еді, бұрын бұл алып аумақ құлазып бос жатқан өңір болатын, деп айтудың да реті жоқ. Себебі, олардың біразы сонау палеолиттік мыңжылдықтарда Америка асқан түпкі түркілердің ғасырларды ғасырларға жалғай жүріп өткен көші-қон бағыттары бойындағы, күнкөріске жайлы қоныстарда іркіліп, ірге теуіп қалған қауымдардың кейінгі үрім-бұтақтары да болатын. Аңшылық, терімшілікпен айналысқан ол жұрттар жаңа тас дәуірінде күнгей беттен сан тарам жолдармен, ығысқан елдермен бірге үздік-создық жетіп жатқан инновациялық импульстерді қабылдай отырып, ықпалдастық ауқымында көктеген, жоғарыда аталып өтілген бірқатар автохтон үрдістерді түзуге де араласты. Сол даму дәстүрлері кейіннен Орталық Азия төсінде желі тартқан іргелі мәдениеттерге ұласты, төл негіз болып қаланды.

Міне, осы реттен алғанда да Орталық Азияның оңтүстігіндегі неолит (жаңа тас), энеолит (мыстас дәуірінде) өркен жайған әйгілі *Жейтун* (ж.с.д.ҮІІІ-Ү мыңжылдық), *Анау* (Ү-ІІІ мыңжылдық) мәдениеттерінің алтайлық қауымдарға қатыстылығы айқындала түседі. *Жейтун* мәдениетінің аясына енетін – Шопандепе (депе – төбе), Тоғолоқдепе, Моншақтыдепе; *Анау* мәдениетінің – Намазғы төбе, Геоксюр, Алтындепе қоныстарындағы қазба жұмыстары нәтижесінде нақтыланған, Көпетдаг тауының теріскейіндегі құйқалы шұраттарда дамыған өркениет үрдістерінде *алтайлық* қауымдардың да үлесі мол.

Неолит дәуірінің (ж. с. д. ҮІІІ-ІҮ мыңжылдықтар) жаңашыл үрдістерін Таяу Шығыспен қатар бастап, диқаншылықты игеруге, бидай мен арпа егуге, мығым кесек үйлерде тұрып, қызыл бояумен өрнектелген қыш ыдыстар ұстауға, аңшылық дәстүрі дамыған, қой-ешкі, сиыр өсіруге ден қойған (*Жейтун мәдениеті*); “қалалық үлгідегі” мекендерді қалыптастырған, ұсталық, зергерлік өнерлері өрістеген, мыс балқытуды игерген, кейіннен қола құралдарды кеңінен пайдаланған, көсемдері мен абыздарын ардақтап, олардың қабірханаларын қастерлеген, Ай құдайына

табынған (*Анау мәдениеті*) осынау ежелгі өркениеттер түзілімінен, олармен жапсарлас өңірлердегі мәдениеттермен өзектес ортақ үрдістер сілемі де айқын аңғарылып жатады.

Ғалымдар тарапынан Жейтунның қыш өрнектеу үрдістерінде Иран жерінің оңтүстік батысы мен шығысындағы неолиттік Тепе-Гуран, Тепе-Сиалк (ж.с.д. VІІ-VІ мыңжылдықтар) қоныстарындағы қыш ыдыстар әшекейлерімен үндестік бары, үй салу дәстүрінің сонау Иорданиядағы Иерихон (VІІІ м.), Тигр сағасындағы Жармо (VІІ м.) мәдениеттеріндегі үлгілерге жақын сілемдер жатқаны бұрыннан байыпталған (*Массон, Саррианиди, 1972: 8-10 б.; Кошеленко, Массон, 1989: 194-195 б.; Массон, 1989 (а): 42-50 б.*)).

Анау мәдениетінде Месопотамия, Элам өркениеттерімен үндестік табы сезіледі екен. Теріскей Месопотамиядағы Хассуна (ж.с.д. 6500-5500 ж.) мәдениетінің сілемдері – Анау аясындағы Намазғы I (ж.с.д. 4000-3500), Халаф мәдениетінің дәстүрі – Намазғы II (3500-3000), Убейд мәдениетінің сорабы – Намазғы III (ж.с.д. 3000-2000) кезеңдерінде нышан беріпті. Алтынтөбенің биік қабырғалы ғибадатханалары Шумер храмдарының сәулет үлгілерін де еске түсіретіні байқалыпты (*Антонова, 1977: 15-20 б.*).

Зерттеушілер бұл ауыс-түйіс үндестіктерді Месопотамия мен Иран жерінің тікелей көшіріліп келген үрдістер деп емес, мәдени байланыстар арқылы бір-біріне ауысып отырған әсер-ықпалдар ретінде байыптайды. Жейтун аясындағы мәдениеттердің түп-тегі осы орталықазиялық мезолиттік, неолиттік төл сипаттар негізінде қалыптасқанына назар аударылады (*Энеолит СССР, 1982: 17-25 б.*). Бұл ретте, әрине, Каспий трансгрессиялары кезінде Жейтун нышандарының Иран жеріне қарай ауысқан сәттері болғанын да, екі арада ықпалдасулар мен алмасулардың үздіксіз үзілмей жүріп отырғанын да естен шығаруға болмайды.

* * *

Түрк халықтарының арғы тарихына қатысты жаңаша қисындарды Көптау баурайындағы шұраттар мен Әму, Сыр, Зеравшан дариялары атыраптарындағы егіншілікті ежелден кәсіп етіп, озық суармалы диқаншылық дәстүрлерге қол жеткізген,

металл қорытқан, қолөнер мен сауданы өркендеткен, қалалар мен ғибадатханалар тұрғызған отырықшы жұрттардың сөздік қорындағы сол ежелгі дәуірлерден жетуі мүмкін деп есептелетін атаулар жүлгесі де теріске шығармайды.

Бұл ретте өзбек ғалымдарының түрк тілдері ұғымынан туындайтын осы атаулардың күнгей аймақтарға теріскейден ари (үндіран) қауымдары келгенге дейін де қолданыста болғаны туралы пікірлерінің жаны бар екендігіне көз жеткізу қиын емес. Әдетте, түрк халықтарының диқаншылық терминдеріне қатысты әңгіме қозғала қалса, әуелден қалыптасқан көзқарас бойынша, ол атаулар басқа тілдерден енуі мүмкін, өйткені түрк жұрттары бұл отырықшылық-егіншілік аймақтарға кейіннен Алтай жақтан көшіп келді емес пе, дейтін таптаурын сылтаудың алдан орағытатыны бар. Өзбек этногенезінің төркінін қаузаған зерттеушілер мұның қате тұжырым екенін айта отырып, ол пікірге қарсы, көп сөздердің түрктік негізде жасалғанын орнықты дәлел ретінде ұсынар еді. Мәселен, *мақта, қоза, шит, бидай, арпа, тары, астық, бұршақ, қабақ, қауын, алма, өрік, алмұрт* сияқты терминдер осы дақылдар мен жемістер жаппай өсетін күнгей өңірлердің тұрғылықты автохтондары – *арғы түрктердің өздері қойған төл атаулар* болып табылады, дейді олар. Бұл дақылдар мен жемістердің көбінің Алтай-Саян жақта емес, тек жылы аймақтарда ғана өсетіні белгілі. Егер түрктер теріскей беттен кейіннен келген болса, олар бұл атауларды парсы тіліндегі дайын нұсқасымен алар еді ғой, деген орынды уәж айтылады. Сол сияқты диқаншылыққа тән: *орақ, кетпен, күрек, шығыр, арық, тоған, дамба, диірмен*; металға қатысты: *жез, мыс, қола, алтын, күміс, қалайы, қорғасын, темір, болат, шойын* атауларының да сөз жасалу түзілімінен төл түрктік нышандардың анық байқалатынына назар аударылады (*Асқаров, 2000: 24-28 б.; Камоллидин, 2004: 10-19 б.*).

Арғы түрктердің батыс аймағына енетін орталықазиялық ежелгі мәдениеттер өркендеген бұл өңірлерде металл өндірісінің энеолит заманында-ақ жолға қойылғанын 1980 жылдардың соңында ғана Самарқанд қаласынан күнгей-шығысқа қарай 45 шақырым жерден аршылған ж.с.д. ІҮ-ІІ мыңжылдықтарға жататын *Саразм* қонысы да дәлелдейді. Зеравшан дариясының жоғарғы ағысындағы атыраптарда алтын, күміс, сондай-ақ қола

қорытпасының қажетті элементтері – мыс, күшәла, қалайы, қорғасын кеніштерінің болуы осы қонысты металл өндірісі мен оны өңдеудің үлкен ошағына айналдырған еді (*Кляшторный, 2004: 32-36 б.*).

Бұл өңірлерге үндіран қауымдары келгенге дейін дәуірлеген осы орталықта да металл атаулары әу бастан түрк тілдерінде аталғаны анық. Жалпы Орталық Азия, оның ішінде қазақ жерінің де ежелден металл өңдеу үрдісінен шет қалмағаны белгілі. Мыстың, қалайының және алтынның бай кендерінің бар болуы арқасында, Қазақстан аумағында да энеолит пен алдыңғы қола дәуірлеріне жататын ж.с.д. ІҮ-ІІ мыңжылдықтардан-ақ металл өндірумен айналысуға мүмкіндік туды. Бұған Қазақстанның Қалба, Нарын жоталарында, Алтайда, Есіл, Жайық бойларында, Балқаш маңында, Сарыарқа, Жетісу, Қаратау ж. т. б. жерлерінде кездесетін ежелгі кен қазбаларының орындары дәлел бола алады. Ж.с.д. ІІІ мыңжылдықтың соңынан жыл санауымыздың басына дейін қазақ жері мыс пен қола өндірісі жөнінен Еуразияның ең ірі орталықтарының біріне айналды. Археологиялық деректер сол дәуірлерде бір ғана Жезқазған өңірінде балқытылған мыстың көлемі шамамен 100 мың тоннадай болғанын алға тартады. Ол металлургиялық мәдениетті жасаушылар – осы далалық өңірдің төл неолиттік аңшылары мен бақташыларының ұрпақтары еді ((*Маргулан, 1979: 18-22 б.; Ақышев, 1996: 107-109 б.; Байбатша, 1998: 46 б.; ҰЭ, 2001: 3 т. 351 б.*). Әлбетте, кен өндіруді ертеден қолға алған *арғы түркттердің*, қола қарулар мен құралдар жасау үшін кәдеге жаратқан металдарға со замандардан-ақ өз тілдеріне тән ат қойғаны еш шүбәландырмаса керек...

III тарау

АРҒЫ ТҮРКТЕРДІҢ БАТЫС АЙМАҒЫ



Шумерде шығыс ностра тілдерінің ұшқыны бар

Шығыс ностра тілдерінде сөйлейтін қауымдардың артқы қалың толқынының Орта Шығыс өңірінде бұдан 16000-14000 мың жылдар аралығында өткен бір-бірінен бөліну, тармақталу барысында, өздеріне жапсарлас аймақтарға да тілдік тұрғыдағы әсер-ықпалының тимеуі мүмкін емес. Сондай-ақ әлгінде сөз етілген мезолит, неолит дәуірлеріндегі Балқантаудан жеткен алтайлықтар көші-қоны серпілісінің де бұл өңірлерде сілемі қалары анық. Осы орайдағы әсер-ықпалдардың үзік-үзік ұшқындарын біз Оңтүстік Месопотамиядағы *Убейд* мәдениетін (8000-6000 ж.б.) әрі қарай ұластырып әкеткен әйгілі *Шумер* (6000-4000 ж.б.) өркениетін түзген жұрттардың тілінен де байқағандай боламыз.

Шумер тілінің сөздік қорында *алтай* тобының, әсіресе, *түрк* тілдерінде бар бірсыпыра сөздердің кездесетінін байқаған зерттеушілердің, шамасы, бұл тілдер бір замандарда жақын болуы мүмкін, деген болжамдар айта бастағанына талай уақыт өтіпті.

Бір жағынан, осы болжамның тууы мен өрбуі де сөзіміздің басында ортаға тартылған үндіс-түрк тілдерінің туыстығына қатысты әңгімелерге тым ұқсас боп көрінер еді. Бұл орайда да “6000 жылдық тарихы бар шумер тілі мен бұдан 2000 жылдай бұрынғы шамада ғана Алтайдың шығысында дүниеге келген түрк тілін салыстырудың реті келер ме екен, ол әшейін кездейсоқ сәйкестік қой”, деген баяғы таптаурын пікірлер басым-басым көлденең тартылар еді (*Тюркские языки*, 1990: 7-8 б.; *Дьяконов*, 1969: 84 б.).

Шумер тілінің түрк тілдеріне ұқсастығына – оны алғаш зерттеген әйгілі ассириологтар – ағылшын әскерінің майоры, сэр Генри Раулинсон (1810-1895) мен француз ғалымы Жюль Опперт (1825-1905) назар аударыпты. Олар Ирактың шөлейтті өңірлеріндегі қуаң төбелер астынан қазылып алынған саз тақталардағы суретті жазуларды оқудың тәсілін тауып, мәтіндерді зерделеудің нәтижесінде, шумер тілінің “жалғамалы” тілге жататынын, лексикалық қорында “*Тәңірі*” сөзінің кездесетінін алға тарта отырып, оны бірден түрк, моңғол, орал тілдеріне ұқсатқан еді (*Крамер*, 2002: 31-33 б.; *Емельянов*, 2003: 29-30 б.). Бұл пікір кейіннен, 1905 жылы неміс ғалымы Ф. Хоммель тарапынан жалғастырылғанымен де (*Мизиев*, 1986: 19-21 б.) ол тұжырым қолдау таба қоймапты. Қалыптасқан дағдыға сай, жоққа шығарылыпты.

Содан бері шумер тілінің басқа тілдерге ұқсастығы жөнінде талай болжам айтылғанымен, бұдан 4000 жыл бұрын өлі тілге айналған оның өзге тілдермен туыстығы со бойы мойындала қойған жоқ. Және осы пікір тастүйін боп қалыптасып, ғылыми әдебиеттер мен энциклопедияларда нықталумен келеді (*Дьяконов*, 1990: 589 б.).

Алайда кейінгі жылдары бұл салада да сең қозғала бастаған сыңайлы.

Шумер мен түрк тілдерінің арасындағы ұқсастықтарды жай кездейсоқтық дегенді баса айтушылардың бірі – орыстың

көрнекті шығыстанушысы И. М. Дьяконовтың (1915-1999) өзі 1997 жылы шумер тіліне қатысты жаңа болжам ұсыныпты. Ғалым тыңғылықты зерттеулерден кейін шумер тілін Үндістанның теріскей-шығысын мекендейтін *мунда* жұртының тілімен туыс болуы мүмкін, дегенді алға тартыпты. Ол мунда мен шумер тілдеріндегі есімдіктердің жекеше түрінің 1-ші және 2-ші жағының ортақ белгілерін, ілік септігінің жақындығын, сондай-ақ туыстық атауларға қатысты кей ұқсас терминдерді тапқанын айтыпты (*Емельянов, 2003: 30 б.*).

Мунда – аустроазиялық тілдердің батыс тобына кіретін тіл. Ғылымда арғы мунда тілінің арғы дравид тілдерімен аралас-құраластықта болғандығы, соған орай екі тілдің бойында лексика-семантикалық ұқсастықтардың кездесетіні дәлелденген (*ЛЭС, 1990: 139, 318 б.*). Ал *дравид* тілінің шығыс ностра тілдеріне енетіні, *орал* тілдерімен тектестігі бар екендігі белгілі. Дравид тілінің сондай-ақ *арғы элам* тілімен де жақындығы бар (*сонда. 591*). Бүгінгі Иран жерінің оңтүстігінде бұдан 5000-2400 жылдар бұрын дәуірлеген Элам өркениеті кезінде қолданыста болған *элам* тілі де қазір шумер тілі сияқты өлі тілдер санатында.

Шумер мен мунда тілдерінің жақындығы туралы болжам дәлелденер болса, ол одан әрі *шумер-мунда-дравид-элам-орал* тілдерінің іліктестігіне де ұласар еді. Ал *орал* тілдерінен – *арғы алтай, түпкі түрк* тілдерінің ауылы тіптен қашық емес.

Міне, осы реттен алғанда да, шумер мен түрк тілдері арасында бір кездері ілік-шатыстық қатынастардың, бәлкім туыстықтың болғандығы туралы тұспалдауларды соншама дәйексіз деуге келе қоймас.

Бұл тақырыпты қаузаған зерттеушілердің көбісі алысқа ұзамай-ақ, сол И.М. Дьяконовтың төл еңбектерінен алынған тілдік мысалдарды ортаға тарта отырып, салыстырмалар жасады. Алайда сол талпыныстардың өзінен де осы жорамалдың ар жағында әйтеуір бір тиянақ бары, мұншама көп кездейсоқ сәйкестіктердің бола беруі мүмкін емес қой, дейтін уәлі уәждердің де әр-әркімді мазалап қоятыны рас. Осындайда, бәлкім, Шумер жазбаларын түрк тілдерін көп білетін ғалымдар тікелей оқып, тыңғылықты зерттер болса, әлі талай ұқсас сөздер табылатын шығар, дейтін ойлар да туындар еді. Артықтық ете қоймас, сол сөздерге тағы бір назар аударып көрелікші. (Біз бұл

аз ғана мысалдарды *О.Сүлейменовтың* “Аз и Я” (1975), “Жазу тілі” (1998), *И.Мизиевтің* “Орталық Кавказдың этникалық тарихының қайнар бұлағын бағамдау” (1986), *К. Лайпанов, И. Мизиевтің* “Түрк халықтарының шығу тегі туралы” (1993), *Ә. Сарайдың* “Асылдың сынығы” (1996), *С. Крамердің* “Шумерлер” (2002), *В. Емельяновтың* “Көне Шумер” (2003) кітаптарында берілген кестелер мен мысалдардан алып отырмыз).

Шумерше – түрк- қазақша

<p>Дингир (Дінгір) – Тәңірі (Көк, Кұдай) ене – ана, ене, ада – ата (әке) баба – баба ту – туу думу – тума (туыс, ұрпақ) гуд (гүд) – үд (көне түркше - өгіз, сиыр) тир (тір) – тірлік, өмір данм (дәйім) – дәйім (ылғи) шоба – шопан ме – ме/н/ зе – се/н / не – не ру (ұру) – ұру (соғу) хур (құр) – қыр (тау) кур (күр) – көр (мола) ки/р (кір) – жер лил – жел уту – от (күн) таг (тағ) – так (іл) гаг (ғағ) – қақ (қағу, кіргізу) сир (сыр) – сыру (тігу, тоқу) уру (ұру) – ру (қауым, орда) узук (ұзык) – ұзын джау (жау) –жау (дұшпан) барах – барық /храм/ заг (зағ) - жақ (жан-жақ)</p>	<p>гештуг (есту) – құлақ ем (ем) – тіл (ему) чар (шар) – шар (шеңбер) ана (ана) – анау (есімдік) шуну (шүнү) – соны, сол (есімдік) дили (тілі) – тілік, тілу, сызық ерен – ер, ерен (батыр) уш (үш) – үш (сан) у (ұ) – он (сан) уш-у (үш ұ) – үш он (отыз) ен (ен) – ең (жоғарғы) гус (ғұс) – құс аш – ас (астық) еден – дала, езен (балқарша – дала), еден, тегістік туш (түш) – түсу (отыру) кабта (қабта) – қап, қалып шат – шат, қуаныш кыз – қыз хурсаг (құрсақ) – құрсақ (жүктілік) каба (қаба) – кеуде, қаба (қаба сақал) аз – аз билге (білге) – білгір, батыр, көнекөз калам (қала) – қала, ел ед (өт) – өт (өту).</p>
--	--

Бұл мысалдар екі тілдің лексикалық ұқсастықтарының бірсыпырасы ғана. Шумерше жазылған сөздердің орыс тілі арқылы жеткен кей әріптері, біз жақша ішіне алып көрсеткендей, төл түрктік дыбыстарға жақын ыңғайда оқылуы да мүмкін ғой, сонда ол тіптен жақындай түспей ме? Егер түрктанушылар шумер тілін терең үйреніп, тікелей зерттер болса, бұдан бөлек те талай жақын мағыналық нышандарға жолығу мүмкіндігі табылатын да шығар, бәлкім. (Мәселен, К. Лайпанов пен И. Мизиев шумер мен түрк тілдерінде 400-дей лексикалық жағынан сәйкес сөздер бар екенін айтады. Түрік зерттеушісі Осман Недим Туна өзінің шумер-түрк параллелдерін зерттеген еңбегінде (1990 жыл) 168 шумер сөзінің төркінін көне түрк тілінен тауыпты (Зәкиев, 2002: 86 б.).

Сондай-ақ шумер мифологиясындағы сарындарға, тәңірілер есімдеріне назар аударғанның өзінде де, бірталай тіл ұқсастығының іздері шырамыттыратынын байқау қиын емес.

Шумер заманы зердесінің кеңістікке қатысты киелі ұғымдарға саятын танымы бойынша, әлем үш бөліктен тұрады екен.

Жоғарыда – *Ан* (Көк, Аспан, Тәңірі), ортада – *Калам* (қала, ел, тұрақ), төменде – *Ку/р/* (Жер).

Астыңғы дүние екі бөлікке: жер асты суларына – *Абзу* (Абасу, апасу – анасу /Апа – көне түркшеде – *аба/*, немесе, су мекені /тұрақ, үй – көне түркшеде “*еб, еп*”/) және өлілер әлеміне – *Кур* (*көр*) бөлінеді.

Көк аспан жеті қабаттан тұрады. Бар ғаламды жетінші көктегі тақ үстінде отырған Жаратушы құдай – *Эн* (Ан, Ең, Көк Тәңірі, Коми мифологиясында - Ен) басқарады. Зерттеушілер “Ан” арғы түрк дәуірлерінде “хан, қаған” түріне ауысуы мүмкін екендігін айтады.

Ортаңғы әлем – *Калам* (қала, ел), *Эден* (дала) және *Кур* (жер асты, көр) бөліктерінен құралады.

Калам – “біздің ел, біздің қала” мағынасында. “Қалау, салу, тұрғызу” ұғымынан туындайтын “қала” сөзі – “Көне түрк сөздігінде” де тіркелген. Шумерліктер қолданған “*қалам*” – “біздің ел” мағынасы кейіннен семит тіліне енгенде, қазіргі “ғалам, әлем” ұғымына ауысқан сынайлы. Шумерліктер өздері мекендейтін айналасы қорғанмен қоршалған қала-мемлекет

аумағын ғана “өз еліміз, қаламыз” деп түсінген. *Эден* – сол қала-мемлекет сыртындағы *дала, тұз, тегіс жазықтық* (еден) атауы. *Қур* – даладан да тысқары жатқан басқа, бөтен өңір; бөгде, жат дүние болғасын, ол да өлілер әлемі сияқты “*көр*” деп аталады.

Ортаңғы әлем әміршісі – Жел мен айнала төңірек құдайы *Эллил* (*Ең* – Жаратушы, *лил* – жел) болып табылады. Теңіз және жер асты сулары – Жер тәңірісі *Энки* (*Ең* – Жаратушы, *ки(р)* – жер) құзырына енеді. Эннің (Көк Тәңірінің) зайыбы, яғни барлық құдайлардың анасы болып есептелетін Ұлы ананың есімі – *Нинхурсаг* (*Нин* – Құдай-Ана, *хур* – қыр, тау; *саг* – орман) “Орманды қыр (тау) анасы” және *Нинту* (*Нин* – Тәңірі ана, *ту* – туу), яки бәрімізді “Туушы ана” деп аталады. “*Хурсаг*” – шумерше “*жүкті болу, құрсақтану*” ұғымын да білдіреді, яғни “*Құрсақ Ана*” мағынасына да келеді (*Емельянов, 2003, 215 б.*) Күн құдайын – *Уту* (От); Ай құдайын – *Нанна* (*нан* – құдай, *а(й)* – ай, «Оғыз-намедегі» сілемі – Ай қаған); Астық құдайын – *Ашнан* (*Аш* – ас, *Нан* – құдай) дейді. Шумерліктер бүкіл әлем ұғымын түгел қамтып айтқысы келгенде “*Ан-ки*” (Аспан – Жер; яки Көк Аспан – Қара Жер) сөз тіркесін қолданады. (Кеңістік пен Тәңіриелерге қатысты ұғымдар мен атаулар мына деректерден алынды: *Крамер, 2002: 132-188 б.*; *Мифы народов мира, 1988: 221, 647-653 б.*)

Кеңістік пен ғалам туралы осы ұғымдар мен түсініктердің лексикалық ұқсастығын былай қойғанда, олардың көне түрк өркениеті заманында дүниеге келген қасиетті жыр жолдарымен рухы үндесіп жатқанын да аңғару қиын емес. “Үсте Көк Тәңірі, аста Қара Жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған”, деп басталатын Күлтегін жырының қуатты сарыны құлаққа келгендей болады.

Дүниенің жаратылуына қатысты Шумер мифологиясында *Энки* мен *Нинхурсаг* құдайлардың дүниені әлемдік мұхит тұңғиығы – *Абзу* (Анасу) түбінен алынған саз балшықтан жасауға араласқаны айтылады (*Крамер, 2002: 173-174*) Адамның балшықтан жаратылуы туралы осы сарын саян-алтай түркітерінде *Иерлік* хан (Эрлік, Жер әміршісі, Жерлік) және *Үлген* (Үлкен) тәңірінің есімдерімен байланыстырылады. *Иерлік* – шумер аңызындағы *Энки* сияқты төменгі, жер асты (ир) патшалығының әміршісі, өлілер әлемінің қожасы. Ол Ұлы Жаратушы – Үлгеннің

тапсыруымен үйрек кейпіне еніп, ғаламдық мұхит түбінен тұмсығымен балшық алып шығады. Ол балшықтан жер мен адам жаратылады. Адамның пайда болуына қатысты осы тектес аңыз Орал тілі тобына енетін *ненец, енец, нганасан, селькуп* сияқты *самоди* жұрттарының мифологиясында да көрініс тапқан. Онда Бас жаратушы, жеті қат аспан үстін мекендеуші *Нум*, жеті қат төменгі әлем әміршісі *Нга* деген есімдерге ие. Нга мұхит тұңғыығына үйрек боп сүнгіп, тұмсығымен іліп шыққан балшығынан Жер мен адамды жаратады. Нум адамға жан сыйлап, дем береді (*Мифология*, 1998: 391, 404-405, 562, 639 б.).

Осы мифологиялық сарындар ұқсастығының өзі де бір жағынан шумерлердің бір замандарда алтай, орал жұрттарымен жапсарлас өңірлерде өмір сүргенін байқатқандай болар еді.

Ол қандай өңір дегенде, тағы да сол *Орталық Азия аймағы, Теріскей-Батыс Иран мен Каспийдің оңтүстік-шығыс беті*, шығыс ностра тілдерінің тармақталу үдерістері өткен 16000-6000 жылдар аралығындағы кезеңдер еске түсері анық.

Ғылым шумер тілі Оңтүстік Месопотамияда 6000 жыл бұрынғы шамада көрініс берді, деп есептейді. Оған дейін Қосөзен алабында *убейд* мәдениеті өркендепті. Бұл мәдениеттің Солтүстік Ирактағы *хассуна, халаф* неолиттік мәдениеттерінің (9000-7000 ж.б.) түзілімдерімен аздаған үндестіктердің болғаны айтылады. Шумер өркениеті бір жағынан осы мәдениетті әрі қарай жалғастырып кеткендіктен, убейдтіктерді арғы шумерліктер деп те атау қалыптасқан.

Шумер тілінің ең көне жазуларынан кей семит текті сөздердің кездескеніне қарап, Шумерге дейінгі мәдениетке де Левант аймағындағы демографиялық дүмпуге қатысты батыс ностра тілдерінің бір ұшқыны түскенін аңғаруға болады (*Крамер*, 2002: 52-57 б.; *Клягин*, 1996: II.I).

Зерттеушілердің *шумер* тілі мысалдарынан бірде – *арғы алтай, багзы түрк*, бірде – *арғы дравид, арғы орал*, бірде – *арғы мунда, енисей*, бірде – *арғы тибет-бирма* тілдеріне тән грамматикалық, лексикалық ұқсастықтарды аңғарып жатуы да бекер емес. *Олар – осы әртүрлі тілдік топтардың әлденеше мыңжылдықтар бойында бір-бірімен араласа-құраласа ғұмыр кешкенін, Орталық Азия мен оның оңтүстігінде сол замандарда адамзат қауымдарының талай қабысуы мен қаржасуы,*

ықпалдасуы мен ыдырауы, қоңсыласуы мен көштерін қомдау үрдістері қатарласа жүргенін де байыптатады.

Бәлкім, сол дәуірлерде шумер тілі *алтай, арғы түрк* тілдерінің лексикалық әсер-ықпалына басқалардан көбірек ұшырауы да мүмкін. “Өлі тілге” айналып, саз тақталарда таңбаланып қалуы арқасында ғана бүгінге жеткен, шумер тіліндегі кей сөздердің бүгінгі күні түрк тілдерінде сол мағыналарында сақталып отырғанының өзі, олардың ежелден үзеңгі қағысқан сабақтас байланыстарынан сыр аңдатқандай болады.

Бір жағынан, ол – әлгінде айтылғандай, шығыс ностра тілдері артқы қапталының Орталық Азияның күнгейінде саралану үдерістері өткен кезеңдеріне (13 000-7000 ж.б.) де шамаласар еді. Бұл сонау замандарда осы өңірлерде арғы алтай, түпкі түрк тілдерінің Батыс тобы өмір сүрді деген иланымның бір дәйегін де қолға ұстатады...

Шумерлер қайдан келді?

Ғылымда шумерлер Қос өзен (Месопотамия) аралығына, бұдан 6000 жылдай уақыт бұрын, басқа жақтан келді, деген пікір орныққан. Оларды бірде солтүстік-шығыс Ираннан, бірде теріскейден, Орталық Азиядан немесе Месопотамияның шығысына қарай іргелесе жатқан Эламнан, не Үндіқытай түбегінің батысынан қоныс аударуы мүмкін деген жорамалдар айтылады.

Дегенмен осы ретте әлгінде шет жағасы айтылып өткен *хассуна* мәдениетіне (ж. с. д. VІІ мыңжылдық) қатысты байыптаулардың жаны бардай көрінер еді. Мезолиттің бас шамасында *Балқантауға тән геометриялық микролит* үрдістері жеткен *Шанидар В2, Зарзи* тұрақтары тас құрал дәстүрлерінің неолитте Тигр өзенінің теріскей алабында бір-біріне жақын орналасқан *жармо, хассуна* мәдениеттерінде (ж.с.д. VІІ-VІ м.) байқалуы, сірә, кездейсоқтыққа баланбаса керек. Оған қоса, бұл өңірлерде 16-14 мыңжылдықтар арасында шығыс ностра тілдерінің саралану үдерісі өткенін, Сартан мұз дәуірі кезінде сіреу құрсаңған Елбурс, Түрікпен-Хорасан тауларынан теріскейге аса алмаған алтай-оралдық біраз қауымның артқы қапталының мезолит, неолитке дейін де, Қап тауының күнгей бетіндегі осы

аймақтарды мекен етуі мүмкін екенін естен шығаруға болмайды. Сондай-ақ Иранның солтүстік-батысындағы Үрмиэ көлін айнала қоршап жатқан өңірлер мен теріскей Иран аумағына ж. с. д. ҮІІ мыңжылдықтағы Каспий трансгрессиясы кезінде топансудан босқан алтайлық жұрттармен бірге Қарақұм қойнауларында құнарланған арғытүркілік тілдік нұсқалардың да қайырылып оралу мүмкіндігі әбден иланымды.

Хассуна мәдениетін зерттеушілер оның төменгі археологиялық қабаттарынан әуелгі тұрғындардың басқа жақтан келгенін білдіретін жәдігерліктер тапқан еді. Олар ағаш сапқа қарамаймен бекіткен геометриялық микролит орақтар болатын. Осының өзі олардың егіншілікпен айналысқанын көрсетеді. *Хассуна* тұрғындары балшықтан соғылған бәкене үйлерде мекендепті, сырты боялған қыш көзелер мен ыдыстарды тұтыныпты. Мал өсіріпті. Содан *хассуна* ж. с. д. V мыңжылдық басында *халаф* мәдениетіне алмасыпты.

Дәл осы шамаларда Каспий айналасындағы өңірлерде қуаңшылық орнауына байланысты, теңіз акваториясында 500 жылға созылған *Жыланды регрессиясы* басталған еді. Соның салдарынан туындаған экологиялық дағдарыс теріскей Месопотамияны да шарпыған. Құрғақшылыққа ұрынған *хассуна*, *халаф* жұрттары амал жоқ, суармалы егіншілік мүмкіндігі бар күнгеі Месопотамияға қарай жөнкіле көшуге мәжбүр болған. Олар соның алдындағы мыңжылдықтарда Парсы шығанағынан көтерілген топансудан енді босап, жер қыртысы құнарланып жатқан жаңа қоныстарында басқа да ауып келген диқан жұрттармен бірге *убейд* мәдениетін (ж.с.д. V-VI м.) түзуге араласады (*Матюшин*, 1996: *Убейд*, *Халаф*, *Хассуна*). Кейінгі тарих оларды Әл-Убейд қонысына орайластыра *убейдтіктер*, кейде – *арғы шумерлер* деп атайды (*ИДВ*, 1979: 94 б.).

Ілкі шумерлердің әуелде теріскейден келгендігі көне эпсаналарда да жырланып қалған. Мәселен, Шумердің Эрех қала-мемлекетінің әміршісі Энмеркар патша туралы “Энмеркар және Аратта әміршісі”, “Лугальбанда және Энмеркар” секілді дастандарында, олардың теріскейде жатқан алтын мен күміске, асыл тастарға бай Аратта деген елмен тығыз байланыс құрғаны жырланады. С. Крамер сол эпсаналар желісіне сүйене отырып, Араттаны Кавказдың оңтүстігіндегі, қазіргі Иран Әзербайжаны

аумағында жатқан *Үрмиэ көлінің Каспий жақ бетіндегі* ел, деп таниды. Ол аймақта сол замандарда алтай-оралдық жұрттар мекендеген еді, яғни грамматикасы жалғамалы тілге жататын шумерлердің де сол бағыттан келуі мүмкін деп жорамалдайды. Дастандарда Аратта халқы өздерінде астық тапшы болғандықтан, алтын-күмісін, ақық тастарын Шумерге әкеліп, астыққа айырбастайтыны, он қолынан өнер тамған шеберлер Қосөзен аралығына Араттаның мәрмар тастарын жеткізіп, Эрехтің талай ғимараттарын сомдағаны сөз етіледі.

Осы орайда бір назар аударарлық жайт, сол Аратта “Энки және Нинхурсаг” эпсанасында *Туркиш* елі деген атаумен де алмастырылып айтылады. Шумермен қарым-қатынас жасайтын елдердің бәрі тізбектелген жыр шумағында, әдетте назардан тыс қалмайтын алтын-күмісімен әйгілі Аратта аты кездеспейді де, оған тиесілі орында *Туркиш* аталып: “Туркиш елі алтынын жеткізе берсін” деген бір жол тілек ұшырасады (*Крамер, 2002: 56-59, 299-311 б.*).

Бұл *Аратта* мен *Туркиш (Түркеш)* бір географиялық мекеннің екі түрлі атауы болуы мүмкін деген жорамалдарға да бастар еді. Осы жерде Үрмиэ көлі аймағындағы көне елдер туралы зерттеулер жүргізген әзербайжан ғалымы Ю. Юсифовтың еңбектері көмекке келер (*Юсифов, 1987. 9-40 б.; 1987(а). 101-109 б.*). Ол ж. с. д. III-II мыңжылдықтардағы шумер мәтіндерінде кездесетін Араттаның орналасқан аумағы – Үрмиэ көлінің оңтүстік-шығысына орайласатынын, ассирия, урарт жазбаларында бұл топоним “таулы ел” ретінде сипатталғанын дәйектейді. “Аратта” сөзінің Аратейя/Алатейя түрінде жазылғанын тілге тиек етіп, оның алтай жұрттарының тауға қатысты “Алатау, Алтай” ұғымдарымен үндесіп жатқанына ден қояды.

Әзербайжан ғалымы мұндағы “*ара/ала*”, “*та/тейя*” сөздерін бір мағыналас “*тау, биіктік*” деген түсінікті беретін біріккен сөз (*биік+тау*) деп таниды. Моңғол тілінде “*тау*” сөзі – “*ола*” (уул) түрінде аталатынын қаперге ала отырып, осы “*ала*” ұғымының қосарлы оронимнің (тау атауы) бір сыңары ретінде тек түрк тілдерінде ғана сақталғанына назар аударады. Яки, әу баста “*тау*” деген мағынаны білдірген “*ала*” сөзі кейіннен “Алатау, Алатао, Алтай, Аладағ” сияқты екі сыңарының да мағыналары ұқсас

біріккен сөздерге айналғанын алға тартады. Тау атауындағы осы тақілеттес алтай-түрктік нышандардың өзі де Шумермен шамалас замандарда Үрмиэ көлі маңайында және одан да ауқымды аймақтарда сол тілдерде сөйлейтін этностардың ғұмыр кешкенін көрсетсе керек, деген тұжырымға келеді. Және ассирия, урарт деректерінде сол Аратта елінде мекендегендігі туралы айтылатын *турукки* (түрүк), *су*, *лулубе* жұрттары алтайлық тайпалар болса керек деп жорамалдайды.

Шамасы, бұл жерде, Аратта жалпы өңірді, ал *Туркиш* (турукки) сол өңірде ғұмыр кешетін этнос атауын білдіруі де мүмкін. Сондай-ақ *туркиш* (түркеш), *турукки* (түрүк) этнонимдерінің түбірі бірдей екендігі назар аударуға тұратын жайт дер едік. Оны *түрк* сөзінің көне деректерде ең ілкі көрініс беруі десе де болады.

Шумер жазбаларында әуелі Аратта, кейіннен Туркиш (Түркеш) деп аталған аймақ кейіннен ассирия патшасы Ашшурнасирпал II (883-859жж.) кезіндегі жазбалар мен ортағасырлық авторлар деректерінде де алтын, күміс, мыс, қорғасын, асыл тастар мен мәрмәр өндіретін мекен ретінде танылыпты (*Юсифов*, 1987: 22-23 б.).

Зерттеулерде одан кейін, ж.с.д. XIV ғасырдағы ассириялық сына жазу деректері бойынша, *туруккилердің* (түрүктердің) Үрмиэ көлі маңын мекендегені туралы айтылатыны, ж. с. д. I мыңжылдықтың басындағы урарт жазуында олардың *турух* деп көрсетілетіні назарға алынады (*Мизиев*, 1990: 46-47 б.).

* * *

Шумерлер өздерін *саг-нгига* (саг – бас, нгига – қара) – басы қаралар (қара шаштылар) деп атапты. “*Шумер*” сөзінің өзі де кейіннен Аккад дәуірінде шумер тілінің орнын басқан семит тіліне бейімделген атау көрінеді. Ал әйгілі неміс шумертанушысы А. Фалькенштейннің (1906-1966) дәлелдеуінше, ол таза шумер тілінде – *ки-эн-ги(p)* деп оқылады екен. Киэнги/p/ – шумер мифологиясындағы ортаңғы әлем әміршісі – Энлилдің храмы тұрған мекеннің атауы. Даниялық шумертанушы А. Вестенхольц оны “киелі тіл жері” деп аударады (*Емельянов*, 2003: 32 б.). Осы реттен алғанда, Киэнгир сөзін (*ки* – жер, *эн* – жаратушы, *ги(p)* – кие) “Жаратушының киелі мекені”

деп те байыптауға болар. “P” – көне түркілік “ар, ер” аффиксі болуы да мүмкін. “Ар,ер” – адамдар, ел ұғымын байқататын қосымша екенін еске алсақ, ол толық түрде “Жаратушының киелі мекені, елі” деген ұғымға да кәдімгідей жуықтар еді.

Татардың көрнекті лингвисті, академик М. Зәкиев аккадтықтардың *киэнгилерді* Бағдаттың теріскей бетіндегі өңірде жайлаған түрк текті *субар* жұртының атына сәйкестендіре *сумар/сумер/шумер* түрінде атап кеткенін айтады. Субар, шумер этнонимінің Орта Азиядағы Самар-кенд, Еділ алабындағы Самар топонимдерінде де көрініс бергеніне, *субар* мен *ас* тайпаларының бірігуінен *суар+ас*, *хуар+ас* этнонимі пайда болғанына, оның кейіннен *хорасми/хорезми* атауына айналғанына дәйекті дәлелдер келтіреді. Ғалымның шумерлердің өздерін *киэнгир/қангар*, хорасмилерді – басқа халықтардың *қангха/қангюи* деп атайтынына назар аударып, *шумер/киэнгир/қангар/қаңлы* жұрттарының ежелгі сабақтастығынан сыр суыртпақтатуы да қызықты (Зәкиев, 2002: 89, 99-107 б.).

Қазақтың белгілі лингвисті А. Аманжоловтың осы *киэнгир* сөзінің Орталық Қазақстан жеріндегі Кеңгір өзені атауымен үндес келуі тегін емес, мұнда бір байланыс болуы мүмкін дейтіні бар (Аманжолов, 1996: 26-27 б.). Егер Кеңгір өзенінің алабы мен соған жапсарлас өңірлер әуелден киелі мекендер ретінде танылып келгендігін (Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері, «Оғыз-намедегі» Ортау, Кертау жайлаулары, Алаша хан кесенесі ж. т. б.) еске алсақ, бұл топонимдік ұқсастықтың сыры алтай, арғы шумер дәуірлерінің этнотектік тарихымен сабақтасып жатуы да әбден ықтимал.

Осы ретте, тағы да қайталап жатсақ айыбы болмас, *сол замандарда арғы алтай қауымдары өзге де шығыс ностра тілдерінде сөйлейтін жұрттармен қатар қазіргі Иранның теріскейінен Қиыр Шығысқа дейінгі алып еуразиялық аумақта тұтаса қоныс теуіп жатқанын кейінгі археологиялық этнотектік деректер жоққа шығармайды*. Олардың төңіректегі елдермен аралас-құраластығының бір мысалын – Шумер жазбаларының арқасында осы күнге жетіп отырған тіл ұқсастығы да анық байыптатады.

Шумер (киэнгир) этносының атымен тарихқа енген мемлекет екі мың жылдай (ж.с.д. 4000-2000) өмір сүрді.

Шумерлердің Оңтүстік Месопотамияға табан тіреуінің нәтижесінде осы өңірде адамзаттың алғашқы өркениет орталықтарының бірі ірге көтерді. Бас қаласы – Ур (Ор, Орда) деп аталды. Қала-мемлекеттер ауқымында қолөнер мен сауда өрістеді, суармалы егін шаруашылығы дамыды, ғибадатханалық кешендер көптеп салынды. Әлемдегі алғашқы пиктографиялық, одан соң сына жазуының үлгісі пайда болды. Шумер тілінде оқулықтар жазылды, мектептерде дәрістер жүрді. Сол жазумен Шумерді билеген әулеттер тарихының шежірелері, мемлекеттік құжаттар, қазыналық кіріс-шығыс есептері, әдеби шығармалар саз тақталар бетінде айшықталып қалды.

Қос өзен өңірінің теріскей бетіне қоныстанған семит тілді Аккад патшалығының шабуылдарына ұшырағаннан кейін-ақ, талай уақыт дәуірлеген Шумер мемлекетінің де басынан бақ тая бастады. Сөйтіп, бұдан 4300 жыл бұрынғы шамада бүкіл Месопотамия аккадтықтар иелігіне көшті. Шумер әміршілерінің лауазымдары, атаулары, эпсана кейіпкерлері түгелдей дерлік сол атауларымен аккадтықтарға ауысты. Ғылыми дәйектерде жаулап алушылар сөйлейтін аккад тілінің біртіндеп шумер тілін қолданыстан ығыстыру үдерісі тым қарқынды жүргені айтылады. Жыл санауымызға дейінгі 2000 жылдай бұрын-ақ шумер тілі өлі тілге айналыпты; сөйтсе де діни уағыздар мен ғылым тілі ретінде мектептерде оқытылып, тағы да 1500 жылдай пайдаланылыпты. Содан кейін ізім-қайым.

Шумерлер ана тілі жойылғанымен, өздері семиттерге сіңісіп, діндері мен мәдениеттерін сақтай отырып, солайымен аккад тіліне ауысып кетіпті. Өз кезегінде, дәуірлеген шағында Бабыл мен Ассирия мемлекеттерінің ресми тілі дәрежесінде қолданылған аккад тілінің де басына кейіннен осындай кеп түсіпті. Олар да ж.с.д. 1 мыңжылдықтың соңында өзі сияқты семит текті арамей тіліне жұтылыпты.

Ал Шумер өркениетінің үрдістері болса – сол Қосөзен аралығында жыл санауымызға дейінгі 4000-2500 жылдар бұрынғы аралықта ғұмыр кешкен Бабыл мемлекетінің мәдениетіне сабақтаса ұласқан еді (*ИДВ*, 1979: 92-188 б.; *ИБ*, 2000, 45-112 б.).

Шумер тілі жойылып кеткенімен, сол тілде таңбаланған жазба ескерткіштердің мыңжылдықтар топырағы астынан

аршылып алынуы арқасында, бір замандарда қолданыста болған әріптер, сөздер мен сөйлемдер танылды, құжаттар, әпсаналар мен жырларды оқуға мүмкіндік туды. Ол адамзат тарихы дамуындағы Таяу Шығыс аймағынан басталған демографиялық дүмпудің әсерінен Шығысқа қарай лықсыған әртүрлі қауымдардың тілдерінен қалған бір белгідей боп қайтадан тірілді. Оның сөздік құрамында сол дәуірлерде артқы қапталы Кавказдың оңтүстігінен бастап шығысқа қарай қоныстанған *арғы алтай*, *бағзы түрк* жұрттары тілдері мысалдарының да ұшырасу себебін, енді бұрынғы дағдымен далбақтап, со бойы жоққа шығара беру де келісе бермейтін сияқты. Өйткені ғылымның жаңа жетістіктері Шумер заманына дейін де, кейін де Орталық Азияның оңтүстік-батысы мен күнгей бетінде *шығыс ностра*, оның ішінде *арғы батыс түрктік* қауымдардың қапталдаса мекендегенін мойындатар ғылыми дәйектер мен деректер кейінгі кездерде көбейе түсіп отырғанын еш аттап өтуге болмайтынын алға тартады (*Клягин, 1996: Ренфрю, 1998*).

Үндіеуропалық кезеңге дейінгі Иран жері мен Кіндік Азия

Бүгінгі Иран жері мен оған жапсарлас аймақтардың шумер кезеңімен шамалас дәуірлерде де, оған дейін де *үндіеуропалық* тіл ареалына еңбегені белгілі. Ғылым да бұл мәселеге келгенде – бірауызды.

Зерттеушілер көне жазбаларда қатталып қалған мәліметтерді екшей отырып, сол замандарда қазіргі Иран жерінің оңтүстік-батысында – *элам*, шығыс бетінде – *дравид*, батысында – *лулубе*, элам тектес *кассит*, сондай-ақ болжамды түрде солтүстік-кавказ тілдері тобына жатқызылатын – *хуррит*, *кути* және басқа да үндіеуропалық емес тілдерде сөйлейтін тайпалар мекендегенін алға тартады (*Фрай, 1972: 49 б.; Дьяконов, 1971:129-130 б.; ИВ, 2000: 267б.; ИДВ, 1979: 273, 285-286 б.; Бонгард-Левин, Грантовский, 1983: 16, 161-167, 179-183 б.; Дандамаев, 1989: 135-136 б.*).

Көне Шығыс тарихына қатысты ғылыми еңбектерде Каспий теңізінің шығысындағы Кіндік Азияның оңтүстігін жайлаған жұрттардың да сол замандардағы этникалық сипатына барлау

жасалынатын тұстар кездеседі. Олардың бірінде: “бұл өңірлерде шамасы *дравидтер* мен *эламиттерге* туыстас тайпалар қоныстанған болуы керек”, деген байлам шым-шымдап қана айтылса (*ИДВ*, 1979: 273 б.; *Массон*, 1999: II. www.), келесісінде “Парсы шығанағынан Зеравшанға дейінгі аумақтарда ж. с. д. III-II мыңжылдықтарда *дравидтердің* шаруашылық-мәдени, этнотілдік іздері айқын байқалады” деген пікір кәдімгідей нақтыланады (*Кляшторный*, 2004: 32-36 б.). Сондай-ақ Арал теңізінің күнгейіндегі кейінгі тиянақтаулар бойынша, ж. с. д. VI-III мыңжылдықтар ауқымын қамтитыны анықталған Келтеминар (Келтемұнара) мәдениетін жасаған жұрттар *фин-угорлықтар* ретінде танылады (*Пьянков*, 1995).

Зерттеушілердің түйіндеуінше, ж. с. д. XIII ғасырлар шамасында ғана қазіргі Иран жерінің теріскей-шығысына *үндіиран* тілдерінде сөйлейтін көшпелі жұрттардың алғашқы лектері жете бастаған. Ол тайпалар бұл жәзираларға Шығыс Еуропадан шамасы, Кавказ және Каспийдің шығыс жағын көктей өте ат басын тіреген болуы керек делінеді. (*ИДВ*, 1979: 273, 285 б.; *Гафуров Б. Г.* Таджики. М., 1972: 32 б.; *Итина*, 1977; *Кузьмина*, 1977: 16-17 б.; *Куклина*, 1985: 90-93 б.).

Яки, меселі үстем боп келген еуроцентристік ғылымның өзі де ден қоятын ақиқат – жалғыз. Ол – жыл санаудан бұрынғы XIII-XIV ғасырларға дейін Иран жерінде *үндіиран* тілдерінің ізі жоқтығы.

Үндіеуропалық тілдердің атамекені ретінде – Орталық және Шығыс Еуропа өңірін танитын ғалымдардың дәйегінше, ж.с.д. III мыңжылдық шамасында Дунай өзенінен Еділ алабына дейінгі аумақта *үндіиран* тілдерінің саралануы жүрген. Сол тілдерде сөйлейтін көшпелі жұрттардың бірер толқыны ж. с. д. II мыңжылдықтың өн бойында Орталық Азия арқылы қазіргі Ауғанстан мен Үндістан аймағына көші-қон үдерістерін жасапты. Олардың біраз тобы қазіргі Герат өңірінен Иранның батысына қарай жылжып, сол мыңжылдықтың соңында Иран қыратындағы байырғы *хуррит*, *луллубе*, *кассит*, *элам* ж. т. б. үндіеуропалық емес тайпалардың арасына сұғынып қоныстана бастайды (*Сафронов*, 1989; *Кузьмина*, 1977: 9-18 б.; 2000: 3-20 б.; *Пьянков*, 1995; *Дьяконов*, 1971: 125-134 б.; *Фрай*, 1972; 80 б.; *Артамонов*, 1974: 10 б.).

Назар аударар жайт, көрсетілген дереккөздерден алтай тілді жұрттар туралы бір ауыз сөзді кездестіру қиын. Алтайлықтармен бірге шығыс ностра тобына енетін: әуелден тіні өзектес *элам, дравид, орал* тілдері бар; *сино-кавказ* тобына іліктес тілдердің шиырлары ұшырасады. Бірақ, *алтай* тобындағыларға орын жоқ.

Әйтсе де “*басқа да үндіеуропалық емес тілдер*” деген сілтемелер ауық-ауық айтылып қалады.

Бұл ретте де, әлбетте өз кезінде бұзылмастай боп бекіген сол қағидадан: “алтай тілдерінің атамекені – тек Алтай-Саян аймағы” деп танытар дүмді тұжырымнан аса алмаушылық табын аңғару еш қиын емес.

Дегенмен, кейінгі зерттеулердің осы “қағидаларды” қайтадан пайымдап, Шумер заманы мен үндіеуропалық тілдерге дейінгі кезеңдерде ғана емес, одан ілгергі дәуірлерде де бұл аймақтарда алтай тобы жұрттарының ізі қалғанын дәлелдеуге бет бұра бастағанын айтуға тиіспіз.

Көзі қарақты зерттеушілер бұған дейін де арғы түрк тілдерінің іздері шумер жазбаларында ғана емес, осы өңірлерде ғұмыр кешкен басқа да байырғы тілдердің сілемі қалған деректерде ұшырасатынын айтып жүретін. Алайда оларға ғылыми ортада әдеттегіше мән беріле қоймай, жай сәйкестік шығар деген сыңайда қабылданып, елеусіздеу қала беретін.

Алтайлық жұрттардың алғашқы атамекеніне қатысты жаңаша пайым, енді ол дәйектерге де басқаша қарауға жетелейді.

Осы орайда ежелгі дәуірлерде *Орта Шығыс аймағынан Тынық мұхитқа дейін* ұласып, арғы алтайлық жұрттар қоныс еткен аймақтағы тілдік, этногездік даму дәуірлерін қайтадан кезеңдеу де, сірә, артықтық етпейтіндей көрінеді.

Этногенездік дамуды қайта кезеңдеу

Қазіргі қалыптасқан көзқарас бойынша, түрк тілдері өз дамуында алты түрлі дәуірді бастан өткерген деп саналады. Олар: *Алтай дәуірі* (ж. с. д. III ғасырға дейінгі кезең), *Хун дәуірі* (ж. с. д. III ғасырдан – ж.с. V ғасыры), *Көне түрк дәуірі* (V-X ғасырлар), *Орта түрк дәуірі* (X-XV ғасырлар), *Жаңа түрк дәуірі* (XV-XX ғасырлар) түрінде жіктеледі (*Қайдаров, Оразов, 1992: 43-117 б.*).

Біздің тақырыбымыз осы дәуірлердің алғашқысы – *Алтай кезеңіне* қатысты болғандықтан, әңгіме бағытын да солай қарай

бұралық. Мұндағы Алтай сөзінің әуелден-ақ түрк тілдерінің алғаш пайда болған мекенін тұспалдататын шартты атау ретінде қабылданғаны белгілі. Сондықтан оны біз де ғылыми бірізділік болу үшін сол қалыптасқан атау қалпында қолдана бергенді мақұл көреміз.

Манадан бері алға тартылған дәйектеулер көрсетіп отырғандай, *Алтай*, *түпкі түрк* дәуірінің ежелгі тарихы тым әріде екен. Ендеше, осы орайдағы жаңаша байыптауларға сай, сол дәуірге қатысты кезең ауқымын қайта нақтылаңқырай отырып, оны мынадай бөліктерге жіктеудің де реті келіп тұрған сияқты.

1. *Ностра, арғы алтай (түпкі түрк) дәуірі*. Оны ж. с. д. 50-10 мыңжылдықтарда Таяу Шығыс пен Беринг бұғазына дейінгі аралықты қамтып, алдыңғы легі Америка құрлығына жеткен қауымдардың *ілкі ностра*, *шығыс ностра*, *арғы алтай*, *түпкі түрк* тілдері өмір сүрген кезеңі ретінде қабылдаған мақұл. Бұл ж. с. д. X мыңжылдыққа дейін арғы алтай тілі ыдырай бастады деп болжанатын энциклопедиялық мәліметтермен де шамалап үйлеседі (*Тенишев*, 1996: 8 б.).

2. *Алтай (Арғы түрк) дәуірі*. Ол ж. с. д. X-II мыңжылдықтар арасын қамтиды. Бұл дәуірде *алтай* тілдерінің *арғы түрк*, *арғы моңғол*, *арғы тұңғыс*, *арғы мәнжүр*, *арғы корей*, *арғы жапон* тілдеріне ыдырауы жүрді (*Клягин*, 1996; II.1; *Пучков*, www.cbook.ru).

Бұдан кейінгі кезеңді түрктанушылар ортасында қалыптасқан *Хун дәуіріне* орайластыруға болады. Алайда, оны *Түрк-сақтар мен түрк-хундар дәуірі* деп кеңейтіңкіреп топтаған дұрыс секілді. Хун сөзінің – *гун*, *сиунну* түрінде айтылатын нұсқалары да бар. Бұл дәуір ж. с. д. II мыңжылдықтың ортасынан ж. с. V ғасырына дейінгі кезеңдерді қамтиды. Арғы түрктердің ізбасарлары – әуелгі *сақ-скифтер* ж. с. д. II мыңжылдықтан бастап, Енесай мен Днепр өзендері арасындағы еуразиялық кеңістікті, Орталық Азия аумағымен қамти ен жайласа, *түрк-хундар* (сиуннулар) ж. с. д. II мыңжылдықтың соңынан Көне түрк дәуіріне дейін Моңғол үстірті мен Қара теңіз аралығындағы аумақты алып жатты (*Тенишев*, 1996(а): 52-53 б.; *Салғараұлы*, 2000; 107-182 б.).

Арғы алтайлық қауымдардың орта палеолиттен бастап, Орта Шығыс аймағынан шығысқа қарай беттеп, Тынық мұхитқа дейін

құлаш кергенін айтып жатырмыз. Тым алып кеңістік. Міне, сондықтан да алтайлық жұрттарға қоныс болған *төл атамекендер* туралы сөз еткенде, түсінік шұбалаңқылығы болмас үшін, оны шартты түрде екі бөлікке жіктеп қарастырған да жөн сыңайлы.

Яки, алтайлық жұрттар үшін *алғашқы атамекен* ретінде танылуға тиіс: Месопотамияның шығысынан – Алтай мен Шығыс Еренқабырға таулары бойлығына дейін созылып, негізгі бөлігін Орталық Азия аумағы алып жатқан өңірді *Түпкі, арғы түркілердің Батыс аймағы*; одан шығысқа қарай, алтайлық жұрттардың екінші атамекені болған Ішкі Азия жерін – *Түпкі, арғы түркілердің Шығыс аймағы* деп жұптасақ, сөз саптауымызға қолайлырақ болатындай көрінеді.

Бұл даралау, бір жағынан, Көк түрк дәуіріндегі *Батыс және Шығыс түрк қағанаттары* болып бөлінген қос аймақтың еуразиялық кеңістікті алып жатқан шекараларына да шамаласар еді (*Гумилев, 1993: 127 б.*). Тек, бір айырмашылығы, біз *Батыс аймақ* деп алуды ұсынып отырған байтақ өңірдің күнбатыс шеті – Шумер замандарында Месопотамияға дейін созылып, одан шығысқа қарай жайлаған жұрттарды да қоса қамтиды.

Әрі, бұл жұптау осы аймақтарды жыл санауға дейінгі мыңжылдықтарда мекендеген жұрттардың антропологиялық сипаттарының саралануына да сай келеді. Біз ұсынған Батыс және Шығыс аймақты қақ жарып жатқан Шығыс Түркістан өңірі мен өрдегі Алтай-Саян таулары әуелден сол көне дәуірлердегі еуропеоид пен моңғолоидтық нәсілдердің ара жік шекарасы ретінде де белгілі (*Алексеев, 1992: 388-395 б.*). Осы айырық өңірден батыс бетке қарай, негізінен еуропеоид тұрпатты *арғы түркілер* мекендесе, шығыс жағында моңғолоид нышанды *арғы түрк, арғы моңғол-тұңғыс, арғы корей, жапон* қауымдары жайлады.

Арғы түркілердің Батыс аймағының *Орта Шығыс* аумағына қатысты үндіеуропалық кезеңге дейінгі деректер негізінен шумер, аккад, ассирия, урарту, кейіннен грек жазбаларында сақталған.

Ал сол шамадағы *Орталық Азия мен Ішкі Азия* аумағындағы арғы түркілер туралы жазба мәліметтер тым тапшы. Ежелгі Қытайдың Шэң (Инь) дәуірінің (ж. с. д. ХІҮ-ХІІ ғ.) жорушылары

мен бал ашушылары тасбақа қабыршақтары мен мал жауырындарына түсірілген жазбаларда, Қытайдың батысы мен теріскейін мекендеп, үйір-үйір жылқы, отар-отар қой өсіретін көшпелі жұрттар *цяң* деп аталыпты. Олар қоныстанған аймаққа “Дүлейлер елі” деген ат беріліпті. Жыу (Чжоу) дәуірінде (ж. с. д. XII-III ғ.) оларды *жүң* деп атай бастапты. Ж. с. д. VІІ-VІ ғасырларда Қытайдың теріскейі мен шығыс-солтүстігін мекендеген тайпалар тарихи жылнамаларда *ди* деген атқа иеленіпті. Содан кейінгі ғасырларда сол жүндар мен дилердің орнында қуатты *сиунну*, *дунху* бірлестіктері пайда болыпты (Салғараұлы, 2000: 183-206 б.; Кляшторный, 2004: 55-68 б.). Ал негізінен көшпелілердің билеуші әулеттері, тұрмыс-тіршілік ерекшеліктеріне, тіліне қатысты мәліметтерге сиунну (хун) елінің ж. с. д. III ғасырда Қытайға жасаған жорықтарынан кейін ғана мән беріле бастапты.

Яғни, бұл реттен алғанда, *түпкі, арғы түркілердің Батыс аймағына* қатысты ілгергі мыңжылдықтардағы шумер, аккад, ассирия, элам, урарт тілдеріндегі көне жазба деректер құндылығы жағынан, басқа өңірде баламасы жоқ аса бағалы дәйектерге саяды. Бізге жеткен сол азғана мәліметтердің өзі, арғы түркілер ақиқатының бұрын көп сөз бола қоймаған тосын соқпақтарына бастайды...

Субар мен қас жұрттары

Месопотамияда ж. с. д. III мыңжылдықтан бастап, шумер тілімен қатар қолданыста болған семит текті аккад тілінде жазылған және одан кейінгі Ассирия және Урарту дәуірлерінен қалған дереккөздерде де Каспий мен Кавказдың оңтүстік шалғайын мекендейтін жұрттар арасында *турукки, лулубе, су, суби, кашшу, кути* сияқты этностардың аттары ұшырасады. Олар кейіннен осы аймақта ірге көтерген Мана (Манна) мен Мидия (Мадай) патшалықтарының құрамына енген тайпалар қатарына жатады.

Бұл көрсетілген этнонимдер арасындағы *турукки* туралы осыған дейін, шумер жазбаларындағы Аратта аймағына қатысты әңгіме қозғалғанда да сәл сөз еткенбіз.

Турукки (түрүк) этнонимі ж. с. д. II мыңжылдықтың өн бойындағы Бабыл, Ассирия патшалықтары заманына қатысты тарихи деректерде кездеседі екен. Олар өздері мекендеген

Аратта/Түркеш өңірінен Солтүстік Месопотамияға дүркін-дүркін жорықтар жасап тұрыпты. Батыс бетіндегі хурриттермен сауда-экономикалық қарым-қатынастар орнатыпты. Ғалым Ю. Юсифов шумер жазбаларындағы Аратта (Аратейя/Алатейя) атауы алтай тобына жататын осы *турукки* тілінде туындаған болуы керек деп шамалайды (Юсифов, 1987: 33 б.).

Аратта өңірін мекендеген жұрттар арасындағы шумер, аккад дереккөздерінде *туруккилермен* қатар *су*, *субар*; ассирия кезеңінде *суби* деп аталған этнонимге де мән беру ләзім. Ғалымдар бұл этнонимдердің түбірін бағзы түрк тіліндегі *су* (*суб*) ұғымынан тарқатуға болатынын айтады. Ж. с. д. III мыңжылдықта *су* жұрты Мана патшалығының батысы мен шығысын мекендепті. Шамасы сол дәуірде олар *Аратта* елінің, кейіннен осы өңірде ғұмыр кешкен *кути* мен *лулубе* патшалықтары құрамына енсе керек (Юсифов, 1987: 34 б.).

– *Ар*, – *ер* (ер, адам) ежелден түрк ру-тайпаларының атауына қосылатын, іс-әрекет иесін білдіретін көптік жалғау екені белгілі. Яғни, *субар* этнонимі “су адамдары” (сулы өңір жұрты) деген мағынаға да саяр. Ғылымда *чуваш* этнонимінің осы *субардан* таралатыны да нақтыланған (*Народы мира*. 1998: 514 б.). Ол “сулы өңір адамдары” деген мағынаны білдіреді дейтін пікірлер бар (Мизиев, 1990: 47 б.). Қазақ зерттеушілері де “сулы өңір жұрты” ұғымына қатысты мысалдар біздің еліміздегі этнопонимдер мен этнонимдерде кездесетінін айтады. А. Әбдірахмановтың пікірінше, “*Созақ*” атауы – *сусақ* (су бойы сақтары) дегенді білдіреді (Әбдірахманов, 1979: 53-56 б.). Қ. Салғараұлы “*суан*” (субан, шубан) тайпасын “су бойындағылар” дегенді көрсететін этноним ретінде байыптайды (Салғараұлы, 1989: 54 б.). Мұндағы – *ан/ен/н/* аффиксі де түрк тілдеріне тән көптік жалғау.

Субар этнонимін көне түрк заманындағы *сү* (әскер, жасақ) ұғымынан тарқатылар “жасақты ел” мағынасынан шығаратын тұспалдаулар да бар (Баскаков, 1985: 38 б.).

– *Ар* /*ер* /*р* аффикстерінің жалғануынан: бұлғар, хазар, татар, қанғар, ұйғыр... сияқты этнонимдік атаулар туындаған. Ал бұл аффикстің *субар* атында ұшырасуы, әрі оның шумер, аккад заманында көрініс беруі – осы қосымшаның әріден келе жатқан көнелігінен де хабардар еткендей болады.

Ассирия сына жазуымен түскен *суби* этнониміндегі *и/би/ни/бе* қосымшасын ғалымдар элам және кей кавказ тілдерінде көптік жалғауын білдіретін аффикс деп таниды. Шамасы, ол – көне жазбаларға, сол көрші тайпалардың *субар* жұртын өз тілдеріне бейімдеп *суби* (суб-и) деп аудара атауынан, сол басқа тілдегі айтылуымен түскен сыңайлы. Сондай-ақ *би* қосымшасын академик Зәкиевтің жүйелеуі бойынша, байырғы түрк этнонимдеріне қосылатын «бай адам» мағынасын білдіретін «*би/бей/бек/бай*» концептісі ретінде де байыптауға болады (Зәкиев, 2002: 111, 148 б.; 2004: 96 б.). Бұл этнонимнің алтай жұрттарының тілдеріне тән – *ай* қосымшасы жалғанып, *суб-ай* (суб елі, сулықтар) мағынасында жасалу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды.

Зерттеушілер *субар* жұрты атауының урарт дереккөздерінде *лулу-бе* түрінде түскенін де аңғарыпты. Мұндағы *бе* элам тіліне тән көптік жалғау. “Лулу” урарт тілінде “бөгде”, “жау ел” деген мағынаны білдіреді екен. Яки, бұл субарлардың урарттықтар үшін “бөтен жұрт” болғанын байқатады (Гейбуллаев, 1991: 37, 193 б.). Армян тау қыратының көне тұрғындары пайдаланған *урарт* тілі – шумер заманында Месопотамияның теріскей бетінде кеңінен қолданыста болып, кейіннен өлі тілге айналған *хуррит* тіліне туыс деп есептеледі. Екеуі де *шығыс кавказ* тілдері тобына енеді. Жалғамалы тілдер санатына жатады (ЛЭС. 1990: 538,574 б.).

Егер *субар-лулубені* бір жұрттың екі атауы ретінде таныр болсақ, *лулубелер* тарихта ж. с. д. III мыңжылдықта Иранның оңтүстік-батысындағы Загрос тауларын бойлай, Дияла өзені төңірегінде қоныстанып, Месопотамияға ауық-ауық шабуыл жасап тұрған тайпа ретінде де белгілі. Лулубелердің тегі мен тілі, қай жұрттарға жақындайтыны жөнінде мәлімет қалмаған. Тілі, шамасы, *кассит* тілімен туыс болуы мүмкін дейтін жорамалдар айтылады (ИДВ. 1979: 95 б.).

Ал *касситтер* көне замандарда сол лулубелерден шығысқа қарай жапсарласа, бүгінгі Луристан аумағын мекендеген ел. Касситтер Загрос тауларының ежелгі тұрғындары ма, жоқ, әлде басқа жақтан көшіп келгендер ме, ол жағы мәлімсіз (ИВ. 2000: 100 б.). Тілі – эламдықтарға жақын шығар деген тұспалдаулар

жасалғанымен, айқын тілдік мысалдар жетіспегендіктен, қай жұртпен туыс екені нақты дәлелденбеген.

Тарихта касситтердің ж. с. д. II мыңжылдықтың басынан Месопотамияның бай қалаларына шапқыншылықтар жасап жүргендігі жөніндегі деректер қалған. Ж. с. д. ХҮІ ғасырда олар биік мәдениетті Бабыл (Вавилон) мемлекетін басып алып, оған төрт ғасырдай билік те құрған. Өздерінің патша әулеттері Бабыл тағына отырған сол төрт жүз жыл ішінде, олардың Вавилонға қоныс аударған бөлігі жергілікті тұрғындарға сіңіскені сонша, тілінен, салт-дәстүрлерінен айырылып, түгелдей Аккад мәдениетінің ықпалына ауысыпты. Ал касситтердің Загрос тауларындағы өз атажұрттарында қалған бөлігі “*Кашшу елі*” деп аталып, шумер, семит, хуррит және үндіеуропалық тілдерге ұқсамайтын ана тілін сақтап қалған еді, делінеді (ИДВ. 1979: 95, 137 б.).

Бірақ, кейіннен сол тіл де “жоғалған” көрінеді.

Кассит тілі болғаны рас, алайда оның шумер, аккад сияқты тілдік мағлұматтары қалмаған. Ғалымдар Кассит әулеті Бабылды билеген замандарда жасалған кассит-аккад сөздікшесінде, аккад мәтіндерінде кездесетін кассит әміршілері есімдерінің түзілімін сараптау арқылы 100-ге жуық түбір сөздер мен бірнеше жұрнақтарды анықтағандай болыпты. Жалғамалы тіл екені байқалыпты (ЛЭС. 1990: 215 б.).

Бірқатар зерттеулерде сол азғана мәліметтерден алтай-оралдықтарға тән дәйектердің ұштығы тарқатылғандай болғанымен, кезінде оған «алтайлықтар қайда? кассит қайда?» деген сыңайдағы күдіктер қарсы қойылыпты. Ал расында кассит билеушілерінің ныспыларында алтайлықтарға етене ұғымдар кәдімгідей ұшырасар еді.

Бабыл тағына отырған кассит патшалары есімдерінің Уламбуриаш, Бурнабуриаш (1375-1347), Куригалзу (1347-1324), Каштилиаси, Қадашман-Турди (1298-1280), Абирутташ, Уршидурумаш, Кудур-Енлил (1264-1255), Шагаракти-Шуриаш (1255-1242), Назимарутташ (1324-1298) деп аталғаны тарихта қалған. Сондай-ақ, Қадашман-Харве, Қараинташ, Қара-хардаш, Қандаш сияқты адам аттары кездеседі (Гейбуллаев, 1991: 37-38 б.). Осы есімдердегі “бөрі” (бури) көне түркшеде – “ұл” (ДТС. 1969: 118 б.), “йаш” /жас/, “тұрды”, “ұршы” /ұрыскер/, “ұлам”

/ұлан/, “күр” /ер, батыр/ (сонда. 328 б.), “тас”, “қадаш” /туыс, бауыр/ (сонда. 401), “қара”, “қардаш” /өзбекше: бауыр, дос/, “қандас” сияқты ұғымдардың түрк жұрттары сөзіне де жат еместігін байқау еш қиындық туғыза қоймайды.

Осы ретте зерттеушілердің көбі *кассит* этнонимінің түбірі *кас* (*қас*) сөзі екеніне ден қоятынына назар аударуға тиіспіз. Атау соңындағы – *ит*, сол тектес – *т* /*ат* / *ет*/ *ыт* / *ит* аффикстері сияқты түрк, моңғол, тұңғыс, мәнжүр, кавказ тілдеріндегі көптік жалғаудың көне түріне жатады. Мұндай қосымшалар түбі түрктік: кереит, меркіт, дулат, маңғыт, қоңырат ... сияқты этнонимдер бойында да кездеседі. (Жанұзақов, 1982: 114-116 б.). Касситтің түбірі *кас* (*қас*) екендігіне, олардың Загрос тауларындағы атамекендері akkaд дереккөздерінде “*Каишу елі*” деп аталғаны да дәлел. Мұндағы “у” әрпі – семит тіліне тән қосымша дыбыс, “*иш*” – сол тілге сай әріптердің қосарлануы болып табылады. (Өлгінде сөз етілген *турукки* этнониміндегі соңғы “*и*” әрпі мен қосарлы “*кк*” де дәл осындай морфологиялық түзілімнен тұрады).

А. Македонскийдің өмірі туралы антикалық деректерде Зұлқарнайын қолбасшының ж. с. д. 324-323 жылдың қысында өткерген ең соңғы жорығы да сол Загрос тауларын мекендеген *коссей* (*каишу*) жұртына жасалғаны айтылады. Месопотамия тұрғындарына қайта-қайта шабуылдап, мазаларын ала беретін таулық тайпаларға мұздай құрсанған әскерімен сүреңіткен шапқыншылық ұйымдастырып, жермен-жексен еткеннен кейін, Ескендір патша өзінің соңғы резиденциясы болған Бабыл шаһарына қайта келіп тұрақ тепкен еді. Оның сол қалада жаңа жорықтарға шығуға қамданып жүргенде, тосын кеселге ұрынып, жаз ортасында 33 жасқа жетпей көз жұмғаны тарихтан мәлім (Страбон, 1964: XI.XIII. б; Шифман, 1988: 198-200 б.).

Кас тайпасының аз-мүз тілдік мәліметтерінде кісі аттарында “*қара*” деген сөздің кездесетінін, оның түрк-қазақ ұғымында қалыптасқан “күдіретті, ұлы, киелі, күшті” мағынасына орайластыра қолданылғанын байқар едік. “Қара” – көне түрк дереккөздерінде “қ” әрпінен басталып жазылар. Осы тұрғыдан алғанда орыс тілді ғылыми әдебиеттерде “кас, кара,..” деп жазылып жүрген атаулар әу бастағы түпнұсқа тілде “кас, кара, қандаш, қадаш” түрінде айтылды деп білеміз. “Қ” әрпі семит-

араб тілінде де дәл осы кәріп секілді дыбысталатыны белгілі (Оңдасынов, 1989. II т. 77 б.).

Ғалымдар арасында осы қас жұртын ж. с. д. I мыңжылдықта Шығыс Әзербайжанда мекен еткен көшпелі *каспи* тайпасымен туыстастыратын, олар алтай-оралдықтар болуы мүмкін дейтін пікірлер біраздан бар. Алайда алтайлық халықтардың ішкі азиялық атамекеніне қатысты әуелден қалыптасып қалған бірмойын тұжырым, бұл тақырыпты әрі қарай қаузауға бөгесін болып жататын.

Енді ностра тілді қауымдардың Орта Шығыстағы ілкі атамекені туралы көзқарас күш ала бастаған шақта, бұл пікірлердің жаны бар екендігі одан әрі нақтылана түсер еді.

Шамасы, *қастар* шумерден арғы-бергі замандарда Кавказ бен Каспийдің оңтүстік бетінен Месопотамияның теріскейіне дейін жайыла қоныстанған алтай-оралдық жұрттардың бірі болса керек. Олардың оңтүстік жағы Бабылды билеп жатса, солтүстіктегі бөлігі Үрмиә көлі маңындағы өздері тектес су (*субар*), *туруккилермен* жапсарласа жайғасқан сыңайлы. Өздерімен іргелес элам, кавказ тілдерімен алыс-беріс қатынастарға түскен. Тілдік ауыс-түйістер өткен. Суби секілді – *би* көптік жалғауы қосылып, *каспи* деген атпен көне деректерге ілінген.

Этимологтар *қас* сөзін орал, картвел тілдеріндегі “*адам, ер кісі*” мағынасынан таркатқан жорамалға ден қойыңқырайды. Ең көне этнонимдердің түп-төркіні “*адам, жұрт*” деген ұғымнан туындайтынын еске алсақ, бұл пікірге құлауға болады. Мәселен, немістердің өздерін *дойче* деп атауын зерттеушілер “*адам, халық*” деген көне германдық мағынамен байланыстырады. *Удмурттардың* көне атауы да “*ар*” (адам) деп алыныпты, *коми жұртының* әуелгі атауы – “*мурт*” (адам) түрінде болған екен (Жанұзақов, 1982: 55, 72-75 б.). *Мари* халқының аты да “*адам*” деген мағынаны білдіреді.

Көне деректерге *кассит, кашшу, коссей, каспи, касог* атауларымен хатқа түскен *қас* жұрттарының қалың бір бөлігі ж. с. д. I мыңжылдықтың орта тұсында Каспий теңізінің оңтүстік-батысын мекендепті. Әйгілі грек тарихшысы Геродот Ахемен әулетінің Дарий патша билеген заманында (ж. с. д. 522-486) *каспиелердің* парсы мемлекетінің он бірінші және он бесінші

округтерінің құрамында болғанын жазады. Оларды сол өңірлердің жергілікті тұрғындары ретінде атайды (*Геродот. История. 1999: III. 92-93 б.; YII. 67,86 б.*).

Мұндағы он бірінші округ: қазіргі Әзербайжан жері; он бесінші округ: Каспий теңізінің оңтүстігі мен шығысынан – кезінде Әму суын Каспийге құйып жатқан, бүгіндері құрғап қалған көне Үзбой өзегін бойлай Арал теңізінің оңтүстік-шығысына дейінгі кеңістікті алып жатқан аймақ.

Әйгілі орыс шығыстанушысы В. В. Струвенің Бехистун жартасындағы жазбаларды қайта зерделеген зерттеуінде сол ХҮ округтегі *каспилерді* сақ тайпаларының қатарына жатқызатыны бар. Ғалым ол замандарда Арал теңізі Каспидің жалғасы ретінде де ұғынылғандығын қаперге ала отырып, сақ тайпаларының бір тобы *каспи* деп те аталған болуы керек деген топшылауға барады (*Струве, 1968: 54-62 б.; Литвинский, 1972: 164; Григорьев, 1871,1998: 5-6 б.*)

Көне грек тарихшысы әрі географы Страбон (ж. с. д. 64 – ж. с. 24 ж.) да каспилердің көне тайпа болғандығын, олардың аты теңізге берілгендігін, каспилер мекендеген аймақ – *Каспиана* деп аталатынын жазады (*Страбон, 1964: XI. YIII. 8 б.; XI. IV. 5 б.; XI.XIV. 5 б.*).

Зерттеушілер арасында Кавказ тауы атауының да осы *кас* тайпасынан шыққаны туралы пікір орныққан. Страбон өзінен бұрын ғұмыр кешкен көне грек ғалымы Эратосфен (ж. с. д. 276-194) жазбаларындағы “жергілікті тұрғындар Кавказ тауын каспи тайпасына орайластыра *Каспи* деп атайды” деген сөзін келтіретіні бар. Бұл ретте, Кавказ тауы мен Каспий арасындағы солтүстік пен оңтүстікті теңіз жағалай жалғап жатқан ежелгі күре жолдың ең қысаң тұсында салынған Дербент қақпасы антикалық дәуірде “*Каспи қақпасы*” деп аталғанын еске алсақ та жеткілікті. “Қақпа” сөзі – көне түркшеде “қапы, қапык” түрінде айтылатыны белгілі (*ДТС, 1969: 420-421 б.*). Демек, “*Қас қапы*” (Қас қақпасы) атауы, көне деректерге сол төңіректі мекендеген тайпалар тіліне бейімделген “*қақпас*” түрінде түскен.

Кавказ топонимі тұңғыш рет Эсхил (ж. с. д. 526-456) шығармаларында кездесіп, содан бері осылай аталып келе жатыр екен. Бұл дәйектің өзі *қас* тайпасының арғы замандарда да түрк тілді жұрт болуы мүмкін екендігін тұспалдатады, өздерінің

бұрынғы тектері – *кассит*, *кашиулардың* алтайлық тіл қауымдарына жуықтайтындығын бекемдете түскендей болады. *Қапқаз* (Қас қапы) көне парсы жазбаларында *Капкох* (Қап тауы), көне армян, көне грузин тілдерінде *Кавказ*, *Кавкас*, орта ғасырлардағы араб, түрік әдебиеттерінде *Фабқ*, *Фаф*, *Қазылық*, *Қап тауы* деп аталып, бағзы түрктік *Қапығ* (Қақпа) сөзі мен “қас” этнонимінің сабақтасқан іздері үнемі үзілмей жалғасып тұрыпты.

“Қас” этнонимінің бүгінгі “қазақ” атауына қатысы барлығы туралы әңгіме де біраздан қозғалып келеді. Кезінде бұл мәселені орыстың белгілі шығыстанушы ғалымы, академик Н. Я. Марр (1864-1934) көтерген екен. Ол *хазар*, *қазақ* сөздерінің түбірі “қас”, қаз” дей келіп, оны “каспи” тайпаларымен байланыстырған болатын. Кейіннен бұл тақырыпты чех ғалымы Б. Грозный (1878-1952) да толымды зерттеп, “касак”, “касог” сөздері “кас, қаз” түбірінен туындағанын, Кавказ сөзінің де осы түбірден өрбігенін айтқан-ды (*Сарай*, 1996: 143 б.). Тарихи деректерге тереңдей бойлап жүрген жазушы Әнес Сарай өзінің “Қазақ атауының ізімен” атты еңбегінде осы және басқа да ғалымдардың зерттеулерін алға тарта отырып, “қас” этнонимінің ілгеріден ұласқан іздеріне сәтті барлаулар жасайды, кейінгі қазақ атауына дейін жалғасқан белестеріне қатысты иланымды байыптаулар түйеді.

Маңна(й), Ішғұзай

Арғы түрктердің әуелгі атамекеніне қатысты тектік, тілдік дәйектерді барлау барысында, осы аймақтарда ж. с. д. I мыңжылдықтың алғашқы жартысында ғұмыр кешкен *Манна*, *Мадай* (*Мидия*) мемлекеттерінің этникалық түзіліміне де соқпай кету еш мүмкін емес. Ж. с. д. IX ғасырдағы ассириялық және YIII ғасырдағы урарт сына жазуларына Иранның теріскей-батысындағы көптеген ірілі-ұсақты автохтон елдер туралы мәліметтер түскен. Солардың қатарында қазіргі Иран Әзербайжаны аумағындағы Үрмиә көлінің оңтүстік бетінде орналасқан, ассириялық деректерде – *Манна*, урарту жазбаларында – *Мана* деп аталған ел туралы да айтылады.

Қос өзен (Месопотамия) аралығындағы азуын айға білеген көне мемлекеттердің бірі болған Ассирия патшалығының (ж.с.д. XIV-ҮІІ ғ.) өзінен шығыста жатқан көршілерін бағындыруды көздеген әлденеше жорықтар жасағаны белгілі. 843 жылғы сондай соғыс қимылдарының бірінде Манна алғаш рет аталыпты. Содан кейінгі деректерде, Маннаның енді жеке патшалық ретінде, ассириялықтардың өзімен одақтасып, Урартуға қарсы шыққаны сөз етіледі. Ж. с. д. ҮІІІ ғасырдың ортасына дейін Урарту мемлекеті Маннаға үсті-үстіне жорықтар жасап, мал-мүлкін олжалап, адамдарын тұтқындап жүргенімен, күллі елді түгелдей бағындыра алмаған сыңайлы. Қайта Манна осы соғыстардан кейін аумағын кеңейтіп, қуаты өскен патшалыққа айналыпты. Содан ж. с. д. 616 жылы оңтүстік-шығыстағы Кіндік Азиядан жеткен түз жұрттарының дүмпуімен нығайып, болашақта Мадай мемлекеті атанатын ежелгі көршісі жаулап алғанға дейін дербес ұлыс ретінде өмір сүріпті (*Грантовский, 2000: 265-289 б.*).

Көне дереккөздерде Манна мен Мадай аумағын әуелден мекендеген жұрттардың қай тілде сөйлегені туралы нақты мәлімет шамалы. Алайда *арғы түрктердің ілкі атамекеніне* қатысты жаңа көзқарас тұрғысынан келер болсақ, осыған дейін де біраз зерттеушілердің шым-шымдап айтып жүрген пікірлерінің жаны бар екендігіне ден қойылар еді.

Ассирия патшасы Шамши-Ададтың (ж.с.д. 826-810 ж.) кезінде сына жазуға түскен деректе Манна елінде *манна, таурлай, месий, суби, кумурдай*; II Саргон патша билік құрған жылдарда (722-705 ж.) *далай* секілді тайпалардың мекендегені айтылады (*Дьяконов, 1956: 88, 174 б.*). Бұл этнонимдердің бәрі сына жазуға негізінен өзге тілдік айтылым (семит тілі) арқылы түскен. Олардың түпнұсқа тілде қалай дыбысталғаны мәлімсіз. Алайда, Манна тайпалары арасындағы *субидің* әлгінде сөз етілген, осы өңірдің III мыңжылдықтардан бергі тұрғылықты жұрты *субар (суби)* екенін аңғару қиын емес. *Қалғандары кімдер?*

Әзербайжан түрктанушысы Т. Гаджиев *мана* этнониміндегі “н” әрпі алтай тілдеріне тән “ң” дыбысы болуы керек деген жорамалды ұсыныпты. Яки, Ассирия деректерінде семит тіліне тән дауыссыз дыбыстардың қосарлануынан Манна(й) деп жазылған этнонимнің әу баста *маң(ғ)ай, маң(ғ)тай* түрінде аталу

мүмкіндігіне ден қойылады. Мұндағы *-ай* қосымшасының түптегі, сірә, алтайлық халықтар тілдерінде *-ай/май/дай/дей* түрінде кездесетін өнімді аффикс болса керек. Ол түрк-моңғол ономастикасында ру-тайпа аттарында – сол жұртқа тиесілікті (*-лық-лік* жұрнағы секілді) білдіру мағынасында, кісі есімдерінде – еркелету, біреуге (бір нәрсеге) ұқсата атау түрінде ұшырасады. Қазақ тілшілері бұл суффикстің туыстықты меңзейтін ұғымдарға қолданылуын зерделей келе, оны тек (тегі, тұқымы) сөзімен де мағыналық жақындығы бар жұрнақ ретінде байыптайды (Гейбуллаев, 1991: 246-253 б.; Жанұзақов, 1982: 111-114 б.; Молчанова, 1978: 81-85 б.).

Осы “*ай*” қосымшасы арғы алтайлықтардың әуелгі атамекеніндегі тайпалар мен елдердің аттарында да көрініс береді. Ол *манна(й)* этнонимінде ғана емес, сол ел құрамындағы *таурлай*, *кумурдай*, *далай* атауларында анық байқалады. Ассирия деректеріне – *матай*, *мадай* түрінде түскен кейінгі Мидия мемлекеті атауында да бар. Ғалымдар әу бастан-ақ *мадай* этнонимінің – *мидиялық*, *мидия елі* деген мағына беретінін дәлелдеген.

Дәл осы жұрнақты ж. с. д. VIII ғасырдың басында Манна еліне Орталық Азия жақтан сүреніткен жорықпен жетіп, сол кезден ассириялық дереккөздерде атала бастаған *ашгузай*, *ишгузай* (*ишғұзай*), яғни, *ішкі ғұздар* этнонимін де кездестіреміз (Ельницкий, 1977; Куклина, 1985: 90-93, 111-113 б.),

Ішрекі (Ордалық) жұрт

Тарихта *скиф* деп танылып, қазақ тарихына да осы атпен сіңіскен бұл этнонимнің түрктік түпнұсқадағы дәл аталуы – *ишғұзай* болса керек. Өйткені ассириялықтардың осы аймаққа тыс жерден енді ғана жеткен тайпаларды өз тілдеріне лезде икемдеп, жаңадан атай қоюы мүмкін емес (Дьяконов, 1956: 242 б.).

Геродот дәуірінде қолданыста болған көне грек тілінде *скуз* түрінде естілген, тарихымызға орыс тілі арқылы *скиф* деп енген, парсы жазбалары бойынша *сақ* деген атпен белгілі болған бұл халықтар, әдетте, үндіеуропашыл ғалымдардың көп күш салуымен иран тілділер қатарына қосылып жүр. *Оны бір жағынан, арғы түркітердің атамекеніне қатысты ескі көзқарастан туындаған: сақ-скифтер – еуропеоид нәсілді, яки*

оларды түрк тегіне жақындату жаңсақтық делінетін бірмойын қағиданың нәтижесі деп те ұғыну ләзім.

Дегенмен бұл мәселе төңірегінде соңғы онжылдықтарда жаңа көзқарас ұстанған ғалымдардың қатары толығып, сан-салалы зерттеулер жүргізіліп, сақ-скиф деп атап жүрген елдеріміздің арғы түркілер екендігіне қатысты беті бері қараған байыптаулар жасалғандығын айтуға тиіспіз (О. Сүлейменов, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек, Т. Жұртбай (Қазақстан), Г. Гейбуллаев, З. Гасанов (Әзербайжан), М. Зәкиев (Татарстан), К. Лайпанов, И. Мизиев (Қарашай- Балқарстан). Жаңа дәйектер арасында әсіресе, ассириялық сына жазулардағы “*ишгузай*” этнонимінің – “Қорқыт ата кітабында” бар қабырғалы жұрт – *иш оғыз* елі атауымен үйлесіп жатқандығының дәлелденуі, қолға осыған дейінгі көп күдіктің түйінін шешетіндей салмақты уәж ұстатады (Сүлейменов, 2002: 152-165 б.; Салғараұлы, 2000: 76-87 б.; Жұртбаев, 1994: 1 т. 5-237 б.).

Бұның өзі Қорқыт ата эпсанасының әуелгі нұсқасының түзілу тарихы арғы мыңжылдықтарда жатқанының дәлеліндей де көрінеді. Ассирия деректері мен Қорқыт ата аңызының арасын жалғар болсақ, Орталық Азияны ежелден мекендеген түрк жұрттары (Авестадағы турлар) ж. с. д. I мыңжылдықтың бас шамасында *иш* (*ішкі*) *ғұз*, *тыс* (*тысқы*) *ғұз* деген қанаттарға бөлінген сыңайлы. Ал, *ғұз*, *оғұз* көне түрк тілінде – *ру*, *тайпа* деген ұғымды білдіреді (ДТС. 1969: 365 б.).

Далалық түркілердің кілең айбынды тайпалардан тұратын *иш ғұздар одағы* (скифтер) ж. с. д. YII ғасырдың басында іргесін батысқа қарай кеңейтіп, Маңна жеріне де жеткен. Осы жерде *иш ғұз* этнониміне қатысты мына жайттардың да тарихи деректермен кәдімгідей ұштасатыны назар аудартады.

Иш сөзі көне түрк замандарында *ішкі*, *орталық*, *орда*, *ордалық* жұрт мағынасында қолданылған. Көк түрк, одан кейінгі Біріккен түрк қағанаттары дәуірінде ел басқару тәсілі үш қанатқа бөлу арқылы жүргізілгені белгілі. Оның *тардуш* деп аталған оң қанатының билеушісі *Жабғу* деп аталса, *төлес* деп аталған сол қанатын *Шад* лауазымы басқарыпты. Ал *Қағанның* тікелей өзіне бағынышты орталық, яки ордалық қанат – *ішрекі* (ішкі, ордалық) деп аталған. Орталық қанат құрамына негізінен билеуші тайпалар еніп, олар – “ішрекі бодұн” деп ерекшеленген (*Сартқожаұлы*,

2002: 118-130 б.; *Сартқожа*, 2003: 165-166, 246, 258 б.; *Жолдасбеков, Сартқожаұлы*, 2005: 194,197 б.).

Яки, осындағы *ішрекі* (ордалық) жұрт ретіндегі *ішғұздардың* скиф-сақ тарихындағы билеуші тайпаларға қатысты айтылар – *патша скифтері* (орысша – царские скифы) ұғымымен дәлме-дәл үндесіп тұрғанын байқау қиын емес. Ол Қытайдың Хань дәуірі жылнамаларына «сай-уань» (патша сақтары) түрінде де түскен (*Ельницкий*, 1977: 87,92-93,171,174-185 б.; *Литвинский*, 1972:170-174 б.). Қорқыт ата кітабында да іш оғыздар “ала ордасын көкке тірей тігетін” хан тұқымына жақын тайпалар одағы ретінде танымал. Оғыз елі “хандарының ханы Қазан бекке іш оғыз ғана емес, тыс оғыздар да бағынады” (*Қорқыт ата кітабы*, 1999: 128-199 б.; *Жирмунский*, 1999: 508-521 б.).

“Қорқыт ата кітабындағы” *іш оғыз* бектерінің арасынан “Байбура бектің баласы бозайғырлы Бамсы Бәйректі” де көруге болады. Ол – түрк халықтарына кеңінен танымал батырлық жырлардың бас кейіпкері – *Алпамыс* (Алып-Манаш, Алпамыш, Алпамша), Әбілғазының («Түрк шежіресіндегі» – Мамышбек.

“Алпамыс” жырлары мен “Қорқыт ата кітабындағы” Бамсы Бәйрекке арналған тарауда сюжет желісі ғана емес, кейіпкерлер есімдерінде де ұқсас тұстар бар. Қазақ жырындағы Байбөрі – “Қорқыт атада” Байбура, Гүлбаршын – Бану шешек, Байшұбар – Бозайғыр деп аталады.

“Алпамыс” сюжеттерінде Гомердің “Одиссея” дастанымен үндескен сарындардың барлығы бұрыннан айтылып жүрген дәйектер қатарында. Ал ғылымда “Одиссея” ж. с. д. YIII-YII ғасырларда дүниеге келген шығарма деп нақтыланғаны белгілі. Сондай-ақ “Одиссея”, “Қорқыт ата кітабы”, “Алпамыста” бар ортақ сарындардың түп негізі әуелі Кіндік Азияда пайда болып, кейіннен батыс елдеріне жеткендігі де біраздан мойындалған ақиқат (*Жирмунский*, 1979: 314-335 б.).

Бұл реттен алғанда да “Қорқыт ата кітабындағы” – *Төбекөз*, қазақ ертегілеріндегі *Жалғыз көзді дәу* туралы көне аңыздардың “Одиссеяда” жалғыз көзді алып – *Полифем* түрінде көрініс беруін – іш ғұздармен (ордалық тайпалармен) Алдыңғы Азияға “жалғыз көзді аримаспаларға” қатысты эпсаналармен бірге жеткен сарындар ізі екенін байқаймыз (*Жирмунский*, 1999: 539-549 б.; *Короглы*, 1976: 133-143 б.).

Осы тектес салыстырмалы дәйектер, бағзы түрк тарихы қайта пайымдалып жатқан қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде *сақ-скиф* деп аталып жүрген елдердің төл тарихымызға да тіптен бөтен еместігін айқын аңдатқандай болады. Орталық Азия аумағын байырғы автохтондар ретінде ен жайлаған ол көшпелі жұрттардың өздерінен шығыстағы – *Арғы түркітердің екінші атамекені* – Ішкі Азияны атақоныс еткен *сиуңнулармен* (хундармен) тіршілік салттары ұқсас ғұмыр кешкен елдер екенін зерделей бастаймыз. Үйір-үйір жылқы өсіріп, қымыз баптаған, сәйгүліктерін жаратқан, көсемдерінің мәйіттерін алтынмен аптай, күміспен күптей, зәулім қорған обаларға әспеттеп қоя білген, темір мен мыс қорытып, қолға оңтайлы қару-жарақ соққан, аң үрдісіндегі жауһар өнер туындыларын сомдаған сол қанаттас жатқан жұрттардың арғы түрктік болмысы көз алдымызда біртіндеп бірін-бірің біртіндеп нұсқалана береді.

Түрк-сақтар (Салғараұлы) мен оның арғы этнотегіне қатысты тақырыбқа әрі қарай тереңдей берсек, әңгімеміздің негізгі арқауынан алыстап қаламыз. Сондықтан да тиянақты түрде тоқталуды қажет ететін бұл мәселені қаузауды кейінге шегере отырып, *Арғы түркітердің Батыс аймақтағы әуелгі атамекеніне* қатысты пайымдауларымызға қайта оралайық.

Мадай – Матай

Зерттеушілер Маңна(й) патшалығының құрамындағы *таурлай* этнонимін Геродот “Тарихындағы” Ахемен әулеті мемлекетінің XI округінде каспилермен бірге мекендеген *дариттер* болуы мүмкін деп жорамалдайды (*Геродот*. 1999: III. 92 б.). *Далай* (тал) этнонимі II Саргон заманынан кейінгі деректерде ұшыраспайды екен. Алайда, оның түзілімінен көне түрктік “*дили*”, “*теле*” тектес тайпалардың атауына ұқсас байырғы үрдістерді де байқау қиын емес. *Кумурдай* этнонимінің бойынан да түрктік нышан аңғарылады. Оны *ішгүздардың* алдында ғана Кавказдың оңтүстігіне жетті делінетін *кемер* (қамар, хаумавар) жұртының атауымен де үндестіруге болар еді. Ассирия деректерінде кемерлер *гамирра* (gamirra) түрінде белгіленіпті. Осы кемер жұртының іздері Иран Әзербайжанында Қамар, Кемер және Кемердаран елді мекендерінің атауларында қалған. Иранда тұратын түрк тілді қашқайлардың арасында *гамар*

руы бар екен. *Кумур, кемер, гамар* этнонимдерінің соңындағы *ар/ер/р* аффикстері де олардың көне түркілік бітімінен хабардар етеді (*Гейбуллаев, 1991: 317-321 б.*).

Мадай (Мидия) мемлекетінің тарихын зерттеуші үндіеуропашыл ғалымдардың дені оның халқын көне иран тілді деп атауға бейіл (*Грантовский, 2000: 275-289 б.*). Бұл пікірлердің туындауына әу баста Геродоттың мадайларды арилер деп жазғаны себеп болған сыңайлы. «Тарих атасының» еңбегінде негізінен Мидия елінің аса дәуірлеп, Иран жерінің көп бөлігіне билік жүргізген жылдардағы аумағына қатысты жайттар сөз етіледі. Геродоттың кезінде Мадай мемлекетінің құрамына көне иран тілінің бір тармағы – парсы тілінде сөйлейтін жұрттар да көптеп енген болатын.

Ал шын мәнінде, Мадай елінің тарихы ол өңірге иран тайпалары әлі толықтай орныға қоймаған кездерден басталады. Ғылымда *мидиялықтардың* арғы қатпары Кіндік Азиядан бастау алатыны, түп-тегі түздік жұрттармен сабақтасқан ел екендігі, олардың Каспийдің оңтүстігіне ж. с. д. X ғасыр шамасында Сыр мен Әму жақтан қоныс аударуы ықтимал делінетін пікірлер белгілі (*Стратановский, 1999: 631 б.*). Яки бұл патшалық әуелде арилерден бөлектігі байқалатын, алтайлық түзілімге ие *матай* (*мад-ай*) тайпасының ұйтқы болуымен құрылған, нығайған, кейін сол этноним мемлекеттің атауына айналған (*Гейбуллаев, 1991: 250-252 б.*). Осы шындықтан әсіреираншыл И. М. Дьяконовтың өзінің де аттап кете алмайтын қалып танытатыны бар. Ол *мадай* этнонимінің ирандық этимология арқылы түсіндіруге келмейтінін мойындайды (*Дьяконов, 1956: 65 б.*).

Осы ретте Л. Ельницкийдің Мадай патшалығы автохтонды Маңнай және осы өңірге келген кемер-сақ (ішгұз) жұрттарының аумақтық бірлесуі негізінде құрылды, сақтар құрамындағы мада тайпасы өзгелерден үстем болуына байланысты, кейіннен жаңа Мидия (Мадай) мемлекетінің атауына айналды, деген пікірі назар аудартады (Ельницкий, 1977). Осы мада(й) этнонимінің сілемі түрк халықтарында кейінге дейін үзілген жоқ. Ол қазірдің өзінде қазақ наймандарының құрамында бар бөрі таңбалы матай, сібір халықтарындағы мат, мадыр, матар рулары атауларында көрініс береді.

Мадай тайпалар одағының құрамында Геродот жазбалары бойынша, *бус, паретекен, струхат, аризант, буди, маг* тайпаларының енетіндігі айтылады. Р. Фрай бұл жұрттардың бәрі ирандық деген пікірлерге қосылмайтынын білдіріп, олардың арасында ирандық та, ирандық емес те тайпалар бар дегенді жөн көреді (Фрай, 1972: 109 б.). Ал И. Дьяконов осы тізімдегі *маг, буди* және *бус* этнонимдерінің ирандық этимологиясы жоқ екенін бұрыннан айтқан (Дьяконов, 1956: 148 б.).

Әзербайжанның түрктанушы, этнолог ғалымдары мұндағы *маг* этнонимін әлгінде сөз етілген *маңна(й), маңғ (маң-ғ-ай)* тайпасы атауының грек тіліне түскендегі көрінісі, деген болжамды көлденең тартады. Ал *маңна* елінің кейіннен Мадай мемлекетінің құрамына енгенін әлгінде сөз еттік.

Зерттеушілер *бус* этнонимінің түбірі түстің реңін білдіретін *боз* сөзі болуы мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Ол кейіннен хазарлар құрамында болған *бозал (бозел)* түрінде де көрініс береді. *Буди* этнонимі болса, кейіннен Қара теңіздің теріскейінде орда тіккен скиф (ішғұз) патшалығының *будин* тайпасымен, көне түркшедегі *бодұн* (халық) сөзімен ұштастырылады. Осы буди тайпасының әуелгі тарихын ж. с. д. III мыңжылдықтағы көне Элам дереккөздеріндегі эквидтермен байланыстыратын пікірлер де бар. Ол сол замандардан бері *уди* деген атпен белгілі болып, кейіннен *удин, будин, бодин* түріне ауысқан болуы керек деп жорамалдайды (Ельницкий, 1977: 4 б.).

Аризант этнонимінің түпнұсқа тілде *араз-ат* түрінде айтылуы мүмкін, онда одан көне *арыс* тайпасының сілемі шығады. Ал *арыс* (ас, аорс) этносы бір замандарда қазіргі қазақ жері мен оған жапсарлас өңірлерде де мекендеген. Қазақ зерттеушілерінің пікірінше, оның топонимикадағы іздері Арыс, Тал-ас, Асы, Ас-пара, Ас (өз) –кент, Яс-ы атауларында қалған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972: 186-188 б.).

Бұл этнонимдердің аттары бір кездердегі Мадай патшалығы атанған ел аумағының батысы мен оған жапсарлас өңірлердегі көне топонимдерде де сақталған. Муган, Мугарты, Бозлу, Аразан, Шугур, Боздоган сияқты жер, елді мекен аттарынан Геродот айтқан сол тайпалар атауларының іздері байқалғандай болады екен. Ассирия, Урарт жазбаларында Мадай жерінде кездесетін жер аттарына қатысты деректер де қалыпты. Олардың арасында

түрктік нышаны бар топонимдер де ұшырасады. Мәселен, ассириялық көне сына жазуларға ж.с.д. I мыңжылдықтың басында, арғы түрк тайпаларының бір майлы жұрты боп табылатын – Урмия көлінің шығыс жағында бар Бишдиш, Үшқая деген жер аттары түсіпті. Әзербайжандық ғалымдар Бишдиш оронимін – *Бестіс* (бес тісті (шоқылы) тау), ал Үшқаяны – *Үш қия* түрінде байыптайды (Юсифов, 1987 (а): 102-103 б.).

Ж. с. д. 820 жылғы дерекке, кезінде Мадай елі аумағына кірген осы өңірдегі, қазір Қызылөзен деп аталатын өзеннің бас жағындағы аймаққа қатысты *Кизилбат* деген топоним түсіпті. Оның түбірі көне түрктік *қызыл* сөзі екені даусыз. Ал *бат* форманты элам тіліндегі “ел, мекен” дегенді білдіреді, деп тұспалданады. Алайда мұны “Көне түрк сөздігінде” бар *батығ* (батыңқы), яки *ылғалды өзек, ойпат* (ДТС. 1969: 89 б.) сөзінен де тарқатуға болатындай. Сонда ол қазіргі Қызылөзен атауымен де сабақтасар еді. Енесайдың бір саласы Абаканға келіп құятын Үйбат, Табат деп аталатын екі өзеннің атауынан да осы *бат* компоненті байқалады. Шамасы, *бат* арғы түрк заманында “өзен” сөзінің орнына да қолданылған сыңайлы. Дереккөзде осы Қызылбат өңірін билеген патшаның аты Енгур леп көрсетіліпті. Мұндағы *ен* - көне түркшеде лауазым, атақ (ДТС. 1969: 173 б.), *күр* – батыл, ержүрек (сонда. 328 б.) мағыналарын білдіреді. Яғни, “*ең ержүрек патша*” ұғымына келеді. Мидия билеушілерінің бірі – Арбақ деп аталған. Мұндағы *ар* – төл түрктік “ер, батыр”, *бағ* “көсем, жоғары лауазым иесі, билеуші” деген сөз (сонда. 77, 91 б.). Ол *бек* сөзімен қатар қолданылады. Әміршілердің аттарында ұшырасатын *бағ* (*бек*) компонентін Мадай еліне билік жүргізген ішкүздар көсемі Ишпақай (Ес-бақай, Білге бек) есімінен де кездестіруге болады.

Мадай, Маңнай патшалықтары кезінде хатқа түскен Артак, Артай, Телусун, Улусун, Еренсу ж. т. б. адам есімдерінің түзілімдерінде де түрктік нышандар жеткілікті. Олардан Артық, Ертай (*тай* – өнімді аффикс), Төле (көне түркшеде бұл сөздің *батыл* және *сұңқар құс* деген мағыналары бар), Ұлы, Ерен (ержүрек) сөздері анық ұғынылады. Мұндағы – *су/сын/шын* қалау райын білдіретін көне қосымша (Гейбуллаев, 1991: 259-273 б.).

Мидия патшасының грекше Киаксар деп жазылған есімі ассириялық дереккөздерге Уксатар түрінде түсіпті. Оны арғы

түрктік түпнұсқада Ұқшадар, яки ұғ /ұқығ, ес, білік, парасат/ (ДТС, 1969: 613 б.), *шад* – патшазада, кіші хан (көне түрк қағанатында сол қанаттың билеушісіне “Шад” – кіші хан лауазымы берілген (Сартқожа, 2003: 108, 246 б.), *ар* /ер, батыр/ сөздерінің бірігуінен туған есім ретінде байыптауға болар еді. Оның да түзілімінде көне түрктік Білге қағанға ұқсас – Білге (Білгір) хан мағынасы жатуы мүмкін.

Арғы түрктердің алғашқы атамекеніне қатысты осы тектес дәйектерді қаузау үстінде, үндіеуропашыл ғалымдардың бұл аймақтан *алтайлық, арғы түрктік* тілдерге тән мысалдарды табуға аса құлшына қоймағанын аңғару қиын емес. Олар еуроөктемшіл ғылым ұстанған – түрк халықтарының ізін Алтайдан батысқа қарай індетпеу туралы талапты мүлтіксіз орындаған еді. Сол үшін де бұрын хатқа түсіп қалған ақиқат тұжырымдар қайта қаралып, басқаша түрлендірілді. Егер алда-жалда әлдебір зерттеуші бұл мәселенің ақиқатына бойлап, шын дәйектерді алға тарта қалса, ол жан-жақтан мүйізделіп, пікірлерінің ғылыми айналымға шығарылмауына күш салынды.

Соның бір мысалын, КСРО энциклопедияларындағы ілгеріректе жазылған кей деректердің соңыра өзгергенінен де байқауға болады. 1954 жылы шыққан Үлкен кеңес энциклопедиясының 27 томындағы “Мидия” атты мақалада “Бұл мемлекет ж. с. д. 9-8 ғасырларда ежелгі тайпалар одағы ретінде құрылған. Мал шаруашылығымен, әсіресе жылқы өсірумен, сондай-ақ диқаншылықпен айналысқан. Мидиялықтар (мадайлар) әзербайжан халқының алыстағы арғы тегі болып табылады...” делінетін тұстар бар (БСЭ, 1954: т.27. 411 б.). Ал, кейінгі басылымдарда мадай жұрттарының түрк тектілігіне қатысты әңгіме ізім-қайым жоқ.

Әрине, кеңес елі құрамындағы түрк республикалары ғалымдары, ойға бұғау салынғандықтан, айта алмаған тақырыптар, сол кездерде өз тізгіні өзіндегі, әуелден тәуелсіз мемлекет Түркия зерттеушілері тарапынан жан-жақты түрде қозғалып жатты. Олардың еңбектерінде түпкі түрктердің палеолит, мезолит дәуірлеріндегі Орта Шығыс пен Орталық Азиядағы іздері, *шумер* мәдениетімен байланысы, кассит, субар, мадай елдерінің арғы түрктік түзілімдері, бағзы хеттермен (хаттар) тектік ұқсастықтар, *жейтун, анау* мәдениеттерінің

тұрандық нышандары, кемерлер мен ішғұздардың байырғы түркілер екені кәдімгідей арналы тақырыптар ретінде танылып, зерделенетін. Алайда олардың бұл еңбектеріне еуроөктемшіл бірмөйін көзқарасты қолдаушылар мен оның ерекше зардапты түрін ұстанған бұрынғы орыс-кеңес ғылымының қайраткерлері назар аударып, мән беруге құлықсыздық танытты, мойындағысы келмеді. Мұның айқын көрінісін түріктің А. Икан, Ш. Кансу, М. Энгин, А. Мансел, К. Балкан, А. Кошай, М. Кепрюлю, Р. Атабинен, З. Гөкалп, З. Тоған, ж. т. б. белгілі ғалымдарының этникалық тарихқа қатысты зерттеулеріне біржақты сын айтқан кеңес-орыс этнологы Д. Еремеевтің кітабынан да аңғаруға болады (Еремеев, 1971: 19-45 б.).

Парс пен Барыс

Арғы түркілердің Батыс аймағының үндіеуропалық тайпалар қоныстанып, парсы тілі ене бастағанға дейінгі этникалық бітімі туралы ғылыми айналымда бұрыннан бар және кейінгі жылдары қосылған жаңа деректерге сүйене тарқатқан барлау-байыптауларымыздың алға тартар дәйектері осындай.

Бұл аймақтың одан кейінгі тарихындағы түрк тілінің орны, қолданыс аясы, қилы кезеңдерді бастан кешкен жолдары ғылымда біршама белгілі десе де болады.

Мадай елінің жері кейіннен парсылардың Ахемен әулеті билеген (558-330 ж.) патшалық құрамына еніп, оның 10-шы уәлаятына айналды. Әйгілі Кир (Құруш) патша негізін қалаған Ахемен әулеті мемлекетінің аз уақытта бүкіл Орта Шығыс, Алдыңғы Азия, Мысырды жаулап, әлемдегі алып державаға айналғаны мәлім. Ахемен патшалығы әсіресе I Дарий патша (522-486 ж.) тұсында ерекше дәуірледі.

Құмықтың танымал қаламгер-тарихшысы Мұрат Әджидің Ахемен әулетінің мемлекет басқарудағы сол заман үшін соны жетістіктерін байыптай келе, оларды алтайлық дәуірлерден бастау алған үрдістер ретінде танитыны бар. Ол *парс* этнонимінің шығу төркіні әу баста *барысты* кие тұтқан тайпаларға қатысты туындағанын айтады. Орталық Азияны ен жайлаған *арғы түркілердің* арасынан шығып, *арилермен* бірге қазіргі Иранның батысына дейін көш түзеген түз жұрттары қатарында қанатты барыс бейнесін қадірлейтін текті Ахемен әулетінің арғы бабалары

да болған деп біледі. Ахемен мемлекетінің негізін қалаған Құруш (Кир) есімінің өзі түркше “құрушы, бастаушы” мағынасын білдіреді, деген тосын ой тастайды (*Аджи*, 2004: 49-79 б.).

Грекше – Кир, парсыша – Куруш, эламша – Кураш, бабылша – Курааш түрінде хатқа түскен бұл есімнің үндіеуропалық сипаты жоқ екені, ғылыми ортада бұрыннан айтылып жүрген әңгіме санатына жатады. Зерттеушілер бұл есімнің элам мен бабыл тілдерінде «Кураш» түрінде айтылатынына назар аударып, ол әу баста осы тілдер аясында дүниеге келіп, кейіннен парсышаға ауысқан болуы керек деген байыптауларға ден қоятын (*Абаев*, 1971: 262-263 б.). Белгілі осетин ғалымы В. Абаевтың оны күрд тіліндегі «кур» – «ұл, бала»; парсыша «курра» – «құлын, кодық, бота»; пехлевише «куррах» – «малдың төлі»; осетинше «кур» – «туу, ұл, батыр» ұғымдарынан тарқатып, ирандық, арилік «жеткіншек, батыр» атауына келеді деп бейімдейтіні бар (*Сонда*: 264-266 б.). Алайда бұл ғалым тарапынан дәл осы ұғымның үндіеуропалық кезеңге дейінгі шумер тілінде де кездесетінін аңғармағандығы байқалады. Өйткені «гуруш» шумер тілінде де «жеткіншек, жігіт» деген мағынада қолданылған (*Емельянов*, 2003: 85 б.). Яғни, бұл ретте Әджидің топшылауы – Абаевқа қарағанда әлдеқайда мығым десе де болады. «Құр» түбір сөзінің көне түрк замандарында да «дәреже, құру, тұрғызу» деген мағынада қолданылғанын еске алсақ, бұл есімнің түп-төркінінің түрктік нышаны кәдімгідей иланымды шығар еді (*ДТС*, 1969: 467 б.). Әрі бұған байырғы түркітерде де «құр» сөзі «батыл, ержүрек» мағынасын білдіргенін қосыңыз (*ДТС*, 1969; 328 б.).

Көне аңыздарда Кир – парсы патшасы мен Мидия билеушісінің қызынан туған ұл ретінде сипатталатыны рас. Оның есейгенге дейін өзінің шын тегі кім екенін білмей, Мадай жеріндегі мал баққан құлдың қолында өскендігі де көпке белгілі эпсана (*Геродот*, 1999: I. 107-130 б.; *ИДВ*. 1979: 290-291 б.). Бұл сюжетті Ахемен әулетінің сырттан келгендігінен сыр аңғартатын бір белгі деп те қабылдауға болады. Қазақтың шежіре тарқату дәстүрінде әдетте бір руға бөтен елден келіп сіңіскен аталардың арғы тегін дәл осындай аңыздарға құрып, бір-біріне жақындату дәстүрі ілгеріден бар...

Ахемендіктер билігі кезінде Иран тілдері тобына енетін көне парсы тілі кәдімгідей өркен жайды. Алайда, зерттеушілер таразы

басы парсы тіліне ауып тұрған сол кездердің өзінде де Мадай елінің арғы түрк жұрттары қоныстанған теріскей өңірі байырғы тілдік тұтастықты сақтап қалғанын айтады. Ахемендіктер билігі тұсының өзінде Мадай патшалығы этникалық жағынан жіктелген Кіші Мидия (Манна) және Үлкен Мидия елдеріне бөлініп кеткен еді.

Кіші Мидияға тиесілі жер аумағы – *Атарпаткан* (грекше – Атропатена) деп аталып, ол қазіргі кезде Әзербайжан Республикасының оңтүстігі мен Иран Әзербайжаны алып жатқан аймақтың ауқымын дәлме-дәл қайталайды. Атарпаткан – ахемендіктердің осы уәлаятты басқаруға қойған билеушісі Атарпаттың (Атропаттың) есіміне қатысты туындаған топоним. Ол Ескендір Зұлқарнайынның Ахемен әулеті мемлекетін тізе бүктіріп, Мидия жерін жаулап алғаннан кейінгі аласапыран кездерде әбжілдік танытып, өз иелігіндегі Атарпат (Манна) аумағын қол астына басыбайлы қаратып, дербес патшалық ретінде жариялата қойыпты. Атарпат патшаның Шығыс Кавказдағы *албан* тайпаларымен одақтас болғаны, Солтүстік Кавказ даласында көшіп жүрген *сарматтармен* достық қарым-қатынас құрғаны туралы деректер жетерлік (*Дьяконов, 2000: 934*).

Ж. с. д. IV ғасырдан – ж. с. VII ғасырға дейін өмір сүрген Атарпаткан мемлекеті құрамында да өзінен ілгергі Манна заманында көне деректерге түскен саны басым арғы түрк жұрттарының өсіп-өнуі жүрді. Осы өңірде әзербайжан халқының арғы тегінің түзілуі өтті, тілі қордаланды. Зерттеушілердің пайымдауынша, қазіргі Әзербайжан сөзі – ежелгі Атарпаткан атауының араб тілі заңдылығына бейімделіп айтылуына қатысты қалыптасқан топоним болып табылады. Әзербайжан ғалымдары тарихи дереккөздер мен этнотопонимдерді саралай келе Атарпаткан жерінде, иран және кавказ тілді тайпалармен бірге, атауларында *-т/н/ақ/қ/ар* секілді түрк жұрттарына тән аффикстер анық байқалатын *коссе (кассит), сақ, албан, гұн, оран (аран), гұн, сирақ, тартар, кандар, дондар, сабар, бұлғар, хазар ...* сияқты тайпалар мекен еткенін алға тартады.

Сондай-ақ Атарпат патшаның албан тайпасымен, сарматтармен жақын қарым-қатынаста болғанының өзі де осы елдің түрктік болмысынан сыр аңғартар бір дәйек ретінде байқалар еді. Дереккөздерде қазіргі Әзербайжан Республикасы

жерінің негізгі аумағында ж. с. д. IV ғасыр мен бергі X ғасыр арасында өмір сүрген Албания мемлекеті халқының құрамында Атарпатқан жерінде мекендейтін түрк текті тайпалардың біразы ұшырасатыны айтылады. Осы Албан елі тарихын қозғаған көне армян тілді жазбаларда бағзы түрктік лексикалық, грамматикалық сипатқа ие элементтер қадау-қадау кездеседі екен (Гукасян, 1977. №2. 30-41 б.).

Ж. с. д. VI-IV ғасырларда Тобыл мен Еділ арасын жайлап, одан кейін өз иеліктерін Қара теңіздің теріскейіне дейін кеңейткен Сармат елінің көне түрктік этногенезіне де кейінгі зерттеулер тарапынан күмән келтірілмейді. Сарматтарды ираншыл ғалымдар сақ-скифтер туралы бірмойын көзқарастарына салып, көбіне иран тілді деп тануға бейіл берсе де, сақ-скифтердің этникалық бітіміне қатысты жаңа тұжырымдар – Орталық Азияның төл перзенттері болып табылатын сарматтардың да түрк жұрттарымен дәстүрлес тіршілік кешкен туыстас ел екенін дәлелдеп отыр (Лайпанов, Мизиев; 1993 б.).

* * *

Арғы түркттердің алғашқы атамекеніне жататын батыс қапталының жыл санауымыздың алғашқы ғасырларынан бергі этникалық тарихының беті ашық. Бірнеше мыңжылдықтар бойы жергілікті жұрт қолданысында болып, *түпкі түрктен* – арғы түрк тілдеріне дейін ұласқан мәйекті дәстүрге осы өңірге жаңа жыл санаудан бастап Орталық, Ішкі Азиядағы ғұн, түрк тайпалары жорығымен бірге жеткен сөздік қор соны леп қосты, тынысын кеңейтті. Осындай ықпал одан кейінгі Батыс Түрк, Хазар қағанаты кездерінде одан әрі өсе түсті. Ол ежелгі Маңнай, Мадай, Атарпатқан, Албан патшалықтары замандарында этногенездік саралану үдерістерін үздіксіз бастан өткерумен келе жатқан арғы түрк жұрттарының әзербайжан халқына топтасып, қалыптасуын жеделдетті. XI-XII ғасырлардан басталған оғыз-қыпшақ жорықтары ол үрдісті әрі қарай байытып, соны леппен құнарландырды.

Түрк жұрттарының осы аймақта саны артуының нәтижесінде XIII ғасырдан әзербайжан әдеби тілі қалыптасып, бүгінде ол осы байырғы атамекенде 20 миллионнан астам адам

сөйлейтін қордалы тілге айналды (*Ширалиев, 1996: 160-170 б.*). Бұл халықтың басым бөлігі қазір Иран еліндегі Үрмиэ көлін ортаға ала жатқан бағзы Маңнай, Атарпатқан елдерінің қара шаңырағында ірге көтерген Иранның Шығыс және Батыс Әзербайжан уәлаяттарында, Әзербайжан Республикасында мекендейді (*Народы мира. 1988: 42-44 б.*).


Енді арғы түркілердің Батыс аймағының соқталы бөлігі орналасқан Орталық Азия жәзирасына, Ұлы Далаға қарай қайта бет түзелік.

Бүгіндері кіндіказиялық түрк мемлекеттері жайғасқан бұл аймақтың бағзы мыңжылдықтардағы тарихының *алтай-оралдық, арғы түркілік бітімдері туралы жазба дәйектер қалмағандықтан, оларды тек археологиялық мәдениеттер іздері арқылы ғана байыптауға болады. Себебі Шумер, Ассирия дәуірлеріндегі жазбаларда да ол өңірлерге қатысты хатқа түскен деректер тым тапшы.*

Бұл орайда әуелгі түзілімдері неолит заманында қылаң беріп, кейінгі дәуірлерде Карпат пен Саян таулары арасындағы Ұлы далалық кеңістікке қанатын керген *Көнешұңқыр мәдениеті* туралы сөз етудің орны ерекше бөлек. Өйткені энеолит пен қола дәуірлерді қамтып жатқан ол археологиялық түзілім – ілкі түркілердің көшпелі өмірге бейім тіршілік салттары қалыптасуының басында тұрған, осы алып аумақта өзінен кейінгі замандарда өркен жайған далалық мәдениеттердің қордалануына тікелей әсер-ықпалы тиген маңызды мәйек болып табылады.

ІҮ тарау

КӨНЕШҰҢҚЫР ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТТЕРІНІҢ ІЗАШАРЛАРЫ – ІЛКІ ТҮРКТЕР



Ұлы Даланың ежелгі малшылары

Қазақстан тарихшылары арғытүрктік қатпарлары мол Көнешұңқыр мәдениеті туралы әлі мүдделі түрде сөз қозғай қойған жоқ. Ол біздің тарихымызға қатысы жоқ тақырып ретінде қаралатындай. Сондықтан да еліміздің әлденеше томдық академиялық тарихында бұл мәдениеттің аты назардан тыс

қалған. Ол туралы кейінгі шыққан «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында ғана шағын түсінік берілген (ҰЭ, 2003: 30 б.).

Әйгілі орыс археологы Н. Мерперт өзінің «Еділ-Жайық аралығындағы ежелгі малшылар» (1974) атты монографиясында ж. с. д. IV мыңжылдықтың соңы мен III мыңжылдықта Днепр мен Енесай өзендері аралығындағы далалық кеңістікте тұтаса жайғасқан осы Көнешұңқыр мәдениетін жасаушыларды – біз сөз еткен *күнгей-шығыс Каспий маңы микролиттік үлгілерін мезолит дәуірінен бастап Қазақ жерінің батыс пен шығыс бөліктеріне таратқан қауымдар мен сол өңірдің автохтон жұрттарының кейінгі ұрпақтары ретінде есептейді.*

Ірі ғалым аталған мәдениеттің бой түзеген шақтарына тән археологиялық белгілер деп: *қабір шұңқырының бұрыштарын доғалдап, кең етіп қазу, қабырғасын ағашпен, бөренелермен шегендеу, табанына қамыс, ағаш қабығын немесе ши, киіз төсеу; мүрдені шалқасынан не бүйірінен тізелерін бүгіп, қолдарын созып жатқызу, басын шығысқа немесе шығыс-солтүстікке қарату, қабірлерден түбі сүйір, жұмыр қыш ыдыстардың кездесуі, мәйіттің сүйегі мен көрдің табанына тіршіліктің, қанның, оттың белгісі іспетті қызыл жоса төгу, шұңқырдың бетін ағашпен, бөренелермен жабу, үстіне биік оба (қорған) үю сияқты нышандарды нақтылайды. Ал осы сипаттардың біразының кейіннен жалпақ еуразиялық аймаққа өркен жайған көшпелілер дәстүрінде үзілмес жалғастығын тауып, сол дала тайпалары ғұрпының басты ерекшеліктеріне айналғаны белгілі.*

Орыстың тарих ғылымында оны өзіндік қабір қазу тәсіліне орайластырып, «Көнешұңқыр» мәдениеті («древнеямная» немесе «ямная культура») деп атау қалыптасқан. Кейде оны биік оба үю дәстүріне сай американдық белгілі археолог Мария Гимбутас ғылыми айналымға енгізген «Қорған мәдениеті» («курганная культура») түрінде де атайды. Біз бұл атауды Ұлттық энциклопедиямызда көрсетілгендей, бірізді болу үшін, «Көнешұңқыр» түрінде алғанды жөн деп таптық.

Отырықшы жұрттардың зираттары мен қабірханалары, әдетте, өздері мекендейтін кенттердің ішінде немесе жақын төңіректе орналасатыны мәлім. Ал үнемі көші-қонмен жүретін түздіктер болса, марқұмдарының басына биік зәулім обалар тұрғызып әспеттегенді мақұл көреді. Бір жағынан, ол маң дала

төсінде алыстан көзге ілігетін көрнекті белгі, адастырмас бағдар қызметін де атқарар еді. Сондай-ақ оны сол замандарда Таяу Шығыс пен Месопотамия, Орта Шығыс шаһарларында әміршілерге арналып тұрғызылған пирамидалар мен ірі қабірханалардың далалық өңірдегі балама көрінісі десе де болады. Көнешұңқыр мәдениетінің дәстүрінде де көсемдер мен абыздарға арнап көтерілетін обалар, қатардағы адамдардың басына үйілген белгілерге қарағанда зәулімдігімен, үлкендігімен ерекшеленеді.

Бір назар аударарлығы, Алтай-Саян өңіріндегі Минусин ойпатында ірге көтерген *афанасьев* мәдениетін түзген малшы тайпалардың дәстүрінде де дәл осындай ортақ сипаттар таңбаланып қалған. Ол белгілердің ілкі нышандары ж. с. д. ҮІІ мыңжылдықтан бастап Каспийдің оңтүстік беті мен шығысындағы *Сиалк*, *Жейтун* сияқты отырықшылық-егіншілік орталықтарында көрініс бере бастаған көрінеді (*Мерперт*, 1974: 123-152 б.). *Яғни, бір жағы ностра тілдері болжамына үйлесетін және күнгей-шығыс Каспий маңындағы Балқантау-Жейтун мәдениеттерінің алтайлықтарға тән екендігін дәйектейтін жаңаша тұжырымды тағы да қаперге алар болсақ, жалпақ Еуразия кеңістігіне қанатын керген Көнешұңқыр мәдениетінің кей сипаттарын сол қауымдардың арғы үрдістерінен тарқатуға ден қоятын пікірлердің жаны бар екендігі одан әрі нақтылана түсер еді.*

Алтайлық жұрттарға телінетін археологиялық нышандардың бір ізі әлгінде сөз болған *«геометриялық микролиттер»* заманына да барып тірелері анық. Зерттеушілер күнгей-шығыс Каспий өңірі төл микролиттік үлгілерінің мезолит, неолит дәуірлерінде теріскейге, Ырғыз бен Еділ өзендері аралығындағы далалық аумаққа кеңінен таралғанына назар аударады. Ол жәдігерліктер әсіресе Солтүстік Каспий маңы өңірінің ежелгі аңшы-балықшы қауымдары қоныстанған *«құмды жота тұрақтары»* қазбаларынан көптеп табылыпты. Сонымен бірге *Бельт*, *Дам-Дам-Чеиме*, *Жебел* үңгірлеріндегі мезолиттік қабаттарда кездескен түбі жұмыр, сүйір қыш ыдыс үлгілерінің оңтүстік Еділ мен Жайық маңының неолиттік ыдыстарымен ұқсастығы да байқалған.

Арғы алтайлықтар өмір сүрген ортаға тән болған сол түбі сүйір ыдыстар мен микролиттік тілікшелерге ұқсас үлгілердің бір парасы Көлденең Жайықтың теріскей жағымен қапталдаса ағып барып Еділге құятын Самара өзені бойындағы Ескі Елшан қонысынан да табылыпты. Елшанның ең төменгі қабатынан қазылып алынған ол артефактілердің жасын зерттеушілер ж. с. д. YI-Y мыңжылдыққа апарып тіреді. Археологтар бұл жайтты Еділ-Жайықтың орта атырабын, Оңтүстік Оралтау аймағын мекен еткен мезолиттік автохтон қауымдарға неолит дәуірінде күнгей аймақтардан елеулі ықпал-әсерлер жеткенінің немесе өзара тығыз ауыс-түйістер өткенінің дәлелі ретінде есептейді (*Древности Самарского края*, www. ; Денисов, 2000: 30-38 б.). Яки, алтайлық (арғы түрктік) жұрттар Каспийдің күнгей-шығыс бетіндегі Балқантау-Жейтун аясындағы атамекендерінен, теңіз айналасындағы ойпаттардан неолит замандарында да Еуразияның далалық өңірлеріне бет түзеу импульстеріне қатысып отырған. Балқантау жақтан шыққан қауымдар жолшыбай Келтеминар аясындағы мәдениет нышандарын бойларына сіңіре жүріп, тарам-тарам бағыттармен үздік-создық қоныс аударған, әр жұрттармен ықпалдастық қарым-қатынастарға түскен. Ол байланыстар іздерінің қазақ жеріндегі ж. с. д. YII-Y мыңжылдықтарға жататын Маңғыстаудағы Ойықты, Төлес, Есіл бойындағы Атбасар, Торғай иініндегі Мақанжар мәдениеттері мен Ертіс атырабындағы неолиттік қоныстары жәдігерліктерінің түзілімдарімен үйлесім табатынын археологиялық зерттеулер де теріске шығармайды (*Алтысбаев*, 1980: 88-102 б.; *ҚТ*, 1996: 85-89 б.; *Гинзбург*,... 1972: 33-36 б.).

Мезолиттік Каспий регрессиясы дәуірлерінде теңіздің теріскейіндегі жалпақ ойпатқа Балқантаудың «геометриялық микролит» үрдістерін жеткізіп, *Сероглазов*, *Чох* мәдениеттеріне ықпал еткен қауымдардың ұрпақтары, Дағыстан трансгрессиясы топансуының заманында Еділдің орта ағысына дейін ығысып, Елшан сияқты қоныстар қалдырды. Археологтар Елшанның қыш ыдыстарының Келтеминар мен Теріскей Каспий маңы керамикасымен тым ұқсастығын байқаған. Батысқа қарай Дон өзені алабына лықсыған жұрттардың, кейіннен жергілікті тұрғындармен бірлесе *Төменгі Дон*, *Азау-Днепр* мәдениеттерінің түзілуіне араласқаны анық. Себебі бұл өңірлерге Каспий маңына

тән ұлутас ұнтағы қосылған балшықтан жасалған түбі сүйір, жұмыр қыш ыдыс үлгілерінің келуі (*Дергачев, 1999: www.*) топансу мерзімінің (ж. с. д. 5900-5000) соңғы жағына сәйкес келеді.

Осы көші-кон үдерістері кезінде, үркінші жұрттармен бірге, Жайық пен Дон арасындағы далалық кеңістікке тұңғыш рет *қой түлігі* де жете бастаған сыңайлы. Төрт түлік арасында қолға алдымен үйретілген үй жануарлары – қой-ешкі болғаны мәлім. Ғылым бұл жаңалықтың әуелі өндіруші шаруашылық үрдістері ерте жетілген Алдыңғы Азия аумағында ж.с.д. IX-ҮІІІ мыңжылдықтарда жүзеге асқанын айтады. (әдетте Оңтүстік Батыс Азияда неолит дәуірінің хронологиялық шеңбері еуразиялық далалық өңірден екі мың жылдай ілгергі уақыт аясында есептеледі). Археологтар сол алғашқы неолиттік аумаққа енетін Шығыс Түркия мен күнгей-шығыс Каспий маңы аралығындағы ауқымды кеңістікте ежелден қой мен ешкінің жабайы тектерінің кең тарағанына (мәселен, Үстіртте қойдың арғы тегінің бірі – Үстірт қойы (муфлон) өседі) назар аударады. Дәл осы жайттың өзі оларды үй түлігіне айналдыру үдерісінің аталған өңірлерден басталуына кәдімгідей ықпал еткен еді, деген ортақ тұжырымдарға ден қояды (*ИБ, 2000: 27-29 б.; Массон, 1989: 23-35 б.; 1989 (а): 41-48 б.; Мелларт, 1989: 14-20 б.; Мерперт, 1974: 138-146 б.; 1982: 327 б.*).

Ал Шығыс Түркия мен күнгей-шығыс Каспий арасындағы бұл аумақ – кейінгі зерттеулер нәтижесінде шығыс ностра тілдерінің ілкі жіктелуі өткен, алтай-орал тілдерінің бір-бірінен ажырау үдерісі жүрген, арғы түркітердің алғашқы атақонысы ретінде байыпталып отырған өңір ауқымын дәлме-дәл қайталайды десе де болады.

Алтайлық қауымдарға тән археологиялық жәдігерліктер сақталып қалған оңтүстік-шығыс Каспий өңірінде қой-ешкі сүйектері ж. с. д. ҮІІ-ҮІІІ мыңжылдықтарға тән қазбалар арасының өзінен кезіге бастапты. Осы шамада Жейтун қонысында да уақ мал ұстау қолға алынған еді. Өндіруші шаруашылықтың негіздері қаланған «неолиттік төңкеріс» заманында қоректік дақылдар өсіру, жануарларды қолға үйрету арқылы сенімді тамақ көзін жасау тәсілі жүзеге асты. Күнгей-шығыс Каспий маңы балқантаулық қауымдарының да сол үдерістен тыс қалмағаны

анық. Олар күнкөрістің аңшылық дәстүрін еш үзбестен осы аймаққа тиімді қой-ешкі өсіруді де қатар жүргізді. Өз кезінде археологтар мұны осы өңірдегі Гар-и-Камарбанд, Бельт, Дам-Дам-Чешме, Жебел үнгір-тұрақтарынан табылған уақ мал сүйектері мен қалың қиына қарап дәлелдеген де еді (*Окладников, 1956(6): 200-215 б.; ВИ, 1956: 121-122 б.; Мерперт, 1982: 326-327 б.*).

Неолит заманының өзіндік ерекшелігі – өндіруші шаруашылықтың қанат жайып, соның нәтижесінде азық-түліктің молаюы, адамдардың тамақтану деңгейінің бір қалыпқа түсуіне байланысты, халық санының өсу үдерісі де қатар жүреді. Сонымен бірге жердің тозуы, экологиялық дағдарыстардың кері әсерлері сияқты құбылыстардан да қашып құтыла алмайсын. Мұндай жағдайларда басы артық жұрт өз-өзінен жаңа қоныстарды игеруге ұмтылады, егістік жерлері азып, іске жарағысыз болған кездерде күнкөріске жарайтын басқа мекендерге (Оңтүстік Месопотамияға ауған халафтықтар-арғышумерліктер секілді) көтеріле көшеді. Сол жолда қауымдар арасында бірін-бірі ығыстырулар, қақтығыстар, атамекендерінде отырған тұрғылықты жұрттарды жылы орнынан қозғайтын дүмпүлі қимыл-әрекеттер де атқарылып жатады. Дәл осындай жағдаяттардан туындаған адам санының күрт өсуі – ж. с. д. Ү мыңжылдық шамасында, бізге алтайлық жұрттар мекендеген аймақ ретінде белгілі Балқантау-Жейтун өңірлерінде де байқалыпты. Оны ғалымдар отырықшылық мәдениеті өркендеген Орталық Иран жақтан біраз елдің Көптау теріскейіне қоныс аударғанымен түсіндіреді (*Массон, 1972: 11*). Бұл бір жағынан, Каспий топансуы қайтып, Жыланды регрессиясы (ж.с.д. 5100-4300 ж.) өткен дәуірлерге де сәйкес келеді. Теңіздің азаюы – Қаптауы мен Каспийдің күнгеіндегі өңірлерде ылғалдылықтың кемуіне, қуаңшылықтың тууына себепкер болғандай. Сондықтан күнкөріс қамын күйттеген жұрттардың кей бөліктерінің *теріскейге қарай ауғанын* иланымды жөңкіліс ретінде қабылдаған мақұл. Олардың денін – *арғы алтай-оралдықтардың алғашқы атамекенінде әуелден тұрып жатқан автохтондар, бір замандарда Балқантау-Жейтуннан «геометриялық микролиттерді» алып барған қауымдардың ұрпақтары, ауыс-*

түйістері бұрыннан жалғасқан, этнотектік тұрғыда жақындығы бар қауымдар десек те болар.

Әлбетте, Көптау шұраттары мен Үлкен және Кіші Балқантаудың құйқалы баурайларында, суы мол Үзбой дариясы атырабындағы шұрайлы өрістерде аң-құсын аулап, уақ малын өсіріп, егінін баптап отырған тұрғылықты қауымдар үшін адам санының мөлшерден тыс көбеюі басы артық салмақ. Сондықтан да жылдар өте келе тіршілігін күйттеген жұрттардың Жейтун маңындағы бір бөлігі шығысқа – Теджен өзенінің төменгі саласына қарай лықсып, сол шұратта *Геоксюр* мәдениетін түзуге атсалысыпты. Кейіннен, ж. с. д. IV мыңжылдықтан бастап, олардың бір бөлігі Әмудария асып, Зеравшан жазығына өндіруші шаруашылық үрдістерін жеткізіпті, Самарқан төңірегінде ірі металл өңдеу орталығы – Саразм мәдениетінің туындауына үлес қосыпты (*Массон, 1972: 12-13 б.; Пьянков, 1995; Кляшторный, 2004: 32-35 б.*).

Ал *Көптаудың батыс беткейіндегі мал шаруашылығына бейім ортаға тап болған қоныс аударушылар*, сандары өсе келе, өріс тапшылығы сезіле бастағаннан кейін, Каспийдің шығыс бетіндегі, палеолит замандарынан аңшы қауымдарға мәлім – құлан, киік, қарақұйрық үйірлерінің меридиан бойымен, көктемде Үстірт аса, Жем мен Жайыққа дейін өріс аударып, қыста қайта оралып жататын дағдылы бағыттарымен, өздеріне дейінгі ғасырларда да теріскейдегі шүйгін жайылымдарға қарай үздік-создық бет түзеп тұратын автохтон жұрттардың дәстүрлі іздерін әрі қарай жалғастырған еді. Олар үзік-үзік боп, азын-аулақ уақ малын өргізе жылжып, сол замандарда Әмудария суын Каспийге молынан құйып жатқан ағыны қатты Үзбой өзенін бойлай, Үстіртті өрлей, Аралды төңіректей, оның теріскейін айнала, жол-жөнекей Келтеминар мәдениетінің үрдістерін қамти, кей топтары көңілдеріне жаққан мекендерде тұрақтап қала жүріп, ұзақ жылдарға созылған қоныс аудару, лықсу үдерісіне қатысыпты. Сөйте-сөйте Жем мен Еділ өзендері аралығындағы қой түлігі сүйсініп жейтін далалық кермек шөпті жайылымдарға жетіпті. Өрістің кеңеюі – қой санының жедел өсуіне ықпал еткені анық. Ал мал басының көбеюі адам санының өсуімен қатар жүретін құбылыс. Бұл ретте жергілікті мезолиттік, неолиттік автохтон қауымдардың да күнгеіден жеткен тиімді өндіруші шаруашылық

үлгісі - уақ мал өсіруге тез бейімделгенін естен шығаруға болмайды.

Саны молайған малшы жұрттың теріскей жаққа көп сұғына бермейтіні заңды. Өйткені ол жақта уақ малға аса қолайлы емес орманды белдеулер аймағы басталады. Сондықтан да қоныс ұзарту бағыты, өз-өзінен екі бағытқа – байтақ жайылымдары мол батыс пен шығысқа қарай қанатын жайған еді (*Хлопин, 1989: 220-224*). *Сөйтіп, олар кейіннен Ұлы Дала кеңістігіне тән болған түздік өмір салтының әуелгі құнарлы өрістерін сол өңірлердегі бұрыннан мекендеген автохтон алтай-оралдық жұрттармен бірлесе кеңейткен алғашқы малшы қауымдарына айналады. Сол қауымдар дәстүрлерінің тоғысуынан – осы алып аймақта түпкі төркіні күнгей-шығыс Каспий маңының үрдістерімен тығыз сабақтасқан Көнешұңқыр мәдениетінің ілкі нышандары орныға бастайды.*

Ерте энеолиттік Еділ мен Жайық

Көнешұңқыр мәдениетіне қатысты әуелгі зерттеулерде оның бастапқы ошағының Жем мен Еділ өзендері аралығында, ж. с. д. ІҮ-ІІІ мыңжылдықтардың тоғысында, мыстас (энеолит) заманының соңына таман ұйысқаны алға тартылып жүрді (*Мерперт, 1974, 1977, 1982*). Әйтсе де кейіннен жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде бұл өңірлерге малшылыққа бейім қауымдардың келуі, одан ілгерірек замандарда басталғаны дәлелдене бастады. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында Еділ бойынан аршылған ерте энеолиттік *Хвалын мәдениетінің* артефактілері бұл мерзімді мың жылдай әрі қарай сырғытқан еді. Хвалын аясындағы қабірлерде де мүрделерді ағаш қабығы төселген шұңқырларға шалқасынан тізесін бүктіре жатқызып, сүйекке қызыл жоса құйып жерлейді екен. Ыдыстарының түбі де көнешұңқырға тән, жұмыр. Мүрделердің бастарын сәл бұрып, солтүстік-шығысқа қаратқаны, қабірлердің үстіне оба үйілмегені болмаса, айырмашылығы шамалы ғана. Сондай-ақ археологтардың назарын ерекше аударған бір жайт, қабірлерден *қой-ешкі сүйектерінің де табылғаны* болатын. Бұл сол кездің өзінде қой етін адамның о дүниелік азығы ретінде қабірге қою дәстүрі қалыптасқанын көрсетеді. Демек, осы ретте

мал ұстаудың бұл өңірде одан ілгергі замандарда басталғаны туралы жорамалдың да қисыны келіп шығар еді.

Мәселен, Самара өзені бойындағы Съезжая қонысы маңындағы ж. с. д. V-VI мыңжылдықтар тоғысына жататын, үстіне оба үйілмеген қабірлерге қазба жұмыстары жүргізілген кезде, хвалындық (көнешұңқырлық) жерлеу жораларына ұқсас сипаттар кезіккен еді. Үстіне жоса құйылып, басы солтүстік-шығысқа қаратыла шалқасынан жайғастырылған мүрделердің жанына мал сүйектері, жылқының екі басы қойылыпты (*Древности Самарского края, www.*). Съезжая және басқа да ерте энеолиттік тұрақтардан табылған дәйектерге орай, археологтар бұл аумақта сол кезеңдерде *самара мәдениетінің* қауымдары мекендеді деп жіктеді. Одан күнгейге қарай *Каспий маңы ойпаты мәдениетінің*, батысқа қарай *төменгі Дон, Азау-Днепр мәдениеттерінің* жұрттары жайлағанын пысықтады. Олардың әрқайсысының өзіне тән төл ерекшеліктері болғанымен, негізінен тіршілік-салттары жақын, мал шаруашылығымен, мыс балқытумен айналысатын далалық қауымдар еді. Бәрі де Каспий маңына тән ұлутас ұнтағы қосылған балшықтан жасалған түбі жұмыр, сүйір қыш ыдыстарды, түзілімі ұқсас шақпақтас құралдарды, үшбұрышты садақ жебелері мен найза ұштарын тұтыныпты. Мүрделер шалқасынан жатқызыла, тізелері бүгіле жерленіпті. Үстеріне жоса құйылыпты. Осы ұқсастықтарына орай, түп-төркіні түздік, әрі қарай тереңдетсе, балқантаулық сілемдері тарқатылатын бұл төрт мәдениетті біріктіріп, Азау теңізі жағасындағы терең зерттелген Мариуполь қабірінің атымен – *Мариуполь мәдени-тарихи қауымдастығы* (ж.с.д. 4100-3650 ж.) деп топтастыра атау қалыптасты. Яки Жем мен Днепр аралығындағы кеңістік түзілімі бірыңғай далалық мәдениет аясына енгізілді (*Дергачев, 1999: www.*).

Осы Мариуполь қауымдастығы ерте энеолиттің соңына қарай (ж. с. д. 3700-3500 ж.) *хвалын-орта стог* мәдениеттерімен алмасқан еді. Орта энеолиттен (ж. с. д. 3650-3200 ж.) осы археологиялық құрылымдардың негізінде *Көнешұңқыр тарихи-мәдени қауымдастығы* қалыптаса бастады. Ол біртін-біртін ерте энеолиттік Хвалын дәстүрлерін әрі қарай қола дәуіріне ұластырып, Карпат пен Алтай арасын жалғап жатқан аясы тым ауқымды Ұлы Далалық мәдениетке айналды (*Моргунова, www.*);

Турецкий, 2000: www; Дремов, 2001; Васильев,... 1979). Бұл дәйектер күнгей-шығыс Каспий жақтан «алтайлық» қауымдардың көші-қон лықсуларымен бірге жеткен, мал шаруашылығына бейіл таныта бастаған импульстердің ықпал-әсері Жем мен Еділ аралығындағы далалық өңірлерге дейін жеткенінен хабардар етеді. Оның бірер толқыны көлденең Жайықтың теріскей қапталындағы Жалпы Сырт үстіртін аса, ж.с.д. V-VI мыңжылдықтардың тоғысында Самара өзенінің құйқалы атыраптарына дейін ілігеді. Ол лықсу бір жағынан, мезолит дәуірлерінен белгілі, ежелден күнгей мен теріскейді қосып жатқан дағдылы сүрлеулердің ізін жаңғыртқан өріс ұзарту да болатын. Бұл ретте әлгінде сөз етілген, археологиялық жәдігерліктерінің өн бойынан күнгей өңірлерге тән сипаттар (*микролиттер, түбі сүйір ыдыстар*) кәдімгідей ұшырасатын неолиттік Елшан қонысының да дәл сол Самара мәдениеті өркен жайған аймақта орналасқанын қаперге алсақ жеткілікті.

Яки балқантаулық қауымдардың қой-ешкі түлігін өсіруге ыңғай берген бірер толқынының алдыңғы легі, өздерінен ілгергі замандардан белгілі киік, құлан өрісін қуалаған көне сораптар іздерімен теріскейге қарай жылжу барысында, V-VI мыңжылдықтар тоғысында (бәлкім, одан да ертерек, топансумен шамалас тұстарда) Еділ-Жайықтың орта ағыстарындағы атыраптарға дейін жеткен екен. Бірер тобы батысқа беттеп, Дон өзенінен де асқан. Ал шығысқа, теріскей-шығысқа беттеген қауымдар Аралдың теріскейіндегі неолиттік, энеолиттік Сексеуіл тұрақтарына, Оңтүстік Оралтаудағы *шортанды, ақеділ* мәдениеттері деп аталған археологиялық аумаққа қой-ешкі түліктерін жеткізген еді (*Денисов, 2000: 29-38 б.*).

Бұл айтылғандарды Маңғыстаудың Бозашы түбегіндегі ерте энеолиттік Шебір, Ақтау қаласына жақын жердегі Қосқұдық тұрақтарынан табылған жәдігерліктер үлгілерінің *самара, хвалын* мәдениеттерінде ұшырасатыны да теріске шығармайды (*ҚТ, 1996: 90-92, 97-99 б.*). Археологтардың кейінгі жылдарда Еділ – Жайық аралығындағы аумақтан Хвалын мәдениетімен үндес Алтыата, Қараөзен, Сарыөзен, Торғын өзендері алаптарында тұрақтары қалған *алтыата мәдениетінің* (ж. с. д. V мыңжылдықтың соңы – VI мыңжылдық) іздерін табуы да, Шығыс Каспийден Орта Еділге дейін ұласқан ежелгі тұтастықтың

аражібін жалғап, сабақтастығын дәйектеген жаңалық болған еді. Және бұл орайда ол әсер-ықпалдар серпілісі, негізінен оңтүстік жақтан басталып тұрғаны аңғарылыпты (*Юдин*, 1996; 1999). Яғни Балқантау, Маңғыстау, Теріскей Каспий маңы байланысы төркінінің иланымдылығы тағы да алға тартылады.

Көнешұңқыр мәдениетінің әуелгі нышандары ерте энеолитте (ж. с. д. 4100-3650 ж.) қылаң бергенін нақтылау барысында, мыстас дәуірінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала кеткен де жөн сияқты. Энеолит – адамдар өміріне мыс құралдар енген дәуірдің атауы. Негізінен ж.с.д. ІҮ-ІІІ мыңжылдықтарды қамтиды. Мыстың пайда болуы егіншілер сияқты малшыларға да өндіруші шаруашылықты дамытуда елеулі табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Тұрмысқа қажетті инелер, түйреуіштер, біздер, қармақтар, әртүрлі әшекейлер жасау жеңілдеді. Ғалымдар далалық энеолиттің төл ерекшелігі ретінде, онда мыспен қатар тас индустриясының да жойылмағанын айтады. Бұрынғы геометриялық микролиттердің орнын енді мыс құралдар алмастыра бастағанымен, тасты өңдеудің жаңа түрлерін жасау одан әрі үзілмей жалғасыпты. Өздігінен қайралатын балғалар, найзалардың ірі ұштарын дайындау, оймалау, тесу ж. с. с. тәсілдер өрбіпті. Энеолитке тән ерекшеліктерге, сондай-ақ қыш ыдыстарды бояумен әшекейлеу, әйел-аналарды пір тұту, олардың шағын мүсіншелерін жасау, отырықшы мекендерде кесектен соғылған үйлер тұрғызу, кетпенмен жер өңдеудің кең тарауы да жатады (*Энеолит СССР*, 1982: 5-8 б.).

Геологтардың тұжырымдауынша, қазақ жеріндегі Кенді Алтайдың, Қордайдың, Жезқазған төңірегінің ірі мыс кен орындары адамдарға сол энеолит замандарынан белгілі болған (*Байбатша*, 1998: 46 б.). Түрікмен жерінің оңтүстігіндегі Жейтун мәдениеті аясындағы аймақтарға Самарқанд шаһары маңындағы *Саразм* мыс қорыту орталығының өнімдері жетіп тұрса (*Кляшторный*, 2004: 34 б.), Еділ мен Жем арасын жайлаған Көнешұңқыр мәдениетінің кеншілері қазіргі Орынбор өңіріндегі Көлденең Жайықтың теріскейін бойлай ұйысқан Қарғалы кен алабының мысын игеруге араласты (*Черных А. А.*, 2003: 37-43 б.; *Черных Е. Н.*, 2004: 84-99 б.; 2004 (а)).

Қазақ жерінің далалық батыс аймақтарында мыстас дәуірінің алғашқы із ашушылары болған Көнешұңқыр

мәдениетінің аясы уақыт өткен сайын қуаттанып, жаңа сипаттарға ауыса бастады. Ерте энеолиттік *хвалын*, *алтыата* кезеңдерінде қабірлердің үстіне оба үйілмейтін еді. Енді биік обалар көтерілетін болды. Мұның өзі осы өңірде мал шаруашылығымен айналысатын жұрт санының өскенін, ірі қауымдардың құралғанын көрсететін нышанға баланады. Өйткені зор обаларды көтерудің көп адам күшін қажет ететіні белгілі. Демек ол көнешұңқырлықтар арасында әр деңгейлі әлеуметтік ахуалдың орныққанынан да хабардар етеді. Археологтар ірі көлемді обалар астындағы қабірлерде көсемдер мен абыздар қойылғанын дәлелдеп шығыпты. Мәселен, жоғары дәрежелі көсемдерге бағышталған, диаметрі 110 метр, биіктігі 3,5 метрдей обаны тұрғызу үшін 500 адамның 80 күндей жұмыс істеуі қажет екен. Қоғамдағы мәртебесі көсемдерден кейін тұратын тұлғаларға диаметрі 50 метрден асатын, одан кейінгі қарапайым адамдарға диаметрі 50 мен 20 метр аралығындағы обалар тұрғызылыпты (*Титов*, 1988: 96-97 б.). Кейбір зор қабірлерден жануарлар бейнелеріне ұқсата тастан қашалып, күрзі, асаяқ секілді, әміршілердің қолға ұстап отыруына лайықталып жасалған арнайы белгілердің (скипетрлердің) табылуы - әдетте сол ортада билеуші тұлғалардың пәрмені жүріп тұрғанын байқататын нышанға жатады (*Мерперт*, 1974: 129-134 б; *Дергачев*, 1999: [www.](#); *Манзура*, 2000: [www.](#)).

Қазақ жерінің батыс бөлігіндегі далалық кеңістікті қамтыған ұйтқы жұртта төл дәстүрлерінің сараланып қалыптасуы өткен көнешұңқырлық өндіруші шаруашылық жүйесі, осы өңірде мал өсірудің тиімділігіне қол жеткізді. Селеуі мен қауы, бозы мен бетегесі желкілдеген шүйгін жайылымдар мыңғыртып қой өсіруге нағыз қолайлы өріс болып шықты. Біртін-біртін мал басының артуы, адам санының өсуі арқасында жаңа қоныстарды әрі қарай игеру басталды. Мал тұяғына ілесе өріс қуалай, қанатын кере жайған көшпелі жұрт көп ұзамай, Ұлы Даланың шығысында – Алтай-Саянға, батысында – Дунай алабына дейін жетті. Олардың бұл көші-қон бағыттарының іздері дала төсіндегі маң төбелерде, сансыз обаларда, ондағы дәстүрлі төл жерлеу ғұрыптарында сақталып қалған (*Мерперт*, 1974: 123-132 б.; 1977: 69-81 б.; *Авдусин*, 1977: гл.7; *ИЕ*, 1988: 86-87 б.). Әуелі неолит, энеолит замандарында Балқантаудан басталған көші-қон

үдерістерінің сілемдерін, олар тұяқ іліктірген жерлердегі атаулардан да байқауға болатындай. Орталық Қазақстандағы Балқантау (Қу таулары), Оңтүстік Орал атыраптарында ұшырасатын бірнеше Балқантау, Болгариядағы Балқан қыраттарының атаулары сол дәуірлерден жеткен нышандарға жатуы мүмкін. Әлбетте, көнешұңқырлықтар өздері басып өткен жолдарында төл үрдістерін жолшыбай таратып қана қоймай, сол автохтон қауымдар тарапынан да ықпал-әсерлерге ұшырап отырды. Өртүрлі мәдениеттермен ауыс-түйістер, ықпалдасулар өтті. Кей жоралар соны сипаттармен толықты, жаңа түзілімдер пайда болды.

Ерте энеолиттік дәуірде (ж. с.д. V-IV мыңжылдықтар тоғысы) Жайық пен Самара алаптарында (Съезжая қонысы), Тобыл мен Есіл алаптарындағы көнешұңқыр мәдениетіне қамтылған түздік жұрттардың тікелей араласуымен адамзаттың ұлы жаңалығы – жылқыны қолға үйрету жүзеге асты. Кейіннен дөңгелекті арба дүниеге келді. Соның арқасында мал шаруашылығымен айналысушылардың жаңа жайылым іздеп, алыс қоныстарға көші-қон жасау мүмкіндігі артты. Далалық климатқа сай келетін асыл түлік – жылқыларды көптеп өсіру, олардың етін, сүтін пайдалану – түздіктерге тән тіршілік дағдысына айналды. Көшпелі өмір салтының дамуы адам санының өсуіне, әр түрлі қауымдар арасындағы қарым-қатынастардың өрістеуіне, жаңа мәдениеттердің туындауына әсер етті. Ол ықпалдар осы аймақта бұрыннан мекендеп келе жатқан жұрттарға этникалық жағынан да елеулі өзгерістер әкелді. Олардың бір-бірімен араласу, сіңісу үдерістері қатар жүріп отырды.

Батысты қаусырған далалық қуат

Еділ-Дон арасын жайлаған көнешұңқырлықтардың одан әрі батысқа қарай жылжуы орта энеолит замандарында басталды. Бұл көші-қонның алдыңғылардан ерекшелігі – енді ол лықсумен бірге *көнешұңқыр мәдениетінің* әуелгі майлы жұрт, түп атамекені Еділ мен Жайық алаптарында қалыптасқан төлтума сипаттары, қабір үстіне оба үю дәстүрі де батыс өңірлерге қарай ауысқан еді. Ол дәуірлерде Днепр-Дунай аралығында энеолиттік *триполье-кукутень* отырықшы мәдениеттерінің (ж. с. д. 4000-3100 ж.) де

орнығып, марқаюы жүріп жатқан болатын. Мал өрісін қуалаған көнешұңқырлық жұрттардың батысқа беттеген бірер толқыны орта энеолиттің (ж. с. д. 3600-3200 ж.) басында Днестр-Дунай атырабына тұяқ іліктіріпті. Олармен бірге осы алаптарға Каспий маңы ойпаттарын мекендеген жұрттардың дәстүрлеріне тән жерлеу жоралары, құрамына ұлутас ұнтағы қосылған түбі жұмыр қыш ыдыстар, шақпақтас құралдар, үшбұрышты садақ жебелері, ат ауыздықтары, билік символдары – тас асатаяқтар (күрзілер) де ілесе жетіпті (*Дергачев*, 1999). Көнешұңқырлықтар жолшыбай Днепр-Дон өзендері аралығында Хвалын кезеңімен үндесе қатар бой көтерген *орта стог* мәдениетіне едәуір әсер ықпалын тигізеді. Орта стогтықтар өзіндік кей төл ерекшеліктерін сақтай отырып, бірте-бірте құлашы жайылып келе жатқан кең ауқымды *көнешұңқыр* мәдениетінің аясына жұтылады (*Мерперт*, 1982: 325-326 б.).

Олар осы өріс кеңейту үдерістері барысында Кавказдың теріскей баурайында ірге көтере бастаған *майкоп* мәдениеті (ж.с.д. 2500-2000 ж.) ауқымындағы өңірлерді де қамтыған еді. Бұны *майкоп* мәдениетінің қабірлерінен көнешұңқырлық қыш ыдыстардың, әшекейлердің, оларға тән жерлеу жораларының ұшырасқаны айғақтайды. Әдетте, археологтар арасында, екі мәдениеттің дәстүрлеріне ортақ сипаттардың кездесуін, олардың сол дәуірлердегі тығыз аралас-құраласуының нәтижесі ретінде қарайтын пікірлер де бар. Майкоптықтарда қорым обалары айналдыра қаланған ірі тақта тастардан (кромлех) көтерілгені, мәйіттердің бір қырынан тізелерін бүге жатқызылғаны болмаса, басқа айырмашылығы шамалы. Қыш құмыраларының да түбі сүйір, жұмыр болып келіпті (*Мерперт*, 1982: 328 б.; *ҰЭ*, 2004: 6 т. 312 б.). Әрине бұл ретте көнешұңқырлықтарда оба үю, мәйіттің тізесін бұғу, жоса себу ғұрыптарының, сүйір керамика үрдістерінің одан ілгерірек замандарда қалыптасқанын еске алсақ, олардың көбінің майкоптықтарға түз жұрттарымен бірге жеткен әсерлер екенін пайымдау аса қиын емес.

Көнешұңқырлық жылқышылар мен шопандар Шығыс Карпат жәзираларына ж. с. д. III мыңжылдықтың басында-ақ ат басын тірейді. Осы өңірде оның үндіеуропалықтарға тән *жіңішке мойын көзелер* мәдениетімен өзара ықпалдасулары өтеді. Ұлы даладан тепсінген бұла күшпен келген түздік өмір салтының

куатты рухы бұл ретте де әдеттегідей басымдығын танытты. Осы ауыс-түйістер барысында көнешұңқырлық жерлеу жораларына да жаңа сипаттар қосылды. Мәртебесі үлкен тұлғалардың қабірлеріне мүрделермен бірге арба бөлшектері, дөңгелектер қойыла бастады (*Сафронов, 1989: 154-178 б.*). Бұл Еділ-Жайық жақтан шыққан арба жегу дәстүрлерінің батысқа жеткенін көрсетеді. Демек, олар бұл көші-қон кезінде жылқы жеккен арбаны да кеңінен пайдаланған.

Карпат тауларынан батысқа қарай уақ мал өрісіне қолайлы жерлер мол емес. Білгі орманды, жынысты алаптар. Сондықтан да осы жерден көнешұңқырлықтардың батыс тобы көші-қонының іркілуі өткен сынайлы. Олардың біраз бөлігі ілгері жылжуын жалғастыра бергенімен, қою толқыны сол ғасырларда Дунай-Днестр арасында ұйыса бастаған ілкі үндіран жұрттарымен аралас-құралас ғұмыр кеше отырып, өздеріне әуелден етене еуразиялық далалық кеңістікте тамырларын терең жіберіп орныға бастайды. Сол жәзіраларда жайлау мен қыстау арасын жалғаған көшпелі өмір салтының жүйелі ырғағына бейімделген тіршіліктерін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластыруға кіріседі. Қара теңіздің теріскей-батысындағы *көнешұңқыр мәдениеті* аясына енген жұрттардың мәйіттерді жерлеу жорасында негізгі төл белгіден басқа, тізелері бүгілген мәйіттерді сол қолын иіп, оң қырынан және оң қолын иіп, сол қырынан жатқызу әдістері де қатар орын алғанын айтады.

Оларды салыстыра қарағанда, әуелден бар ерекшелік – шалқасынан тізесін бүгіп жайғастырылған мүрделердің жанына көбіне-көп *арбалардың* қойылғаны аңғарылыпты. Сол қырынан жайғастырылған мәйіттердің қасынан *тас күрзілер мен тас балталар* табылыпты. Осы ғұрыптық белгілердің өзі – көнешұңқырлық көсемдер мен абыздардың, әлеуметтік құрылым жүйесінде мәртебесі жоғары тұлғалардың қасына, о дүниелік болғанда, арба, ал одан төмендеу адамдарға басқа да билік нышандары қойылғанын көрсетеді. Бұл сипаттар – олардың әртүрлі этникалық топтарға жататынын, әр текті қауымдардан құралған бірлестік екенін де байқатады (*Иванова, 2001*). Мәселеге бұл тұрғыдан келсек, *Еділ мен Жем арасында әуелден қалыптасқан шалқасынан жайғастырылатын жерлеу жораларын бұзбай ұстаушылар – алтайлық,*

балқантаулықтардың тап өздері екенін, олардың ел билеп отырғандарын пайымдауға болады. Әрі қабірлеріне арбаның қойылуы да бұл көлік құралының оларға әуелгі атамекенінен тән болғанын да аңғартады.

Еуразия даласының батыс шекарасына дейін құлаш ұзарту барысында көнешұңқырлықтар өзгелерге төл ықпалын тигізіп қана қоймай, олардан да өз бойына әртүрлі сипаттарды қабылдады. Әр этникалық үрдістердің бір-бірімен араласу, сіңісу амалдарын бастан кешті. Ұқсас нышандар пайда болды. Олардың тілдік тұрғыдағы жұғылу ахуалдарына да ұшырағаны кәдік. Кей реттерде ілкі үндіарилер көнешұңқырлықтар арасына кіріп, олардан басымдау түсіп те жатты.

Көнешұңқыр мәдениеті қола дәуірге мол қуатымен жетсе де, осылайша, ж. с. д. III мыңжылдықтың екінші жартысынан бермен қарай батыс пен оңтүстік-батыстан лықсыған қауымдардың ықпалына да молынан ұшырай бастады. Орта Днепр аймағында оларға бір кіндігі батыста жатқан *«жіп таңбалы көзе»* мәдениеті мен кейінгі Триполье топтары едәуір әсер етті. Көнешұңқырлықтар біртіндеп осы өңірде ұйысқан Днепр мәдениетінің аясына қамтылды. Жергілікті дәстүрлер басымдау байқалып, қабір үстіне обалардың көтерілуі сиреді. Мәйіттің басын батысқа қарату үрдісі көбірек тарады.

Сол мыңжылдықтың соңында Қара теңіздің теріскейі мен Еділдің төменгі ағысындағы далалық аймақтарда әрқилы көші-қон лектерінің ықпалдасу әсерінен туындаған, мәйіттерді тізесін сәл бүге сол қырынан жатқыза, үстіне жоса құйып ақымдап жерлеу (катакомба) тәсілдерін ұстанған жұрттар пайда болды. Ғалымдар *катакомба мәдениетін* құруға *көнешұңқырлықтар* да, батыстық *«жіп таңбалы көзе»* өкілдері де, Кавказдың теріскейінен Таяу Шығыс әсерін жеткізген *Майкоп* тайпалары да қатысуы мүмкін деп жорамалдайды. Қабір шұңқырының бүйірін ақым тәріздес оятын жерлеу тәсілі жергілікті әдіс емес, ол Жерорта теңізі төңірегінен ауысуы мүмкін делінеді. Катакомбалықтар қабірлерін көбіне бұрынғы көнешұңқыр обаларына жапсарластырып та қазыпты. Өздері де биік обалар тұрғызыпты. Қыш көзелерінің табаны тегіс, бүйірі шығыңқы, мойны жіңішке болыпты. Өмір салттары көнешұңқырлықтармен шамалас. Оңтүстікте қой малын, солтүстікте Триполье әсерімен

сиырды көбірек өсіріпті. Отырықшылық пен балықшылықты, аңшылықты да қатар ұстаныпты. Мыс пен қола өндіріпті (*Шилов, 1990: www.;* *Титов, 1998: 119-120 б.;* *ҰЭ, 2002: 4 т.436-437 б.*).

Дегенмен олар да көнешұңқырлықтар сияқты далалық сипаты басым тайпалар еді. Катакомбалықтардың Карпат-Днепр аралығына жасаған қуатты көші-қон үдерістері осы өңірлердегі батыс пен шығыс әсерлері тоқайласып, қаржасып тұрған қауымдастықтарды одан әрі мидай араластырды (*Дергачев, 1999*). Дунай жақтан лықсыған *үндіирандық* жұрттармен, *жіп таңбалы көзе* мәдениеті тайпаларымен ықпалдасу тым күшейіп кеткен айқыш-ұйқыш қатынастар, ақыр соңында көнешұңқырлық дәстүрлердің ұмытылуына мәжбүр етті. Осы аймақтарға далалық өмір салтын, биік оба қорғандар үрдісін жеткізген түп-төркіні балқантаулық, алтайлық һәм оларға қосылған автохтон жұрттардың ұрпақтары, тегі басқа қауымдардың қатарына сінді. Әсіресе, Орта Днепр мәдениетінің ықпалына түскен көнешұңқырлықтар, оның тегеурінді дүмпуіне қарсы тұра алмай, түгелге дерлік мәдени және этникалық өзгерістерге ұшырады (*Мерперт, 1974: 150-151 б.;* *1977: 77-78 б.*).

Әйтсе де Еділ-Жайық алаптарындағы атажұрттарында мызғымай отырған түздіктер мұндай әсер-ықпалдарға көп ұрына қойған жоқ еді. Өздерінің жерлеу дәстүрлерін, түбі жұмыр қыш көзе үлгілерін сол күйі бұзбай сақтаған олар, төл орталарынан кейінгі көнешұңқырлық *полтавка* мәдениетін түлетіп шығарды. Оның туындауына сол кездерде Оңтүстік Оралтаудағы ірі Қарғалы кен ошағы, сондай-ақ Тобыл мен Жайық арасындағы Сынтасты-Арқайым аймағынан ашылған мыс кеніштерінің де әсері тиген-ді. Полтавкалықтар ж.с.д. II мыңжылдық соңында Сынтасты аясындағы қоныстардың іргесін алғашқы көтерушілер болып табылады. Ғалымдар Арқайым тектес бекіністердің төменгі қабатынан негізінен *көнешұңқырлық-полтавалық* қыш-ыдыстардың табылғанын дәйектеді (*Кузьмина, 2002: 8 б.;* *Зданович, 2002: У*). Дегенмен олардың бұл дербестелген тірліктері мен дамуы көпке созылған жоқ. Полтавалықтар бұл істі өздерінен шығысқа қарай жатқан кейінгі *Ботай мәдениеті* өкілдерінің қатысуымен де бірге атқарып, қола мен мыс өндіруді қатар игеруге кірісті. Археологтардың пысықтауынша, сол шамаларда соған дейін еуразиялық далалық кеңістікті кен

өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған Карпат металлургиялық ошағының дағдарысқа ұшырауы салдарынан, бұрынғы Днепр мен Жайық аралығындағы көнешұңқырлық алып аралға тоқайласқан әртекті тайпалардың жаңа мыс өңдеу орталығына айнала бастаған Оралтау кеніштеріне қарай екпіндей ұмтылуы да басталған еді.

Ал олардың алдыңғы легінде *жіп таңбалы көзе* мәдениетінің аясына енетін Еділ-Дон алабынан шыққан, мүрделерін көнешұңқырлықтарша тізесін бүгіп шалқасынан жатқызып, қабір үстіне дөңгелек обалар үйетін *абаи тарихи-мәдени қауымдастығына* және кейінгі катакомбаға жататын *көп білікті көзе* мәдениетін ұстанушы жұрттар бар болатын. Олардың біраз тобы Арқайым төңірегіне дейін тұяқ іліктіріп, енді қанатын кере бастаған *сынтасты-арқайым мәдениеті* немесе ілкі андрондық *жаңақұмақ кезеңін* қалыптастыруға араласты (*Кузьмина, 1981; 2000*). Сонымен бірге бойларында көнешұңқырлық әсер-ықпалдары мол *полтавка, абаи, көп білікті көзе (кейінгі катакомба)* қауымдастықтарының Еділ-Дон алаптарында жайлаған бөліктері ірі *қима мәдениетінің* негізін қалауға атсалысты. Қабірлерінің ішін төрт жағынан қиылған бөрене ағашпен қалайтындықтан, осындай атау алған қималықтар мүрделерді басын солтүстікке беріп, тізесін бүгілдіріп, қолдарын бетіне жақындатып, сол қырынан жатқызу дәстүрін ұстаныпты. Биік обалар үйіпті. Қыш ыдыстарының түбі жалпақ, бүйірі шығыңқы келіпті. Олардың басқа малдарға қарағанда сиырды көбірек ұстағаны байқалады. Қой, жылқы, шошқа өсірген, егіншілікпен, қола қорыту ісімен айналысқан. Бұл мәдениет те көнешұңқыр мен катакомбалықтар тәрізді батысқа қарай қанатын жайып, Днестр алабына дейінгі өңірлерге далалық дәстүрлерді таратқан еді (*Авдусин, 1977: 21.7; Кузьмина, 1981: 112 б.; Денисов, 2002: 63-65 б.; ҰЭ, 2003: 5 т. 687 б.*). *Осылайша, сонау мезолит замандарынан бері арғытүрк сипатты мәдениеттердің бір ұйық жұрты боп келе жатқан Батыс Орталық Азияның теріскей аймақтары – қола дәуірінде де Оралтаудың күнгей баурайларында ірі металлургиялық ошақтардың ашылуына байланысты, Ұлы Даланы түгелдей қамтыған мәдени-тарихи қауымдастықтардың ірге көтеріп, қалыптасуына зор септігі тиген құтты мекендерге айналды.*

Сол арқылы батысында – Жайықтан Днестрге дейін созылған алып далалы-орманды аймақта *қима мәдениетінің*, шығысында – Еділден Енесайға, күнгейі – Әмударияға дейінгі Орталық Азия өңірінде құлашын керген *андрон тарихи-мәдени қауымдастығының* (Членова, 1984), өркен жаюына қуатты серпін берілді. Андрон қазақ жерінің орталық, теріскей далалық аймақтарында ғұмыр кешкен *ботай* және батысында бой түзеген *сынтасты* мәдениеттерінің дәстүрлерін әрі қарай өрбіткен зор тайпалар бірлестігі ретінде мәлім. Қола дәуірінің аса ауқымды *қима* және *андрон* мәдениеттері кезінде де көнешұңқырлықтар бастап берген байтақ түз төсінде биік оба-қорғандар үю дәстүрі одан әрі жалғасып, кейіннен далалық *сақ-скиф*, *хұн* жұрттарына үзілмей ұласты.

Ұлы Даланың құйқалы бөлігі – қазақ жерінде қалыптасқан ежелгі мәдениеттер туралы сөз еткенде, көнешұңқырлықтармен қатар кезеңдерде өмір сүріп, онымен бірге сынтасты, андрон қауымдастықтарының түзілуіне әсер-ықпалы тиген, энеолиттік төлтума *ботай мәдениетіне* тоқталмай өту еш мүмкін емес. Сол себепті де ендігі қаузауымызды Ботай аясында туған далалық дәстүрлерге қарай бұрғанды мақұл деп тауып отырмыз.

Ботай. Әлемнің тұңғыш жылқышылары

Көнешұңқыр мәдениеті өкілдерінің қазақ жері мен қапталдас өңірлердегі неолиттік, ерте энеолиттік *Хвалын*, *Алтыата* (Еділ-Жайық), *Ойықты*, *Төлес* (Маңғыстау), *Келтеминар* (Арал маңы), *Мақанжар* (Торғай ойпаты) мәдениеттерін сомдаған жұрттардың дәстүрлерін әрі қарай көшпелі өмір талабына орай жаңғыртушылар болғанында күмән жоқ. Зерттеушілер қазақ даласында археологиялық белгілері қалған осы мәдениеттердің энеолиттік *Ботай мәдениетінің* (ж. с. д. IV–III мыңжылдық) қалыптасуына да ықпал-әсері тигенін айтады (*Таймағамбетов*, 1996: 85-99 б.; *Зайберт*, 1989: 171-179 б.; 1993: 145-159 б.).

Алғашқы нышандары неолиттік *Атбасар* (Есіл алабы) мен *Шортанды* (Жайық-Тобыл арасы) ж. с. д. IV мыңжылдықтағы *Терсек* (Торғай иіні) мәдениеттерінде қылаң берген ***Ботай*** үрдістерін Көкшетау өңіріндегі Ботай, Рошинское, Васильков, Қызылжар, Сілеті және Қостанай атырабындағы Обаған қоныстарының жәдігерліктері айқын паш етеді. Тобыл мен Ертіс

өзендері аралығын қамтыған бұл мәдениеттің ең қордалы сипаттары жинақталған мекен – Көкшетау қыратының теріскей-батысындағы Иманбұрлық өзені бойындағы Ботай қонысы (Айыртау ауданы). Ол қазақ жері – жылқыны қолға үйретудің әлемдегі басты орталықтардың бірі болғандығын дәлелдейтін ең айшықты ескерткіш. Аумағы 15 гектар жерді алып, 200-300-дей үйдің орны, мыңға жуық адамның мекендегені анықталған ірі отырықшылық қоныс орнында жүргізілген қазба жұмыстары ботайлықтардың негізінен жылқы өсіруші тайпалар екенін айғақтады.

1981-1983 жылдары қазақстандық археолог В. Зайберт бастаған экспедиция Ботай қонысын ашқалы бері, әлемдегі ең алғашқы жылқышыларға қатысты деректерге де өзгеріс енді. Өйткені соған дейін Днепр бойындағы көнешұңқырлық үрдіс аясындағы Орта Стог мәдениетіне (ж. с. д. 3500-2400) жататын Деревка қонысынан 52 жылқы сүйегі (барлық остеологиялық материалдың 75 пайызы) табылғанына орай, ол әлемдегі ең байырғы жылқышылар отаны ретінде танылып (*Ковалевская* 1977: 17-24 б.) келсе, бір өзінен 70000 жылқының сүйегі табылған энеолиттік Ботай қонысының дәйектері – жылқыны ең алғашқы бас білдірушілер қатарында қазіргі қазақ жерін мекендеген қауымдардың да аса зор үлесі бар екенін паш еткен болатын. Әрі кейінгі онжылдықтардағы зерттеу қорытындылары Деревка жылқылары туралы мәліметтердің қателігін де анықтап берген. Ол қазбадан табылған сүйек ауыздықтар ретінде пайымдалған заттың ауыздық емес екені нақтыланып, осыған дейін басты дәлел ретінде энеолит дәуіріне жатады деп айтылып жүрген, үйретілген жылқының бас сүйегі ол заманға емес, берідегі скиф заманына қатысты болып шықты (*Кузьмина*, 2000: 4-5 б.). *Сол себепті де қазіргі ғылымда Ботай – әзірше, өз-өзінен, еш даудамасыз, әлемде жылқыны ең алғаш қолға үйреткен ұйық мекен ретінде даралана танылып тұр.*

Бұл жаңа дәйектердің өзі де – *жылқыны тұңғыш бас білдірушілер* үндіеуропалықтар болған еді, дейтін бұрынғы таптаурын пікірлердің солқылдақтығын көрсетеді. Оған дәлел ретінде әлгінде аталып өткен ж. с. д. V-IV мыңжылдықтар тоғысындағы (осы өңірлерге үндірандықтар келгенге дейінгі екі мың жылдай уақыт бұрынғы) ілкі көнешұңқырлықтар заманында

да Еділ-Жайық арасындағы қабірлерге жылқының бас сүйектері көмілгенін айтсақ та жеткілікті. *Ботай мәдениетінің өзі де – қазіргі қазақ даласында алғашқы үндірандықтар легі жеткенге дейін өркен жайған, түбі осы өңірдің палеолиттік, мезолиттік, неолиттік дәуірлерінен бастау алатын төл алтай-оралдық мәдениет үрдісіне жатады.* Яки, бұл ретте ғылымның кейінгі жетістіктері айқындап жатқан арғы тарихымызға қатысты ақиқаттардың салмағы одан әрі арта түседі.

Ұлы Дала тарихында Жайық пен Ертіс аралығын жайлаған жұрттардың алар орны ерекше. Осы аумақта мезолиттік-неолиттік дәуірлерде, бір жағы Шығыс Каспий, Балқантау, Келтеминар, Сырдария, Жетісу дәстүрлерімен сабақтасып жатқан *жангел* (Жайық-Тобыл арасы), *атбасар*, *мақанжар*, *усть-нарым* (Шығыс Қазақстан) мәдениеттері өркен жайса, энеолитте *жангел* үрдістері – сол өңірде қалыптасқан *шортанды* (*суртанды*); *атбасарлық* нышандар – Тобыл мен Есіл алаптарына тараған *ботай* мәдениеттерінің бітімдерінде көбірек аңғарылыпты. Сол заманда шортанды мәдениетінің кей сілемдері Зайсан көлі мен Құлынды жазығы аралығындағы усть-нарым артефактілеріне дейін жеткені, екі ортаны жалғап жатқан ұйтқы құрылым *Ботай* әсерінің одан да әрі, Минусин ойпатындағы *афанасьев* мәдениетінде қылаң бергені байқалыпты (*Зайберт, 1993: 134-159 б.*). Зерттеушілер энеолит, қола дәуірлерінде Тобыл мен Ертіс аралығындағы арсалды қамтыған *ботай мәдениетін* – осы өңірлерде алғашқы нышандары мезолиттен байқалып, неолит заманында археологиялық түзілімі нақтыланған *атбасар мәдениетінің* тікелей ізбасары ретінде таниды. Ал атбасардың арғы тегі мезолиттік Балқантау, Сыр бойы (Ферғана, Обишир) үрдістерімен сабақтасып жатқаны бізге алдыңғы тараулардан белгілі. Археологтар сол дәуірлерден бастау алған тас құралдар жасаудың жергілікті төл тәсілдерінің неолиттің өн бойында дамып, жетіліп, энеолитке дейін ұласқанын анықтады. Ерте неолиттен (ж.с.д. VI мыңжылдық) бермен қарай қазақ жерінің теріскейінде жатқан бұл аймаққа түбі жұмыр қыш көзелер де тарай бастаған-ды (*Зайберт, 1992: 108-131 б.*). Ботай мәдениетінің жылқышылары да түз жұрттарына тән сондай ыдыстарды пайдаланды.

Олардың кең тұрғыда жылқыны ең алғашқы бас білдірушілер болуына, осы өңірлерде кейінгі неолит пен энеолитте туындаған климаттық ахуалдардың әсері тиген болатын. Қазақ жерінің теріскейіндегі басқа өзендер секілді Есіл алабында да көлдер мен көлшіктер, қарасулар мол кездеседі. Олар көктемгі тасқын кездерінде суға толып, балықтар өсіп-өнетін табиғи тоғандарға айналады. Атбасар мәдениеті өкілдерінің осындай өзен-көл жағалауларына орнығып, балықшылықты кәсіп етіп, сүйектен жасалған шанышқылармен түйреп, тоспалардан сүзіп алған балықтары жылдың бар мезгілінде қоректенуге мүмкіндік жасады. Алайда құрғақшылық буып, көлшіктер мен қарасулар тартылып қалған жылдарда бұл күнкөріс түрі де аса сенімді болмай қалар еді. Ондай кездерде адамдар шарасыздықтан аштыққа ұрынып, күйзеліске ұшырайтын. Атбасар мәдениетінің соңғы жағында жергілікті балықшы, аңшы қауымдар осындай аумалы-төкпелі жағдайға ұрынбау жолдарын іздестіру барысында, дала төсінде үйір-үйір боп өріп жүрген жабайы жылқыларды – тарпандар мен керкұландарды (Пржевальский жылқысы) тұрақты тамақ көзіне айналдырудың тәсілдерін қарастыра бастайды. Әрі соның ең оңтайлы әдістерінің бірі – осы Ботай қонысы төңірегіндегі табиғаттың өзі жасап қойған ерекшелікке сай туындағандай көрінеді. Қоныс маңындағы қалың қарағай жынысына сұғына кіріп жатқан 10-12 гектардай ашық далалық алқап жылқы қаумалауға таптырмайтын табиғи қоршау десе де болғандай.

Саусақ жігіндей боп жиі тұтасқан қарағайдың арасын көлденең құлаған ағаштармен бекіте салса, үш жағы жабық дайын қора шыға келеді. Сөйтіп, далаға қарай бір жағынан ғана кіріп-шығуға болатын бұл қойнауға жылқылар жайылып жүріп-ақ, байқамай еніп кететін жағдай жасалады. Немесе оларды қаумалай үркіте отырып кіруге де мәжбүрлер еді. Сол кезде шығар жолда бөгесе болғаны, жылқы үйірі табиғи қораға қамалады да қалады. *Атбасар, ботай* замандарында шет-шетінде суы шымырлап жататын қайнарлары бар болған, шөбі шүйгін бұл қойнау жылқылардың ұзақ уақыт жүдемей бағылуына мүмкіндік берді. Сол жерден ілкі ботайлықтар оларды қажетіне қарай тамақтарына жаратып отырды. *Осы табиғи қорада жылқыны бас білдірудің алғашқы талпыныстары жасалды.*

Әлемдегі ең алғашқы сүйек ауыздықтар дүниеге келді. Атты жүгендеп міну жүзеге асқаннан кейін далада жайылып жүрген жылқыларды қайырмалау жеңілдеді, қылқұйрықтарды өрістерде ілесе бағатын жылқышы кәсібі пайда болды. Ол қажет кезінде жылқыларды қуып әкеліп, қоршау ішіне кіргізіп те қояр еді. Біртін-біртін бие сүтін пайдалану дағдылары қалыптаса бастады. Сол дәуірлерде жылқыларды іріктеу мен сұрыптаудың ілкі тәжірибелері де жүзеге асқаны анық.

Палеозоологтар Ботай қонысынан қазып алынған жылқылардың сүйектеріне қарап, олардың байырғы қазақ жылқысының бір түрі, *Жабы* тұқымына жақын екенін дәлелдеп отыр. Әдетте, далалық өңірлердің қолайсыз ауа райына ең төзімтал түлік – осы қазақы жылқылар болып табылады. Олар үнемі түзде, жайылымда, сақылдаған сары аяз, боранды қыста да бауырын сызған қалың қарды тебіндеп, шөбін тауып жеп, аса қиналмай жүре береді. Бұл тұқымдастардың денесі, әдетте ірі, басы үлкен, мойны қысқа, омыраулы, жоны жалпақ, сауырлы, тұрқы ұзын, құйрық-жалы қою, терісі қалың боп келеді. Ботай жылқылары басым көбінің шоқтығына дейінгі биіктігі – 136-144 сантиметр болса, ширегіне жуығының бойы 144-152 сантиметр аралығында екені дәлелденді. Бұл олардың еңселі болғандығын көрсетеді. Мәселен, әйгілі Берел қорымына көмілген жылқылардың биіктігі де дәл осындай, 136-дан 152 сантиметрге дейін, Пазырық сәйгүліктері 148-150 сантиметр, қазіргі жабы айғыры шоқтығының биіктігі 144-145 сантиметр екенін еске алсақ, Ботай үйірлерінің негізінен бойшаң тұқымдардан құралғанын аңғарамыз.

Мұны бір жағынан ботайлықтардың жылқыларды ірілендірумен, сұрыптаумен айналысқанының, қолға үйрету жұмыстарын жоғары дәрежеде жүргізе білгенінің дәлелі деп те ұғыну ләзім (*Зайберт*, 1993: 196-210 б.; *Тоқтабаев*, 1990: 52-72 б.; *Макарова*, *Нурумов*, 1989: 122-131 б.). Ботай қонысында жылқыларды қолда өсірудің жетілген сатысына сай келетін сүйектердің табылуы – бас білдіру машығының одан да ілгерірек замандарда, бәлкім, *атбасар* мәдениеті кезінде басталуы мүмкін екенін де алға тартады. Осы орайда, оны көнешұңқырлықтардың Еділ-Жайық аралығын ілкі қамтыған мерзімімен, ж. с. д. V-IV мыңжылдықтар тоғысындағы қабірлерге жылқының бас

сүйектері көмілген шамалармен де сәйкестендіруге келер еді. Яки, кезінде *ботай* мәдениеті аясын әлемдегі алғашқы жылқышылар өмір сүрген неолиттік, энеолиттік өңірлер ретінде жорамалдаған пікірлердің (*Макарова...* 1989: 130-131 б.), кейінгі жылдарда осындай дәйектермен нақтыланып жатқанын қаперге алсақ ләзім. Кіндігі Қазақ жері боп саналатын Ұлы Даладағы арғы тегі тарпаңдар мен керкүландардан тарайтын осы жылқылардан кейіннен бүгінгі күні көпке әйгілі негізгі қылқұйрық тұқымдары: қазанаттар, ақалтекелер, мініс, жегіс аттары, ірі жүк жылқылары іріктеліп, сұрыпталып шықты (*Ковалевская*, 1977: 9-11 б.; *Кузьмина*, 1977: 30 б.; 1981, 114 б.).

Ботайлық қыш көзе сынықтарының бірінде арба дөңгелегі мен жегілген ат сұлбасы бейнеленгеніне қарағанда, олар арбаны да пайдаланғаны анық. Қоныс орнында жүргізілген қазбалар кезінде ағаш өңдеуге қажетті тас балта, шот, қашау, сүргі, жоңғы, қырғы, секілді құралдар табылды. Бұл ботайлық ағаш шеберлерінің үй салумен бірге, арба да жасай алуға мүмкіндігі барлығын көрсетеді. Әлемдегі алғашқы жылқышылар – *ботай* мен *көнешұңқыр* мәдениетінің өкілдері бір далалық кеңістікте ұқсас ғұмыр кешті, мал өсірді, түбі – сопақ, жұмыр, бүйірі – шығыңқы, мойны – кең, ою-өрнектері – жақындау (ирек, тарақ, толқынды) қыш ыдыстар ұстады. Алайда, бірінің – негізінен қой өрісін қуалап, уақ малға қолайлы далалық өңірлерді, құмды қойнауларды төңіректегені; екіншісінің – әуелі балықшылықты, одан кейін таза жылқышылықты кәсіп еткені, отырықшылыққа бейімдеу болғаны, олардың тұрмыс салттарына сәл өзгешеліктері бар сипаттар телді.

Еділ мен Жем арасындағы бастапқы майлы жұрттарынан шығысқа қарай лықсыған *көнешұңқырлықтардың* бірер легі қазақ жерінің теріскей аймақтарына жеткен кезде, энеолиттік *ботай* қауымдарының енді қолға алып жатқан жылқышылық машықтарына тән әсер-ықпалға ұшырады. Біразы сол өңірлерде тұрақтап қалып, отырықшылыққа бейіл берген, түбі алтайлық, арғы түрктік төл жұрттарға судай сіңіп кетті. Археологиялық деректер көнешұңқыр қауымының қой түлігінен ажырағысы келмеген шамалы бөлігінің шығысқа қарайғы жолын әрі қарай жалғастыра бергенін алға тартады. Жол-жөнекей ботай тектес мәдениеттердің әртүрлі ықпалдасуларын, араласуларын,

тоғысуларын бастан кеше жүріп, олар Ертіс пен Енесай алаптарына тұяқ тіреп, көнешұңқыр үрдістерінің шығыстағы айна-қатесіз түрі – энеолиттік *Афанасьев* мәдениетінің уығын көтеруге атсалысты. Атап өтер бір жайт, екі арада қаншама алыс қашықтық жатса да, әуелгі мәдениеттің ғұрып-жораларының көп өзгеріске ұшырамағаны таңғалдырады. Көнешұңқырлықтар мен афанасьевтіктердің жерлеу әдісі де (*бұрыштары доғал қабір қазу, мүрдені шалқасынан тізесін бүгіп жайғастыру, үстінен оба үю*); адамдарының антропологиялық түрлері де (*протоеурпеоид нәсілі*); тұтынған бұйымдары да (*түбі жұмыр қыш ыдыстар, мыстан жасалған сәндік әшекейлер*); өсірген малдары да (*қой, жылқы*) тым ұқсас (*Грязнов, 1999: Мерперт, 1982: 329-331 б.; Вадецкая, 1982: 49-59 б.*).

Радиокарбон және басқа да тәсілдер арқылы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Афанасьев мәдениетінің төменгі шегі ж. с. д. ІҮ мыңжылдықтың соңына сәйкес келетіні анықталып отыр (*Самашев, 1992: 141-151 б.*). Мұның өзі де көнешұңқыр мәдениетінің Жем мен Еділ аралығындағы әуелгі атамекенінен орта энеолит (ж. с. д. 3650-3200 ж.) шамасында жан-жаққа қанатын кере бастағанын айқындайтын дәйек болып табылады. Ғалымдар дәл осы афанасьевтік үрдістердің *ботай*, Ертіс бойындағы *усть-нарым* мәдениеттеріне тән жәдігерліктерге де жуықтайтын сипаттармен ұштасып жатқанына назар аударады (*ҚТ, 1996: 97 б.; Зайберт, 1993: 152 б.*). Төркіні көнешұңқырлық, афанасьевтік нышандар ортаңғы қола дәуірінде Ертіс жағалауында (Көкпекті аумағы) орналасқан ежелгі *Қанай* қонысында да қылаң берген екен (*ҰЭ, 2003: 5 т. 517 б.*).

Ботайлықтар оңтүстіктегі *жейтун* аясындағы қоныстарға тән жерлеу жораларына бейіл берінкірегенді мақұл көріпті. Мәселен, олар мүрделерді сол қоныс аумағында, үйге жапсарластыра тұрғызылған арнайы орынға, не ескі тұрғын жайларға жерлепті. Оның ілкі көнешұңқырлықтарға сәл болса да ұқсайтын тұстары – жерленгендердің айналасына қабырғаны жағалата жылқының бас сүйектерінің қатарланып қойылғаны, содан кейін мүрденің басын оңтүстік-шығысқа қаратып шалқасынан жатқызғаны ғана. Қабірдің үстіне сырғауыл қаланып, беті шым топырақпен жабылады. Қабірге бір адам ғана жерленбейді. Келесі бір адам көз жұмғанда, оны қайта ашып, жанына жайғастырып отырған.

Тұрғын жайлардың бірінен қабырғадағы сөреге қойылған ер адамның саз балшықтан мумияланған бас сүйегі де табылыпты. Мәйіттерді тұрғын үйлердің іргесіне, кейде еден астын қазып жерлеу – қола дәуірге дейінгі алғашқы отырықшы қауымдардың көбіне тән ерекшелік. Орта Шығыс және Жейтун, Анау аясындағы мәдениеттерде де осындай тұрғындардың орын алғаны белгілі (*Массон, 1989/a: 37, 41 б.; 1982: 20 б.; Зайберт, 1993: 38, 141 б.*). Бұл ботай үрдістерінде күнгей өңірлермен үндескен импульстер сілемі жатқанын байыптатады. Әрі ол әсер-ықпалдар Ботай қонысындағы қатар-қатар, арасына жол қалдырылып салынған күмбез төбелі тұрғын жайлар түзілімдерінен де аңғарылады.

Көк аспанмен үндескен күмбез үйлер

Зертеушілер Ботайда үйлердің қабырғасы жеркепе салу әдісі бойынша тұрғызылғанын дәйектеді. Әуелі көлемі 20-дан 70 шаршыметрге дейінгі жер *шеңбер* немесе *сегіз бұрыш* (кейде төртбұрыш) түрінде белгіленеді. Оның топырағы босатылғасын, үстіне су құйып иленеді де, дайындалған балшық үйдің жиегіне бірінің үстіне бірі жұмбадалып ұрылып, қабырғасы көтеріледі. Дуал мықты болсын деп, арасына мал сүйектерін, қабырғаларды салып жымдастырып отырады. Шұңқырдың тереңдігі 1 метрге жеткенде, қабырғаның биіктігі де сол шамаға жуықтайды. Іші-сырты сыланады. Дуалдың бетіне айналдыра ұзындығы 3-4 метрлік бөренелер мен сырғауылдарды көлденеңінен бастарын айқастыра бекітіп, бірінің үстіне бірін қалайды. Биіктеген сайын жоғарғы ернеуін ортаға қарай қаусыра түседі. Ақыр соңында төбесінде түгін шығатын дөңгелек немесе төртбұрыш тесікті қалдыра отырып, бір-біріне тіреп аяқтайды. Үстін бұтақтармен, қамыспен, жылқы терілерімен жауып, шыммен қаптайды. Бетін сылайды. Сонда ортасының биіктігі 3-4 метрдей, айнала қабырғасының бойы 1,5 метрдей, шатыры күмбезденген, киіз үй тектес, дөңгелек тұрақжай пайда болады. Шаңырақтың дәл астына дөңгелек ошақ салынады. Ботай үйлерінің өзара жалғастырылып, бір-біріне өте беретін ыңғайда тұрғызылғандары да бар (*Зайберт, 1993: 20-39, 191 б.; Захаров, 2002*). Келтеминар үйлерінің қабырғасы да Ботай сияқты сегіз бұрышты немесе шеңбер түрінде көтеріледі екен. Шатыры тіреуге сырғауылдары

кою арқылы күмбездеп жабылыпты. Сондай-ақ балшықтан дуал қалау тәсілі энеолиттік Геоксюр мәдениетінің үйлерінде қолданылғаны белгілі (*Захаров, 2004*).

Үй қабырғаларын *шеңбер, сегізбұрыш* түрінде көтеру далалық жағдайларда палеолит, неолит замандарынан бері ұшырасатын тиімді тәсіл. Қысы суық, бораны қатты теріскей өңірлерде сұрапыл жел екпініне шыдас беріп, жыруды жақсы ұстайтын осындай күмбез үйлерді салу жөн болатынын ежелгі адамдар жақсы аңғарған. Археологтар осыған ұқсас баспаналарды неолиттік Атбасар мәдениеті аясынан да тапты. Сондықтан да Ботай тұрғын жайларының түзіліп, қалыптасуы – жергілікті төл үлгілер мен сырттан жеткен әсерлердің тоғысуынан туындаған үрдіс ретінде пайымдалады. Ботай қонысында тағы бір ізі қалған сілем – онда ет сақтайтын ұралардың кеңінен пайдаланылғандығы. Археологтардың дәлелдеуінше, тұрғындар тереңдігі бір құлаштай ұраларда алты ай қысқа арнап сойып алған соғымдарын қоятын болған. Ботайлықтар үсті терімен жабылып, балшықпен сыланған салқын ұраларда жаз кезінің өзінде етті бұзбай сақтаудың тәсілдерін білген (*Зайберт, 1993: 34, 72 б.*).

Тұрғын жайлардың шеңбер (сопақ) немесе сегізбұрыш түрінде салынуының бір жағы, ежелгі адамдардың Ғалам туралы наным-түсінігімен де сабақтас. *Әдетте, домалақ, күмбез төбелі үй – Көк аспанға, от – Күнге баланады*. Қоныстағы олармен қатар салынған төртбұрыш тұрғын жайлар – *Жердің бейнесі. Төрт қабырға – дүниенің төрт жағы. Яғни, Көк аспан мен Қара Жердің аймаласуынан тұтас Ғалам бейнесі сомдалады*. Осы тұтастықты қазақ жерінің ежелгі төл мәдениеттері түзілімдерінен аңғару еш қиын емес. Ботайда анық байқалған бұл сипат, көнешұңқырлық, афанасьевтік обалардың бітімінде де бар. Төрт бұрыштап қазылған қабір үстіне обаны күмбездеп үю, мүрденің басын күн шығар жаққа, Тәңірі мекеніне қаратудың мәнісі де, сол ғаламдық кеңістікке қатысты киелі ұғымдармен астасып жатыр.

Үй салу дәстүрлерінің бұл ізі бір жағынан қазақ қыстауларының киіз үй тектес көне үлгілеріне де жақындайды. Мәселен, этнографиялық әдебиеттерде *шошала* деп аталатын ол үйлердің қабырғасы шымнан, кесектен қаланғаны, ал орманды жерлерде бөрелелермен сегіз бұрышты етіп, қиылып салынғаны

жазылады. Оның күмбез тектес шатыры сырғауылдардан тұрғызылып, төбесінен түтін шығатын дөңгелек, немесе төртбұрыш тесік қалдырылады. Үстін қамыспен, бұтамен, шыммен жауып сылайды. Қазақ ауылдарында осындай әдіспен салынған құрылыстарды үй жанындағы қосалқы жайлар ретінде пайдалануды кейінгі кездерге дейін үзілмегені мәлім (*Жәнібеков, 1995: 17-58 б.; Муканов, 1995: 122-127 б.*). Археологтар Ботай үйлеріне тән шатырды күмбездеп көтеру, яғни ағаштарды бірінің үстіне бірін сатылата, ішке қарай қаусырып салу әдісінің кейінгі қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениетінің үйлерінде де көрініс бергенін айтады (*КТ, 1996: 110 б.*).

Әуелгі төркіні көшпелілердің күрке-шалашына, киіз үйлер пішініне ұласқан дәстүрлердің де өздерінің ортақ түп арқауын – сол Ботай заманындағы Ғалам туралы әсаналармен тығыз сабақтастықта бой түзеген қоныстардан; арғы түрк жұрттары мекендеген еуразиялық далалық кеңістікте дүниеге келген төл үрдістерден бастау алғаны анық. Осы ретте өз кітаптарында Ботай мәдениетіне қатысты ешқандай сөз қозғай қоймаған (ол туралы нақтылы хабардар болмауы да әбден мүмкін), құмықтың белгілі қаламгер-тарихшысы Мұрат Әджидің жазғандары өз-өзінен қаперге оралар еді. Түрк әлемінің арғы қатпарларын қажымай-талмай зерделеп жүрген оның: «Сегіз бұрышты үйлер – түрк архитектурасының негізгі геометриялық элементі. Ол шағын периметрді құрай отырып, үлкен ауданды қамтиды. Яғни, қабырғасы ең қысқа бола тұра, ең кең пішілген үй дегеніңіз осы. Әрі оған далалық архитектураға тән «сегіз бұрышты» төл дәстүрдің құрылыс материалдары мен жылуды да кәдімгідей үнемдейтінін қосыңыз» деп ерекше атап өтетіні бар (*Аджи, 2004/а/: 25 б.*). Ал дәл осы сипаттардың бәрі бұдан 5 мың жылдай бұрынғы Ботай үйлерінде айна-қатесіз көрініс тауып жатқан еді. *Ботай қонысы – Киелі табиғатқа, Ғаламға, Күнге, Көк аспанға, Тәңіріге табынуға қатысты ұғымдармен астасып жатқан шеңбер, сегізбұрыш, төртбұрыш түзілімдері айқын нышандарымен танылған айшықты ескерткіш. Әдетте, шеңбер – ежелгі дүние адамдарының наным-сенімінде Ғаламды, Күнді, алғы күндерге деген үмітті, мұратты бейнелейді. Ол мәңгілік қозғалыстың, көшпелілердің үнемі өріс қуалап, қыстау – жайлау*

аралығын қамтып, айналып жүретін тынымсыз тіршілігінің де символы. Кейде бұл ұғымдарды арба дөңгелегі секілді белгілер де алмастырып жатады (Энциклопедия символов, 1995: 42 б.).

Шармық (крест) бейнесінің өзі шеңбердің туындауымен тығыз сабақтастықта қаралады. Шармық та Ғалам, Көк аспанмен кіндіктес рәміз. Оның тік сызығы – Аспан мен Жерді жалғап жатқан, Көктен құйылған Күн нұры мен жоғарыға шаншылған Отты – аталық таңбаны бейнелесе, көлденең сызық – көкжиекті кеңістіктің, жер бетінің, судың – аналық нышанның белгісі. Осы екі – тік және көлденең сызықтың қиылысуынан күллі ғалам бітімі, әлемнің төрт бұрышы, мәңгіліктің символы – шармық шығады. Ежелгі адамдар күнді, аспанды, отты, жұлдызды, самғаған құсты бейнелегісі келсе де шармықты салған. Айналып тұрған күнді, дөңгелекті, қозғалысты, жыл маусымдарының алмасуын көрсетуді мақсат тұтса, шармық сызықтарының ұштарын перпендикуляр түрде бір бағытқа қарай майыстырып, қас (свастика) кескінін туындатар еді. Көне жұрттар қасты молшылықтың, мәңгіліктің символына да балаған (сонда, 23-29, 38-39 б.; Мифология, 1998: 490-491 б.). Бұл шармық белгісінің Орталық Азия мәдениеттерінде сонау ботай заманында-ақ ғаламдық кеңістікке, жаратылыс құдіретіне тәу ету амалдарының бір нышаны ретінде танылғанын көрсетеді.

Квадрат ішіндегі шармық бейнесі көне наным-сенімдер бойынша, әлемнің төрт құбыласына ашылған қақпа, сондай-ақ ортадағы ошақтың, киелі оттың қорғаушысы ретінде байыпталады. Әдетте, шармық пен квадрат – аталық нышанның, ошақ пен от – аналық мәйектің бейнесі ретінде сипатталады. Яғни, екеуінің қосылуынан кіші әлемді айнала қоршаған көк күмбезді кеңістік – сыртқы шеңбер (үй қабырғаларының сегізбұрыш, дөңгелек түрінде салынуы, күмбезді шатыр, киіз үйі) арқылы ұғындырылады. Осы Көк аспан құдіретіне табыну, кейіннен Ұлы Далада уық көтерген Тәңірілік сенімнің негізін құрады. Ол сарын бағзы замандарда қазақ жерінен күнгеі өңірлерге қарай үздік-создық көші-қон жасаған жұрттармен бірге Үндістанға жетті. Сол аймақта бүршік жарған будда мифологиясы мен космологиясының ғалам, кеңістік, дөңгеленген дүние, адамдар қауымы секілді сан қилы ұғымдарды бір бойына тоқайластырған киелі символы – Мандала (квадратты қаусырған

шеңбер) пішінінің дүниеге келуіне түрткі болды (*Мифология*, 1998: 338-340).

Ал Тәңірінің күдіреті арқасында күмбезді Ғалам аясында ұйысқан ортақ тіршілікті тәу ететін ол мифологиялық ұғымдардың шыққан жұрты, әуелгіде Ұлы Дала, *ботай* мен оған жақын *көнешұңқыр*, *афанасьев* мәдениеттері аясындағы арғы түртік аймақтар болатын. Ботай үйлері архитектурасында, оның тұрғындарының наным-сенімдерінде айқын байқалған бұл сипаттар, қазақ жері мен оған жапсарлас аймақтарда одан кейін өркен жайған мәдениеттерге табиғи түрде сабақтасып ұласты.

Ол ортаңғы қола дәуірінде (ж. с. д. 20-17 ғасырлар) қазақ жерінің батысында бой түзеген *сынтасты* мәдениетіне тән Мандала пішінді төрт қақпалы сопақ қоныс-бекіністер бітімінде анық көрініс тапты. *Көнешұңқыр* үрдісінен бастау алған қабірлерге биік оба үйіп көк күмбезіне ұқсату үрдісі – Қазақстанның батысы, теріскейі мен орталығындағы *сынтасты-петров*, Алтайдағы *окунев*, оларға жалғасқан орталықазиялық *андрон*, кейінгі *сақ-скиф* мәдениеттеріне ауысты.

Күн мен Отқа тәу етудің белгісіне айналған *шармық* таңбасы қола дәуірде Орталық Қазақстанда өркен жайған *нұра-атасу* (ж.с.д. 16-12), одан кейінгі *бегазы-дәндібай* мәдениеттері кезінде қолөнер бұйымдарында кеңінен қолданыла бастады. Осы өңірдегі Мыржық, Саңғыру, Былқылдақ, кезінде Сынтасты аясына енген Тобыл бойындағы Алексеев қоныс-қорымдарында жүргізілген археологиялық қазбалардан табылған қола тұмар алқаларда *шармық* шеңбер ішінде де, жеке түрінде де бейнеленеді. Қазақтың атақты археологы Ә. Марғұлан мұндай шармық өрнекті бұйымдардың сол дәуірде Еуразия кеңістігінің басқа өңірлерінде кездеспегеніне назар аударады (*Марғұлан*, 1977: 123, 312-318 б.; *ҚТ*, 1996: 118 б.; *ҰЭ*, 1999: 2 т. 490 б.).

Бегазы-Дәндібай заманынан қолөнер бұйымдарын сәндеуге жаппай пайдаланыла бастаған *шармық* таңбасы Алтайдағы әйгілі Пазырық мәдениетінің (ж. з. д. VI-III ғ.) жәдігерліктері арқылы да белгілі. Олардағы ер-тоқымға, құйысқанға, былғарыдан әдіптеліп, кілем беттеріне тоқылып түсірілген төрт жапырақша (төртқұлақ) оюлар (*Руденко*, 1953: 181, 212-213, 352-383 б.) қазақ даласындағы қола дәуір тайпаларының шармық тектес өрнектерінен еш аумайды. Бұл төрт жапырақшалы өрнектер

кейіннен хұн, қыпшақ замандарында әртүрлі нұсқаларда өрістей келіп, қазақ қолөнерінің негізгі ою түрлерінің біріне айналды. *Төртқұлақ, қосмүйіз* деп аталған ол оюлар кілемдер мен тұскиіздерге, сырмақтар мен текеметтерге, қоржындарға осы күнге дейін көбіне кіндік өрнек ретінде салынады (*Маргулан, 1986; Қасиманов, 1995; Муқанов, 1981; Өмірбекова, 2004: 82-100 б.*). Сондай-ақ ортасында қиғаш квадрат бейнесі бар шармықты қаусырған сегізбұрыш (Ботай үйлерінің пішіні) қазақтың кілем оюларында да сақталып қалды (*Маргулан, 1986: 152-153 б.; Жәнібеков, 1995: 68-69 б.*).

Ботайдан кейінгі арғы түркілер

Еуразия даласында ж. с. д. III мыңжылдықтың соңында туындаған қуандану үдерісінің күшеюі *ботай* мәдениетінің тіршілік салтына кері әсерін тигізді. Каспийдің кезекті тартылуына (*Избербаш регрессиясы*) соқтырған осы экологиялық дағдарыс кезінде, барлық далалық өңірдегі сияқты көлдердің суы қашуы салдарынан балық аулау мөлшері төмендеді. Өрістердің жұтаң тартуынан түз аңдары кеміді. Қоректік мақұлықтардың азаюы – өз-өзінен қолдағы жылқыларды тамаққа пайдалану көлемін арттырды. Соған дейінгі кезеңдерде өндіруші шаруашылық жүйесі нәтижелі жүргеннің арқасында саны өскен жұрт үшін бұл үйлеспеушіліктің әсері көп ұзамай-ақ біліне бастаған. Қылқұйрықтардың қатары күрт кеміп, адам саны мен тамақ мөлшері арасындағы табиғи тепе-теңдік бұзылған. Жылқышы жұрттардың экологиялық кеңістігінде қалыптасқан бұл ахуал олардың басы артық топтарын өздері қоныстанған аймаққа ұқсас басқа өңірлерге көшуге мәжбүр еткен. Олар дәстүрлі өмір салттарын сақтау мақсатын көздеп, Есілді бойлай теріскейге, Жайық пен Тобыл арасына, Сарыарқаға, Шығыс Қазақстанға, Алтайға, одан әрі Ішкі Азия жәзираларына қарай көші-қон бағыттарын жасады. Ол үдеріс іздерін осы аумақтардағы қоныстар мен тұрақтардан табылған ботайлық жәдігерліктерге жақын артефактілер де растайды (*Зайберт, 1993: 168-175 б.*).

Қоныс пен өріске талас күшейген сол замандарда қару-жарағы мол жұрттардың меселі басқалардан үстем болатыны байқалды. Сондықтан да далалық тайпалар кен көздеріне

жақынырақ орналасуға, оған иелік етуге ұмтылды. Ботайдан Оңтүстік Оралтау бағытына беттеген жылқышылардың бір толқынының ж. с. д. III мыңжылдықтың соңында Тобыл мен Жайық арасындағы мыс, мырыш, қалайы кендері шоғырланған Сынтасты өзені бойы, Арқайым (Арқайын) төңірегіне тұяқ ілкітіруінің де бір себебі осында еді. Олар бір дәуірлерде мезолиттік *жангел*, неолиттік, энеолиттік *шортанды* мәдениеттерінің аясына енген осы өңірлерге Терсек, Ботай керамикасына тән айқын геометриялық өрнек үлгілерін жеткізе (*Денисов, 2000: 36 б.; Матвеев, 1998: 345 б.; Зданович, 2002: У*), яғни жергілікті автохтон жұрттармен, кейінгі көнешұңқырлық *полтавка* тайпаларымен бірлесе отырып, *сынтасты-арқайым* мәдениетінің іргесін қалауға атсалысты. Сондай-ақ Батыс, Солтүстік, Орталық Қазақстан аймағын қамтыған *петров* мәдениетінің түзілуіне әсер-ықпалын тигізді.

Көнешұңқыр мен ботай мәдениеттерінің Киелі табиғатқа, Күнге, Көк аспанға, Төңіріге табыну наным-сенімін ұстанған жұрттарына тән өнер туындысына саятын жәдігердің бірі – 1977 жылы Қостанай қаласының іргесіндегі, Тобыл өзенінің жағасынан кездейсоқ табылған шағын тас мүсін. Тастан қашалған тұрқы 30 сантиметр, салмағы 4 килә мүсінді ежелгі шеберлер Көк аспанға қарап, жалбарынып отырған адам түрінде бейнелеген. «Тобыл ойшылы» деп аталған ғажайып өнер туындысын Арқайымды ашушы археолог Г.Зданович энеолит-қола дәуіріне жататын жәдігер деп тапты. Қазақ жерін бұдан 5 мың жылдай бұрын мекен еткен ежелгі жұрттардың төл қазынасы болып табылатын осы жәдігердің аса құндылығын аңғарған Г.Зданович оны Арқайым тарихи-археологиялық қорығының басты рәмізіне айналдыруға да күш салған еді. Соның нәтижесінде бүгіндері түпнұсқасы Қазақстанда тұрғанымен, оның әртүрлі көлемдегі шағын көшірмелері Арқайымда мүсінше, сурет түрінде кеңінен тарап, олар сол қорыққа келушілердің жаппай сатып алатын ең қалаулы кәдесыйларына айналып кеткенін де айтуға тиіспіз.

Ғылыми айналысқа кейінгі онжылдықтарда ғана енгізілген *сынтасты-арқайым-петров* мәдениеттерінен кейін ғана *андрон* тарихи-мәдени қауымдастығының кезеңі басталады. Қазіргі уақытта оның бұрындары жеке кезеңдер ретінде саналған *алакөл, федоров* түрлерін дербес мәдениеттер ретінде санау қалыптасып

отыр. *Алакөл* мәдениеті Жайық өңірі, Батыс және Солтүстік Қазақстанды қамтыса, *федоров* мәдениетінің ескерткіштері Орталық және Шығыс Қазақстан аумағына тарап, Батыс Сібірдің орманды-далалық тайпаларына тән болды. Екеуі де *көнешұңқыр-ботай-сынтасты-арқайым-петров* ізбасарлары ретінде қабылданады. Қос мәдениеттің кей аймақтарда бір-біріне сұғына араласып, қатар қоныстанып жатуының да бір сыры содан. Федоров мәдениетінің тұсында оған қатысты өңірлерде өлікті өртеу ғұрпы кең тарала бастапты. Археологтар бұл жора федоровтықтарға – Өб өзені алабындағы абыздары мен көсемдерінің денелерін жандары о дүниеге тезірек барсын деп өртейтін арғы угорлық *самусь* мәдениетінен ауысты дегенге ден қояды (Денисов, 1977: 77-80, 87-88 б.). *Бұл ретте де мәйітті өртеу жорасының үнемі айтылып жүргендей, үндіеуропалықтарға еш қатысы жоқ, осы Орталық Азия аумағында туындаған төл дәстүр, жергілікті алтай-оралдық жұрттардың Күнге, Отқа табынуынан өрбіген автохтон құбылыс екені аңғарылады.*

Орталық Қазақстандағы *Нұра* кезеңінің (ж. с. д. 16-13 ғ.) ескерткіштерінде Федоров мәдениетінің белгілері молынан көрініс береді екен. Нұралықтардың қыш ыдыс өрнектері арасында біз әлгінде сөз еткен төрт жапырақшадан түзілген белгілер, *қас* таңбалардың (свастика) көптеп кездесуі, бір жағынан, Ботай заманында байқалған От пен Күн тәңірілерінің ең көне рәмізін қаперге салады. Олай болса, біраз зерттеушілердің андрондық федоров мәдениетін де, оның *Нұра* нұсқасын да, Қазақстан аумағында дүниеге келген төлтума мәдениет деп санауының ақиқаттығы тағы құнттала түседі (ҰЭ, 2005: 7 т. 84-85 б.). Оған қоса тізелері бүгілген *көнешұңқырлық, афанасьевтік* жерлеу жораларының іздері *Нұра* кезеңінің соңғы жағына жататын Айшырақ, кейінгі қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениетіне тән Саңғыру қорымдарынан (ж. с. д. 11 ғ.) кездесіпті (Маргулан, 1979: 26, 135 б.). Осы Саңғыру керамикасы мен әшекей заттарының өрнегі қазақ халқының кілем, тұскиіздеріне салынатын геометриялық оюларына да өте ұқсайды (ҰЭ, 2005: 7 т. 549-550 б.).

Бұл дәйектердің өзі де түп-төркіні арғы түркітік мәдениеттерден тарқатылатын дәстүрлердің қилы-қилы

замандарды бастан өткере, әртүрлі қауымдардың әсер-ықпалына ұшырай жүрсе де, сол ілкі төл белгілердің Ұлы Даланың бар тұсына жайылғанын, шиырлы сілемдерінің үзілмей келіп, көшпелілік үрдісті мығым ұстанған киіз туырлықты жұрттарға дейін ұласқанын көрсетеді. *Көнешұңқыр* мен *ботай* мәдениеттерінің дала төсінде қалыптастырған тіршілік салттарын, олардан кейінгі *сынтасты-петров, андрон, бегазы-дәндібай* үрдістері арқылы, *сақ, ғұн, түрк, дешти-қыпшақ* тайпалары әрі қарай ұластырып әкетті...

Яки, палеолит, мезолит замандарынан бергі *этнотектік, тілдік* (түпкі түркітер мен үндістердің генетикалық жақындығы, шығыс ностра аясы), *археологиялық* (Балқантау-Жейтун мәдениеттерінің ортақ әсер-ықпалы, жерлеу жоралары, қыш ыдыстар, наным-сенімдер, тұрғын-жай түзілімдері ж. т. б.) жағынан ұқсас тұстарды ғылымның кейінгі жетістіктерін назарға ұстай отырып қаузаған ұмтылысымыздың піскен түйіні – *көнешұңқыр және ботай мәдениеттерінің иелері алтайлық, арғытүрктік сипаттары мол орталықазиялық автохтон қауымдар еді дегенге саяды*. Біз де әңгімеміздің әлқиссасынан бастап, осы ақиқатты дәлелдеуге, дәйектеуге тырыстық, *Көнешұңқырлық, ботайлық дәстүрлер түзіліміндегі төлтума ерекшеліктерді, археологиялық еңбектерде азды-кем түрде болса да суыртпақталып айтылып жүрген пікірлерді қайта зерделеуден өткіздік*. Ол мәдениеттердің қалтарыстау қалған тұстарына көңіл жіберу арқылы жаңа пайымдаулар жасағандай, олардың арғытүрктік сілемдерін аңғарғандай қалдеміз.

Егер бұл ізденісіміздің бағыты дұрыс деп табылса, сол мәдениеттерден кейін қазақ жерінде және оған қапталдас өңірлерде өркен жайған *сынтасты-арқайым* мәдениетінен серпін алған *андрон, бегазы-дәндібай, сақ (скиф)* қауымдастықтары да *арғы түркітерге* бөтен болмай шығады. Өйткені *көнешұңқырдың* да, *ботайдың* да әлі күнге дейін ежелгі түрк жұрттарына қатыстылығының толық мойындалмауы себепті, одан кейінгі мәдениеттердің бәрі шылғи *үндішрандық* деп танылумен келеді. Еуроцентршіл ғылым *көнешұңқырды* да таза үндіеуропалық мәдениет деп сипаттайды. Ол бағытты ұстанатын зерттеушілер енді ғана ашылып жатқан *ботай* мәдениетін көп біле қоймайды, білгендерінің өзі де оны сол *үндіеуропалық* аяға бейім, яки

болмаса, оралдық *фин-угор* жұрттарына тән мәдениет ретінде ұғындырады. Арғытүрк тегіне жолатылмайды.

Ұлы Далада одан ертерек мәлім болған *көнешұңқыр* мәдениеті түзілімдерінде көрініс тапқан арғы түрктік белгілерді өз кезінде мойынсұндыра дәлелдеудің еш мүмкіндігі болмай келгені белгілі. *Көнешұңқыр мәдениетінің түрк сипаттылығы* туралы әңгімелерді осыдан оншақты жылдай бұрын қарашай-балқардың көзі қарақты ғалымдары И. Мизиев пен К. Лайпановтар көтергенімен (*Лайпанов, Мизиев, 1993; Мизиев, 1986; 1990*), олардың пікірі мәскеулік ғалымдар тарапынан қолдау таба қойған жоқ. Әйгілі археолог, көнешұңқыр мәдениетінің ірі зерттеушісі Н. Мерперт, ол түздік үрдістің ілкі дәстүрлері Шығыс Каспий, Балқантау аймағынан өрбігенін тап басқанымен, оның шын этникалық нышандарын терең қаузауға бара қоймады (*Мерперт, 1974, 1977, 1982*). Кейінгі жылдары молдовалық белгілі археолог В. А. Дергачев көнешұңқырлықтардың шығыстан батысқа қарай лықсыған далалық қауымдар екендігін жаңа археологиялық дәйектермен зерделеді (*Дергачев, 1999*). Алайда ол да арғы этникалық нышандарға қатысты сөзді ашып айтпады.

Ал «бәрі өзіміздікі» деуге бейім еуроцентршіл тарих өкілдері болса, Қазақстанның батысы мен орталығында, Каспий мен Қара теңіздің теріскейінде өркен жайған *көнешұңқыр* мәдениетін көп қиналмай-ақ үндіеуропалық жұрттарға басыбайлы теліп, соларға тән үрдіс ретінде қабылдағанды мақұл көреді (*История Европы, 1988: 97 б.; Кляшторный, 2004: 16-22 б.*). *Әлбетте, бұл орайда да көнешұңқыр мен ботай мәдениеттері өкілдерінің еуропеоид кескінді болуы – оларды алтай жұрттары ретінде тануға бөгет жасайтын бір себеп ыңғайында көлденең тартылған еді.*

Осы ретте қазақ антропологтарының кейінгі жылдардағы зерттеулерінде де *андрондық* этномәдени келбет Қазақстан аймағында палеолит, неолит замандарынан көрініс беріп келе жатқан протоеуропеоидтік, еуропеоидтік кейіптің заңды жалғасы ретінде таныла бастағанын қаперге алған ләзім. Яки, Қазақстан аумағындағы еуропалық келбет әу бастан автохтонды құбылыс болған және бұл нәсілдің аса маңызды тектік белгілері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған. Бұл еуропеоидтік белгілерге ж. с. д.

ҮШ-Ш ғасырлардағы ерте темір дәуірінен бастап Ішкі Азиядан жеткен моңғолоидтық нышандар араласып, кейіннен ол басым сипатқа айналған. Дегенмен ертедегі еуропеоидтік, одан бергі андроновтық кейіптің кей морфологиялық ерекшеліктері сол өңірдің тұрғылықты жұрты, бүгінгі қазақтардың бет-әлпетінде сақталып қалды. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстанның краниологиялық (бас сүйек) серияларын зерттеу қорытындылары да қазіргі қазақтарға тән тектік келбет екі үлкен нәсілдің – автохтондық еуропеоид және сырттан келген моңғолоидтық нәсілдердің жергілікті жерде және ұзақ уақыт бойы өзара ықпалдасу негізінде біржола қалыптасқанын айқындап отыр (Исмағұлов, 1998: 264-287 б.; Исмағұлов, 1993: 18-34 б.).

Дегенмен қатып қалған қағиданы бұзу қиынның қиыны. Андрон мәдениетінің қауымдарын тек үндіран жұрттарының тап өзі деп танудан талмай келе жатқандар әлі де жеткілікті. Андрон қауымдастығының иелері – еуропеоид кескінді, демек, оларды түрк тектілерге қосуға болмайды дейтін бірмойын пікірлерден қайта алмай жүрген зертеушілердің қатарынан біз, Орталық Азияның, сақтар, ғұндар мен көне түркілердің ежелгі тарихын жазуға белсене араласқан белгілі түрктанушы С. Г. Кляшторныйды да ұшырастырар едік (*Кляшторный*,.. 2004: 5-182 б.).

Ғылымның кейінгі жетістіктерін елең қылмай, әуелден қалыптасып қалған таптаурын тұжырымдардан кеткісі келмейтіндердің бұл тіресулерінің мәнісі әріде. Өйткені *андрондықтарды үндіран тілді арилер ретінде ғана қабылдау, Ұлы Далада олардан кейінгі дәуірлерде ғұмыр кешкен сақ-скиф тайпаларын да үндірандық деп тиянақтаудың тура жолы*. Ол күллі еуразиялық өңірлердегі өркениеттерді жасауға үндіеуропалық жұрттар араласқан еді, деген еуроцентршіл тұжырымдардың мызғымауына септесетін басты уәждердің қатарында. Сол пікірдегілердің *көнешұңқыр* мәдениетінде қаншама алтайлық, арғытүркілік нышандар ұшырасса да, оны елең қылмай, ілкі үндіеуропалық негіздерге күштеп тарта беретінінің де басты кілтпаны. Себебі, *көнешұңқырлықтардың түп орталықазиялық бітім-болмысы мойындалса, онда одан кейінгі сынтасты, андрон (кей реттерде катакомба мен қима) мәдениеттерінің де алтайлық, арғытүркілік сипаттарын тану*

қажет болады. Сондықтан да ол ғалымдар еуразиялық далалық кеңістікте қалыптасқан *түздік тіршілік салттары, жылқыны тұңғыш қолға үйрету, арбаның шығуы, алтай-оралдықтарға тән космологиялық түсініктер, жергілікті жұрттардың ежелгі наным-сенімдерінен туындаған мифологиялық сарындар, бәрі-бәрін үндіеуропалық жұрттарға ғана тиесілі деп айтыла бергенін мақұл көреді.* Бұл ұстанымды әсіресе осы тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерді оқыған кезде айқын сезінесіз. Оларда нақ бір батыстан сол көші-қон толқындары жеткенше, бұл өңірлерде тіршілік мүлдем тоқтап тұрғандай боп сипатталар еді.

Ал мәселенің ақиқатына жүгінер болсақ, ілкі андрондық *сынтасты-арқайым, петров,* одан соң *алакөл, федоров* мәдениеттерінің іргесін қалауға белсене атсалысқандар, ең алдымен түбі *орталықазиялық, арғытүрктік, арғыугорлық* жұрттар болатын. Олардың қатарына ж. с. д. II мыңжылдық қарсаңында ғана Қарпат тауы жағынан қазіргі қазақ жеріне үндіиран қауымдарымен (арилермен) бірге жеткен әсерлер кейінірек қосылған. Арилермен жеткен ол азды-кем ықпалдардың өзі де – түбі алтайлық *көнешұңқыр* мәдениетінің Днепр-Днестр алаптарында қалыптасқан далалық дәстүрлерін бойларына сіңіру арқылы, Карпат, Триполье-Кукутень аймақтарындағы отырықшылыққа бейім әуелгі тіршіліктерінен қол үзіңкіреген, одан гөрі түздік өмір сипаты басымдау импульстерге саяр еді. Үндіирандықтар да көнешұңқырлықтар мен ботайлықтар секілді дала салтына көшкен, жылқы бағып, арба жегетін, қой, сиыр түліктерін өсіруге ауысқан жұрттар болатын. Сиырдың өзі де осы өңірдегі энеолиттік *шортанды* кезеңінен қолда ұсталып келе жатқан мал ретінде белгілі (*Молодин, 1996: Суртанды*).

Атап өтуге тұратын бір ерекшелік, *сынтасты, арқайым, андрон* қауымдастықтары өздерінің алдындағы арғытүрктік ізашарлары секілді шошқа өсірумен айналыспапты. Ал олармен батысқа қарай іргелесе жатқан *қима* мәдениетінің өкілдері талпақ танауды негізгі түліктерінің бірі ретінде ұстапты. Осы жерде андрондықтар мен қималықтар арасына ойдым-ойдым сұғына кіріп, араласа ғұмыр кешкен арғы фин-угорлық *шерқаскөл* мәдениеті қауымдарының шошқа өсіруге мән бергені де көңіл аудартар еді (*Членова, 1984: 98 б.; Кузьмина, 1981: 106 б.; Зданович, 2002: IY*). Бұл угорлардың да шошқаға кет әрі

болмағанын көрсетеді. Сондықтан да бұл ретте *сынтасты, петров, андрондық қауымдарды* басқа емес, нақ алтайлық, ілкі түрктік сипаттары басымдау жұрттар дегеніміз ақиқатқа одан әрі жақындай түсер еді. Ол арғы-бергі түрк қауымдастықтарының шошқа өсірмейтіндігінің әуелгі жөн-жобасы – сонау *көнешұңқыр-ботай* заманынан сабақтасып келе жатқан үрдіс екенін аңғартады.

Ал ғалымдардың қола дәуіріндегі *қима* мен *андрон* мәдениеттерінің тектік жағынан ұқсас тұстарын аңғарып, олар (немесе бір бөлігі ғана) үндіран тілдерінде сөйлеген болуы мүмкін (*Кузьмина, 1981: 105 б.*) деп топшылағанымен, *басқа қай тілдердің қолданыста болғанын дәл нақтылап беретін байыптауларға бара алмай жатуының себебі – біреу-ақ.* Ол – екі мәдениеттің де қалыптасуына әсер-ықпалы тиген энеолиттік *көнешұңқыр, ботай* мәдениеттерінің алтайлық, арғы түрктік, арғы оралдық түзіліміне жете мән берілмей отырылуында деп білеміз. Еуразиялық Дала тайпаларының палеолит, мезолиттен басталған этногенездік бітіміндегі арғытүрктік сипаттарға ден қойылғанда ғана, осы алып кеңістіктегі ілгеріден жалғасқан мәдениеттер мен дәстүрлер сабақтастығының жүйелі жөн-жобасы нақтыланады, күмәнді тұстары кемиді. Арғы түрктерден арилерге көшкен, немесе керісінше жұғысты болған ауыс-түйістер мен ортақ үрдістердің мәнісі ашылады. Бір замандарда дала төсінде орын алған этностық сапырылыстардың, ықпалдастық байланыстардың шиырлы іздері анықталады...

...Академик Ә. Марғұланның өз зерттеулерінде қола дәуіріне жататын мұра ретінде орнықтырып кеткен археологиялық мәдениет – *Нұра кезеңі* деп аталады. Алғашқы жәдігерліктері Нұра өзені алаптарында табылуына орай, осылай атау алған ол ескерткіштердің ең көп шоғырланған жері – Орталық Қазақстан аймағы. Сондай-ақ Шығыс Қазақстанда да кездеседі. Қазақстан археологтарының кейінгі жылдардағы зерттеулері нәтижесінде ол – андрондық *федоров* мәдениетінің қазақстандық баламасы ретінде танылып отыр (*ҰӘ, 2005: 7 т. 84-85 б.*).. Еуразия даласына бейімделген соңғы радиокөміртегілік әдіспен мерзімделетін жаңа археологиялық кезеңдеуге сайсақ, ол ж. с. д. ХҮІІІ-ХҮ ғасырларға сәйкес келер еді. Нұра ескерткіштерінде мәйітті өртеп жерлеу, отқа табыну үрдісі, тас тақталардан

кұралған қоршауы бар обалар тұрғызу, қыш ыдыс өрнектерінде От пен Күн тәңірінің рәмізі – *қас* (свастика) таңбасын салу байқалыпты. Metallургия кеңінен өрістеп, тері, ағаш, сүйек өңдеу, қыш ыдыс жасау жақсы дамыпты. Отандық археологтар арасында бұл мәдениет нұсқасын Қазақстанның өз аумағында туындап өрбіген төлтума дәстүр ретінде тану жағы басым (*сонда*).

Нұра ескерткіштерінің үрдістері содан кейінгі ғасырларда Орталық Қазақстандағы алакөлдік сипаттары аралас *атау* кезеңі мен соңғы қола дәуіріне жататын әйгілі *бегазы-дәндібай* мәдениетіне ұласты (*ҚТ, 1996; 101-156*). Академик Марғұлан олардың археологиялық бітімдерін сараптай келе, кен үгіп, мыс балқытқан, қоладан бұйым құйған, егін егіп, мал баққан, табиғат күштеріне (күн, от, су, т.б.) табынған бұл мәдениеттерді жасаған жұрттардың сырттан ауып келмегенін, олардың өрістеп дамуының түп-төркіні осы аймақтардағы төл үрдістерден туындағанын атап өткен болатын (*Марғұлан, 1979: 373 б.*).

Ұлы даланы әлденеше ғасырлар бойы қатар жайлаған арғы түркілер мен үндірандықтардың түздік ортаға бейімделген тіршілік-салттарының ұқсастығы – ол жұрттар туралы зерттеулерде біржақты көзқарастардың туындауына да себепкер болды. Арилер қазіргі Иран жеріне жетіп, ежелгі өркениет орталықтарына орныққаннан кейін ғана, көне парсы сына жазуларына түсе бастаған мәліметтер, әуелгі негізі далалық өмір салтынан өрбіген дәстүрлер туралы деректер, кейінгі еуроцентршіл ғылымның қолпаштауымен тек үндіран жұрттарына телінетін дағдыға мәжбүрленді.

Соның нәтижесінде, *байырғы атамекендерінде мызғымай қалып қойған арғы түркітерге қатысы бар археологиялық дәйектер мен ежелгі эпсаналар сарыны, тіршілік салты, жылқыны алғаш бас білдіру, өнердегі хайуанаттық нақыш, түз жұрттарына тән наным-сенімдердің бәрін, ерте кезеңдерде хатқа тіркеліп үлгерілген үндірандық мысалдар тарапынан түсіндіру, тек сол қауымдар мұрасы ретінде қарау бұлжымас қағидаға айналды*. Арилер қоныс аударғаннан кейін де, осы еуразиялық кеңістікте дәл бұрынғы мыңжылдықтардағыдай өмір сүруді әрі қарай жалғастырып жатқан егінші, малшы, түздік жұрттардың бәрі үндіран тілдерінде сөйлеген боп шықты.

Қазіргі қазақ жері мен оған іргелес Батыс Сібір аймақтарына үндірандықтар келмей тұрып-ақ бүршік жарған, бітім-түзілімінде жергілікті *көнешұңқыр, ботай*, Орталық Азияның оңтүстігінде ж. с. д. ҮІІ-ІІІ мыңжылдықтарда өркен жайған арғытүрктік *жейтун, келтеминар, анау, намазғы* мәдениеттерімен үндестігі айқын байқалатын *сынтасты-петров, андрондық алакөл-федоров, андрон* мәдениеттері де арилерге тән үрдіс ретінде тұрақтандырылды.

Осы екпінмен *көнешұңқыр-арғы түрк* қауымдарының Ұлы Даладағы тікелей ізбасарлары – *қамар (кимер), сақ-скиф* жұрттары, ешқандай нақты тілдік мәліметтер қалмаса да, ирантілді, ирантектілер қатарында саналатын болды. Мұндайда олардың түрк халықтарының арасында осы күнге дейін сақталып отырған этнографиялық белгілері: *ою-өрнек, киім үлгілері, ат әбзелдері, марқұмдарын қастерлеуі, бастарына биік оба көтеруі, киіз үй тігу, жылқы өсіру, қымыз баптау..* сияқты көптеген ұқсас ерекшеліктеріне аса мән аударыла да бермеді. “Ол замандарда арилер де сондай өмір салтын ұстанған” дейтін түйіні бастау байлам жасалынды. *Түбі арғы алтайлықтардан бастау алып, қазір де түрк жұрттарында ұшырасатын зұрып-салттар арилерден ауысқан әсер-ықпалдарға баланды...*

Ал расында ол ауыс-түйістерді керісінше, *арғы түрктерден арилерге көшкен деп байыптау ақиқатқа шамалы жуықтар еді.*

Осы орайда орыстың белгілі археологы Б. Литвинскийдің Орталық Азияның оңтүстігіне қоныс аударған арилерді – *қима* және *батыс андрондық* тайпалар деп танығанын назарға алуға болады. Зерттеуші арилердің Қара теңіз бен Кавказдың теріскейіндегі далалық аймақтармен жылжи отырып, Каспийдің шығыс жағы арқылы күнгейге өткен топтары жергілікті жұрттарға сіңісіп, оның мәдениетін қабылдағанын айтады. Олар экстралингвистикалық жағдаяттарға байланысты осы өңірлерге *ари* тілін қолданысқа енгізіп, сол арқылы жаңа ортаға Ұлы далада қалыптасқан идеологияның ортақ сарындарын, кей ғұрып-дәстүрлерін орнықтырған еді дейді (*Литвинский, 1981: 154-165 б.*).

Бұл пікір де біз сөз етіп отырған түпкі үндіран жұрттары батыс беттен жылжи-жылжи Еділ мен Ертіс арасындағы арғы түрктер ортасына жеткеннен кейін, олармен араласу-құраласу

үдерістерін бастан кешті, өзара ықпалдасты, біраз үрдістерді өздеріне жұғысты етті, одан кейін ғана Орталық Азияның күнгейіне бет түзеді деген ойымызды нақтылай түсер еді.

...Қазақ жерінің теріскейдегі өңірлерінен оңтүстіктегі, кейінгі үндіран қоныстарына дейін ұзақ ғасырларға созылып, толқын-толқын боп жалғасқан құлашы кең көші-қон үдерістері барысында (*Бонгард-Левин, Грантовский, 1983*), арғы түркілер мен арилердің ортақ түздік өмір салттары ғана емес, тілдерінің де көп әсер-ықпалдарға ұшырағаны анық. Бұл ретте үнемі ауызша айтылып келген «Авестаның» әуелде *арғы түрк тілінде дүниеге келуі мүмкін нұсқасын* үндірандық қауымдардың да түсіне алғандығын жоққа шығаруға болмайды. Себебі, сынтасты-арқайым, андрон мәдениеттері аясындағы жұрттардың негізінен қос тіл білгендігі, *билингвизмі* зерттеушілер тарапынан мойындалған ақиқаттар қатарына жатады (*Массон, 1999: ч. 2; Кузьмина, 2000: 8-9 б.*).

Әрине, еуроцентршіл түсінік әбден қалыптап тастаған біржақты қағидаларға бой ұсынатын археологтар, ол қос тілді – үндіеуропалық *ари* және оралдық *фин-угор* тілдері ретінде ғана байыптайды. Сол дағдыға сәйкес күнгей жақ беттерде фин-угордың орнын *дравид* тілі алмастырар еді.

Ал ғылымның кейінгі жаңа көзқарастарға сүйенген жетістіктеріне сайсақ, оның *бірін* және *негізгісін* – Орталық Азия аумағында әуелден кең қолданысқа ие болған төл алтайлық *арғы түрк тілі* деп тану әлдеқайда нанымдылау көрінер еді. Бұл ретте теріскей өңірлерде кей тұстарда арғы түрк – фин-угор, арғы түрк – үндіран, үндіран – фин-угор; күнгейде арғы түрк – дравид, арғы түрк – ари, дравид – ари билингвизмі де қатар қаралуы мүмкін.

* * *

“Ари” демекші, осы сөздің де түп-төркінінен алтайлық сарындардың ізін аңдауға болады. Ғылымда *ари* – түпкі үндіран тілдерінде сөйлейтін тайпаларды білдіретін балама атау (ҰЭ. 1988: т. I. 432 б.), ол сөзден әдетте Ариана (арилер елі), Эран, Иран атаулары пайда болған деп түсіндіріледі (*ИБ. 2000: 264 б.*). Дегенмен, Иран ғалымдарының *ари* сөзінің түбірі *ер*, еркін (тәуелсіз) деген мағынадан туындайтынын да айтатыны бар. Бұл

көне түрктік *-ар/ер* сөзінің мағынасынан да алшақ емес. Себебі, “адам (адамдар)” мағынасын білдіретін бұл морфологиялық түзілім көптеген түрк жұрттары мен тайпалары атауының құрамында кездеседі. Ол *суб-ар, хаз-ар, бұлғ-ар, аб-ар, маж-ар, қанг-ар, тат-ар, қаж-ар* ж. т. б. этнонимдерде “адамдар, жұрттар” деген мағынаға саятын жұрнақ ретінде қолданылады. Түрк тілдеріндегі *ер* (ер кісі) ұғымы да осыған сабақтас (Еремеев, 1970: 133-141 б.). “*Ер*”. “*ерен*” сөзі көне түрк заманында да дәл қазіргідей *ер* (ер кісі), *ер* (ержүрек), *ерен* (жауынгер) мағынасында қолданылады (ДТС. 1969: 175-176 б.).

Ғылымда осы көне түрктік *ар/ер* сөзінің түп-төркіні тікелей үндіирандық “ари” ұғымынан ауысуы мүмкін дейтін пікірлер де ұшырасқанымен (Еремеев, 1990: 129-135 б.), Кіндік Азия аумағы мен оған жапсарлас өңірлерге үндіеуропалық тілдер жеткенге дейін ғұмыр кешкен шумер тілінің өзінде “*ерен*” (ер, жауынгер) сөзінің кездесетінін еске алсақ, бұл ұғымның алтайлық негізіне шүбәмен қарау, өз-өзінен маңызын жоғалтады.

Демек, бұл тұрғыдан алғанда да Ұлы Даладан Иран мен Үндістан жеріне қарай үздік-создық өткен қоныс аударушы *арилердің* (ерлердің) арғытүрктік ортаның да перзенттері екенін, сол байырғы түздіктердің тілдік мысалдарын ала кеткенін байыптағандай боламыз. Сондай-ақ, оңтүстікке беттеген толқын-толқын көші-қон үдерістері барысында *арилер* (ерлер) атауының жаһангер жұрттардың *ордалық қанатын* (*ишғұздар* сияқты) құраған билеуші жауынгер тайпаларға қойылу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды. Осы орайда Ариана (арилер елі) топонимінің Арсақ (Аршак) әулеті билеген Парфия заманынан (ж. с. д. 250 жылдан) бастап қана пайда болғанына назар аударуға болады. Ал сақтардың ірі *дай* (даһа) бірлестігіне кіретін *анарн* (пард, парн) тайпасының көсемі, дала көкжалы Арсақтан тарайтын патша әулетінің түрктік тегі – соңғы кездерде иланымды уәжге айнала бастаған ақиқаттар қатарына жатады (Закиев, 2002: 53, 92 б.). Арсақ есімінің “*ер*”, “*ержүрек*” мағынасынан туындайтынын кезінде әйгілі ғалым Р. Фрай да атап өткен (Фрай, 1972: 245 б.).

* * *

Кейінгі жылдарда әртүрлі ғылыми орталықтарда жүргізілген зерттеулердегі түпкі және арғы түрк тарихына қатысты этнотектік, археологиялық және генетикалық жаңалықтарға орайластыра қозғаған байыптауларымыздың бір парасы осындай.

Бағзы түрк тілдерінің ж. с. д. II мыңжылдықтан бергі дамуы, біз ұсынған кезеңдеуге салсақ, *түрк-сақтар мен түрк-хұндар* дәуіріне ұласады.

Еуроцентршіл ғалымдар осы *сақ-скифтерді* де түгелдей иран тілді болды деп қалыптауға бейіл боп келді. Алайда соңғы онжылдықтардағы жаңа ғылыми дәйектер бұл тұжырымның түбінде шикілік бар екенін нақталай бастады. Жаңа көзқарасты ұстанған зерттеушілер сақ-скиф заманына қатысты дереккөздерге түскен адам есімдері, топонимдер мен этнонимдер бойынан көне парсы мен осетин тілі арқылы ғана түсіндіруге болатын ұғымдарды біржақты теріп, “Скиф сөздерінің сөздігін” жасаған ирантанушы В. Абаевтың еңбегіне (*Абаев, М., 1979: 276-322 б.*) сын көзбен қарайды. Жүйесіз, көптеген семантикалық сәйкессіздікке ұрынған жұмыс ретінде бағалайды. Сақ-скифтер тілінде соның алдындағы *ари* кезеңінен қалған тілдік нышандар кездесуі мүмкін, бірақ ол барлық сақ жұртары көне ирандықтар тілінде сөйледі дегенді білдірмесе керек, дегенге ден қояды. Сол скиф сөздігі делінген еңбектегі лексикалық мысалдардың көбін түрк тілі арқылы да ұғындыруға болатынын айтады (*Закиев, 1995:18-24 б.; Лайпанов, Мизиев, 1993: 67-86 б.; Гейбуллаев, 1991: 82-101, 274-316 б.; Мусаев, 2004: 10-22 б.*).

Бұл тұжырымдармен сақ-скифтердің археологиялық мәдениетінің сом-сом күйінде түрк-моңғол халықтарында ұзағынан тұрақтап, сақталып қалғанын саралау арқылы, сақтарды жаппай иран тілді болды деу жөн еместігін дәйектеген Л. Ельницкийдің пікірі де үйлеседі (*Ельницкий, 1977: 241-244 б.*).

Сақ-скиф (түрк-сақ) тайпаларының түп-тегі, мәдениетінің түрктік параллелдері, тілі, ғұрып-салттары, этнографиялық, археологиялық сипаттары, кейінгі даусыз түрк дәуірлеріне дейін ұласқан сабақтастығы туралы әңгіме ауқымы тым-тым кең. Ол арнайы түрде кеңінен тоқталуды қажет ететін байтақ тақырып (*ҚТ, 1996: 158-244 б.*).

Сондықтан да, арғы түркілердің Батыс аймағына қатысты ең ежелгі дәуірлерден бастау алатын этногенездік даму кезеңдерін ғылыми айналыста бар деректерге сүйене отырып қаузаған байыптауымыздың тізгінін осы жерден ірке тұрғанды мақұл көріп отырмыз.

Өйткені бұдан кейінгі дәуірлерде арғы түркілердің Батыс аймағының түркілік бітім-болмысына көп күдік келтірілмейді. *Хұн (сиуңну) заманынан* басталған жорықтардан кейінгі Кіндік Азия аумағының, Алтай-Балқан аралығының түркілік түзілімі еуроцентршіл ғылым өкілдерінің өзі де көптен мойындаған ақиқатқа саяды.

Ал Алтай мен Еренқабырға ендігінің шығысындағы *Ішкі Азия* жәзіралары әуелден-ақ күмәнсіз бағзы түркілік ұйық жұрт болатын. Ол өңірлер ж. с. д. I мыңжылдықтан ежелгі түркілердің *екінші атамекеніне* айнала бастады.

Сол атақоныстың қақ төрінде кейіннен «Тәңірі текті қағандардың қасиетті таққа отыруынан», «Батыс пен Шығыс аймақты, төрт тарапты түгел қамтыған», «аз халықты мол қылған, шығай халықты бай қылған», бітіктастар бетіне құдіретті поэзияға толы жыр жолдарын түсірген *Ұлы түрк қағанаттарының* құдіретті өркениеті дәуірледі.

Талай мыңжылдықтар тезінен міні мен сынын бұзбай, тарих тұңғыығына жұтылмай, үнемі түрлену, құнарлану үстінде болған киелі түрк тілі содан бері де асқақ қалпынан бір тайған жоқ. Бүгінде ол Эгей теңізінен Лена өзені алабына дейін мекендеген түрк халықтарының ана тілі, 160 миллиондай адам сөйлейтін (*Зәкиев, 2002: 13-14 б.*) шүйгін тілге айналып отыр...

ДЕРЕККӨЗ ӘДЕБИЕТ

- Абай, 1945:* Абай. Шығармаларының толық жинағы. Алм., 1945.
- Абаев, 1979:* Абаев В.И. Словарь скифских слов // Основы иранского языкознания. Древнеиранские языки. М., 1979.
- Абрамова, 1984:* Абрамова З.А. Поздний палеолит Азиатской части СССР // Палеолит СССР. Археология СССР. М., 1984.
- Авдусин, 1977:* Авдусин Д.А. Археология СССР. М., 1977. // www.archeologia.ru/.
- Авеста, 1992:* Авеста. М., 1992.
- Аджи, 2004:* Аджи М. Тюрки и мир. М., 2004.
- Аджи, 2004/а/:* Аджи М. Европа, тюрки, Великая степь. М., 2004.
- Ажигали, 2001:* Ажигали С.Е. Очерк этнической истории аридной зоны Арало-Каспия (в свете проблем этногенеза) // История и культура Арало-Каспия. Алм., 2001: 8-10).
- Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972:* Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алм., 1972.
- Ақатаев, 1990:* Ақатаев С. Күн мен көлеңке. Алм., 1990.
- Ақышев, 1996:* Ақышев К. Қола дәуіріндегі Қазақстан тайпалары // Қазақстан тарихы. Алм., 1996.
- Алексеев, 1974:* Алексеев В.П. География человеческих рас, М., 1974.
- Алексеев, 1977:* Алексеев В.П. Восточный первичный очаг расообразования и расогенетические процессы в Восточной Азии // Ранняя этническая история народов Восточной Азии.. М., 1977.
- Алексеев, 1992:* Алексеев В.П. Антропологический очерк населения древнего и раннесредневекового Восточного Туркестана // Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. Этнос, языки, религия. М., 1992.
- Алпысбаев, 1972:* Алпысбаев Қ.А. Ольдувай мен Соан малтатас индустриясы және оның Қаратаудағы тас құралдарымен өзара қатысы // Поиски и раскопки в Казахстане. 1972.
- Алпысбаев, 1980:* Алпысбаев Қ.А. Тас дәуірі // Қазақ ССР тарихы. Алм., 1980.
- Аманжолов, 1996:* Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алм., 1996.
- Амирханов, 1975:* Амирханов Х.А. О соотношении чохской культуры и прикаспийских памятников Южного Туркменистана // У «Крупновские чтения». Ставрополь. 1975 // www.Nasledie.Ord/v3/rn/.
- Андреев, 1995:* Андреев И.А. Чувашский язык // Тюркские языки. М., 1996.

Антонова, 1977: Антонова Е.В. Сходство и различие антропоморфной пластики Южной Туркмении и Месопотамии в эпоху неолита // Средняя Азия в древности и средневековье. М., 1977.

Арибжанов, 1976: Арибжанов М. Некоторые лексические параллели в языке древних индейцев майя и тюркских языках // Вопросы тюркского языкознания. Казан. 1976.

Артамонов, 1974: Артамонов М.И. Киммерийцы и скифы. Л., 1974.

Арутюнов, 1989: Арутюнов С.А. Народы и культуры, М., 1989.

Аскарлов, 1975: Аскарлов А.А. Археологические материалы по истории земледелия в Узбекистане // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М., 1975.

Аскарлов, 1981: Аскарлов А.А. Южный Узбекистан во II тыс. д.н.э. // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности. М., 1981.

Асқаров, 2000. Асқаров А. Тарихимизнинг уч муамоси ва уларнинг ечими хақида янгича мулохазалар // Общественные науки в Узбекистане. Ташкент. 2000. №5.

Ахметов, 2003: Ахметов Э. Азия-Берингия-Америка немесе америкалық «үндістердін» азиялық тегі» Алм., 2003.

Әбдірахманов, 1979: Әбдірахманов А. Қазақстан этнопонимикасы. Алм., 1979.

Әбушәріп, 2004: Әбушәріп С. Афрасиаб (Алп Ер Тонга). Түркістан. 2004.

Байбатша, 1998: Байбатша Э. Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алм., 1998.

Баласағұни, 2004: Баласағұни Йүсіп, Құтадғу білік: Құт әкелген білім. Наманган нұсқасы. Баспаға дайындаған Э.Құрышжанұлы. Түркістан. 2004.

Балуева,.. 1988: Балуева Т.С., Веселовская Е.В., Лебединская Г.В., Пестряков А.П. Антропологические типы древнего населения на территории СССР. Сборник. М., 1988.

Баскаков, 1985: Баскаков Н.А. Тюркская лексика в «Слове о полку Игореве». М., 1985.

Баюн, 1988: Баюн Л.С. Древняя Европа и индоевропейская проблема // История Европы. М., 1988: т.1.

Бейсенбайұлы, 1994: Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. Алм., 1994.

Березкин,.. www: Березкин Ю.Е., Коротаев А.В., Давлетшин А.И., Халтурина Д.А., Григорьян К.Э. Саяно-америндский комплекс мифологических мотивов. <http://www.ruthenia.ru/folklore/korotaeb.17.htm>.

Бойс, 1988: Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычай, М., 1988.

- Бонгард-Левин, Грантовский, 1983:* Бонгард-Левин Г.М., Грантовский Э.А. От Скифии до Индии. М., 1983.
- БСЭ, 1954:* Большая советская энциклопедия. 1954: т.27.
- ВИ, 1956:* Всемирная история. Т.1. М., 1956.
- Вадецкая, 1982:* Вадецкая Э.Б. Сказы о древних курганах. Новосибирск. 1982.
- Варшавский, 1976:* Варшавский А.С. Колумбы каменного века. М., 1978.
- Васильев, 1977:* Васильев Л.С. Проблемы генезиса человека и его культуры в дояньшаоском Китае // Ранняя этническая история народов Восточной Азии. М., 1977.
- Васильев,.. 1979:* Васильев И.Б., Матвеева Г.И. Могильник у с. Съезжее на р. Самаре // СА. 1979. №4. 147-166.
- Васильев, 2000:* Васильев С.А. Проблема перехода от среднего к верхнему палеолиту в Сибири // Археологический вестник «Stratum plus». Время последних неандертальцев. 2000. №1. / www.stratum.ant.md/
- Васильев, 2001:* Васильев С.А. Сибирь и первые американцы // журнал «Природа». 2001. №8. / <http://vivooco.ns.ru/vv/Journal/nature/>.
- Васильев, 2004:* Васильев С.А. Берингия и проблема первоначального заселения человеком Америки // Российский фонд фундаментальных исследований / www.rfbr/deranlt/
- Вереш, 1998:* Вереш П.Т. К вопросу о приаральской прародине древнененгерского этноса // Приаралье в древности и средневековье. М., 1998.
- Виноградов, 2005:* Виноградов Н.Б. Археология Урала и Западной Сибири // К столетию со дня рождения В.Ф. Генинга. Сб. Науч. Тр. Екатеринбург. 2005. с. 129-134 / www.steppe.ru
- Галич, 1990:* Галич М. История доколумбовых цивилизаций. М., 1990.
- Гамкрелидзе, Иванов, 1988:* Гамкрелидзе Т.В., Иванов В.В. Индоевропейцы. О реконструкции индоевропейского праязыка и культуры // Наука и жизнь. 1988., №5.
- Гамкрелидзе, Иванов, 1989:* Гамкрелидзе Т.В., Иванов В.В. Первые индоевропейцы в истории: предки тохар в древней Передней Азии // ВДИ. 1989. №1.
- Гейбуллаев, 1991:* Гейбуллаев Г.А. К этногенезу азербайджанцев. т.1. Баку. 1991.
- Геродот, 1999:* Геродот. История. М., 1999.

Гильгамеш туралы эпос, 2005: Гильгамеш туралы эпос //Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. Аст., 2005. 1 т. 97-130.

Гинзбург, Трофимова, 1972: Гинзбург В.В., Трофимова Т.Д. Палеоантропология Средней Азии. М., 1972.

Граков, 1971: Граков Б.Н. Скифы. М., 1971.

Грантовский, 2000: Грантовский Э.А. Страны Иранского нагорья и юга Средней Азии в первой половине I тыс. д.н.э. // ИВ, М., 2000.

Грязнов, 1980: Грязнов М.П. Аржан – царский курган раннескифского времени. Л., 1980.

Грязнов, 1999: Грязнов М.П. Основные черты афанасьевской культуры //Афанасьевская культура на Енисее. СПб. 1999.

Гукасян, 1977: Гукасян В.Л. Тюркизмы в албанских источниках //Советская тюркология. М., 1977. №2.

Гуляев, 1985: Гуляев В.И. Предисловие // Соди С. Великие культуры Месоамерики. М., 1985.

Гумилев, 1993: Гумилев А.Н. Древние тюрки. М., 1993.

Дандамаев, 1989: Дандамаев М.А. Цивилизация Древнего Ирана //Древние цивилизации. М., 1989.

Денисов, 2000: Денисов И.В. Древнейшая история Южного Урала. Стерлитамак. 2000.

Дергачев, 1999: Дергачев В.А. Особенности культурно-исторического развития карпато-поднестровья (К проблеме взаимодействия древних обществ Средней, Юго-Восточной и Восточной Европы //Археологический вестник «Stratum plus». От Балкан до Гималаев: Время цивилизации. 1999. №2./ www.stratum.ant.md/02_99/

Дервянко, 1986: Дервянко А.П. Ожившие древности. М., 1986.

Деренко, Малярчук, 2001: Деренко М.А., Малярчук Б.А. В поисках прародины американских аборигенов // «Природа» журналы.М. №1. 2001. / <http://vivovoco.ns.ru/vv/Journal/nature/>.

Деренко, Малярчук, 2002: Деренко М.А., Малярчук Б.А. Генетическая история коренного населения Северной Азии // «Природа». М. 2002. №10. / <http://vivovoco.ns.ru/vv/Journal/nature/>.

Дискуссионные проблемы..., 1980: Дискуссионные проблемы отечественной скифологии // Народы Азии и Африки. 1980. №5,6.

Дмитриев, 1988: Дмитриев А. Арийская кровь в сердце Сибири // Химия и жизнь. 1988. №8: 80-81.

Долуханов, 1972: Долуханов П.М. Хронология палеолитических культур. М., 1972 // Портал «Археология России». 2005.

ДТС, 1969: Древнетюркский словарь. Л., 1969.

- Древние цивилизации, 1989: Древние цивилизации. М., 1989.*
- Древности Самарского края: Древности Самарского края /www.slavrus.net/samara/.*
- Дремов, 2001: Дремов И.И. Эпохи века: культуры и этапы //Бронзовый век Восточной Европы: характеристика культур, хронология и периодизация. Самара. 2001.*
- Дыбо, 1990: Дыбо В.А. Ностратические языки // ЛЭС. М.,1990.*
- Дьяконов,1956: Дьяконов И.М. История Мидии, от древнейших времен до конца IV в. до н.э. М.-Л., 1956.*
- Дьяконов, 1969: Дьяконов И. М. Языки Древней Передней Азии, М. 1969.*
- Дьяконов, 1971: Дьяконов И.М. Восточный Иран до Кира //История Иранского государства и культуры. М., 1971.*
- Дьяконов,1990: Дьяконов И.М. Шумерский язык // ЛЭС. М., 1990.*
- Дьяконов, 2000: Дьяконов И.М. Закавказье и сопредельные страны в период эллинизма //ИВ. М., 2000.*
- Дьяконов, 2000/a/: Дьяконов И.М. Возникновение земледелия, скотоводства и ремесла. Общие черты первого периода истории древнего мира и проблема путей развития //ИВ. М., 2000.*
- Дьячок, Шаповал, 2002: Дьячок М.Т., Шаповал В.В. Генеологическая класификация языков, 2002. [www.philology.ru / lingbisties](http://www.philology.ru/lingbisties).*
- Европейский пейзаж ледникового периода. [http:// zberoboy. narod. ru/](http://zberoboy.narod.ru/). 2004.*
- Ельницкий, 1977: Ельницкий Л.А. Скифия евразийских степей. Новосибирск. 1977.*
- Емельянов, 2003: Емельянов Е.Е. Древний Шумер, СПб, 2003.*
- Еңсегенұлы, 1996: Еңсегенұлы Т. Әдебиетіміздің бастауы – «Авестада». Алматы. 1996.*
- Ердаков, 2002: Ердаков, Человек в биосфере. 2002. Новосибирск. [http://ekoclub. nsk. ru](http://ekoclub.nsk.ru)).*
- Еремеев, 1970: Еремеев Д.Е. К семантике тюркской этнонимии //Этнонимы. М., 1970.*
- Еремеев, 1971: Еремеев Д.Е. Этногенез турок. М., 1971*
- Еремеев,1990: Еремеев Д.Е. Тюрк – этноним иранского происхождения? // Сов. этнография. 1990: №3.*
- Жанузаков, 1982: Жанузаков Т. Очерк казахской ономастики. Алм., 1982.*
- Жәнібеков, 1996: Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алм., 1995.*

Жирмунский, 1979: Жирмунский В.М. Эпические сказания об Алпамыше и «Одиссея» Гомера //Избранные труды. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. Ленинград. 1979.

Жирмунский, 1999: Жирмунский В.М. Огузский героический эпос и «Книга Коркута» // Коркыт ата – энциклопедиялық жинақ. Алм., 1999.

Жолдасбеков, Сартқожаұлы, 2005: Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. Аст., 2005.

Жұртбаев, 1994: Жұртбаев Т. Дулыға. 1-2 т. Алм., 1994:

Зайберт, 1989: Зайберт В.Ф. Динамика взаимодействия природно-экономических факторов в процессе становления и развития производящего хозяйства в степях Казахстана // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алм., 1989.

Зайберт, 1992: Зайберт В.Ф. Атбасарская культура. Екатеринбург. 1992.

Зайберт, 1993: Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-иртышского междуречья. Петропавловск. 1993.

Закиев, 1995: Закиев М.З. Татары: проблемы истории и языка. Казан. 1995.

Закиев, 2002: Закиев М.З. Происхождение тюрков и татар. М., 2002 . / www.sophistikedkids.com/turkic/

Закиев, 2004: Закиев М.З. Лексемы агадир (агафирс), акацир и мишар в системе тюркских этнонимов //Түркология. Түркістан. 2004: №5.

Заратустра, 2002: Заратустра. Учение огня. Гаты и молитвы. М., 2002.

Затов, 2005: Затов Қ. Зороастризмнің тарихи тамырлары мен діни ілімі//Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. 1 т. Аст., 2005.

Захаров, 2002: Захаров И.А. Все человечество произошло от 10 мужчин и 18 женщин. 2002. <http://voskses.orthodox.ru/archive>.

Захаров, 2003: Захаров И.А. «Центр Азии – прародина аборигенов Америки?». «Наука в России». 2003: №1.

Захаров, 2002: Захаров С.В. Сравнительный анализ поселений и жилищ Ботайской и Суртандинской культур // Десятилетие суверенного Казахстана: история и перспективы развития. Материалы международной научно-практической конференции. Т.1. Петропавловск. 2002. с.126-132.

Захаров, 2004: Захаров С.В. Параллели домостроению Ботайской культуры в синхронных и синстадиальных ей культурах сопредельных территории. www.nklibray.freenet.kz/elib

Зданович, 2001: Зданович Г.Б. Страна городов. Журнал «Родина». 2001. №11.

Зданович, 2001: Зданович Г.Б. Урало-казахстанские степи в эпоху средней бронзы. (Докторская диссертация в виде научного доклада. Челябинск. 2002. //www. steppe.ru

Зданович, 1997: Зданович Д.Г. Синташтинское общество: социальные основы «квазигородской» культуры южного Зауралья эпохи средней бронзы. Челябинск. 1997. //www. steppe.ru

Зороастрық мифология, 2005: Зороастрық мифология // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. 1 т. Аст., 2005.

ИБ, 2000: История Востока. М., 2000. т.1.

Иванов, 1983: Иванов В.В. История славянских и балтийских названий металлов, М., 1983.

Иванов, 1990: Иванов В.В. Моногенеза теория // ЛЭС. М.,1990.

Иванов, 1990/а/: Иванов В.В. Языки мира //ЛЭС. М., 1990.

Иванов, 2003: Иванов В.В. Где находилась прародина индоевропейцев? 2003. www. doktora. nm. ru.

ИДВ, 1979, История Древнего Востока, М., 1979.

ИЕ, 1988, История Европы. М., 1988: т.1.

Иллич-Свитыч. 1971: Иллич-Свитыч В.М. «Опыт сравнения ностратических языков». Т.1. М. 1971.

Исмағұлов,.. 1993: Исмағұлов О., Сихимбаева К.Б., Исмағұлова А.О. Антропологические аспекты происхождения казахского народа //Известия НАН РК. Сер. Общественных наук. 1993: №1.

Исмағұлов,..1998: Исмағұлов О., Сикымбаева Қ., Исмағұлова А. Антропология деректері бойынша қазақ халқының этногенезі // Қазақстан тарихы. II т., 1998:264-287).

История Астраханского края, 2000: История Астраханского края, 2000: //www. astrakhan.ru /history

Итина, 1977: Итина М.А. История степных племен Южного Приаралья (II- начала I тыс д.н.э.) М., 1977.

Итина, 1998: Итина М.А. К истории изучения бронзового века Южного Приаралья //Приаралья в древности и средневековье. М., 1998.

Казахи, 1995: Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алм., 1995.

Камолиддин, 2004: Камолиддин Ш. К вопросу об этногенезе узбекского народа // Түркология. Түркістан. 2004: №2.

Каримуллин, 1976: Каримуллин А.Г. К вопросу о генетическом родстве отдельных языков индейцев Америки с тюркскими // Вопросы географии США. Л., 1976.

Каримуллин, 1994: Каримуллин А.Г. Прототюрки и индейцы Америки. По следам одной гипотезы. Казан. 1994. (<http://viktor-wind.narod.ru/indians/artikl.Rrimullin>).

Каримуллин, 2004: Тюрки и индейцы Америки – истоки происхождения. Алм., 2004.

Квасов, www: Квасов Д.Д. О позднечетвертичной истории Арала [//www.kungrad.com/ara/](http://www.kungrad.com/ara/)

Клоусон, 1969: Клоусон Дж. Лексико-статическая оценка алтайской теории// Вопросы языкознания. 1969: 31

Клягин, 1996: Клягин Н.В. «Происхождения цивилизации» (социально-философский аспект). М., 1996. (<http://www.philosophy.ru/iphras/livrary/wklad.html>).

Клягин, 2002: Клягин Н.В. «Человек в истории». М., 2002. <http://www.philosophy.ru/iphras/library/>.

Кляшторный, 1992: Кляшторный С.Г. Хунны и тюрки.// Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. М 1992.

Кляшторный, Султанов, 2004: Кляшторный С.Г., Султанов Т.И., Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб., 2004.

Кнорозов, 1990: Кнорозов Ю.В. Мануэль Галич и его книга // Галич М. История доколумбовых цивилизаций. М., 1990.

Ковалевская, 1977: Ковалевская В.Б. Конь и всадник. М., 1977.

Колледж, 2004: Колледж М. Парфяне. Последователи пророка Заратустры/пер. с англ. М., 2004.

Кондратов, Шеворошкин, 1976: Кондратов А.М., Шеворошкин В.В. Когда молчат письма. М., 1976.

Кондратов, 1977: Кондратов А.М. Этруски – загадка номер один. М., 1976.

Коробкова, 1989: Коробкова Г.Ф. Мезолит Средней Азии и Казахстана //Мезолит СССР. Археология СССР. М., 1989.

Короглы, 1976: Короглы Х. Огузский героический эпос. М., 1976.

Кошеленко, 1977: Кошеленко Г.А. Родина парфян. М., 1977.

Кошеленко, Массон, 1989: Кошеленко Г.А., Массон В.М. //Древние цивилизации Средней Азии. М., 1989:

Крамер, 2002: Крамер С. Шумеры, М., 2002.

Крюков,... 1978: Крюков М.В., Сафронов М.В., Чебоксарев Н.Н. Древние китайцы. проблема этногенеза, М., 1978.

Кузьмина, 1977: Кузьмина Е.Е. В стране Кавата и Афрасиаба. М., 1977.

Кузьмина, 1977/а/: Кузьмина Е.Е. Распространение коневодства и культа коня у ираноязычных племен Средней Азии и других народов старого света //Средняя Азия в древности и средневековье. М., 1977.

Кузьмина, 1981: Кузьмина Е.Е. Происхождение индоиранцев в свете новейших археологических данных // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности. М., 1981.

Кузьмина, 2000: Кузьмина Е.Е. Первая волна миграции индоиранцев на юг // ВДИ. 2000. №4.

Куклина, 1985: Куклина И.В. Этнография Скифии. Л., 1985.

Кучера, 1996: Кучера С. Древнейшая и древняя история Китая. М., 1996.

ҚМС, 1977: Қазақша-моңғолша сөздік. Ұланбатыр. 1977.

Қайдаров, Оразов, 1992: Қайдаров Ә., Оразов М. Түрктануға кіріспе. Алм., 1992.

Қасиманов, 1995: Қасиманов С.Қазақ халқының қолөнері. Алматы. 1995.

Қашқари, 1993: Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. Алматы. 1993.

Қоңдыбай, 2004: Қоңдыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1,2,3,4 кітап. Алм., 2004.

Қорқыт ата кітабы // Қорқыт ата – энциклопедиялық жинақ. Алм., 1999.

ҚСЭ: Қазақ совет энциклопедиясы.

ҚТ, (1996.;1998.; 2003:) Қазақстан тарихы. Алм., 1996. 1 том: 1998, 2 том: 2003, 3 том.

Лазуков,.. 1981: Лазуков Г.И., Гвоздовер М.Д., Рогинский Я.Я. Природа и древний человек. М., 1981 /www.archeologia.ru/

Лайпанов, Мизиев, 1993: Лайпанов К.Т. , Мизиев И.М. О происхождении тюркских народов. Черкесск. 1993.

Левина, 1998: Левина Л.М. К истории исследований Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в Восточном Приаралье //Приаралье в древности и средневековье. М., 1998.

Литвинский, 1981: Литвинский Б.А. Проблемы этнической истории Средней Азии во II тыс. д.н.э. // Этнические проблемы истории Центральной Азии в древности. М., 1981.

ЛЭС,1990: Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990.

Магомедов, 1997: Магомедов М.Г., Каспаров С.А., Туник Н.В. «Каспийская Атлантида»//Научная мысль Кавказа. 1997. №4. /www.booksite.ru

Макарова, Нурумов, 1989: Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. К проблеме коневодства в неолите-энеолите Казахстана //Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алм., 1989.

Манзура, 2000: Манзура И.В. Владеющие скипетрами // Археологический вестник «Stratum plus». Рождение Европы. 2000. №2./ www.stratum.ant./2-00/

Маргулан, 1979: Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алм., 1979.

Маргулан, 1986: Маргулан А.Х. Казахское прикладное искусство. Алм., 1986. т.1.

Массон, Сарияниди, 1972: Массон В.М., Сарияниди В.И. Каракумы: заря цивилизации. М., 1972.

Массон, 1982: Массон В.М. Энеолит Средней Азии // Энеолит СССР. Археология СССР. М., 1989.

Массон, 1989: Массон В.М. У истоков древних цивилизации //Древние цивилизации. М., 1989.

Массон, 1989(a): Массон В.М. Первые цивилизации. Л., 1989.

Массон, 1999: Массон В.М. Древние цивилизации Востока и степные племена в свете данных археологии // Археологический вестник «Stratum plus». Время цивилизации. 1999.№2. /www.stratum.ant.

Матвеев, 1998: Матвеев А.В. Первые андроновцы в лесах Зауралья. Новосибирск. 1998.

Матюшин, 1989: Матюшин Г.Н. Мезолит Южного Зауралья //Мезолит СССР. Археология СССР: М., 1989.

Матюшин,1991: Матюшин Г.Н. О связях Урала и Кавказа в каменном веке // XVIII «Крупновские чтения» по археологии Северного Кавказа. Ставрополь. 1991 /www.nasledie.ord/v3/ru/

Матюшин,1996: Матюшин Г.Н. Археологический словарь. М., 1996 /www.lib.ru/history/matysin/

Матющенко, 1977: Матющенко В.И. О южном компоненте в составе самусьской культуры // Проблема археологии Евразии и Северной Америки. М., 1977.

Матющенко, 1997: Матющенко В.И. Западняя Сибирь в системе древних культур Евразии //Вестник Омского университета. Омск. 1997. Вып. 2.

Мачинский, 2001: Мачинский Д.А. «Ось мировой истории» Карла Ясперса и религиозная жизнь Степной Скифии в IX-ΥΠ в. д.н.э. //Боспорский феномен. (Материалы международной научной конфер.) СПб. 2001.101-108. /www.abesta.tripod.com/history/.

Мезолит СССР, 1989: Мезолит СССР //Археология СССР. М., 1989.

- Мелларт, 1982:* Мелларт Дж. Древнейшие цивилизации Ближнего Востока. М., 1982.
- Медоев, 1979:* Медоев А.Г. Гравюры на скалах. Алм., 1979.
- Мерперт, 1974:* Мерперт Н.Я. Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. М., 1974;
- Мерперт, 1977:* Мерперт Н.Я. Из истории древнейших племен // Проблемы археологии Евразии и Северной Америки. М., 1977.
- Мерперт, 1982:* Мерперт Н.Я. Энеолит Юга СССР и европейские степи // Энеолит СССР. Археология СССР. М., 1982.
- Мизиев, 1986:* Мизиев И.М. Шаги к истокам этнической истории Центрального Кавказа. Нальчик. 1986.
- Мизиев, 1990:* Мизиев И.М. История рядом. Нальчик. 1990.
- Мифы народов мира, М., 1988:*
- Мифология, 1998:* Мифология, М., 1998.
- Молодин, 1977:* Молодин В.И. Эпоха неолита и бронзы лесостепного Обь-Иртышья. Новосибирск. 1977.
- Молчанова, 1978:* Молчанова О.Т. Элемент тай в топонимии Средней Азии и смежных территорий // Ономастика Средней Азии. М., 1978.
- Монгайт, 1973:* Монгайт А.Л. Археология Западной Европы. Каменный век. М., 1973.
- Моргунова, www. Моргунова Н.Л. Древнейшая культура // Уральская историческая энциклопедия / www.ural.ru/.*
- Муқанов, 1981:* Муқанов М.С. Казахская юрта. Алм., 1981.
- Муқанов, 1995:* Муқанов М.С. Материальная культура // Казахи. Историко-этнографическое исследование. Алм., 1995.
- Мусаев, 2004:* Мусаев К. Тюркско-иранские культурно-языковые контакты // Түркология. Түркістан. 2004: №5.
- Народы мира, 1988:* Народы мира. Историко-этнографический справочник. М., 1988.
- Нарымбаева, 2004:* Нарымбаева А.К. Аркаим – очаг мировой цивилизации созданный прототюрками. Астана. 2004;
- Окладников, 1956:* Окладников А.П. Заселение Америки и Австралии человеком // Всемирная история. Т.1. М., 1956.
- Окладников, 1956(а):* Окладников А.П. Охотничьи племена в период мезолита // ВИ. Т.1. М., 1956.
- Окладников, 1956(б):* Окладников А.П. Пещера Джебель –памятник древней культуры прикаспийских племен Туркмении. Труды ЮТАХЭ. т.УІІ. Ашхабад. 1956.
- Окладников, Василевский, 1980:* Окладников А.П., Василевский Р.С. Северная Азия на заре истории. Новосибирск. 1980: 127-128).

Оңдасынов, 1989: Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алм., 1989. II т.

Оразаққызы, 2003: Оразаққызы А. Қазақстанның көне заман мен орта ғасырдағы антропологиялық сипаттамасы // ҰӘ. 5 т. Алм., 2003.

Оспанов, 2003: Оспанов С. Жаратушы әлде Заратустра қалай деді? Алм., 2003.

Өмірбекова, 2004: Өмірбекова М.Ш. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. Алм., 2004.

Палеолит СССР, 1984: Палеолит СССР //Археология СССР. М., 1984.

Петров, 2004: Петров Н.Е. Курыканы – древние якуты //Түркология. Түркістан. 2004: №3.

Праслов, 1984: Праслов Н.Д. Геологические и палеографические рамки палеолита. Развитие природной среды на территории СССР //Палеолит СССР. М., 1984.

Пучков, www: Пучков П.И. Дивергенция языков и корреляция между языком и расой // Народы и религии мира. Энциклопедия. www.svook.ru.

Пьянков, 1995: Пьянков И.В. Некоторые вопросы этнической истории древней Средней Азии // журн. «Восток». М., 1995. №6.

Райс, 2003: Райс Тамара Т. Скифы. Строители степных пирамид (перевод с англ.) М., 2003.

Ренфрю, 1998: Ренфрю К. Разнообразие языков мира, распространение земледелия и индоевропейская проблема // ВДИ. 1998. №3.

Руденко, 1953: Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. М.Л., 1953.

Салғараұлы, 1989: Салғараұлы Қ. Көмбе. Алм., 1989.

Салғараұлы, 2000: Салғараұлы Қ. Түрік әлемі. Аст., 2000.

Сальников, 1967, Сальников К.В. Очерки древней истории Южного Урала. М., 1967.

Самашев, 1992, Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. Алм., 1992.

Сарай, 1996: Сарай Ә. Асылдың сынығы. Алм., 1996.

Сартқожаұлы, 2002: Сартқожаұлы К. Объединенный каганат тюрков. Аст., 2002.

Сартқожа, 2003: Сартқожа Қ. Орхон мұралары. Аст., 2003

Сафронов, 1989: Сафронов В.А. Индоевропейские прародины. Горький. 1989. <http://histline.narod.ru/sapron/>;

Сафронов, Николаева, 1999: Сафронов В.А. Николаева Н.А. Карпато-Полесская прародина евразийцев. Обособление западных

евразийцев (ранних праиндоевропейцев) и их миграция в Анатолию (X-IX тыс. д.н.э) М., 1999. *recult. by. ru / docs / capron.*

Сейдімбек, 1997: Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Алм., 1997.

Соди, 1985: Соди Д. Великие культуры Месоамерики. М., 1985: 20-30;

Стеблин-Каменский, 1992: Стеблин-Каменский И. Предисловие //Авеста. М., 1992.

Страбон, 1964: Страбон. География. М., 1964.

Стратановский, 1999: Стратановский Г.А. Примечания // Геродот, История. М., 1999.

Струве, 1968: Струве В.В. Этюды по истории Северного Причерноморья, Кавказа и Средней Азии. Л., 1968.

Сулейменов, 1975: Сулейменов О. Аз и Я. Алм., 1975.

Сулейменов, 1998: Сулейменов О. Язык письма. Алматы-Рим. 1998.

Сулейменов, 2002: Сулейменов О. Тюрки в доистории. Алм., 2002.

СЭС, 1987: Универсальный советский энциклопедический словарь. М., 1987.

Таймағамбетов, 1987: Таймағамбетов Ж.К. Памятники каменного века //Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алм., 1987.

Таймағамбетов, 1996: Таймағамбетов Ж. Ежелгі тас ғасыры дәуіріндегі Қазақстан // Қазақстан тарихы. Алм., 1996. 1 т.

Таймағамбетов, 1996/a/: Таймағамбетов Ж.К. Жаңа тас ғасырындағы Қазақстан // Қазақстан тарихы. Алм., 1996. I т.

Тенишев, 1996: Тенишев Э.Р. Тюркские языки. 1996:

Тенишев, 1996/a/: Тенишев Э.Р. Гуннов язык // Тюркские языки. М., 1996.

Титов, 1998: Титов В.С. Европа в III тыс. д.н.э. //Истори Европы. Т.1. М., 1988.

Тоқтабаев, 1990: Тоқтабаев А. Арғымақтан туған қазанат // Төрт түлік төресі кім? Алм., 1990.

Төлеубаев, 2004: Төлеубаев Ә. Шілікті жазығы – сақтардың алғашқы мемлекетінің ту тіккен ордасы // «Қазақ әдебиеті». 2004. №26.

Трофимов, 2000: Трофимов Г.Н. Палеолитическая ситуация, сток древних рек и водный баланс Арала в позднем плейстоцене и голоцене //www.kungrad. com/aral/.

Турецкий, 2000: www. Турецкий М.А. Место керамики в погребальной обрядности ямной культуры // www.imperium.archelogia.ru/

Түркі халықтарының тарихы, 2004: Түркі халықтарының тарихы. Түркістан. Түркология ғылыми-зерттеу институты. 2004. 1 т.

- Тюркские языки, 1996:* Языки мира. Тюркские языки. М., 1996.
- Урысон, 1977:* Урысон М.И. Проблема прародины древнейшего человека в свете палеоантропологических и археологических данных // Ранняя этническая история народов Восточной Азии. М., 1977.
- Ученые лишили неандертальцев потомства. [http:// pda. Lenta.ru/](http://pda.lenta.ru/), 2003.*
- ҮЭ, «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Алм., I т. 1998; II т. 1999; III т. 2001; 4 т. 2002; 5 т. 2003; 6 т. 2004; 7 т. 2005.*
- Фрай, 1972:* Фрай Р. Наследие Ирана. М., 1972.
- Хазанов, 1975:* Хазанов А.М. Социальная история скифов. М., 1975.
- Хазанов, 2000:* Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Алм., 2000.
- Хайнц, www: Хайнц Т. Творение или эволюция. [http:// volodarmira.narod. ru](http://volodarmira.narod.ru)).*
- Харитонов, 2002 www: Харитонов А.М. Древняя Передняя Азия и проблема древнетюркской прародины. //Труды института географии Дальневосточного отдела РАН. Владивосток. 2002. /[www.arba.ru / history](http://www.arba.ru/history)).*
- Хачикян, 1990:* Хачикян М.Л. Урартский язык // ЛЭС. М., 1990.
- Хить, Кейта, 1981:* Хить Г.Л., Кейта Б. О дерматоглифической дивергенции основных расовых ветвей человечества // Расы и народы: Ежегодник. Современные этнические и расовые проблемы. М., 1981. Вып. 11.
- Хлопин, 1989:* Хлопин И.Н. Исторические закономерности сложения степных культур Средней Азии // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизации. А. 1989.
- Чагдуров, 1980:* Чагдуров С.Ш. Происхождение Гэсериады. Новосибирск. 1980.
- Чебоксарев, 1976:* Чебоксарев Н.Н. Основные этапы истории антропологического состава населения Китая (палеолит и мезолит) // Сибирь, Центральная и Восточная Азия в древности. Новосибирск. 1976.
- Черных, 2004:* Черных Е.Н. Радиоуглеродная хронология древнейшей общности и истоки курганных культур // Российская археология. №1. 2004.
- Черных, 2004/а:* Черных Е.Н. Истоки горно-металлургического производства в Северной Азии. /www.bronza-lib.narod.ru/
- Черных, Николова, 2003:* Черных Л.А., Николова А.В. К вопросу о выделении очагов металлопроизводства энеолита-ранней бронзы в Северном Причерноморье // Проблемы гірничої археології. Алчевск. ДГМІ. 2003. /www.bronza-lib.narod.ru/

Членова, 1984: Членова Н.Л. Археологические материалы к вопросу об иранцах доскифской эпохи и индоиранцах. Советская археология. М., 1984. №1.

Шапошников, 2002: Шапошников А. Арийский пророк по имени Заратустра //Заратустра. М., 2002.

Шилов, 1990: Шилов Ю.А. К истории племен катакомбной культуры // Проблемы изучения катакомбной культурно-исторической общности. Запорожье. 1990 / www.kurgan.kiev.ua/.

Шифман, 1988: Шифман И.Ш. Александр Македонский. Л., 1988.

Ширалиев, 1996: Ширалиев М.Ш. Азербайджанский язык // Языки мира. Тюркские языки. М., 1996.

Эволюция человека. Энциклопедия «Кругосвет», 2001. <http://www.krugosvet.ru>.

Энциклопедия символов,1995: Энциклопедия символов. М., 1995.

Эпос о Гильгамеше, 2005: Эпос о Гильгамеше //Истоки тюрков. Сборник. Алм., 2005.

Юдин, 1996: Юдин А.И. Проблемы синхронизации энеолитической культуры Степного Заволжья //Северо-восточное Приазовья в системе евразийских древностей (энеолит-бронзовый век): Материалы международной конференции. Донецк. 1996. ч.1. с.21-23 /www.bronza-lib.narod.ru/.

Юдин, 1999: Юдин А.И. Энеолитическая стоянка Алтатинского типа в степном Волга-Уральском междуречья //Етнічна історія та культура населення Степу та Лісостепу Євразії: Материалы международной археологической конференции. Днепропетровск. 1999. С.51-54 /www.bronza-lib.narod.ru/.

Юсифов, 1987: Юсифов Ю.Б. Ранние контакты Месопотамии с северо-восточными странами (Приурмийская зона) // ВДИ.1987. №1.

Юсифов,1987(a): Юсифов Ю.Б. К значению древних топонимов в изучении этнической истории Азербайджана // Изв. АН Азербайджанской ССР. Серия лит-ры, языка и искусства, Баку. 1987. №2.

Яблонский, 1999: Яблонский Л.Т. Некрополи древнего Хорезма. М., 1999.

Янковский, Боринская, 2001: Янковский Н.К., Боринская С.А. Наша история записанная в ДНК // Природа. 2001: №6. (<http://www.vidden/humangenom/publikat/borinsk>).

2006 жыл



ШҮЙГІН МҰРА, ТҰҢҒИЫҚ ТҮЙСІК

(Шоқан Уәлиханов – ауыз әдебиеті мен ортағасырлық жазба мұралар зерттеушісі)



КІРІСПЕ

Қазақ халқының ұлы ғұламасы, ағартушы-ойшылы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов аз ғана ғұмырында ғылымның көптеген саласы бойынша аса бай мұра қалдырып кетті. Географтар туралы жазылған көптеген іргелі еңбектерде оның есімі әлемдік деңгейдегі атақты саяхатшылармен қатар аталады. Тарихшылар оны Орталық Азия тарихының саңлақ білгірлерінің бірі деп тұжырымдаса, өнер зерттеушілері қолтаңбасы қанық суретші ретінде таниды. Журналистика тарихын зерттеушілер Шоқанды ұшқыр ойлы публицист ретінде бағалайды. Шоқанның шығыстануға қосқан зор үлесі – бүгінде әлем алдында мойындалған даусыз ақиқат. Ол – әрі ірі этнолог, әдебиетші, фольклортанушы [1; 2; 3; 4; 5; 6; 7; 8].

Ш. Уәлихановтың халқымыздың байырғы әдеби мұраларын зерттеу ісінде атқарған еңбегі де аса елеулі. Ғалымның бұл бағыттағы жұмыстары оның әдебиетшілік қырын сөз еткен еңбектерде қарастырылып жүр [9; 10; 11; 12; 13; 14; 15; 16; 17; 18; 19]. Дегенмен, Ш. Уәлихановтың түрк халықтарына ортақ байырғы әдеби жазба ескерткіштерді тереңдей зерделегені, олардың бірқатарын тұңғыш рет өзі тауып, ғылыми айналымға қосқаны, аударма жасағаны, төл еңбектерін жазуға молынан пайдаланғаны назарға көп алынбай келеді. Ал шын мәнінде, Шоқанның шығыстану саласында жарық жұлдыз атануының негізгі қайнар бұлақтарының бірі – оның осы ортағасырлық жазба мұраларды аса зор таныммен, биік білімпаздықпен талдап, таразылағанынан да бастау алады.

Сол себепті де ғылыми дәстүр бойынша, күллі түрк халықтарының ортақ қазынасы болып саналатын, бір тілдік орта аясында өмір сүрген елдердің аралас-құралас тарихынан мол мағлұмат беретін байырғы әдеби мұралар мен орта ғасырларда дүниеге келген асыл жәдігерлерді Ш. Уәлихановтың зерттеуі орайындағы тақырыпты қарастырудың маңызы зор. Оның заманында орыс шығыстанушыларының түрк халықтары, орташығыстық мұсылман жұрттарының тарихына қызығушылығы арта түскені белгілі. Шоқан зерттеушілікке ден қойған сол жылдары орыстың көрнекті түрктанушысы, Қазан университетінің профессоры И. Н. Березиннің дайындауымен

«Шығыс тарихшыларының кітапханасы» сериясымен 1849 жылы «Шайбанинаманың» қыпшақша нұсқасы [20; 21; 22]. 1850 жылы Әбілғазының «Шежіре-и түрк» («Түрк шежіресі») кітабының орысша аудармасы [23; 24-б]. 1850 жылы «Хан жарлықтары» [1, 121-140-бб; 25] еңбегі мен 1854 жылы Қадырғали бек Жалайыридың сол кездегі қазақшаға жақын тілде жазылған «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») секілді [1, 142-168-бб; 26; 27; 28] құнды жәдігерлер шығып жатты. Хиуа ханы Әбілғазының (1603-1664) түрк-қыпшақ түпнұсқасы бойынша басылған «Шежіре-и Түрк» кітабы Қазан қаласында 1825 жылдың өзінде жарық көріп қойған болатын [29; 23; 24]. Сонымен қатар Ақсақ Темір әулетінен шыққан ірі қолбасшы, тарихшы, Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Захириддин Бабырдың (1483-1530) «Бабырнама» кітабының да үзінділері сол кездегі басылымдарда жарияланып жүрді [30; 31]. Шоқан ортағасырлық қыпшақ түркшесіндегі әдеби тіл үлгісінде жазылған осы мұралардағы қазақ тарихына қатысты тұстарына зерделей қарап, өз еңбектерінде әрдайым пайдаланып отырды [1, 121-168-бб].

Шоқан Қашқардан қайтарда өзімен «Әбумүсілім Марузи» атты хикаяны, Әли ибн Хүсейн Кашифидің (Ас-Сафи) «Рашахат айнед хаят» («Өмір қайнарының тамшылары») атты шейхтар мен әулие-ишандардың ғұмырнамалары, уағыздары жинақталған шығарманы, шағатай түркшесі жазба стилінде жазылған «Тазкира-йи Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы», «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан» қолжазбаларын, қашғарлық белгілі ақын, тарихшы Мұхаммед Садық Қашқаридың «Тазкира-йи қожаған» атты Қашғар өңірі тарихына қатысты құнды жазба мұраны да ала келіп, ғылыми ортаға таныстырды. Петерборда еңбек еткен уақытында университет кітапханасының қорында бар Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1449-1561) «Тарих-и Рашиди» шығармасының парсыша нұсқасын Ғылым академиясы мұрағатындағы Мұхаммед Садық Қашқари аударған оның шағатай түркшесімен салыстыра отырып, Хайдар мырзадай әйгілі тарихшының осы зор еңбегі туралы еуропа ғылымындағы алғашқы зерттеулерді жазды [1, 392-425; 437-450-бб; 3, 179-180-бб; 429-483-бб].

Әлемдік әдеби мұраның «алтын қорына» енген «Шайбанинама» [20; 21]. «Түрк шежіресі» [23], «Бабырнама» [30; 31], Жалайыридың «Жылнамалар жинағы» [9; 24], «Тарих-и Рашиди» [32; 33], «Тазкира-йи Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы» [34], «Тазкира-йи қожаған» [35] сынды әдеби жазба ескерткіштер мен Алтын Орда хандарының жарлықтарында қазақ тарихына, қазақтың сол замандардағы тілі мен дәстүріне, әйгілі тұлғаларына қатысты мағлұматтар молынан ұшырасады.

Орта ғасырларда әдебиет жанрлары жеке-жеке сараланған жоқ, сондықтан көркем проза дербес жанр болмағаны белгілі. Негізінен поэзия әдебиет деп танылды да, қара сөзбен тарихи және өзге де шығармалар жазылып, сол кезде олар тарихи еңбектер ретінде ғана емес, сонымен қатар оқырманға арналған көркем туындылар ретінде де қарастырылды. Сондықтан мұндай туындыларда «әртүрлі әдеби тәсілдер, адам айтқысыз әсіреулер, оқиғалардың айқын суреттемелері, поэтикалық жолдар, бейнелі теңеулер, эпитеттер мен көркем әдебиеттің басқа да белгілері мол кездеседі» [36], – дейді академик С. Қасқабасов. Қазақ халқының тарихына тікелей немесе жанама қатысы бар шежірелер сол замандарда тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды ретінде қабылданды. Тіпті алғашында «ресми тарих ретінде жазылған шежіренің өзін айтушы-таратушылар көркем теңеулер қосып, бірте-бірте тарихи жырларға айналдырып жіберетін болған» [37], – деп атап өтеді қазақ әдебиеті тарихының қайнар-бастауларын зерттеуші профессор Н. Келімбетов.

Тарихта сақталған байырғы шежірелік деректемелер түрінде ғана емес, сонымен қатар орта ғасырлардағы түрк халықтарының көркем әдебиеті мен жазба мұрасының жәдігерлері ретінде де маңызы бар мұндай шығармаларды дүниежүзі ғалымдары арасында алғашқы зерттегендердің бірі – қазақтың ұлы ғалымы Ш. Уәлиханов болғандығының өзі біз үшін үлкен мақтаныш. Әрі ол Қашқардан өзі тауып әкелген сол қолжазбаларды әлемде бірінші болып ғылыми айналымға енгізді, «Тарих-и Рашиди» ғұмырнамалық әдеби жәдігерін еуропалық ғылым аясында алғашқы боп талдап, құнды шығарма мен оның авторын көпшілікке тұңғыш рет жария етті. Кітапқа Қашқар аймағының тарихы туралы «тамаша еңбек» [1, 408-6], деген жоғары баға берді.

Қозғалған тақырыптың өзектілігі де осы аяда нақтыланады. Шоқанның сол жазба әдеби мұраларды зерттеу барысындағы біліктілікпен атқарған еңбектеріне мән беру арқылы, қазақ ғалымының өресі биік бітімін жаңа бір қырынан байыптау жүзеге асырылады. Сонымен қатар күллі түрк жұрттарының ортақ әдеби мұралары қатарына жататын сол жазба жәдігерлердің қазаққа етенелігін де Шоқан зерттеулері арқылы дәйектеуге назар аударылады.

Еңбекте қазақ ғалымының азғана ғұмырында байырғы әдеби мұраларымызға қатысты осындай іргелі еңбектер атқарып кетуінің бастау-бұлақтары талданады. Оның байырғы құндылықтарға қызығушылығы өзінің ұшқан ұясында алған рухани тәлімнің арқасы екендігі, хат танығаннан бастап әкесі Шыңғыс екеуінің «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты жырларды жазып алуға араласқаны, кадет корпусында Н.Ф. Костылецкийдей озық ойлы шығыстанушы ұстазының шәкірт ықыласын одан әрі өрістетуге қолғабыс бергені нақтыланады [38, 9-103-бб; 4, 496-499-бб]. Байырғы ауыз әдебиеті үлгілерін жинауды ғылыми машыққа сай жүргізіп, олардағы мағлұматтарды жазба жәдігерлердегі деректермен сабақтастыра қарауды әуелден дағды еткен Шоқан, корпусты бітірісімен-ақ толымды зерттеулер жазуға кірісіп кетеді. Әйгілі профессор Березиннің тапсырмаларын орындайды. Ыстықкөлге барған алғашқы ғылыми сапарының өзінде зор табысқа қол жеткізеді. Қырғыздың атақты «Манас» жырының ең шұрайлы «Көкетайдың ертегісі» деген бөлігін әлемде тұңғыш рет жазып алып, ғылыми ортаға паш етеді [39; 40]. «Көкетайдың ертегісін» және бала кезінде әкесімен бірге қағазға түсірген «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын, Орақ батыр, Шора батыр, Абылай туралы жырлар мен аңыздарды орысшаға аударады, оларға қатысты өресі биік ойлар айтады [1, 172-202, 220-227, 289-300, 426-436-бб; 4, 490-496-бб;]. Қазақ пен қырғыз шежірелеріндегі, аңыздарындағы, ертегілеріндегі, мифтеріндегі сюжеттерді өз күнделіктерінде, мақалаларында, «Қырғыздар туралы жазбалар» [1, 301-379-бб] атты аса құнды, іргелі еңбегінде сөз етеді.

Кітаптың «Шоқан және байырғы әдеби мұра» атты алғашқы тарауында ұлы ғалымның қазақ пен қырғыз халықтарының ежелден бергі көркем ой мұраларын зерттеу ісінде әлемдік

денгейдегі тұлға болғандығы тұжырымдалады. Екінші тарауда осы ғылыми ізденістің заңды жалғасы іспетті «Шоқан – ортағасырлық жазба жәдігерлер зерттеушісі» атты өзекті тақырыптың өзі қозғалады.

Бүгінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында және басқа да ғылыми орталықтардың, баспалардың, авторлардың ынтасымен көптеген жазба әдеби мұралар жарық көріп жатыр. Солардың қатарында «Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері» [42], «Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері» [43], «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» [44] атты серияларда біздің тақырыбымызға орайласатын «Шайбани-наме», «Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме», «Тарих-и Қашқар», Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих», Ала-ад-Дин ата Мәлік Жуайнидің «Жаһанды жаулаушының тарихы» атты шығармаларының тарихымызға қатысты жерлерінен алынған үзінділері қазақшаға аударылды. Оған дейінгі жылдарда Бабырдың «Бабырнама» (1993), Әбілғазының «Түрк шежіресі» (1992; 2001-ші жылы транскрипциясымен), Жалайыридің «Жылнамалар жинағы» (1997; 1991 жылы транскрипциясымен) ана тілімізге толық түрде тәржімеленген болатын [31; 23; 24; 26; 27]. 2003 жылы олардың қатарына Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасының толық қазақшасы да қосылды [32]. Осы ретте қазақ шығыстанушыларының сүбелі еңбегінің бірі ретінде Шоқан Уәлихановтың Қашқардан әкеліп зерттеген аса құнды «Тазкира-йи Бұғра хан» [34] мен «Тазкира-йи азизан» [35] қолжазбаларының факсимилелерімен қазақшаға аударылып жарияланғанын ерекше атап өтер едік.

Жарық көрген осы шығармаларды кеңінен пайдалана отырып, қазақ пен қырғыз халықтарының байырғы әдеби мұрасын зерттеуде қомақты істер атқарған Шоқанның ортағасырлық жазба жәдігерлерді де терең зерделегенін ғылыми айналымға енді қосылған жаңа дереккөздермен қоса жан-жақты қорыту – еңбектің негізгі мақсатына жатады. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттердің шешімін табу көзделеді:

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың

– байырғы әдеби мұраларды зерттеуіне бағыт-бағдар берген бастау, бұлақтарды жүйелеу;

- қазақ пен қырғыз халықтарының әдеби жәдігерлерін ғылыми түрде тұңғыш зерттеген тұлға екенін дәйектеу;
- тарихи жырлар мен аңыз-әңгімелерді тарихи оқиғалардың айнасы ретінде зерделеп, сипаттағанын түйіндеу;
- көне қолжазбалар тілін, ортағасырлық түрк-қыпшақ әдеби тілін, заманындағы қазақ тілі мен жазуын (араб қаріпті) жетік біліп, тарихи, көркем мұраларды биік ғылыми өреде үздік байыптай алғанын пайымдау;
- әлемдік әдебиеттің «алтын қорына» енген бірсыпыра жазба мұраларды дүниежүзінде, патшалық Ресейде, қазақта тұңғыш рет зерттегенін дәлелдеу;
- «қазақ» атауы мен ұлттың этногенездік үдерісіне қатысты құнды мәліметтер жинақталған шығармаларды тауып, саралап, бағалағанын тұжырымдау;
- Қашқар қолжазбаларын мұсылмандық Шығыс пен Қытай көне шығармаларымен салыстыра-салғастыра отырып, Алтышәр туралы іргелі еңбегіне жүйелі пайдаланғанын анықтау;
- Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасын ғылыми айналымға түсіріп, маңызды деректерін байыптауда айрықша еңбек сіңіргенін дәлелдеу;
- «Шежіре-и Түрк», «Шайбанинама», «Хан жарлықтары», «Жамиғ ат-тауарих», «Тарих-и Рашиди» жазба ескерткіштерін зерттеуде мәтінтанушылық ізденіс негіздерін айқындау;
- байырғы әдеби мұра мен жазба жәдігерліктерді жинау және талдау тәжірибесін саралау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі жайында сөз етер болсақ, Ш.Уәлихановтың ғалымдығын бағалау оның көзі тірі кезінде-ақ басталғандығын айтар едік. Қазақ ғалымының Қашқардан қайтып оралғасын, Петерборда зерттеу жұмыстарымен айналысқан кезіне қатысты алғашқы мағлұмат империя астанасында шығатын әскери «Русский инвалид» газетінің 1860 жылы 4-мамырдағы санында жарияланды. Онда сол мамырдың 4-і күні кешке, Орыс география қоғамының Певческ көпірінің жанындағы пәтерінде кезекті жиынның өтетіндегі құлақтандырылған болатын. «Жиында қоғамның толық мүшесі Уәлиханов өзінің Кіші Бұхараға барған сапары туралы хабарлама жасайды» [45], – делінген еді. Шоқанның осы хабарламасының негізінде жазылған

«Жоңғария очерктері» келесі, 1861 жылы «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» 1-2-кітаптарында екі бөлініп жарияланды [1, 689-б]. Оның Географиялық қоғамда жасаған осы хабарламасына «Ресей туралы ғылыми танымдар архиві» журналының немісше, ағылшынша басылымдарында пікір білдірілді. «Қазақ сұлтанының ұлы Уәлиханов мырза Қашғар елінің тілінде еркін сөйлейді. Ол осы жерге бақытсыз Шлагинвейттен кейін қадам басқан жалғыз еуропалық...» [1, 596-б], – деп атап өтілді оларда. Географиялық қоғам жазбаларының 1861 жылғы 3-кітабында наурыздың 16-сы күні қоғамның толық мүшесі Ш.Ш.Уәлихановтың Этнография бөлімінде өткен жиында сөз сөйлегені туралы хабар берілді. «Уәлиханов бөлімнің назарын Ресейде тұратын көшпелі түрк халықтарының ауыз әдебиетін зерттеу қажеттігіне аударды... Ол қазақ аңыздарында Қалталы Иман (Иван Калита), Қарт Михайыл (Старый Михаил) сияқты кейіпкерлердің бар екенін сөз етті» [1, 460], делінген еді онда. Сол 3-кітапта Шоқанның «Алтышәрдің, яғни Қытайдың Нан-Лу уәлаятының (Кіші Бұхараның) жайы» атты еңбегінің алғашқы екі тарауы жарияланды. Орыс ғалымдары мен әдебиетшілері құраған энциклопедиялық сөздіктің 1861 жылы шыққан 1-томында оның «Абылай» [1, 426-б; 7, 127-б] атты мақаласы басылды.

Әйгілі ақын Некрасов басқарып отырған «Современник» журналының 1864 жылғы маусымдағы санында шыққан К. Губаревтің «Қазақ даласы» атты көлемді мақаласының тақырыбы астына «Шоқан Уәлихановқа арналады» деген жазу берілгенін де атап өту керек. Бір жағы жолсапар секілді өріліп, Кереку маңы, Баянауыл мен Қарқаралы төңірегінің табиғатын суреттей отырып, сол кездегі журналистикаға тән «эзоп тәсіліне» салып, қазақ кедейлерінің де ауыр халін сыпаттап кеткен журнал мақаласында ол туралы: «Соңғы кездерде сұлтандар мен билер өз еріктерімен балаларын Омбы кадет корпусына бере бастады, одан Шоқан Уәлиханов сияқты Сібірдің бірде-бір жұртының арасынан соған дейін еш байқала қоймаған, соншама қабілетті, жетік және іскер тұлға шықты» [46, 361-378-бб], деген жылы лебіз білдірілген еді.

Осы жерде Ш. Уәлихановтың 1904 жылы жарық көрген алғашқы «Шығармалар жинағының» шығарылуына қатысты кеңірек сөз студия реті келіп тұр. Себебі, қазақ ғалымының

шығармашылық мұрасын оның зиялы, жанашыр орыс достары жинақтап, ерекше қамқорлық жасап, кітап етіп бастыруға күш салмағанда, біздің бүгін Шоқан еңбектері туралы сөз қозғауымыз да неғайбыл тірлік болар еді.

Шоқан 1865 жылы құрт ауруынан қайтыс болғаннан кейін Орыс географиялық қоғамы тарапынан оның шығармаларын кітап етіп шығару жайындағы әңгімелер ауық-ауық көтеріле бастайды. Бұл мәселені әуелгі ойластырғандардың бірі – Шоқанмен туысқандай болып кеткен жанашыр аға досы генерал К. К. Гутковский еді. Ол Шоқан көз жұмған жылы Дала комиссиясының құрамында Алтынемелге соққан кезде, ғалымнан қалған қолжазбаларды Көкшетауға көшуге қамданып жатқан жесірі Айсары мен інісі Жақыптан кітап шығаруға қажет екендігін айтып, сұрап алады. Сапардан оралған соң Уәлихановтың жарияланбаған қолжазбаларын, хаттарын өз мүмкін-қадерінше жинастырып, оларды бастыру жөнінде Географиялық қоғамның төралқасына ұсыныс түсіреді. Алайда тосыннан келген ажал 1867 жылы оның өзін де о дүниеге алып кетеді [4, 513-б; 47, 219-230-бб].

Одан соң Гутковскийдің бастамасымен қозғалған шаруаның тоқтап қалмауына, Шоқанның тағы бір танысы, Орыс географиялық қоғамы физикалық география бөлімінің бастығы П. П. Семенов (болашақ Тянь-Шанский) ықылас танытады. Ол қоғамның 1867 жылғы сәуірдің 24-і күні өткен кезекті жиынында, жуырда қайтыс болған генерал-майор Гутковскийдің көзі тірі кезінде Шоқан Уәлихановтан қалған мұраларды бастырып шығару туралы өтініш жасағанын, бірақ марқұмның оны дайындап үлгере алмағанын хабарлай отырып, сол істі жалғастыру қажеттігін ортаға салған. Гутковский ол қолжазбаларға бас-көз болуды өзіне тапсырып кеткенін айтып, Уәлиханов еңбектерін «Жалпы география жазбалары» сериясында жариялау мүмкіндігін ұсынған. Оның қолжазбаларын редакциялауға өзінің дайын екендігін де мағлұм еткен [4, 513-б].

Дегенмен сол кезде Орталық статистикалық комитеттің директоры боп істейтін Семеновтың басшылығымен шығып жатқан бес томдық географиялық-статистикалық сөздіктің шашетек жұмыстары киіп кетті ме, әлде Шоқан еңбектерімен танысқаннан кейін оларды редакциялау, ғылыми

түсініктемелерін жасау көп уақыт алатындығынан үрікті ме, немесе қаржы тапшылығы қолбайлау болды ма, бұл іс аяқсыз қалады.

Тек келер, 1868 жылы Шоқанның жақын тілектес досы, ботаник, географ Ф.Р.Остен-Сакеннің кіріспе сөзімен «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» 4-ші томында, қазақ ғалымының «Қашқарға барған және одан Алатау округіне қайтқан жолда көргендер» атты күнделігі «Ш. Ш. Уәлихановтың Қашқарға сапары» деген атаумен ықшамдалып жарияланады [2, 715-6; 7, 128-6]. Остен-Сакеннің өзі содан бір жыл бұрын ғана полковник Полторацкийдің отрядымен бірге Нарын өлкесі арқылы Қашқар іргесіне дейін барып, Шоқан жүрген жолдың біраз бөлігін қайталап өткен еді. Соған орай, ол өзі аса құрметтейтін Уәлихановтың осы аралықтағы жолдың жан-жақты сипаттамасын еуропалық ғалымдар арасында тұңғыш рет түзіп кеткен еңбегін, енді ғана дайындалып жатқан Полторацкий экспедициясының есебінен бұрын, ғалымдар назарына алғашқы нұсқа ретінде ұсыну ғылыми әділеттілік болады, деп тапқан еді [47, 225-6; 41, 597-6; 4, 603-604-6].

Қазақ ғалымының еңбектерін шығару жайына қатысты көтерілген әңгіменің іле-шала басылып қалғанын, Шоқанның тұңғыш шығармалар жинағының редакторы Веселовский де айтып өтеді. «Сол жолы Уәлихановтың қолжазбаларын Географиялық қоғам «Жазбаларында» бастыруға шешім қабылданғанымен, ол мақсат кейіннен жүзеге аспай, Уәлихановтың редакциялауды талап ететін кей мақалалары сол тапсырылған адамдардың қолында кетіп, кері қайтпай жоғалған жағдайлар да орын алды. Менің өзім В. В. Григорьевтің қағаздары арасынан Шоқанның екі дәптерін таптым, олардың бірі «Едіге» жырының қазақша мәтіні, екіншісі соның орысшаға қысқаша аудармасы еді» [4, 493-496-6; 500-503-6], – деп жазды.

Содан кейін сексенінші жылдарда Шоқан шығармаларын жариялау ісіне оның кадет корпусында бірге оқыған жан досы, қазақ халқын құлай сүйген Г. Потанин біртіндеп кірісе бастайды. Бұл оның 1876-1880 жылдар аралығында Моңғолия мен Тува (Тыба) аймағына жасаған саяхаттары бойынша өзінің төрт томдық еңбегін дайындау үшін Петерборда үш жыл тұрақтаған кезі еді. Сол жылдары ол балалық шақтан бергі досының

«Қазақтардың көне замандардағы қару-жарағы мен сауыт-сайманы», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты зерттеулерін Орыс География қоғамы Батыс Сібір бөлімшесінің жазбаларында басуды өтініп, Омбыдағы сол бөлім басшыларының бірі, өзінің жақсы танысы, Атбасар казак-орысының баласы, болашақ генерал Г.А. Катанаевқа жібереді. Потанин оған жазған хатында бұл қолжазбалардың көшірмелерін өзіне Леонид Николаевич Майковтың тауып бергенін айтады [4, 513-514-б]. Сол кезде Географиялық қоғамның этнографиялық бөлімінің бастығы, «Халық ағарту министрлігі журналының» редакторы боп істейтін бұл Майков, Шоқанды ерекше сыйлаған әйгілі ақын Аполлон Майковтың туған інісі екенін еске алсақ, қазақ ғалымының Сырымбетте ғұмыр кешкен кезіндегі әдеби мұраларды жинағанына қатысты тағы бір деректің ұшығын ұстағандай боламыз. Шоқан ақынға жазған хатында өзінің қазақтардағы шамандықтың қалдығы, алтынордалық батырлар туралы зерттеулерді бітіргенін, көптеген ертегілерді, әндерді жинағанын, енді соларды Петербор басылымдарына шығару жайы қалай болар екен, деп оның қол жалғауын өтінетіні бар еді. Оған Майков өзінің редакторлармен сөйлескенін, бәрінің ықыласты екенін білдіріп, «Сіз өзіңізде бар нәрсенің бәрін маған жіберіңіз, мен оларға өзімнің шығармаларымды өткізуден де бетер күш салатыныма сеніңіз», деп жауап жазған-ды. Шамасы, осы хаттан кейін Шоқан шамандық туралы зерттеуін Аполлон Майковқа жіберген сыңайлы. Ол қолжазбаның бір көшірмесі ақыр соңында ақынның інісі, ауыз әдебиетімен айналысатын Леонидтің қолына түскендей [41, 598-б]. Профессор Веселовскийдің жазуынша, «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары» еңбегінің түпнұсқасы Семеновтың мұрағатында болған, алайда кейіннен қолжазбаны іздестіргенде, ол оны тауып бере алмаған.

Географиялық қоғамдағы Гутковский жинап Семеновке тапсырған қолжазбалардың басылу жайының бірте-бірте көмескіленіп, ұмыт бола бастауы, зерттеушілердің Шоқан дүниелерін редакциялауға, оқуға, деректерін пайдалануға алып, кейіннен қайтармай қоюы, оның біраз дүниесінің қолды болуына да әкеліп соққанын айттық. Дегенмен сол жылдары ғалым мұраларын сақтау жолында айрықша еңбек еткен бір қадірлі

жанның арқасында ғана, қазақ зерттеушісінің көп қолжазбасы ұшты-күйлі құрудан аман қалады. Ол – Гутковскийдің қызы Катерина Карловна еді. Шоқан кадет корпусына түскен кезде бір жасқа енді шыққан Катя, оқушы кезінен әкесіне еріп, үйге кеп жүретін қазақ баласына титтейінен бауыр басып, оны туған ағасындай жақсы көріп өскен болатын. Ілім-білімге жақын зиялы отбасыдан шыққан қыз, Шоқанның зерттеушілік, шығыстану саласындағы әрбір жетістігіне ата-анасымен бірге қуанатын шын пейілді тәлімнен нәр ала жүріп бойжетті. Оның мезгілсіз өмірден озған хабарын ата-анасымен бірге қатты қайғыра қабылдады. Әкесінің қазақ ғалымының шығармаларын жинап, кітап етіп бастыруға ниет еткен бастамасына өзі де қолдан келгенінше қолғабысын берді. Артынша әкесі де тосыннан көз жұмған соң, отбасының бар ауыртпалығы мойнына түскен Катерина Карлқызы, біраз жылдардан соң Шоқан шығармаларын бастыру жайы аяқсыз қалып бара жатқанын байқайды да оның мұраларын сақтауды өзі қолға алғанды жөн көреді. Үйінде бар материалдарды ретке келтіріп, басқа ғалымдардың қолында кеткен қолжазбаларды қайтарып алуға күш салады. Сөйтіп, біртін-біртін Шоқан мұраларының құнды қорын жинақтайды [47, 208-214-б].

1887 жылы сол кезде Орыс географиялық қоғамы Шығыс Сібір бөлімшесінің бастығы боп істейтін Потанин жан досының шығармаларын бастыру ісіне белсене кіріседі. Дала генерал-губернаторы Колпаковскийге хат жазып, Уәлиханов еңбектерінің жинағын шығару ойластырылып жатқанын, соған қаржылай көмек көрсетуге қолқабыс беруін, егер генералда Шоқанның жазғандары бар болса, салып жіберуін өтінеді. Сол шақта Петербор университеті Шығыстану факультетінің ұстазы, әйгілі шығыстанушы-археолог, соған дейін Хиуа мен Бұхара хандықтары туралы жазған құнды еңбектерімен танылып үлгерген Николай Иванович Веселовскийге (1848-1918) жинақтың редакторы болуға қолқа салады. Өзінің қауырт зерттеушілік жұмыстардан қолы тимейтініне қарамастан, Шоқан есімін ардақ тұтатын білікті ғалым да, оның әлі реттестірілмей, көбіне қолжазба, көшірме күйінде қалған еңбектерін редакциялаудың ауыр жұмысын атқаруға келісімін береді. Олардың көбін оған Потанин тауып беріп отырады. Петерборға

жұмыс бабымен келіп-кетіп жүргенде К. Гутковскаяға да жолығып, оның қолындағы қолжазбалардың арасынан біраз қажетті дүниелерді алып береді. Шоқан мұрасына аса ұқыппен қараған Катерина Карлқызының осы орайда да ерекше сақтық танытқанын байқар едік. Ол Потанинге қажет деп тапқан дүниелердің көшірмелерін алуға ғана рұқсат береді.

Содан К. Гутковская сақтап келген бұл қор тек 1920 жылы Петербордағы Ғылым академиясының мұрағатына тапсырылғаннан кейін ғана зерттеушілер назарына ілікті. Ол қолжазбалар арасында Шоқанның «Ыстықкөл сапарының күнделігі» мен «Қытай империясының Батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты жолсапар жазбалары, «Алтышәрдің, яғни Қытайдың Нан-Лу уәлаятының (Кіші Бұхараның) жайы» атты ең ірі еңбегінің толық түпнұсқасы, Қашқар сапарын ұйымдастыруға байланысты құжаттар, Гасфорттың, Гутковскийдің хаттары, «Қырғыздар туралы жазбалар», «Жамиғ ат-тауарихтан» үзінділер», «Ұлы жүз қазақтары туралы», «Құлжа мен Шәуешектегі сауда жайында», «Тарих-и Рашидиден» үзінділер, «Қашқар жұрты туралы» еңбектері, әкесі Шыңғыстың екі хаты, неше түрлі мұрағаттық материалдар бар екен /7, 130-б/. Содан бастап нөмірі 23-ші қор деп аталған бұл баға жетпес мұраларға зерттеушілердің қолы жетті. Шоқанның кейіннен Қазақ академиясы тарапынан, қазақтың ұлы ғалымы, академик Әлкей Марғұланның бас болуымен 1961-1972 жылдар аралығында жарық көрген тамаша бес томдық шығармалар жинағының да негізгі сүйегін осы қор материалдары құрады [1; 2; 3; 4].

Алайда 1887 жылы Потанин мен Веселовскийдің қайраткерлігімен қайтадан қолға алынған іс көп ұзамай тағы да тоқтап қалады. Алдында Дала генерал-губернаторлығына қарасты қаржы көздерінен ақшалай көмек жасауға уәде берген Колпаковский, 1889 жылы ол қызметінен Петерборға ауысып кетіп, көмек бере алмайтын болғандықтан, шығарушылардың қолы жіпсіз байланады. Потаниннің Шоқанның ағайындарынан қаражат сұрап, Шыңғысқа, Мұса Шорманұлының баласы Сәдуақас мырзаға жазған хаттары да нәтижесіз аяқталады. Содан кейін Потанин Омбыдағы Катанаевқа хат жазады. Оған Уәлиханов шығармаларының негізінен жиналып дайын тұрғанын, енді оны редакциялап, бастыратын қаражат табу үшін

Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімшесі жанынан жазылым ұйымдастырсақ қайтеді, одан түскен пайданың тиісті бір мөлшері сіздердің бөлімшелеріңізге де түсер еді, – деген ұсынысын жеткізеді...

Ақыры келер 1893 жылы ғана профессор Веселовскийдің күш салуымен (бұл кезде Потанин өзінің екінші Қытай-Тибет саяхатында жүрген-ді), Орыс география қоғамы есебінен Уәлихановтың шығармаларын бастыруға қаражат бөлінетін болып, ол кітапты дайындау жұмыстарына алаңсыз кірісе алған еді. Дегенмен қолжазбаларды реттестіру, түсініктемелерін жасау, Шоқанның өмірбаянын, естеліктерді әзірлеу, бірқатар көшірме қолжазбаларды түпнұсқалармен салыстыру мүмкіндігінің жоқтығы, тағы да біраз уақыт қолды байлайды. Оның үстіне Веселовский сол жылдары жаз сайын Кубан өңірінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен айналысып, атақты Майкоп мәдениетін тұңғыш ашушы да болған еді. Соның қыруар шаруалары да қабаттасып, Шоқан кітабы созыла-созыла, тек 1904 жылы ғана «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханның шығармалары» деген атпен Императорлық орыс география қоғамы этнографиялық бөлімі жазбаларының XXIX томы ретінде жарық көрді [7, 129-130-бб].

Онда Шоқанның «Абылай», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Қазақтың көне замандардағы қару-жарағы мен сауыт-сайманы», «Жоңғария очерктері», «Алтышәрдің, яғни Қытайдың Нан-Лу уәлаятының (Кіші Бұхараның) жайы» (Уәлихановтың есебінен үзінділер), «Сібір ведомствосы қазақтарының сот реформасы туралы жазбалар», бірқатар материалдардың алғашқы жөнделмеген нұсқалары («Көкетай ханның өлімі мен асы» жыры үзіндісінің, «Едіге» жырының орысша аудармасы мен «Шона батыр» ж.т.б.), «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары мен әпсаналары», «Қазақ шежіресі» сияқты еңбектері және Қолпаковскийге, Гутковскийге жазылған хаттар, оның өмірбаяны туралы Потанин дайындаған мағлұматтар, Ядринцев пен Ибрагимовтың естеліктері топтастырылған еді. Қосымша бөлімде Сыртқы істер министрлігі мұрағатынан алынған поручик Уәлихановты Қашқарға аттандыру жөніндегі құжаттар, оның өз қолынан шыққан барып-қайтқан жолдарының сипаттамасы, сондай-ақ Шоқанның Алтышәр туралы есебінің 1861 жылы

Географиялық қоғам жазбаларында жарияланбаған: «Халық құрамы», «Өлкенің билік жүйесі мен саяси жағдайы», «Өнеркәсіп және сауда» атты кейінгі үш тарауы берілді.

Жинақ Веселовскийдің «Метеор» деген кіріспесімен ашылды. Әйгілі профессордың ол мақаласы: «Шығыстану әлемі аспанынан, қазақ хандарының ұрпағы, әрі орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан құйрықты жұлдыздай ағып өте шықты. Орыс шығыстанушылары оны бірауыздан ғажайып құбылыс ретінде танып, түрк халықтарының тағдыры туралы ұлы да маңызды жаңалықтар ашады деп күткен еді, бірақ Шоқанның мезгілсіз қазасы біздің бұл үмітімізді үзді. Ол 30 жасқа да толмай, өкпе ауруынан қайтыс болды» [4, 500-503, 513-524-66], – деген сөйлемдермен басталған еді.

Бір жылдан кейін, 1905 жылы сол Петерборда профессор П.М. Мелиоранскийдің әзірлеуімен «Едіге. Жыр (Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз. Ш. Ш. Уәлихановтың қолжазбасы бойынша қазақша мәтіні)» деген атпен «Едіге» жырының Шоқан жинаған түпнұсқасы да жеке кітап боп жарық көрді. Мелиоранский осы басылымға кіріспе ретінде жазған мақаласында: «Едігенің» содан бір жыл бұрын Шоқанның шығармалар жинағында басылған орысшасында толығымен аударылмағанына, кей тұстарының қалып кеткеніне назар аударады. Сол себепті де Ш. Уәлихановтың өзі мұқият қарап, тексеріп кеткен осы түпнұсқа мәтіннің жарық көруі ерекше маңызды деп бағалайды. Оның айтуына қарағанда, Шоқан «Едіге» жырының мәтінін дайындау ісіне көп еңбек сіңірген. Оның нұсқаларын бір-бірімен салыстыра қарап, жыр желісін бір жүйеге салуға, тиянақтауға ұмтылған [4, 496-500-66; 49, 23-63-66].

Қазақ тілінде Шоқан туралы әзірге белгілі алғашқы мақалалар «Түркістан уәлаяты газетінің» 1870 жылғы 3-санында, 1872 жылғы 1-санында жарияланды. 1894 жылы «Дала уәлаяты газетінде» халықшыл жазушы Н.И. Наумов оны «биік ғылым мен өнер иесі, парасатты қазақ» [50, 517-519-66; 4, 563-567-66], деп бағалады. Ғалымның есімі мен еңбегі ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары, Алаш арыстары арасында оның 1904 жылы «Шығармалар жинағы» мен 1905 жылы «Едіге жыры» жарық көргеннен кейін кеңінен танылды. Әлихан Бөкейхан 1913 жылы

«Қазақ» газетінде әйгілі ғалым Г.Потанинге жылы лебіз білдірген мақаласында Шоқанды «орысша оқыған қазақтың ең естісі, артына кітап қалдырған» [51, 38-б], деп жоғары баға береді. Сол «Қазақ» газетінде 1915 жылы шыққан «Қара қыпшақ Қобыланды» мақаласында: «Кітап басқанда жер-су һәм кісі аттарын әліппе тәртібімен кітаптың аяғына басса һәм олар хақында кітаптың қайсы бетінде сөз бар екені көрсетілсе,.. кітап тәрбиелі болар еді,.. ана географически общество басқан Шоқан кітабы да осылай басылған...» [52, 317-318-бб; 51, 179-б], деп атап өтеді. Міржақып Дулатұлы 1914 жылы «Қазақ» газетінде Шоқанның өмірі мен ғалымдығын алаш жұртына таныстыру мақсатын көздеп «Шоқан Шыңғысұғлы Уәлиханов» деген көлемді мақала жариялады. «Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған. Шоқанның ғұмыры ұзақ болғанда, артына қанша пайдалы нәрсе қалдыруында шек жоқ, қазақ жайынан жинаған қанша материалдары өзі өлгеннен кейін баспаға кірмей жоғалған» [51, 105-110-бб], деп жазады. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы, М. Шоқай, С. Садуақасұлы, Қ. Кемеңгерұлы сынды Алаш қайраткерлері де өздерінің жазғандары мен сөйлеген сөздерінде Шоқан туралы пікірлерін білдіріп, оны «қазақтың оқыған азаматынан ең бірінші бұқараның мұңын жоқтаған, ұлтшылдық негізін салған...» (Кемеңгерұлы) [53, 24-48-бб], деген тұрғыда бағалады.

Кеңестік Қазақстан кезінде Ш. Уәлиханның өмірі мен шығармашылығын қарастырған толымды зерттеулер қырқыншы жылдардың ортасынан бастап шыға бастады. 1945 жылы Х. Айдарованың «Шоқан Уәлиханов» атты орысша монографиясы [54] жарық көрді. Осы автор 1947 жылы ғалымның мақалалары мен хаттарын топтастырған орысша жинағын [55] шығарды. Ол 1949 жылы қазақша аударылып басылды [56]. Осы басылым 1956 жылы 232 беттік көлемде «Жаңа өмір» журналының баспасынан араб әрпімен [57] шықты. Шоқанның 1958 жылы академик Ә. Марғұланның редакциясымен орысша басылған «Таңдамалы шығармалар» жинағына [58] ғалымның негізгі еңбектері мен хаттары енді. Ал Ш. Уәлихановтың 1961-1972 жылдар аралығында шыққан бес томдық шығармалар жинағы – оның жауапты редакторы болған Ә. Марғұланның халық алдында

атқарып кеткен ұлы еңбегі ретінде бағаланады Әлекеңнің осы шығармалар жинағының 1-ші томындағы «Ш. Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі» атты көлемі жүз беттей кіріспесінің өзін қазақ топырағында туған ғұмырнамалық очерктердің озық үлгісі [38] деп тануға болады. Осы ерекше бес томдықтың негізінде 1984-1985 жылдары оның жаңа басылымы [5] жарық көрді.

Шоқантануға қазақтың әйгілі жазушысы С. Мұқанов елеулі үлес қосты. Оның «Шоқан Уәлиханов» монографиясында көптеген деректік мағлұматтар бар [59, 8-138-бб]. Сондай-ақ жазушы қаламынан «Аққан жұлдыз» романы [60; 61], «Шоқан Уәлиханов», «Қашқар қызы» пьесалары [62] туды. Жазушылар С. Бегалин [63], С. Бақбергенев [64; 65; 66], С. Марков [67], И. Стрелкова [68], Ш. Ы. Уәлиханов [69] және тағы басқа авторлардың Шоқан туралы көлемді әдеби шығармалары жарық көрді. Ғалымның әр салада атқарған еңбектеріне қатысты С. Зиманов, А. Әтишев [70], Ш. Сәтбаева [12], Р. Сүлейменов, В. Моисеев [71], М. Елеусізов [72], О. Сегізбаев [73], О. Сұлтаньяев [74], С. Өтенияз [47, 78] сияқты зерттеушілердің монографиялары мен кітаптары шықты. Қаламгер-зерттеушілер С. Мұхтарұлы [75], Ж. Бейсенбайұлы [76; 77; 41], Н. Ивлев [79] және басқалардың деректі хикаялары, зерттеулері, көркем туындылары жарық көрді. Ш. Уәлихановтың шығармалары, олардың басылған жылдары, ғалым туралы жазылған мақалалар мен әдебиеттердің тізімі «Ш. Уәлиханов. Әдебиеттердің мазмұндалған көрсеткіші» [7] атты екі мыңдай әдебиетті (қазақша-орысша) қамтыған кітапта берілді.

Шоқанның әдеби мұралар мен жәдігерлерді жинауы мен зерттеуіне қатысты әңгіме, ол туралы жазылған еңбектер мен мақалаларда [9; 10; 11; 12; 13; 14; 15; 16; 17; 18; 19] әрдайым сөз болып, талданып келеді. Оларда ғалымның әдебиеттанушылығы, ауыз әдебиетін зерттеушілігі әр тұрғыдан қамтылады. Бұл тақырыпқа қатысы бар ғылыми зерттеулер де жүзеге асырылды. Шоқанның әдебиет ғылымына қосқан үлесі жайында Қ. Алпысбаева «Ш. Ш. Уәлиханов – фольклортанушы» (1998), Н. Қанафин «Ш. Ш. Уәлиханов – әдебиет зерттеушісі» (2000) деген тақырыптарда [18; 19] кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Біздің еңбегімізде Шоқан Уәлиханов тұлғасына әдеби мұра мен ортағасырлық жазба жәдігерлер зерттеушісі ретінде мән

беріледі. Қазақтың өткен замандарына тікелей қатысы бар жазба мұраларды терең зерделеген ғұламалығына көңіл бөлінеді. Шоқан зерттеген ол көне шығармалар арасындағы, содан бері мұрағат қойнауында мәлімсіз боп келген, енді ғана ғылыми айналымға түпнұсқасынан қазақшаға аударылып қосылған, факсимилесімен бірге жарық көрген құнды қолжазбаларға [34; 35] да жаңа дереккөз ретінде назар аударылады.

Еңбекте Ш. Уәлихановтың байырғы әдеби мұра мен жазба жәдігерлерді зерттеуіне байланысты атқарған еңбектері жан-жақты талданып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

– байырғы әдеби мұраға қатысты зерттеулері бір жүйеге келтіріліп, жаңа деректермен пысықталды;

– «Түрк шежіресі», «Шайбанинама», «Хан жарлықтары», «Жылнамалар жинағы», «Тазкира-йи Бұғра хан», «Тазкира-йи қожаған», «Тарих-и Рашиди» жазба мұраларын зерттеуі алғаш рет арнайы қарастырылды.

– «Тазкира-йи Бұғра хан», «Тазкира-йи қожаған» қолжазбаларының қазақшаға аударылған нұсқалары тұңғыш рет ғылыми жұмыс нысанына айналды.

– аталған жазба жәдігерлерді қазақ елі мен Орталық Азия өңірінің тарихына, әйгілі тұлғаларына қатысы бар құнды дерек көзі ретінде пайдаланғаны байыпталды;

Сондай-ақ:

– жазба әдеби ескерткіштердің түпнұсқалық тегі мен Шоқан назарын аударған тұстары салыстырыла айқындалды;

– жазба шығармалардың байырғы қазақ шежірелері мен әдеби мұраларында айтылатын Шоқан байыптаған сарындармен үйлесетін сипаттары анықталды;

– әдеби жәдігерлердегі Шоқан назарына іліккен және қазіргі уақытқа дейін өзгеріссіз қолданылып келе жатқан қазақ сөздері мен көркем тіркестер дәйектелді.

Ш. Уәлихановтың байырғы әдеби мұраны зерттеушілігін қарастыру барысында Шоқанның академиялық бес томдықтарындағы қыруар мағлұмат, тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың, соның ішінде шығыстанушылық ғылыми-теориялық еңбектер пайдаланылды. И. Березин [4, 478-480-66; 80], В. Вельяминов-Зернов [81], В. Радлов [82; 83], Г. Потанин [84], Н. Веселовский [4, 493-495, 500-503-66], П.

Мелиоранский [48], В. Бартольд [4, 503-505-66], П. Семенов-Тянь-Шанский [85], Ә. Бөкейхан [52], М. Дулатұлы [51, 105-110-66; 86], М. Әуезов [87; 88], Ә. Марғұлан [38; 39; 89], А. Кононов [29], Б. Кенжебаев [90]; В. Жирмунский [91]; В. Юдин [21; 92; 93; 94], С. Ибрагимов [95, 96], С. Мұқанов [10], М. Ғабдуллин [97], С. Зиманов [70], Ә. Қоңыратбаев [98; 99; 100], Ә. Нәжіп [101], Ы. Дүйсенбаев [102], З. Ахметов [11], Б. Уақатов [103], Б. Адамбаев [104], Р. Бердібай [105; 13], М. Мағауин [106; 107], Р. Нұрғали [108; 109], С. Қасқабасов [110; 111; 36], Н. Келімбетов [37], Р. Сүлейменов [71], Р. Сыздықова [27; 28], М. Қойгелдиев [27], Б. Әбілқасымов [23; 24], М. Жолдасбеков [15], Ш. Сәтбаева [12], Ә. Дербісәлин [16], А. Ибатов [112], А. Григорьев [25], А. Сейдімбек [113], А. Қыраубаева [114], Ә. Дербісәлиев [16], С. Негимов [115; 17], Ж. Смағұлов [116], М. Ғұмарова [117], Т. Жұртбай [118], Қ. Алпысбаев [119], Ж. Тілепов [120], Ш. Ыбыраев [121], Д. Қамзабекұлы [53], К. Матыжанов [122], У. Қалижанұлы [123], С. Қосан [34], А. Нұрманова [35; 124], ж.т. басқа ғалымдар еңбектері мен ұжымдық зерттеулердің ғылыми-әдіснамалық негіздері бағыт-бағдар ретінде ұстанылды.

Зерттеу нәтижесінде мынадай негізгі тұжырымдар нақтыланды:

– Ш. Уәлиханов байырғы әдеби мұраларды ғылыми түрде зерттеген тұңғыш қазақ ғалымы;

– ғалым түрк халықтарына ортақ жазба мұраларды қазақ халқының да төл туындылары қатарында екенін алғаш дәлелдеді;

– қазақ пен қырғыздың байырғы әдеби жәдігерлері мен ортағасырлық түрк жазба ескерткіштерін Орталық Азияда бірінші болып зерттеп, орыс тіліне аударып, кең өріске шығарды;

– ғылымға бұрын беймәлім болып келген аса құнды әдеби жәдігерлер мен қолжазбаларды тауып, оларды ғылыми айналымға түсірді;

– Шоқан әдеби мұраны зерттеу ісінде өзіндік тәжірибе қалыптастырып, ғылыми ой-пікірлер ұсынды;

– оның бірнеше тіл білуі, көне қолжазбаларды еркін оқи алуы, ғылыми талдау мен сараптаудың жүйелі жолын меңгеруі, жазғанын орайлы жеткізе білуі, ұлт тарихы мен тұсындағы рухани сұранымын тоғыстыра отырып, зерек байламдар жасауы әлемдік және отандық ғылымда «Ш. Уәлиханов қағидатын», «Ш.

Уәлиханов жолын», «Ш. Уәлиханов бастамасын», «Ш. Уәлиханов тұжырымдамасын» айқындады.

Зерттеудің ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңызына келер болсақ, еңбектің қорытындыларын ежелгі дәуір әдебиеті мен түрк халықтары әдебиеті тарихын оқытатын пәндерге, байырғы әдеби мұраларға қатысты дәрістерге, сонымен қатар Шоқантану курстарына керек дереккөз еңбек ретінде пайдалануға болады. Оның материалдары байырғы әдеби мұраны зерттеу тақырыбы бойынша деректік негізді байытуға көмектеседі, әдебиет тарихы туралы болашақта жазылатын еңбектерге мағлұмат ұсына алады. Жастарды ұлттың әдеби-мәдени мұралары негізінде тәрбиелеу мен оқытуға, қоғамдағы мемлекеттік сананы жетілдіруге пайдалануға болады.



I. ШОҚАН ЖӘНЕ БАЙЫРҒЫ ӘДЕБИ МҰРА



I. 1. Ғалымның ғылыми-көркемдік дүниетанымы және рухани құндылықтар

Ғалым, ағартушы Шоқан Уәлиханов қазақ және туыстас түрк халықтарының байырғы әдеби мұрасы мен жәдігерлерін зерттеу саласында қыруар жұмыстар атқарып кетті. Ол қазақ жырлары «Едіге» [125, 51-82-бб; 49], «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» [3, 53-100-бб; 126, 29-67-бб], қырғыз эпосы «Манасты» [1, 289-300-бб; 39; 25, 257-283-бб; 40] жазып алып, орысшаға аударды. Шоқан ауыз әдебиеті үлгілерінің бір тобы – тарихи өлеңдер, жоқтаулар, айтыс сөздерді қағазға түсірді. Солардың арасында Бұқар жыраудың Абылайға арнаған өлеңдері, «Абылай туралы жыр», «Орақтың жырлағаны», «Қара батырдың толғағаны» сияқты інжу-маржандар бар [1, 169-192-бб]. «ХҮІІІ ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз әңгімелер» [1, 220-227-бб] еңбегінде де қазақ тарихында орны бар белгілі тұлғалар туралы қызықты деректер келтіреді. «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» [1, 196-

202-бб] еңбегінде өлең жанрларының ерекшелігін ашып, сыпаттама береді, жіктейді.

Сол кезеңде «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» сериясы бойынша орыстың көрнекті түрктанушысы, Қазан университетінің профессоры И.Н. Березиннің дайындауымен шығып жатқан «Шайбаниаманың» түркше нұсқасы (1849 жылы), Әбілғазының «Түрк шежіресінің» орысша аудармасы (1850 жылы), «Хан жарлықтары» (1850 жылы) еңбектері мен Қадырғали би Жалайыридың сол кездегі қазақшаға жақын тілде жазылған «Жамиғ ат-тауарих» (1854 жылы) секілді құнды жәдігерлерді қызыға оқып, соңғы екеуі туралы [1, 121-168-бб] толымды зерттеулер жазды. Ол Хиуа ханы Әбілғазының (1603-1664) Қазан қаласында 1825 жылы түркше түпнұсқасы бойынша басылған «Шежіре-и түрк» кітабын бұрыннан жақсы білетін. Сонымен қатар Ақсақ Темір әулетінен шыққан ұлы қолбасшы, тарихшы, Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Захириддин Бабырдың (1483-1530) «Бабырнама» кітабымен де түбегейлі таныс болды. Ғалым ортағасырлық қыпшақ түркшесі үрдісімен жазылған осы жәдігерлердегі қазақ тарихына қатысты тұстарына зерделей қарап, әрдайым зерттеу еңбектерінде пайдаланып отырды.

Шокан Қашқардан қайтарда өзімен бірге түрк жұрттары арасында мұсылман дінін енгізуде ерлік танытқан халифат батыры Әбумүсілім туралы жергілікті аңыз сарындары енген «Әбумүсілім Марузи» атты хикаяны, Әли ибн Хұсейн Кашифидің (Ас-Сафи) 1503 жылы жазған парсы тіліндегі «Рашахат айнед хаят» («Өмір қайнарының тамшылары») атты шейхтар мен әулие-ишандардың ғұмырнамалары, уағыздары жинақталған шығарманы, шағатай түркшесі жазба стилінде жазылған «Тазкира-йи Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы», «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан» қолжазбаларын, қашғарлық белгілі ақын, тарихшы Мұхаммед Садық Қашқаридың 1771 жылы бітірген «Тазкира-йи қожаған» атты Қашқар өңірі тарихына қатысты құнды кітабын да ала келіп, ғылыми ортаға таныстырды. Петерборда еңбек еткен уақытында университет кітапханасының қорында бар Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1449-1561) «Тарих-и Рашиди» шығармасының парсыша нұсқасын Ғылым академиясы мұрағатындағы Мұхаммед Садық Қашқари аударған оның

шағатай түркшесімен салыстыра отырып, Хайдар мырзадай әйгілі тарихшының осы зор еңбегі туралы [1, 392-425; 437-450-бб; 3, 179-180; 429-483-бб] еуропа ғылымындағы алғашқы зерттеулерді жазды.

Шоқанның байырғы әдеби мұраларды зерттеуге ұмтылысы бала кезінен, әкесі аға сұлтан Шыңғыс Уәлиұлының ықпалымен басталған еді. Бес жасынан хат танып үлгеріп, қабілет көзі ерте ашылған Шоқан, жеті жасқа келгенде өзі дүниеге келген Күнтимес қыстауында ашылған мектепте білім алуға кіріседі. (Бұл орайда осы еңбек авторының Шоқанның туған жеріне қатысты ізденістерінің нәтижесінде, бүгінде Қостанай облысы Сарыкөл ауданының аумағына енетін Күнтимес ауылы ғалымның кіндік кескен мекені екендігі дәлелденгенін, ғылыми ортада мойындалғанын, бұл ақиқаттың кейінгі жылдарда «Мәдени мұра» бағдарламасымен шыққан деректер арқылы тұжырымдалғанын да [127, 143-144, 342-бб; 41, 66-76-бб] ескерте кеткіміз келеді). Аға сұлтан әкесі ашқан осы Күнтимес мектебінде шәкірттер қазақша таза оқып, жаза білуді, ортағасырлық түрк (қыпшақ, шағатай) тіліндегі дүниелерді тануды, арабша, парсыша сөйлеу дағдыларын үйренетін, шығыс ақындарының өлеңдерін жаттайтын, қазақтың халық эпостарымен танысатын, тарих пен есеп пәндерін өтетін.

Ғалым «Едіге» жырын жазып алу тарихына қатысты кейіннен: *«Мен бұл жырды бірінші рет Аманқарағай дуанындағы аз ата күрлеуіт қыпшақтың ауылында, ақын Жұмагұлдан 1841 жылы естідім»*, – деп жазады. (Кейінгі жылдарда жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, ол ақынның аты Жаманқұл екені анықталды). Шоқан бұл кезде алты жаста. Сол жылы әкесі Шыңғыс осы жырды баласы екеуі Жаманқұлдан жазып алғасын, соңыра оны тағы да бір мәрте айтқызып, үстінен толықтырады. Үшінші рет ол атығай Арыстанбай жыраудың нұсқасы бойынша қайта жазылып алынады. *«Содан кейін 1842 жылы әкем Шыңғыспен бірге осы үш нұсқаны салыстыра отырып, ортақ мәтін шығардық. Оны Ахмет қайтадан көшіріп берді»* [4, 496-500-бб], – дейді ғалым. Ал осындай үлкен еңбекті атқаруға қолғабыс берген Шоқан сол кезде жеті жаста ғана болатын.

Өзі кейіннен: «Қазақтың ең тамаша тарихи жыры – Едіге, ол – Тоқтамыстың жарлығы туралы еңбекте айтылатын сол Иди́ке, Эде́ку және Иди́гей, Ворскла бойында литваның ұлы князі Витовтты тас-талқан еткен, Алтын орданы төрт ханның тұсында еркінше билеген сол бек-манап әрі қолбасы» [1, 201-202-бб], – деп жазған осы жырдың түйдек-түйдек боп төгілетін көркем шумақтары, әуелден-ақ жас баланы ерекше әсерлерге бөлеген еді. Әсіресе оны жырдағы Едігенің өзіне қастық ойлаған орда билеушісі Тоқтамыс ханға ренжіп, Еділ асып кетпек болғанда, оның кек алуынан қорыққан Тоқтамыстың «өкпелемей ордаға қайтуын сұрап», соңынан арнайы жіберген тоғыз батырға қайтарған жауабындағы адуын ырғақтар аса риза еткені де анық.

Едігенің хан сәлеміне:

*Мен қайтпан-ды, қайтпан-ды,
Қайтып Еділ өтпен-ді.
Еңсегей биік боз орда,
Еңкейіп сәлем бермен-ді
Еңсеме емен болат шоқпар тиген-ді;
Ерні жұқа сары аяқ,
Хан сарқытын ішпен-ді
Ернім желге бұлғанды;
Жауырындары жақталы,
Түйме бауы тартпалы,
Тонберсең де кимен-ді.
Иініме ногайдың,
Жалғыз қотыр ұшығып шыққан-ды.
Көк ала жорға ат мініп,
Көн дабылпаз байланып,
Ұшан теңіз айналып,
Тұтам бауы сары алтын,
Ақсұңқар құс берсе де,
Көл айнала шүйе алман...
Арбаң да арбаң жүгіртіп,
Адымын жерде қуыртып,
Арғымақ ат берсе де,
Салтанат қылып іле алман.
...Қысыр жыланөзекті,*

*Қолтыраудай танаулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы,
От орнындай тұяқты,
Қизан қамыс құлақты,
Ат берсең де міне алман [1, 197-б; 125, 51-82-бб], –*

деп шамырқана қайтарған жауабындағы дала қаһармандарына тән асқақ рух бала Шоқанды да өзге тыңдаушылармен бірге айрықша тамсандырып, елдің көне тарихындағы сонау бір еңкуеңку жер шалған, егеулі найза қолға алған жауынгерлік замандар көз алдыға келгендей әсерге берілетін...

Әлбетте, Шоқанның ғылыми-көркемдік дүниетанымының, рухани құндылықтарды бағалау машығының қалыптасуына әке тарапынан тиген әсердің жөні бөлек болғандығы да даусыз. Шыңғыс Уәлиұлы өз заманындағы аз ғана көзі қаракты, білімді адамдардың бірі еді. Мұрағат мәліметтері әуелі Сырымбет медресесінде қазақша жақсы сауатын ашқан, Омбы әскери училищесінің жанындағы Азиялық мектеп тәлімін қазақтан алғашқылардың бірі болып көрген Шыңғысты әдебиет пен ғылымға жаны жақын, елдің тұрмысын, әдет-ғұрпы мен өнерін зерттеушілерге таныстыруда бірталай еңбектер жасаған адам ретінде байыштатады.

Әр саладан хабары бар аға сұлтанға орыс ұлықтары да кей жұмыстарды сеніп тапсыратын. Мәселен, Сібір қазақтары облысының шекара бастығы полковник М. В. Ладыженскийдің өзі 1840 жылдың ақпанында оған мынадай хат жазады.

Сол кездегі кітаби қазақша тілмен жазылған хатта аға сұлтанға деген ықылас та өзгеше.

«Зияда гизатлу уа хұрматлу Аманқарағай дуанының аға сұлтаны майыр Шыңғыс Уәлиұғылына.

Сізге тапсырып айтатыным сол ки, маған қазақ халқының өлеңін, жырын, ертегісін, бұрынғыдан қалған қария сөздерін, қиссаларын, хикаяттарын, мақалдарын жиып жазып жібергейсіз. Мұның бәрісі де қазақ халқының арасында көп шығар», – деп басталатын хат бұдан кейін ауыз әдебиеті үлгілерін қалай жинау керектігін түсіндіреді. Олар әрқайсысы өз мәнісіне қарай жеке-жеке дәптерге жазылса жөн болатынын

айтады. – «Әгерки, өзіңізге жақын жерлерде ойран болған ескі жұрт бар болса, саулыққа пайдалы шипа (арасан) сулар болса, не жазуы бар тастар болса, солардың бәрінің есімдерін біліп, солар тақырыпта айтылып қалған қисса сөздерін жиып үшінші дәптерге жазыңыз» [4, 232-233-бб], – деп пысықтайды тағы.

Шыңғыс бұл тапсырмаларды орындауға іле-шала кірісіп те кетеді. Солардың ең алғашқысы, оның Күнтимеске жақын жердегі көне Қараоба мекенінің орнында ірге көтерген дуан орталығы Аманқарағай бекінісіне айнала ор қазу кезінде табылған мыс қазанды Омбыға жіберуі болған. Шыңғыстың Ладыженскийге жазғанына қарағанда, сол ордан қыш құмыралар да ұшырасқан, бірақ олар қолмен абайлап ұстамағандықтан үгіліп, күлпаршасы шыққан еді [4, 233-234-бб].

Ал ауыз әдебиеті үлгілерін жинай бастағанының бір белгісі – оның Шоқан еске алған «Едіге» жырын жазып алуы. Әкелі-балалы екеуінің одан кейін де «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларының бірнеше нұсқасы, «Еркөкше-Ерқосай» мен «Орақ батыр» жырларын, халық аузындағы өзге де көптеген шығармаларды қағазға түсіріп, зерттеушілерге тапсырып отырғаны белгілі.

Шыңғыс 1850 жылы Орыс география қоғамының сұрауы бойынша, Ресейді мекендейтін халықтардың киімдеріне арналған этнографиялық музейге қазақтың ер адамының бастан-аяқ тұтынатын ұлттық киімінің үлгісін жібереді. Құрамында түлкі тымақ, кәмшатпен әдіптеліп, оқаланған барқыт тақия, қызыл мәуітіден тігіліп, жібекпен кестеленген шалбар, әртүрлі жібекпен өрнектеліп, жиектері барқытпен, кәмшатпен көмкерілген, астары сиса ешкі жарғақ, сәнді етік, күміс орнатқан қалта, күміспен қапталған қыны бар кездік, жасыл барқытпен көмкеріліп, күміс орнатылған шақпақ және теріден жасалып, күміспен қапталған дәрі қалтасы бар бұл киім үлгісі Географиялық қоғамдағыларды да аса риза етті. Олар Омбы шекара әкімшілігі арқылы осы киімді жібергені үшін өздерінің шын пейілді ықыластарын Құсмұрын дуанының аға сұлтанына жеткізуді өтінеді.

Мұрағат деректері Шыңғыстың бұдан кейін де орыс көрмелерімен байланысы үзілмегенін байқатады. Ол 1865 жылы әкесі Уәлидің қалқаны мен дулығасын қырға келген Дала комиссиясының мүшесі, полковник А.К. Гейнске музейге қою

үшін тапсырса, 1867 жылы Мәскеуде өткен көрмеге және 1876 жылы Петерборда өткен III Халықаралық шығыстанушылар конгресіне бірталай құнды экспонаттар жібереді. Олардың арасында әсіресе сырты күміспен, алтынмен көмкеріліп, маржан тастармен әшекейленген тері қорамсақ, бес жебесі бар садақ, жібекпен кестеленген астары сиса мәуіті шалбар, балдағына күміс орнатылған қылыш, пілтелі қысқа мылтық, алтынмен зерленіп, кәмшатпен әдіптелген тақия, шұғамен көмкеріліп, кәмшатпен жиектелген түлкі бөрік, күміспен әшекейленген қайыс жүген секілді бұйымдар ерекше көзге түскені белгілі [4, 237-241-66].

Осы дәйектерден-ақ Шыңғыстың ел билеушілік қызмет атқара жүріп, өнер-білімге жақын пейілдегі адам болғанын аңғару қиын емес. Соның бір белгісі, Шоқанның туған жері Күнтиместегі ордасында қазақ мектебін ашуы. 1842 жылы ашылған бұл мектептен аға сұлтанның балалары ғана емес, сол төңіректегі қазақ балалары да тәлім алды.

Осы орайда Шыңғыстың задыда балаларының тәуір білім алуына көп көңіл бөлгендігі байқалады. Оның басқа ұлдарының арасында да өз қабілет-қарымымен ерекше байқалған тұлғалар шықты. Шоқан інілерінің ішінде әсіресе Петербор көркемөнер мектебінің тәлімін көрген шебер суретші Мақының; Омбы кадет корпусын бітірген соң біраз жыл әскери қызметте болған, кейіннен одан босап шығып, Сырымбетке келіп орныққан, орыс және шетел әдебиетін терең білетіндігімен көзге түсіп, шығыстанушылармен, инженерлермен тығыз байланыс құрған Махметтің; жастайынан қайтыс боп кеткен дарынды ақын әрі сазгер Сақыпкерейдің (Қозыкенің) орындары бөлек болды.

Олардың бәріне байырғы мәдени мұраны жинаушылыққа, зерттеушілікке, халық поэзиясы мен музыкасына бір табан жақындығы бар әке шаңырағындағы рухани тәлімнің өзіндік пайдасы тигендігінде күмән жоқ.

Өзі ұшқан ұяның сол сырлы әсерін Шоқан да зерек байыптап өсті. Аға сұлтан ордасына әйгілі би-шешендер, ақындар мен жыраулар, әншілер мен күйшілер ат басын жиі бұрып жатады. Олар осында әртүрлі айтыстар мен өнер сайыстарын өткізеді. Шоқан кішкентайынан Зілғара мен Ықылас, Шәңкі мен Асаубай, Жазы мен Арықбай сынды би-шешендердің, Жанақ пен

Жаманқұл, Арыстанбай мен Нұрымбай, Шөже мен Орынбай секілді жүйрік ақындар мен жыраулардың, Көке мен Шәкендей жезтаңдай әншілердің, Досжан күйшінің, ертегіші Кәркенің, Құрымбай мен өз ағасы Қанғожа қобызшылардың өнерлерін тамашалап өскені мәлім. Олардың қиыннан қиыстырып, төтеннен төге сөйлейтін даналық ойлары, тынысты жырлары мен сазды әуендерінен жас бала өз бойына елді, ұлтты сүюдің жарқын дәстүрлерін әуелден сіңіргені де анық.

Аға сұлтан ордасына жер шенегіш инженерлер, топографтар мен суретшілер, ғалымдар мен саяхатшылар да жиі соғып тұрған. Олардан зерек бала – болашақта қазақтың тұңғыш кәсіпқой суретшісіне айналатын Шоқан сурет салудың алғашқы тәлімдерін алған. Әкесі зерттеушілер кеңесімен қазба жұмыстарға араласып, этнографиялық мүліктер жинап, қазақтың ауыз әдебиетінің үлгілерін жазып алып жүргенде, қасынан табылатын сенімді көмекшілердің бірі болғанын да білеміз. Ол үшін өз халқының бағзы замандардағы тарихына үңілудегі әуелгі ынтызарлық – әке ықпалының әсері мол тиген сол бір балдырған шақтардан да бастау алған еді [41, 81-82-бб].

Сонымен бірге Шоқанның байырғы әдеби мұраға, рухани құндылықтарға құмарлығының оянып, қалыптасуына оның әжесі Айғанымның ықпал-әсері де мол болды. Сауаттылығы бір басына жетерлік, әр тілден хабары бар білімді әже бес жасынан хат танып, жеті жасынан бастап, әкесімен бірге халық жырларын қағазға түсіруге қолқабыс беріп жүрген Шоқанның алғырлығына әуелден дән риза болатын. Өзі ұдайы хан ордасы – Сырымбеттегі атақонысында тұрса да, Есілдің оң саласы Аққанбұрлық өзені алабындағы жайлауларына келген кезде, Обаған бойындағы аға сұлтан қыстауы – Күнтиместен алып-ұшып жететін осы немересін қасына көбірек тартып, әртүрлі ертегілер, аңыздар мен өлеңдер айтып беріп, жаңылтпаштар мен жұмбақтар үйрете жүріп, біртін-біртін өзінде бар шығыс қиссалары мен дастандарын да тыңдата бастады. Талайын жатқа жырлап береді. Шоқан әріп танығаннан кейін оларды немересінің өзіне оқытатын болды. Жайлаудан қайтарда Шоқанды Сырымбетке ала кетіп, оқу басталғанға дейін бір айдай қасында ұстап, мәнерлеп оқуға үйретіп, ағайын-туғанға тыңдаттырып отырғанды да тәуір көрді.

Айғаным әженің ордада ұстайтын сандығында кітап боп басылған да, қолжазба түрінде көшірілген де қисса-дастандар жетерлік еді. Ел аузында тараған діни қиссалар – «Салсал», «Зарқұм», «Жұмжұма», махаббатты жырлаған «Жүсіп-Зылиха». «Ләйлі-Мәжнүн», «Бозжігіт» дастандарын Шоқан әжесінің арқасында кішкентайынан біліп өсті. 1807 жылы Қазанда кітап болып басылған «Сейпілмәлік» дастанын де әжесі сол сандықтан алып оқытты. Көп шығыс қиссалары сияқты, «Мың бір түн» ертегісінің негізінде дастанға айналдырылған бұл кітапта да ескі кітаби тіл орамдары, араб, парсы сөздері көп кездеседі. Түсінбеген жерлерін әжесінен сұрап алады. Оның араб-парсы сөздеріне, ортағасырлық түрк жазба тіліне құлағының жаттығуы мен ұғынуына Күнтимес мектебінде алған тәліммен қоса, сол қиссалардың да жәрдемі көп тиді. Ел арасында Мысыр патшасы Қасымның Сейпілмәлік атты ұлы мен Бәдіғұлжамал перизат арасындағы адал махаббатты жыр еткен осы дастанның қазақ тіліне бейімделіп, жатық жырланған нұсқасы да бар екен. Оны да бір күні әжесі айтып берді. *«Қолыма қағаз бенен қалам алдым, дүниенің опасына қайран қалдым. Кәріптер жұрт ішінен тыңдасын деп, қисасын Сейпілмәлік хатқа салдым»* [128, 412-б], деп басталыпты.

Қазақ ішінде көп жайылған жырлардың бірі «Бозжігітпен» те алғаш рет әжесі таныстырды. *«Заманнан көп замандар өтті дейді, бір ханға жалғыз ұлы бітті дейді. Жақсы ұзақ дәурен көрмек бар ма? Дүниеден арманымен өтті дейді. Бір ұл туды патшаға, жұртқа лайық, сауын айтып той қылды елге жайып»* [128, 346-б], деп басталатын дастан да «Сейпілмәлік» сияқты жігіт пен қыздың іңкәр махаббатына арналады. Бір-бірін түсінде көріп ғашықтық дертіне шалдыққан Бозжігіт ханзада мен Қарашаш ханша өздерінің асыл сезімдері үшін бар қиындықты бастан кешеді, соның жолында жандарын қияды. Екеуінің алғаш кездесу қуанышында Қарашаштың қасында жүрген қырық қыздың жар-жар айтып қошемет көрсетуі – Шоканның өзі әрдайым қазақтың үйлену тойларында көріп жүретін салт-жораны еске түсірер еді. *«Алһамду сурет құраның, басыңда тұр жар-жар! Пайғамбарлары Алланың, қасыңда тұр жар-жар. Бірі – меруерт, бірі – маржан, тізіліп тұр жар-жар! Бірі – хан-дүр, бірі – ханша, жар болыпсың жар-жар! Бірі – тоты, бірі –*

бұлбұл, жар болыпсың жар-жар! Бірі – алтын, бірі – күміс, түс болытсыз жар-жар!» [128, 359-360-бб]. Алайда қыздың қатал хан әкесі олардың қосылуына қарсы шығып, Бозжігітті өлімге бұйырып, басын шаптырады. Бұл сұмдықты естіген Қарашаш зарын төгіп жүріп, қасына жүз жиырма құл алып, Бозжігіттің басына мазар тұрғызады. Ол біткесін мазар ішінде өзіне-өзі пышақ салып, сүйгенімен мәңгілікке қауышады. Әжесінің сұрауымен осы жырды мәнерлеп оқып отырған кезде, әсіресе екі жастың қаза табатын тұстарына келгенде, оны тыңдаған жұрттың уайымға көміліп, қыз-келіншектің көз жасын мөлт-мөлт сорғалатқанын талай көргенін де Шоқан жазбаларында меңзеп кеткен.

Бір жылы жайлауда әкесімен бірге Жанақ ақыннан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазып алған кезде, оның кішкентайынан желісі таныс сол «Бозжігіт» дастанымен үндес, сарындас екенін де байқағаны анық. Онда да Қозы мен Баянның қосылуына қыз әкесі қарсы болып, ақырында екеуі де бір молада мәңгілікке табысатыны сияқты «Бозжігіт» те солай аяқталады.

Жанақ ақынның қобызбен қосыла орындаған «Қозы Көрпеш» жырын әкесі екеуі қағазға тазалап көшіріп отырған кездерінде Шоқан әкесі Шыңғыстан осы жырды айтушылар жөнінде де бірқыдыру мәлімет алғаны, бұл жырды әкесінің ағасы Болат Уәлиханның да ерекше шалқыға жырлағанын, осы жырды Петерборда айтқанын естуі мүмкін. Болат сұлтан Уәлихан атасының үлкен баласы Абайдідданың тұңғышы. 1828 жылдан 1837 жылға дейін атығайдың майлы-балта болысын басқарып, ел билігіне араласқан кісі. Қыстауы Көкшетаудан шығысқа қарай сексен шақырымдай жердегі Жыңғылды, Қандыағаш деген жерлерде. Жасы Шыңғыстан бір-екі жастай кіші.

Тарихи құжаттарда жаңадан болыс боп сайланған Болаттың қазақтың бір топ игі жақсыларымен бірге 1828 жылы ақ патшаға жолығып қайту үшін Петерборға барғандығы жазылып қалған. Сол барғанында, Болаттың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» жырлайтынын естіген ұлықтар мен оқымыстылар Сенат үйінде оны тыңдау үшін арнайы жиын ашады. Жиналғандар алдында Болат төре «Қозы Көрпешті» үш күн бойы жырлап, тыңдаушыларды аса таңғалдырады. Бұл әңгіме Петерборға тегіс жайылады. Академик Ә. Марғұлан Болаттың Сенатта жыр

төккені туралы сол әңгімені Петерборда шығатын «Северная пчела» газеті де жариялағанын жазады [89, 297, 311-66]. Сондай-ақ әкесінің Шоқанға қиссаны дәл Болат сияқты ұзақ түрде толғайтын тағы бір жыршының – ана жылы өздеріне «Едігені» жырлап берген атығай Арыстанбай ақын екенін айтқаны да анық. «Қозы Көрпешті» – қаракесектің қамбары Жанақ ақыннан басқа, Көкшетау дуанының аға сұлтаны болған Әбілқайыр Ғаббасұлы Уәлихановтың қасында көп жүретін атығай-қырғыздың соқыр ақыны Шөженің де жырлағанын Шоқан қаперіне салуы кәміл, деп болжауға болады [89, 315-319-66].

Шоқан балалық шағынан Айғаным әжесінен көп ертегілер мен өлеңдер, одан кейін шығыс хикаяларын ести жүріп, біртін-біртін тойларда, аға сұлтан ордасындағы жиындарда неше түрлі арқалы ақындар толғайтын қазақтың төл дастандары, батырлық жырларымен де жақынырақ таныса бастайды. Бұл ретте оған алты-жеті жасар кезінде әкесі екеуі «Едігені» жазып алған Жаманқұл мен Арыстанбай, «Орақ батырды» жырлаған Нұрымбай ақындардың ағыл-тегіл жыр төгулерінен алған әсер тым ерекше болған. Одан бері де сол дүлдүлдердің және басқа да айтушылардың аузынан «Ер Көкше – Ер Қосай», «Ер Тарғын», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қамбар батыр», «Шора батыр» сияқты жырларды қызыға тындайды. Олардың қай-қайсысы да тындаушыны ерен ерлік рухына жігерлендіреді, ел мен жер үшін өткен қиян-кескі шайқастар ортасында жүргендей хал кештіреді. Шығыс хикаяларындағыдай емес, қазақ сөзінің сом-сом адуынды, әсерлі күші, қиыннан қиыстырған сара-сара інжу-маржандары да осы батырлық жырлар шумақтарында молынан ұшырасады. *«Көктің құсы көгаршын, көктеп ұшар жем үшін. Көгала қамқа жамылып, Орақ жортар мал үшін. Тым-тым ұшан, тым ұшан, теңіздер кештім мал үшін... Қара сабам жоқ үшін, қатардан көшім кем үшін. Үйге де келіп қорландым, түзге де барып зарландым. Тәрде тұрған сай жебе, сілкіп алып байландым...»* [1, 188-189-66], – деп Орақ батыр толғанса; *«Мен тауға ұялар сұңқармын– тау бөктерлей жортармын, торлаусыз өскен құланмын – мезгілсіз жусап өрермін. Божығаннан ащымын, сербет құйсаң тұщымын»* [120, 66-6], – деп Едіге шамырқанады. *«Омыртқамда он жара, оңғарыла алмай келемін. Қабырғамда қырық жара, қимылдай алмай келемін. Толарсақта тоқсан екі*

бар жара, толғана алмай келемін» [128, 158-б], – деп Ер Көкше күніренеді. «Көгілдірін еріткен, көлдегі құлар шулайды. Шулағанға қарасам, көктен құстар соғылғанға ұқсайды» [128, 185-б], – деп Ер Тарғын қамығады.

Дала жұртының табиғатпен біте қайнасқан тіршілік дағдыларын, олардың бір кездерде айбынды ордалар құрған қаһармандық замандарының қадау-қадау суреттерін көз алдыға әкелетін көркемдік бітім, эпос кейіпкерлері асқақтата көтерген ерлік пен батырлықтың қуатты рухы бала Шоқанның ауыз әдебиеті мұраларына деген айрықша қызығушылығын одан әрі арттыра түсті деп білеміз. Аға сұлтанның арнайы шақыруымен ордаға жыр айтуға келетін ақындардың өлең-жырларын әкесімен бірге отырып жазып алу, көшіру – ол үшін жарқын да қызықты сәттердің бірі болған. Сондықтан ол мұндай шығармашылық жұмысқа ерте жастан ынты-шынтасымен кірісті деуге толық негіз бар.

Шыңғыс та баласы Шоқанның бұл ықыласын қолдап-қошеметтеп отырған. «Сенің өнер-білімге үйірлігің – Абылай бабаңа тартқандығыңның бір нышаны» деп көтермелеп отыратын дейді естелік айтушылар. Содан кейін Қазақ Ордасын билеген Ұлық хан бабасы Абылайдың әйгілі күйші ретінде де танылғанын, оның «Қара жорға», «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шанды жорық», «Садаққақпай», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Қайран елім», «Майдақоңыр», «Сары бура» сияқты күйлері барын білген. Болат Уәлиханов ағасының «Қозы Көрпешті» жырлап жүрген шандоздығы да сол асыл тектен дарыған ерекшелікке саятын. Уәли тұқымдары арасында Абылайдың күйшілік қасиеті тікелей өз інісі Қанғожаға қонғанын, оның бүгіндері елге белгілі қобызшыға айналуы да сол асыл тектен бастау алатынын бала Шоқан сол уақытта естіген. Академик Ә. Марғұлан Шоқанның бес томдық шығармалар жинағына кіріспе ретінде жазған «Ш.Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметінің очеркі» атты тамаша еңбегінде ел аузында Шыңғыс сұлтанның: «Бақыт – менікі, өнер – Қанғожанікі» [1, 85-б], дегендігі жөнінде мәтел қалғандығын да айтып өтеді

Шоқан да әкесінен жеті-сегіз жастай кіші осы ағасына ерекше үйір боп өскені белгілі. Қанғожаның құйқылжытып қобыз тартатын шеберлігіне қоса, сұңқар ұстап, құс ілетін салымды

саятшылығы да болыпты. Жаз кезінде Шоқанды талай мәрте айдын көлдер мен томарлардың қамыс-қоғасына ұя салған қаз-үйрекке бірге алып шығып, құсбегілік өнердің де нешеме әдіс-тәсілдерін көрсеткені туралы деректер бар. Алайда Шоқан үшін Қанғожа ағасының қобызшылығының жөні бөлек еді. Жыл сайын жайлауға жетісімен, қобызшы ағасының күйін тыңдауға асығады. Алғашқы күндердің әбігер-қарбаласы саябырсығаннан кейін үйіне арнайылап барып, қобыз шалуын өтінетін [38, 85-б; 41, 94-б].

Ағасының тартар күйлері неше алуан болған. Алдымен күңіретіп Қорқыттың «Тәңір биінен» бастайды. Сонан соң «Сарын» мен «Тарғыл танасын» сарнатады. Әрі қарай байсалы уақ Сары батырдың сыбызғыдан тартқанын сыңсытады. «Қанғожаның басқаны» деп аталатын өзінің күйін мамырлатады. «Бағаналы Балақай бақсының тартқанын» бебеулетеді. Одан кейін Досжанның «Балбырауын», «Суға кетті Ер Қотан», «Ала байрағын» толқындатады. Бір сәт Өтеболаттың «Тарғыл бұқасы» мен «Қызыл қайыңы» күйкылжиды. «Қапыда өткен қарбалас», «Ер Шегедей еткейсің», Баутанның «Қосбаспасын», Тайлақбайдың сыбызғыдан тартқан «Қыз жылытқан» күйлерін сұңқылдатады. Саусақпен тартатын көне күй – «Шығыт жібі бес бармақты» саумалатады. Әрқайсысының қалай шыққанын, нендей оқиғалар баян етілетінін кіріспе сөзбен түсіндіре отырып, шешен үнді қобызымен шалқыта орындайды /*сонда*/.

Оның байырғы әдеби мұраны жинауға ұмтылысы кадет корпусында оқып жүрген жылдары одан әрі өрістейді. Бұл ретте Шоқан үшін Ертіс бойында туып, бір кезде осы Сібір казак әскери училищесін, одан кейін Қазан университетінің Шығыс тілдері бөлімінде Қазымбек мырзадай ірі ғұламадан тәлім алған Николай Федорович Костылецкийдей білікті ұстаздың берген тәлімінің орны да бөлек болған еді. Өз мамандығы шығыстанушы бола тұра, орыс әдебиетінен сабақ берген ол – пікірі мен дәрісін негізінен патша цензурасы нысанындағы Белинскийдің сын еңбектеріне орай құраған тұлға. Бұл ұстаз көрнекті сыншының қоғам өміріне қатысты көкейтесті ойларын түйдек-түйдек күйде ортаға тартып, шәкірттеріне көп нәрсе ұсынып отырған. Пушкин, Лермонтов пен Гоголь шығармаларына ынтығушылық Шоқан бойында әуелі сол Костылецкий дәрістерінен бастау алды.

Шығыстанушы ретінде парсы мен араб тілін біршама танытын, ортағасырлық түркшені тәп-тәуір білетін ұстаз тілге зерек Шоқанға көп тәлім берді.

Дүнетанымы жан-жақты, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен де айналысатын Костылецкий үшін кадет корпусында Шоқан сияқты алғыр шәкірттің оқығаны ерекше бір олжа болғанында дау жоқ. Қазақшаны жетік меңгерген ұстаз бала Шоқанға халықтың әдеби мұра үлгілерін жинауды тапсырады, кейбіреулерін бірлесе отырып орысшаға аудару ісіне баулиды. Шәкірттің жазғы демалысқа шыққан кезінде әкесі Шыңғыспен бірге жазып алып, Костылецкийге тапсырған сол асыл дүниелері кейіннен ғалымдар арасында «Құсмұрын нұсқалары» деген атпен танылды. Костылецкий 1851 жылы Шоқан екеуінің бірлесе отырып орысшаға аударған «Едіге» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын өзінің байырғы танысы әрі құрдасы, Қазан университетінің профессоры, көрнекті түрктанушы И. Н. Березинге де жібереді [38, 34-37-бб]. (Костылецкий кадет корпусындағы Шоқан сияқты шәкірттерге ғана емес, өзі сабақ беретін тілмаштық мектепте оқитын қазақ балаларына да жазда ауылға барған кездерінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін, этнографиялық мәліметтерді жазып алуға, демалыста көрген-білгендерін қағазға түсіріп қайтуға тапсырмалар беретін. Осындай тәсілмен жинақталған мол мағлұматтар қорының арасынан ол ең таңдаулыларын іріктеп, басылымдарға жөнелтетін, ғалымдар назарына ұсынатын [38, 35-б].

Шоқанға тарих пәнінің жас мұғалімі Г. Гонсевскийдің берген тәлімі де зор болды. Болашақ ұлы ғалым үшін Вильно мен Қазан университеттерінде тәлім алған, Гете мен Шиллерді, Шекспир мен Байронды, Гейне мен Мольерді түпнұсқадан оқитын, осынау ағыл-тегіл білім иесінің сабақтан тыс уақытта айтқан әңгімелерінің жөні тым бөлек еді. Оның Еуропа елдері мен Ресейдегі азаттық қозғалысының тарихы жайындағы бүкпесіз ойлары өз тұрғыластарына қарағанда Шоқанның жан-жақты болмысының қалыптасуына ерекше ықпал жасады. Тіл үйренуге қабілетті болған Шоқанның немісше мен французшаны тәуір меңгеруіне де осы ұстаз тәлімінің әсері тигені анық.

Корпустың соңғы жылдарында кадет формасы үстіне әдемі жарасқан қазақ бозбаласы Омбыдағы азғана оқымысты, бекзат

отбасылардың бірі – Сібір қазақтары облыстық басқармасының төрағасы және осы облыстың әскери губернаторының орынбасары, полковник Карл Казимирович Гутковскийдің үйімен де жиі араласа бастады. Ұлықтық қызметімен қатар, корпуста география мен геодезиядан да сабақ беретін Гутковский бала Шоқанды бірден құлай жақын тартқан. Өз ұлты поляк, әрдайым жергілікті қазақ жұртына қамқор көңіл, шын ниетпен көмектесуге ден қоятын мейірбан жан, жас кадет бойынан болашақта өз халқының маңдайында жарқырай көрінуге лайық тұлғаны көрген. Әуелден-ақ олардың арасында соншама бір пейілді қатынастар басталып, Гутковский Шоқанға аса қамқорлық танытты.

Ол осы үйге шәкірт кезінде келіп жүріп, Омбыдағы тағы бір зиялы шаңырақ – Капустиндер отбасымен жақын танысты. Гутковскийдің зайыбы Екатерина Яковлевна – Батыс Сібір Бас басқармасының бөлім бастығы Яков Семенович Капустиннің үлкен қызы болатын. Ал Екатерина Яковлеваның кіші шешесі, Капустиннің кейіннен алған зайыбы Екатерина Ивановна – болашақ атақты химик Д. И. Менделеевтің туған әпкесі еді. Кадет кезінен осы қос отбасының қалаулы қонақтарының біріне айналған Шоқан кейіннен қызметте жүрген жылдарында да олармен рәуішті қатынастарын еш үзген жоқ. Сол үйлерде Омбыға соққан талай әйгілі адамдармен танысты, әдебиет мәселелеріне, қоғам өмірі мен саясатқа қатысты өрбитін дәстүрлі әңгімелерге, қызу пікірталастарға араласты [38, 49-б; 4, 317-319; 555-556-бб].

Жас Шоқан әр жаз сайын елден бос қайтпайтын. Ұстазы Костылецкийдің тапсырмасы бойынша, әдеби мұра үлгілерін жазып алумен айналысады. Кішкентай кезінен өзі тындап өскен әндер мен жырларды, ертегілер мен аңыздарды бозбала кадет басқаша көзбен тани бастады. Олар ғажайып қуаты бар телегей-теңіз асыл қазыналар екен. Оны әсіресе Костылецкий екеуі отырып, сол дүниелерді орысшаға аударған кезде, ұстазының тамсана отырып пікір айтқандарынан да айқын аңғарады.

Корпустағы жұбы ажырамас досы Гриша Потанин де ол айтатын қазақ өмірі мен тұрмысына қатысты әңгімелерге ерекше қызығушылық танытады. Қолы бос кездерінде қасынан шықпайды. Оны қазақтардың аң аулау, саят құру, сұңқар салу

әдістері ерекше ықыластандырады. Және оларды ұмытпас үшін дәптерге жазып алып жүріпті. Оған Шоқан әңгімелеп қана қоймайды, досының дәптеріне сұңқардың томағасы мен тұғырының, дауылпаз бен құтының, мылтық пен оқшантайдың суретін де салып береді.

Сәби шағынан ұшқан ұясындағы рәуішті рухани тәлімді көріп өсіп, үлкендердің құнарлы әңгімелерін, аузымен құс тістеген билер мен шешендердің сөздерін, көне қиссаларды, батырлық дастандарды, әндер мен күйлерді тыңдауға аса қызығушылық танытатын бейілмен ерекшеленген бала Шоқанға, кадет корпусында жүрген жылдары қадірлі ұстаздарынан алған үлгі-өнегенің де тигізген ықпал-әсері ұшан-теңіз болғандығында күмән жоқ. Сол мазмұнды үлгі-өнеге оның кейіннен әдеби, мәдени мұраларды жинау ісіне, жауһар жәдігерлерді тап басып тануға баулыды, оларды зерек білікпен зерттеуге ұмтылдырды.

Сонымен, зерттеуіміздің бірінші тарауының «Ғалымның ғылыми-көркемдік дүниетанымы және рухани құндылықтар» атты тараушасын қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз:

Біріншіден, Ш.Уәлихановтың ғылыми-көркемдік дүниетанымының, халықтың рухани құндылықтарын бағалауға деген ұмтылысының қалыптасуы – оның ұшқан ұясынан, өскен ортасынан алған өнегелі тәлімнен, қазақ мәдениетінің жауһар туындыларымен балалық шақтан тыңдап өскен құнарлы тәрбиеден бастау алды; екіншіден, алғыр шәкіртті Омбы кадет корпусындағы ұстазы, шығыстанушы Н. П. Костылецкийдің ғылыми машыққа баулуы, Шоқанның жастайынан өз ұлтының рухани құндылықтарын тану, зерделеу орайында бірден жүйелі зерттеушілік жұмыстар жүргізіп кетуіне дұрыс бағыт-бағдар берді.

I. 2. «Едіге» және «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары: зерттеушінің мәтінтаным, талдау баспалдақтары

Шоқан Уәлихан 6-7 жасынан бастап-ақ әкесі Шыңғыстың қасында жүріп жазып алуға көмектескен «Едіге» жыры – сирек кездесетін асыл әдеби мұралардың бірі еді. Түрк халықтарының көбіне ортақ болып келетін бұл байырғы жырдың басты кейіпкері Едіге – Алтын Орданың ханы Тоқтамыс (шамамен 1350-1406 ж.ж.) пен Темір әулеті мемлекетін құрушы Әмір Темірдің (1336-1405 ж.ж.) кезінде өмір сүрген тарихи тұлға. Ірі мемлекет қайраткерлігі, ерен ерлігімен қоса әділ билігімен де есімі аңызға айналған бек. «Ел қамын жеген Едіге» деген атқа ие болған даңқты батыр. Жошы ұлысы хандарының ақылшысы, халық қамқоры болған маңғыт Едіге бидің Тоқтамыспен арадағы соғыстарын арқау еткен аңыз-әңгіме, дастан-жырлар кең тараған. Оның өмірі мен соғыстары туралы жырлар қазақ қана емес, татар, ноғай, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, қырым татарлары, құмық, түрікмен халықтары арасында да кездеседі.

Алайда солардың арасында XIX ғасырдың ортасына таман әкелі-балалы Шыңғыс және Шоқан жазып алған нұсқа – білікті зерттеушілердің бағалауынша, ең көркем, неғұрлым толық әрі байырғы жәдігерлердің бірі [125, 18-19-бб; 49] болып табылады. «Едіге» ХІҮ ғасырдың соңындағы оқиғаларды қамтитын жыр. ХҮ ғасырда дүниеге келген болуы керек. Мұны жырдағы қазіргі тілде көп қолданылмайтын көне сөздер мен қайырымдардың молдығынан, сондай-ақ онда бірде бір парсы және араб сөздерінің ұшыраспайтынынан да байқауға болады» [1, 197-б], деп түйеді Шоқан. Ал бұл жырда кездесетін байырғы сөздердің түп-төркінінің өзі де – қайнар-бастауы сонау көне түркілік қабаттарда жатқан, ХІ-ХҮІ ғасырларда Сырдария, Жетісу, Ертіс алаптарынан Дунай жағалауына дейінгі ұлан-байтақ Дешті Қыпшақ даласын жайлаған түрк жұрттары жаппай сөйлеген ортағасырлық қыпшақ тілі еді. Ол тіл Алтын Орда заманында Шыңғыс хан ұрпақтары билеген Жошы ұлысының мемлекеттік тіліне айналып [101, 54-55-бб], одан Алтын Орда ыдырай бастағанда, сол аумақ аясында Едіге негізін салған Ноғай Ордасы, сондай-ақ Қырым, Қазан, Қазақ хандықтары аясында

өркен жайып, одан әрі гүлдеді. Қазақ тілі де – сол қаулай бұтақтанған мәуелі қыпшақ тілінің інжу-маржандары молынан сақталып қалған, оның сыны мен сымбаты бұзылмай сабақтаса ұласқан бір төлі болатын.

«Едіге» жырының алаш жұрты арасында кеңінен тарауының, әрі оның ең көркем, байырғы нұсқасының қазақ тілінде сақталуының бір сыры да осында жатыр. Ол қазақ сөз өнерінің бейнелі, көркем жауһарларының, жыраулық поэзияның әсерлі, озық үлгілеріне үндес рухта жаратылған қас әдеби мұраға саяды. Тоқтамыс хан әскерінің бір сардары боп жүрген Едігеге ханның үміт, сенім артқан сәті мынадай жолдармен сипатталар еді.

*Жауырындары жақталы,
Түйме бауы тартпалы,
Ал қара кіс тон берді, –
Аны үстіңе ки, деді,
Көкала жорға ат мін, деді,
Көн дабылпаз байлан, деді,
Ұшан теңізді айлан, деді
Тұтам бауы сом алтын
Ақсұңқар құсты бұйыр да,
Көл айнала шүй, деді.
Қырымнан дау келсе,
Ал, Едігем, соны сен бітір, деді.
Қырымнан жау келсе,
Ал, Едігем, соны сен қыр, деді... [125, 55-6].*

Тоқтамыс ханның жұртынан айырыларда, тоқпақ жалды торы атына мініп, тоғыз көзді кіреукені киіп тұрып, ел-жұртты жиып айтқан сөзіндегі көп көркем жолдардың арасында мынадай шумақтар беріледі.

*Ал, аман бол, менен соң,
Байтағымның ішінде
Он сан менің ноғайым,
Сені тағы алдырттым,
Он сан ноғай ішінде,
Үш жүз алпыс отау қазағым,*

*Сені тағы алдырттым...
Ал, аман бол менен соң,
Өзен де өзен, өзен су,
Өзектеп ордам қонған жұрт,
Өзектеп соққан сом темір,
Есігіме шынжыр болған жұрт...
Ал, аман бол менен соң,
Жапырағын жайқалтқан,
Жардай атан семірткен,
Жарымды байға теңгелткен,
Суы менен жары тең,
Құлыны менен тайы тең,
Үш алпаты үлкен су,
Сені тағы алдырттым –
Ал, аман бол менен соң,
Мен алыстағыны көре алман,
Жаяулық басқа түскен соң,
Алдымда қаба қатер жерден соң,
Сап-сап жүре сап жүре,
Сай азамат қосылып,
Жау жайқай да ала алман... [125, 75-76-б].*

Жырдың өн бойында кездесетін осындай көрікті жолдар «Едігедей» құнды әдеби жәдігерлікті зерттеген ғалымдар назарына да үнемі ілігіп келеді. Едігенің Тоқтамыс тарапынан өзіне төніп тұрған қастық бар екенін сезіп, хан ордасынан сытылып шығып кеткен кезде, арқасынан оны қайтару үшін үгіттеуге Кеңестің ұлы Кеңжанбай бастап келген тоғыз батырға қайтарған, жоғарыда үзіндісі келтірілген: «*Мен қайтпан-ды, қайтпан-ды, қайтып Еділ өтпен-ді,..*», – деп басталатын жауабындағы және жыр шумақтарындағы көрікті кестелер мен тіркестерге қатысты белгілі фольклортанушы Р.Бердібай: «Қазақ эпосының... өн бойындағы ең дәмді, нәрлі асқақ та әдемі оралымдар, алуан түрлі теңемелер мен баламалар, өзге жырларда көп кездесе бермейтін тосын үйлесімдер, жыраулық толғаудың үздік үлгілерін еске салатын бітімі бөлек, болмысы өзгеше күдіретті жолдардың қаһарман аузымен берілуі оның өр

тұлғасын, жаннан асқан айбынын айқындайды» [125, 24-б], – деп атап өтеді.

«Жырды жасауға, сөз жоқ, сол кездің жыраулары қатысқан. Жырдың өлең өлшемі жыраулық поэзияның өлең өлшеміне сәйкес. Тек құрылысы ғана емес, сарыны да... Қай жағынан алсаңыз да кемел жыр кейінгі поэзияға көркемдік үлгісімен әсер етті,.. қазақ сөз өнерінің даму, өсіп-өркендеу тарихында ерекше қызмет атқарды,.. ол халықтық эпостың ең таңдаулыларының бірі... Ана тілін өте нәзік сезіне білген Шоқан «Едігені» қазақ тілінің байлығы мен ерекше қасиетінің көрінісі екенін атап, жырдағы қара сөзді де, өлең сөзді де өте жоғары бағалайды» [49, 18-21-бб].

«Тоқтамыс хан мен Темірланның болуы туралы ешбір күдік болмаса, Едігенің де болуында ешбір күдік болмауға тиісті, – деп жазады Шоқан «Едігені» орысшаға аударғаннан кейін оған жазған түсініктемелерінде. – Бұл халық жырларымен ғана емес, жазба деректермен де дәлелденеді. Темір жорықтарының тарихшысы Ибн-Арабшах Едігені Темірланның жын-перілерінің бірі деп айтады. Хальфиннің Қазанда шыққан хрестоматиясында қазан татарларының аңыздары бойынша жасалған Едігенің ата-тек шежіресі бар. Орта жүздегі Ұлытаудың батыс жағында, таудан жекелеу тұратын бір шоқы Едіге деп аталады. Сол шоқының төбесінде, тақта тас пен шойтастан қаланған оба бар; жұрт оны «Едігенің обасы» дейді. Қазақтар оны – әулие деп, қасына апарып құрбандық шалады. Басына мал сойылады, қазір ол сиреген. Енді обаның қасына өскен бұталарға шүберек немесе жылқының қылын байлайды. А. И. Шренк осы тауда болып, ол шоқының дәл суретін салып алған. Тоқтамыс ханның моласы қайда екені мәлім емес...» [4, 490-492-бб].

Шоқанның «Едіге» жырына байланысты білдірген осы ойларын бірінші рет «Живая старина» басылымында 1891 жылы жариялаған Г. Н. Потанин, сол мақаласында К. К. Гутковский үйінде сақталып келген Шоқан қағаздарының арасында, оның осы жазғандарымен бірге «Едіге» жырының түпнұсқа қолжазбалары мен он парақтық орысша аудармасы да табылғанын хабарлайды. Ол аударма Шоқанның 1904 жылы Петерборда Императорлық Орыс географиялық қоғамы этнография бөлімі жазбаларының XXIX томы боп тұңғыш

басылған «Шығармалар жинағында» жарияланды. Бір жылдан кейін жырдың қазақша түпнұсқасы да профессор П. М. Мелиоранскийдің дайындаумен сол томға қосымша ретінде «Едіге. Жыр. (Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз. Ш. Ш. Уәлихановтың қолжазбасы бойынша қазақша мәтіні)» [4, 496-500-бб; 49, 64-75-бб], деген атпен жеке кітап боп жарық көрді.

Мелиоранский осы басылымға кіріспе ретінде жазған мақаласында, қолжазбаның қазақша мәтіні қара картон мұқабамен қапталып, жиырма бес парақтан тұрғанын хабарлайды. «Едігенің» содан бір жыл бұрын Шоқанның шығармалар жинағында басылған орысшасында жырдың толығымен аударылмағанына, кей тұстарының қалып кеткеніне назар аударады. Сол себепті де Ш.Уәлихановтың өзі мұқият қарап, тексеріп кеткен осы түпнұсқа мәтіннің жарық көруі ерекше маңызды деп бағалайды. Оның айтуына қарағанда, Шоқан «Едіге» жырының мәтінін дайындау ісіне көп еңбек сіңірген. Жырдың нұсқаларын бір-бірімен салыстыра қарап, жыр желісін бір жүйеге салуға, тиянақтауға ұмтылған.

Қолжазбаның бірінші беті, яғни жыр мәтіні басталмаған алғашқы бетінде «Едіге. Жыр. 1841 жылдың декабрі, Звериноголов станицасы» деп жазылыпты. Және Шоқанның өзі аударған орысшасында да оның аты «Едіге» деп көрсетілген. Яғни, алғашқы нұсқасы 1841 жылы қағазға түскен бұл «Едігенің» басқа қазақша мәтіндерден артықшылығы – оның ерте жазылып алынған үлгілердің бірі екендігінде. Сонымен қатар, бұл нұсқаның мазмұны толықтығымен де ерекшеленеді. Жыр Едігенің әулие атасынан басталып, батырдың құсадан өлуімен аяқталады. Шоқан зерттеген Жаманқұл мен Арыстанбайдың айтуынан жазып алынған жырдың ерекше маңыздылығы – онда қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар нұсқаларына тән ортақ желі неғұрлым толық қамтылған еді.

Шоқанның өзі сүзгіден өткізген, Едіге мен Тоқтамыстың өлімдері мотивіне, Алтын Орданың тұралауы мен оның Едігеден соң әлсіреуі мотивіне құрылған осы нұсқада Жошы ұлысының ханы Тоқтамыс пен әйгілі биі Едігенің билікке таласынан ел іргесінің шайқалғаны шыншыл сипатталады. Жырдың қара сөзбен баяндалған ақырғы тұсы осы текетірестің қалай біткенін хабарлаумен аяқталады. Қашқан Тоқтамысты Телікөлге дейін

куып барып Едігенің баласы Нұралын (Нұрадин) өлтіреді. Кейіннен Тоқтамыстың әке кегін қуған Қадірберді деген баласы Едігенің жатқан үйіне келіп, кеудесіне мініп үш қайтара секіріп: «Ер болсаң өлерсің, қор болсаң жүрерсің», – деп шығып кетіпті. Бұл қорлыққа шыдамай әкелі-балалы Едіге мен Нұралын екеуі құсадан өліпті. Қадірберді сұлтан қайтып келіп, жұртына төре болды», деп аяқталады жыр.

Бұл сюжет тарихи деректерден де көп алшақ емес. Тоқтамыс хан 1406 жылы Түменге жақын жерде Едіге әскерлерімен шайқаста қаза табады. Едігенің өзі 1419 жылы Сарайшық маңында Қадірберді әскерімен болған соғыста ауыр жараланып, оны Қадірбердінің бір әмірі шауып өлтіреді. 1412-1419 жылдары Ноғай ұлысын билеген баласы Нұрадин де сол жылы көз жұмады. Тоқтамыстың баласы Қадірберді 1419-1420 жылдары Жошы ұлысы Батыс ордасының ханы болады. Бұл Шоқан зерделеген жыр нұсқасының тарихи шындықтан эпостық шындыққа айналған байырғы әдеби мұра екендігін көрсететін белгіге де саяды. Жырдың осы сипаты «Едігенің» түрк халықтары арасында тараған әртүрлі нұсқаларын салыстыра зерттеген ғалым Ж. Асановтың «Едіге» жыры – тарихи-қаһармандық эпос» атты жаңа еңбегінде де жан-жақты талданады.

Шоқан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын бала кезінде әкесі екеуі әйгілі ақын, қаракесектің қамбар атасынан тарайтын Жанақ Сағындықұлынан жазып алғаны белгілі. Кейін кадет корпусында оқып жүргенде ұстазы Костылецкий екеуі оны орысшаға бірлесіп аударып, профессор Березинге де жіберген. Өзінің қазақ халық поэзиясының түрлерін зерттеген жазбаларында да осы жырға қайырылып отырады. Махаббат дастанының:

*Мекен іздеп жігіттер, кел кетелі
Ортасында Көктебе белгі етелі.
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,
Қозы Көрпеш - Баянды тербетелі [1, 200-201-бб],*

– деген жолдарын қазақтың өлең құрылысының бір мысалы ретінде алға тартады.

Шоқан 1864 жылғы наурыздың 5-і күні Омбыдағы пәтеріне атакты Шөже ақынды арнайы шақыртып алып, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының тағы бір көркем нұсқасын [1, 656-6] жазып алады.

*Жаратқан жан біткенді бір құдай-ды,
Көрсетті жарық қылып күн мен айды.
Бұрынғы ноғай-қазақ заманынан,
Сөйлейік Қарабай мен Сарыбайды.
Жарасқан нар түйеге биік өркеш.
Мен сөйлесем, жұрт тыңдар ертеңгі-кеш.
Сәтті күні екеуін құдай қосқан,
Ғашық болды Баян мен Қозы Көрпеш,*

– деп басталатын жырдағы тіл тазалығына тәнті болды. Оның оқиға желісі ана жылдары әкесі екеуі жазып алған Жанақ нұсқасынан өзгешелеу екен. Әрі одан бірталай көлемді. Екеуінің негізгі кейіпкерлері ортақ, сол Қарабай мен Сарыбай, Қозы мен Баян, Қодар болғанымен, Шөже нұсқасында Баянның анасы – Қарагөз, Қозының анасы – Мамабике деген есімдермен аталып, олар оқиғаға белсене араласады. Екі жастың қамқоршысы, тілектесі Айбас деген жаңа образ қосылады. Сондай-ақ Қарабай мұнда Қозының әкесі ретінде бейнеленеді [126, 292-341-66].

Шоқанның әкесімен бірге бала кезде жазып алған Жанақ нұсқасы осы жырдың ең көлемді, көркем әрі байырғы түрлерінің бірі болатын. Бұл жырды Жанақ ақын XIX ғасырдың қыркыншы жылдарына дейін айтып, бірнеше нұсқа қалдырған көрінеді. Қыркыншы жылдардың бас кезінде ол дастанды аға сұлтан Шыңғыстың ауылына келіп жырлайды. Кейіннен «Құсмұрын нұсқасы» деп аталған бұл нұсқа туралы Н. Ф. Костылецкийдің 1851 жылы профессор И. Н. Березинге жіберген хатында: «Бұл нұсқаны... жіберген Құсмұрын округінің басшысы Шыңғыс сұлтан, Орта жүздің соңғы ханы Уәлидің ұлы. Жырдың кейбір сөздері маған таныс болмаса да, мұнда халықтың өмірі, рухани тіршілігі, жан-күйі ерекше сипатталғанын сеземін. Поэманың оқиғасы Аягөз өзенінің бойында, ғашық болған кейіпкерлердің мүсін тасы тұрған жерде болыпты-мыс. Демек, бұл жыр Ұлы жүз қазақтары, қырғыздар арасында да болуға тиісті. Бұл байырғы

заманда бүкіл қазақ даласына кеңінен тараған, махабатты зор қуатпен суреттеген жыр: оны барлық құйылма ақындар төгілтіп жырлайды» [89, 320-323-бб], – деп жазған еді

Костылецкий Березинге «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының төрт нұсқасын жібереді. Солардың екеуі Жанақтың жырлағаны еді. Оның бірі – Құсмұрын нұсқасы, екіншісі – А. Фроловтың Аягөз бойында бір қолжазбадан 1841 жылы көшіріп алғаны деп болжамданатын мәтін. Фролов Омбының Азиялық мектебін 1836 жылы, бітіріп, 1837 жылы Аягөз округіне тілмаш боп барған қазақшаны білетін шенеунік болатын [126, 530-б; 117, 620-б]. Зерттеушілер олардың жырлаушысы бір адам болғандықтан, екі мәтін де бір-біріне жуық, басталулары да бірдей нұсқаларға жатады, деп есептейді.

Костылецкий жіберген Құсмұрын нұсқасы Березин тарапынан да жоғары бағаланып, ол жырды 1876 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Түрк хрестоматиясы» жинағында жариялайды. Алайда профессор онда Шоқан нұсқасын негізге ала отырып, ара-арасында Фроловтың жазып алғаны деп аталатын мәтіннен де қосып отырып, екеуінен қосынды нұсқа жасап шығарады. Оның Құсмұрын нұсқасы мен Фролов мәтіні делінетін қолжазбаның қосылуынан пайда болғандығын Березиннің хрестоматиялық мәтінін мұқият тексерген ғалым М. Ғұмарова дәлелдеді. Ол «Шоқан нұсқасындағы жолдың саны 1364 болса, Березиннің мәтіні 1664 жолға жетті. Екі арада қосылған үш жүз жолдың өзі қайталудан тұрады» [117, 620-632-б], деп жазды.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» жырлайтын атақты ақындардың бірі Шөже (1808-1895) екені Шоқанға балалық шағынан таныс еді. Ол өзінің «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» еңбегінде ел арасында даңқы жайылған, айтыстың асқан шебері, ауыз әдебиетінің асыл мұраларының білгірі боп саналатын осы ақынның есімін құрметпен атап өтеді. 1864 жылы полковник Черняевтің жорығына қатысу үшін Әулиеатаға аттанардан жиырма күндей ғана бұрын Омбыда тұрып жатқан пәтерінде өзі аса қадірлейтін зағип ақыннан арнайы түрде «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» ең көркем нұсқасын жазып алады. Өз кезегінде Шөже де Шоқанды қадір тұтып, оны «әділ сұлтаным» деп атайды. Оны ақынның осы жырды жаздырып біткеннен кейін

шығарды деп жорамалданатын мына өлең өлең жолдарынан да байқауға болады.

*Құдай берді сұлтанды кәміл қылып,
Данышпан, мәртебелі, әділ қылып.
Бұрын жазған жоқ едім мұндай сөзді,
Әділ сұлтан жаздырды сапалы ғып,*

– депті риза болған Шөже ақын. Жырды Шөжеден Шоқанның жанында жүретін бір қазақ жігіті жазып алады. Қолжазба соңында «1864 жылы бесінші наурызда, бейсенбі күні, кешке таман жазылды», деп көрсетіледі. Жырдың мәтінінде Шоқанның өз қолымен түзеткен жерлері де болыпты. «Тақия» сөзін – «Қарқара», «құлын тапты» дегенді – «құлын туды», «мінген едімді» – «мінген атым» деп өзгертіпті [89, 321-322-б].

Шоқан Шөженің 1864 жылы жырлаған осы нұсқасын басқаларға қарағанда анағұрлым толық, тілі де таза екенін байқаған. Онда образдарды жасау, бейнелеу, сюжет құру жағынан Құсмұрын нұсқасынан біршама айырмашылықтар бар екендігі аңғарылған. Шөже нұсқасында Қозының бейнесі толық көрінбейді. Оның балалық шағының қалай өткені, өсіп толысқаны, неге әуестеніп, нені көксегені айтыла бермейді екен. Қашан Баянның сәлемдемесі мен хатын Айбас әкеліп тапсырғанға дейін Қозы көзге түспейді, іске араласпайды. Тек Баян мен оның жіберген елшісі Айбас белсене қатысқаннан кейін ғана Қозы Көрпеш сүйген жарын көруге асығады, ақыры қалыңдығын іздеп шығады. Ал Жанақ нұсқасында Қозының бейнесі жан-жақты сипатталатын еді. Ол бала күнінен ақылды, зерек, тапқыр, ержүрек болып өседі. Сондықтан да Қозы Баян туралы өзі біліп, өз еркімен қалыңдығын іздеуге аттанады. Шөже нұсқасында да жағымсыз кейіпкерлер Қодар мен Сарыбай (мұнда қыздың әкесі Қарабай емес, Сарыбай). Шоқан, сондай-ақ Шөже нұсқасында Қодардың образы да басқаша берілгенін байқаған. Ол Жанақ нұсқасындағыдай қалмақ емес, ноғайдың мырзасы. Шақшақ деген Бектің баласы. Қодарды жек көруіне Баянның екі түрлі себебі бар: бірінші – өзіне бұрыннан атастырылған Қозы Көрпештің болуы, екіншісі – бұл нұсқада Қодардың басқа тайпадан шығуы. Жыршы Қодарды әрдайым Қозыдан төмен

қойып, оны әрдайым әжуа етеді. Қодар көбінесе Қозыға бара алмай, оған деген өкпесін Сарыбайға шағумен болады. Ақыр соңында, Қодар пасықтық жасап, шоқ теректің түбінде қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан Қозыны қапылыста өлтіреді.

Шоқан өзі жаздырып алған Шөже нұсқасында Жанақта кездеспейтін, Қарабай мен Сарыбай құда болғанда Айбас құлды қарғы бауға беруі (құдаласқан адамның қалың малдың сыртында беретін ырым-тартуы), қалың малға қырық қара нар, жүз жылқы беруі сияқты жолдарға да жолыққан еді. Кейіннен қарғы бауға берілген Айбас өз еліне қашады. Оның Итішпес бойында ұйықтап қалуы, Қодар мен Әлжаппардың қуып жетуі, Айбастың олардың атын атып, құтылып кетуі де Жанақ-Құсмұрын нұсқасында жоқ [3, 53-100-б; 126, 29-67, 292-341, 517-556-бб].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты жауһар әдеби мұраны жазып алуға қайта-қайта қайырылған Шоқан «Құсмұрын нұсқасында» бар: *«Өлсе-дағы Қозыкем арманы жоқ, сурет болып бітіпті Аягөзге»*, деген жолдарда айтылатын Аягөз өзенінің бойындағы екі ғашықтың көне заманнан келе жатқан сәулетті мұнара кесенесі, биік дыңын көруді де көп уақыт армандап жүрді. Ақыры бұл мүмкіндік оның Ыстықкөл сапарына барған 1856 жылы туып еді. Ол осы сапар туралы жазған осы ғашықтар күмбезіне шұрайлы жолдар арнайды.

Өзіне көптен етене таныс дастан кейіпкерлерінің кесенесін жолшыбай көре кетуді мақсат тұтқан ол, округ орталығы Аягөз станицасынан кешке аттанып, түнімен үздіксіз жүре отырып, күмбезге таң ата жетуді ойлайды. *«Мен Аягөзді өте сүйемін және гажаптанамын, бәлкім, бұл орайда сұлу Баянның алтын айдарлы Қозы Көрпешке ғашық болуы туралы поэтикалық аңыз оқиғасының осы өзен алабында өтуінің де себебі аз емес шығар... Олардың бейіті Аягөзден кейінгі төртінші бекетке жетер-жетпесте оң жақта тұр. Біз бұл поэманы жақсы зерттеген едік, сондықтан да олардың күмбезін арнайы көріп, күн шыққанда соның қасында шай ішуге ұйғардық. Сол үшін көшірге бейтке тура таң ата, бозторғай алғашқы әнін шырқап, күн енді шапағын шашар мезгілде жету туралы тапсырма берілді»*, – деп бастайды саяхатшы.

Шоқан мінген тарантас екінші Талдықұдық бекетіне жеткен соң, Аягөздің сол жағасына қайта өтіп, Қызылқия бекетіне қарай

беттеген кезінде көктемнің құбылмалы күні күрт бұзылып, созылмалы ақ жауын басталған.

«Адам түзесе, құдай бұзады» деген сөз расқа айналды, – дейді бұдан кейін Шоқан күнделігінде. – Жаңбырдың баданадай тамшылары түні бойы тарантастың шатырын тырсылдатты да тұрды. Шаршаған аттар миы шығып езіліп кеткен жолдың батпағына тайғанақтап, аяқтарын әзер аттап келе жатыр. Жаңбырдың үздіксіз тырсылын шыбыртқының қайта-қайта соққан шартылы мен қалжыраған аттардың пысқырынуы және көшірдің жеки шыққан даусы ғана бұзады.

Түн да жайсыз, жол жүру де жайсыз болды. Жаңбыр жоспарлаған ойымды бұзып жібермесе жарар еді, деген қауіпті күмән үстінде келе жатқан мен жәмшикке әлденеше рет: *«Қалай, күн ашылар түрі бар ма?» – деп сұрадым. Қара бақайына дейін малынған көшір, мұндайда: «Жоқ», – деп қоңқ ете қалады да, етегіне жиналған суды сілкіп тастап: «Құдайдың күні-ай», – деп тағдырына наразы болғандай үн қатады. Көшірді де аяймын – егер де жылдам жүргенімізде, ол баяғыда ыстық пеш үстінде демалып жатар еді. Бірақ сұлу Баянның аруағын да қия алмаймын.*

Осылайша біз бір сағат жүрдік.

– Мәртебелім, – деді көшір. – мола әне тұр!

Мен басымды тысқа шығардым. Күн түнеріңкі бұлттардың аржағынан бұлыңғырлана байқалады, күллі аспан жүзін қорғасындай қарақошқыл бұлт түгелдей қаптап алыпты, жаңбыр басылар емес, ақкөбік болған аттар сортаң лаймен зорға жылжып келеді, оң жақтағы өзеннің арғы бетінде теректердің бастарынан асып бейіттің үшкір ұшы көрінеді: жырақтан ол қызыл кірпіштен қаланған сияқты байқалады. Ауа райы мынадай болып тұрғанда бейіт қасында отырып шай ішу мен қазақтың көне дүниесін асықпай тамашалау туралы ойлаудың ешқандай қажеті жоқ еді.

– Шамасы, өзен тасып жатқан секілді, мәртебелім, өткел бере қоймас, – деді көшір менің құпия ойымды жорамалдағандай.

– Жарар, ілгері тарта бер, қайтар жолда көрерміз, – дедім де, тоныма оранып, қалғып алу ниетімен оң жамбасыма қисая кеттім» [1, 229-231-бб].

Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазарын бұл жолы жақыннан көре алмағанымен, Шоқан шамасы, оған сол жылы күзде, Ыстықкөл сапарынан соң Құлжаға дипломатиялық тапсырмамаен барып, сонда үш айға жуық болғаннан кейін қайтып келе жатқан жолда соққан сыңайлы. Бұны оның 1856 жылы бейіт жанында тұрған төрт тас мүсінді бейнелеген суреті дәлелдейді.

Шоқанның бас зерттеушісі, академик Әлкей Марғұланның дәлелдеуінше, ғұн заманында не түрк қағанаттары кезінде тұрғызылған бұл «дың» түріндегі сәулет ескерткіші ғылым әлемінде біраздан белгілі. Ол туралы алғаш мәлімет айтушылардың бірі, кезінде Омбы облысының және Сібір корпусы штабының бастығы болып істеген генерал С.Б. Броневский еді. Бейітті 1825 жылы көрген ол: «Балқаш көліне құятын Аягөз өзені бойында қазірдің өзінде жақпар тастардан қаланған пирамида бүтін тұр... Онда тастан қашалған бір еркек, екі (*дұрысы – үш*) әйел мүсіні бар» [1, 666-б], – деп жазады.

Ал 1853 жылы Қапалға бара жатқан жолда осы дыңға соққан, әрі Қозы мен Баян туралы дастанды ел аузынан жазып алған тарихшы Н. Абрамов оны «Пирамиданың биіктігі алты саржын, төрт бұрышты, есігі түстіктен, терезесі бар, өзі қызыл тастан қаланған. Қасында сұр тастан қашалған төрт мүсін жатыр. Олар: Баян (бұрымы бар), Қозы, Айғыз (қыз әпкесі) және қыз жеңгесі», дегенді айтады.

Осы жазбадағы мүсіндер жайлы сөздің шындыққа жақындығы бар. Оны біз Шоқан салған суреттен де анық байқаймыз. Суретте үш әйелдің, бір еркектің (басы жоқ) бейнесі көрсетілген.

Ал енді осы тас мүсіндердің кейінгі тағдырының қалай өрбігенін айтайық. Патша заманында көптеген ғалымдар олардың көне қазақ өнерінің мұрасы екенін ұғып, әдеттегіше орталық қалалардағы мұражайларға жеткізуге ықыластанады. Әйтсе де бұл ой жүзеге аса алмай жатты. Мәселен, оларды ХІХ ғасырдың елуінші жылдарында Мәскеудің тарихи музейіне апаруға талаптанған граф А. С. Уваров өкімет тарапынан көмек ала алмапты. 1898 жылы бейітті зерттеген Түркістан өлкесі археологтар үйірмесінің мүшесі Н. Пантусов «ол мүсіндердің (әрқайсысы 20 пұт) тек біреуі ғана сынбай бүтін қалыпты» дегенді айтады. Г. Потаниннің тапсыруымен оларды соңғы рет

1917 жылы зерттеген А. Н. Белослюдов: «Қозы Көрпеш ескерткішінің қасында екі рет болдым. Бірақ мен ешқандай тас мүсіндерді көре алмадым... олардың екеуін Германияға алып кетіпті», – деп жазады. Осы сөз шынында да рас болуы керек. Бір деректерде «оларды ХІХ ғасырдың соңғы кезінде Африкадағы герман губернаторы фон Виссаман әкеткен еді» [41, 220-223-66], деген де пікір бар.

Сонымен, бірінші тараудың «Едіге» және «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары: зерттеушінің мәтінтаным, талдау баспалдақтары» атты тараушасын қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз:

Біріншіден, Ш.Уәлихан «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын жазып алуға араласумен қатар, оларды орысшаға көркем түрде тұңғыш рет аударып, еуропалық ғылым назарына ұсынды, оларға қатысты өресі биік ғылыми ойлар айтты; екіншіден, ана тілін өте нәзік сезіне білген Шоқан «Едіге» жырын қазақ тілінің байлығы мен ерекше қасиетінің көрінісі екенін атап өтіп, оны халықтық эпостың ең таңдаулыларының бірі ретінде өте жоғары бағалады, жыр нұсқасының тарихи шындықтан эпостық шындыққа айналған байырғы әдеби мұра екендігін байыптады; үшіншіден, ғалым «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының өзі жазып алған Жанақ (Құсмұрын) және Шөже нұсқаларын салыстыра отырып, Шөженің 1864 жылы жырлаған нұсқасын басқаларға қарағанда анағұрлым толық, тілі де таза деп бағалады. Оның образдарды жасау, бейнелеу, сюжет құру жағынан Құсмұрын нұсқасынан біршама айырмашылықтары бар екенін анықтады; төртіншіден, қазақ халқының байырғы тарихи жырларын Алтын Орда, Ноғайлы дәуірлерінен туа бастаған, сол заман оқиғаларының шынайы сілемін поэзиялық тұрғыда қорытқан туындылар деп бағалады.

І. 3. Қырғыздың «Манас» эпосы мен аңыздарын жүйелеуі мен саралауы

Ш. Уәлиханов 1856 жылы жасаған Ыстықкөл сапары барысында, кейіннен өзі жазғандай: «Қырғыздардың ең басты және данышпандық халық шығармасы; барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрып жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жинағы; бүтін бір халықтың көп жылдық шығармашылығының жемісі – дала Илиадасы десе де болады» [1, 367-6], – деп аса жоғары бағалаған «Манас» эпосын тұңғыш рет хатқа түсіру мүмкіндігіне ие болды.

Жас ғалым Манас есімімен кадет корпусындағы ұстазы Костылецкий арқылы жақсы таныс болатын. Шығыстанушы мұғалімі жиырмасыншы жылдар төңірегінен бастап, Омбыға келіп-кетіп жүретін қырғыз елшілеріне қатысты құжаттардан Манас жырына байланысты мәліметтерді тапқанын, жыр құрамына енетін «Қоңырбай» («Ер Нұра»), «Қарабас ұлы Манас» сияқты батырлық жырлары мен ертегілерін аударып, профессор Березинге жібергенін айтатын. Шоқанға сол жазғандарының көшірмесін де көрсеткені бар. Манас туралы деректермен Омбы мұрағатында отырған кезінде де ұшырастырған. Орыс географиялық қоғамы жазбаларының 1851 жылы шыққан санында жарияланған қырғыздар туралы мақаланы да оқыған еді. Қырғыз жұрты арасында Манас туралы кеңінен тараған ұзақ жыр барын 1855 жылы Омбыға келген бұғы руының игі жақсыларынан да естіген.

Қырғыз халқының байырғы замандарынан елес беретін осы ғажайып әдеби мұрасы – «Манас» жырын Шоқан өзі қатысқан экспедициялық отряд Сантас асуы маңындағы Түп өзені жағасында қоналқаға тоқтаған күннің ертеңінде-ақ тыңдау мүмкіндігіне ие болды. Мамырдың 26-сы (жаңаша есеппен маусымның 8-і) күні оған қырғыздың бұғы руының бас манабы Боранбай жіберген Назар манасшы арнайы келіп жолыққан еді.

Деректерге қарағанда, Шоқан жасы отыздар шамасындағы жыршыны лайықты қарсы алып, өзіне бөлінген киіз үйге дастарқан жайғызып, қымызы мен дәмін ұсынып, манасшының

бабын жасатқызған. Сәлден кейін Назар жомоқшы даусын бір кенеп алып, «Манасты» бастап кеткен [41, 250-250-66].

«...Байырғы бір заманда дәулеті тасып өрлеген, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, ен далаға еркін билік жүргізген, күн түскен қалың көп ноғай жұрты өтіпті өмірден. Түмен хан деген ханының ерлігін айтуға сөз жетпейді, байлығын көруге көз жетпейді екен. Аса айбарлы, әділ билеуші атанып, қол бастап, еліне пана боп жүріп о дүниеге аттаныпты. Түмен ханнан – Бойунхан, Бойунханнан – Шаянхан, Шаянханнан – Қарахан, Қараханнан – Жақып хан. Ноғайлының Талас пен Шу бойында көшіп жүрген бір руының биі осы Жақыптан – жас Манас, жалпы жұртқа бас Манас дүниеге келді. Көзін ашқаннан алып күш иесі екендігі байқатқан ол, жыл санап емес, күн санап өсті, үшке келгенде ер жігітпен тең болды, көк өгіздің мүйізін бұрап сындырды, күресуге бала шықпады... Он жасынан еліне зәбір көрсеткісі келгендердің бетін қайтарды. Он үшінде орда бұзып, үй шапты. Он бесіне жеткенде дүйім жұртқа бас болды. Он алтыға келгенде атышулы батыр боп, қабағы биік өңі саз, еңсегей бойлы – Ер Манасқа; қаны бір қара, беті көк, бауыры шұбар, сырты көк, жоталы жон, сұрғылт рең – батыр Манасқа; көкжал бір сырттан бөріге айналды».

Жомоқшының даусы ашық. Жыр сөздерін кейде созып, кейде желдірте термелетіп, екпіндетіп, әртүрлі мәнерде күйкылжыта, шабыттана орындайды. Ол енді бір сәтте Манастың өз әкесі Жақыпты хан қызы Қаныкейді айттырып келуге жібергенін жырлауға көшкен еді. «Әкесі ақ жүзі ақша қардай, алқызыл екі беті, қарға тамған қандай, шашы өкшесіне түскен он бестегі сол аруды іздеп, аты ырғайдай, биті торғайдай болған кезде, қыз ауылына жетеді. Алайда қыздың хан әкесі оған: «менің қызыма ханның ұлы лайық, сенің ұлыңа бидің қызы лайық», – деп бетін қайтарады. Жақыптың ұлы жас Манас, көп ноғайлыға бас Манас, бұған қатты намыстанып, соғыс ашып, өзі қалаған сұлуды күшпен тартып алады...».

Мұнан соң жыршы Манастың қырық шорасымен бұдан кейін де жасаған жорықтары туралы жырлаған еді. Түйдек-түйдек жыр шумақтары арасынан басқа да түркі жұрттары – арғын, қыпшақ, найман, қоңырат, үйсін, абақ, қыпшақ, ноғай, төлес руларының атаулары да ауық-ауық құлаққа шалынып қалады. Ара-тұра қазақ

жырлары мен ертегілерінен өзіне аттары таныс Ер Төстік, Ер Көкше, Ер Қосай, Едіге есімдеріне де қатысты сипаттаулар айтылады. Манасшы бір жерде: *«Тоғыз ұлдың кенжесі, Шалқұйрықтай тұлпарлы, Тәңірі сүйген Ер Төстік»* деп бір қайырса; тағы бір шумақтарда: *«Қамбар бір ханнан Айдархан, Айдарханның баласы Елестен туған Ер Көкше»,* – деп жосылтады. Енді бір сәтте: *«Ұлытауды жайлаған, ел ағасы Ер Қосай, ат тағасы Ер Қосай»*, деп екпіндетеді. *«Үзеңгісін үзе шірленген, найзасын көкке тіреген, ерен туған Едіге»*, – деген жолдар да төгіледі [40].

Шоқан екі халыққа да етене бұл сарындарды қазақ-қырғыз жырларының бір замандарда ортақ арнадан нәр алғандығы мен қатар тіршілік құрып, сыртқы жауға бірігіп қарсы тұрған туыс жұрттардан қалған байырғы мұралар екендігін көрсететін нышан ретінде байыптап отырды. Жырда Ноғайлы заманынан қалған сілемнің басым аңғарылатынын байқау қиын емес. Манастың әкесі Жақыптың өзі – ноғайлының бір руының биі, ал еңсегей бойлы Ер Манас – көп ноғайлыға бас болған батыр ретінде бейнеленеді...

Ара-тұра тыныстап, қымызбен тамағын жібітіп, жырын қайтадан жалғастырып отырған Назар жомоқшы бір уақытта шұрайлы бір шумақтарды бастап кетті. Қалың көп ноғай жұртының ұлы ханы, ұлыстың батагөй ұйтқысы, ақылгөй данасы болған, жүз тоқсан тоғыз жыл жасап, жақ сүйегі босаған Көкөтай хан өзі дүниеден өтер алдында елін жиып, ақырғы керез асын беріп, керез (бақыл, өсиет) сөзін айтыпты.

*Уа, күн түскен қалың көп ноғай жұртым,
Көкірегімді дерт алды,
Көңілім жаман босады.
Мен алдыңнан өтпек болғанмын, жұртым,
Менің көзім өткен соң, жұртым,
Қылышпенен қырдырып,
Қымызбенен жудырып,
Шарайнамен шаптатып,
Бұлғарымен қаптатып,
Ақ қазаным жастатып,
Құбылаға қаратып,*

*Қызыл мақпал бүктетіп,
Қызыл нарға жүктетіп,
Қара мақпал бүктетіп,
Қара нарға жүктетіп,
Алпыс ноғай қырық керуен,
Алып келіп түсе гөр,
Топтап келген қатынға
Топтап мақпал бере гөр,
Керуен басы қара сарт,
Сексен серкеш майына
Қыш құйдырып ала гөр,
Астыңғы жолдың үстіне,
Үстіңгі жолдың астына
Айға баққан ақ сарай,
Ақ сарайлап қоя гөр,
Күнге баққан көк сарай,
Көк сарайлап қоя гөр... [40, 5-6-бб].*

Жыр жолдары осылай лек-лек құйыла береді. Манасшы ендігі бір сәтте Көкетайдың орнына хан болған баласы Боқмұрынның көп ноғай жұртының түпкі атамекені – қыл Ертістің аржағына көшіп барып әкесінің ұлы асын бермекке ниет еткені туралы шумақтарға ауысқан еді.

*Қозы басы Қопада
Қойдың жүнін аламын,
Үлкен Ақтас барамын,
Үй жаптырып аламын,
Үдере одан көшемін,
Тиектастан өтемін,
Жалаңаштың бойына,
Жылқы салып кетемін,
Кең Іленің бойына,
Егінші боп кетемін.
Кеңқалқаннан өтемін,
Кемеменен көшемін,
Ақтеріскен асамын,
Аттың ерін алдырмай,*

*Ат шалдырып аламын,
Түйенің қомын алдырмай,
Түйе шалдырып аламын.
Қайнатпатұзға барамын,
Алпыс атан қомдатып,
Тұз арттырып аламын...
Алтай толған көп қалмақ,
Араласа қонамын,
Қаңғай толған көп қалмақ,
Іргелесе қонамын.
Қыл Ертісті жағалап,
Күндеп-түндеп көшемін,...
Жорғаның суын кешемін,
Бурыл таудың астына,
Барып онда қонамын.
Ат сергітіп аламын,
Ел сергітіп аламын.
Уа, сонан соң тоқсан атын қомдатып,
Күріш арттырып аламын,
Тоқсан жорға тағалап,
Түпкі ханға кіремін,
Сонда Көкөтайдың асын беремін!.. [40, 12-15-бб].*

Шоқанды жырдағы Алатаудан Алтай атырабына дейін созылған байырғы ұзақ көш жолының анық сипатталғаны таңғалдырған. Ниет еткен түпкі орда мекенге қонғаннан кейін Бокмұрын Көкөтай ханға қараған байтақ ел аумағындағы жұрттардың игі жақсылары мен батырларына сауын айтып, ас пен бәйгеге шақырады. Әсіресе солардың арасында асымды билеп берсін, деп арнайы түрде Ер Манасқа ерекше қолқа салған сәлем жолдайды. Сауын айтуға сары ноғай баласы Жаймакекіл Жас-Айдар шораны арнайы аттандырады.

Жырды тыңдап отырған Шоқан асқа шақырушы шабарманның алдымен Ұлытаудағы Ер Қосайға сауын айтқаны, одан кейін Кішітаудағы ақтар-таздың баласы Ер Үрбіге, содан соң Ер Көкшеге, одан әрі найман мен арғын руларына хабар жеткізгені, әрмен қарай Ер Едігеге, Жетісудағы Ер Бағысқа, одан шыққасын Ер Төстікке қарай жол тартқаны, Әндіжанда алтын

шатырын аспандата тіккен Ер Манасқа, Самарқан, Бұхара жағын мекендейтін ақ сәлделі Айқожаға дейін барғанына көңіл аударды.

Географиялық жағынан алғанда, бұл Саян тауларынан Каспий алқымына дейінгі аралықты қаусырып жатқан байтақ кеңістік. Демек, ол – сонау байырғы замандарда осы алып аймақта түп-тегі жақын туыс жұрттардың мекендегенін байқататын бір дәйектен де хабар бергендей болады. Есіне Н. Я. Бичурин кітабында келтірілетін, Хондемир мен Әбілғазыға сүйеніп жазылған, Каспий теңізінен Корей шығанағына дейін мекендеген жұрттардың түпкі бабасының – Түрк деп аталғандығы жөніндегі көне әпсана түсті. Түрк ханнан – Қара хан, одан Оғыз хан, оның немересі Ел ханның Ергенеконда қайтадан әулет өргізген тұқымдары Қиян мен Нүкіз туралы аңыз желілерінің пайда болуы бекер емес-ау, деген ойға жүгінді. Қария сөздерде сол екеуінің ұрпақтарының Түрктен таралды делінетін басқа да жұрттармен бірге қатар ғұмыр кешіп, қауымдаса ел құрғаны туралы сарындар ұшырасады. Демек, соның бір сілемі Манас жырына да түсуі әбден мүмкін [41, 250-259-66].

Шоқан заманында көне түрк қағанаттарының шынайы тарихы бәдізделген орхон-енесай бітігтастарының құпиясы әлі ашыла қоймаған болатын. Ал шын мәнінде Көкөтай ханның асына бір кездері Көк Түрк мемлекеті қанат жайған кеңістікте содан бері ғұмыр кешіп келе жатқан туыс елдердің игі жақсылары мен батыр-бағландары шақырылған еді. Әрі Көкөтай асына сауын айтуға қатысты бұл географиялық жағдай, өзге тарихи дәуірлерден гөрі, түрк қағанаттары кезін көбірек еске түсіреді. Қазақтың ұлы академигі Әлкей Марғұлан атап көрсеткендей, «тегінде «Манас» жырының ең түпкі аялғысы, сол замандардан басталған болуы керек» [39, 40-41-66].

Назар жомоқшы содан соң Көкөтайдың жойқын асы кезіндегі оқиғаларды жырлауға көшеді. Ат бәйгесі, сайыс, аударыспақ, балуан күрес, жез бұйдалы інгеннің биі (жалаңаш әйелдің билеп келіп, бұйданы тісімен шешіп алу ойыны), Ер Қосайдың күреске түсуі, кәуірлердің ас пен бәйге шырқын бұзғысы келгені, оған Ер Манастың қарсылық көрсеткені ерекше шабытпен шумақталды...

Кәуірдің ханы батыр Жолай ас кезінде өзіне қарсы шыққан Манасқа қатты өштесіп, онымен соғысуға қол жинау үшін еліне қайтады. Манас жер ортасы Бозтөбеге келіп, алдағы шайқасқа

дайындалады. Сол жерде қару-жарағын түгендеп, әбден қамданып алғаннан кейін, кәуірлердің еліне қарай беттейді. Сегізінші күн дегенде майдандасар жерге жетіп, жаудың қолын ойсырата жеңіп, Жолайдың басын алады... [40, 43-106-бб].

Манас бұдан кейін де талай жорықтарға қатысты. *Қара шоқты кәуірдің қауымды жұртын бір алды, қызыл шоқты қытайдың қақпалы жұртын бір алды... Алым жеді Қашқардан, зекет жеді Қоқаннан...*

Алайда соғыста алған жарақаттың зардабынан Манастың өзі де елу екі жасында бақилыққа аттанды. Адал жары Қаныкей ерінен айырылып, қолаң шашын талдап жұлып, ақша бетін қанжоса тырнап, зарлап жесір қалды. *«Алтын жүзді айбалтаң, ебін тауып кім саптайды, артыңда қалған еліңді, топалаң қылмай кім бастайды»,* деп жоқтау айтты.

Назар жомоқшы Манастың да Көкетай хан сияқты жерленгенін айта келіп, жырдың соңғы шумақтарын қайыруға кіріскен еді.

*Қарағайдан қалың табыт шаптырып,
Ішкі бетін алтыннан,
Тысқы бетін күмістен
Манасты табытына салды дейді,
Астына жердің сызын өткізбей,
Үстіне күннің көзін тигізбей,
Сарайға сөрелеп қойды дейді...*

Шоқан манасшының күні бойы жырлағанының бәрін жазып алу мүмкін еместігін байқайды. Себебі, Жомоқшы Манасты түгел тыңдауға үш түн де жетпейтінін ескерткен. Батырдың баласы Семетейге арналған жырға да соншама уақыт керек екен. Сондықтан да ол бүгін айтылған жырдың өзіне ұнаған көркем тұсы – «Көкетай ханның ертегісі» деген бөлімін ғана жазып алуды жөн деп табады. Ол: «Бүгінге осы да жарайды, ертең бізге Көкетайдың өлімі мен асы туралы қайта жырлап бер, жазып алуымыз керек», – дейді Назарға.

...Ертеңіне манасшы бірден Көкетайдың ертегісінен бастайды. Шоқанмен бірге экспедиция құрамында жүрген, араб қарпімен жазуға жап-жақсы сауаты бар қазақ жігіті жыр

жолдарын дәптер бетіне тез-тез түсіреді. Ал өзі әр сөзді қалт жібермей, жазып алушы үлгеру үшін манасшыны ауық-ауық кідіртіп отырды. Назар да қайта-қайта үзіп айтқызуға үйренбегендіктен, кешегідей ағыл-тегіл екпіндетіп төге алмайды. Сонда да жадында әбден сақталып қалған шумақтарды бір сыдырғы жырлап шығады.

Жомоқшы «Манастың бір сапар әңгімесі осымен тәмамдалды» деп, «Көкөтайдың асы» бөлімін қайырганнан кейін, Шоқан жазып алушы жігіттің қолындағы дәптерді алды да, қағазға түскен жырды оқи бастады. Әр жеріне белгілер соғып қояды. Бәрін түгескен соң, оған қарап: «Кейбір қырғыз сөздерін қазақшаға ұқсатып жібергенің болмаса, жақсы түсіріпсің, – дейді. – Ол ештеңе емес, қазір қайтадан айтқызып жөндеп аламыз».

Содан кейін қымыз ішіп тыныстап алған манасшыға «Көкөтай ханның ертегісін» қайта жырлатады. Енді Шоқанның құлағы жыршыда болғанымен, көзі дәптер бетінде. Қолы қолына жұқпай, сөздердің үстінен түзету енгізеді. Қазақ жігіті «құладың» деп жазған жерді қырғыз фонемасына лайықтап «құлаалы», «текеге бұты шалысқан» дегенді – «екеге бұты шалысқан», «жолына» сөзін – «йолына», «тұрмай ма» сөзін – «тұрбай ма» деген сияқты бірқатар түзетулер қосады. Қалып қойған жерлерін түсірді. Жазылмай қалған *«айға баққан ақ сарай, ақ сарайлап қойды дейді», «астындағы мәнекер еш өнерін көрмедім», «оны ондай қорқытты, Ыстықкөлдей толқытты», «асымды билеп берсін деді, мүшесін артық жесін деді»* секілді тағы біраз жолдарды да тіркеп жазады.

Жыр айтылып болғаннан кейін манасшыдан кейбір түсініксіз болған қырғыз сөздерінің қазақша мағынасын анықтап сұрап, қастарына жазып қояды. Қырғызша «кемеге» сөзі – жерошак, «қолтурмаш» – ашамай, «жыртыншы қара берді дейді» – жыртысты көп берді дейді, «жақтыға жай бермес» – жағы барды сөйлетпес, «қыйыдү» – адам тілдес, «айбан» – хаюан,... деген ұғымдармен сәйкес екенін аударып көрсетеді. Кей сөздердің орысша түсініктерін беріп отырды. Бэрэр – скакун, өңі саз – суровый, көзотаға – коралловый шарик, қоңба бел қабамын – угроза, бұта атым (оқ атым) – расстояние полета стрелы, он сан – десять тысяч, мәмбе – привязь, айланғыс туған –

непоказывающий сонму... деген сияқты аудармаларын сол жолдың үстіне не астына қоса жазады [39, 32-33-бб].

Жырды дәптерге түсіру жұмысы аяқталып, манасшыны шығарып салған соң, Шоқан күнделігін қолына алып, өзі кейіннен «бұл қағаз бетіне бірінші рет түсірілген қырғыз сөзі болуы керек» деп атап өткен ерекше ғылыми жаңалық туралы мынадай сөздер жазған еді. *«Дастанның тілі ауызекі сөзден гөрі түсінікті. Жырдың кейіпкері Манас – ноғайлы батыры... Онда Шу, Ташкент, Іле өңірлерінде үш халық: ноғай, қазақ және қырғыз тоқайласады. Қырғыздарға ноғайлылардың аңыздары да белгілі: олар Едігені біледі және ол туралы жырлағандары қазақтарға келіңкірейді. Олар да: Кешегі он сан ноғай бүлгенде, Орманбет би өлгенде, орданың қара жағасы, аспанға ұшып кеткенде, – дейді. Кіндіказиялық көшпелілер аңыздарының бәрінде ноғайлылар құрметті орынға ие. «Ташкенттік» ноғайлылар Манаста еске алынады. Жәнібек, Асан қайғы бұл жерде де белгілі. Алатайдай бүлдірді, деген оқиганы қырғыздар да айтады»* [1, 251-б].

Шоқан жазып алған «Көкетай ханның ертегісі» деп аталатын осы қолжазбаның кейінгі тағдыры көп уақыт ғылыми ортаға беймәлім болып келген еді. Петерборда жұмыс істеген кезінде жазған «Жоңғария очерктерінде» [6, 265-293-бб]. Манас дастанының бір бөлігін қырғыз жыршысының аузынан көшіріп алғанын, оны орысшаға аударумен айналысып жүргенін атап көрсеткенімен, сол жартылай тәржімаланған аударманың өзі зерттеушілердің қолына Шоқанның қайтыс болғанына көп жыл өткен соң ғана түскен еді. Оны қазақ ғалымының жақын аға досы К. К. Гутковский жинаған қағаздар арасынан профессор Н. И. Веселовский тауып алған. Көрнекті шығыстанушы тәржімамен танысқан соң Шоқанның қырғыз сөзінің қуаты мен көркемдігін әлсіретпей, орыс тіліне қалай тамаша аударғанына тәнті болады [4, 493-496-бб]. Ал дастанның қырғызша қолжазбасы, ол жөнінде татар ғалымы Х. Файызханның Шоқанға жазған хатында [5, 207-214-бб] айтылғанымен, ғалымның біраз еңбектері сияқты со бойы қолға түспей келген-ді. Тек 1960 жылдардың соңында ғана академик Ә. Марғұлан оны Ресейдегі Азия халықтары институты Шығыстанушылар мұрағатының елеусіз жатқан қорынан тапқан. Кейіннен Әлекеңдей ұлы ғұлама осы нұсқа туралы «Шоқан және

Манас» [21] атты елеулі еңбек жазды. Бұл зерттеуінде академик дастанды жырлаған адамның, Шоқан есімін айтпай кеткен манасшының кім екенін де анықтады. Сол дәуірде өмір сүрген манасшылардың мұраларын сараптау, жыр жолдарын басқа нұсқалармен салыстыру нәтижесінде Шоқанмен кездескен ол жыршының әйгілі манасшы Назар Болатұлы екенін [39, 19-б] дәлелдеді.

«Көкетай ханның ертегісі» – байырғы замандардағы көшпелі жұрттардың тұрмысын көркем эпикалы ыңғайда шалқыта суреттейтін «Манас» жырының аса бағалы бір тарауы. Онда бағзы дәуірлерде түрк тайпалары мекендеген географиялық аумақ, тарихи жағдай, исламға дейінгі жерлеу жоралары (*қылышпенен қырдыру, қымызбенен жудыру, шарайнамен шаптату, бұлғарымен қаптату* – яғни мәйіттің етін сүйегінен айыру, мүрдені бұлғарымен қаптату, сөрелеп қою, ұйық жұртқа көму), басқа де ежелгі әдет-ғұрыптар жайында қадау-қадау мысалдар көп-ақ. Жырда Көкетайдың асын түпкі ханның жеріне барып берудің өзі де көне жұрттардың Алатау мен Енесай арасын ерсілі-қарсылы көш жолы еткен ерлік замандарын еске түсіреді.

Ғылым әлеміне тұңғыш рет Шоқан Уәлиханов жазып алып, оны «халық даналығының туындысы,.. дала Илиадасы» деп бағалап, ұлан-ғайыр бәйгеге қосып жіберген «Манас» қазір әлемге әйгіленген эпосқа айналды. Оны зерттеу ісінде Шоқаннан кейін де қазақ ғалымдарының қосқан үлесі аса мол. «Манас» туралы алғашқы монографиялық еңбекті заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов жазды. Әлкей Марғұланның кең танымға құрылып, 1971 жылы жарық көрген «Шоқан және Манас» зерттеуі [39] манастану іліміне қосылған ең айтулы үлестердің бірі болып табылады. Еліміздің белгілі ақындары аударған «Манас» жырының көп томдықтары да оқырманға жақсы таныс...

«Манас» эпосының кейінгі дәуір қоспаларынсыз шүйгін қалпында сақталған ең байырғы көркем нұсқаларының бірін әлемде тұңғыш рет қағазға түсірген Шоқан еңбегінің ғылыми құндылығы айрықша өлшеусіз. Қырғыз ғалымдары да оны бүгінгі күні ерекше бағалайды. Соның бір белгісі – 1996 жылы жыр қағазға түскен Сантас асуы маңында, Ш. Уәлихановтың «Манасты» жазып алуының 140 жылдығына орай «Санташ – 140»

атты бірінші халықаралық ғылыми конференцияның өткені еді. Онда қазақтың ұлы ғалымының қырғыз халқының тарихы, мәдениеті, әдебиеті, географиясын, әсіресе «Манасын» зерттеудегі ұлан-ғайыр еңбегі алғаш рет кең ауқымдағы салиқалы әңгіме арнасына айналды. Келелі жиынның қорытындысы Шоқанның «Көкөтайдың ертегісін» жазып алған жеріне ескерткіш белгі орнату рәсіміне ұласты. Қырғыз ағайындар үйдей тастың бетіне «Бұл ескерткіш қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың 1856 жылы «Манас» жырын жазып алу құрметіне қойылды» деген сөздерді ойып жазды. Көлемі одан сәл кішілеу екінші тасқа Шоқанның өз қолымен салған Алатау көрінісі түсірілді. Сол жолы мұндай конференцияны сұлу табиғатты келіскен осы Сантас төрінде реті келсе, бес жыл сайын өткізіп тұру ұйғарылды [129, 353-358-бб].

Саяхатшы күнделігінен оның Сантас үйіндісі тарихына қызығушылық танытқандығы да байқалады. Ол туралы ел аузында қалған аңызға назар аударады. «Әміршілердің әміршісі, талай елді жаулап алған Әмір Темір Қытайды бағындыруды көздеп жорыққа шығады. Жер қайысқан қолмен шерулеткен әмірші осы асуға жеткенде, әскерлерінің әрқайсысына өзен жағасынан бір-бір тастан әкеліп үюге пәрмен береді. Сосын жорығын әрі қарай жалғастырады. Мақсатына жетіп, өзге жұрттарын бағындырып қайтып келе жатқан жолында, қолбасшы енді бұрын өзі көтергізіп кеткен үйіндіден бір-бір тастан алғызып, жанындағы жаңа жерге жинауға бұйырады. Сонда әмір Темір бұрынғы орнында қалып кеткен тастың мөлшеріне қарап, қанша сарбазының қаза тапқанын шамалаған екен. Шағын үйінді сол алғашқы төбешіктің орны көрінеді» [1, 249-б], – делінеді екен аңызда.

Алайда оның тарихи деректерге үйлеспей тұрғанын Шоқан бірден байқайды. Әмір Темірдің Қытайға қарай жорыққа аттанбақ болғаны рас. Бірақ Әбілғазының шежіресінде шет жағасы айтылатын, 1402 осман сұлтаны Баязитті жеңгеннен кейін өз астанасы Самарқанға қайтып оралған Темір, 1405 жылы Қытайды бағындыруға бел байлап, жорыққа шыққанымен, оған жете алмай, жолшыбай тоқтаған Отырар қаласында елірме ауруына ұшырап, о дүниеге көшкен болатын.

Қырғыздардың арасында оны қазақ ханы Есімнің қалмақтарды жеңгеніне байланысты қойылған ескерткіш деген аңыз барын да естігеннен кейін, бұл жайдың тарихи деректерге үйлесетініне мән береді. Есім ханның осы аймақтарда қазақ-қырғыз әскерлерін басқарып, қалмақтарды түре қуғандығына қатысты ақиқатты қаперге алады [1, 250-6].

Ыстықкөл сапары барысында Шоқан қырғыздардың байырғы әдеби мұралары – аңыздары мен шежірелеріне де көңіл бөлді. Бұл жұрттың өте қызық аңыздары өздерінің ата-тегі туралы болып келеді, дейді қазақ ғалымы. Олар өздерінің шыққан тегі, арғы атасын қызыл ит деп санайды. Бір ханның қызы қасына қырық қыз нөкерін ертіп алып, шалғай жерлерге сөйілге, саятқа шығып жүргенді ұнатады екен. Бір күндері ханшайым өзінің дағдылы серуенінен қайтып келсе, елін тамтығын қалдырмай жау шауып кеткенін көреді. Қаңғып жүрген қызыл төбеттен басқа тірі жан көрінбейді. Еш амалы қалмаған олар, елдің адыра қалған жұртында бірге өмір сүре бастайды. Қастарында сол қызыл төбеттен басқа еркек кіндік жоқ болса да, ханшайымның өзі, одан соң қырық қыз да бала көтеріп ана болыпты. Қырғыз халқы осы қырық қыздан шыққан екен, дейді... [1, 343-344-бб].

Қырғыз шежіресіндегі рулардың шығу тарихына қатысты аңыздарды зерделеген Шоқан. қырғыздардың өздерін Қырғызбай деген шоң бабадан тарататынына назар аударады. Оның Ақұл деген ұлынан Абыл мен Қабыл деген балалар туады. Абылдың тұқымдары – *Оң қанат*, Қабылдың тұқымдары – *Сол қанат* деп аталады. Абылдың Тағай деген немересінен Боғорстан, Қойлан, Қылжыр, Қарашора деген балалар туған. Боғорстаннан – солты, Қойланнан – жәдігер, Қылжырдан – Дәулесбақты, Орозбақты, кейінгі екеуінен – *сарыбағыш*, *бұғы*, Қарашорадан – саяқ рулары тарайды. Бұлар негізінен қазақтармен шектесіп жатқан өңірлерде тұрады. Бұғы руы Орозбақтының баласы Мырзағұлдан шығады. Оның баласы Әлсейіт, одан – Жаманкұл. Бұғылардың Мүйізді бәйбіше деген ұлы аналары сол Жаманкұлдың зайыбы боп келеді. «Мүйізді бәйбіше» деп аталуының себебі, Орозбақтының Мырзағұлдан кіші Қарамырза мен Асан деген балалары бар екен. Солар бір күні аң аулап жүріп, бір топ маралдың арасынан бұғы мүйізді ғажайып сұлу қыз бен бозбаланы көреді. Аңшылар жігітті атып өлтіреді де, оққа ұшқан бауырының үстіне шыңғыра құлап,

мүрдесін құшып, зар еңіреген қызды қолға түсіреді. Мүйізді қыздың сол кезде ағайынды екі аңшыға айтқан қарғысының күштілігі сонша, кейіннен олар ұрпақсыз қалыпты деседі. Қарамырза мен Асан олжа қызды жолы үлкен ағалары Мырзағұл биге әкеліп сыйлайды. Би оны немересі Жаманқұлға үйлендіреді. Жас келін уақыт өте келе сол рудың керемет ақылды, данышпан анасына айналып, ел арасында Мүйізді бәйбіше деген атақ алады. Сондықтан да одан тараған ұрпақтар өздерін «бұғы ананың тұқымымыз» деп есептейді. Өдетте Мүйізді ана басын жуған суды адам аяғы баспайтын жерге төккізеді екен. Осы қызметті атқарып жүрген күң әйел бір күні әуестіктің салдары ма, сол қасиетті суды өзі ішіп қойыпты. Соның әсерінен болар, іле-шала бұғы ананың мүйізі түсіп қалыпты, деседі. Ал әлгі күң сол жуынды судан аяғы ауырлап, ұл туады, оның атын жел сияқты ғайыптан пайда болғанына байланысты Желден деп қояды. Оның ұрпақтары кейіндері бұғының бір атасын кұрайды [1, 336-338-бб].

Абылдың Тағай деген немересінен тарайтын сарыбағыштар мен бұғылардың бір-бірімен талайдан келе жатқан өштіктеріне қатысты да аңыз бар екен. Ол текетірес бұғының Бөлек пен сарыбағыштың Болат деген манаптарының тұсында басталыпты. Болат қайырымды, қолы кең адам болыпты. Ол өзінің бар малы мен мүлкін кедейлерге үлестіріп берген жомарттығының арқасында, әйелі ұл туғанда, қалжаға соятын қойы да болмай қалыпты. Содан амалы қалмаған ол, тақым артар жылқысы да жоқ, өгізге мініп келіп, Белектің әйелінен бір қой сұрапты. Сонда оған «мен әркімге қой үлестіруге міндетті емеспін», дегендей намысқа тиетін жауап қайтарылыпты. Бұған қатты шамданған Болат өз руластарын жиып алып, Күдірге асуының тұсында бұғылардың көшіне шабуыл жасапты. Бұғыларды ойсырата жеңіп, Тоғызбай манаптың қызын бас етіп, тоғыз қызды олжалапты. Содан бері екі ру арасындағы кикілжің толастамай, ауық-ауық жалғасумен келе жатыр [1, 373-374-бб].

Қырғыздар арасында Ыстықкөлдің пайда болуы туралы да бірқатар аңыз бар. Шоқан Кіші Өрікті өзенінің жағасында бірер дамыл күндерді өткізген кезде солардың бірін естіген еді. Алдында Үш Өрікті жазығында ескі бекіністер орны мен обалардың көп екенін байқап, су ішінен шойын қазанның

сынығын да тауып алған Шоқанның бұл аңызға қатты қызыққаны байқалады.

...Бір кезде Ыстықкөлдің орнындағы кең жазықта сәулетті шаһарлар болыпты, – деп басталады ол аңыз. – Осы елдің ханы қартайғанша перзент көрменгі. Өз тағына ұрпағын отырғызып кетуді армандаған хан бір күні Тәңіріге: «есек кейіптес болса да, маған бір ұл берсейіші», деп жалбарыныпты. Оның өтініші қабыл болып, тоғыз ай, тоғыз күннен кейін ханым ұл тауыпты. Бала ханның өзі сұрағандай, кәдімгі есек құлақты, ұзын жақты болып дүниеге келіпті. Амал не, ханға керегі таққа отырар ұрпақ, көнуге тура келеді. Ақырында Жанбек атты сол ханзада ер жетіп, таққа мінеді. Бірақ ол өзінің есек құлақты екенін ешкімге білдірмейді. Халыққа жайлы, әділетті хан ретінде танылады. Алайда ел-жұрты басына бөркін бастыра киіп алып жүретін ханның шашын алуға барған шапшараздардың неге кейін оралмайтынын түсінбей, дал болар еді. Хан шашын алдырып болғаннан кейін, өзінің кемістігін жұртқа айтып қояды деп, шапшараздың басын алып отырады екен. Шапшараз атаулы хан сарайына барып, ажал тауып жатқаннан кейін, халық бұл кәсіппен айналысуды қоя бастайды. Енді шапшаразды табудың өзі қиынға түседі. Хан амал жоқ, шашын алдыратын адамды, енді жұрт арасынан жеребе тастап шақыратын болады. Көп жылдар өтеді. Талай адам о дүниелік болады. Күндердің күнінде жеребе бір шалдың жалғыз баласына түседі. Тағдырға мойынсынбасқа не шара. Жігіт ештеңені сезбегенсіп, әп-сәтте ханның шашын алып береді. Шапшараздың соншама тез қимылдаған шеберлігіне риза болған билеуші, бұдан былай ешкімді өлтірмеуге бел байлайды. Жігіттің бұл құпияны тісімен шығармаймын, деген уәдесін алып, оны өзінің уәзірі етіп сайлайды. Бір тостақтан қымыз ішіп, бір табақтан палау жейтін, араларынан қыл өтпес достарға айналады. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас», деген сөз рас. Ойда-жоқта уәзір бола қалған жігіт те шамасын байқай алмай қалыпты. Бірде ханмен бірге сұңқарларын алып саятқа шыққан кезде, уәзірдің лашыны ханның лашынынан озып барып құс іліпті. Бұған қиқулай қуанған уәзір байқамастан: «Менің сұңқарым, есек құлақты ханның сұңқарынан әлдеқайда артық», – деп айғай салып, ханның құпиясын саятта жүрген жұртқа

ашып қойыпты. Ұяттан жерге кірердей болған Жанбек хан уәзірді өлтіруге бұйрық беріп, ордасына қарай шауып, сол арада есін жинап үлгерген уәзір тауға қарай қашып, ұстатпай кетіпті. Содан былай қарай Жанбек «есек басты хан» деген атқа ие болыпты. Тау арасында тығылып жүрген уәзір қалаға тек түн ішінде ғана жасырын келіп-кетіп жүреді екен. Хан сарайы аумағында бір алтын қақпақты құдық болыпты. Уәзір қалаға жасырын соғып жүрген күндерінің бірінде, сол құдыққа келіп, бұрын одан су ішкен, уәзір боп дәурен сүрген сән-салтанатқа толы өмірін аңсап, құдайға жалбарынып, қалаға апат әкелуін тілейді. Тәңірі осы қала тұрғындарының ұнамсыз тірліктерін біраздан ұнатпай жүреді екен, оның өтінішін құп алады да, құдықтан лақылдаған су атқылатып, бір түннің ішінде шаһардың орнында Ыстықкөл пайда болыпты...

Шоқан Иордан алабындағы Содом мен Гоморро қалалары тұрғындарының азғындық қылықтары үшін көктен түскен отпен жазаланғаны туралы сөз ететін Тәурат аңызын еске түсірер бұл әпсананы жазып алғаннан кейін, Ыстықкөл шамасы жер сілкінісінен кейін пайда болуы мүмкін деген ойға келеді. Қатты жел соғып, үлкен толқындар көтерілген кезде, жағаға әртүрлі заттар да шығып қалады екен, соның өзі бұл аңыздың бекер еместігін, көл астында қалалардың шөгіп жатуы әбден ықтимал екендігін байқатады [1, 320-322-бб], – деп түйеді

Ш.Уәлиханов қырғыздармен әңгімесулер барысында өз бабасы Абылай ханның қырғыздарға жасаған жорығына қатысты ел аузында қалған бірталай әңгімелерді де естиді. Көбі содан бір жыл бұрын өзі жазып алған «Абылай туралы жырдағы» деректермен үйлеседі. Қалмақтарды қуғаннан кейінгі тұста, Жетісу өңіріндегі мал-жанға қолайлы шүйгін жайылымдар қырғыздардың да көз құртына айналып, ол ақыр соңында, туыс екі ел арасындағы едәуір қақтығыстарға алып келген еді. Қырғыздар бір жылдары, тіпті Қаратау төңірегіндегі дулат пен қоңырат руларының қоныстарына, Жетісудағы ұлы жүз, найман ауылдарына дейін шауып, мал-мүліктерін олжалапты. Қазақтар да қарап қалмайды. Қырғыздарды өз қоныстарына дейін түре қуып, кескілескен ұрыстар жүргізеді. Ел аузында Абылай бастаған қалың әскердің Шу бойында солтыларды, Шілік өзенінің бас алабында сарыбағыштарды, Саты асуы арқылы

Ыстықкөлге өтіп, көлдің батыс бетіндегі Турасу бойында бұғылар мен саяқтарды тас-талқан етіп жеңгені туралы әңгімелер қалғаны мәлім.

Екі халық арасындағы сондай алма-кезек жорықтардың бірінде Көкжал Барақ батыр бастаған қазақ жасақтары қырғыздың қалың ішіне тереңдей еніп кеткен көрінеді. Қырғыздар тез жинақталып, түн ішінде оның қосынына шабуыл жасайды. Оқыста күйрей жеңілген Барақ бас сауғалап әзер қашып құтылады. Қырғыздар арасында бұл оқиға әлі күнге дейін «*Жалды Барақ қашқанда, Байпақ би өлгенде*», деп айтылады. Барақ сарбаздарының ойсырай жеңілгені туралы хабар Абылай ханға да жетеді. Кек алу мақсатын көздеген ол, қалың қолды бастап келіп, Таластың жоғары ағысындағы Үшқосай алабында солтылар мен саяқтардың ауылдарын талқандайды. Шуға құятын Қызылсу мен Шәмші өзендерінің аралығындағы жазықта өткен ұрыста күллі оң қанат мен сол қанаттың біріккен әскерлерін күйрете жеңеді. Сол шайқаста солтылардың манабы Жайыл да ұлдарымен бірге қаза тауып, оның өзі тарайтын талқан атасынан 40-ақ адам аман қалыпты деседі. Қырғыздар арасында бұл шайқас «*Жайыл қырғыны*», ал ұрыс өткен жер *Түйіскен* деген атпен белгілі [1, 374-375-бб].

Абылаймен болған сол соғыстарда қаза тапқан қырғыздың Өтеке батырдың әйелінің күйеуіне шығарған жоқтауы былтыр өзі жазып алған Абылай туралы жырда да бар:

*Абылай ханның найзасы,
Қолда бір болып қайысты.
Әтекемнің найзасы
Қарағай болып майысты...
Басыңды қойды әлекке,
Қаныңды алды шелекке.
Өтіңді алды керекке,
Ішіп қанға тоймады,
Абылай деген хас айғыр
Ежелгі кегін қоймады,*

– деп айтылады [1, 172-180-бб].

Сол ойсыраған жеңілістен кейін қырғыздар Абылайға бұдан былай жауласпауға, бейбіт жүруге мойынсынғанының белгісі

ретінде «ақ үйлі аманат» етіп көп адамын беріпті. Көкшетауға әкелінген сол аманат жұрттан тараған ұрпақтар жетпіс-сексен жылдан соң, атығай руы ішіне сіңген *жаңақырғыз*, *байқырғыз* деген аталарға айналып, бұ күндері екі болыс ел болып отыр, деп жазады Шоқан. Абылайдың қазақ қаруының басымдығын танытқан сол жорықтары нәтижесінде, екі жақ мәмілеге келіп, қазақ пен қырғыз арасындағы шекаралық дау-дамайлар да тыйылған еді [1, 376-б], дейді ол.

Сол сапарында Шоқан қырғыздардан «Абылай туралы жырда» айтылатын, қазақтарға қатты қарсылық көрсетіп көз жұмған қырғыз батырлары Есенғұл, Сәдір, Өтекенің кімдер екенін де сұрап білген еді. Сарыбағыштан шыққан Есенғұл мен Өтеке кейіннен Кенесары, Наурызбайды өлтіруге қатысқан Орман мен Жантай манаптардың туған аталары екен.

Шоқан жазып алған «Абылай туралы жыры» негізінен қазақтардың қырғыздар шабуылына ұшырағаннан кейін Абылай ханның үш жүздің әскерін бастап, кек алу жорықтарына шыққанын баяндауға құрылған.

*Абылайдай тақсыр хан
Айыл-тұрман тағынды,
Арғымағын оздырды.
Баяу жатқан қырғызды
Сарыбелде тоздырды.
Қалмақшыдай қалдырды,
Қырғыздың белін сындарды...
«Қоқилап» қырғыз қашқан күн,
Қазақты дәулет басқан күн,
Қырғыздан аруақ қашқан күн...*

– деп жырланады онда.

Сонымен, бірінші тараудың «Қырғыздың «Манас» эпосы мен аңыздарын жүйелеуі мен саралауы» атты тараушасын түйіндей келе мынадай тұжырымдар жасаймыз:

біріншіден, Шоқан Уәлиханов қырғыздың «Манас» эпосының ең шұрайлы «Көкетайдың ертегісі» деген бөлігін әлемде тұңғыш рет жазып алып, ғылыми ортаға паш етті. Бар

көркемдігін сақтай отырып, орысшаға аударды. Оған «халық даналығының туындысы,.. дала Илиадасы» деп жоғары баға берді; екіншіден, қырғыз шежірелерін, аңыздарын, ертегілерін, мифтерін әлемде алғаш рет ғылыми тұрғыда зерттеді, оларды халықтың арман-тілегін, аңсар-мұратын көркем түрде бейнелеген жәдігерлер деп бағалады, эпсаналық сюжеттерді өз күнделіктерінде, мақалаларында, «Қырғыздар туралы жазбалар» атты аса құнды, іргелі еңбегінде жан-жақты сөз етті; үшіншіден, Абылай ханның қырғыздарға жасаған жорығына қатысты аңыз-әңгімелерді бірінші боп жинады, Қазақ Ордасының билеушісіне қарсы соғысқан қырғыз манаптары мен батырларының кейінгі ұрпақтары туралы мағлұматтарға қанығып, өз еңбектерінде дереккөз ретінде пайдаланды.

I. 4. Қазақ шежірелері мен эпсаналары – байырғы әдеби-рухани мұра (ғалым тұжырымдамасы)

Шоқан Уәлиханов Жетісуда болған кездерінде жазып алған Ұлы жүз руларының байырғы шежірелік аңыздары мен эпсаналарына қатысты мәліметтерге де көңіл бөледі. Жас зерттеуші бұл өңір қазақтары өздерін қытай деректеріндегі ежелгі *усун* халқынан жеткен сарынды жалғастырып, үйсінбіз деп атайтынына назар аударған.

Ғалымның мәліметінше, жергілікті жұрт тіпті сол Үйсіннің өзін одан арғы замандарда жатқан Төбей биден шығарады. Сол Төбейден – Үйсін, одан – Құйылдыр, Мекірейіл, Майқы және Қоғам деген төрт бала тарайтыны туралы шежірелері бар. Қария сөздер Құйылдырдан – Қатаған, Мекірейілден – Жалайыр, Майқыдан – Абақ, Қоғамнан – Қаңлы деп тізбектейді екен. Ал Абақтан – сарыүйсін, ысты, шапырашты, ошақты, албан, дулат, суан рулары тармақталады [1, 107-111], деп жазады ол.

Шоқанның Ұлы жүз рулары шежіресін қағазға түсіру үстінде қазақтың шығу тегіне қатысты мәселеге де назары бұрылып отырғанын байқау қиын емес. Ол бұл тақырыпты қаузауға сол кезден-ақ кәдімгідей ыңғай береді. Профессор Березинге жолдаған хатында шет жағасын қозғап кеткен осы мәселе

орайындағы ізденіс ақырында оны «Қазақ шежіресі» [1, 203-219-бб] атты зерттеуді жазуға алып келген.

Бұл еңбекті атқару барысында жас ғалымның сол кездің өзінде *«қазақ»* сөзі – түрк жұрттары арасында байырғы заманнан *еркін өмір сүруші, даланың айбынды серісі, рыцары* деген мағынаны білдіргенін, сол ұғымнан *«қазақ болу, қазақ шығу, қазақлық жасау»*, яки еркін ғұмыр кешу үрдісі туындағанын байыптай алған еді. Бұл ретте ол «Шайбанинамедегі»: *«қазақ шығып жүргенде, ана мырза анандай ерлік жасапты, мына мырза мынандай ерлік жасапты»* деген сөздердің жиі кездесетіні бекер еместігіне мән береді. Алтын Орда ыдырағаннан кейін оның бұрынғы аумағында әртүрлі хандықтардың ғұмыр кешкені, ол ұлыстардың өз іштерінде қырқыстар мен қақтығыстардың орын алып тұрғаны белгілі. Сол кезде кей ұлыс билеушілерінің ықпалына көңісі келмеген ірі-ірі рулардың басшылары қарамағындағы елдерді сондарынан ерте, басқа өңірлерге қоныс аударып, қазақ (еркін, дербес) шығып, өз еркі өзіндегі азат қауымдарға, яки *«қазақтарға»* айнала бастаған. Және *қазақ болу, қазақ шығу* – отырықшы жұрттарға қарағанда абыройы биік, рухы жоғары, құрметті қауымдар ретінде бағаланатын дәрежеде байыпталған еді. Олардың бұл атауы кейіннен орыс жерінің шет аймақтарына (украинаға), Запорожье, Дон бойына қашып келіп орныққан әлеуметтік топтарға «казактар» боп ауысты, деп тұжырады Шоқан.

Алтын Ордан кейінгі аласапыран замандарда Еділ-Жайық алабында – Ноғай Ордасы; Жетісу мен Шығыс Түркістанда – Моғол ұлысы; Сырдариядан теріскейдегі далада – Қазақ Ордасы құрылады. Қазақтардың арасынан Алтын Орда қыпшақтарын да, Шағатай ұлысының арғындарын да, жоңғарлардың көршілесі үйсіндерді де кездестіруіміздің өзі олардың әр тараптан қосылғандығын көрсететін белгі болып табылады. Қазақ құрамында молынан бар қыпшақ, найман, қоңырат, жалайыр, қаңлы ж.т.б. әйгілі рулар басқа жұрттардың қатарында да көптеп кездеседі. Қазақ Ордасы аумағының өсіп-толысуына байланысты, ол кейіннен Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп аталған аймақтық-әкімшілік бөлініске жіктеліп басқарылатын болды, дейді жас ғалым.

Әбілғазы, Рашид ад-дин, Жуайни, Қадырғали бек, Левшин, Карамзин, Григорьев, Соловьев, Небольсин еңбектеріндегі, Сібір жылнамаларындағы мәліметтерді салғастыра отырып, қазақ хандарының әулеттік тегін анықтауға ұмтылады. Қазақ ордасы хандарының арғы атасы Ақ Орданы билеген Орұстың (Ұрұс) ата-тегін қаузаиды. Жошыдан тарайтын Орұстың баласы Құйыршықтың әке тағына отырғандығын, сол Құйыршықтан туған немересі Барақтың да Ақ Орда ханы болғанын, Барақтан – Жәнібек ханның туғанын тарихи деректермен нақтылайды.

Өзінің немере туысы Кереймен бірге Қазақ Ордасының алғашқы хандары болған осы Жәнібек заманында қазақ пен ноғай бірге көшіп-қонып жүрген екен, дейтін аңыздар мен қария сөздер қалған. Ол дәуір қазақ жырларында алтын ғасыр деп аталды, қазақтардың көп аңыз-дастандары да сол алтын ғасырға дөп келеді. Жиренше шешеннің бірлік, тәлім-тәрбиелік нақылдары, философ, дана Асан қайғы да осы күнге дейін далалықтардың аузынан түспейді [1, 218-б], дейді Шоқан.

Жас ғалым атап өткен бұл дәуір – ХҮІ ғасырдың екінші жартысында бұрынғы Ноғай (Маңғыт) Ордасы ыдырағаннан кейін, Жем мен Ойыл алабында ноғайлардың бір аталарының бөлініп шығуынан Алтыұл (немесе Жембойлық) ордасы құрылған заманмен, Қазақ ұлысының айбынды ханы Ақназардың ел шекарасын Еділ-Жайыққа дейін кеңейтіп, түп-тегі туыс жұртты қанатының астына тартуының арқасында, қос халықтың қатар қоныстанған, қоян-қолтық араласқан кезеңдерімен сәйкес келеді.

Алайда сол алтын ғасырдың соңы ноғай билеушілерінің одан әрі өршіген қырық пышақ алауыздығына да ұласқан еді. Тақ үшін таласқа түскен ноғай мырзалары арасындағы қидаласқан қақтығыстардың бірінде беделді би Ормамбеттің (Ноғай ордасын билеген Исмаилдың баласы) 1597 жылы көз жұмуы – халық аңыздарында зардабы мол кезеңнің басы ретінде есептеледі. Сол қазадан соң іле-шала ноғайлар Тарбағатай жақтан ығысқан торғауыттардың шабуылына ұшырайды.

Қазақ Ордасының да бұл шақта ноғайларға қарауға шамасы жоқ, шығыста ойратпен, оңтүстікте Бұхара хандығымен соғысып жатқан тұсы болатын. Күш-қуаты толысып тұрған Қазақ Ордасы ойраттың бетін қайтарып, Бұхара әскерінен басым түскенімен,

сол кезде ұлыс сұлтандары арасында туған бақталастық халықты екіге жарған. Өзі де Жәнібектің баласы Қасым ханның немересі боп келетін Тұрсын хан орда тағында отырған шөберелес туысы Есім ханға қарсы шығып, оңаша отау тігуді ойлайды. Түркістандағы Есімнен бөлініп, өзін Ташкенттің ханы ретінде жариялайды. Ол текетірестің соңы 1628 жылы Есім ханның Тұрсынды өлтіруімен аяқталған.

Ал бұл жылдары елдің батысында торғауыттар шапқыншылығына ұшыраған ноғай-қазақтың тоз-тозы шығып, босуды басталған еді. Ойрат мемлекетінен ХҮІІ ғасырдың алғашқы жартысында бөліне көшкен Хөө Өрлөг хан бастаған торғауыттардың қалың қолы күші басым қазақтардан қаймыға Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерінің теріскейі арқылы айналып өтіп, Жем алабындағы ноғай-қазақ қоныстарына ұрынған. Өз арасында бірлігі жоқ ноғай билеушілері жасанған жауға қарсылық көрсете алмады. Торғауыттар 1628 жылдың өзінде Жайық пен Жем аралығына толық орналасып алды. 1632 жылы Еділ жағасында Қалмақ ордасы тігілгеннен кейін ноғайлар Еділден әрі көшіп, Қырым хандығының қоластына қарады, қазақтар оңтүстікке ығысты...

Шоқан сол кездерде дүниеге келген аңыз-дастандарда, күйшілердің қобызда ойнаған сарындарында қазақ пен ноғайдың жылап айырылысуы өшпес ізін қалдырғанын атап өтеді. Ол дастан-жырлардағы: *«Ормамбет би өлген күн, Он сан ноғай бұлген күн, Орданың қара жағасы, Аспанға ұшып кеткен күн, Жез қарғылы құба арлан, Жетіп түлкі ала алмай, Жалған аңын ала алмай, Қорашыл төбет болған күн...»*, – деп келетін жолдарды тыңдаған қариялардың сақалдарынан тарам-тарам жас ағып, мұң-шерге бататын еді» [1, 218-219-бб], – деп жазады.

Жас ғалым Ұлы жүз қазақтарының мақал-мәтелдеріне де назар аударады. Оларды іріктеу кезінде: *«Өткір пышақ қынға қас, өгірік сөз жанға қас»*, *«Жауда қалған бұлбұлдан, елге қайтқан ит озды»*, *«Ерді құдай сақтайды, етікті нәл сақтайды»*, *«Мұрын жоқ болса, екі көз бірін-бірі шұқиды»*, *«Сусыз жерде камыс жоқ, азған елде намыс жоқ»*, *«Қамқа тон да шүберек болар тозған соң»*, *«Тоты құс бойын көріп сырланады, аяғын көріп қорланады»*, *«Тойғаннан құрсақ жарылмайды, қуанғаннан мандай*

жарылмайды»... [3, 50-52-бб], деген тәрізді сирек ұшырасатын халық нақылдарына ден қойғанын аңғару да қиын емес.

Ғалымның қазаққа тән ежелгі наным-сенімдерді сипаттаған «Тәңірі» атты зерттеуінде [1, 112-121-бб] көптеген танымдық жақтары мол этнографиялық дәйектер ортаға тартылады. Әдеби мұраларда, тұрмыстық-салт өлеңдерде, дастандар желісінде сипатталатын – *отты* кие тұтуға қатысты бағзы замандардан бар ғұрыптардың қазақтың келін түсіру кезіндегі салттарда да сақталып қалғанын жазады. Мәселен, жас келін әуелі өз отауына енбес бұрын, атасының үйіне кіріп тағзым етуі, «аруақ разы болсын» деп, тізе бүгіп басын төмен иіп сәлем беруі керек. Содан соң сол үлкен шаңырақтың отына бір қасық май тамызады. Бұл ырым-кәдені «*отқа май құю*» дейді. Май жанып жатқанда жас келіннің жанындағы енесі немесе әйелдердің бірі алақанын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. Үлкен үйдің отының құрметіне деп, қалыңдық атасының иығына шапан жабады. Атасы жас келіннің ошақ жақтағы тулаққа отыруына ишара жасап: «иін қандырып илеген тулақтай, мінезің жұмсақ болсын, қарағым» деп батасын береді.

Отпен емдеудің де неше түрі бар. Мәселен, сарып болғанда, малдың жеті мүшесінен жеті жапырақ ет кесіп алып, отқа қақтап ауырған жерді қыздырады.... Жаңа туған айды көргенде үш рет тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп тағзым етеді де, сол тізе бүккен жерінен шөп жұлып алып, жанып жатқан отқа тастайды. Адам өлгенде аруағына арнап, қырқына дейін қырық күнде, әр күні бір шырақтан жағады немесе әр күнде он шырақтан төрт күн шырақ жағады. Шырақты оң босағаға қояды. Шырақ жағу себебі, өлген кісінің аруағы қырық күнге дейін үйіне келіп, балаларының жай-күйін біліп жүреді. Сондықтан күн батып, қараңғы түскенде есікті айқара ашып, босағаға ақ киіз төсеп, бір тостаған қымыз қояды, өстіп өлген адамның аруағын күтеді. Үйдегілер өлген адамға құран оқып, тостаған қымыз қойып, шырақ жағады. Жас нәресте дүниеге келгенде, садақа есебінде отқа май тамызып: «Ақ түйенің қарны жарылды» деп айтады...

Қазақтың аспандағы әр жұлдызды әр адамның жаны деп түсінетінін, егер бір жұлдыздың ағып түскенін көрсе «менің жұлдызым жоғары» деп екі рет айтатын ырымын сөз етеді. Әкесі Шыңғыстың кешке үйге кіріп келе жатып: «Бүгін екі адам өлуге

тиіс» деген сөзін жиі еститінін, «қалайша білдіңіз?» деген сұрағына: – «Екі жұлдыз аспаннан ағып түсті», деп жауап беретінін еске алады.

Осы зерттеуде бүгінгі күн тұрғысынан алғанда, этнографиялық жүгі аса құнды қаншама мәлімет жазылып қалған десенізші. Мәселен, ер адам жорықта қаза тапса, жасақ ауылға жақындағанда «Ой, бауырымдап» өлген адамның үйіне қарай ат қояды, мылтық атып, жолдарындағы ағаш т.б. өсімдіктерді найзамен түйреп, қылышпен шабады, сондай-ақ өлік шығатын үйдің босағасын да шапқылайды екен. «Айналмақ» деген, өзін-өзі садақа, құрбандыққа қиятын ырым бар, – дейді Шоқан. – Өзін біреудің жолында құрбан еттім деген адам, ауырып жатқан адамды үш рет айналып шығуы керек. Қолға түсіп қалған құсты да бастан үш рет айналдырып, еркіне жібереді. Демек, бар ауру-сырқау, пәлекет сол құспен бірге кетеді деген сенімнен туындайды.

Мал көшпелілердің негізгі дәулеті болғандықтан, төрт түлікке байланысты әр түрлі ырым-сенімдер бар: малдың сүйегін баспайды, егер жерге сүт төгілсе, сол сүт төгілген жерді жақсылап тазалайды. Кесір болмасын деп, оң қолын маңдайына, иегіне, оң иығына, содан соң сол иығына апарып тәу етеді. Сондай-ақ құлындардың желісінен аттағанда да тәу етеді, себебі, желінің де киесі болады. ...Ұстаның темір төсін көрсе де тәу етеді. Жылқышы құрығынан, балта, бақанның үстінен аттамайды, «бақан аттамаған байымайды, балта басқан жарымайды» деген сенім бар. Жылқы, түйе, қой, сиыр киелі жануарлар санатына жатады...

Қазақтардағы ислам дінімен араласқан тәңірі діні жын, пері, шайтандар болады-мыс деген бақсылық дәстүрлердегі ұғымдарға жол береді. Байырғы әдеби мұраларда жиі кездесетін кейіпкерлер - бақсылар көмекке шақыратын *жын* керемет күші бар рух, сайтан түрінде сипатталады. *Албасты* рухы – әйелдер босанғанда қатерлі. Оларды *жезтырнақ* деп те атайды. Албастылардың басшысы – *сөрелдің* бойы тым ұзын, ағаштармен теңеседі, қалың жынысты ормандарда тұрады. Адамды қытықтап өлтіреді. *Көн аяқ* – елсіз тоғайларда, аралдарда мекендейтін адам перісі. Аяғының орнына қайыс-көн. Қаперсіз келе жатқан жолаушыларды алдап, өзіне шақырып алып, үстіне отырады да,

қайыстармен байлап-матап, адамның әлі бітіп құрығанша мініп жүреді.

Алдын ала болжаушы, сәуегейлерді де қазақтар *бақсы* дейді. Бақсылардың бәрі де балгерлер. Бақсылар алдын ала хабар беріп тұратын – болжайтын рухтарын, кейіннен келген мұсылман дініне ыңғайластырып, періште деп те атайды. Ұлы бақсылар барлық аурулардан да жаза алады, қарынды тіліп операция жасайды, әйелдердің аман-есен босануына болысып, албастыларды рухымен сескендіреді, қуалайды, керемет ойындарымен өзінің рухын шақырып бал ашады. Бақсы ойыны кезінде қылышты сабына дейін жұтады, қып-қызыл қыздырылған темірді жалайды, балтамен кеудесін шапқылайды. Осылардың бәрі ертедегі Қорқыт әулиеден қалған қобыз күйінің сүйемелдеуімен өтеді. Бақсылардың арасындағы мықтылары күйдірілген жауырынмен бал ашатын *жауырыншы сәуегейлер* болып есептеледі. Жанып тұрған оттың жалынының түсіне қарап бал ашушыларды *елті* дейді.

Бақсылардың атақтысы бағаналы Қойлыбай бопты. Сол бағаналыдан шыққан Балақай деген, Көкшетау округінде Шүмен деген бақсылар да бар. Қойлыбайдың перілерінің бастығы Надыршолақ, жындарының бастығы – Көкаман, шайтандарының бастығы – Ер Шойлан, деп аталады екен. Әйелдер босанғанда, Қойлыбай келіп отырса, албастылардың бірі де жоламайды екен...

Шоқанның бұдан кейін Қойлыбай бақсыға байланысты ел аузынан естіген аңыздарын майын тамызып жазғаны кішігірім әңгімеге татиды. Одан болашақта жүйрік қалам иесіне айналатын тұлғаның әуелден-ақ қылаң берген жүрдек қолтаңбасын байқау қиын емес [1, 119-120-бб].

«*Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихынан жазбалар*» атты мақаласында Ш. Уәлиханов қазақ халқының байырғы аңыз, әңгімелерінің терең мәніне тоқталды, үлкен теориялық қорытындыға келеді. Аңыз әңгімелер халықтың жазба тарихын қалпына келтіре алмағанымен, елдің өткендегісінің мол ақиқатын елестете алады деген пікір мұнда негізгі желі болып тартылған. Ежелгі ауыз әдебиеті мұраларының танытқыштық сипатын, ел тарихының жанды дерегі екеніне тоқталады. Ол ақындар жырлап келген қаһармандар іс-әрекеті көбінесе Алтын Орда дәуірімен байланыстырылатынын, өмірде орын тепкен оқиғалардың

өзгеріссіз қалпында айтылып келгенін, бұлай болуына әр дәуірде өмір кешкен төкпе ақын-жыршылардың еңбегі ерекше сіңгенін, мұның өзі ауыз әдебиетінің өзге жанрларымен: мақал-мәтелдермен, наным сенімдермен қосылғанда, халықтың рухани және тарихи тіршілігінің тұтас келбетін беруге жарайтынын атап айтады. Нақтылы жырлар мен аңыздардың қазақ жерінің әр бұрышында өзгеріссіз сақталғанына ғалым ерекше ден қояды және мұны ғажайып құбылыс [1, 391-б], деп қарайды.

«ХҮІІІ ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз әңгімелер» деген еңбегінде Ш. Уәлиханов сол дәуірдің белгілі қайраткерлері жайында он төрт әңгіме береді. Абылайға, Бөгенбайға, Жанатайға, Сырымбетке, Жәнібекке, Байғозыға, Оразымбетке, Елшібекке, Малайсарыға, Баянға қатысты жайлар сөз болады. Қалмақ қонтайшысы Қалдан Шерінмен арадағы соғыстар, елшілік байланыстар жөнінде де мағлұматтар кездеседі. Олар өз тарапынан ХҮІІІ ғасырдағы жаугершілік кездің шындығын толығырақ, тереңірек тануға септеседі. Тарихи жазбаша деректер ауқымынан онша алыс кетпесе де, мұндай әңгіме аңыздар белгілі бір оқиғалардың, сол заман адамдарының нағыз келбетін білуге жәрдемдесе алатын құнды естелік әрі тарихи, әдеби мұра орнына жүреді. Бұл ретте оларды Шоқанның өзінің жазып алуы да олардың бағасын арттыра түсетініне назар аударуға тиіспіз. Себебі ғалымның Абылайдың өз әулеті, шөбересі екендігі және содан бір ғасырдан сәл-ақ астам уақыт бұрын өткен оқиғаларды зерттеушілік көзбен қарап орындағанын еске алсақ, ол аңыздарды көбіне шындықтан алшақ кете қоймаған әңгімелер деп бағалаған жөн. Қазақ тарихын сол кездердегі отандастарының қай-қайсысынан да артық білген Шоқанның ел аузындағы аңыздарды талғаусыз тізбей, ең маңыздыларын ғана іріктеп, бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан келгенінде күмән жоқ.

Ол аңыздар Абылайдың Бөгенбай мен Жанатай батырларды ерекше қадір тұтқанына, ақылгөй Бұқардың хан маңындағы орны мен беделіне, Сырымбет пен Байғозы секілді батырлардың теңдессіз ерлігіне, Қазыбек бидің қаншама қиын даудың да түйінін шеше алатын даналығына қатысты көптеген деректерге қанықтырады. Абылайдан «үш жүздің баласынан кімдерді ерекше сыйлайсыз» деп сұраған кезде қайтарған жауабын да аңыз болғанымен ақиқаттық сипаты басымдау дәйек ретінде

қабылдауға болады. Ханның: «Өзімнен бұрынғылардан екі адамға: Қалданнан тоқсан тұтқынды қайтарған Қазыбекке, сол секілді өз адамдарын тұтқыннан алып шыққан уақ Дербісәліге сүйсінуге болады... Өз қарауымдағы батырлардан байлық, батырлық мінезге келгенде бәсентиін Малайсарыдан, ақыл мен ерлікке уақ Баяннан асатыны жоқ» [1, 222-б], деген сөздері де осы аталған адамдарға қатысты ең мәнді, неғұрлым сенімді әңгімелер ретінде сол заман оқиғаларының шындығын толығырақ түсінуге көмектесе алады.

«Абылай» атты мақаласында да Ш. Уәлиханов бірнеше тарихи аңыздарды ғылыми зерттеудің желісіне ұтымды кіріктіреді. Ел аузындағы әңгімелер болса да ол мағлұматтардың бағасы ерекше. Соның бірі – Абылайдың алғашқыда қатардағы сарбаз ретінде қалмақтарға қарсы ұрыстарға қатысып, атағын шығарғаны, ерекше ерліктер көрсеткеннен кейін ғана даңқы өрлегені, халық құрметіне бөленгені туралы әңгіме. Ал бұлар тарихи деректермен расталатын да жайттар. «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған. Домбыра мен қобызда орындалатын небір күйлері соның дәуірінде дүниеге келген және көбі сол кезеңді сипаттайды. «Шаңды жорық» күйі жаудан беті қайтып көрмеген жүрек жұтқан Баян батыр опат болған шабуыл кезінде шығарылған. Ал «Қоржын қақпай» Еділ қалмақтарына қарсы жорықтан туады. Сол жолы қазақтар жеті күн бойы ашығып, олжаға қолы әрең жетеді. Бұл күйлердің бәрі күні осы уақытқа дейін Абылай ұрпақтарына сонау бір даңқты кезеңдерді елестетеді» [1, 430-б], деп жазды Шоқан.

Шоқанның Петербордан сырқаттанып оралып, атақоныстары Сырымбетте тұрған кездерінде де зерттеушілік жұмыстарын үзбегені белгілі. Ол бұл жөнінде 1862 жылғы қаңтардың 2-сінде «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» редакторы, профессор А. Н. Бекетовке жазған хатында да хабарлайды. «*Өте көп ертегілерді, эпикалық жырларды, әндерді жинағанын, енді Шыңғысханның жосық заңымен үйлесетін қазақ низамдарын зерттеумен айналысып жатқанын, географиялық қоғам үшін*

«Орта Азияның географиялық карталары туралы» мақаланы бастап кеткенін, бірақ кей анықтамалық кітаптардың жоқ болуына байланысты аяқталмай тұрғанын» [5, 145-147-бб] құлаққағыс еткен еді

Шоканның ауылда қолға алып, 1862 жылдың қысына дейін аяқтаған еңбегінің бірі – *«Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» [1, 469-493-бб]*, деп аталады. Бұл зерттеуде халықтың аңыз-әңгімелерінде, тұрмыс-тіршілігінде сақталған мағлұматтар, этнографиялық тұрғыдан қаралады. «Қазақтар туралы барлық зерттеушілердің айтуынша да, барлық географиялық нұсқауларда да қазақтар мұсылмандар, бірақ шамандық ырым, сенімді де ұстайды. Олар мұсылман дініне табынумен қоса шамандық нанымдарға да иланады. Бұл пікірлер шындыққа келеді, дегенмен олардың шамандығы неден тұрады? Бірақ, өкінішке қарай, қазақ шамандары, немесе бақсылары жөнінде әртүрлі мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көргенімен, осы жай туралы әлі күнге дейін ешкім егжей-тегжейіне жетіп жазған емес», деп басталған еңбек осы наным-сенімнің дін ілімі тарихында әлі зерттелмеген тақырып боп саналатынын атап өтеді. Ол мұсылмандыққа дейін қазақтар табынып келген күн, ай, жұлдыздар жаңа ислам діні тарапынан дәріптелмесе де, олардың осы күнге дейін құрметтеліп, елдің әдет-ғұрпында сақталып қалуының себебі – қазақтардың көшпелі өмір салтын ұстануында деген түйін жасайды. Барлық шамандық салт-сана, аңыз-әңгімелер халықтың тұрмысымен тікелей байланысты болғандықтан, қазақтарда бақсылық нанымдары әлі де сақталып келе жатыр, дейді. Сонымен бірге қазақтарда байырғы шамандық ғұрыптардың мұсылман дінімен мидай араласып кеткеніне, елдің Алла мен Тәңіріге бірдей табынатынына, мұсылман әулиелерінің басына құрбан шалып, бақсылардың құдіретіне де сенетініне, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтып, бақсылардың жын-перілермен қоса мұсылман періштелерін де шақыратынына, Алланы да мадақтайтынына көңіл аударады.

Зерттеуін «Аруақтар немесе онгондар – өлген ата-бабалардың рухы», «Құрбандыққа шалынатын мал туралы», «Қазақтардың космологиялық түсініктері», «Әуедегі құбылыстар», «Табиғаттағы еліктіргіш күштер», «Адам бойындағы еліктіргіш күштер», «Ант», «Жаман көзден,

ыбылыстар мен әртүрлі аурулардан сақтайтын – тұмар», «Өлі мен тірінің достығы туралы аңыз» деген ұсақ тақырыпшаларға бөліп, зерделемек мәселесін қазақ арасындағы шамандық наным-сенімнен қалған мысалдармен орайлы тұздықтай білген ғалым оқырманды жатық тілмен үйіре тартып отырады.

Өзі түйген пікірлерін Рашид ад-диннің, Әбілғазының шежірелеріндегі деректермен, Пано Карпинидің, Рычковтың жазғандарымен, Банзаровтың, Кастрендерінің еңбектерімен дәйектейді. Қазақтардың аңыз-дастандарындағы мысалдармен пысықтайды. Құрбандыққа мал шалу ғұрпы туралы сөз етілгенде, оған көбіне еркек мал сойылатынын айтып, «Шора батыр» дастанындағы байырғы жораны көлденең тартады. Онда бір ұлға зар болған батырдың әйелі: «түйеден – нарды, жылқыдан – айғырды, сиырдан – өгізді, қойдан – қошқарды алып, Тәңірімнен ұл сұрап барайық» [1, 477-б], - дейді.

Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау, шамандық нанымдағы адам күн нұрына қарап таңданды, осыншама жарықтың құпиясына түйсігі жетпей табынды, қара аспанға нұр сепкен айды көріп тәу етті, уақыт сияқты мәңгі, құдіретті күштердің бәріне бас иді, көк аспанды – Көк Тәңірі деп атады. Бақсылар өздерін сол аспан Тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары есебінде санады. Шамаман – әдетте сиқырлық қасиеттерімен қоса білікті, қабілетті, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей де, емші де, негізінен сегіз қырлы, бір сырлы адамдар арасынан шығады, дейді Шоқан.

Шамандық салттардың ішіндегі отқа табыну қазақтарда әлі өз күшінде екеніне тоқталған ғалым, оларға мысалдар келтіреді. Оттың тазартушылық қасиеті бар деп ұғынылуына байланысты, *аластау* ырымының туғандығын, қыстаудан көшкенде қазақтардың көшті екі оттың арасынан өткізетінін, ел алдында ант берген адамның да отпен тазаланатынын айтады. Қазақтар *айды* да қасиетті санап, жаңа айдың туғанын көргенде тәжім етеді. Жазда сол айға тәжім еткен жерден шөп жұлып алып, отқа салады. Аңыз бойынша, айда кемпір бар деп есептеледі (шамасы, айдағы адамның бет-пішініне ұқсас дақтарды айтады). Айға ұзақ қарап тұруға сескенеді, себебі айдағы кемпір кірпікті санап қоюы

мүмкін, егер санап қойса адам өледі-міс. Дәрет сындырғанда да, бетін айға беріп отырмайды. Кемпірқосақ – сол айдағы кемпірдің қосақтап байлаған әртүсті қойлары, кемпір сол қойларын ылғи да жауыннан кейін сауады, дейтін аңыз бар. Қазақтар күннің күркірегенін Тәңірінің қаһарлы даусы, ал найзағайды шайтандарға атқан оғы деп те түсіндіреді.

Шамандық нанымда жануарлардың сүйектерінде де киелі күш бар деп есептеледі. Солардың арасында *қары жілік* адамға ұқсаған бейнесімен малды ит-құстан сақтаушылық қасиеті жағынан бақташыдан кем түспейді. Оны ер-тұрманның әбзелі есебінде және ат пен ер-тоқымды сақтаушы деген нанымда, ердің алдыңғы қасына іліп қояды. Қасқырдың тілерсегі белдің шойырылуынан, сарып ауруынан сақтайды деген де ырым бар. Үкінің басы, аяғы мен қауырсыны жын-періден қорғайды деп, оны үйдің әр жеріне, бесіктің басына іліп қояды. Шоқан осы орайда, өзінің қырғыздардың үйінен ұлардың басын көргенін айтады. Олардың наным-сенімдерінде ұлардың еті шешек ауруынан сақтандырады екен...

Өлімнен қашу, яки Алланың жазмышынан бас тарту - ислам діні бойынша күнәһарлық, әсте болмайтын нәрсе, ал шамандық нанымды ұстанған халықтардың аңызының көбісі өлімнен қашу... боп келеді. Қазақ бақсыларының арасында Қорқыт туралы аңыз бар. Сол Қорқыт қазақтарды алғаш қобыз тартуға, сарын айтуға үйреткен бақсы. Әбден мұсылманданған түрікмендердің аңыз-дастанындағы Көрұғлының өзі, аз уақыт болса да өлімнен қашады, деп атап өтеді Шоқан.

Сонымен, бірінші тараудың «Қазақ шежірелері мен эпсаналары – байырғы әдеби-рухани мұра (ғалым тұжырымдамасы)» атты тараушасын қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз:

біріншіден, Шоқан қазақ шежірелері мен эпсаналары, мифтері мен аңыз, ертегілерінде халықтың ойы мен мұратының, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің көркем бейнеленіп қалғандығын терең байыптады. Көнеге деген ынтызарлық пен аңыздар байлығы – түздік жұрттардың ерекше мол қазынасы, ел арасындағы эпсаналық, шежірелік әңгімелердің халық тарихын, байырғы әдеби мұралардың биік деңгейін анықтаудағы орны зор екеніне мән берді; екіншіден, «Қазақ шежіресі» еңбегін жазу

барысында жас ғалым сол кездің өзінде «қазақ» сөзі – түрк халықтары арасында бұрыннан *еркін өмір сүруші, даланың айбынды серісі, рыцары* деген мағынаны білдіргенін, сол ұғымнан «*қазақ болу, қазақ шығу, қазақлық жасау*», яки еркін ғұмыр кешу үрдісі туындағанын байыптай алды. Сондай-ақ Абылай дәуірін де қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры, деп бағалады; үшіншіден, ғалым нақтылы жырлар мен аңыздардың қазақ жерінің әр бұрышында өзгеріссіз сақталғанына ерекше ден қойды және мұны ғажайып құбылыс деп қарады; төртіншіден, Ш. Уәлиханов қазақтың байырғы әдеби мұраларының үлгілерін, жәуһар жырларын кеңінен зерделей жүріп, олардың көркемдігі мен тарихилығына, эпикалық бітіміне қатысты ойларын ортағасырлық жазба жәдігерлермен, тарихи еңбектердегі деректермен салғастыра, салыстыра отырып зерттеді. Ғалымның бұл орайда атқарған жұмыстары өзінің тереңдігімен, жан-жақтылығымен, біліктілігімен, ғылымилығымен, құнды түйіндеулерімен мәнді.



II. ШОҚАН – ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА
ЖӘДІГЕРЛЕР
ЗЕРТТЕУШІСІ

شجرهٔ ترک

ابو الغازی بهادر خان نینک تألیفیدر

السنة شرقیه مدرسهسی نینک مدیری

بارون دهمیزون احتامی یرلان

II. 1. «Шежіре-и Түрк» – түрк халықтары туралы
мағлұмат көзі

Омбы кадет корпусында оқып жүрген кезінде сабақ берген ұстазы, Қазан университетінің Шығыс тілдері бөлімінде А. Қазымбек сынды ірі шығыстанушыдан дәріс тыңдаған Н. Ф. Костылецкийдің тыңғылықты тәлімінің арқасында ғылымға бейімділігін ерте танытқан Ш. Уәлиханов шәкірт шағынан қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен айналысты. Қазақшаны тәп-тәуір білетін, парсыша, арабшадан шалымды, барша түрк жұртына ортақ ортағасырлық түрк-қыпшақ әдеби жазба тілін де бірсыдырғы танитын Костылецкий Шоқанның ерек дарынын халықтың байырғы рухани мұраларын зерттеу, шығыстанушылық арнаға бұруға үлес қосты. Шәкіртінің өзі берген тапсырмамен ел ішінен жазып әкелген фольклорлық туындылардың таңдаулыларын бірлесе отырып, орысшаға аударысты.

Шоқанның жазғы демалысқа шыққан кезінде әкесі Шыңғыспен бірге жазып алып, Костылецкийге тапсырған сол

асыл дүниелері кейіннен ғылыми ортада «Құсмұрын нұсқалары» деген атпен танылды. Костылецкий 1851 жылы Шоқан екеуі орысшаға аударған «Едіге» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын өзінің ескі танысы Қазан университетінің профессоры Березинге де жібереді [1, 34-36-бб]. Сол жылдары осы ірі зерттеушінің дайындауымен «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» сериясы бойынша «Шайбани-наменін» қыпшақ-түркшесі (1849), Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и Түрк» кітабының «Книга родословия тюркского» деген атпен орысшасы (1854), Қадырғали бек Жалайырдың «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты қазақтың ескі жазба әдеби тілінің прозадағы үлгісі дәстүрінде жазылған шығармасы (1854) жарық көріп жатқан болатын [1, 630-641-бб].

Костылецкийдей білікті ұстазының көмегімен Шоқан қазақтың байырғы тарихына қатысы бар көне жазба мұралармен де жақынырақ таныса бастайды. Олардың алғашқысы – 1825 жылы Қазан қаласында жарық көрген Әбілғазы ханның «Шежіре-и Түрк» («Түрк шежіресі») атты түркше қолжазбадан басылған кітабы еді. Түп-тегі Жошы ханның Шайбан деген баласынан тарайтын ұрпаққа жататын Әбілғазы Үргеніш қаласында 1603 жылы Хорезм ханы Арабмұхаммедтің отбасында туған. Анасы Мейірбану да өздеріндей Шыңғыс хан әулетінен, Арал теңізі маңындағы қазақ руларына хан болған, өзара шөбере-шөпшекте туыс Жанғазының қызы екен. Екеуі де Әбілғазыға 4-5-ші атадан барып қосылатын Йадғар (Жәдігер) ханның ұрпақтары болып келеді. Қазақ, өзбек, қарақалпақтардың күшімен 1645 жылы Хиуаға хан болған Әбілғазы 1661 жылы «Шежіре-и Тарахима» («Түрікмен шежіресі») атты құнды еңбегін жазып бітіреді. Алпыс жасынан бастап, билігін баласы Анушмұхаммедке тапсырып, «Шежіре-и Түрк» атты өз ата-бабаларының тарихын жазуға отырады [24, 24-25-бб]. Кітап жартысынан асқанда, ауруға ұшырап, жазуға шамасы келмей, оны бітіруді балаларына өсиет қылып тапсырып, дүниеден өтеді. Шығарманың соңын баласы Ануш батыр 1664 жылы аяқтайды [23, 196-б].

«Түрк шежіресі» кітабының ғылыми ортаға алғаш танылуы Ресейдің Тобыл қаласында айдауда жүрген швед офицері Табберг (кейіннен дворяндық атақ алғасын фон Страленберг) пен дәрігер Мессершмидттің арқасында жүзеге асады. Олар қазіргі қазақ

тіліне өте ұқсас орта түрк тілінде жазылған кітапты 1720 жылы Тобылдағы Бұхара ахунынан алып, орысшаға аудартады, одан швед Шенстром неміс тіліне тәржімалайды. Немішеден барып, французшаға аударылған шығарма 1726 жылы Лейденде басылып шығады. Осы басылым арқылы кейіннен ағылшыншаға, орысшаға тәржімаланады. 1770 жылы орысша, 1780 жылы орысшасы мен немісшесі қайталанып жарық көреді. Әрине бірнеше тілдер арқылы келіп жеткен, түрк тілді түпнұсқасынсыз жарияланған бұл нұсқалардың ғылым үшін аса құнды дүние бола алмайтыны өз-өзінен түсінікті еді. Сол себепті, 1807-1814 жылдары Ресей сыртқы істер министрі қызметін атқарған, әйгілі коллекционер, граф Н. П. Румянцевтің бас болуымен, шығарманың араб қарпіндегі түпнұсқасын толық түрде ғылыми түсініктемелермен шығару қолға алынады Содан ол 1825 жылы Қазан қаласында басылып шыққаннан кейін ғана «Шежіре-и Түрк» ғылыми айналымға шын қосылады [24, 10-24-бб]. Кітаптың кіріспесін жазған академик Х. Френ «шығыстану ғылымының даңқын шығаратын үлкен іс» деп бағалаған осы басылым Шоқанның да ең қадір тұтатын, түрк халықтарының тарихына қатысты мағлұматтар мейлінше молынан жинақталған жазба түпнұсқалық мұралардың біріне айналған еді. Әрине, қазақ ғалымы 1854 жылы Березин шығарған «Түрк шежіресінің» Саблуков жасаған орысша аудармасымен де жақсы таныс болды. Алайда қыпшақ тобы тілдеріне жақын түркшемен жазылған осы шығарманың 1825 жылы басылған Румянцев нұсқасын Шоқанның кеңінен пайдаланғанын ол жазған еңбектерден айқын көруге болады.

Әбілғазы ханның «Түрк шежіресі» – тарихи-деректік, әдеби және тілдік жағынан шоқтығы биік шығармалардың бірі. Шежірені зерттеушілер оны Шыңғыс ханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірлерде Орталық Азия, Қазақстан, Таяу Шығыс елдерінде болған оқиғалар мен сол тұстағы ел басқарған хандар жүргізген саясат туралы жылнама ретінде жоғары бағалайды. Шежіреде қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті жайында құнды деректер де аса мол. Әбілғазы бұл кітабын жазу үшін соған дейін түрк, парсы, араб тілдерінде дүниеге келген көптеген шығармалардағы деректерді кеңінен пайдаланған. Ол бұл жөнінде өз шежіресінің

кіріспесінде: «мен пақырдың алдында Иран мен Тұранда өткен Шыңғыс хан ұрпақтарының тарихы жазылған он сегіз байлам еңбек жатыр» [23, 7-б], – деп айтып та өтеді.

Шоқанның Әбілғазы шежіресіне алғашқы сілтемесін біз оның ілкі зерттеулерінің бірі – 1854 жылдың соңында жазылған «Профессор Березинге хат» атты жұмысынан ұшырастырар едік. Шоқан Березиннің 1850 жылы шығарған «Хан жарлықтары» еңбегіндегі Тоқтамыс, Темірқұтлық және Сағадатгерей хандардың атынан жазылған Алтын орда заманының қыпшақ тілді жарлықтарында кездесетін көне сөздердің мағынасы жөнінде пікір білдіреді. Сол дәуірдегі (*даруға, басқақ, бітікші, тамғашы, тартынақшы*) сияқты әкімшілік лауазымдар мен (*оғлан, бек, би*) сияқты дәрежелер туралы сөз ете отырып, Әбілғазы шығармасы мен «Шайбанинамеде», Жалайыридың «Жамиғ ат-тауариғында» Шыңғыс ханға дейін әр рулардың өз хандары болғаны, алайда Шыңғыс олардың басын қосқаннан кейін, сол дәрежелері деңгейіндегі *бек* мәртебесінде қалғаны, олардың күшті, қуаттыларымен туыстық, құдандалық байланыстар құрғаны туралы жазылғанына [1, 128-б] назар аударады.

Шоқан профессор Березинге хатында өзінің қазақ халқы туралы мағлұматтар жиып жүргенін, «егер Сіз әртүрлі шығыс тарихшыларын оқу, зерттеу кезінде қазақ сөзі туралы, қазақшылық туралы, қазақ халқы туралы деректерді кездестіріп жатсаңыз, ол жөнінде Сіздің құзырыңызға бас июші маған хабарлай алмас па екенсіз, деген өтінішімді айтқалы отырмын... Қолымда бұл тұрғыдағы маңызы ерекше Әбілғазы (Румянцев басылымы), Сіздің Шейбаниадаңыз бен Жамиғ ат-тауариғыңыздан басқа ештеңе жоқ болғандықтан, Левшиннің «Қырғыз-қайсақ ордасы сипаттамасындағы» үзік-үзік деректерді тексере алмай отырмын» [1, 130-б], – дейді.

Туған нағашысы қазақ сұлтаны болған Әбілғазының тілі қыпшақ түркшесіне тым жақын еді. Мұны автордың өз шежіресінде: *бұл тарихны йахшы уа йаман барчалары білсүн теб түрк тілі бірлән айтдүм һәм андағ айтыбмын кім беш йасар ұғлан түшүнүр уа бір калима чағатай түрксінден ғарабдын уа парсыдын қошмаймын»* (Бұл тарихты жақсылы-жаманды баршасы білсін деп түрк тілімен жаздым. Соншалық бес жасар

бала түсінетіндей етіп жақсы жазыппын, шағатай түркшесінен, араб, парсы тілдерінен бір сөз қоспаймын») [23, 30-31-бб], – деп ескертіп кеткені де Шоқанға жақсы таныс еді.

Шоқан шежірені түрк жұрттарының ірі тайпалары мен жеке руларына қатысты мол мәлімет көзі ретінде де пайдаланды. Өзінің 1856-1857 жылдары жазған «Қазақ шежіресі» зерттеуінде: «Әбілғазының айтуынша, қаңлылар моңғол жорығына дейін Ыстықкөл жағасын, Шу, Талас өзендері бойын жайлаған, ал қыпшақтар Оғыз заманынан Шыңғыс дәуіріне дейін 400 жыл бойы Жайық пен Еділ, Дон аралықтарын мекендеген, сондықтан да ол жерлер Дешті Қыпшақ аталған», – деп жазады. «Қазақтар арасындағы әрқилы тақырыптағы дастан-жырлардың өте қызғылықтылығын, олар өзінің қарапайым, ұғымды шынайылығымен – нақтылы өмірге жақындығымен құнды» екендігін атап өтеді. Сол аңыз-дастандардағы тарихи оқиғалар Әбілғазы мен әсіресе, қазақ авторының жазғандығы үшін де мәні ерекше «Жами ат-тауарихтағы» деректерден алшақтамайтындығына назар аударады. Қазақтың аңыз-әңгімелерінде Жошы әулетінен шыққан Жәнібектің (Барақтың ұлы) қазақтың бірінші ханы болғандығы айтылады. Әбілғазы да Жошыдан тараған Орұс хан ұрпақтарын қазақ хандары ретінде атайды» [1, 218-б], – дейді Шоқан.

Өзінің «Қырғыздар туралы жазбалар» атты көлемді зерттеуінде де Шоқан ғылыми пайымдарын Әбілғазы шежіресіндегі дәйектермен салғастырып отырады. «Ыстықкөл төңірегінде қалмақтарға дейін кімдердің тұрғанын біз білмейміз және оған мүмкіндігіміз де жоқ. Әбілғазы келтірген түркілер туралы аңызда Ыстықкөл – түркілердің бесігі ретінде бейнеленеді. Нұх пайғамбардың баласы Йафеске де әсіресе Ыстықкөл деген жер қатты ұнап, сонда тұрып қалады. Оғыз хан да осында қыстайды. Түрк жұрттарының тарихнамашысы Шыңғысқа дейін мұнда қаңлылардың өмір сүргенін де айтады», – деп атап өтеді Шоқан. «Моңғол-түрк халықтарының тарихын көп зерттеген Әбілғазы тарихшы қырғыздарды түрк халқына жатқызады. Шежіредегі «Керкез, яғни қырғыз Оғыз ханның Қырғыз атты бір немересінің нәсілінен. Бұл уақытта қырғыз нәсілі азайып кеткен: моңғол мен басқа да рулар от пен судың (яғни, өрістері мен қоныстарының) тапшылығынан қырғыздарға қосылып, сіңіп,

қырғыз атын алды, бірақ өздері қай рудан шыққанын жақсы біледі. Қырғыз бен Кәмкамжұт – екеуі екі уәлаят, бір-біріне жақын. Екеуі Селеңгі мен Анқыра-Мұран өзендерінің бойында орналасқан», – деген тұсын мысалға алып көрсетеді.

«Қырғыздардың «Манас» атты батырлық эпосының кейіпкері Манас ноғайлы елінің мырзасы болып суреттеледі, – дейді Шоқан. – Жырда Шу, Ташкент, Іле өңірлерінде үш халық: ноғай, қазақ және қырғыз тоқайласады. Қырғыздарға ноғайлылардың аңыздары да белгілі: олар Едігені біледі және ол туралы жырлағандары қазақтарға келіңкірейді...» [1, 357-358-бб], – деп жазады. Ғалым осы ноғайлыларды Әбілғазының әр уақытта да маңғыт деп атайтынына назар аударады. Шежірешінің баяндауынша, Едіге батыр ақ маңғыттардан шыққан, Көшім ханды маңғыттар өлтірген. Әбілғазының сипаттауынша, қырғыздардың бүгінгі отырған жерлері ХІҮ ғасырда Шағатай ордасына қараған, содан кейін Қашқар хандарының қоластына көшкен. Бүкіл Шығыс Түркістан қалалары мен ұйғыр жері, Алатау мен Моғолстан осы аймақтың билеушісі Есенбұға деген ханның еншісіне тиген. Шежіреші оның ісләм дінін қабылдаған Тоғұлық Темір деген баласы туралы да кеңінен жазғанын айта отырып, өз тарапынан осы ханның зираты Құлжаның солтүстік-батыс жағында, сол қаладан 35 шақырым жерде тұрғанын, жергілікті халық оны Тоғұлық Темір шахтың мазары, деп атайтынын да қоса кетеді.

Шоқан бұл мазарды 1856 жылдың күзінде Құлжаға дипломатиялық мақсатпен барған сапарында көріп қайтқан болатын. Ғалымның сол сапардан оралғаннан кейін жазған «Қытай империясының батыс өлкесі туралы» атты еңбегі Әбілғазының «Түрк шежіресін» тереңдей зерттеген тұстарымен [2, 119-144-бб] де ерекшеленеді. Сол сапар барысында оның Шығыс Түркістан аймағына, көне түркітер мен ұйғырлар тарихына қатысты біраз ізденістерге барғаны байқалады. Бұл ретте, ол сол кездерден-ақ өзінің атын әлемге паш ететін Қашқар сапарына дайындала бастағандай сыңай танытар еді.

«Ұйғырлар, Әбілғазының айтуынша, түрк текті халық және оғыз жұрттарының алғашқы әйгілі тайпаларының қатарында (қаңлы, қыпшақ, ұйғыр) саналады, – деп жазады Шоқан. – Ұйғырлар моғол жеріндегі шығыстан батысқа қарай созылған

үлкен тауларды жайлады. Әбілғазының айтуынша, олардың біреуінің аты – Мұқырату мұзлық, екіншісі Асқанлық Тәңірім деп аталады. Сол екі таудың арасында, моңғол елінің батысында тағы бір тау бар, оны Құттағ дейді. Осы айтылған таулардың арасында бір жерде ағып жатқан он сай бар, тағы бір жерде тоғыз сай бар, бәрі де үлкен өзендер еді. Тоғыз сайдың ортасында отырғандарды тоғыз ұйғыр, он сайдың бойында отырғандарды он ұйғыр дер еді. Әбілғазы әрі қарай ұйғырлардың билеушілері туралы айтады. «Он ұйғырлар өздері төре көтерген кісіні Ел елтір, тоғыз ұйғырлар Көл елтір деп атапты. Олардан кейін төре болғандарды идікүт деп атаған. Ұйғырлар үш жүз жылға жақын осы айтылған жұртта отырған. Одан кейін ыдырап, әркімге олжа болып, жан-жаққа бытырап кеткен. Бір бөлігі сол жұртында отырып қалды, бір бөлігі Ертіс өзенінің жағасына келді. Бұлардың өзі тағы үшке бөлінді. Бір бөлігі Бесбалық шаһарына барып, егін екті, дәулетті ел болды. Енді бір бөлігі жылқы, қой бағып, Бесбалық маңында көшіп-қонып, көшпелі өмір сүрді. Үшінші бөлігі Ертістің тоғанында балық, құндыз, бұлғын, сусар, тиін аулап, солардың етін жеп, терісін киіп күнелтті. Егер әкелері қыздарын қарғаса, «жылқылы, қойлы жігітке тиіп, ет жеп, қымыз ішіп, басыңа жаман күндер тусын» дер еді» [2. 133-134-бб], деген шежіре үзіндісін келтіреді.

«XII ғасырда ұйғырларды біз қарақытай ханына бағынышты ел ретінде Шығыс Түркістаннан табамыз», – деп жазады одан әрі Шоқан. Ол Әбілғазының «қытай жұрты екеу, біреуін қарақытай дейді» деп, бөліп атағанына назар аударады. «Шежірешінің қытай деп отырғаны шүршіттер, олардың билеушісін алтын хан, ал қарақытайлардың басшысын гөрхан деп атайды», – дейді қазақ ғалымы. Әбілғазының айтуынша, «гөрдің» мағынасы «ұлы патша» дегенге саяды. Шүршіттерден жеңіліп, батысқа ығысқан қарақытайлардың (кидандар) бір бөлігі алдымен Шығыс Түркістанды, сосын Жетісу, Мауераннахрды бағындырды. Олардың билеушілерінен алым-салық алып тұрды.

Шыңғысхан Тұран, Парсы, Қытайды жаулап алғаннан кейін баласы Шағатайға Мауераннахрды, Хорезмнің бірсыпырасын, Ұйғыр аймағын, Қашқар, Балх, Ғазна, Сыр суына дейінгі жерлерді бөліп берді. Алайда Әбілғазының жазуынша, Шағатай бұл уәлаяттардың ешқайсысына бармапты, оларды даруғаларына

басқартып, өз басы інісі Өгедейдің қасында тұрыпты, – деп жазады Шоқан. Одан кейін шежіредегі Шағатай тұқымдары арасынан Шығыс Түркістанға хан болғандарды тізбелей келіп, Әбілғазының Тоғұлық Темір туралы баянға бірнеше бет арнағанына тоқталады. Есенбұға ханның бәйбішесі Сатылмыш қатынның қызғанышқа бой беріп, ханның құмасы екіқабат Меңлі қатынды ордадан қуғаны туралы оқиғаны қайталап шығады. Есенбұға қайтыс болғаннан кейін таққа отыратын Шағатай тұқымынан адам табылмай қалып, ордадан аяғы ауыр боп кеткен Меңлі қатынның іздестірілетіні, одан туған Тоғұлық Темір атты баланың Моғолстан ханы атанғаны, оның Қашқар жеріне мұсылмандықты нығайтқан билеуші ретінде танымал болғандығы туралы баян Шоқанды ерекше қызықтырғаны байқалады. Дәл осы оқиға желісін ол екі жылдан кейін, 1859 жылдың қысында Әлімбай саудагер есімін жамылып, Қашқарға құпия барған сапары кезінде тапқан «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан», Алтышәрден оралып, Петерборда жүргенде танысу мүмкіндігіне ие болған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» қолжазбаларынан да со күйі жолықтырған еді [1, 403-404-66].

Әбілғазының «Түрк шежіресі» шығармасындағы Шағатай әулетіне арналған бесінші баптағы мәліметтерге қызығушылық танытқан Шоқан, ондағы Шыңғыс, Шағатайдан бері қарай хан болғандардың тізімін қытайдың географиялық сөздігіндегі мәліметтермен салыстыра отырып, сызба түрінде қағазға да түсіреді [2, 143-6].

Сонымен, Шоқанның жазба әдеби мұраларға қатысты еңбегін «Түрк шежіресі» аясында анықтасақ, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

біріншіден, Ш.Уәлиханов қазақ және Орталық Азия тарихында тұңғыш рет «Түрк шежіресін» ғылыми тұрғыдан зерттеді; екіншіден, оның мәліметтерін түрк жұрттарының, оның ішінде қазақ халқының тарихын зерделеуде, ғылыми қорытындылар жасауда құнды дереккөз ретінде пайдаланды; үшіншіден, өзінің есімін әлемге паш еткен әйгілі Қашқар сапарына дайындалу барысында, шежіредегі Алтышәр аймағы, ұйғыр халқының байырғы тарихына байланысты беттерін ерекше ыждағаттай оқып, қажетті мағлұмат жинақтады; төртіншіден,

Орталық Азия мен қазақ халқының ілгергі тарихына арналған зерттеулерін жазу барысында «Шежіре-и Түрк» кітабындағы мол мағлұматтарды кеңінен пайдалана отырып, ондағы деректерді сол тектес «Шайбанинама», «Жамиғ ат-тауарих» сияқты басқа да құнды түрк жазба мұраларымен, сондай-ақ орыс, қытай, француз тілдеріндегі тарихи еңбектерден алынған дәйектермен салғастыра отырып, өресі биік шығармаларын дүниеге әкелді.

II. 2. «Шайбанинама» – қазақтың дербес ел болу күресінің көркем дерекнамасы

(شيبانی نامه)

بسم الله الرحمن الرحيم

(فهرست کتاب)

(اولقى قسم) اغوز خان زمانىدىن بىرى الاتقوا زمانىغىچە وآنىنىڭ

احوالى نىنىڭ بيانى * اولادىدىن چىكىز خان زمانىغىچە نىچە كىتى (۱) باد شاه

بولوب خان ليغ قىلىپ تورولار

ايكىنجى قسم قونكرات قومى نىنىڭ عالى نسب لارىندا

نوح پىغىبر مقدس نىنىڭ شرحى و بيانىندا

Шоқан Уәлихановтың жазба мұраларды зерттеуі аясында қаралатын шығармалардың бірі – шежірелік сипаттағы «Шайбанинама» әдеби жәдігерлігі. Орталық Азиядағы Шайбани мемлекетін құрушы, түп-тегі Жошының бесінші ұлы Шайбаннан тарайтын Мұхаммед Шайбани (Шаһибек) ханның (1451-1510) өмірі, ел басқаруы, шайқастары, жеңістері, ата-бабаларының тарихы жайлы сөз етілетін «Шайбанинама» тақырыбының аясы ауқымды. Оның ғылыми айналымға енген түрк, парсы тілдерінде жазылған әлденеше нұсқалары мәлім.

Шайбани мемлекетінің (1500-1598) пайда болу тарихы Шаһибекің атасы Әбілқайыр ханның (1412-1469) Шығыс Дешті

Қыпшақ даласында құрған Әбілқайыр хандығымен (ғылымда «Көшпелі өзбек мемлекеті» деген атаумен белгілі) тығыз сабақтасып жатыр. Қазақ Ордасының негізін салушылар Керей мен Жәнібек хандар өздеріне қараған ұлыстармен ортағасырлық қыпшақ тайпалары түзген Әбілқайыр хандығынан бөлініп кеткен соң бұл мемлекеттің ыдырауы басталады. Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани хан Дешті Қыпшақтағы билігін сақтауға тырысып, қазақтармен отыз жылға жуық текетіресте болғанымен, ақыры Қазақ Ордасының тегеурініне шыдамай, өзін қолдаған азғана түркі тайпаларын бастап Әмір Темір ұрпақтары билігіндегі Мауераннахр аймағына беттейді. Дешті Қыпшақ руларынан құралған әскерін бастай келіп, қос өзен аралығын қысқа мерзімде толық жаулап алып, Шайбани мемлекетін құрады. Осы жорықтан кейін Мауераннахр өңірін мекендеген түрк жұрттарының арасында, кезінде «Өзбек ханның⁶ елі» деген мағынадан туындаған – «*өзбектер*» этнонимі бекиді. Астанасы әуелде Самарқанд болып, кейіннен Бұхараға ауысады. Жаңа жерлерді басып алып қуаттанған соң, Шайбани қазақтарға қарсы күресін қайта жалғастырып, 1504-1510 жылдар аралығында оларға төрт рет әскери жорық жасайды. Ақыры 1510 жылдың басында Ұлытау маңында өткен шайқаста Жәнібек ханның баласы Қасым сұлтан бастаған әскерден ойсырай жеңіліп, беті қайтады. Шейбани мемлекетінің күші әлсіреген осы тұсын Темір ұрпағы, Кабул уәлаятының әмірі Бабыр падишаһ пен Ирандағы Сефеви әулетінің билеушісі Исмаил шаһ қатар пайдаланып, соғыс ашады. 1510 жылдың аяғында Мары шәһары маңында өткен шайқаста Шайбани әскері қызылбастардан тас-талқан боп жеңіліп, ханның өзі қаза табады.

«Шайбанинама» тақырыбына топтасқан әлденеше шығармалардың да негізгі желісі Шаһибек ханның бастан өткерген тарихи оқиғаларын, жеңістерін, қазақтармен шайқастарын мадақтау түрінде құрылған. Зерттеушілер ғылыми ортаға белгілі сол нұсқаларды сараптай келе, олардың бәрінің бір қайнардан бастау алғанын нақтылады. Ол авторы белгісіз деп есептелетін, бірақ Шайбани ханның өзі жазды деген болжам

⁶ Жошы ұлысының билеушісі Өзбек хан (1280-1341).

басымдау айтылатын, белгілі тарихшы В. П. Юдин *ескі қазақ тілінде* жазылған деп дәйектеген [20, 11-12-бб] «Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме» («Жеңіс кітабынан жинақталған жылнама») атты тарихы шығарма.

1502-1505 жылдары жазылды делінетін «...Нұсрат-наме» шығармасының алғы сөзінен кейін, сол заман еңбектерінің дәстүрінше, оғыз, түрк-моңғол тайпалары, Шыңғыс хан мен оның мұрагерлерінің тарихы баяндалады. Шыңғыс әулетінің Шағатай, Шайбан, Тоқатемір сынды билеушілерінен бастап, шығарма жазылған кезге дейінгі шежіресі тарқатылады. Әбілқайыр ханға, Мұхаммед Шайбаниге, оның баласы Мұхаммед Темірге арнайы тоқталады. Жошы хан ұрпағы айтылған тұстарда қазақ хандарына қатысты бірқыдыру мәліметтер беріледі. Қазақтармен өткен шайқастар туралы сөз етіледі. Зерттеушілер шығарманы жазуға Ала әд-дин Ата Мәлік Жуайнидің, Рашид ад-диннің, Низам ад-дин Шамидің, Абд ар-Разақ Самарқандидің еңбектері пайдаланылғанын айтады. «...Нұсрат-наменің» негізгі желісі бойынша ақын, жазушы әрі музыкашы Камал ад-дин Бинай «Шайбанинама» атты парсыша шығармасын жазды [20, 91-127-бб]. Молда Шәди «Фатхнама» («Жеңіс кітабы немесе жеңіс жыры») атты парсыша дастан шығарды [20, 44-90-бб]. Ақын, тарихшы Мұхаммед Салих 1505-1525 жылдар арасында шағатай түркшесімен 76 тараудан, 4456 бәйіттен тұратын «Шайбанинама» дастанын дүниеге әкелді. Оның 15 тарауы лирикалық шегініс, 60 тарауы тарихи оқиғаларды баяндайды [20, 10-14-бб].

«Тауарих-и гузида-йи нұсрат-наме» атты ескі қазақ тілінде (Юдин), яки қыпшақ түркшесінде жазылған әдеби мұра содан бергі ғасырларда әлденеше рет ықшамдалды. Шайбани ғұмырының соңғы жылдары да қоса қамтылған нұсқалары пайда болып, олар ел арасында кеңінен тарады. Сондай нұсқалардың бірі профессор Березиннің қолына түсіп, ғалым оны 1849 жылы Қазаннан «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» сериясының 1-томы ретінде бастырып шығарды. «Шейбаниада. История монголо-тюрков на джагатайском диалекте с переводом, примечаниями и приложениями, изданная И. Березиным» деп аталған осы кітап Шоқанның кадет қорпусында жүрген кезінде ақ оқып үлгерген қалаулы шығармалардың біріне айналған еді.

Көлемі 80 бет, соңына қосымшалары да берілген шығарма ХУІІІ ғасырдың соңында көшірілген қолжазба нұсқасы бойынша дайындалған. Кіріспесінен кейін негізгі үш тарауға: түрк тайпаларының Оғыз ханнан бергі тарихы; Шыңғыс хан әулетінің тарихы; Мұхаммед Шайбани ханның жорықтары мен күйреу тарихы тақырыптарына бөлінген. Үшінші бөлімде Шайбани ханның жорықтарынан бастап (Түркістанға жорық, Жәнібек ханның баласы Иренжінің Әлейке сұлтанды Сауранда өлтіргені, Шайбани ханның Сығанақ қамалын, Самарқанд, Шираз қалаларын алуы, т.б.), 1510 жылы Исмаил I шаһпен ұрыста қаза тапқанға дейінгі кезең баяндалады. Шайбанилар мен маңғыт тайпаларының арасындағы тартыс та көрініс тапқан. Әбілқайыр хан ұрпақтарының генеалогиясы берілген [22, 416-6].

Шоқан қазақ хандығының тарихына қатысты құнды мағлұматтарды да бірінші рет Березин шығарған осы «Шейбаниада» туындысынан молынан кездестірген еді. Соған дейін пайдаланып жүрген Әбілғазы баһадүрдің «Шежіре-и түрк» кітабынан өз бабаларына қатысты көп дерек ұшырастыра қоймаған жас ғалым, Березин басылымынан Қазақ Ордасын билеген хандардың ерлік істерін баян ететін бірсыпыра жайларға қанықты. Орус ханнан тарайтын ұрпақтар Әбілғазыда «оның ұғлы Құйыршық хан, оның ұғлы Барақ хан, оның ұғлы Әбусағит (лақабы Жәнібек хан). Оның тоғыз ұғлы бар еді: Иранчы, Махмұт, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар, Таныш, Өсеке, Жәдік» деп қысқа қайырылса, «Шайбаниамада» «Орыс ханның жеті ұлы, бес қызы болды. Оның ұлдарының аттары – Тоқтақия, Құтлықбұқа, Тоғұлықболат, Құйыршак, Тоқтаболат, Сайдахмет, Сайдәлі; қыздарының аты – Меңлібегім, Сүдібегім, Иранбегім, Меңлітүрқан еді. Тоқтақияның үш ұлы мен үш қызы болды. Ұлдарының аты – Тәңірберді, Йағұжак, Болат,.. Болаттың ұлы Керей хан. Оның үш ұлы болды – Бұрындық хан, Қожамұхаммед, Сұлтанәлі», деп Керей ханның да шежіресін қоса береді. Жәнібектің балаларын – Иренжі, Махмұд, Қасым, Әдік, Жаныш, Канбар, Тыныш, Ұснак (Өсеке), Жәдік, түрінде тізбелейді [20, 42-6].

Осы мәліметтерге қаныққан Шоқан үшін профессор Березиннің «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» сериясымен 1854 жылы Қазанда бастырып шығарған «Жамиғ ат-тауарих.

Жылнамалар жинағы (Жалаири)» атты еңбек тіптен қуанышты оқиға болған еді. Жәнібектің немересі Шығай ханның ұлы Ондан сұлтанның баласы, орыс патшасы қоластына тұтқын боп барып, кейіннен Қасым хандығын билеген Ораз-Мұхаммед сұлтанның уәзірі Қадырғали Жалайыри жазған бұл шығармада Қазақ хандығын әу баста билеген тұлғалар тіптен нақтылана көрсетілген еді [26, 112-123-бб; 27, 230-240-бб].

Шоқан бұл жөнінде Березинге жазған хатында: «Қазақтардың өздерінің түп-тегі туралы аңыздары Сіздің Шайбанинамыз бен Ұлы жүздің тарақ тамғалы жалайыр руының қазағы жазған Жамиғ ат-тауарих дәйектерімен дәлелденіп жатыр» [1, 122-б], деп атап өтеді. «Жамиғ ат-тауарихтан» үзінділер» атты зерттеуінде «Оғыз хан және оның ұрпақтары» деген тараудағы Оғыз ханның өз әкесі Қара ханмен соғысы Әбілғазы шежіресі мен Шайбанинама баяндауларына өте үксас екендігін айтады.

Қадырғали жылнамасының «Дастан Бұлхаир хан бин Тұлұшық ұлан» тарауында Бұлхаир (Әбілқайыр) ханның Ташкент пен Түркістан уәлаятында патша болғанын, оның қабірі Сығанақ шаһарында тұрғанын, оның баласы Шахбұтақ сұлтан,.. оның оғлы Шибак хан екені» [26, 120-б; 27, 233-б] жазылған тұсын талдап, Әбілқайыр әулетінің шежіресін сызбаға түсіреді. «Шайбанинамада» Әбілқайырдың әкесі Толұшықтың есімі аталмайтынына, оның орнына көп нүкте қойылғанына, «Жамиғ ат-тауарихтағы» Бұлхаир - «Шайбанинамада» Әбұлхайыр, Шибактың – Шайбани деп жазылғанына назар аударады.

«Шайбанинама» шығармасында көп ұшырасатын «қазақлықта, қазақлық жасау, қазақ шығу» деген ұғымдарды Шоқан қазақ халқының шығу тегімен байланыстыра қарайды. Көне замандарда қазақ сөзі еркін, азат, өз тізгіні өзінде деген мағынаны білдірген еді, деген ой түйеді. «Қазақ немесе алаш елінің о бастағы шығу тегі қайдан деген сұраққа, халық арасындағы жыр-дастандардан қанағаттанарлық тәп-тәуір түсінік алуға болады, – деп жазған еді ғалым «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде. – Қазақлықтың еркін тірлігі Азияда дүниеге келіп, дамығаны және орыстардан шыққан «казактарға» ауысқаны күмән келтірмесе керек... Дала көшпелілерінде еркін өмірді аңсаушылық, шаһарларға шапқыншылық ұйымдастыру орыс

казактарына қарағанда ертерек болған. Қазақтардың шыққан тегін Алаш, Алаша ханмен байланыстыруында да тарихи шындық жатыр. Себебі, еркіндік аңсаған азиялықтардың да шартты түрде өз ханы, өздерінің саяси бірлігі – мемлекеті, әртүрлі тайпалар одағын ұстап тұратын көсемі болуы керек еді. Қыпшақ пен Түркістан ордаларынан босқан халықтардың есесінен, қазақ одағының өсіп, нығаюы бірте-бірте астыртын түрде болды. Тайпалар одағының қуаты мен санына байланысты – Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деген ұғым қалыптасты. «Шайбанинама» деректеріне қарағанда, қазақ деген жаңа қауым адамдары құрметті, отырықшылардан рухы биік деп есептелді. Ен далада азат өмір сүру – еуропа рыцарларының серілігімен тең еді. «Шайбанинамада»: қазақ болып жүргенде, ана мырза мынандай ерлік жасапты, мына баһадүр анандай ерлік жасапты деген сөздер жиі кездеседі. Әдетте дала көшпелісі шәһарда тұратын тектестері өзбек, ноғайлардан өздерін жоғары санап, еркіндіктің символы – қазақ деген атты мақтан тұтатын» [1, 206-207-бб].

«Шайбанинама» – Әбілқайыр, Мұхаммед Шайбани замандарында Дешті Қыпшақта қазақлық ғұмыр кешкен батырлар мен бағландар туралы көп мағлұмат беретін еңбек. Солардың арасынан Шоқан Алтын Орда заманында Өзбек ханның тұсында өмір сүрген қият Исатай бектің тұқымы – Бұзанжар бектің, қоңырат Әлібектің ұрпағы – Тәңірберді бектің, әйгілі маңғыт Едіге бидің тұқымы – Уақас бектің есімдерін ұшырастырған еді. Қазақлық уақытта Қылышбай, Қарадәулет, Дербіс, Құдағай, Осман, Орұс баһадүрлер секілді мыңбасы, түменбасылар болыпты. Сол дәуірде Дешті Қыпшақ даласында ғұмыр кешкен найман, қыпшақ, маңғыт, қоңырат, қият, үшін, құйын, күрлеуіт, құсшы, ұйғыр, дүрмен, таңғұт, қытай, шымбай, шұңқырлы, шақбақлы, мажар, татар, еженлік сияқты рулардың аттары аталады.

Шығармада Керей ханның ұлы Бұрындық пен Шайбани хандар арасында ұрыстардың көп өткені айтылады. Сондай сұрапыл шайқастардың бірі Созақ пен Сығанақ арасындағы Сүйіндік асуында өтіпті. Қидаласқан ұрыста Шайбанидің інісі Махмұд баһадүр қазақтың ханы Жәнібектің баласы Махмұд сұлтанды мерт етіпті. Мажар сойынан шыққан Мажид баһадүр

Бұрындық ханды садақтың екі жебесін тигізіп жаралапты. Шайбани әскері де көп шығынға ұшырапты. Шайбанидің өзі немесе оның жақтастары жазған шығарма болғандықтан, «Шайбанинамада» олардың жеңіліс тапқаны көп айтыла бермейді. Олар: «хан бұдан әрі соғыса беруді жөн көрмей, жеңіске алдағы уақыттарда да жететініне сенімді күйде Хорезм уәлаятына аттанып кетті» [20, 21-23-бб; 95, 190-207-бб], – деп бипаздайды.

Бұдан кейін де Шайбани хан мен қазақтар арасында Сыр бойы қалалары – Сығанақ, Сауран, Отырар үшін әлденеше шайқастар өтіпті. Текетірес тым ұзаққа созылып кеткесін, ХҮ ғасырдың соңғы тұсында екі жақ уақытша бітімге келеді. Осы шежіреде айтылғандай, Бұрындық хан өзінің екі қызын Шайбани отбасына ұзатады. Бірін – Мұхаммед Шайбаниге, екіншісін – оның інісі Махмұт баһадүрге беріпті. «...Нұсрат-намедегі» Шайбанидің ұлы Темір Баһадүрдің ханымдары туралы жазылған тұсында Бұрындықтың тағы бір қызының (Михр Сұлтан ханым) Шайбанидің баласы Темір сұлтанға шыққаны айтылады. Шығармада осы Темір сұлтанның Бұрындық ханның қызынан басқа, Әмір Темір ұрпағы Сұлтан Ахмет мырзаның, термездік қожа Хауанзадениң, Бұхара хәкімі Абд әл-Әли бектің қыздарымен қоса, Моғолстан ханы Жүністің қызын алғаны да жазылған. Темір баһадүрдің ең жақсы көретін ханымдары – Бұрындық пен Жүністің қыздары болыпты [20, 16-33-бб]. («Бабырнама» бойынша, Жүніс ханның бұл қызының есімі Дәулет Сұлтан ханым. Ол бір-бірімен бөле боп келетін Бабыр мен Мұхаммед Хайдар мырзалардың аналарының сіңлісі еді [30, 38-39-бб] .

Қазақ сұлтандары мен Шайбани арасында болған осындай құдандалық-жекжаттық қатынастардың арқасында Сығанақ, Сауран, Созақтан теріскейге қарай жатқан өңірлер, Арал аймағы қазақ хандарының қолында қалады. Бірақ екі жақ арасындағы қақтығыстар со бойы толастай салмайды. Алма-кезек кек алу жорықтары өтіп тұрады. 1508 жылы Жәнібек ханның ұлы Жаныш сұлтанның баласы Ахмет сұлтанның жасақтары Самарқанд пен Бұхараға дейін шабуылдайды. Соған жауап ретінде Шайбани хан келесі жылдың қысында қазақтарға қарсы жорыққа шығады. Сыр бойындағы Қараабдал деген жерден он күндей қашықтықта қыстап отырған Жаныш сұлтанның ауылына шабуыл жасап,

баласы Ахметті қолға түсіріп, айдары желбіреген басын шабады. Жанышпен қоса дария бойында одан онша қашық емес жерде қыстаған інісі Таныштың да ауылын шауып, адамдарын қырғынға ұшыратады. Қазақтардан қыруар дүние-мүлікті, арба үстіне орнатылған он мыңдай сәнді киіз үйді олжалап, Сығанаққа қайтады [130, 117-140-бб; 96, 141-157-бб].

Шоқан «Шайбанинама» шығармасындағы Мұхаммед Шайбанидің Марыға шабуылы қарсаңында, 1510 жылдың қысында қазаққа қарсы тағы да шабуылға шыққанына назар аударады. Өзбектер Ұлытауға дейін жетіп, ондағы Қасым сұлтанның ордасын шабады [1, 216-б]. Қасым ол кезде онда жоқ еді. Алайда бірнеше күннен кейін сұлтан ауылына орналасып алған өзбектерге қазақ қосыны тұтқиылдан шабуыл жасайды. Қарсылық көрсете алмаған шайбаниліктер қаша жөнеледі. Қасым сұлтан оларды өкшелей қуады. Қаруларын тастап, көптеген адамдарынан өлідей айырылған жау Сығанаққа әзер жетеді. Талқандалып тоз-тозы шыққан олар қыстың аяғында әбден бейшаралық жағдайда Самарқандқа қайтып оралады...

Сонымен, Ш.Уәлихановтың «Шайбанинама» жазба әдеби мұрасын зерттеу тақырыбына қатысты мынадай қорытынды жасауға болады:

Біріншіден, Ш.Уәлиханов қазақ пен Орталық Азия тарихында бұл мұраны тұңғыш рет ғылыми тұрғыда құнды жазба жәдігерлік ретінде бағалады; екіншіден, қазақтың Керей мен Жәнібек, Бұрындық пен Қасым хандар туралы бұрын белгісіз дәйектер ұсынған, Сыр бойы қалалары үшін өткен күрес тарихын баян еткен, бағалы географиялық мағлұматтары мол, қазақ пен өзбекке ортақ түрк тайпаларының сол замандағы құрамынан хабар беретін маңызды дереккөз деп таныды; үшіншіден, Жошы ұрпағының Алтын Орда мен Қазақ хандығын билеген хандарына қатысты әулеттік шежірелерін, өзінде бар деректермен салғастыруға мүмкіндік алды; төртіншіден, «қазақ» атауының шығу төркінін ашуға көмектесетін, қазақ халқының этногездік үдерісінің күрделі ерекшелігіне саятын – еркін, азат билік құру, «қазақылық ғұмыр кешу», «қазақ шығу» өмір салтына қатысты құнды мәліметтер жинақталған әдеби мұра ретінде бағалады.

II. 3. «Хан жарлықтары» – ортағасырлық қыпшақ жазба жәдігерлері

نوقتانیس سوزم

باغایله خان

M. П.

اولوغ اورداغه اولتورغان ایرکانین اذکلتوقوتلوبوغا اسن (حسن) باشلی ایلیچیلار یورتوب ایردی سان دایلی کیلیچینکی بیزکا یوردب ایردن (ایردنک) بورونغو ییل بیکبولات خوچه مادین باشلی بیرانجه اوغلانلار بیکیش تورдоچانی بیردی داوود باشلی بیکلار ایتوکواتلی کیشی فی تیمرکا ایلدیردیپ چاغریب ایرهشلار اول تیل برله کلدی ایردی الارنک الاکونکول بیله تیل اینیب ایلتاری کیچکانیده کیلکنده انکلاب ییغلیپ ساپیشماغه تورغاندا اول یامان کیشی لار یوروب تابارا کاندن ایل تارباب اول ایش دایلی اول چاقلی بولغان ایرکانی اول ایردی * تنگری بیزی یارلاغاب توشان لیتی قیلغان بیکبولات خوچамادین بیکیش تورдоچانی بیردی داوود باشلی اوغلانلار بیکلارنی موغایلدی (بنگا قیلدی) ایسدی بوایرکلی اذکلتو اسن تولو خوچه باشلی ایلیچی لارنی یوریدوب ایسدی دایلی بیلسه

Кадет корпусын бітірер-бітірместен-ақ ғылыми зерттеулерге бой ұруға бейімделген Шоқан 1853 жылдан Батыс Сібір губернаторының адыютанты болып қызметке араласқаннан кейін де бұл талпынысын әрі қарай өрістетіп әкетті. Ерекше тапсырмалар жөніндегі адыютанттық міндет орайында, ол Батыс Сібір губерниясы мен Сібір қазақтары шекара басқармасының мұрағаттарында отырып, қазақ тарихына қатысты материалдар жинауға да мүмкіндік алды. Ондағы мұқият буылған көне құжаттар арасында өзін қызықтырған тақырыптарға қатысты қадау-қадау мағлұматтарға жолықты. Тарих тереңінен сыр шертетін деректерді зерделей отырып, ілкі ғылыми зерттеулерін жазуға да кірісе бастады. Оның сол кезде орындаған алғашқы дүниелерінің өзінен ғылыми зердесі қалыптасып, білікті

зерттеуші дәрежесіне көтеріліп үлгерген алғыр жасты тану қиын емес.

Өзінің кадет корпусындағы ұстазы Н. Ф. Костылецкий де қарым-қабілеті жоғары шәкіртімен байланысын үзбейді. Ғылым арнасына қарай бұрылуына қолғабысын аямайды. Орыстың көрнекті түрктанушысы, өзінің байырғы танысы, Қазан университетінің профессоры И. Н. Березинмен Шоқанды жалғастырады.

Березин Костылецкийдің өзіне танысуға жіберген «Едіге» және «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларының Шоқан екеуі аударған орысшасына көңілі толғаннан кейін, өз кезегінде 1850 жылы Петерборда жарық көрген «Алтын Орданың ішкі құрылымы /хан жарлықтары бойынша/» («Внутреннее устройство Золотой Орды /по ханским ярлыкам/») және Қазанда 1850 жылы басылған «Хан жарлықтары» («Ханские ярлыки»), 1851 жылы шыққан «Тоқтамыс, Темірқұтлық және Сағадатгерейдің тархандық жарлықтары» («Тарханные ярлыки Тохтамыша, Тимур-Кутлука и Саадет-Гирея») атты кітаптарындағы жарлықтар мәтінінде кездесетін кейбір көне сөздердің мағынасын ұғындырып беруін өтініп, Костылецкийден көмек сұрайды. Костылецкий 1852 жылдың күзінде профессор досына қайтарған жауабында, өзінің ол сөздерді ажыратуға шамасы келмегенін айтып, енді шәкірттерінің көмегіне сүйенгелі отырғанын жеткізеді. Содан кейін ол Березиннің бұл бұйымтайын орындауды Шоқанға сеніп тапсырады [1, 121, 630-632, 641-644-бб].

Профессор Березинге лайықты жауап беру үшін Шоқан көп ізденеді. Ғалым дайындаған «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» бойынша шыққан туындыларды зерделеп оқиды. Хан жарлықтарындағы көпке түсініксіз боп қалған көне сөздердің мағыналарын көзі қаракты қариялардан сұрастырады. Сөйтіп тақырыптың илеуін әбден қандырғаннан кейін Костылецкийге уәде бергендей, Березинге хат жазуға отырады. Хаттың ішінде «Сіздің «Шейбаниадаңыз» бен «Жамиғ ат-тауарихыңызда» айтылғандай» деп атап көрсетуіне қарағанда, Шоқанның хат жазған мерзімі, 1854 жылдан кейінгі кезеңге сәйкес келеді. Өйткені Қадырғали бектің «Жамиғ ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) 1854 жылы жарық көрген болатын.

Шоқан ұйғыр қарпімен таңбаланған орта түрк жазба тіліндегі жарлықтарды араб қарпіне профессорлар Березин мен Қазымбек транскрипциялап көшірген мәтіндер бойынша зерделейді. Он тоғыз жасар корнет хатында: «...Сіз аударған Тоқтамыстың Ягайлоға жарлығы және Темірқұтлық пен Сағадатгерейлердің тархандық жарлықтарын оқығаннан кейін, мен осы күнге дейін қазақтар арасында қолданылып келе жатқан бірқатар сөздерді таптым және олардың біздің халқымыздағы қазіргі мағынасын Сізге хабарлауға бекіндім. Егер менің ескертпелерімнің Сізге пайдасы тисе, менің де мақсатымның орындалғаны» [1, 121-б], – деп жазады.

Алтын Орда тарихының елеулі бір кезеңінен сыр аңғартатын сол заман қыпшақшасымен жазылған бұл жарлықтардың Шоқанды да ерекше қызықтырғаны байқалады. Олардың зерттеушілер қолына түсу тарихына көңіл бөледі. Алтын Орда ханы Тоқтамыстың (1350-1406) поляк королі Ягойлаға жолдаған жарлығын 1834 жылы белгілі тарихшы-мұрағаттанушы князь М. А. Оболенский (1805-1873) Сыртқы істер министрлігінің Бас архивінен тапқан екен. Түпнұсқасы Краковтың мемлекеттік архивінде сақтаулы тұрған жарлықтың көшірмесін ХҮІІІ ғасырдың соңында поляктың ірі тарихшысы әрі ақыны А. Д. Нарушевич Ресейге тапсырыпты. Бір жағынан Қазан университетінің құрметті мүшесі болып табылатын Оболенский жарлықты Қазан университетінің профессорлары Ковалевский мен Қазымбекке жібереді. Кейіннен оны жарыққа шығарумен Қазымбектің шәкірті Березин тікелей айналысады.

Жошыдан тарайтын Тоқайтемірдің бір тұқымы, Алтын орда ханы Тоқтамыстың 1391 жылы Еділ маңындағы Құндызша өзенінің бойында Ақсақ Темірден ойсырай жеңілгеннен кейін, сол кездегі қуатты ел Литва ұлы княздығымен жақындасуды ойлағаны белгілі. Тоқтамыс сол тұста Мәскеу мен Литва бірігіп, өзіне қарсы шығар болса, алтын тағына қауіп төнетінін түсінген еді. Сол себептен де ол өз ордасымен Дан (Дон) өзенінде тұрған (*ордо Данда ерұрда*) тауық жылы, хижраша 795 жылдың 8 ережебі күні (1393 жылғы мамырдың 20-сы) Литваның ұлы князы, Польша королі Ягайло Ольгердовичтің Краков қаласындағы сарайына елшілерін жібереді. Ол Литва мен өзіне тәуелді Мәскеу арасында даулы боп тұрған шекаралас жерлерді

корольге беретінін, бірақ сол бағынышты елдердің алым-салығы орда қазынасына жеткізіліп тұруы керек екенін мәлім еткен еді. Елшілермен бірге Ягайлоға жолдаған қыпшақ тілінде жазылған *«Тоқтамыш сөзүм Ягайлаға»* деп тақырып қойып бастаған сол жарлығын Шоқан Березин мен Қазымбектердің арабша қаріпке түсірген мәтіндері бойынша салыстыра отырып оқиды. Алтын Орда заманынан қалған жазба құжаттан жас ғалым XIX ғасырдың орта тұсының қазағы үшін де түсінікті жолдарға жолыққан еді. *«Ұлығ орунға олтұрған иәргасін аңлату Құтлу бұға, Асан баишы елчилер йттүк ерді. Сен дағы келчиңні бизга йттiң ерді. Бұрұнғұ йыл Бекбұлат, Хожамедін баишы бір нече оғланлар, Бекіш, Тұрдұчақ берді, Дауд баишы беклер Едігү атлы кішіні Темірге алдыртын чықарұб, ймішлер ол тіл біле келді ерді. Аларның ала көңүл біле тіл йііб, ілгары қызған йета келгенда аңлаб, йығылыб санчымаға тұрғанда, ол йемен кішілер бұрұн тебрегендін, ел тарбыб, ол іш дағы ол чақлы болған йергеси ол ерді...»* [1, 131-134-бб], деген бастапқы сөйлемдердің мағынасын қиналмай ұғынды. Олар қазіргіге қазақшалағанда: *«Ұлы орынға отырғанның жөн-жорасын аңлатуға, Құтлы бұға, Асан бастаған елшілер жіберген едік. Сен дағы келушіңді (елшілеріңді) бізге жіберген едің. Бұрнағы жылы Бекболат, Қожамедін бастаған бірнеше оғландар, Бекіш, Тұрдышақберді, Дәуіт бастаған бектер Едіге деген кісіні Темірге астыртын жіберген екен, ол тіл алып келген еді. Олардың арам ниетпен хабар жіберіп, ілгері қагаберіс (жасырын) жетіп келгенін аңлап, жиылып, шанышыспаққа (соғыспаққа) тұрғанда, ол жаман кісілер бұрын қозғалғандықтан, ел тарпып (қарсы көтеріліп), ол істің дағы осы сияқты жөн-жорасы болып еді»,* деген сөздер болатын.

Тоқтамыстың Польша королі Ягайлоға жолдаған ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылған жарлығындағы өзінің кейбір бектері мен оғландарының сатқыншылық жасағанын, Әмір Темірдің ордаға соғыс ашқанын осылайша хабарлағаны Шоқан үшін де қызықты жаңалық еді. Жарлықтың әрі қарайғы мәтінде Алтын Орда ханы *«Елдің қарсы көтерілуінің арқасында, Тәңірі бізді жарылқап, дұшпандық қылған Бекболат, Қожамедін, Бекіш, Тұрдышақберді, Дәуіт сияқты оғандар мен бектерді мұқалттық»,* дей келе, Ягайлоға бұдан былай да жақсы қарым-

қатынас жасап тұрайық деген ниетін білдіреді. «*Соның жөнін білдіріп, Асан, Тұлұқожа бастаған елшілерімізді жібердік. Енді тағы болса, бізге қарасты елдердің шығындарын жинап, барған елшілерімізден беріңіздер, қазынаға жеткізсін. Және бұрынғы жосық бойынша базарқан (саудагер) ортақларыңыз да жүрiп тұрсын. Ұлұғ ұлұстың қалпында сақталуына жақсы сый болғай деп, алтын нышанды жарлық тұттық (ұсындық). Тақақу (Тауық) жылы, тарихтың жеті жүз тоқсан бесінде ережеп айының сегіз жаңасында, орда Донда тұрғанда жазылған..» – дейді. Шоқан хан жарлықтарында Алтын орданың – Ұлұғ ұлұс деп жазылғанына назар аударады. Ал қазақ аңыздары мен батырлық жырларында ол – *Ноғайлының ауыр жұрты* деп аталады. Қазақтар өздерін сол Алтын орда түркілерінің ұрпақтары ретінде есептейді. «Жамиғ ат-тауарихта» Алтын Ордаға «Еділ-Жайық» ұғымы сәйкес келеді. Еділден шығысқа қарай жатқан аумақ – Көк Орда, Көк теңіз немесе Сыр-Қуаң делінеді. Жошы ұлысы дәуірінің белгілі тұлғалары мен батырлары Едіге, Тоқтамыс, Орақ мырза, Еркөкше мен Ерқосай туралы жырлардың қазақ арасында кеңінен тарауы да бекер емес. Осының өзі де қазақтар сол орда ыдырағаннан кейін жеке-жеке хандықтарға бөлінген жұрттардың бірі екенін көрсетсе керек, деп ой түйеді.*

Жарлықта кездесетін кей сөздерге түсініктемелер береді. Араб кәріпінде берілген *тұтмақ* етістігі қазақтарда дәл сол қалпында қолданылады. Олар «хабарладым, қаперіме салдым» дегенді «көңіліме, қаперіме тұттым» деп жеткізетінін ұғындырады. *Қызан йета* (қағаберіс, жасырын жетті), *тебрегендін* (тебіренді, теңселді), *ел тарбыб* (ел тарпып, қарсы көтеріліп), *мұңқалтты* (мұқалтты), *базарқан ортақларың* (базаршы /саудагер/ серіктестерің), *бақаул* (әскери бақылаушы, табысты бөлуші). Шоқан бұл сөзді қазақ арасында бар «*азгана асқа бақауыл болма, азган елге бек болма*», деген мәтелде сақталып отырған мысалмен пысықтайды.

Березин кітабындағы «Темір Құтлықтың жарлығы» мәтініне де Шоқан зерттеушіге тән ыждағаттылықпен көңіл аударады [1, 127-129,134-135-бб]. Тоқтамыс өлгеннен кейін Алтын Ордаға 1395-1401 жылдары хан болған Темір Құтлықтың (Әмір Темір мен Едігенің үзеңгілесі) ата-бабасынан тархан болып келе жатқан

Мұхаммед деген адамға тархан дәрежесін беру туралы жарлығын жас ғалым Алтын Орда заманының жазба мұраларында мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолданылған қыпшақша әдеби тіл үлгісінің тағы бір көрнекті жәдігері ретінде қабылдаған. Ол Темір Құтлық ханның ордасы тарихтың сегіз жүзінде, барыс жылы, шахбан айының алтысы (1398 жылғы сәуірдің 24-і) күні Үзе суының (Днепрдің) жағасындағы Мұжазаран мекенінде тұрғанда беріліпті. Ұйғыр қарпімен жазылған түпнұсқасы Константинопольде сақталған жарлықты кезінде Австрия елшілігінің қызметкері А.Фон Рааб белгілі шығыстанушы Г. Гаммерге әкеліп тапсырған екен. Гаммер оның литографиялық түсірмесі мен араб әрпінде жазылған транскрипциясын және аудармасын жариялайды. Березиннің айтуынша, Гаммер жарлықтың текстін белгісіз біреу жасаған араб транскрипциясынан аударған болса керек. Сондықтан онда көптеген қателіктер мен кемістіктер, кейбір сөздерді тастап кетушілік кездескен [112, 20-25-бб; 25, 97-113-бб], деп өзі соны жөндеуге тырысқан еді.

«Темір Құтлұғ сөзүм. Оң қол, сол қолның оғланларыға, тұман едгү башлық, мың, йүз, он бекларіге, ішкі кентларнің қазы, мүфтиларыға, машаих, софыларыға, диуан бітікчіларіға, тамғачы, тартнақчыларыға, йорты ишланчі йолаушыларға, бұқаул, тұтқауларға, йамчы, сусынчылар, құсшы, барсчыларға, кемачі, кебрүкчіларге, базарда тұрғанларға бұ йарлығыны тұта тұрған Махмұдның өбаға аталарыны бұрұнғы кечкен Сайн хан чағыдан бірі біра йарлығ раст тарханлық йосұныча йүрүб, атасы Хажы Байрам хожаны бізің хан ағаларымыз сиұркаб тархан қылған жаргасін аңлата өтүндүрді, ерсә өтүлін йұб көрүб, Махмұд бізің сиургал болұб, тархан болұб тұрсын тедіміз... Бұлардың йер-сұуларына, бағ-бағсаларыға, хаммам, тікірманларіге,.. сабанчы ортақчыларыға күч оға текүрмасұн,.. салық... алмасұнлар,.. Тауар, қараларын ұлақ тұтмасұн, қонақ түшүл түшүрмасұнлар, сусұн, зулуфа тіламастылар...» [112, 18-23-бб], – деп соншама жатық оқылатын мәтіннен Алтын Орда заманының қалыптасқан әдеби тіл нормаларын байқау да еш қиын еместігіне ден қойған. «Темір Құтлық сөзім. Оң қол, сол қолдың оғландарына, түмен игі басшылары, мың, жуз, онбасы бектерге, ішкі кенттердің қазы, мүфтилеріне, машайық,

сопыларына, дуан бітікшілеріне (хатшыларына), тамғашыларға (бәж жинаушыларға), таразышыларына, жортуылдаушы жолаушыларға, бұқауыл, тұтқауылдарға (алым жинаушыларға), жәмші (пошта басшы), ас-сушыларға, құсшы, барысшыларға (аңшылар, барыс аулаушылар), кемеші, көпіршілерге, базарда тұрғандарға бұл жарлықты ұсынушы Махмұдтың баба аталарының бұрынғы кешкен Сайын хан шағынан бір-біріне жарлықтық, рас тархандық жосығымен жүріп, атасы Қажы Байрам қожаны біздің хан ағаларымыз сыйлап тархан қылған жорасын аңлатып өтінгенсін, өтінішін құп көріп, Махмұд біздің сыйлымыз болып, тархан болып тұрсын дедік... Бұлардың жер-суларына, бау-бақшаларына, монша, диірмендеріне,.. егінші, жарнашыларына күш көрсетілмесін,.. салық... алмасын... Тауар, қаралары ылау тұтылмасын, қонақ боп түскенде түсу ақысы сұралмасын, ас-су, жем-шөп ақы тіленбесін,..», – деген сол дәуір тіршілігінен қыруар мәлімет беретін жарлықты арада бес жарым ғасыр өтсе де еш мүдірмей түсінуге болатынын айқын аңғарды.

Шоқан мәтіндегі «оң қол, сол қол» делінетін бөліністің ертеден келе жатқан ұғым екенін, Қадырғали бектің «Жамиғ ат-тауариғында» Оғыз ханның алты ұлы да түрк руларын осы тәртіпке сай билегенін, Күн хан, Ай хан, Жұлдыз хан балаларының «оң қол» жақты; Көк хан, Тағ (Тау) хан, Теңіз ханның «сол қол» жақты құрағанын жазады. Қазірге дейін Шығыста және Бұхарада ұлысбектер өз дәрежесіне сай тақтың оң жағы мен сол жағына бөлініп отырады. «Жамиғ ат-тауарих» авторы Қасым хандығының патшасы Ораз-Мұхаммедтің тағын сипаттай отырып, оның да оң қол (*маймане*), сол қол (*майсере*) деп бөлінгенін, бектердің екі жаққа жайғасу тәртібін көрсеткенін мысалға келтіреді. Орұс хан ұрпақтарының ордасында жалайыр бектерінің ықпалы қалай болғанын осы орналасудан да көруге болар еді. Автор Алаш мыңы арасында жолы үлкені боп келетін жалайырлар «сол қол» жақты, ал қаңлылар «оң қол» жақты алды. Бұл Жошы ұлысынан бөлініп шыққан халықтарда сол қол жақтың дәрежесі оң қолдан үлкен екенін білдіреді, деп жазады Шоқан. «Алтын Орда кезінде мұндай бөліністің болған-болмағандығы туралы дерегіміз жоқ еді, сол себепті, Темір Құтлықтың жарлығындағы оң қол, сол қол оғландарына

бағыштаған сөзін сол «маймане» мен «майсере» бектері мағынасында түсінуміз қажет [1, 126-б], деп түйеді.

Темір Құтлық жарлығын талдау барысында Шоқанның «оғлан, бек» сөздеріне берген түсініктемелері де маңызды. «Әдетте *оғландар* – хан тұқымдары, ханзадалар болған. Рубасыларды – *бек, би* дейді. Шыңғыс хан жаулап алғанға дейін, әр тайпа, әр рудың өз хандары болды, олардың дәрежесі Шыңғыс ханға бағынғаннан кейін *бек* деп аталды. Демек оғлан мен бек шен емес, тегі бойынша берілетін атақтар. Оғландарды үлкен, орта, кіші деп жіктеуді Мауераннахр мемлекеттерінің хан жарлықтарында қазірге дейін *ұлығ, кішік* деп бөлінетіндігінен де байқаймыз. Олар жасы мен дәрежесіне сай ханның екі қапталына: *оң және сол* жағына орналасады. Бектердің бірі әрдайым ханның жанында, әдетте уәзірі боп ұлысты басқарады; немесе бірі, *ұлығ әмірбек* боп ұлысты, екіншісі, *түменбашы* боп өлке, аймақтарға басшылық жасайды», дей келе, «Жамиғ ат-тауарихтың» «Дастан Орұс хан тарауында Тоқтай ханнан бері талай бек тұқымдарының *ұлығ әмірбектер* болғаны туралы бірталай мағлұмат бар екенін ескерте кетеді.

Машайық сөзінің орысшаға *рухани сот* мағынасында аударылғанына назар аударып, ол қазақтарда *әулие* ұғымында қолданылатынын, Сырдария жағында *Сырдың қырық машайығы* деген сөз тіркесі бар екенін қаперге салады [1, 127-129-бб].

«Профессор И. Н. Березиннің «Хан жарлықтары» кітабын оқу үстіндегі жазбалар» деп аталған зерттеуінде Шоқанның Березин «*шусұн*» деп оқыған, бірақ жарлық мәтінінде «*сусын*» деп жазылған сөзге түсініктеме бергенін де көреміз. Ол сөз Темір Құтлық пен Тоқтамыстың 1381 жылғы жарлықтарында «*ас-су*» мағынасында «*ас-су ақысы алынбасын*» деген тіркесте қолданылады [1, 135-б; 33, 22-27-бб]. Қазақ ұғымына етене бұл «*сусын*» терминін Шоқан үш-төрт жылдан кейін өзі талдаған Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» шығармасынан да осы мағынада кездестірген еді [1, 446-б].

Құшчы (құшшы) сөзі құшшы, құс салушы мағынасында аударылыпты, дейді Шоқан. Ол Орта Азия мен қазақтарда бұл істің білгірлерін *құшбек* немесе *құсбегі* дейді; *құшчы* сөзі жорық кезіндегі нөкер (*көшіші* – көш ағасы, кошевой) қызметін білдірсе керек, деген пайым айтады Шоқан.

«Сағадатгерей жарлығында» аталатын Ақташы Әли би есіміне қатысты өзі білетін мәліметті қосып қояды. Қазақтың Шора батыр жырында Ақташының Әли биі деп аталатын кейіпкер бар. Сағадатгерей 1524-1532 жылдары Қырымда хан болды, тама Шора Нәрікұлы 1546 жыл шамасында Қазанда қаза тапты. Демек Әли бидің жырдағы Шора батыр шапқан ақташы-ноғайдың рубасысы екендігі өз-өзінен келіп шығар еді. Шоқан өз жазбасында Шораның кім екенін, оның ел аузындағы дастандарда Қазанды орыстардан қорғауға белсене араласқан, жебесін мөңіретіп жауларының зәресін алған алпауыт батыр түрінде бейнеленетінін де атап өтеді [1, 138-б].

Жарлық мәтініндегі *саба өндір* деген сөздің қазақ арасында қымыз баптайтын, теріден жасалған мойны ұзын ыдыс атауы ретінде (*өндір* – ұзын мойын, *өндіршек*) қолданылатын жазып қояды.

Шоқанның 1551-1577 жылдар аралығында Қырым ханы болған Дәулетгерейдің Тайған Ахмет биге жер бөліп бергені туралы жарлығына да кәдімгідей назар аударғанын байқаймыз. Ол жарлықтың араб қарпіндегі мәтінін түгелдей көшіріп, оны орысшаға өзі ыждағаттылықпен қайтара аударып шыққан еді.

Бұдан біз сол дәуірдегі И. Гаммер, Г. Вамбери, Г. Ярцев, В. Григорьев, В. Радлов, И. Березиндей көрнекті шығыстанушылар сияқты Шоқанның да хан жарлықтарындағы қыруар мәліметтерге зерттеушілік көзбен қарап, ерекше қызығушылық танытқанын көреміз. Жарлық мәтіндерінде кездесетін неше алуан түсініксіз сөздердің, көне атаулардың сырын ашып, мағынасын дәлелдеуде, өз заманындағы ғалымдармен бірге, қазақ зерттеушісі де осылайша белсене араласты. Шоқанның өзгелерден бір ерекшелігі, хәм артықшылығы десе де болар, ол хан жарлықтары жазылған қыпшақ тілінде сөйлейтін халықтың төл өкілі еді. Әйгілі түрктанушы ғалым Ә. Нәжіп дәлелдеп кеткендей, Алтын Ордада мемлекеттік тіл қыпшақ тілі болатын [101, 54-55-бб]. Шоқан сол Жошы ұлысы заманынан, «Кодекс Куманикусте» маржандай боп таңбаланған орта қыпшақ тілінен өрістей келіп, ноғайлы-қазақ ауыз әдебиетінің жәуһарларына ұласқан, «Едіге», «Шора батыр», «Орақ батыр», «Ер Тарғын» жырларындағы байырғы ғасырлардан сабақтасқан әдеби мұраны мейлінше зерек таныған ұлы тұлға еді. Сол себепті Шоқанның қыпшақ-қазақ

жазба мұралары санатында бағаланатын «Хан жарлықтарын» мұқият талдаған шағын зерттеуі де ерекше құнды.

Сонымен, Шоқанның «Хан жарлықтары» жазба жәдігерлерін зерттеуіне байланысты атқарған еңбегіне былайша қорытынды жасауға болар еді:

біріншіден, Ш. Уәлиханов Алтын Орда, Қырым хандары тарапынан жазылған «Хан жарлықтарын» қазақ және Орталық Азияда тұңғыш рет ғылыми түрде зерттеді; екіншіден, ол хан жарлықтарын Алтын Орда дәуірінде кең қолданыста болған ортағасырлық қыпшақ әдеби тілінің көрнекті жазба жәдігері екенін, сол тілдің заңды жалғасы боп отырған, өз дәуіріндегі қазақ тілі үлгілерімен алғаш рет салыстыра отырып дәлелдеді; үшіншіден, Шоқан хан жарлықтарын кейінгі еңбектерін жазуға мол мәліметтер ұсынған маңызды дереккөз ретінде бағалады.

II.4. Қадырғали шежіресі – қазақ тарихы туралы құнды жазба ескерткіш

مشهور اوغلان لاری ایردبلا رنجه وقتقه دیکاج منشعب بولوب اوتتی لار
داستان اوراز محمد خان بن اوندان

سلطان بن شیغای خان بن بادیک خان بن جانی بیگ خان بن براق خان
بن قویردچوق خان بن اوروس خان خلدالله منکبه و سلطنه و افاض
العالمین پره احسانه سالهای بسیار و قربنهای بی شمار یا عزیز باغفار
بیر سریر سلطنت باسندام پیده بولسون این زمان کیم یاد قیلندی ابا
واجداد اوراز محمد خان نینک برجه اوروغ قربنداشلاری ییلان بر
داستاندا اقلمدا کیلمدی چوک کیم اوروس خان دین جانی بیگ خانغه تور توجی
بطن ترور آن زمان کیم یاد قیلینیب ایردی جان بیگ خان نینک اوغلان
لارین بوزمان تقی یاد قیلدوق تا انینک اوغلی نبره لاری دیکاج منشعب

Шоқан Уәлихановтың жазба әдеби мұраларды зерттеуге бағышталған жұмыстарының аясында Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») шығармасына қатысты атқарған еңбегінің орны айрықша. 1854 жылы профессор И. Н. Березиннің дайындауымен «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» сериясы бойынша, қыпшақ түркшесіндегі қолжазба негізінде Қазан қаласында кітап боп басылған, өзі айтқандай «Ұлы жүздің тарақ тамғалы жалайыр руының қазағы жазған» [1, 122-б] бұл жазба жәдігердің жарық көруі Шоқанды ерекше қуанышқа бөлеген жаңалықтардың бірі болғандығында күмән жоқ.

Ол Қадырғали бек шығармасының «жазылуына себепші болған жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханның» бастан өткерген мәжбүрлі тарихын соған дейін де шет жағалатып білетін. Бұл Оразмұхаммедтің әйгілі Шығай ханның туған немересі боп келетінін, Ондан сұлтанның ұлы, Тәуекел ханның немерелес інісі екенін Батыс Сібір шекара басқармасы тарапынан жиналған хандар шежіресіне қатысты кестелерден кездестіріп, Левшиннің 1832 жылы шыққан «Қазақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» мен Небольсиннің 1849 жылы басылған «Сібірді бағындыру» кітаптарынан қазақ сұлтанының тосын тағдырлы өмірінен мағлұмат алған-ды. Жас Оразмұхаммедтің Сібір хандығының астанасы Ескер шәһарындағы Тайбұға тұқымы Сейтектің ордасына өз отбасымен, хан кеңесшісі Қадырғали бекпен, жанына ерген жасауылдарымен бірге, жегжаттық рәсіммен жолдары түсіп, 1588 жылы Тобыл маңында саятта жүрген кезінде орыстар алдап тұтқынға алған, содан «аманат» ретінде Мәскеуге жөнелтілген жағдаятымен тандана танысқан. Аманатқа алынған жас сұлтанның сол шақтан қазақ жеріне көз сұғын қадай бастаған орыс патшалығы тарапынан әріні ойлаған есеппен жылы қабылданғаны, Рюрик әулетінің соңғы патшасы Федор Ивановичтің оны сарайға жақындатып, қызметке тартқаны, таққа одан кейін отырған Борис Годуновтың өз билігі кезінде Оразмұхаммедті Ока өзені бойындағы Қасым патшалығының ханы етіп тағайындағаны туралы шамалап білгенімен, бұл тарихпен профессор Березин шығарған Қадырғали бектің шежіресінде тікелей ұшырасқанда ерекше күйге түскен.

Шежіре авторының өзі: *«Қадр али би бин Хосум би, тарихның мыңда он бірінде қойан йылы мұбарак мұхаррам айының ахрында шәнбе күні бу тарихны тамам қылды»*, деп жазғанындай, 1602 жылы аяқталған «Жамиғ ат-тауарих» шығармасы ғалымдар назарына ХІХ ғасырдан алғашқы кезеңінен бастап іліне бастаған. Оның қолжазбасының кейіннен жасалған бір көшірмесін татардың белгілі ғалымы Ибрагим Халфин 1819 жылы Қазан университетінің кітапханасына тапсырады. Деректік мәні жоғары бұл жәдігер Березиннің назарына ілігіп, қолжазбаның аты жазылған алғашқы беттердің жоғалып кетуіне байланысты және оның басым бөлігінің Рашид ад-дин еңбегінің қысқартылған аудармалық нұсқасы екендігін негізге ала отырып, оған өз тарапынан «Жамиғ ат-тауарих» деп ат қояды [27, 9-10-бб].

Шығарма жарық көре салысымен оны тұңғыш зерттеп, ғылыми бағасын берген адамның бірі Шоқан болды. Сол замандағы орташығыс шежірешілері шығармаларының орындалу дәстүріне сәйкес, сол кезде өздеріне патша боп отырған «үлұғ бек, ақ хан, падишаһ қазрат» Борис патшаға мадақтау арнай отырып жазылған, қазақ тарихынан соны мәліметтер ұсынған тамаша туындыны Шоқан ерекше қызығушылықпен тез оқып шығады. Ұнағаны сонша, дереу орысшаға аударуға кіріседі. Жылнаманың Оғыз және оның ұрпақтары туралы сөз ететін бірінші тарауын ықшамдап тәржімалап тастаған соң, қазақ тарихына қатысты көп деректер жинақталған «Орұс хан дастанынан» бастап, кітаптың аяғына дейін түгелге дерлік аударып шығады. Жас ғалым кей тұстарда өзі орысшалаған сөздер мен сөйлемдерді кітаптағы араб қаріпті нұсқасымен қатар беріп салғастыра қарап, ара-арасында өз пікірлерін де жазып қойып отырады. Шоқанның көне жазба шежірені соншама дәл мағынасымен, сапалы түрде тәржімалағанына таң қалмасқа лаж жоқ.

Орұс, Токтамыс, Бұлғайыр (Әбілқайыр) мен Оразмұхаммед хандарға, Едіге биге арналған дастандардан (тараулардан), соған дейін Әбілғазының «Түрк шежіресі» мен «Шайбанинамадан» білетін шамалы мағлұматтардың әрі қарай толықтырыла тарқатылғаны Шоқанды аса риза еткені анық. Ол Орұс ханның Отырар, Сайрам, Шу, Талас, Ыстықкөлді қамтитын іргелі елді

билеген даңқты падшаһ, баһадүр болғаны, одан кейін ұлысты баласы Құйыршұқ сұлтанның билегені, оның Қашқар уәлаятымен алағөз болғандығы, оның ұлының аты Барақ екендігі, Барақ ханның алып тұлғалы батыр, ірі, нағыз ер болғаны, тез арада әр тараптағы ұлыстарды өзіне бағындырғаны, ақыр аяғында Еділ төңірегінде, Сарайшық қаласында жақын жерде опат болғаны жайлы бірталай қосымша деректерге қаныққан.

Шежірешінің «Барақтың ұлын Кіші Жәнібек хан деп айтар еді» деген тұсын да Шоқан құнды дәйек ретінде қабылдағаны анық [26, 114-6; 27, 231-6]. Себебі, ел арасындағы аңыз-әңгімелерде Алтын Орданы билеген Жәнібек пен Қазақ Ордасының ханы Жәнібекті шатастырып айтып жататын сәттер ауық-ауық ұшырасып қалады. Демек, кейінгі Жәнібекті – Кіші Жәнібек деп атаған жөн екен. Осы Жәнібектің балаларының аты-жөндерін Әбілғазының «Түрк шежіресі» мен «Шайбанинамадан» түгел білсе де, Қадырғали би олардың аналары туралы да жаңа дерек ұсыныпты. Қасым хан мен Қамбар сұлтан екеуі бір анадан – Жаған бегімнен, Өсеке мен Жәдік екеуі бір анадан, Бауыш пен Бұйдаш бір анадан болса, Қожаш шешеден жалғыз екен.

«Жамиғ ат-тауарихта» Тоқтамыс ханның Едіге бимен жауласуына қатысты оқиғалар да қамтылыпты. Өзіне «Едіге» жыры бойынша жақсы таныс екі тұлға арасындағы текетірес, Едігенің баласы Нұрадынның жұртынан айырылып қашып жүрген Тоқтамысты тауып алып өлтіруі, Тоқтамыстың баласы Қадірбердінің кек жолын қуып, Едігені іздеп келіп, кеудесіне мініп мерт еткені туралы поэзия тілімен жырланған жайттар [125, 73-82-бб], шежіреде деректік тұрғыда баяндалыпты. Тарихтан Жошы ұлысының ханы Темір Құтлық пен оның бас әмірі Едігенің Тоқтамысқа қарсы жорыққа шығып, Тоқтамыстың Литва билеушісі Витовт кінәзді паналағаны, 1399 жылы Едігенің Ворскла өзені маңында Витовт пен Тоқтамыстың біріккен әскерін жеңгені белгілі. Содан Тоқтамыстың Сібірге қарай қашып, бас сауғалап жүргенде, 1406 жылы Түменге жақын жерде Едіге мен Шәдібек ханның (Темір Құтлықтың інісі) әскерімен өткен шайқаста қаза тапқаны Шоқанға белгілі болатын. Осы дәйекке жуық хикаяның Қадырғали бек шежіресінде де айтылатыны, сөз жоқ, бұл жазба жәдігердің құндылығын байқатар бір сипатына саяды. Онда Тоқтамыстың жаулығынан сескенген Едіге *«бірнеше*

жылдан соң әскер бастап келіп, Тоқтамыс ханды қашырды. Тоқтамыс хан солтүстікке қарай қашты. Аш-жалаңаш жүрді. Едігенің баласы Нұраддин қосымша әскер әкеліп,... ханды опат қылды» [26, 114-115-бб; 27, 232-б; 1, 146-147-бб], деп жазылған.

«Жылнамалар жинағындағы» Тоқтамыстың Жалаладдин, Күшік, Жапарберді, Келімберді, Қадірберді деген белгілі ұлдары, Жәнике деген қызы болғаны туралы дерек те тарихтан алшақ кетпейді. Сол Жәникені Едіге би алған кезде, Қадірберді үш жаста екен, дейді жалайыр шежірешісі. Он бір жылдан кейін осы Қадірберді Қырымнан әскер ертіп келіп, Еділ дариясын кешіп өтіп, Едіге бимен соғыс қылып, сол шайқаста оның түбіне жетіп, әкесінің кегін алады.

«Жамиғ ат-тауарихта» осы жорық кезіндегі Қадірбердінің бір сөзіне де назар аударылады. Қырым әскерінің ұлұғ әмірлері Еділге жақындағанда, сол жерде «бұл жыл жазғысын жайлауда болып, атымызды семіртейік, ұрысқа күш-қуат жинайық. Қысқысын барсақ, Еділ де тоңар (мұз қатар) еді» деседі. Алайда Келімберді ол сөзді жаратпай: «Еділ тоңса, кім кешпес, Едіге өлсе, кім бармас, Еділ тоңбас бұрын, Едіге өлмес бұрын», депті. Шоқан осы тұстағы жолдарға өз пікірін білдіріпті: *«Қырым ләшкері әмрә ұлұғлары бұ йыл йазғысын йайламай қыладың, атымыз симүртелің, та ұрұшқа қууат, шауқат пайда болғай»* деген сөздер онша түсінікті емес, мен оны: *«Қырым ләшкерінің әмре ұлұғлары айдилар, бүйіл йазғысын йайлау қыладың, атымыз...»* [1, 148-б], – деп оқыр едім, деген жазу түсіріпті. Шежіредегі «Едіге би дастаны» тарауында Едіге бектің Тоқтамыс хан ұлысын билегені, оның 63 жасында Қадірберді ханмен ұрыста алған зақымнан опат тапқаны жазылады.

Қадырғали Жалайыр кітабындағы Шоқан үшін ең қымбат беттер «Дастан Оразмұхаммед хан бин Ондан сұлтан» деген тарау еді. Онда Оразмұхаммедтің Орұс ханнан бергі аталарының шежіресі тарқатылып, Кіші Жәнібектен кейінгі Қазақ Ордасының хандары мен сұлтандарының сол уақытқа дейінгі көп сәттері белгісіз қалып келген мағлұматтары ортаға тартылады. Шоқан ғылыми зерттеулерге бой ұрғалы, қазақ атауының қашан пайда болғаны мен қазақ хандығының қай дәуірде құрылғанына қатысты ізденістерге барып жүргелі бері мұндай толымды жазба шежіреге жолыққан емес. Әбілғазы мен Шайбанинамада Жәнібек

пен Керей хандардың ұлдарынан бермен қарайғы тарих айтылмайды. Ал мына жылнамада Жәнібектің тоғыз баласынан тарайтын ұрпаққа дейін түгел тарқатылыпты. Ара-арасында Қазақ Ордасын қорғау жолында шейіт болған сұлтандардың ерлік істері де паш етіліп отырылады. Шоқан Өсеке ханның баласы Болат сұлтанның ұлдарымен бірге ноғай ұрысында шаһит болғанын, Жәдік ханның Тоғым хан деген ұлының «тоғыз сары» деп аталған ержүрек тоғыз ұлы жағат (шағатай) шекарасы жақта өткен шайқаста түгелімен қаза тапқанын, сол ұрыста әйгілі әрі мәшһүр отыз жеті сұлтанның да шейіт кеткені туралы жолдарды қамыға отырып аударған еді. Әдік сұлтанның нәсілі «бес оғұл» (бес ұл) деп аталыпты. Сол бес ұл да жиырма төрт сұлтанмен бірге Дәруіш ханмен соғыста опат болыпты [1,154-15-66; 26,122-6; 27,239-240-66].

Шежіредегі: *«Шығай ханның хикаяты әрқашан оның баһадүрлігімен мағлұм, мәшһүр тұрар... Балалары мыналар: Сейтқұл сұлтан, Ондан сұлтан, олар Байым бикемнен туған еді. Төкей хан, Есім сұлтан, Сұлтан Сабырбек ханым. Бұ үшүсінің анасы – жағатның Йақшым бегімдін туған еді. Әли сұлтан, Сұлым сұлтан, Ибраһим сұлтан, Шаһим сұлтан. Анасы – Бұрындық ханның қызы Дәдәм ханым еді»* [27, 240-242-66], деген жолдардан тікелей Оразмұхаммед ханның өз әулетінің шежіресі басталады. Шоқан осы тұсты аудару үстінде, түпнұсқа қолжазбадан көшірме жасалынған кезде кеткен қатені бірден аңғарып отырды. Ол кітапта бірде Төкей хан, бірде Түгел хан деп жазылған адамның Тәуекел хан екенін пайымдаған. Мұны ғалымның осы кітапты оқығаннан кейін жасаған қазақ сұлтандарының тектік шежіре кестесінен де көреміз. Кестеде Шығайдың қазақ хандары болған Тәуекел хан, Есім хан, Ондан сұлтан деген ұлдарының есімдері жазылып, Ондан сұлтанның Оразмұхаммед, Қайнаркөшек деген балаларының аттары түсіріліп, Қайнаркөшектен Орта жүзге Уәлиханмен қатар хан болған Бөкей ханның әкесі Бараққа дейінгі сұлтандардың есімдері тізілген еді [1, 123-6].

Көне қолжазбаларды жетік оқи білетін Шоқан көшіруші тарапынан кеткен қателіктерді де бірден аңғарып отырады (профессор Березин кітапхана қорындағы Халфин тапсырған қолжазбаны түзетпей, сол қалпында, литографиялық басылым

ретінде жариялаған еді). Мәселен, Шығай хан ұрпағына қатысты жоғарыда үзіндісі берілген жолдардағы Йақшым бегімнің балалары жөнінде айтылған үйлеспеушіліктерге пікірін білдіреді. «Шамасы сөздер өз орнында тұрмаған секілді. Сұлтан Сабырбек – ханша: түсініксіздеу. Келесі сөздер *ханым* сөзінің артық екенін көрсетеді. Яғни мұны: *«Төкей хан, Есім сұлтан, Сұлтан Сабырбек ханша. Бұ үшүсі жағатның [қызы] Йақшым бегімнен туған еді»*, деп оқу түсінікті болар еді. Әйтпесе, хан балалары емес, аналары Йақшым бегімнен туған секілді болып тұр» [1, 155-б], дейді.

Баһадүрлігі асқан Ондан сұлтанның қалмақтармен шайқаста отыз жасында шаһит болғаны, оның екі ұлуғ ордасы (Шоқан бұл сөзге «сұлтанның қадірлі қосақтары ұстап отырған шаңырақ» деген түсініктеме береді) бар екенін, Өсеке ханның ұлы Болат сұлтанның қызы Алтын ханымнан ислам падишағы һәм сұлтаны Оразмұхаммед ханның, Бұрындық ханның ұлы Кемсін сұлтанның қызы Шүйім ханымнан Көшек сұлтанның туғандығы жайындағы шежірелік мағлұматтардан соң, жылнама авторы Оразмұхаммедтің хикаятын шертуге кіріседі. «Сегіз жасында өз атасы Шығай ханнан, он үш жасында өз әкесі Ондан сұлтанның айырылған Оразмұхаммед, одан соң бірнеше уақыт таршылық көріп, Сейдақ бидің алдында кіріптарлық кешті. *«Он алты йашында жүмлэт (бүкіл) кристиан падишаһы Барис Федурауичнің қуллуғына хазр болдылар (қызмет істеуге әзір болды). Сол күннен бұ күнге дейін падишаһ Борис ханның қызметін атқарып келеді»*, деп жазады «Жылнамалар жинағы» авторы.

Шоқан Оразмұхаммедтің Сейдақпен бірге орыстардың тұтқынына түсіп, Мәскеуге әкелінгені туралы еш нәрсе айтылмағанына көңіл аударған. Оның есесіне жас сұлтанды патша ағзамның жарылқағаны, оған тарихтың мыңыншы жылы (1600 жыл) Керман шаһарын (Қасым хандығын) сыйға тартқаны, ондағы хан көтеру салтанатының қалай өткені, жиырма жасар сұлтанның таққа отырғаны, той-думанның әлденеше күнге созылғаны соншама тәптіштеліп сипатталады. Оразмұхаммед ханның қадірлі төрт бегі болғаны, тақтың оң жағында жалайыр Қадырғали бек пен маңғыт Саманай бектің, сол жағында арғын Шәш бек пен қыпшақ Төкей бектің отыратындығы да [1, 156-158-

бб; 26, 123-126-бб; 27, 241-245-бб] Шоқан назарынан тыс қалмаған еді.

Шоқан жазба жәдігердің қазақ тарихына қатысы бар дастандарын (тарауларын) орысшаға аударып болғаннан кейін оның мазмұнына, тілдік құрамына білгір түсініктемелер жасайды. «Жамиғ ат-тауарихтың» тілі қазіргі қазақ тіліне өте жақын, нағыз шағатайшаның өзі. Кітаптың мазмұндалуы да тамаша. Онда Әбілғазы мен Шайбанинамаға қарағанда, мысал-аңыздар аз кездеседі. Ең әуелгі бөлімдегі Борис патшаға бағышталған мадақтаудың өзі өте түсінікті, мәнерлі. Сөйлемдері мен қайырымдары өте жатық, көп сөздері қазақ арасында осы күнге дейін қолданылады» [1,158-159-бб], деп атап өтеді.

Расында Борис патшаға мадақ сөздің таза қыпшақ түркшесінде, араб және парсы сөздерінсіз жазылғаны таңғалдырады. Шоқанның оны оқып отырғанда, бала кезінен өзі көп тыңдап өскен төкпе шешендердің сөздерін естігендей әсерде сезінгені анық. XIX ғасырдың қазақшасына тым жақын. «...Падшаһ хазратлары Барис Федоурауч ұлұғ бек, ақ хан дүр. Айналасы алты хан, төгүрәгі төрт хан, дүнийаның төрт бұршын билеген хан. Халайықын әділлік білән сурған хан. Йетимлерге рахим қылыб, шығайларны тойдурған хан. Қыш уа йаз, ай уа йыл хазинада бар малын хақ йолында ихсан қылған хан. Йети иқлим кашурны алған хан, тахт Қазан, тахт Хажы тархан, тахт Тұра, тахт Сарайшық мұсаллам (бағындырған) хан. Тағда түмен, қырда шеркес, ойда ештек – барча тасрафында (ықпал еткен) хан. Мажар, Бачкыр, Рум уилайаты білән барыш-келіш қылған хан. Немч, Корол (Польша) уйлайаты... йапрақ дек тітіреткен хан...» [27, 123-124-бб]. Осы жолдарды қазақ құлағына тосын деп қалай айтарсыз. Шығарманы оқи бастағаннан-ақ ұшырасатын: «дүниенің төрт бұрышын билеген хан», «қыс пен жаз, ай мен жыл, қазынадағы бар малынды..», «жапырақтай тітіреткен» делініп келетін алғашқы тіркестердің өзі де, Шоқан бірден аңғарғандай, жазба шығарма тілі қазақшаға тым жақын екенін иландыратын белгілерге саятын.

Кітапта бұдан басқа да қазақ тілі қолданысына етене: «аяқ асты болды», «балдыздай берді», «ит жүгірткендер», «жақсы ат», «жеңгелей алды», «жасарын жасап», «көңілдері қалды», «күндерде бір күн», «кұс шүйгендер», «қыз айттырды», «қыз

алып еді», «басынан патшалық тайды», «тәңірі ісімді оңғарса», «үстіне аттанды» сияқты фразеологиялық сөз тіркестерінің көптеп ұшырасатынын «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» атты құнды еңбек жазған ғалымдар Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиев те атап көрсетеді [27, 95-96-бб].

Шежіре авторының *өзгә, башқа* сөздерімен бірге, *өнген (өңге)* сөзін қолданатыны да Шоқан назарынан тыс қалмайды. Қазақтар бұл үш сөзді де қатар қолданады, дейді ол. Шоқан қолжазбаны көшіруші тарапынан жіберілген қателіктер кездесетініне назар аударады. Бір сөздің өзі әр жерде әртүрлі қолданылады. Мысалы: *диб – тиб, билә – брлә, пиян – билан*; жалғаулар: біресе – *қа*, біресе – *ға*. Ілік септігінің жалғауы да әртүрлі: *ниң, нің, мұң. Фа, та* шылауларының орнына, *таба, тапа* түріндегі шылаулар ұшырасады. *Оғұз таба атланды* (Оғызға аттанды); *Олар күн туғуи тапа мақам етілар* (Олар күншығыста мекен етті). Кей атауларды түсінбеген көшіруші *й* мен *б*, *р* мен *з* әріптерін көп шатастырған. *Барақ ханды – Йарақ хан, Диб-Бақуиді – Диб Йақуи; йырақ* дегенді – *йызақ* деп бүлдірген жерлер жеткілікті [1, 160-б], деп жазады Шоқан.

Кітаптағы *ару* сөзіне байланысты, Алтын Орда заманы дастанының батыры Орақтың орыстардан түскен олжаны бөлісер кезде саны көп қаңлылардың әділдік көрсетпегеніне, өзінің жалғыздығына нали отырып толғағаны дейтін жауһардай жарқыраған жыр жолдарын мысалға келтіреді.

*Қаңлыдан алтау келдім деп,
Ораққа зорлық қылмаңыз.
Қайратына мінген соң,
Бұрыла кетсе, жау болар.
Қылыш шапса, мерт қылар.
Сүйрей-сүйреп көшерге,
Сүйір таулар болса игі,
Сүйір таулар болса да,
Одан сүйреп көшерге,
Сүйір атан болса игі.
Сүйір атан болса да,
Оның басын жетелер,
Қоян қолтық, керме қас,*

*Ару шешей болса игі.
Ару шешей болса да,
Сұңгілі ұлдар туса игі.
Сұңгілі ұлдар туса да,
Бесеу-алтау болса игі...
Жалғыз да туған сұм басым,
Барымнан жоғым көп игі... [1, 161].*

Осы мысалға жүгінудің өзі де, Шоқанның байырғы қазақ поэзиясының асыл мұраларын мейлінше мол білгенінің айқын айғағына саяды.

Шоқан жылнамадағы *кешмек* (кешу), *йайлақ* (жайлау), *қышлақ* (қыстау) сияқты қазақ тіршілігіне тән сөздерге мән бере отырып, онда *йұрт* (жұрт) сөзінің негізінен *ел* ұғымында қолданылатынын, ал қазақтарда оның көші-қон кезіндегі тоқтаған орын деген мағынасы да бар екенін қаперге салады. Қадырғали бек *йұрт* сөзінің синонимі ретінде кейде *мақам*, *ол йер* деген сөздерді де қолданады.

Табынмақ сөзі кітапта бір құдайға табыну мағынасында қолданылады. Ал татарлар мен қазақтарда бұл *бұтқа*, *отқа табынмақ* ұғымын білдіру үшін қолданылады, ал бір *Жаратқан*, Алла туралы сөз етілгенде, *мінәжат етпек*, *сиынбақ*, *құлшылық жасамақ* сияқты сөздер айтылады, деген пікір білдіреді. Жылнамадағы *ол йазыда ұлұғ ләшкер йығылды* (ол жазықта үлкен әскер жиылды), *дария қырағы* (дария жағасы) деген сөздерге тоқталып, қазір қазақтарда *йазы* орнына *жазық*; *қырағы* орнына *жағасы* немесе *қабағы* деп айтатынына мән береді. *Дарйа арасындан қыршындар, қамышлар йығыб, сол баглаб, дарйаны кешті* (дария жағасынан қыршын мен қамыс жығып, сал байлап, дариядан өтті) сөйлеміндегі [27, 141-6] *қыршын* деген сөздің өсімдік атауы ретінде сирек қолданылатынын айта келіп, сол «Орақ батыр» дастанында «*құмға біткен қобыршын, кесіп алып сал еттім*» деген жолдар бар екенін де қаперге салады [1, 162-163-66]. Әрине бұл орайда Шоқанның қолына ХҮ-ХҮІ ғасырларда өмір сүрген ноғайлы-қазақ жырауы Шалғиіздің жырларының түсе қоймағаны белгілі. Әйтпесе онда: «жағасына *қыршын* біткен тал еді – жапырағын жайқалтып, терек етсе тәңірі етті» [107, 78-6] деген жолдар бар. Сол сияқты Майлықожа

ақында да «дарияның екі тоты қырағында» деген өлең жолы кездеседі.

Шоқан кітапта мал сөзінің ылғи да *туар қара* тіркесімен бірге ұшырасатыны жөніндегі өз ойын, «шамасы бұл көне замандарда *жылқы үйірі* сөзінің орнына қолданылған болуы керек» деп тұжырады. Расында шежіре мәтініндегі «*ала йундлы, йани туар қарасы йахиш болғай*» (алалы жылқысы, яғни туар қарасы жақсы болғай) деген сөйлем [27, 140-6] қазақ ғалымы пікірінің дәлелі ретінде байқалар еді. Мұндағы *йунд* көне түрк тілінде жылқы деген мағынадағы сөз, оны шежіреші *яғни* шылауы арқылы «туар қарасы» деп үстемелей түсіндіреді. Шоқан бұған өз дәлелін қазақ келіндерінің күйеуінің жақын туыстарын, сол рудың жасы үлкен адамдарының атын атамайтын ізет салтымен байланыстыра ұсынады. Олардың *орыс* дегенді – *кеше, жуас; Жылқыбай* дегенді – *Туарбай* деп өзгертіп атайтынына тоқталады.

Жылнамадағы «Дотум Мәнән туралы дастан» бөлімінде қытай әскерінің жалайыр елін шапқаны, «*қамчы боойлуғ ер ұғұлны қоймай*» қырғаны сөз етілетін сөйлемге қатысты да, «*қамшы бойлық*» тіркесінің дәл осы күйінде әлі күнге дейін қолданылатынына, қазақтардың «*сол заманда мен қамшы бойлы бала едім*» деп айтып отыратынын жиі естуге болады, деген пікірін қағаз бетіне түсірді [1, 163-164-66]. Шоқан «Жамиғ атауарихтағы» қазақтарға тән сөз қолданыстарының мол екеніне, далалық теңеулер мен мәтелдерге тұнып тұрғанына, сөйлемдер мен ой қайырымдарының құнарлы, көп сөздердің осы күнге дейін ел арасында со күйі ұшырасатынына ерекше назар аударады. Ол осы құнды жазба мұра туралы одан кейін жазған «Қазақ шежіресі» зерттеуінде де: «*Қазақ тарихына қатысты деректердің молдығы жағынан «Жылнамалар жинағына» иықтасар ештеңенің жоқтығы күмәнсіз. Ол қазақтардың өткені туралы ең құнды, алғашқы жазба ескерткіші. Мұнда нақты тарихи деректер аз болғанымен, қазақ хандары мен сұлтандарының толық ата тегі бар. Қазіргі қолда бар деректерді, ел аузындағы аңыздарды, ногайлармен қарым-қатынас туралы орыстың елшілік актілеріндегі мағлұматтарды Жалаиридің «Жамиғ атауарихымен»*

салыстырған жөн» [1, 216-217-бб], деп жауһар жәдігердің жоғары бағасын берген еді.

Шоқанның жан-жақты білімдарлығын ол атқарған алғашқы зерттеушілік талпыныстардан-ақ байқау қиын емес. Ол «Хан жарлықтары», «Жылнамалар жинағы», «Қазақ шежіресі» сияқты еңбектерді жазу үстінде өз пікірлерін тиянақтау үшін Хиуа ханы Әбілғазының 1825 жылы Қазанда басылған «Түрк шежіресі», А. И. Левшиннің 1832 жылы Петерборда шыққан «Қазақ ордалары мен далаларының сипаттамасы», осман тарихшысы Кәтіп Челебидің (1609-1657) «Жиһаннама» еңбектерінен мысалдар келтіреді. Неміс шығыстанушы Юлий Клапроттың (1783-1835), ағылшын саяхатшысы Антони Дженкинсонның (? - 1611) кітаптарына, «Шайбанинама» деректеріне арқа сүйеп отырады.


Әмір Темір әулетінен шыққан ұлы қолбасшы, тарихшы, Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Захириддин Бабырдың (1483-1530) ортағасырлық түрк әдеби жазба тілінде жазылған «Бабырнама» кітабымен таныс екенін байқатады. Соған қарағанда, Шоқан белгілі шығыстанушы О. И. Сенковскийдің бұхар саудагері Назарбай Түркістаниден алып, 1840-шы жылдары қайта көшіріп шыққан «Бабырнама» нұсқасы негізінде «Ішкі істер министрлігінің журналында» қызмет істеген шығыстанушы В. В. Григорьев жазған «Бабыр», «Бабырнама», «Бабыр әулеті» секілді мақалаларды әуелден жақсы білетін сияқты. Әйтпесе шығыс тілдерінің зерттеушісі Георгий Керр 1737 жылы көшірген «Бабырнаманың» басқа бір қолжазбасының мәтіні бойынша Қазан діни академиясында шығыс тілдерінен сабақ беретін ғалым Н. Ильминский дайындаған кітап тек 1857 жылы ғана жарық көрген болатын. Сол сияқты Шоқан профессор Березиннің аудармасымен 1858 жылы Петерборда жеке кітап түрінде басылған парсы шежірешісі Фазлаллах Рашид ад-диннің (1247-1318) «Жамиғ ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) шығармасының да одан бұрынғы, қырқыншы жылдары «Халық ағарту министрлігінің журналында» алғаш жарияланған нұсқасын оқығандығын аңғартады. Оның үстіне «Жамиғ ат-тауарих» туралы армян ұлтынан шыққан швед дипломаты Аврахам Константин д'Оссонның Амстердамда 1835, 1852 жылдары француз тілінде екі мәрте басылған «Моңғолдар тарихы: Шыңғысханнан Темірланға дейін» атты төрт томдық

кітабынан да (оның алғашқы басылымы 1824 жылы Парижде жарық көрген) көп мәлімет ұшырастырған еді. Парсы тарихшысы Алааддин Атамәлік Жуайнидің (1226-1283 ж.ж.) «Тарих-и жаһангушай» («Жаһанды жаулаушының тарихы») атты Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары туралы толымды сөз еткен үш бөлімді тауариғы да осы французша еңбекте жан-жақты сөз болады. Д'Оссон өз шығармасын жазғанда, Париждегі корольдік кітапханада сақтаулы тұрған Рашид ад-дин мен Жуайни қолжазбаларын кеңінен пайдаланған болатын, кітабында олардан үзінділерді молынан келтіріп отырады [131; 132; 133].

Сонымен, еліміздің ғалымдары «қазақтың жазба әдеби тілінің прозадағы, оның ішінде тарихи-шежіре жанрындағы тұңғыш үлгісі» [27, 118-119-бб], деп таныған Қадырғали би Қосым ұлы Жалайыр жазған «Жылынамалар жинағы» шығармасын Шоқанның зерттеуі тақырыбы аясын айқындасак, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

біріншіден, Ш. Уәлиханов өз заманындағы зерттеушілер арасында осы еңбекке тұңғыш рет ғылыми баға берді; екіншіден, оны қазақтардың өткені туралы ең құнды еңбек, қазақ хандары мен сұлтандарының толық ата тегі тергелген, аңыздарға құрылмаған, дерегі тарихи тиянақтардан алшақ емес жазба ескерткіш, деп таныды; үшіншіден, оның авторы мен кейіпкері Қазақ Ордасынан келген тұлғалар болғандықтан, қазақ тіліне өте жақын тілде жазылған, ондағы көптеген сөздер мен сөз тіркестері ХІХ ғасырдың орта тұсындағы қазақ тілінде кеңінен қолданылатынын дәлелдеп, дәйекті мысалдар келтірді; төртіншіден, осы еңбегі арқылы Шоқан өзінің ортағасырлық түрк әдеби тіліне ғана жетік емес, өз заманындағы қазақ тілі мен жазуына да (араб қаріпті) өте жүйрік болғанын, ауыз әдебиетінің асыл мұраларынан мейлінше жан-жақты хабардар, сол замандағы биік еуропалық деңгейдегі кең ауқымды зерттеушілердің бірі екенін тағы да көрсетті.

II. 5. Қашқар қолжазбалары – Алтышар аймағының рухани дереккөздері



Шоқан қауіп-қатерге толы Қашқар сапарынан Алтышар аймағының арғы-бергі тарихынан хабар беретін әлденеше кітапты да ала қайтты. 1859 жылғы наурыздың 11-і күні «Әлімбай саудагер» есімін жамылған ержүрек жиһангез, қала қақпасына дейін өздерін күдік-күмәнсіз думандата шығарып салған қошеметшіл көп таныстарымен қоштасып, жарты жылдай астыртын күй кешкен шаһар аузынан елге қарай суыт аттанған кезде, оның керуеніндегі буылған тең ішінде ортағасырлық түрк әдеби жазба тілінің жәдігерлері ретінде саналатын бірнеше шығарма жатыр еді.

Кейін Петерборға келгесін жазған «Жоңғария очерктері» атты дүйім ғылыми ортаны елең еткізген ғажайып шолуында Шоқан бұл туралы: «Мен Қашқарда жүргенде «Тазкира-йи қожжаған» атты, ХҮІ ғасырдың соңында буддашы-ойраттардың көмегімен Шыңғыс хан ұрпақтарын тақтан қуып, жоңғарларға

тәуелді билеушілер ретінде Кіші Бұхараны басқарған қожалар әулетінің тарихы қамтылған қолжазбаны тауып алу бақытына ие болдым. Бұл тамаша туынды 1758 жылы қытайлықтардың Йаркентті басып алуымен аяқталады...

Қашқарда қолға түсірген кітаптардың арасынан мыналар да назар аударуға тұрарлық:

1. «Тазкира-йи Сатұқ Бұғра хан газы» (Илектер әулетінен исламды тұңғыш қабылдап, оны Қашқарға таратқан Сұлтан Бұғра хан ғұмырнамасы).

2. «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан» (Шағатай әулетінен шығып, Моғол ұлысы хандарынан бірінші боп исламды қабылдаған Тоғұлық Темір ханның ғұмырнамасы).

3. «Ришахат», яки ортаазиялық ишандар мен әулиелер туралы мағлұматтар.

4. «Әбумүсілім Марузи» – көптеген жергілікті тарихи аңыздарды қамтыған батырлық хикая» [1, 404-6], – деп ол құнды жазба мұраларды атап-атап көрсетеді.

Ол бұл шығармаларды өзі сауда жасайтын базардағы әртүрлі кітаптар мен қолжазба дәптерлер сатылатын жаймалардан, осында келгелі таныс болған кісілерден ақырын-ақырын сұрастыра жүріп тапқан еді. Бұл ретте, өзіне, яки «Әлімбайға» ағайындығы, жақындығы бар, кезінде «әкесі Әбділлабайды» білетін бірқатар жергілікті саудагерлермен етене араласуы, Қашқардағы мұсылман жамиятына Қоқан хандығы тарапынан ақсақал қызметіне қойылған Нұрмұхамбет датқаның сеніміне кіруі, оның шаңырағында және басқа да үйлерде жиі мейман болуы, әртүрлі бектермен, дін саласының білімдар шейхтарымен, ғұлама-ахұндарымен жиі-жиі дастарқандас боп әңгіме-дүкен құрып жүргенінің де көп көмегі тиген-ді. Сондай мәслихаттар барысында Алтышәрде билік еткен хандар мен ұлысбектерге, қожалар әулетіне қатысты тарихтар да айтылып қалады. Пәлен ханның, түген қожаның тұсында, деген ескі әңгімелер қозғалады. Ол туралы пәлен ғұлама кезінде мына шығармада былай жазған екен, дейтін үзінділерге де құлақ түріп отырады. Сұлтан Сатұқ Бұғра (Бура) хан газы, Тоғұлық Темір хан, Рашид хан, Саид хан сынды әміршілердің, Махдұм ағзам, Афақ, Даниал, Жәңгір сияқты қожалардың, Хафиз, Мәулана Жәми, Науаи, Мұхаммед

Садық, Хиркати секілді шайырлардың есімдері ауық-ауық аталып жатады. Өлең шумақтары оқылады.

Кітап жаймаларындағы шығармалардың көбі парсы мен араб тілдеріндегі діни рухтағы жазылған шығармалардың түрк тіліне аудармалары [2, 346-б] болып келеді екен. Солардың қатарында түрк жұрттары арасына мұсылман дінін енгізуде ерлік танытқан халифат батыры Әбумүсілім туралы хикаялар жинақталған кітапты таңдады. Оған көптеген жергілікті аңыз сарындары енгендігімен қызықтырған. Содан кейін Әли ибн Хусейн әл-Уәйіз әл-Кашифидің 1503 жылы өз ұстазы – сопылық қожағания-нақшбандийа тарихатының (ағымының, бауырластығының) пірі Қожа Ахрарға арнаған «Рашахат айн әл-хайат» атты парсы тілінен тәржімаланған шығармасын ұнатты. Атауы «Өмір қайнарының тамшылары» деген мағынаны білдіретін бұл кітапта шейхтар мен әулие-ишандардың ғұмырнамалары, уағыздары жинақталыпты. Ішінде осы нақшбандийа тарихатын ұстанатын алтышәрлік қожаларға, Орта Азия, Сырдария аймағының тарихи географиясына қатысты біраз мәлімет те бар екен.

Сөйтіп жүргенде бір күні қолына «*Тазкира-йи Сұлтан Сатұқ Бұғра хан газы*» деген атауы бар құнды қолжазба түсті. Араб қарпінің настәлиқ өрнегімен жазылған. Сатұқ Бұғра (Бура) ханның әйгілі Ұлы хан (Қарахан) әулетінің басы, бірінші боп мұсылман дінін қабылдап, оны Қашқар жеріне әкелген атақты қаған екендігінен бұрыннан хабардар-ды. Шығарма Бұғра хан мен оның ұрпақтарына ғана арналмапты. Арасында қожа Баһауеддин, қожа Әбу Нәсір Самани, шейх Мұхаммед Аттар, шейх Мансұр Хижазилер туралы тазкирелер (ғұмырнамалар) де бірге жүр. Қолжазба аясына Бұғра хан әулетінің шежіресінен басқа, сол кезеңдерге қатысы бар мұсылман дінінің белгілі тұлғалары туралы хикаялар да жинақталыпты. Ол әсіресе шығарманың Қашқар тарихына қатысы бар жерлерін мұқияттап оқыған еді.

Ортағасырлық түрк жазба мәдениетінің аса құнды жәдігері санатына жататын осы «Тазкира-йи Бұғра хан» туындысын соңғы жылдары түбегейлі зерттеп, түпнұсқасы бойынша қазақша тәржімасын жасап, қолжазба факсимилесімен бірге 2007 жылы кітап етіп жариялаған зерделі ғалым Серікбай Қосан, бұл еңбектің әзелгі түп-төркіні ХІ ғасырда өмір сүрген ұлы

ғалымдардың бірі Әбу-л Футух Әбд-әл Ғафирдің «Тарих-и Қашқар» атты туындысынан бастау алатынын айтады [34, 5-6]. Сондай-ақ шығарманың белгілі бір бөліктері Шағатай әулетінің өкілі Моғол ұлысының билеушісі Әбдірашид ханның рухани кеңесшісі Қожа Мұхаммед Шәріптің (1470-1565) қаламынан туғаны аңғарылады, дейді зерттеуші. Сыр өңіріндегі Сайрам қыстағының бұл тұрғыны кейін Қашқарға қоныс аударып, Моғол хандығының байтағы саналатын Йаркент шәрінде тұрып бірқатар агиографиялық (әулиелер өмірі, манакиб) еңбектер бітірген. Соның бірі автордың парсы тілінде жазылған «Тазкира-йи Бұғра хан» атты еңбегі. Кейін аталған шығарма шағатай түркшесіне аударылып, халық арасына кең тарапты [20, 232-233-б; 34, 14-б; 93, 40-б]. Содан шамамен ХҮІІ ғасырдың аяғы, ХҮІІІ ғасырдың басында өмір сүрген қашқарлық Саллахият (Молда Хажы) сопы да Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы һәм оның әулеті туралы көне жазбалар мен аңыз-әңгімелердің басын қосып, кітаптың мазмұнын уәйисия мен нақшбандийа тарихаты әулиедәруіштерінің өмірбаянымен толықтыра отырып, тұңғыш мұсылман-түрк мемлекетінің іргесін қалаған ұлы қаған жайында бағалы жәдігер жазып қалдырған [34, 16-б].

Ол кейіннен көптеген нұсқаларға көшірілген. Шоқанның қолына түскені де сондай нұсқалардың бірі болса керек. Бүгінде Санкт-Петербурдағы бір ғана Азия халықтары институтының қолжазба қорында Сатұқ Бұғра хан мен оның әулетінің шежіресін баяндайтын отыздан аса қолжазба сақталған көрінеді. Олардың денін 1882-1903 жылдары Қашқарда Ресей консулы боп істеген Н. Ф. Петровский жинақтап әкелген. Өкінішке қарай, Ш. Уәлиханов Қашқардан әкелген қолжазбаның қай қорда сақталғандығы мәлімсіз. Дегенмен С. Қосан бірқатар дәйектеулерге сүйене отырып, өзі ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорындағы фото-факсимиле арқылы зерттеп, жария еткен нұсқаның Шоқан әкелген жәдігерден пәлендей айырмашылығы болмауы керек деп есептейді [34, 8-14-б].

Қанша дегенмен, Шоқанның жіті зерттеушілік қабілеті, көзі қарақтылығы осы шығарманы таңдай білгендігінен де байқалады. ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда Орта Азия мен Қашқар аймағында қалыптасқан шағатай түркшесі жазба стилінің аздаған әсері бар

аралас тілде жазылған жәдігердің өн бойындағы оқиғалардың тарихилығын, кейіпкерлердің өмірде болғандығын, сондай-ақ нақты жыл мерзімдері, соғыс қимылдары өткен яки түрк халықтары мекендеген қалалар мен елді мекен, жер-су атаулары шынайы көрсетілген бұл қолжазбаны, ол өзі алдағы уақытта жазуға тиіс Алтышәр өңірі туралы еңбегіне пайдасы тиетін дереккөз ретінде аңғара білген еді.

Шоқан осы «Тазкира-йи Бұғра хан» шығармасының сегізінші бөлімі болып есептелетін «Қожа Әбу Нәсір Саманидің шежіресіндегі» мәліметтерді екшей отырып орысша ықшам аудармасын да жасайды [3, 179-180-бб]. «Әбу Нәсір Самани құранды өте әуенді оқитын, патшалық салтанатты құб білетін, ислам шарифатын тарататын. Әдепті, сөз сөйлеуде мейірбан еді. Бұл әзиз бастапқы кездерде, яғни әулие болмас бұрын Алланың пайғамбарының сүннетін ұстанып саудагерлікпен айналысты. Басқа саудагерлер сияқты нәпсісінің күйіне қарап саудагерлік жасамайтын. Бәлкім, пұл тауып, Құдайдың жолына арнап пенделерге зекет беріп – «zekеттің сауабынан маһрұм қалмайын» деп саудагерлікпен айналысатын... Әр кеште Құранды бастан-аяқ бір оқып шығатын. Бес рет дәрет алып, әр ретке «Ясин» сүресін оқып, отыз екі рәкәт намаз оқитын...», деген жолдарын орысшаға жатық тәржімалайды. Содан соң шежіредегі Әбу Нәсір қожаның Сұлтан Сатұқ Бұғра ханды мұсылмандыққа қалай тартқанына қатысты тұстарына ойысады. «Бір күні Әзірет Қожа Әбу Нәсір Самани сапарға баруға әзірленіпті. Бір күні түс көреді. Онда Әзіреті Пайғамбар: «Әй, Қожа, бұл кез сапарға барма, баратын кезінде мен сізге рұқсат беремін», деген көрінеді. Алты жылдан кейін бір күні тағы түс көреді. Пайғамбар оған: «Әй, қожа, енді сапар шегетін кез болды. Түркістан тарапына сапар қыл. Түркістанда бір бағы мол пенде бар: ол менің бақытты үмметім, бірақ әзірге кәпір кейпінде жүр; оның мүбәрак қадірлі есімі Сұлтан Сатұқ Бұғра хан газы аталмақ. Мен Миғражға шыққан түні тоғыз көктің түбінде бір тақ көрдім. Төбесінде осы үмметімнің рухы отыр. Сенің рухың сол үмметімнің рухына Имани әл-Құранды үйретіп отыр екен...», деген рауаяттың желісін де аударып тастаған. Содан Әбу Нәсір Самани Түркістан тарабына жетіп, Қашқар төресінің ұлы Сатұқ Бұғра ханды тауып

алып, ол әзизге насихаттарын айтып, иманға келтіріп, мұсылман етіп, кемелге жеткізген екен [34, 46-50-бб], делініпті рауаятта.

Шоқан Самани әулетінің билеушісі болған (864-897 жж.) кезінде бүкіл Мауераннахрды билеп, түрк тайпаларын бағындырған Нәсір Саманиге қатысты ислам дінінің кемелдігін насихаттауға орайластыра құрылған осы әпсананың желісінен тарихи деректер тарқатады. Өзінің Қашқарда оралған соң жазған «Алтышәрдің, яғни Қытайдың Нан-Лу уәлаятының (Кіші Бұхараның) жайы» әйгілі еңбегінде «Тазкира-йи Бұғра хан» қолжазбасынан алынған мәліметтерден ғылыми қорытынды жасайды. «IX ғасырда бірқатар мұсылман уағызшыларының арқасында, олардың арасында әйгілілері шейх Хасан-Басри мен Абу Нәсір Самани, Шығыс Түркістанды билеген көшпелі ордалардың хандарын исламға ұйытуға мүмкіндік туды... Солардың бірі, ғазуат туын Тұрфан мен Қомұлға дейін желбіреткен, хижраның 429 жылы қайтыс болған Сатұқ Бұғра хан еді» [2, 299], деп түйеді.

«Тазкира-йи Бұғра хан» қолжазбасында түрк жұрттарының арасынан исламды алғаш боп қабылдағандардың бірі Сатұқ Бұғра (Бура) хан осы аймаққа билік жүргізген кезеңде халық арасында мұсылмандықтың негізі қаланғаны жан-жақты айтылады. Абдүлкәрім атты мұсылман есімін алып, иманның нұры, исламның жолын көрсеткен Сатұқ Бұғра ханды қарауындағы қалың жамағат содан былай Қарахан (Ұлыхан), Өзірет Сұлтан, Ғазы деп ұлықтайды, өз елдерін Қарахан ұлысы деп атауға көшеді. Мауераннахрдан Қомұлға дейін аралықты қамтыған айбынды мемлекеттің бір ордасы Қашқарда орналасады. Кітапта «Өзірет Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы тоқсан алты жас өмір сүріп, фәни дүниеден бақи дүниеге аттанғанда, оның намазын кемелге жеткен екі жүз әулие, жетпіс мың әлім-ахүн, жиырма екі мың ғазы, қара халықтан он бес мың кісі жиналып өтеді» [34, 68-б], деген сөз жазылып қалыпты. Шоқан Қашқар маңындағы Астынғы Артұш мекеніне жерленген Өзірет Сұлтанның басына сәулетті мазар, биік күмбезді мешіт тұрғызылғанын да өз еңбегінде атап көрсетеді.

Қашқар сапары кезінде Шоқанның қолына шығыстүркістандық тарихшы, ақын Мұхаммед Садық Қашқаридың «Тазкира-йи қожжаған» атты қолжазбасының түскені

ерекше бір олжа болып еді. Оған «бұл кітаптың толық нұсқасы емес, ықшамдалған түрі екендігі» айтылған. Шығарманың 1771 жылы аяқталған толық нұсқасы «Тазкира-йи азизан» (Өзіз-әулиелер ғұмырнамасы) деп аталады екен. Дегенмен осы шағын қолжазбаның өзінде Шығыс Түркістан тарихында ықпал-әсері аса мол болған қожалар әулетінің әлденеше ұрпақтары мен Моғол ұлысын билеген хандарға қатысты қыруар деректер ұшырасатынын байқаған. Бұл еңбегін Мұхаммед Садық Қашқар шәһарының хакімі Осман бек пен оның анасы Рахиманың өтініш етуімен жазыпты. Бұл туралы «Тазкира-йи қожаған» (Қожағандардың ғұмырнамасы) шығармасының бас жағында: «*Бұл кемтар да бейшара пақыр, яғни Мұхаммед Садық Қашқари, әмірлердің әмірі, пақырлардың жолсілтері, аспандағы күні, әлемнің шамшырағы, кеңшіліктің нышаны, сирек гауһары, абзалдардың абзалы, тектілердің тектісі, тағдырдың еркесі, тіршілік иелерінің жомарты, мемлекет тірегі, Қашқар тағы айбынының ұлылығы, билік ұстанған билеушілердің ең ұлысы, яғни Хазірет Мырза Осман бектің өтінішімен [жазуға] кірістім*» [35, 43-б], – деп түсіндіріліпті.

Шығармада Қашқар түбіндегі зәулім мазарға аты қойылған әйгілі әулие Афақ (Аппақ) қожа ғана емес, оның арғы бабалары Махдұм Ағзамнан бермен қарай екіге жарылатын *ақтақиялық*, *қаратақиялық* қожалардың шежіресі, осы өңірлерде кейінгі ғасырларда өткен тарихи оқиғалар сипатталады. *Қожағанийна-нақшбандийа* сопылық тарихатының қызметін жандандырған басты тұлға – ХІҮ ғасырда өмір сүрген бұхарлық Бахауэддин Нақшбанд (1318-1389) ғұлама болатын. Оның нақшбанд атану себебі, әкесі де, өзі де тоқымашы, әрі ұста-өрнекші, нақыш салушы кәсібімен айналысты. Сол үшін оның атына «нақшбанд» деген қосымша қосылыпты.

Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың үлгі-өнегесі мен жолын (суннасын) айнымай ұстанып, шариғаттың барлық шарттарын бұлжытпай орындау, рухани тазалық, қатаң сопылық тұрмыс-тіршілікті мұрат тұтатын, құпия зікірді ұстанатын бұл тариқаттың кейіннен күллі мұсылман елдеріне кең тараған діни бауырластыққа айналғаны Шоқанға бұрыннан мәлім болатын. Мына «Тазкира-йи қожаған» шығармасында сол жолдың көрнекті өкілі, әулие-ишан ташкенттік *Қожа Ахрар* есімімен

танылған Ұбайдолла Нәсіреддиннің (1404-1490) тұсында осы тарихаттың Орталық Азия аумағында ерекше беделге иеленгендігі тәптіштеліпті. Қожа Ахрар өмірден озған соң, оның сенімді мүриді, Ферғанада дүниеге келген *Ахмед Қасани* тариқаттың негізгі басшылығын өз қолына алады. Сопылық ілім бойынша отыз шақты еңбек жазған бұл тұлға да, мұсылман жамағаты арасынан сансыз мүрид табады. Қалың елге *Махдұм Ағзам* деген атпен ұлықталған ол Шығыс Түркістанның кейінгі ғасырлардағы тарихына қоян-қолтық қатысы бар қожалар әулетінің түп бабасы боп ардақталады. Мұхаммед Садық Қашқари шежіреші өзінің «Тазкира-йи қожаған» кітабында Мағдұм-и Ағзамның Қашқарға хижраның 911 жылдары келіп, ислам мен нақшбандийа ілімін уағыздаумен айналысқанын жазады. «*Оның ісінің кемелі дүниенің төрт бұрышында, әлемнің әр шетінде мәшһүр, Ол Қожаған силсиласы тарихатының қасиеттерін кеңінен дамытқан болатын*» [35, 61-б], деп атап өтеді.

Шоқан қолжазбадан Мағдұм-и Ағзамның жеті ұлы болғанын білді. Алтышәр жерінде оның қос ұлының аты кеңінен мәлім. Үлкені Ишан Қалиан келешекте *шикийа* (кейіннен – *афақийа*), кішісі Ысқақ Уәли – *ысқақийа* деп екіге жарылатын ағымдардың пірлері ретінде танылады. Уағыздарындағы кей айырмашылықтарға сәйкес, олардың мүридтерінің бір-бірінен бөлектеніп, қарсы топтарға жіктелуі – әсіресе Имам Қалианның немересі *Хидаятолла* (Афақ қожа) мен Ысқақ Уәлидің баласы *Мұхаммед Яхия* (Шәді қожаның) уағынан айқын байқалыпты.

Шоқан шығарманы оқи отырып, Алтышәр жерінде өз мүридтерін көбейту, бай жақтаушылары сыйлаған мол дүние-мүлікке иелену арқылы, әлеует-қуаты күшейген қожалар әулетінің біртін-біртін ел билігіне қол созуға бейіл бергенін, ақыры сол мүдде екі ағымға ажыраған ағайынды тұқымдар арасында бақталастық отының ерекше өршуіне әкеп соққанын аңғарған еді. Таққа отыру құлшынысынан туындаған тәжікесталастың ақыры оларды өзара ымыраға көнбейтін өшпенді топтарға айналдырыпты. Тіпті мүридтері бір-бірімен шатаспас үшін Хидаятолла қожаның жақтаушылары ақ түсті тақия (*ұйғырша, өзбекше* – тақия, доппа) киіп, өздерін – *ақтақиялықтар*, Шәді қожаны қолдаушылар қара тақия киіп –

қаратақиялықтар деп ашық кетіседі [93, 6-8-бб]. Бұл жөнінде Шоқан: «алғашқы кезде бұл партияларды бір-бірінен бас киімдерінің түсінен ажырататын болған: ақтақиялықтар ақ бас киім, ал енді олардың дұшпандары қара бас киім киіп жүрген» [2, 364-б] деп жазады.

Махдұм Ағзамның немересі Мұхаммед Жүсіп пен оның баласы Хидаятолланың (болашақ Афақ қожа) Алтышәрдегі атақ-даңқы Абдолла ханның билігі кезінде (1637-1667) ерекше дәуірлейді. Хан Қашқардың төңірегінен ғана Жүсіп қожаға қырық екі жерден жеміс бауын, бірнеше қыстақ сыйлайды. Жүсіп өмірден озғаннан кейін оның басына пір тұтатын мүридтерінің күшімен зәулім мазар тұрғызылады. Бұл кесене кейін оған Шығыс Түркістан жұрты арасында әулиелігімен, қазіреттігімен әйгілі болған *Афақ қожа* (1626-1693) жерленгеннен кейін соның есімімен аталып кетеді, деп жазады қолжазба дерегіне сүйенген Шоқан.

Мұхаммед Садықтың кітабында Махдұм Ағзамның шөбересі Хидаятолланың (Афақ қожаның) сопылық білімдарлығымен, уағзының өтімділігімен, қасиет, киесінің молдығымен мүридтерінің арасында ерекше беделге ие болғаны айтылады. Оның мінажатын тыңдап, іліміне ұюға Алтышәр ғана емес, көрші мұсылман елдерінен де көп жұрт арнайы ағылып келуді дағдыға айналдырған екен. Жылдан-жылға өсе түскен даңқ пен абырой-атақ ақырын-ақырын оны ел билігін алуға ұмтылдырады. Алайда сол жылдарда Йаркент хандығын билеуге келген, әрі бір жағынан қаратақиялықтарды жақтайтын Исмаил хан Хидаятолла қожаның бұл әрекетіне тосқауыл қоймаса, өз тағына қауіп төнетінін байқап, оны елден қуып жібереді.

Енді қолы жеткелі отырған биліктен айырылып қалғанына Хидаятолла да тарс кетеді. Кашмир арқылы Чин мемлекетінен Чу (Тибет) жеріне өтіп, діні бөлек брахман-шейхтардан (далай-ламадан): *«Мен мұсылмандар қожасымын, әсіресе Қашқар, Йаркент халқы менің мүрид-мұхлисім. Қазір бұл шәһарларды менен біреу келіп тартып алды, мені қуып шықты, Сіздерден бұйымтайым бар, кісі жіберіп, жұртымды қолыма алып бергейсіз»* [35, 80-81-бб], деп көмек сұрайды. Брахман (далай-лама) оның бұл өтінішін қолдап, ренішті қожаны сол кезде айбыны асып тұрған қалмақ қонтайшысы Қалданға арнайы хат

жазып, Құлжадағы қалмақ ордасына аттандырады. Шығыс Түркістанның жерін бағындыруды көптен көздеп жүрген Қалдан үшін «маған ойрат әскерін берсең, Алтышәрді хандығыңның қарамағына бағындырып беремін», деп құлшына келген қожа нағыз іздегенге – сұраған болып шыққан. 60 мың әскермен бірге келіп, азық-түлікке бай Моғолстанды 1678 жылы оп-оңай жаулап алады. Хан тағына бұдан былай Афақты отырғызып, оны өзінің осы елді басқаруға қойған әмірі ретінде жариялайды. Қожаны қуғындаған Исмаил ханды қалмақ ордасына тұтқын етіп ала кетеді. Далай-лама өзінің батасымен жүзеге асқан осы жеңіске ерекше қуанып, қонтайшыға Бошоқты (баталы) атағын береді. Содан былай ол тарихқа Қалдан Бошоқты деген атпен белгілі болады [2, 300-302-бб; 134, 65-70-бб].

Қонтайшының Алтышәрдегі бас қала Йаркент тағына Афақ қожаны, ірі шаһар Қашқарға оның ұлы Яхияны әмірші етіп тағайындап, саны көп ақтақиялықтарды өз жағына үйіру арқылы ел билеуді мақсат тұтқанын байқау қиын емес. Алайда ара-тұра билікті қаратақиялықтарға да беріп, бір-біріне қабақтары теріс екі ағым арасындағы араздықты өздерінің мүдделері үшін тиімді пайдаланып отыруды да ұмытпайды. Қалмақтар Шығыс Түркістанның ішкі билігін өздеріне берген сияқты болғанымен, осы базарлы, азық-түлікті өңірден мелдектей түсетін мол астық пен алым-салықтың арқасында Қазақ ордасы мен Кіндік Азия хандықтарына қарай жүргізетін жорықтарына қиналмастан шығып тұрды.

Афақ қожа қайтыс болғаннан кейін билік қаратақиялықтардың басшысы Данийал қожаның (Ысқақ Уәлидің немересі) қолына көшеді. Ол көз жұмғаннан кейін қонтайшы Қалдан Шерін Алтышәрдің күшін ыдыратпақ ниетпен Данийалдың балаларын әр қаланың әміршісі етіп, бөліп-бөліп отырғызып қояды. Бірақ көп кешікпей ел билігі тағы да ақтақиялықтардың қолына – Афақтың шөбересі Бұрханеддинге тиеді. Бұрханеддиннің Йаркентті басып алу кезінде шаһар хакімі Ғазибектің сатқындығын пайдалануы арқылы Данийал қожаның баласы, Қазірет Жаһан атымен белгілі Йақұб қожаны жақтастарымен бірге қаладан кетуге мәжбүрлеп, олар ұзағасын, артынан әскер жіберіп қырғынға ұшыратады. Қанды шайқас барысында қаратақиялықтар енді өздерінің аман қалмайтынын

біліп, араларындағы Ысқақ қожаның жасы кіші ұрпағы Назар шахзаданы Токта, Хайдархан деген қожа нәсілдерімен бірге: *«әулетіміздің осы үш баласы аман құтылсын, егер біздің нәсіліміз өлтірілетін болса, бәріміздің дұзагәйлігіміз бұларға қалсын»*, – деп олардың қоршап жатқан жауға білінбей, құтылып кетуіне жағдай жасайды. Назар қожа екі баланың бірін алдына, бірін артына мінгестірген атпен сытылып шығып, қырғыздардың жеріне өтіп аман қалады [35, 261-262-бб]. Қолжазбадағы қожағандар тариқатына қатысты осы оқиғалар барысы да Шоқанның Қашқария туралы басты еңбегінде жан-жақты тарқатылып айтылады [2, 307-310-бб].

Қожа әулеттері осылайша бірін-бірі қырып, ырың-жырың боп жүргенде Жоңғария құлайды да, Кіші Бұхараның билігі мәнжу әулеті билеген Қытайға көшеді. Бұрханеддин бастаған билік бұған көңісі келмей, бүкіл елді Чиң империясына қарсы көтереді. Үш жыл тірескен соғыстан кейін мәнжу-қытай шеріктері өздеріне қарсы ғазуатпен шыққан Бұрханеддинді тас-талқан етіп жеңіп, қырғынға ұшыратады. Содан бастап Шығыс Түркістан Қытайға бағынышты бір өлкеге айналады. Өздерінің батыс беттегі жаңа иеліктерін нығайту үшін Чиң үкіметі 1764 жылы Іле жағасындағы, бір кездері Жоңғар хандарының ордалары тұрған жерге аймақтың бас әкімшілік орталығы Құлжа шаһарының іргесін қалайды [2, 303-305-бб].

Шоқан «Тазкира-йи қожағандағы» «Қазақ Хашым сұлтан оқиғасы» деген тараушаны да қызыға оқыған еді [2, 302-303-бб]. Онда Данийал қожаның өз билігі кезінде: *«мемлекетті хансыз билеуге болмайды екен деп, барлық халық бірауыздан қолдап, қазақ хандарынан Хашым (Есім) сұлтанды Ыаркентке шақырғаны»* [35, 91-б] айтылады. Шоқанды бір жағынан, бұл сұлтанның әйгілі Есім ханмен аттас болғандығы қызықтырған. Алайда 17-ғасырдың ортасында көз жұмған Есім хан мен 17-ғасырдың соңында Ыаркентті билеген бұл сұлтанның өмір сүрген уақыты жуыспайтыны да өзіне мәлім. Есім (Хашым) сұлтан Ыаркентті жаулардан қорғауда ерлігімен көзге түсіп, жеңіске жетіп, халық құрметіне ие болады. Хазірет Данийал қожа дұшпанның бетін қайтып шаппастай етіп тойтарған Есім сұлтан *«жеңісіне шаттанып, қуанышта болып, бұл бақытты жеңістің құрметіне той өткізді. Рақат өмір кешіп, ғибадатқа жығылды»*.

Біраз уақыттан кейін Хашым сұлтанға Данийал қожса тарапынан күмән туды, жаулық, қорқыныш көрініс тапты. Сұлтан өзі де күдіктеніп, қауіптеніп, өз жарандарын алып Қазақ жеріне шеттеді. Йаркенд тағына Хазірет Данийал қожса отырып, біраз уақыт билік етті» [35, 93-б], деп жазыпты Мұхаммед Садық шежіреші.

Шоқан Шығыс Түркістанның осы белгілі тарихшысы, ақыны, діни қайраткерінің есімін, оның «Тазкира-йи қожаған» атты тарихи-әдеби шығармасын еуропалық ғылымға бірінші рет таныстырушы да болып еді. 1849 жылы қайтыс болған Мұхаммед Садық Қашқаридың бұл кітабының кеңейтілген «Тазкира-йи азизан» нұсқасынан басқа, парсы тілінде шыққан «Зұбдар әл-масаил», «Тазкира-йи асхаб-и кахф», «Адаб ас-салихин», «Қийафат ал-башар», «Рисала-йи каспидар» атты төл еңбектері, шағатай түркшесіне тәржімалаған «Тарджума-йи тарих-и Табари», «Мунаджат» сияқты аудармалары да бар [35, 8-10-бб; 135, 114-123-бб; 94, 197-202-бб].

Қашқар аймағы тарихындағы қожалар әулеті билік құрған дәуірлер тынысын жан-жақты ашып көрсететін «Тазкира-йи қожаған» секілді құнды жазба жәдігердің Шоқан сапардан оралғасын аяқтаған «Алтышәрдің, яғни Қытайдың Нан-Лу уәлаятының (Кіші Бұхараның) жайы» атты әйгілі еңбекті жазуға тигізген дереккөздік көмегі аса мол болды. Ортағасырлық түрк жазба әдеби тілі үлгісінде араб қарпімен жазылған, танылуы күрделі қолжазбаны тыңғылықты түсіне, зерделей оқып, ондағы құнды дәйектерді орайын тауып еңбегіне тиімді пайдаланды. Сөйтіп, сол заманда әртүрлі атаумен танылған, бірде Алтышәр, бірде Қашқария немесе Ұйғырстан делінетін, қытайлар Нан-лу өлкесі деп атайтын, Еуропа ғылымында Кіші Бұхара, Шығыс Түркістан атауымен белгілі, сырт жұртқа жұмбақ боп келген аймақтың арғы-бергі құпия қатпарларын ұғынықты, жатық тілмен ғылыми ортаға жеткізе білді.

Шоқанды қызықтырған осы құнды тарихи-әдеби жәдігерге кейінгі толқын қазақ ғалымдары тарапынан да ықылас танытыла бастағаны қуанышты жағдайға саяды. Соның айшықты бір белгісі әрі соны жаңалығы деп, бұл шығарманың толық нұсқасы боп есептелетін – «Тазкира-йи азизан» қолжазбасының қазақшаға аударылып, факсимилесімен бірге 2006 жылы «Қазақстан тарихы

туралы түркі деректемелері» сериясының IV томында жарияланғанын атап өту абзал. Соңғы жылдары қарқынды қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылған бұл зор еңбектің Шоқантану ісіне қосқан үлесі өлшеусіз. Осы күрделі жұмысты қаймықпай қолға алып, жоғары деңгейде атқара білген жас ғалым А. Нұрманованың ана тілімізде ерекше ыждағатпен орындаған еңбегі көңіл марқайтады. Шоқан алғаш рет ғылыми айналымға әкеп қосқалы бері, мәтіні азғана зерттеушілер үшін ғана белгілі боп келген құнды жазба мұраның бұлайша көпшілік қауым назарына ұсынылуын, шын мәнінде ғылыми жаңалыққа сай айтулы оқиғаға балау ләзім [11, 7-6; 124].

А. Нұрманова атқарған шоқтықты еңбектегі «Тазкира-йи азизанның» қолжазба нұсқаларын сөз еткен тұсынан біз Шоқанның Қашқардан әкелген ықшамдалған нұсқаға қатысы бар мағлұматқа ұшырасқандай да болар едік. Санкт-Петербурдағы Шығыстану институты қорында сақталған жеті нұсқаның бірі – D 126 цифрымен белгіленіпті. Еуропа қағазына қара сиямен, насталиқ өрнегімен жазылған ықшам нұсқа XIX ғасырдың ортасында Петербурда көшіріліпті. Көшірушісі – Шоқанның жақын досы, татардың бекзат ғалымы Хұсайын бин Файызхан екен [35, 20-6]. Петербур университетінде әйгілі профессорлар Қазымбек, Березиндермен бірге шығыс тілдерінен дәріс оқыған саңлақ зерттеушінің де, аяулы Шоқан досының қайтыс болғанына бір жарым жыл өтпей, 1866 жылдың қыркүйегінде дүние салғаны мәлім [136, 140-141, 164-66]. Шоқанды аса жақсы көріп, оған: «Ғизатлу уә хұрматлу Сұлтаным Шоқан төре хазіратларі», деп аса үлкен сыйластықпен хаттар жазып, түркішіл рухани бірліктің үлгісін шеңдеусіз танытқан татар ғалымы Файызхан [137, 12-24-66], қазақтың ұлы перзентінің Қашқардан алып келген «Тазкира-йи қожаған» жәдігерін қайтадан анықтап көшіру қажеттігін сезініп, қолға алған сыңайлы. Сөйтіп, қолжазбаның барлығы 110 беттен тұратын ықшамдалған жаңа нұсқасын бітірсе керек.

Шоқанның Қашқардан әкелген келесі қолжазбасы – авторы белгісіз «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан» деп аталатын шығарма еді. Ол қолына түскенде, алғашқы беттерден-ақ: «...Тоғұлық Темір ханның әкесі Есенбұғаның Сатылмыш Қатын деген бәйбішесі бар еді, одан перзент болмады. Меңлік атты кәнізек тоқалы бар еді, оны ордада сақтап бағар еді. Ол кәнізек ханнан

жүкті болды. Моғол рәсімі бойынша патшаның неше әйелі болса да, оның біреуін бастық қылып, оның айтқанын өзге әйелдер орындауға тиіс болатын. Хан аңға кеткенде Сатылмыш Қатын кәнизакты қызғанып, оны Шерұғлы деген моғолға береді. Хан аңнан келгеннен кейін кәнизакты сұрады. Сатылмыш Қатын оны бір адамға сыйлағанын айтты. Хан ренжігенімен, рәсім сондай болған соң ештеңе демеді. Көп ұзамай Есенбұға хан өлді. Шағатай әулетінен патшалыққа лайық хан қалмады. Әр тайпа өз алдына бір хан көтерді. Есенбұға ханның әмір Болатшы дұғлат деген әмірі бар еді... Сол әмір Меңлік кәнизәктен туған перзент ұл болса, тауып алып келуге Тастемір деген адамды жұмсайды ... Ол сұрастыра жүріп, Меңліктен туған Тоғұлық Темір деген баланы тауып алып, әмір Болатшыға алып келді. Одан соң әмір Болатшы Тоғұлық Темірді хан көтеріпті», – деген жолдарды оқыған еді.

Хиуа ханы Әбілғазының ХҮІІ ғасырдың ортасынан аса аяқтаған «Шежіре-и түрки» кітабында да Моғол ұлысының негізін қалаған Тоғұлық Темір туралы дәл осы сөйлемдер өзіне жақсы таныс болатын [23, 105-б; 2, 138-139-б]. Демек, содан екі жыл бұрын Құлжаға барғанда, Қорғас түбіндегі еңселі мазарын арнайы барып көрген хан ғұмырнамасына қатысты бұл дерек, ортағасырлық шығыс тарихшыларының үрдісінде ұшырасар, өзара ауысып жүретін ортақ желілердің бірі. Моғол ұлысына қатысты мағлұмат болғандықтан, әлбетте, оның алдымен осы аймақта хатқа түскені анық. Содан кейін Хиуа, Қоқан жаққа жеткен. Әбілғазының да өз шежіресіне кіріспесінде: «мен пақырдың алдында Иран мен Тұранда өткен Шыңғыс хан ұрпақтарының тарихы жазылған он сегіз байлам еңбек жатыр» [23, 7-б], деп өзіне дейін жазылған шығармаларды пайдаланғанын айтатыны бар. Яғни, солардың арасында Моғол ұлысын билеген Шағатай әулеті туралы бір кітаптың болуы мүмкін. Мына қолындағы қолжазба сол шығарманың бір сілемі шығар, бәлкім. Шіркін, сол шығарманың өзі табылса ғой, деп те ойлаған.

Араласып жүрген көзі қарақты адамдардан сұрастырып көріп еді, Қашғар жеріне мұсылмандықтың шапағатын орнықтырып, имандылыққа ұйытқан Тоғұлық Темір ханнан бастап, оның асыл текті ұрпақтарының бірі Әбді ар-Рашид хан заманына дейінгі екі ғасырлық тарихты сөз еткен «Тарих-и Рашиди» атты қос

дәптерден тұратын зор кітаптың бар екенін естіді. Оны сол Рашид сұлтанның тәрбиешісі әрі уәзірі болған, кейіннен Кашмирді билеген мырза Мұхаммед Хайдар Дұғлат жазыпты. Парсы тіліндегі осы еңбектің шағатайшаға аудармасы да жасалған. Оны Қашғар хакімбегі Жүніс тәжінің сұрауымен Шоқан қолындағы «Тазкира-йи қожағанның» авторы, әйгілі ақын Мұхаммед Садық жақсылап тәржімелепті. Алайда, «Әлімбаи» саудагер қанша іздестіргенімен, оның парсышасын да, түркшесін де таба алмады. Сонымен қатар Йаркентте Рашид ханның жанында кеңесші болған Қазірет Мұхаммед Шәріп қожа туралы тәзкіре кітапта да сол заманға қатысты мағлұмат молдығын естіді [93]. Одан кейінгі дәуірлер Шах Махмұд Шорастың «Алтышәр хандарының тарихы» шежіресінде [138] жан-жақты жазылған көрінеді. Ақсу мен Йаркентті билеген Исмаил ханға арналған осы тауарихта жаңағы Хайдар мырзаның нағашысы моғол ханы Жүніс ханнан бастап өз тұстасы, қалмақтармен соғысқан Исмаил ханға дейінгі дәуірлерде өткен оқиғалар қамтылыпты. Онда Мұхаммед Ысқақ Уәли қожаның баласы Әзірет Әзизан Мұхаммед Йахия, оның ұлы Падишах қожа Мұхаммед-Абдоллах туралы да талай жайт айтылады. Мұхаммед Садықтың арабшадан аударған «Тарих-и Табари», өзі туралы жазған «Садықнаме» сияқты кітаптары да бар екен. Біраз уақыт бұрын сол кітаптардың көбінің көшірмелерін тауып алу онша қиын болмапты. Алайда кейінгі жылдарда қайта-қайта өткен көтерілістер мен қуғын-сүргіндер кезінде көбі ұшты-күйлі жоғалып кетті, деген еді жөн білетін кісілер.

Шоқан Мұхаммед Хайдар Дұғлат мырза туралы бұрыннан хабардар-тын. Әмір Темір ұрпағы Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Захириддин Бабыр өзінің «Бабырнама» кітабында туған бөлесі – Моғол ұлысының ханы Жүністің үшінші қызы Хұб Нигар ханымның баласы осы Хайдар мырза туралы да жазады. Оның әкесі Хұсайын гүрхан (ханның күйеу баласы) Жүніс ханның Ташкентті билеген үлкен ұлы Сұлтан Махмұд ханға жақын адамдардың бірі болған. Хұсайын өзбек ханы Мұхаммед Шайбанимен өткен соғыста қолға түсіп қаза табады да, әкеден айырылған тоғыз жасар Хайдарды туыстары қауіп-қатер ортасынан аман алып шығып, сол кезде Кабулдың падишағы боп отырған бөле ағасы Бабырдың қасына паналатады. Ол он үшке толғаннан кейін Бабырдан рұқсат сұрап, нағашысы 1514 жылы жаңа Моғол мемлекетін құрған Сұлтан Сағиттың (Жүніс ханның немересі) жанына кетеді. Бабырдың

Мұхаммед Хайдар Дұғлат туралы: «Орнықты, байсалды азамат боп өсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақты июге қолының ебі бар еді. Он саусағынан өнер тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәп-тәуір» [30, 11а-11б], деп, атап көрсететіні бар.

Шокан осы сапарға жүрер алдында ғана «Бабырнаманың» 1857 жылы Қазан қаласында Н. Ильминскийдің дайындауымен жарық көрген жаңа басылымын қайталай ден қоя оқып шыққан еді. 1843 жылы шыққан журналдық нұсқасымен бұрыннан таныс болса да, кітаптың Қашқар аймағын билеген хандарға қатысты тұстарына тағы да зерделей үңілген.

«Хайдар мырзаның кітабымен Қашқарда қауышып жатсам тәуір-ақ болар еді, көрмейсің бе, енді. Әйтсе де, барға береке дейміз де. «Тарих-и Рашидиді» аударған Мұхаммед Садықтың қожалар туралы төл шығармасын тапқанымның өзі де аз дүние емес. Бұғра хан, Тоғұлық Темірдің шежірелері де тәп-тәуір олжа», деп ойланғаны да анық Шоканның. Бұл ретте құпия жағдайда жүрген «Әлімбаи» саудагердің қолжазбалар мен кітаптарды сұғына іздей беруге тағы болмайтынын да байыптау ләзім. Жұртты күдіктендіріп алуы да әбден мүмкін ғой.

Дегенмен, Шоканның нағыз ғалымға тән ашқарақтықтан туындаған бұл пәнәйі өкінішінің ұзаққа созылмағаны белгілі. Қашқардан аман-есен оралып, он бір айдан кейін Петерборға жеткесін, университеттің шығыс тілдері факультетінің профессорлары болып істейтін Қазымбек пен Березиннен «Тарихи-и Рашидидің» парсыша қолжазбасының сол оқу орны кітапханасында бар екенін естігенде ерекше қуанғанының өзі бөлек бір әңгіме.

Сонымен, Ш.Уәлихановтың Қашқар сапарынан ала келген қолжазбаларды зерттеуіне қатысты тақырыпты түйіндер болсақ, мынадай қорытындыларға келеміз:

Біріншіден, ол «Тазкира-йи Сатұқ Бұғра хан ғазы», «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан», «Тазкира-йи қожаған», «Ришахат», «Әбумүсілім Марузи» қолжазбаларын тұңғыш рет еуропалық ғылым айналымына қосты және оларды тұңғыш зерттеуші болды; екіншіден, ол қолжазбалардағы деректерді басқа да мұсылман шығысының көне шығармаларымен, қытай тарихы құжаттарынан алынған мағлұматтармен салғастыра отырып, өзінің Қашқария туралы басты еңбегін жазуға пайдаланды; үшіншіден, Алтышәр аймағында ислам дінінің қалай орныққанына, қожағаний-нақшбандийа тариқатының қалай іргеленгеніне, ол ағымды ұстанған қожалардың ел билігіне араласуына қатысты бұрын беймәлім боп келген деректерді ашты; төртіншіден, сол қолжазбалардағы аңыздар мен әпсаналар арқылы Орталық Азия мен Шығыс Түркістанды мекендейтін халықтар арасында таралған әдеби мұра үлгілерімен жақын танысты.

Ш. Уәлихановтың Қашқардан аман оралып, арада он айдай уақыт өткенде Петерборға келгенде, алғашқы жолыққан ғалымдардың бірі, 1855 жылдан Петербор университеті шығыс тілдері факультетінің профессоры боп істейтін И. Н. Березин еді. Сол кісі арқылы оның әріптестері – әйгілі әзербайжан ғұламасы, «ресей шығыстанушыларының атасы» деген зор аты бар А. Қазымбекпен, белгілі синолог В .С. Васильев сынды профессорлармен жақын танысады. Шығыстануда өздерінің асқар шоқылары бар осы үш профессордың үйлеріне емін-еркін барып тұратын қадірлі меймандарының біріне айналады [4, 321-б]. Қазымбектің шәкірті, татардан шыққан зерделі шығыстанушы Хұсайын Файызханмен рухтас, тілектес дос боп кетеді [5, 207-214-бб; 137, 12-24-бб].

Сол кезде шығыс тілдері факультетінің профессорлары болып істейтін Қазымбек, Березин, Васильев сияқты тұлғалармен сұхбаттасудың өзі бір ғанибет. Телегей-теңіз білім иелері шығыс елдерінің тарихы, көне қолжазбалар мен шежірелер, жылнамалар жөнінде талай құнды мәліметтер айтады. Олар да өз тарапынан Шоқанның білім-парасатына тәнті. Қашқар аймағының бүркеулі құпияларын ашып, көне қолжазбалар тауып қайтқан, арабша, парсышаны шырамытатын, қыпшақ пен шағатай түркшесінде еркін оқып, жаза алатын, шығыс тарихына жүйрік қазақ жігітін болашақта үлкен шығыстанушы деңгейіне көтерілер айтулы тұлға ретінде күмәнсіз пайымдайды. Кезек-кезек үйлеріне қонаққа шақырып, ортақ тақырыптарға қатысты ағыл-тегіл әңгіме өрбіткенді қош көреді.

Шоқан профессорлар Қазымбек, Березиндермен алғашқы жүздесулердің өзінде-ақ, өзі Қашқардан іздеп таппай келген Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың «Тарих-и Рашиди» шығармасының парсыша қолжазбасының бір нұсқасы олар істейтін шығыс тілдері факультетінің кітапханасында тұрғанын естіп, айран-асыр қуанышқа бөленді. Бұл жаққа қалай жеткен деп, таң-тамаша қалды. Сөйтсе, ол істің бастауында Кіші жүздегі Бөкей ордасының зияткер ханы Жәңгір сынды білікті тұлға тұрған боп шықты. Хан тұқымы ретінде Астраханның азаматтық губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, еуропалық білім алған, парсы, араб, кітаби түркі тілдерін танитын Жәңгірдің Бұхарадан шығыс тарихына қатысты көне шығармалар мен

қолжазбаларды да алдырып тұратын дегдарлығы бар екен. Бірде сондай жолмен ханның қолына Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың «Тарих-и Рашиди» кітабының парсыша қолжазбасы түседі. Онымен танысып шыққан Жәңгір шығарманың аса құндылығын байқаған соң, қолжазбаны біраздан тығыз байланыс құрып жүрген Қазан университетінің кітапханасына сыйлағанды жөн көреді. Хан 1839 жылы Петерборға бара жатып, жолшыбай Қазанда аялдағанда, сол кітапты басқа да бір-екі қолжазбамен бірге, байырғы танысы, профессор А. Қазымбектің қолына ұстатады [37, 416-417-бб]. Талай көне шығармадан жан-жақты хабары бар, телегей-теңіз білім иесі, төл зерттеулерін ана тілінен басқа, араб, парсы, түрік, татар, ағылшын, француз, орыс тілдерінде қатар жазатын, неміс, көне ебірей тілін меңгерген профессор ерекше риза болады. Қазақ ханы оларға Еуропа ғылымына әлі аты таныла қоймаған құнды қолжазбаны сыйлапты. Әйгілі тарихшы Бабырдың өз кітабында туған бөлем деп жазатын Мұхаммед Хайдар да осал тұлға емес екен, осындай іргелі еңбек қалдырыпты. Оқи бастағаннан бойына талай соқталы мағлұматты жинақтаған қолжазба үйіріп ала жөнелді. Шағатай ұлысы, Моғолстанның тарихы ғана емес, Орта Азия хандықтарына, Кашмир өңіріне, іргедегі қазақтарға, қаншама хандар мен қабырғалы тұлғаларға қатысты деректер қадау-қадау.

Қазан университетіндегі парсы, араб тілінің білгір маманы профессор Ф. И. Эрдманға (1841-1845 жылдары осы университет проректоры) көрсетіп еді, ол да қолжазбамен танысып, мұндай сүбелі мұраны тез көшіріп кітапхана қорына алу қажет, деген жоғары бағасын береді. Жәңгір ханға рахметтерін жаудырып, мәні аса зор еңбекті көшіріп біткесін, бастапқы нұсқаны өзіне қайтаратын боп уағдаласады.

Университет оны Ұбайдоллах ибн Қалималлах әл-Бұлғари әл-Қазани ас-Салабаши деген қолы әдемі татар көшірушіге тапсырады. Ол «Тарих-и Рашидиді» қара тушпен, парсы қолжазбаларында жиі қолданылатын насталиқ жазуының үлгісімен орындап шығады. Тақырыптарды қызыл бояумен ерекшелеп, мәтінді қызыл сиямен айналдыра қоршайды. Әр беті 26 жолдан тұратын, бәрі 224 парақтық жалпақ қалың дәптерге айналған шығарманың мұқабасы картоннан жасалып, оның тысы былғарымен қапталады.

Жәңгір хан университетпен бұдан кейін де байланысын үзбепті. Ол 1844 жылы Қазан университетінің құрметті мүшесі боп сайланғаннан кейін, сол атағына ризашылық белгісі ретінде университеттің шығыс тілдері бөлімі үшін Бұхарадан араб, парсы, түрк тілдерінде жазылған шығармалар мен көне теңгеліктерді сатып алуға дайын екендігін білдіріп, қажет қолжазбалардың тізімін сұраған арнайы хат жолдапты. Проректор Эрдман ханның бұл ілтипатына риза болып, Қазымбек екеуі алпыс аталымнан тұратын көне шығармалардың тізімін жасап, ханға жолдайды. Олардың арасында Табари, Масуди, Макризи, Халдун, Фадлан, Руми, Жуайни, Рашид ад-дин, Хондемир, Казвини, Науаи т.с.с. алыптардың шығармалары көрсетілген еді [139, 432-434-бб]. Алайда бұл игі бастаманың әрі қарай жалғасуына тағдыр жазбады. Келер жылдың тамызында Жәңгір ханды төтеннен келген ажал о дүниеге алып кетті...

Бөкей ордасы ханының біліктілігі арқасында Қазан университеті кітапханасының қорына қосылған «Тарих-и Рашидидің» одан кейінгі тағдыры былайша өрбіпті. 1854 жылы Петербор университетінде орталықтандырылған шығыс тілдері факультеті ашылып, оның алғашқы деканы боп мырза Александр Қазымбек тағайындалғанда, осындай бөлімі жабылған Қазан университеті кітапханасындағы шығыс қолжазбалары империя астанасына көшіріледі [46]. Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың қолжазбасы да солармен бірге ауысып, Петербор университеті шығыс тілдері факультетінің меншігіне айналады. Сол жылдары Императорлық ғылым академиясының Азиялық мұражайына да «Рашид тарихының» Мұхаммед Садық Қашқари аударған толық емес түркшесі түсіпті...

Қашқардан іздеп таба алмаған шығармаларына ойда-жоқта Петерборда жолыққан Шоқан уақыт ұзатпай қолжазбалармен танысуға кіріседі. Шығыс тілдері факультетінің оқытушысы Хұсайын бин Файызханның (1828-1866) көмегімен парсы тіліндегі нұсқасын зерделейді. Хұсайын Файызхан татардың әйгілі ғұламасы, ойшыл, ағартушы, тарихшы, Қазан мешітінің имамы Шиһабдин Маржаниден (1818-1889) тәлім алып, араб, парсы тілдерін үйренген, сол ұлы ұстазының септесуімен Қазымбек пен Березиннің назарына ілігіп, олармен бірге Петербор университетінде түрк, парсы тілдерінен сабақ беруге

ауысқан еді [137, 12-24-бб; 140, 309-310-бб]. Ол өзі әуелгі кездескеннен-ақ «Шоқан төре» деп ерекше құрмет тұта қараған қазақ ғалымының өтінішін ықыласпен орындайды. «Тарих-и Рашидидің» Шоқан қажет деп көрсетіп берген жерлерін тап-тұйнақтай етіп қазақшаға жуықтата аударып береді [3, 429-483-бб]. Х. Файызхан шығарманы аудару барысында оның көшірмесін жасаған Ұбайдоллах Салабаши парсы тілін білмегендіктен, көптеген қателіктер жібергенін анықтаған. Шоқан екеуі ондай жерлерді Ғылым академиясының мұрағатындағы Мұхаммед Садық жасаған толық емес тәржімамен салыстыра қарап, дұрыс нұсқасын шығарып отырды.

...Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» шығармасын Шоқан өзі барып қайтқан Қашқар аймағының тарихынан жан-жақты мағлұмат беретін, құнды деректері аса мол асыл қазына деп бағалады. Бұл кітап жөнінде «Жоңғария очерктері» атты еңбегінде арнайы тоқталып, жаһанға жария етті. *«Кіші Бұхараның тарихы бізге көп мәлім емес; біз бұл елдің Темір заманына дейінгі тарихын шамалап қытай жылнамаларынан, одан кейін ол туралы үстірт ғана сөз ететін мұсылман дереккөздерінен білеміз. Әйтсе де ХҮІ ғасырдың ортасында Қашқар ханы Әбді ар-Рашидтің уәзірі мырза Мұхаммед Хайдардың, өз ханының құрметіне орай «Тарих-и Рашиди» деген атаумен еңбек жазған осы елдің тамаша тарихы бүгінге дейін белгісіз қалып келеді.*

Ғылым академиясының музейінде осы шығарманың шағатай түркшесіне аудармасы, С.-Петербор университетінің кітапханасында – парсы түпнұсқасы сақталған. Өкінішке қарай, академиялық дана толық емес, ал университеттік нұсқада қате көп, шамасы, оны парсы тілін білмейтін адам көшірсе керек. «Тарих-и Рашиди» екі дәптерден тұрады: бірінші дәптерде қашқар хандарының Тоғұлық Темірден Рашидке, яғни хижраның 962 жылына (1554) дейінгі тарихын қамтылса; екінші дәптер естелік түрінде жазылған.

Онда автор өзінің бастан өткергендерін сипаттайды, Тянь-Шань, Болор, Тибет пен Куэнлун туралы айрықша көп географиялық және этнографиялық деректер ұсынады. Автордың өзі әйгілі Дуглат әулетінен шыққан; оның ата-бабалары Могол ұлысының ұлысбектері ретінде, франктердің

Меровингтер әулеті кезіндегі мажордом билігі секілді белсенді роль атқарған.

Мен көрсетіп өткендей, Хайдар тарихы 1554 жылмен аяқталады. Бір ескертіп өтетін жайт, бұл Еуропада белгілі жалғыз тарихи шығарма, және ол тек аты бойынша ғана мәлім (академиялық қолжазбаның әлі сипаттамасы жасалған жоқ). Алайда маған Қашқарда «Тазкира-йи қожасаған» атты... қолжазбаны табу бақыты бұйырды. Бұл тамаша шығарма қытайлықтардың 1758 жылы Ұаркентті жаулап алуымен аяқталады. Яғни, «Қожасағандар тарихы» – «Тарих-и Рашидидің» жалғасы болып табылады...» [6, 275-277-бб, 371-376], – деп атап өтті.

Шоқан өзінің «Тарих-и Рашидиден» үзінділер» [1, 437-450-бб] деген зерттеуінде бұл кітаптың талай құнды мәліметтер қазынасы екендігіне назар аударады. Сөзінің әлқиссасын Ғылым академиясының музейінде тұрған «Рашид тарихын» Қашқар хакімбегі Жүніс Тәжінің тапсыруымен Мұхаммед-Садық Қашқаридың түркшеге аударғанын айтудан бастаған ол, «Тарих-и Рашидидің» авторы Хайдар мырзаның кітабында тарқатылған оның ата-тек шежіресіне қатысты мәліметтерді екшей отырып, мырзаның арғы бабаларының бірі Өртөбе Дұғлаттан бергі тектік кестені сызады. Шоқанның шығарманы, негізінен оның түркі тіліндегі аудармасы бойынша пысықтағаны аңғарылады. «Бұ уақта Шағатай хан мемлекетні тақсым қылды (бөліске салды), Бұ Өртөбе, ке әмір Болатшының бабасы ерді (еді)...» деген жазуларды араб қаріптерімен қағазға түсірген Шоқан, одан әрі сол Өртөбеге Маңлай сүбе аймағының тигенін, ол «күнгей бет» деген мағынаны беретінін, Маңдай сүбенің машрығы (шығысы) Құсан және Тарбұғыр, ал мағрибы (батысы) Самғар және Жақишман, яки ол ақыр уәлаяты Ферғана дүр (Ферғана уәлаятының шеткі аймағы еді). Солтүстігінде Ыстықкөл жатқанын, оңтүстігі Черчен мен Сарыұйғырға шектесетінін, осы аймақты Маңлай сүбе деп атайтынын айтады. Бұл өлкеде Болатшы билік еткен заманда нешеме шәһар бой көтерген. Олардың ұлығы Қашқар, Хотан, Ұаркент, Каусан, Ақсикент, Әндіжан, Ақсу, Атбашы, Құсан еді. Әмір Болатшы өзіне орда етіп, Ақсуды таңдайды [1, 440-б].

Бұл әулет өкілдері Шыңғыс хан заманы кезінен-ақ айрықша құқықтық мәртебеге ие ордабилер ретінде белгілі. Шағатай ұлысының хандарымен әуелден тығыз құдандалық қарым-қатынас ұстанып, қыз алысып, қыз берісіп келе жатқан шынжыр балақ, шұбартөс тұқымға жатады. Әмір Болатшының баласы Құдайдад ұлысбек боп тұрғанда Моғолстан тағына алты хан отырғызуға араласыпты. Құдайдаттың шөбересі Мұхаммед Хайдар хан Қашқарды он алты жыл биледі. Оның баласы, болашақ тарихшының әкесі Мұхаммед Хұсайын Моғолстанның батыс бөлігіне иелік еткен Сұлтан Махмұд ханның (Тоғұлық Темірдің тұқымы, Жүніс ханның үлкен баласы) жақын адамының бірі ретінде Ұратөбе аймағының ұлысбегі болады. Сұлтан Махмұд пен Шаһибек (Мұхаммед Шайбани) ханның соғысы кезінде, ол Шаһибектің қолына түсіп, жауыздықпен өлтіріледі. Сол Мұхаммед Хұсайын Дұғлаттың зайыбы Хуб Нигар ханым – Жүніс ханның қызы еді. Ал Хуб Нигардың туған әпкесі – Құтлық Нигар ханым атақты Әмір Темірдің шөбересі, Ферғананы билеген Омар шейхқа ұзатылған-ды. Екі тектінің отасуынан ұлы тарихшы, ақын, әйгілі қолбасшы, Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Бабыр Падишах дүниеге келген. Яки қос тарихшы –Мұхаммед Хайдар Дұғлат пен Захириддин Бабыр – бір-бірімен туған бөлелер. Әкесі жау қолынан қапыда көз жұмған соң, дұғлаттың текті бектерінің 13 жасқа енді толған тұқымы – болашақ «Тарих-и Рашиди» авторының басына да өлім қатері төнеді. Ажалдан бас сауғалаған ол жанашыр адамдардың көмегімен, сол кезде Кабулды билеп тұрған өзінен он алты жас үлкен бөлесі Бабырды барып паналайды. Сонда үш-төрт жыл тұрған соң, нағашы атасы Жүніс ханның немересі, Әндіжан уәлаятының әміршісі, автордың Хабиба деген әпкесін алып отырған Саид хан ибн Сұлтан Ахметтің қолқалап шақыруымен, Бабырдан рұқсат сұрап, 1512 жылдан жездесінің қасына кетеді. Екі жылдан кейін Саид хан Шығыс Түркістандағы жаңа Моғол мемлекетін құрған соң, оның Қашқардағы сарайында ұзақ уақыт ханның сенімді серігі, кемел кеңесшісіне айналады. Әміршісінің қарындасы Сұлтанханым бегімге үйленіп, әкесі сияқты «гүрхан» (ханның күйеу баласы) атағын алады. Хан мұрагері Әбдірашид сұлтанды тәрбиелеуге араласады. Саид хан 1833 жылы қайтыс болғаннан кейін, таққа отырған сол Рашид өзіне тәрбие берген

Хайдар мырзаны қасына алып уәзір еткенімен, оның туысқандарынан қауіптеніп, дұғлат ұлысбектерін қуғындай бастайды. Тарихшының әкесінің інісі Сейіт Мұхаммед мырзаны өлімге қияды. Бұл кезде Тибетте жорықта жүрген Мұхаммед Хайдар мырза Үндістанға қашып шығып, Бабырдың баласы Құмайын падишах билеп отырған Ұлы Моғол империясы сарайының әскербасысы атанады. 1540 жылы Кашмирді алып, оны Құмайынның атынан билейді. Сол Кашмирде 1841-1846 жылдары «Тарих-и Рашидиді» жазып бітіреді [32; 33; 141, 176-197-бб].

Кітаптағы Тоғұлық Темірдің ата-тегін тарқатқан мәліметтерге сүйене отырып, Шоқан Шыңғыс ханның арғы анасы Алан құба Көрік сұлудан бастап Рашид ханға дейін өрілетін әулеттік шежіренің де нобайын кестеге сызып шыққан. Одан соң Мұхаммед Хайдар мырзаның нағашысы Жүніс ханның ұл-қыздарын да жиендерімен қосып бір тізбектеп қойған [1, 443-б].

Шоқан Хайдар мырзаның шығармасындағы Ұлықбектің Шыңғыс ханның төрт баласы құрған ұлыстары туралы сөз ететін «Ұлыс-и арба» (Төрт ұлыс) еңбегіндегі дерек бойынша, Моғол ұлысының: Моғол және Шағатай деген бір-бірімен текетірес екі аймаққа бөлінгеніне назар аударған. Моғолдар шағатайлықтарды – «қараунас» (қара тобыр), ал шағатайлықтар оларды – «жете» деп атаған екен... [1, 440-б; 33, 177-б; 32, 169-б]. Шоқан «Тарих-и Рашидидегі» деректердің ізімен, Моғолстанның батыс бөлігінің картасын да сызып шықты. Сөйтіп Алтышәр тарихының бір кезеңіне қатысты географиялық ауқымын нақтылады [1, 441-б].

Мырза Хайдардың шығармасын оқып отырғанда, шығыстанушыларға көп мәлім емес, талай көне авторлар мен кітаптар туралы деректердің ұшырасатынын аңғарған. Өзіне бұрыннан белгілі «Бабырнама», профессор Березин енді ғана бастырып жатқан Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) секілді көне туындылардан басқа, онда Атамәлік Жуайнидің «Тарих-и жаһангушай» (Жаһанды жаулаушының тарихы), Шарафаддин Әли Йазидің «Зафар наме» (Жеңіс кітабы), Жамал әл-Қаршидің «Мулхат ас-Сурах» (Сурах сөздігіне қосымша), Хамдаллах Казвинидің «Тарих-и гузида» (Тандамалы тарих), Әбдіразақ Самарқандидің «Тарих-и манзум» (Жүйелі тарих), Ұлықбек мырзаның «Ұлыс-и арба» (Төрт ұлыс)

ж.т.б. қаншама туындылар пайдаланылған десеңізші. Осының өзі-ақ Хайдар Дұғлат мырзаның сол дәуірдің ең білімді тұлғаларының бірі болғанын көрсетеді [1, 447-б; 32, 595-596-бб]. Әлбетте, Шоқанға тарихшының аты-жөнімен қосарлана айтылатын Дұғлат қосымшасының да өзі бұрын зерттеген Ұлы жүз құрамына енетін қалың дулат елінің сол дәуір жазбаларында қалыптасқан атауы екендігі де мәлім еді.

Шоқанның «Рашид тарихындағы» қазаққа, Қазақ Ордасының хандарына қатысты айтылған тұстарды да құмарта оқығаны анық. «Шайбанинамда» сөз болатын «қазақ болу, қазақ шығу, қазақлық жасау», яки еркін ғұмыр кешу салты [1, 207-б] Хайдар мырза шығармасында да да қозғалыпты. Ол Жүніс ханның әкесі Уәйіс ханның өз кезінде немере ағасы Шир Мұхаммедтің қасынан кетіп, «қазақлық салт бойынша әртүрлі жерлерде жүрді. Осындай мақсатты көздеген моғол ұлысының жастары өздерін баһадүр санап оған жақындасты. Солардың бірі – менің бабам әмір Сайид Әлі болатын» деп жазғанына назар аударды [32, 95-б].

Бірінші дәптердің 39-шы тарауында Қазақ Ордасының құрылуына қатысты ерекше тиянаққа жолықты. «Сол заманда Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Ол Жошы ұрпағының сұлтандарына жорық жасап – Жәнібек пен Керей хан одан ығысып, Моғолстанға кетті. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алабында жатқан Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген, Әбілқайыр хан қайтыс болған соң Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды «өзбек-қазақ» деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталады, бәрін Алла жақсы біледі, 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбек ұлысының /Дешті Қыпшақтың/ көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді.

Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып, Дешті Қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскерінің саны мың жердегі мың

(миллион) адамға жетті. Жошы ханнан кейін ол жұртта одан ұлы хан болған емес...» [32, 110-111-бб; 33, 108-б].

Шоқан Қазақ Ордасы бастауының осындай дәл әрі нақтылы дерегіне жолыққанына қатты қуанғаны анық. Оған дейін «Шайбанинама» мен Жалайыридің «Жамиғ ат-тауариғында» бұл оқиға шамалап айтылатынын білгенімен, мерзімі мұндай дәл көрсетілмейтін. Хайдар мырза Шағатай, Моғол ұлысы ғана емес, Жошы ұлысына қараған аймақтардың тарихын да ерекше ыждағатпен қаузапты. Әсіресе, «Қазақ» атауының қалай пайда болғанын түсіндіруінің өзі неге тұрады. Бұл атау төркінінің қайдан шыққаны жөнінде Шоқан «Шайбанинама» сияқты шығармалардан білгенімен, Хайдар мырза бұған да өз тарапынан иланымды дәйек ұсыныпты. Екінші дәптердің 33-ші тарауында тіпті анықтап тұрып айтыпты. «...Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін, өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз хәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп дербестенген, біраз уақыт тарығып, әрі сергелденде болғандықтан оларды «қазақ» деп атады. Бұл атау оларға осылай таңылды» [32, 306-б], депті.

Хайдар мырза заманында да Қазақ Ордасы мен Моғолстан арасында Есенбұға хан кезінен басталған достық пен бейбіт қатынастар үзілмепті. Екі жақ бұл ынтымақтарын құдандалық, жекжаттық байланыстармен үнемі жаңғыртып, нығайтып отырыпты. Моғолдың Жүніс ханының төртінші қызы Сұлтан Нигар ханым қазақтың Жәнібек ханының төртінші ұлы Әдік сұлтанға ұзатылыпты. Әдік сұлтан көп кешікпей қазаға ұшырағасын, ханымды әмеңгерлік салтымен Әдіктің бауыры Қасым хан некелеп алыпты. Сұлтан Нигардың Әдіктен көрген екі қызының кішісі – Шөшек бегім (автордың бөлесі) өзінің немере нағашысы, Моғол мемлекетінің билеушісі Рашид (Әбдірашид) ханға ұзатылыпты. Өз ретінде сол Рашид ханның туған әпкесі Бәдіғұлжамал Әдік сұлтанның ұлы Бауышқа шығыпты. Рашидтің әкесі Саид ханның қарындасы Мақым ханым да сол Бауыштың бір жатырдан шыққан бауыры Жетісуды билеген Бұйдаш ханның зайыбы бопты. Алайда Рашид хан 1533 жылы таққа отырғасын қазақтармен бұрыннан жалғасқан бейбіт қарым-қатынастарды бұзуға кірісіпті. Шайбан ұрпағы Ұбайдолла ханмен бірігіп

қазақтарға үсті-үстіне жорықтар жасап, ауыр сүргіндерге ұшыратады. Қазақтарға өштігі сонша, әпкесі Бәдіғұлжамалды Бауыш сұлтаннан күшпен ажыратып алып, қасындағы сенімді кеңесшісі, жас кезінде өзіне атабек қызметін атқарған Мұхаммади барласқа, Хайдар мырзаның айтуынша, «шыққан тегінің төмендігі былай тұрсын, ойы арам, ниеті қара адамға зорлап қосыпты...» [32, 413-414, 496-498-бб; 33, 435, 521-523-бб; 142, 150-152-бб].

Шоқан қазақ мәдениетіне қатысты сөздерді терең пайымдай білгендігі арқасында, қазірге дейін «Тарих-и Рашидидің» ағылшынша, орысша, қазақша шығып жүрген нұсқаларында дұрыс аударылып берілмей келе жатқан «қоналқы», «сусын» сияқты сөздерді «Тарих-и Рашидиден үзінділер» атты зерттеуінде сол кездің өзінде өз мағынасында дәл түсініп пайдаланады. Мәселен кітапта «Зафарнамадан» келтірілген, Ақсақ Темірдің Қытайға жорық жасау үшін сегіз жүз мың әскер шақырып, жеті жылдық жем-шөп әзірлеп, азық-түлік жеткілікті болу үшін «әр адам басына екі сауын сиыр, он сауылатын ешкі алсын» деп әмір беріп, сол жылы Түркістанға келіп қыстағанын айтқан жолдарға назар аударады. Содан кейін кітап авторы, Хайдар мырзаның өз әкесінен талай рет естіген, Жетенің мәшһүр аймағы Күлтөбеде ерте көктемде бие байланып, алғашқы қымыз ашытылып, моғолдың ежелгі салт-дәстүрі бойынша жаңа қымыз тойы жасалатыны жөніндегі әңгімесін келтіреді. Әмір Хұдайдад қымыз құйылған кесені ханға ұсына берген кезде, Әмір Темірден оның жорығына көмектесу, азық-түлік дайындау мәселесі жөнімен елші келгендігі хабарланады. Мұны естіген хан «біздің жағдай қиын, Оған төтеп беруге күшті емеспіз, «қоналға уә сусын берұб хараж кәзірлық қылмақ кирәк» [1, 446-б], депті. Шоқанның арабша қәріппен арнайы бөліп алып жазған (қоналға, сусын) сөздері қазақ дәстүрі бойынша, жорық кезінде аялдайтын қоналқы жер, азық-түлікке бөлінетін ас-су дегенді білдіретіні оған жақсы мәлім еді. Бұл сөзді Березин дайындаған «Хан жарлықтары» еңбегін зерделеу кезінен бері жақсы біледі. Ол жарлықтарда бұл сөз «ас-су» мағынасында қолданылған. Шоқанның түпнұсқаны дұрыс аңғарған байқампаздығына тағы куә болмасқа лаж жоқ. Әйтпесе осы жолдар Дулати кітабының орысшасында «Надо освоводиться, уплатив дань» [33, 86-б], қазақшасында «алым-салық төлеп құтылу керек» [32, 91-б] делініп аударылған.

«Тарих-и Рашидидің» парсышасын арнайы аудартып, оны түркшесімен қаузай, салыстыра отырып зерделегеніне қарағанда,

Шоқан осы шығарманы әрі қарай да тереңдеп зерттеуге құлықты болған сыңайлы. Қазымбектей, Березиндей ірі шығыстанушылардың қасында жүріп, Файызхандай саңлақ тұлғаның көмегіне сүйене отырып, ол өзі көріп қайтқан Қашқария аймағының арғы ғасырларын, көне ұлыстар тарихын сөз еткен Хайдар мырза кітабын сол кезде-ақ жарыққа шығаруға дайындап, әлемдік ғылым айналымына қосуға шамасы да жетер еді. Алайда, оның әлсіз денсаулығы мұндай іргелі жұмысты бастап кетуге мүмкіндік бере қоймаған.

Петербордың дымқыл ауасы Шоқан денсаулығына еш жақпайды екен. Біраздан бері мазалап жүрген, шетелге барып емделсем бе, деп те тал қарманған өкпе дерті кәдімгідей өршіп кетті. Сондықтан да дәрігерлердің ұйғарымы біреу-ақ болған. «Тез еліңе жетіп, қымызбен емделмесең қауіпті».

Амал жоқ, қолға алған талай істі орта жолдан қалдыруға тура келген. «Рашид тарихы» да соның бірі еді. Бұл құнды шығарманы Еуропа ғылымында Шоқанға дейін ешкім тереңдеп зерттей қоймағаны мәлім. Ал мұсылман шығысында ол бұрынның ғылыми айналымға енген болатын. «Тарих-и Рашиди» тұңғыш рет тарихи дерек ретінде ирандық ғалым Әмин Ахмет Рази 1593 жылы жазған «Нахт ықлым» еңбегінің Кашмир, Қашқар және Хотанның жағдайы, билеушілері мен тарихы туралы тарауларында пайдаланыпты. Әкбар шахтың (1556-1605) тапсыруы бойынша, пайғамбардың қайтыс болған жылынан бастау алатын ислам әлемінің жалпы мың жылдық тарихын баяндаған «Әлфи тарихы» (Мың жылдық тарих) атты тарихнамасында сөз болыпты. Сол жылдардан бастап Үндістан тарихына қатысты зерттеулерде Мырза Хайдардың еңбегі негізгі әдебиеттер қатарында ғылыми айналымға түсті. Солардың бірі – Мұхаммед Қасым Үндішах Истерабади Феріштенің Үндістанның жалпы тарихына арнаған «Тарих-и періште» (Гүлшән Ибраһими) атты еңбегі еді [143].

Еуропа ғылымында ағылшын ғалымы В. Эрскин 1854 жылы Лондонда шыққан Үндістан тарихына арналған кітабында Хайдар Дұғлаттың Британ музейінде тұрған толық емес қолжазбасы нұсқасынан үзінділер келтіріп, сілтеме жасағанымен, ол туралы дербес сөз қозғамаған-ды. Бұл орайда қазақтың Жәңгір ханының септесуімен Қазан, одан Петербор университеті кітапханасына түскен толық нұсқа, оған қоса түркшесінің де қатар табылуы Шоқан үшін зор мүмкіндік болатын. Ол «Тарих-и Рашидиді» жан-жақты зерттеуді тұңғыш рет қолға алғанымен [1, 437-450-бб; 3, 429-483-бб], денсаулығы құрғыр бұл шаруаны әрі

қарай тереңдеп атқаруға мұрша бермеді. Өкіне-өкіне елге оралғаннан басқа шарасы қалмады...

Шоқан алғаш зерделеген сол Петербор нұсқаларындағы қазақ хандығына қатысты жерлерді, одан кейін ресейлік ғалымдар арасында, оның шығыстанушы досы, қазақ тарихы туралы іргелі еңбектер жазған зерттуші В. В. Вельяминов-Зернов (1830-1904) өзінің Қасым хандығы туралы әйгілі үш томдық еңбегінде (1863-1866) бағалы дереккөз ретінде пайдаланды. Еуропалық шығыстанушыларға «Тарих-и Рашиди» тек 1895 жылы Е. Д. Росс ағылшын тіліне аударып бастырғаннан кейін ғана кеңінен танылды. Ал шығарманың орыс тілінде толық басылуы со бойы ұзап кеткен. Оның орысшаға аударылған үзінділері ауық-ауық ғылыми жинақтарда жарияланып жүргенімен, ХҮІІ ғасырдың бірінші жартысында көшірілген 321 беттік ең көлемді Ташкент қолжазбасы негізінде дайындалып, Петербордағы Шоқан зерттеген парсыша, түркше дәптерлердің мәтіндерімен, Е. Росстың ағылшынша аудармасымен салыстырылып, толықтырылған ең тыңғылықты нұсқасы, берілуде, 1996 жылы ғана Ташкентте жарық көрді. Орысша басылған сол кітап Хайдар мырзаның арғы бабаларының атамекені Қазақстанда 1999 жылы қайталанып жарияланды [33]. Артынша, 2003 жылы, парсы түпнұсқасымен пысықталған қазақшасы да [32] туған халқының қолына тиді.

Сонымен, Ш. Уәлихановтың Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты шығармасын зерттегеніне қатысты тарауымызды мынадай қорытындылармен түйіндейміз:

біріншіден, Шоқан «Тарих-и Рашиди» шығармасын еуропалық ғылым аясында тұңғыш рет зерттеді; екіншіден, бұл шығарманың ғылыми айналымға қосылуына, қазақтың қос қадірлі тұлғасы – оны бірінші боп тауып Қазан университетінің кітапханасына ұсынған Жәңгір хан мен оны тұңғыш зерттеген Шоқан Уәлихан зор үлес қосты; үшіншіден, ол Мұхаммед Хайдар Дулатидің туындысына Алтышәр аймағы, Қашқария хандарының Тоғұлық Темірден Рашид хан заманына дейінгі екі ғасырлық, яғни хижраның 962 жылына (1554) дейінгі тарихы қамтылған, осы өңір туралы Еуропада белгілі жалғыз еңбек, тамаша туынды деп әділ бағасын берді; төртіншіден, бұл әдеби жәдігерді «қазақ» болу, «қазақлық» терминдеріне, Қазақ хандығының құрылуына қатысты құнды деректері бар, «Шайбанинама», «Түрк шежіресі», Жалайыридің «Жылнамалар жинағы» шығармаларындағы мағлұматтарды нақты дәлелмен түйіндейтін аса құнды мұра ретінде таныды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақтың дара ғалымы, ағартушысы Шоқан Уәлиханов аз ғана ғұмырында халқымыздың байырғы әдеби мұрасы мен жәдігерлерін зерттеу ісінде зор еңбек сіңіріп кетті. Ғалым «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Манас» сияқты жырлар мен ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін тұңғыш рет қағазға түсірді. Оларды орысшаға көркем түрде алғаш рет аударып, Ресей және Еуропа ғылымы назарына ұсынды.

Ш. Уәлиханов қазақ пен қырғыздың әдеби мұра үлгілерін, соның ішінде жырларын, аңыз-әңгімелерін, шежірелерін кеңінен зерттей жүріп, олардың көркемдігі мен тарихилығына, эпикалық бітіміне қатысты ойларын ортағасырлық түрк жазба жәдігерлерімен, тарихи еңбектердегі деректермен салғастыра, салыстыра зерделеу тұрғысында да аса елеулі табыстарға қол жеткізді. Тұңғыық таным-түйсікке ие ғалымның бұл орайда атқарған жұмыстары ерекше тереңдігімен, жан-жақтылығымен, біліктілігімен, ғылымылығымен, құнды түйіндеулерімен тәнті етеді.

Шоқан ортағасырлық түрк әдеби жазба тілінде жазылған асыл жәдігерлердің бірқатарын тұңғыш рет өзі тауып, ғылыми айналымға түсірді. Оларды терең зерделеп, төл еңбектерін жазуға молынан пайдаланды. Шоқанның шығыстану саласында жарық жұлдыз атануының негізгі қайнар бұлақтарының бірі де – оның осы шүйгін жазба мұраларды аса зор таныммен, биік білімпаздықпен зерттеуінен бастау алады.

Ғылыми дәстүр бойынша, күллі түрк халықтарына ортақ жазба әдеби мұралар ретінде саналатын, бір тілдік орта аясында өмір сүрген жұрттардың аралас-құралас тарихынан мол мағлұмат беретін бұл құнды жәдігерлерді зерттеу ісіне Ш. Уәлиханов кадет корпусын енді бітіріп, әскери қызметке араласқан кездерінен-ақ кірісіп кетті. Шәкірт шағында өзіне тәлім берген шығыстанушы ұстазы Н. Ф. Костылецкийдің өтініш жасауымен Қазан университетінің профессоры И. Н. Березин дайындаған «Хан жарлықтары» «Тоқтамыс, Темірқұтлық және Сағадатгерейдің тархандық жарлықтары» кітаптарындағы ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылған мәтінде кездесетін кейбір көне сөздердің мағынасын ұғындыру талабынан бастау алған шәкірттік

тұрғыдағы қолғабыс, жас адъютантты шығыстану әлемінің жарық жұлдызына айналдыратын іргелі ғалымдық жолға бағыттады.

Профессор Березинге лайықты жауап беру үшін Шоқан ол дайындаған «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» бойынша шыққан туындыларды зерделеп оқиды. Хан жарлықтарындағы көпке түсініксіз боп қалған көне сөздердің мағыналарын көзі қарақты қариялардан сұрастырды. Тақырыптың илеуін әбден қандырғаннан кейін, Костылецкийге уәде бергендей, Березинге өз атынан хат жазды. Осы хат мәтінінен Шоқанның соған дейін Ресейде жарық көрген көптеген шығыстанушылық еңбектермен жақсы таныс болғандығы да байқалады. Ол соған дейін де «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» сериясы бойынша Березиннің дайындауымен шыққан «Шайбанинаманың» қыпшақша нұсқасы (1849 жылы), Әбілғазының «Түрк шежіресінің» орысша аудармасы (1850 жылы), «Хан жарлықтары» (1850 жылы) еңбектері мен Қадырғали би Жалайырдың сол кездегі қазақшаға жақын тілде жазылған «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы» – 1854 жылы) секілді құнды жәдігерлерді зерделеп үлгерген еді. Ал Хиуа ханы Әбілғазының (1603-1664) Қазан қаласында 1825 жылы басылған «Шежіре-и түрк» кітабының түркше түпнұсқасымен бұрыннан түбегейлі таныс болатын. Ол өз еңбектеріндегі көп дәйектерді осы Румянцев басылымы бойынша көрсетіп отырады. Сонымен қатар Шоқан Ақсақ Темір әулетінен шыққан ұлы қолбасшы, тарихшы, Үндістандағы Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Захириддин Бабырдың (1483-1530) «Бабырнама» шығармасын да кітап болып жарық көрмей жатқан кезінен білгендігін байқатады. Соған қарағанда ол белгілі шығыстанушы О. И. Сенковскийдің бұхар саудагері Назарбай Түркістаниден алып, 1840 жылы қайта көшіріп шыққан «Бабырнама» нұсқасы негізінде «Ішкі істер министрлігінің журналында» қызмет істеген шығыстанушы В. В. Григорьев жазған «Бабыр», «Бабырнама», «Бабыр әулеті» секілді мақалаларды әуелден тауып алып оқыған сияқты. Әйтпесе шығыс тілдерінің зерттеушісі Георгий Керр 1737 жылы көшірген «Бабырнаманың» басқа бір қолжазбасының мәтіні бойынша Қазан діни академиясында шығыс тілдерінен сабақ беретін ғалым Н. Ильминский дайындаған кітап тек 1857 жылы ғана жарық көрген еді. Сол сияқты Шоқан профессор

Березиннің аудармасымен тек 1858 жылы Петерборда жеке кітап түрінде басылған парсы шежірешісі Фазлуллах Рашид ад-диннің (1247-1318) «Жамиғ ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) шығармасын да одан әлдеқайда бұрын, қыркыншы жылдары «Халық ағарту министрлігінің журналында» алғаш жарияланған нұсқасы бойынша оқығандығын аңғартады. Ол армян ұлтынан шыққан швед дипломаты Аврахам Константин д’Оссонның Амстердамда 1835, 1852 жылдары француз тілінде екі мәрте басылған «Моңғолдар тарихы: Шыңғысханнан Темірланға дейін» атты кітабымен де (оның алғашқы басылымы 1824 жылы Парижде жарық көрген) жақсы таныс еді. Шоқанның өзі «Жамиғ ат-тауарих» туралы көп мәліметтерді осы кітаптан алғанын көрсетіп отырады. Парсы тарихшысы Алааддин Атамәлік Жуайнидің (1226-1283) «Тарих-и жаһангушай» («Жаһанды жаулаушының тарихы») атты Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары туралы толымды сөз еткен үш бөлімді тауарихы да осы французша еңбекте жан-жақты сөз болады. Д’Оссон өз шығармасын жазғанда Париждегі корольдік кітапханада сақтаулы тұрған Рашид ад-дин мен Жуайни қолжазбаларын кеңінен пайдаланғанын айтып, кітабында олардан үзінділерді молынан келтіріп отырады. Шоқан да өз еңбектерінде сол үзінділерден алынған мәліметтерге сүйенеді.

Шоқан Қашқардан қайтарда өзімен бірге түрк жұрттары арасында мұсылман дінін енгізуде ерлік танытқан халифат батыры Әбумүсілім туралы жергілікті аңыз сарындары енген «Әбумүсілім Марузи» атты хикаяны, Әли ибн Хүсейн Кашифидің (Ас-Сафи) 1503 жылы жазған парсы тіліндегі «Рашахат айнед хаят» («Өмір қайнарының тамшылары») атты шейхтар мен әулие-ишандардың ғұмырнамалары, уағыздары жинақталған шығарманы, шағатай түркшесі жазба стилінде жазылған «Тазкира-йи Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы», «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан» қолжазбаларын, қашғарлық белгілі ақын, тарихшы Мұхаммед Садық Қашқаридың 1771 жылы бітірген «Тазкира-йи қожаған» атты Қашқар өңірі тарихына қатысты құнды кітабын да ала келіп, ғылыми ортаға таныстырды. Петерборда еңбек еткен уақытында университет кітапханасының қорында бар Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1449-1561) «Тарих-и Рашиди» шығармасының парсыша нұсқасын, Ғылым академиясы

мұрағатындағы Мұхаммед Садық Қашқари аударған, оның шағатай түркшесімен салыстыра отырып, Хайдар мырзадай әйгілі тарихшының осы зор еңбегі туралы еуропалық ғылымдағы алғашқы зерттеулерді жазды.

Сонымен, Ш. Уәлихановтың әдеби мұралар мен жәдігерлерді зерттеуге қатысты атқарған еңбектері жөнінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

– Шоқан қазақтың аңыз-әңгімелерінде, мифтерінде, ертегілерінде халықтың ойы мен мұратының, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің көркем бейнеленіп қалғандығын терең байыптады. Көнеге деген ынтызарлық пен аңыздар байлығы – түздік жұрттардың ерекше мол қазынасын құрайтынын, ел арасындағы әпсаналық, шежірелік әңгімелердің халық тарихын, олардың әдеби мұрасының биік деңгейін анықтаудағы орны зор екеніне мән берді. Аңыз-әңгімелер, мифтер, ертегілерді елдің арман-тілегін, аңсар-мұратын әсерлі бейнелеген байырғы жәдігерлер деп бағалады. Шоқан өз еңбектерінде олардың тарихқа қатыстығы тұрғысынан да, әдеби мұралық мәні жөнінен де аса құнды мұралар екендігін үнемі баса көрсетіп отырды. Қазақ халқының тарихи жырларын Алтын Орда, Ноғайлы дәуірлерінен туа бастаған, сол заман оқиғаларының шынайы сілемін поэзиялық тұрғыда қорытқан туындылар деп дәлелдеді.

– Әдеби мұраларды жинауды ғылыми машыққа сай жүргізіп, олардағы мағлұматтарды жазба жәдігерлердегі деректермен сабақтастыра қарауды әуелден дағды еткен Шоқан, әскери қызметке араласқан кезінен бастап толымды зерттеулер жазуға кірісіп кетті. Ыстықкөлге барған алғашқы ғылыми сапарының өзінде зор табысқа қол жеткізіп, қырғыздың атақты «Манас» жырының ең шұрайлы «Көкөтайдың ертегісі» деген бөлігін әлемде тұңғыш рет жазып алып, ғылыми ортаға паш етті. «Көкөтайдың ертегісін» және бала кезінде әкесімен бірге қағазға түсірген «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын, Орақ батыр, Шора батыр, Абылай туралы жырлар мен аңыздарды орысшаға аударды, оларға қатысты өресі биік ғылыми ойлар айтты. Қазақ пен қырғыз шежірелеріндегі, аңыздарындағы, ертегілеріндегі, мифтеріндегі сюжеттерді өз күнделіктерінде, мақалаларында, «Қырғыздар туралы жазбалар» атты іргелі еңбегінде жан-жақты сөз етті.

– Ш. Уәлиханов қазақ және Орталық Азия тарихында тұңғыш рет Әбілғазы ханның «Түрк шежіресі» жазба әдеби мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеді. Оның мәліметтерін түрк жұрттарының, оның ішінде қазақ халқының тарихын зерделеуде, ғылыми қорытындылар жасауда құнды дереккөз ретінде пайдаланды. Орталық Азия мен қазақ халқының тарихына арналған зерттеулерін жазу барысында «Шежіре-и түрк» кітабындағы мол мағлұматтарды кеңінен пайдалана отырып, ондағы деректерді сол тектес «Шайбанинама», «Жамиғ ат-тауарих» сияқты басқа да құнды түрк жазба мұраларымен, сондай-ақ орыс, қытай, француз тілдеріндегі тарихи еңбектерден алынған дәйектермен салғастыра отырып, өресі биік зерттеулерін дүниеге әкелді.

– «Шайбанинама» жазба ескерткішін қазақ пен Орталық Азия тарихында тұңғыш рет ғылыми тұрғыда құнды әдеби жәдігерлік ретінде бағалады. Қазақтың Керей мен Жәнібек, Бұрындық пен Қасым хандар туралы бұрын белгісіз дәйектер ұсынған, Сыр бойы қалалары үшін өткен күрес тарихын баян еткен, бағалы географиялық мағлұматтары мол, қазақ пен өзбекке ортақ түрк тайпаларының сол замандағы құрамынан хабар беретін маңызды шығарма деп таныды. Жошы ұрпағының Алтын Орда мен Қазақ хандығын билеген хандарына қатысты әулеттік шежірелерін, өзінде бар деректермен салғастыруға мүмкіндік алды. «Қазақ» атауының шығу төркінін ашуға көмектесетін, қазақ халқының этногенездік үдерісінің күрделі ерекшелігіне саятын – еркін, азат билік құру, «қазақлық ғұмыр кешу», «қазақ шығу» өмір салтына, дербес ел болу күресінің тарихына қатысты құнды мәліметтер жинақталған туынды ретінде бағалады.

– Шоқан Алтын Орда, Қырым хандары тарапынан жазылған «Хан жарлықтарын» қазақ және Орталық Азияда тұңғыш рет ғылыми түрде зерттеді. Хан жарлықтарын Жошы ұлысы дәуірінде мемлекеттік тіл болған ортағасырлық қыпшақ әдеби тілінің көрнекті жазба жәдігері екенін байыптап, ондағы тілдік мысалдарды, сол тілдің заңды жалғасы боп отырған қазақ тілі үлгілерімен алғаш рет салыстыра отырып дәйектеді. Сол Жошы ұлысы заманынан маржандай боп таңбаланған орта қыпшақ тілінен өрістей келіп, ноғайлы-қазақ ауыз әдебиетінің жәуһарларына ұласқан, «Едіге», «Шора батыр», «Орақ батыр»,

«Ер Тарғын» жырларындағы байырғы ғасырлардан сабақтасқан сөз өнері үрдістерін байыптады.

– Қадырғали би Қосымұлы Жалайырдың «Шежірелер жинағы» шығармасына өз заманындағы зерттеушілер арасында тұңғыш рет ғылыми баға беріп, оны қазақтардың өткені туралы ең құнды еңбек, қазақ хандары мен сұлтандарының толық ата тегі берілген, аңыздарға құрылмаған, дерегі тарихи тиянақтардан алшақ емес, алғашқы жазба ескерткіш, деп таныды. Әдеби шежіренің авторы мен кейіпкері Қазақ Ордасынан келген тұлғалар болғандықтан, шығарманың қазақ тіліне өте жақын тілде жазылғанын, ондағы көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің қазақ тілінде әлі де кеңінен қолданылатынын дәлелдеп, дәйекті мысалдар келтірді.

– Ш. Уәлиханов Қашқар сапарынан ала келген шағатай түркшесі жазба үлгісіндегі «Тазкира-йи қожаған», «Тазкира-йи Сатұқ Бұғра хан ғазы», «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан», «Ришахат», «Әбумүсілім Марузи» сияқты қолжазбаларды алғаш рет еуропалық ғылым айналымына қосты және оларды тұңғыш зерттеуші болды. Ол қолжазбалардағы деректерді басқа да мұсылман шығысының көне шығармаларымен, қытай тарихы құжаттарынан алынған мағлұматтармен салғастыра отырып, өзінің Қашқария туралы басты еңбегін жазуға пайдаланды. Алтышәр аймағында ислам дінінің қалай орныққанына, қожағанийа-нақшбандийа тариқатының қалай іргеленгеніне, ол ағымды ұстанған қожалардың ел билігіне араласуына қатысты бұрын беймәлім боп келген деректерді ашты. Сол қолжазбалардағы аңыздар мен әпсаналар арқылы Орталық Азия мен Шығыс Түркістанды мекендейтін халықтар арасында таралған байырғы әдеби мұра үлгілерінен де хабардар етті.

– Шоқан Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты шығармасын еуропалық ғылым аясында тұңғыш рет зерттеді. Бұл әдеби жәдігерді Алтышәр аймағы, Қашқария хандарының Тоғұлық Темірден Рашид хан заманына дейінгі екі ғасырлық, яғни хижраның 962 жылына (1554) дейінгі тарихы қамтылған, осы өңір туралы Еуропада белгілі жалғыз еңбек, тамаша туынды деп әділ бағасын берді. «Тарих-и Рашиди» жазба туындысын «қазақ шығу», «қазақлық» терминдерінің мәнісін ашуға, Қазақ хандығының құрылуына қатысты құнды деректері

бар, «Шайбанинама», «Түрк шежіресі», Жалайырдың «Шежірелер жинағы» шығармаларындағы мағлұматтарды нақты дәлелмен түйіндейтін аса құнды мұра ретінде таныды.

– Тарихта сақталған шежірелік деректемелер түрінде ғана емес, сонымен қатар орта ғасырлардағы түрк халықтарының көркем әдебиеті мен жазба мұрасының жәдігерлері ретінде де маңызы бар мұндай шығармаларды дүниежүзі ғалымдары арасында алғашқы зерттегендердің бірі – қазақтың кемеңгер ғалымы Ш. Уәлиханов болғандығының өзі ұлтымыз үшін, мәдени мұрамыз үшін үлкен мақтаныш. Шоқанның сол жазба әдеби жәдігерлерді зерттеу барысындағы біліктілікпен, ерекше таным-түйсікпен атқарған еңбектеріне мән беру арқылы, қазақ ғалымының өресі биік бітімі жаңа бір қырынан байыпталады. Ғұламаның түрк халықтарына ортақ әйгілі жазба шығармаларды тереңдей зерттеуі оның әдеби мұраны зерделеу ісінде әлемдік деңгейдегі тұлға болғандығының айғақты бір дәлелі. Күллі түрк жұрттарының ортақ әдеби туындылары қатарына жататын сол жазба жәдігерлердің қазаққа етенелігін де Шоқан атқарған еңбектер арқылы дәйектеу әдебиетшілеріміз алдындағы маңызды бір парыз.

– Ортағасырлық түрк жазба әдеби жәдігерлері – қазақ тарихы, қазақ сөз өнерінің көне қатпарлары туралы қыруар мәлімет ұсынатын шүйгін мұралар. Шоқан Уәлихановтың терең танымы, жан-жақты ғұламалығының шарапаты тиіп, еуропалық ғылым өресінен тұңғыш рет зерттелген, ұлтымызға тікелей қатысы бар сол жазба ескерткіштерді алдағы уақытта танып-білуге жұртшылық назарын кеңінен аудару түсу – қажетті де ділгір мәселелердің бірі. Шоқанның айрықша қабілеті, көп тіл білетіндігі, көне жазбаларды еркін оқитын зеректігі, терең түйсігі, ойын айқын әрі жүйелі тілмен ғылыми түрде қорыта алатын шеберлігі – бүгінгі зерттеушілер үшін үлкен үлгі-өнеге.

ДЕРЕККӨЗ ӘДЕБИЕТ

1. Уәлиханов Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Собрание сочинений в пяти томах. 1961-1972. I т. – Алматы: Ғылым, 1961. – 777 б.
2. Уәлиханов Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Собрание сочинений в пяти томах. 1961-1972. II т. – Алматы: Ғылым, 1962. – 795 б.
3. Уәлиханов Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Собрание сочинений в пяти томах. 1961-1972. III т. – Алматы: Ғылым, 1964. – 663 б.
4. Уәлиханов Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Собрание сочинений в пяти томах. 1961-1972. IV т. – Алматы: Ғылым, 1968. – 782 б.
5. Уәлиханов Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Собрание сочинений в пяти томах. 1984-1985. V т. – Алматы: ҚСЭ, 1985. – 526 б..
6. Валиханов Ч. Избранные произведения. – М.: Наука, 1986 – 413 с.
7. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Әдебиеттердің мазмұндалған көрсеткіші. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 288 б.
8. Чокан Валиханов и современность. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 320 с.
9. Марғұлан Ә. Шоқан Уәлихановтың әдеби мұралары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы: 1958, №6.
10. Мұқанов С. Әдебиетші Шоқан. 114-134 б. // Жарқын жұлдыздар. – Алматы: Мектеп, 1964. – 352 б.
11. Ахметов З. Шоқан Уәлиханов – әдебиетші ғалым // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Серия общественных наук. – Алматы: Наука, 1965, вып. 3. – 25-33 б.
12. Сәтбаева Ш. Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы: Ғылым, 1987. – 224 б.
13. Бердібаев Р. Шоқан Уәлиханов - фольклоршы. // Жұлдыз, 1985: №10. 11-24 б.
14. Бердібай Р. Шоқан шарапаты. 291-306 б. // Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
15. Жолдасбеков М. Шоқанды толғандырған әдебиет // Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 288-302 б.
16. Дербисалин А. Литературно-публицистическая деятельность Чокана Валиханова. 266-268 с. // Чокан Валиханов и современность. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 320 с.
17. Негимов С. Чокан Валиханов о жанровых формах казахской народной поэзии. 279-282 с. // Чокан Валиханов и современность. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 320 с.
18. Қанафин Н. Ш. Ш. Уәлиханов – әдебиет зерттеушісі (автореферат). 2000.

19. Алпысбаева Қ. Ш.Ш. Уәлиханов – фольклортанушы (автореферат). 1998.
20. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме. – 9-43; Шайбани-наме. – 91-127 с. // Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. – Алматы: Наука, 1969. – 652 с.
21. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. V т. 13-21 б. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 440 б.
22. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 т. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 688 б.
23. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 206 б.
24. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2001. – 246 б.
25. Григорьев А.П. Золотоордынские ярлыки: поиск и интерпретация. – 74-142. // Тюркологический сборник. 2005 (2006). – М.: Восточная литература, 2006. – 382 с.
26. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 127 б.
27. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның Жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 270 б.
28. Сыздықова Р. Язык «Жами ат-тауарих Жалаири. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 243 с.
29. Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази, хана Хивинского. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1958. – 190 с.;
30. Захир ад-дин Бабур. Бабур-наме. – Ташкент: Главная редакция энциклопедий, 1992. – 464 с.
31. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. (Б.А.Қожабеков ауд.) – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.
32. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарихи-и Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003. – 614 б.
33. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Санат, 1999. – 656 с.
34. Тәзкіре-и Бұғра хан (қазақша аудармасы, факсимиле). – Алматы: Толағай, 2007. – 286 б.
35. Қашғари Мұхаммед-Садық. Тазкира-йи азизан. // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. IV т. – Алматы: Дайк-Пресс 2006. – 658 б.
36. Қасқабасов С. Жазбаша әдебиет // Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін), Бес томдық. 2-т. – Алматы: Атамұра, 1998. – 579 б.
37. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары). – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.

38. Маргулан А. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. – 9-103 с. // Уәлиханов Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Собрание сочинений в пяти томах. 1961-1972. I т. – Алматы: Ғылым, 1961. – 777 б.
39. Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». – Алматы: Жазушы, 1971. – 164 б.
40. Көкетайдың ертегісі («Манас» жырының Шоқан жазып алған бөлігі). – Алматы: Жазушы, 1972. – 112 б.
41. Бейсенбайұлы Ж. Шоқан. – Алматы: Қазақстан, 2009. – 608 б.
42. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. I-Ү т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005-2006.
43. История Казахстана в персидских источниках. I-Ү т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005-2007.
44. Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. Ортағасырлық тарихи ой. 3 т. – Астана: Фолиант, 2005. – 512 б.
45. Русский инвалид. 1860, среда, 4 мая. №95.
46. Современник, 1864, №6. Июнь. 373-374 с.
47. Өтениязов С. Шоқанмен қайта кездесу. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 240 б.
48. Мелиоранский П. М. Сказание об Едыгее и Токтамыше. Киргизский текст по рукописи, принадлежавшей Ч. Ч. Валиханову. – Спб., 1905. – 62 б.
49. Едіге. Халық эпосы. – Алматы: Айқап, 1993. – 78 б.
50. Дала уәлаятының газеті (әдеби нұсқалар). – Алматы: Ғылым, 1989. – 656 б.
51. «Қазақ» газеті (жинақ). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. – 560 б.
52. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 479 б.
53. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Аст: Фолиант, 2002. – 474 б.
54. Айдарова Х. Чокан Валиханов. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1945. – 198 с.
55. Статьи. Переписка. (Составление, вступит. Статья и примеч. Х.Айдаровой. – Алма-Ата: КазОгиз, 1947. – 151 с.
56. Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. – Алматы. Қазбіркімембаспа, 1949. – 170 б.
57. Уәлиханов Ш. «Жаңа өмір» журн. басп., – Алматы: 1956. – 232 б.
58. Валиханов Ч. Избранные произведения. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 643 с.
59. Мұқанов С. Шоқан Уәлиханов. 8-138 б. // Жарқын жұлдыздар. – Алматы: Мектеп, 1964. – 352 б.

60. Мұқанов С. Аққан жұлдыз. Роман. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 1967. – 424 б.
61. Мұқанов С. Аққан жұлдыз. Роман. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 1974. – 488 б.
62. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Бесінші том. Пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1974. – 244 б.
63. Бегалин С. Шоқан асулары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 192 б.
64. Бақбергенов С. Қоянкөзге құлаған жұлдыз. Повесть. – Алматы: Жазушы, 1975. – 160 б.
65. Бақбергенов С. Мен сізді сүйемін. Повестер. – Алматы: Жазушы, 1975. 160 б.
66. Бақбергенов С. Ақ боз атты ару. Роман. – Алматы: Жалын, 1986. – 280 б.
67. Марков С. Идущие к вершинам. – М.: Сов. писатель, 1968. – 375 с.
68. Стрелкова И. Валиханов. ЖЗЛ. М.: – Мол. Гвардия, 1983. – 284 с.
69. Уәлихан Ш. Шоқанның ақ түндері. Драмалар. – Семей: Междун. клуб Абая, 2005. – 207 с.
70. Зиманов Р., Атишев А. Политические взгляды Чокана Валиханова. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 249 с.
71. Сүлейменов Р., Моисеев В. Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 112 б.
72. Илюсизов М. Экономические возрения Чокана Валиханова. – М.: Соцэкгиз, 1960. – 131 с.
73. Сегизбаев О. Исследователь, мыслитель. – Алма-Ата: Казахстан, 1974. – 128 с.
74. Султаньяев О. Публицистика Чокана Валиханова. – Алма-Ата: Мектеп, 1986. – 104 с.
75. Мұхтарұлы С. Шоқан және өнер. – Алматы: Өнер, 1985. – 312 б.
76. Бейсенбайұлы Ж. Шоқан ізімен. – Алматы: Жалын, 1977. – 112 б.
77. Бейсенбайұлы Ж. Жасын-тағдыр жарқылы. – Алматы: Жалын, 1987. – 288 б.
78. Көмеков Б., Өтениязов С. Шоқан Уәлиханов. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2006. – 100 б.
79. Ивлев Н.П. И оживают биографии. Записки краеведа. – Алма-Ата: Казахстан, 1983. – 204 с.
80. И. Н. Березин жариялаған қазақ ертегілері // Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы: Ғылым. 1989. – 256 б.
81. Вельяминов-Зернов В. Ораз Мұхаммед. Жалын, 1986, №6. – 85-92 б.
82. Радлов В. Алғысөз. 5-16 б. // Ел қазынасы – ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.

83. В. В. Радлов – қазақтың ауызекі сөз өнерінің жинаушысы. 110-120 б. // Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы: Ғылым. 1989. – 256 б.
84. Потанин Н. Труды по этнографии и фольклору. – Павлодар: НПФ ЭКО, 2005. – 252 с.
85. Семенов-Тянь-Шанский П. Путешествие в Тянь-шань. – М.: Дрофа, 2007 г. – 384 с.
86. Дулатұлы М. Шығармалары. 1-2 т. – Алматы: Ғылым. 1996-1997.
87. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббаспа, 1962. – 428 б.
88. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
89. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
90. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихы мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 168 б.
91. Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос. – Л.: Наука, 1974. – 728 с.
92. Юдин В. П. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме. – 9-43; Фатх-наме. – 44- 53 с. // Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. – Алматы: Наука, 1969. – 652 с.
93. Юдин В. П. Анонимное тюркоязычное сочинение второй половины XVI в. из Восточного Туркестана «Тазкира-йи Ходжа Мухаммад Шариф» // Вопросы истории и культуры уйгуров. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 4-40 с.
94. Юдин В. П. Рецензия. Уйгур классик әдибияти қолызымилириниң каталогы // Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана. 15 том. – Алма-Ата. Изд. АН Казахской ССР. 1962. – 197-206 с.
95. Ибрагимов С. «Шайбани-наме» Бенай как источник по истории Казахстана XV в. // Труды сектора востоковедения. 1 т. – Алма-Ата: Изд. АН Казахской ССР. 1959. – 190-207 с.
96. Ибрагимов С. К. «Михман-намеи Бухара» Рузбехана как источник по истории Казахстана XV-XVI вв. // Труды сектора востоковедения. 1 т. – Алма-Ата: Изд. АН Казахской ССР. 1959. – 141-157 с.
97. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1996. – 367 б.
98. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
99. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
100. Қоңыратбаев Ә. Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббаспа, 1959. – 152 б.

101. Наджип Э. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского египта XIV века. – Туркестан: Туран, 2004. – 291 с.
102. Дүйсенбаев Ы. Қозы Көрпеш – Баян Сұлу жыры. 517-555 б. // Қозы Көрпеш – Баян Сұлу. Жинақ. – Астана: Фолиант, 2002. – 694 б.
103. Уақатов Б. Тарихи өлеңдер. 64-81 б. // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.
104. Адамбаев Б. Шешендік өнер. Монография. – Алматы : Ғылым, 1999. – 202 б.
105. Бердібай Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
106. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.
107. Алдаспан. Көне заман поэзиясының антологиясы (Құрастырып, баспаға әзірлеген, алғы сөзін, түсініктерін жазған М.Мағауин). – Алматы: Жазушы, 1971. – 280 б.
108. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. – Алматы: Санат, 1997. – 432 б.
109. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
110. Қасқабасов С. Ойөріс: (фольклор туралы). – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
111. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
112. Ибатов А. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 152 б.
113. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
114. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
115. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 200 б.
116. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 431 б.
117. Ғұмарова М. Ш. Уәлиханов жинаған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры нұсқасының тексі жайлы. – 620-632 б. // Қозы Көрпеш – Баян Сұлу. Жинақ. – Астана: Фолиант, 2002. – 694 б.
118. Жұртбаев Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 368 б.
119. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Таймас, 2008. – 232 б.
120. Тілепов Ж. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихилығы. Алматы: Ғылым, 2001. – 376 б.
121. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

122. Матыжанов Қ. Халық мұрасының қамқор қайраткері. – 18-38 б. //Ел қазынасы – ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.
123. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым : ХІХ ғ. ортасы мен ХХ ғ. басы. – Алматы: Білім, 1998. - 256 б.
124. Нұрманова А. Ш. Мұхаммед-Садық Қашғаридің «Газкира-йи азизан» шығармасы: деректанулық зерттеу // ҚР ҰҒА хабарлары. Серия общественных наук. №3 (259). Май-июнь 2007. – 8-14 б.
125. Едіге батыр. – Алматы: Ғылым, 1996. – 368 б.
126. Қозы Көрпеш – Баян сұлу. – Астана: Фолиант, 2002. – 695 б.
127. История Казахстана в русских источниках. ХҮІ-ХХ веков. ҮІІІ т. Ч.1. 143-144, 342 с. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 716 с.
128. Ел қазынасы – ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.
129. Бердібай Р. Ел боламыз десек... – Алматы: Қазақстан, 2000. – 400 б.
130. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). М.: Восточная литература, 1976. – 117-140 с.
131. Д’Оссон К. От Чингисхана до Тамерлана. – Алматы: «Санат», 1996. – 256 с.
132. Рашид-ад-дин. Сборник летописей (Жами ат-таварих). Т. 1. М-Л.: Изд. АН СССР, 1952. – 219 с. Т. 2. М-Л.: Изд. АН СССР, 1952. – 315 с.
133. Из «Тарих-и джахан-гушай» Джувайни. 9-46 с. //История Казахстана в персидских источниках. Ү т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 476 с.
134. Юсупов И. И. Разгром национально-освободительного движения уйгурского народа в 60-х гг. ХҮІІІ в. и включение Восточного Туркестана в состав Цинской империи // Вопросы истории и культуры уйгуров. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 65-80 с.
135. Сайдуллаев И. Мұхаммед-Садық Қашғари. 114-123 б. // Ұмытылмас есімдер. – Алматы: Қазақстан, 1994. –114-123 б.
136. Очерки Марджани о восточных народах. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2003. – 175 с.
137. Марғұлан Ә. Х. Шоқанның жаңадан ашылған досы – Хұсаин Фаизханов және оның Петербордан жазған хаттары // Известия АН Каз ССР. Серия общественных наук. 1965. №3. – 12-24 б.
138. Шах Махмуд ибн мирза Фазил Чурас. Хроника (Тарих-и мирза Шах-Махмуд Чурас). – М.: Наука, 1976. – 470 с.
139. История Букеевского ханства. 1801-1852 гг. Сборник документов и материалов. – Алматы: Дайк-пресс, 2002. – 1119 с.

140. Кулиев В. М. Чокан Валиханов и Мирза Казем-бек.. // Чокан Валиханов и современность. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 302-313 с.
141. Дербісәліев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 238 б.
142. Султанов Т. И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 274 с.
143. Жеменей И. Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиі» әдеби жәдігер (Филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты). – Алматы: 2007.
2010 жыл.



НАҒАНАЙ БИ

және оның заманы



(Жошы ұлысы қоңырат бектерінің Хорезм мен Сыр аймағының этносаияси үдерістеріндегі орны)

БЕКТЕРБЕКТЕР БИЛІГІ

Жошы ұлысының (Алтын Орда, Ұлық ұлыс) XIII ғасырдың алпысыншы жылдары соңында, кіндік билігі Қарақорымда жатқан Еке Мұғұл ұлысының (Ұлы Моңғол империясының) тізгінінен босап, өз тәуелсіздігін алған дербес даму дәуірі – әдетте, Дешті Қыпшақ даласындағы түрк тайпаларының саяси, рухани, экономикалық, этникалық, ортақ тілдік кеңістік аясында ұйысу үдерістері қарқынды жүрген заман ретінде бағамдалады. Жошы ұлысының күш-қуаты кенересінен асқан сол кезеңдерінде Ордадағы билік тұтқалары да көбіне түрк тайпаларынан шыққан бектердің қолына тиіп, хан әулеттерінің өзі де түрктену ықпалына ұшырай бастады. Мемлекеттік тіл күллі ұлысқа ұғынықты, бүгінгі қазақшаға жақын қыпшақ (құман) тіліне ауысып, іс қағаздары мен хан жарлықтары сол тілде жазылды. Ғажайып әдеби шығармалар дүниеге келді. Алып империя аумағында қыпшақ тілінің үстемдік құруына орай, шет жұрттықтар да оны білу үшін арнайы сөздіктер жасады. Солардың бірі 1303 жылы дүниеге келген латын-парсы-құман және құман-неміс сөздерінен тұратын «Кодекс куманикус» (Құман тілі сөздігі) атты жазба мұра еді. Оның мәтіндерінен бүгінгі қазақ тілінде кездесетін талай сөз маржандарының сол кездегі нұсқалары ұшырасады [*Золотая Орда в мировой истории, 2016. 326-337, 659-676 б.*].

Алтын орданың әйгілі тұлғалары мен әулеттері туралы дереккөздерде осы алып империяны басқару ісіне белсене араласып, тақ мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен, сондай-ақ Жошы ұлысында исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуына өз үлестерін қосқан әйгілі түрк бектеріне қатысты дәйектер баршылық. Негізінен әлеуетті түрк тайпаларының көшбасшылары (ұлысбектері) боп келетін олардың дені, Жошы ұлысының мемлекеттік билік жосығында қалыптасқан «*төрт қарашы бек*» жүйесінің қағидаттарына сәйкес, ел басқарудың қуатты тетік-тізгінін дерін әуелден өз қолдарында ұстаған тұлғалар болатын. Құдірет-күші қаншама мықты болғанымен, ханның өз басы да империя билігін, әдетте, сол «төрт қарашы бекпен» ақылдаса отырып жүргізді. «Хан кеңесі» дәрежесінде танылған бұл басқару жүйесі бойынша, онда ортаға тартылған,

хан тарапынан ұсынылған әрбір мәселе «төрт қарашы бектің» талқысынан өтіп, солар тарапынан қолдау тапқанда ғана жүзеге асырылды. Егер хан пәрмені мен жарлықтарында төрт қарашы бектің есімдері жазылып, жеке мөрлері қойылмаса, ол заңсыз деп танылды. Тіпті, кімнің хан болатыны да сол төрт қарашы бектің қатаң таңдауы арқылы шешілді. Алтын Орда билеушілерін ақ киізге салып хан көтеру рәсімінің өзі де қарашы бектердің тікелей алқауымен өтті. Тарихи деректер бойынша, ұлықтау салтанаты кезінде қарашы бектер ханды ақ киізге отырғызып, әуелі үш рет жоғары көтереді. Содан соң сол киізді жан-жақтан қаумалай ұстаған күйі, ақ орданы айналып өтіп, ханды ұлық тағына отырғызады, қолына алтын семсер ұстатады [*Шамильоглу, 2019. 40-76 б.; Трепавлов, 2010. 22-29 б.; Золотая Орда в мировой ист. 2016. 320-324 б.*].

«Қарашы» терминінің этимологиялық төркіні түрк тіліндегі «қарау» (қадағалау, бақылау) етістігінен туындаған «қараушы» (бақылаушы, қадағалаушы, кеңесші) ұғымына меңзейді. Хиуа ханы Әбілғазының «Түрк шежіресінде» «қарашы» – ханның жанындағы сенімді серігі, шын берілген ақылгөй кеңесшісі, деген мағынаны білдірсе [*Абу-л-Гази, 1906. 163-164 б.*]. Вельяминов-Зернов зерттеуінде ол «жоғары дәрежелі бектерге берілетін лауазым» ретінде бағамдалады [*Вельяминов-Зернов, 1864. Ч. 2. 411, 419-420, 436 б.*]. Будаговтың әйгілі сөздігінде «қарашы» сөзіне – «сенімді адам, бақылаушы, министр (нәзір – арабша назир, байқаушы, қараушы, басшы, уәзір) деген анықтама берілген [*Будагов, 1871. Т. 2. 45 б.*].

Яки «қарашы» – ханның қасындағы аса беделді, мемлекет ісінде салмағы бар тұлға, кеңесші, саяси-құқықтық, экономикалық жақтан әлеуметтік мәртебесі жоғары топ өкілі, деген ұғымды білдіретін қоғамдық-саяси термин. Жошы ұлысы және оның ыдырауынан кейін дүниеге келген Қырым, Ноғай, ордасындағы, сондай-ақ Қасым хандығындағы «төрт қарашы бек» лауазымына қатысты дәйектер сілемі ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер түзілімінде де сақталып қалған. Мәселен, «Ақылды қарашы қара кісіні хан етеді»; «Хан қасында қарашың болса, қара жерде кемең жүрер»; «Ханды құдай алайын десе, қарашысымен қас болар, «Хан – қазық, қарашы – азық», «Ханның ісі қарашыға да түседі», – деп келетін нақыл сөздер аталмыш

бектердің сөзі салмақты болған сол байырғы замандар сарынынан сыр аңғартады [*Қазақтың этнографиялық категориялар...*, 2012. 3 т. К-Қ. 469-470 б.].

Мәселен, Қазақ Ордасының ханы Тәуекелдің немере інісі, Қасым хандығының билеушісі Оразмұхамедтің *қарашы бегі*, жалайыр тайпасынан шыққан би, аса көрнекті шежіреші-тарихшы Қадырғали Қосымұлы Жалайыр да өз заманында Оразмұхамед ханның оң тізесін басқан мәртебесі ең жоғары төрт қарашы бектің бірі болған. Қадырғали бектің «Жылнамалар жинағында» (1602 ж.) *қарашы* сөзі – осы жоғарғы дәрежелі бек мағынасында қолданылады [*Сыздықова, Қойгелдиев, 1991. 85-86 б.*].

Қарашы бек аталымына қатысты жоғарыда айтылған деректер мен зерттеулерде, бұл терминнің ғасырлар өте келе «бұқара», «қара халық», «жалшы» мағынасына ауысқаны байқалады. Бұл ретте қарашы бектердің қарамағындағы ұлыстарды мекен еткен жұрттардың «қарашы бек басқаруындағы халық», яки «қарашы елі» деген ұғымда пайымдалғанын ескерсек, олардың бірте-бірте «қарашы, қарашылар» деп атауға өзгеруі мүмкін екенін де болжауға болады. Хандық биліктің әлсіреуінен кейін әуелі қуатты тайпабасы мен ұлысбектерге тән болған байырғы «қарашы бек» терминінің семантикалық өрісі өзгеріп, ол «бағынышты, тәуелді, қара халық өкілі, қараша», «қожасының шаруасын шаруалаушы, жалшы» мағынасына ауысты. Бірте-бірте хан, сұлтандарға бағынышты, экономикалық жақтан кіріптар халықты «қараша» деп атау қалыптасты. Байлар мен ел билеушілерінің де өз айналасына бұрынғы хандар дәстүріндегі секілді қызмет көрсететін топтарды ұстауына орай, әлеуметтік мәртебесі төмен бұл қауымның бірқатары қарашы (қазақ мысалында ақсүйек емес, қарасүйек, қара халық – қараша) деп аталса, бірқатар реттерде «жалшы, қызметші» мағынасында қолданылды.

«Төрт қарашы бек» жүйесіндегі аса маңызды тұлға – *бектербек* (*беклербек, беклярибек*) мансабы еді. *Бектербек* – «бектердің бегі», яғни «ең үлкен бек» деген ұғымды білдіреді. Оны *Ұлықбек* – ең «ұлы бек», кейінгі кезеңдерде «*Ұлы би*» деп те атады. Ол Алтын Орда империясындағы ханнан кейінгі екінші лауазым. Жошы ұлысының хандары бұл жоғарғы қызметке лайық

адамды төрт қарашы бектің арасынан өзі таңдап, хан кеңесінің талқысына салды. Бектербек мансабына көбіне қуатты тайпалардың көшбасшылары мен әлеуетті ұлыстардың жетекшілері, хан әулетіне жақындығы, құда-жекжаттығы бар тұлғалар іріктеліп, сайланды. Бектербекке аса зор міндеттер жүктелді. Оның тікелей құзырына *бас қолбасшылық, сыртқы істер мен сот-құқық билігі* қарады. *Дін істерін, ұлысбектер мен түменбасылар қызметін, қарашы бектер кеңесін* басқарды. Яки, бектербек лауазымын бір жағынан қазіргі кездегі премьер-министр қызметімен де салыстыруға келеді. Сонымен бірге бектербек өз тайпасына тиесілі ұлыс басшысы – *ұлысбек* міндетін де қатар атқарды. Ал ордадағы ханнан кейінгі үшінші лауазым – *уәзір* қызметін атқарған адам, негізінен қаржы, алым-салық жинау мәселелерімен айналысты [*Федоров-Давыдов, 1973. 89-102 б.; Егоров, 1985 166-172 б.*].

Жошы ұлысы тарихында елеулі орны бар түрк бектербектері арасында Өзбек хан (1313-1342) мен оның баласы Жәнібек хан (1342-1357) билік құрған, яки Жошы ұлысының күш-қуаты кенересінен асып-тасыған кезеңдерінде Құтлықтемір, Исабек, Исатай, Нағанай, Моғұлбұға, Құтлықбұға сияқты тарихи тұлғалардың есімдері айрықша мәшһүр болды. Бердібек ханның (1357-1359) тұсынан бастап, ұлықбек лауазымын әлденеше мәрте иеленген Мамай, XIV ғасырдың соңынан әйгілі бектербек атанып, Маңғыт (Ноғай) Ордасының негізін қалаған Едіге сынды тұлғалардың ұлыбилік замандары дәуірледі. Әрқайсысы ірі-ірі түрк тайпаларының көсемдері болған бұл тұлғалар мен олардың ұрпақтарына қатысты деректердің қазақтың этносаияси үдерістерімен сабақтасып жатқан тұстары да өте мол.

Біз осы мәселе орайында Жошы ұлысы құрамындағы әлеуеті зор **Хорезм ұлысын билеген**, әуелі Алтын Ордадағы «төрт қарашы бектің» бірі атанып, кейіннен әйгілі бектербектер қатарында мәлім болған қос тұлға – қоңырат тайпасынан шыққан **Құтлықтемір** мен **Нағанай** бектер туралы зерттеуімізді назарға ұсынамыз.



ҰЛЫҚ ҰЛЫС ЗАМАНЫНА ДЕЙІНГІ ХОРЕЗМ

Орталық Азияның ежелгі тарихында байырғы өркениет ошақтарының бірі Хорезм өңірінің алар орны аса айрықша. Әмударияның төменгі ағысында орналасқан бұл тарихи-мәдени аумақта адамзат тіршілігінің дамуы мен қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан өндіруші шаруашылықтың ілкі жетістіктері дүниеге келген. Суармалы егіншіліктің озық дәстүрлері өркен жайып, алғашқы мемлекеттік құрылымдар ірге көтерген.

Хорезмнің көне тарихына қатысты археологиялық жәдігерлер осы аумақта неолиттік *келтемұнара* (келтеминар) мәдениетінің, оның тікелей жалғасы іспетті *тазабагөб*, *суберган* және осынау құнарлы дәстүрлерді алмастырған *әмірабад* мәдениеттері өркен жайғанын дәйектейді. Соңғы қола дәуірінде Хорезм мен Сырдарияның төменгі ағысындағы мал шаруашылығымен басым айналысатын жұрттар арасындағы қарым-қатынас артады. Нәтижесінде Хорезмнің жүздеген жылдар бойы Арал теңізінің айналасындағы кеңістікте мекен еткен сақ-массагет тайпаларымен тарихи жағынан тығыз байланыста болған мәдениеті қалыптасады.

«Авестадағы» әлемнің топан судан кейін жеті каршварға (аймақ, өңір, ел) бөлінгені туралы эпсана желісінде де, оның орталық каршвары Хварината (арбалылар елі) деп аталып, ол теріскейі қазіргі Қазақ даласы, күнгеі Вахви-Датия (Әмудария) арасын алып жатқан, яғни Хорезм аумағы да қамтылатын кеңістік екендігі меңзеледі. Парсы Дарий патшаның Бехистун жартасындағы жазуы мен Геродоттың «Тарих» кітабында Хорезм Ахемен империясы қарамағындағы ел ретінде сипатталады. Ж. с. д. IV ғасыр шамасында өз тәуелсіздігіне қол жеткізген Хорезм тез арада қуатты мемлекет қатарына көтеріліпті. Ұзақ уақыт парсы билігінің ықпалында болған елде ортапарсы мен соғды тілдерінің қоспасына жуықтайтын хорезм тілін дамыту қолға алынып, арамей қарпі негізіндегі хорезм жазуы дүниеге келіпті. Ол араб жазуы келіп ығыстырған ж. с. VIII ғасырға дейін ресми дәрежеде қолданыста болып, біртін-біртін жойылуға ұшырапты. Хорезм тілінің өзі де кейіннен қолданыстан шығып, орнын түрк тілі басқан.

Сақ заманына қатысты дереккөздерде парсының ахемен империясына қарсы өткен шайқастарда «өмір салттары сақтармен бірдей, алтын бұйымдары мол, қуатты, күнге табынатын *массагеттердің* Каспий теңізінен шығысқа қарай қоныстанғаны» жөнінде айтылады [Геродот, 1999. I. 201-216 б.]. Сол массагеттермен қатар Арал өңірі аймағындағы халықтар арасында, *апасиақ* ныспылы тайпа да қабаттаса аталып жатады. Зерттеушілердің пайымдауынша, ол массагет этнонимінің балама атауына саяды. Мұны парсының Ахемен дәуірінің соңғы кезеңі мен Македонский тарихшылары жазған дереккөздерде *массагеттердің* орнын *апасиақтардың* алмастырғанынан да байқауға болады. Грек пен рим жылнамашылары да Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағыстарын қамтитын далалық аймақтарда *апасиақ* атты қуатты тайпаның мекендегенін дәйектейді. Бұл бір жағынан, археологиялық тұрғыда осы аумақта жергілікті сақ-массагет тайпаларының мәдени дәстүрлері негізінде ж. с. д. V ғасырда түзілген Хорезм, Шірікқабат, Жетіасар мәдениеттері дәуіріне сәйкеседі [Пьянков, 2004. 723 б.]. Сырдария мен Әмударияның төменгі алабында өркен жайған бұл мәдениеттер туралы кезінде орыс ғалымы С. П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедициясының қыруар деректер жинағаны белгілі [Толстов, 1962: 136-204 б.; Толстов, 1948. 98-99, 104-105, 125-138 б.]. Сол зерттеу қорытындылары бойынша, *апасиақ* этнонимінің «өзен сақтары» мағынасын беретіндігі, оның Страбон жазбаларындағы «аралдарда тұратын массагеттермен» шендесетіні, Үзбойдан Хорезмнің солтүстік шекарасын қамти Жаңадарияға дейінгі қалың өзен-көлдер аймағын қоныс етуіне байланысты олардың осылай аталғаны дәйектелді. Ғылымда ежелгі Хорезм мемлекетінің ж. с. д. IV ғасырдан бастап шарықтаған кезеңін – «Авестадағы» *кангха*, грек жазбаларындағы *хорезм*, қытай деректеріндегі *қаңжүй* (*кангюй*) атауларына орайластыра Қаңха-Хорезм мемлекеті деп біріктіре атау үрдісі бар. Сол ғасырларда Әмудің төменгі алаптарында маржандай тізілген көптеген көне шәһарлар орны мен деңгейі биік археологиялық мәдениет дәстүрлері аталған мемлекеттен қалған айқын жәдігерлер ретінде бағамдалады [Толстов, 1948. 142-152 б.; Толстов, 1948a. 13-26 б.; Толстов, 1962. 117-136].

Арнасы сонау дәуірлерде құрғап қалған Ақшадария алабында, сондай-ақ Әмударияның Үзбой өзені арқылы Каспий теңізіне құйып жатқан замандарындағы тарам-тарам мол сулы салаларының бойында самсай бой көтерген қалың қалалар мен қорғандардың, зәулім сарайлардың бүгінгі мүжілген қабырғалар мен үйінділер түрінде қалған сұлбаларының өзі де аса заңғарлығымен таңғалдырады. Арабтардың осы өңірді жаулап алу кезеңіне қатысты деректерде Хорезм – *Мың қала елі* деп аталыпты. Топыраққала, Аязқала, Жанбасқала, Қойқырылған қала, Қызылқала сияқты қуатты қамал-қорғандардың жалпақ кам кірпіштен қаланған биік қабырғаларындағы садақ ататын ойықтарының да осы күнге дейін көп бұзылмай сақталғаны (мәселен, Аяз қала, ж. с. д. III-II ғ.) сол замандарда құрылыс жұмыстарының ерекше сапалы деңгейде атқарылғанын айқын аңғартады. Әрі ол ойықтар арасының тым жиі орналасуы, қамал-қаланы көп адамның қорғағанынан, яки ол дәуірлерде жаугершілік қимыл-әрекеттердің мол болғандығынан да хабардар етеді.

Хорезм ж. с. д. I ғасырдың соңында батыс хұндардың қуатты одақтасы ретінде танылып, одан кейінгі кезеңдерде Қусан патшалығының ықпалында болады. Ал 305–995 жылдар аралығында Хорезмді өздерін хорезмшаһтар деп атаған Африг әулеті билейді. Кей деректер бойынша, олардың түп төркіні түрк текті *ас* жұртымен сабақтасады. Африг әулеті түздік сақ-массагет тайпаларының қуатты бір сынығы ақ хұн (эфталиттер) мемлекетімен (Y-YI ғ.), одан кейін түрк қағанаттарымен (YI-YII ғ.) тәуелсіз, тең дәрежелі одақтастық қарым-қатынастар құрған.

X ғасырда Хорезм өңірінде өрлеудің жаңа кезеңі басталады. Аймақта қолайлы тарихи-саяси жағдайдың туындауына байланысты маңызды сауда жолдарының өтінде тұрған Оңтүстік Хорезмдегі астана қала Қият пен Солтүстік Хорезмдегі Үргеніш шәһары жедел дамып, сол дәуірдегі ірі өркениет ошақтарына айналады. Африг патшалығының астанасы Қият қаласы (ғылыми дәйек бойынша, ол хорезм тілінде – *хā`ит*, түздегі бекініс дуал, қабырға дегенді білдіреді) ортағасырлық араб дереккөздерінде Бұхарадан әлдеқайда зор шәһар ретінде сипатталады [*Бартольд, 1963, Т. 3. 475-476 б.*]. Бұл үлкен ғылым мен білім орталығында

әлемге әйгілі ғалым Бируниден бастап көптеген оқымыстылар дүниеге келген, өмір сүрген, өнімді еңбек еткен.

Алайда қаланың әрі қарай қанатын кеңге жайып дамуына Әмударияның тасқын суының қайта-қайта қауіп төндіре беруі бөгесін болған көрінеді. Ағыны қатты дарияның оң жағалауын орып тұруы салдарынан, мол су шәһарға жылдан-жылға жақындай түсіп, тасқын кездерінде астананың орталық қорғанын, мұнаралы мешітін, хорезмшаһ сарайын сел басып қалатын болыпты. Ақыры сол табиғи зардап әсерінен X ғасырдың соңында қаланың байырғы орталығындағы бұл ғимараттардың бәрі жойылып бітіпті. Сөйтсе де, дариядан қайта-қайта төніп тұрар қауіп Қияттың тіршілігін со бойы тоқтата алмаған көрінеді. Оңтүстік Хорезм сәулетшілері бұрынғы қамалдың шығыс тұсынан жаңа қала тұрғызуды қолға алып, оны да тез арада әсем шәһарға айналдырыпты [Бартольд, 1963, Т.1. 199-202 б.; Джаббаров, 2014. 113 б.].

Қият қаласы су қатерімен күресу барысында шығынға ұшырап жатқан осы кезеңдерде Теріскей Хорезмнің орталығы, батыс пен шығыс елдері арасындағы сауда байланыстарының өрістеуі аса қолайлы әсер етуі нәтижесінде, ең бай шәһарлардың қатарына қосылған Үргеніш хорезмшаһ билігінен тәуелсіз, өз хәкімі бар дербес даму жолына ашық бет бұрыпты. Оның соңы Үргеніш хәкімі Мамун ибн Мұхаммедтің күллі Хорезм билігін өз қолына алуға ұмтылып, 995 жылы Қиятты басып алумен аяқталады. Африг әулетінің соңғы хорезмшағы Әбу Абдуллаханды өлтіріп, өзін дара әмірші етіп жариялайды. Мамун әуелі Қиятта отырып, билік құрғанымен, оның інісі II Мамун (999-1017 ж.) таққа мінгеннен кейін ел астанасы Үргенішке ауысады.

Хорезмнің бұдан кейінгі тарихы да түрк текті билеушілермен тығыз байланысты өрбиді. Әуелі 1017 жылы аймақ түп-түқияны түрк тұқымды қайы тайпасына жататын Махмұд Ғазнауи сұлтан мемлекетіне бағынады. Содан 1043 жылдан оғыз түрктерінің қынық тайпасынан шыққан Салжұқ әулеті құрған империя қарамағына өтеді. XI ғасырдың соңынан Хорезмнің салжұқтар билігінен құтылу ұмтылыстары оғыздың *бегделі* руының өкілі Ануштегін сынды тұлғаны тәуелсіздік жолындағы күрес майданына алып шығады. Өзінің

алғырлылығымен, қарапайым құл боп жүрген жерінен, көзге түсе келе Салжұқ империясының Хорезмдегі басқарушысы (мутасарифі) дәрежесіне дейін өскен ол, осы қызметін пайдалана отырып, хорезмшаһ лауазымын қайта қалпына келтіру әрекеттерін бастайды. Ақыры бұл биік атақ 1097 жылы оның орнына тағайындалған баласы Құтб ад-Дин Мұхаммедке бұйырады. Содан Хорезм аймағы Ануштегіннің шөбересі Тәж ад-Дин Ел Арысланның кезінде ғана Салжұқ ықпалынан толықтай құтылады. Ал Ел Арысланнан кейінгі хорезмшаһтар: Ала әд-Дин Текеш (1172-1200) мен оның ұлы Ала әд-Дин Мұхаммед (1200-1220) тұсында Хорезм – Сырдария алабынан Ирак жеріне дейінгі алып аумаққа толығымен билік жүргізген, мұсылман әлеміндегі ең қуатты империяға айналады [Буниятов, 1986.].

Бұл кезде ел астанасы Үргеніш те ерекше ірілігімен, сәулетті келбетімен әркімді де тәнті ететін дәрежеге дейін шарықтап өседі. Моңғол жорығы басталардың алдында ғана (1219 жылы) Үргенішті көрген араб жиһангезі, һәм географы Якут әл-Хамиви өз жазбаларында Хорезм астанасын: «Мен өз өмірімде дәл мұндай бай, әсем қаланы еш жерден кездестірген емеспін. Менің ойымша, әлемде шексіз байлығымен, көлемінің ауқымдылығымен, халқының молдығымен және ғажайып сұлулығымен даңқы шыққан Үргенішке тең келер қала жоқ», – деп тамсана суреттепті [Джаббаров, 2014. 113-114 б.].

Рәшид әд-Диннің «Жылнамалар жинағында» Үргеніштің Шыңғыс хан жорығы кезінде, оның балалары Жошы, Шағатай және Өгөдей бастаған қалың әскерге жеті айдай берілмей, қорғаныс соғыстарын жүргізгені айтылады. Хорезм астанасының тұрғындары өз қаласын жанқиярлықпен қорғап, талай кескілескен шайқастар өткізеді, екі жақтан да адам шығыны көп болады. Шежірешінің жазуынша, текетірестің мұнша ұзаққа созылуына, бір жағынан, ағалы-інілі Жошы мен Шағатай арасында туындаған дүрдараздықтың, бір-бірімен келіспеушіліктің де салқыны тиген көрінеді. Ақыры Шыңғыс ханның зілді пәрменімен бас қолбасшылықты өз қолына алған Өгөдей, екі ағасының көңілдерін таба отырып, әкелері алдарына қойған тапсырманы қалтқысыз орындап шығады. Тістескен шайқастарға тайсалмай кірісіп, жеті күн дегенде шәһарды түгел бағындырады. Тірі қалған тұрғындарды қала сыртына шығарып,

арасынан жүз мыңдай қолөнершіні бөліп алып, шығысқа жібереді, әйелдер мен балаларды құлдыққа айдайды, қалғандарын өлім жазасына кесіп, қан қасап қырғынға ұшыратады. Қала үйлері де тұтас дерлік киратылады [*Рашид ад-дин, 1952. Т. 1. Кн. 2. 215-217 с.*].

Содан былай Хорезм Жошы ұлысы (Алтын Орда) құрамындағы уәлаятқа айналады. Хиуа тарихшысы Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» бұл туралы былайша жазылған. «Жошы [Шыңғыс ханның] барша оғланларының (ұлдарының) үлкені еді, оған үлкен әскер берді де, Дешті Қыпшақ уәлаятына тағайындап жіберді: «Аттарыңа йәм (жайылым) болсын» деп Хуарәм (Хорезм) уәлаятын [тағы] берді. Жошы хан Дешті Қыпшаққа бет алып, әйгілі Ұлытауға жетті. Бір күні, тауда аң аулап жүргенінде оған бір табын марал-киіктер кезігеді. Аңды қуалап жүріп атарда, ол атынан жығылды да, содан мойны үзіліп, мерт болды» [*Өтеміс қажы, 2005. 156-157 б.*].

Еке Мұғұл ұлысының жойқын жорығынан қатты күйреуге ұшырап, жермен-жексен болса да, Үргеніш Жібек жолы өтіндегі тоғыз жолдың торабында орналасуының арқасында еңсесін қайта тіктеп, аз жылда-ақ Жошы ұлысының бақуатты, сәулетті шәһарларының біріне айналып үлгерді. Бұрынғы замандар көшінде де Ұлы Дала кеңістігінде салтаттылар құрған неше қилы империялармен тығыз қарым-қатынастықта ғұмыр кешкен Хорезмнің Алтын Орда дәуірінде өркендеуіне Дешті Қыпшақпен ортақ әкімшілік-экономикалық аумақта аралас-кұралас өмір сүргені де өз әсер-ықпалын тигізді. Далалық тайпалардың Әмудария алабына, тұтас Мәуараннахр аймағына қоныстану үдерісі күшейіп, отырықшылық пен түздік мәдениеттердің өзара ықпалдастығы артты.

Еуразияның алып мемлекеті дәрежесіне көтеріліп, айналасындағы елдермен сауда-экономикалық қатынастарды мейлінше нығайтуы нәтижесінде байлық пен молшылыққа кенелген Жошы империясының өркендеген күш-қуаты оның жеке-жеке ұлыстарының бақуатты жағдайынан да байқалып жатты. Олардың қатарында Хорезм ұлысы, оның астанасы Үргеніш шәһары да қайтадан ырыс пен берекенің айқын көрінісіндей боп салтанатты сарайларымен, сыңсыған базарларымен, мұнаралары самсаған мешіттерімен, арылы-берілі

өткен саяхатшыларды әрдайым таң-тамаша қалдыратын деңгейден көрінді. Бұл орайда қаланың өркендеп, өсуіне Алтын Орда хандары тарапынан тағайындалып отыратын, бір кіндіктері Ұлы Дала төсіндегі киіз туырлықты жұрттармен тығыз байланысып жатқан түрк текті ұлысбектердің, дәлірек айтқанда қоңырат бектерінің де үлесі мол болғанына назар аудару ләзім.

Жеке еншісіне Хорезм мен Дешті-Қыпшақ аумағы тиген Жошы ханзада ұлыс күнгейіндегі Үргеніш өңірін Шыңғыс хан әулетінің бағзыдан бергі құдандалы жұрты – қоңырат бектерінің басқаруына береді. Өзбек хан мен Жәнібек хандардың билігі тұсында әйгілі *бектербектер* ретінде танылған **Құтлықтемір** мен **Нағанай** да сол хорезмдік қоңыраттар ортасынан шыққан саңлақ тұлғалардың қатарынан еді [*Бейсенбайұлы, 2021. 3-25 б.*].



ХОРЕЗМ БИЛЕУШІСІ ҺӘМ ҰЛЫСҚА ТІРЕК БОЛҒАН ҚҰТЛЫҚТЕМІР БЕКТЕРБЕК

Жошы ұлысының беделді тұлғалары мен әулеттері туралы дереккөздерде Хорезмнен шыққан түрк бектері мен әмірлері туралы мағлұматтар баршылық. Олардың дені Мөңке-Темір (билік құрған жылдары -1267-1282 ж.), Тоқтай (1291-1312), Өзбек (1313-1341 ж.), Жәнібек (1342-1357 ж.) сынды хандар кезінде тақ мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен, сондай-ақ Жошы ұлысында исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуына өз үлестерін қосқан елеулі тұлғалар қатарында байыпталады.

Сириялық тарихшы Әл-Бирзалидің (1264-1339 ж.) жылнамасындағы деректерге қарағанда, Хорезм аймағын негізінен аты-жөндері «темір» деген есім тіркеспен аяқталатын әулет ұрпақтары билеген сыңайлы. Мәселен, 13-ғасырдың соңындағы Хорезм ұлысбегінің аты-жөні Мәліктемір деп аталған. (Бұл тұлғаны бір жағынан, Құтлықтемірдің туысы, бәлкім әкесі немесе ағасы ретінде жорамалдауға да болатындай). Әл-Бирзали өз жылнамасында Ұлық ұлыстың белгілі ғұламаларының бірі ретінде танылған шейх Аладдин Номан әл-Хорезми туралы сөз ете отырып, оның 1259 жыл Үргеніште дүниеге келгенін, 21 жасынан бастап мұсылман елдерін аралап, логиканы, диалектиканы, медицинаны оқығанын, 1301 жылы туған жеріне қайта оралғанын, Хорезм ұлысбегі Мәліктемірдің жеке шипагері болып, қалалық аурухананы басқарғанын жазады [Тизенгаузен, 2005. 142-145 б.].

Мәліктемірден кейін Хорезм ұлысбегі тағына Құтлықтемір отырған болуы керек. Себебі, араб жылнамашылары Ибн Дукмак, Ибн Халдун, Әл-Айни қалдырған деректерде Құтлықтемірдің Алтын орданың ұлы ханы Тоқтайдың кезінде-ақ (1290-1312) *бектербек* лауазымында болғандығы айтылады [Тизенгаузен, 2005. 242-248, 274-286, 360-382 б.]. Яки оның аса жоғары *бектербек* қызметіне жеткенге дейін әуелі ұлысбектік сатыдан өтуін қисынды десек, Хорезм әмірі мәртебесінің Мәліктемірден кейін Құтлықтемірге тиюі де иланымды. Бұл ретте оның бұрынғы ұлысбекке жақын жүрген әрі Хорезм мұсылмандарының көрнекті пірлерінің бірі ретінде танылған Аладдин Номан әл-Хорезмимен

тығыз қарым-қатынас құрғандығына назар аударсақ та жеткілікті. Өйткені, бұл шейхты кейіннен Жошы ұлысында исламды мемлекеттік дін ретінде уағыздауға пайдалану мақсатымен Тоқтай хан сарайына арнайы алдырған Құтлықтемірдің өзі болатын. Демек, сол заман қажеттілігінен туындаған бұл маңызды мәселенің төркіні әу баста Құтлықтемір Үргеніште ұлысбек қызметінде жүрген жылдары пісіп, жетілді деуге келеді. Ол кез Хорезм өңірінде ислам дінінің ханафи мәзһабының жаңғыра өркендеп, хақ діннің халық арасында орнығуына үлкен әсер-ықпалы тиетін сопылық ілімнің де гүлдеп тұрған шағы еді. Кубра, Йассауи, Бақырғани сынды сопы ғұламаларының есімдерін қалың қауым пір тұта қадірлеп, уағыздарын мінәжат тұтатын. Араб саяхатшысы Ибн Баттута сопылықтың кубра тариқатының негізін қалаушы шейх Нәжмәддин Кубраның Үргеніштегі бейітінің басы сол әулиеге тәу етіп, зиярат етушілерден еш босамайтынын ерекшелеп атап өтетіні бар [Тизенгаузен, 2005. 234-б.]. Жошы ұлысына, Еділ бойына исламның шым-шымдап жайылуы, әуелден-ақ Хорезм арқылы, оның саудагер жамағаттары мен діни ғұламалары арқылы атқарылғаны белгілі. Енді тағдыр оның мемлекеттік дін деңгейіне көтерілу мәселесіне де сол Хорезмнен шыққан пірлердің тікелей араласуын бұйырып тұр екен. Және ол сауапты істен сол дуалы ауыз пірлердің жолын қуушы мүридтері қатарындағы ұлысбек Құтлықтемір де шет қала алмаған, өзі бас болып, құлшына кірісіп кеткен еді [Васильев, 2007. 15-32 б.].

Құтлықтемірдің Жошы ұлысының ханы Тоқтайдың (бұл есім кей дереккөздерде Тоқта, Тоқты, Тоқтаға түрінде де ұшырасады) билігі кезінде-ақ *бектербек* лауазымына қол жеткізуін оның хан әулетіне жақын туыстығы тұрғысынан да түсіндіруге болады. Оның Шыңғысханның қайын атасы, қоңырат Дей ноянның әйгілі әулетінен шығуы иланымды екендігін былай қойғанда, өз заманында Тоқтай ханның күйеу баласы ретінде алар орны мен беделі де салмақты еді. Араб жиһангезі Баттутаның (1304-1377 ж.) жазуы бойынша, Құтлықтемірдің анасы – Өзбек ханның әпкесі боп келеді. Оған қоса Құтлықтемірдің өз баласы Харұнбек те Өзбек ханның Тайдулы атты ханымынан туған қызға үйленген [Тизенгаузен, 2005. 235 б.; Почекаев, 2010. 154-156 б.]. Яки, ол да

әкесі сияқты, ханның туған күйеу баласы (күрген, көрген) болатын.

Рәшид әд-диннің жылнамасы бойынша Тоқтай ханның шешесі – қоңыраттың дүмді қарашы бегі, Дей ноян мен оның інісі Дәрітайдың тұқымдары боп келетін Салжыдайдың қызы Олжай ханым [*Рашид ад-дин. 1960. Т. 2. 72-73 б.*]. Яғни, Тоқтайдың өзі де арғы бабалары Шыңғыс, Жошы, Бату секілді қоңыратқа туған жиен болып келеді. Жошы ұлысын 1266-1282 жылдар аралығында билеген Мөңкетемір ханның бәйбішесі, текті тұқымнан тарайтын Олжай ханым (оның анасы – Шыңғыс ханның кенже ұлы Төленің немере қызы Келміш бегім еді) өзінен туған Тоқтайға да қоңыраттың қос қызын әперіпті. Қадырғали Жалайыр оларды: «бірінің аты Болған хатун, екіншісінің аты Тұғылша хатун, қоңырат қауымынан еді» [*Қадырғали, 1997. 15, 92 б.*], деп жазады.

Ұлық ұлыстың ханы Мөңкетемірдің он ұлы болған. Алайда олардың біразының билік жолындағы тайталастар барысында дәмдері таусылған. Мөңкетемірдің бесінші ұлы Тоқтай әкесінен қалған алтын таққа тек сегіз жылдан кейін ғана жамбасы эзер тиген соң, оны өз тұқымынан басқа ешкімге қиғысы келмегендей қиянат әрекеттерге барыпты. Өзінен кейін тақ үлкен ұлы Елбарыстан басқа ешкімге бұйырмағанын қалап, бауырларының көзін түгел жоюдан тайынбапты, тіпті кенже інісі Тоғырылдың да түбіне жетіпті, деген әңгімелер айтылады дереккөздерде. Алайда хиуалық шежіреші Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» шығармасында (XVI ғасыр) Тоғырыл науқастанып, өз ажалынан қайтыс болған екен, деген жорамал да ортаға тартылады. Тоғырыл о дүниеге озғаннан кейін оның аса көрікті Баялын атты әйеліне (ол да қоңырат қызы) Тоқтай хан әмеңгерлік жолмен қосылыпты. Алайда күндердің күнінде ханның тақ мұрагерлігіне дайындап, аялап өсірген ұлы Елбарыс да күтпеген жерден қазаға ұшырайды. «Енді тақ билігі бөгденің қолына өтетін болды», деп қайғыға көміліп, қатты күйзеліске түскен Тоқтайға Баялын ханым (оны дереккөздерде «Келін Баялын» деп те атайды) өзі бүгіп келген құпияны ашады. Сөйтсе, хан туған бауырларынан тараған ұрпақтарды да аямай көздерін жойып жатқан кездерде Баялын күйеуі Тоғырылдың баласы (шамасы басқа әйелден туған) Өзбекті шеркес уәлаятына асырып жіберіпті. Жақында он төрт

жасқа толмақ. Бұл хабарды естігеннен кейін бәрінен күдер үзіп, күңіреніп отырған Тоқтай қуанышы қойнына сыймай, дереу сол ханзаданы алып келуге пәрмен береді [*Өтеміс қажы, 2005. 214-218-б.*].

Елбарыстың (Елбасардың) қазасы араб тарихшысы Бадр ад-Дин әл-Айнидің (1361-1451 ж.) жылнамасындағы деректермен де үйлеседі. Онда Тоқтайдың баласы Елбасардың 1309 жылы өз ажалынан қайтыс болғаны атап көрсетілген. Сондай-ақ онда сол жылы Тоқтайдың ағасы Бұрлықтың да көз жұмғаны жазылған [*Тизенгаузен, 2005. 360-362-б.*].

Назарға алынып отырған заман туралы мағлұматтарға сүйенсек, ханның туған жиені Құтлықтемірді бұл жылдары Тоқтайдың жанындағы ең жақын тіректерінің бірі, *бектербек* лауазымындағы тұлға ретінде көреміз. Осы дүмді қызметінің арқасында ол шейх Аладдин Номан әл-Хорезмиді ордаға алдыртып, ақырын-ақырын Тоқтайдың тамырын басып, ислам дінін мемлекеттік деңгейге көтеру мәселесіне икемдетеді. Тоқтай да, сонау жылдардың өзінде мұсылмандыққа жеке басы құлай бет бұрған Берке хан (Жошының үшінші ұлы, Алтын Орданың 1256-1266 жылдардағы билеушісі) аталарының жолын қолдап, бұл діннің өркендеуіне бейіл беруге онша кет әрі емес. Алайда ордада исламның қарсыластары да жетерлік, ханның осы ниетін теріске балап, аяғымды аспаннан келтірмесе екен деп тартыншақтай беретіндей. Осы ретте Құтлықтемір үшін жаңа ханзаданың табылғандығы туралы хабар бұл маңызды шаруаны орайластырудың ұтымды мүмкіндігі ретінде де қабылданғандай көрінеді.

Өзбекті хан ордасына алдырғаннан кейін Құтлықтемір мен Номан қазірет оны ислам іліміне бейімдеуге шындап кіріседі. Жошы ұрпақтары арасынан ханзаданы жоқ еткісі келетін жауларының әлі де жеткілікті екенін, ал егер Өзбек ертең хан бола қалған күнде, исламның мәртебесін көтеруге уағда берсе, өздері тарапынан оны Тоқтайдан кейін таққа отырғызуға барынша қолдау көрсетілетінін құлағына құя береді. Құтлықтемір бұл шаруаға туыстық жағын алға тарта отырып, ордадағы беделі де, байлығы да зор Келін-Баялындың өзін (яки ханзаданың кіші шешесін) де белсенді түрде араластырады. Жиған-терген дүниесін сол мүдде жолында жаратуға үгіттейді, делінеді әл-

Айни жылнамасында. Сондай-ақ осы дереккөзде Құтлықтемір Тоқтай ханның жанында бектербек болып жүрген жылдары Хорезмнің ұлысбегі лауазымын Баялының ағасы қоңырат Байтемірдің (назар аударыңыз, бұл есімде де «темір» қосымшасы бар) атқарғаны туралы да айтылады [Тизенгаузен, 2005. 361-362 б.].

Ғылыми дереккөздер арасындағы Рәшид әд-диннің «Жылнамалар жинағының» жалғасы» деп аталатын, авторы мәлімсіздеу, бірақ мағлұматы тиянақты еңбекте Өзбек ханзада ордаға жеткізілгеннен кейін Тоқтай ханның оған үлкен сенім білдіріп, қолбасшылық дәреже бергендігі жазылған. 1312 жылы Тоқтай Өзбекті қолбасшы етіп, ел шетіндегі қосындарға аттандырады да, өзі Жошы ұлысына алым-салық төлейтін орыс жұрты жағын бір аралап қайтпақ боп кемемен Еділ бойлай сапарға шығады. Алайда империя астанасы Сарай-Берке шәһарынан көп ұзамай жатып, тамыздың 9-шы жұлдызында оның денсаулығы күрт нашарлап, дүниеден озады. Осы хабарды ести сала Өзбек әскерін тастап дереу астанаға оралады. Ал бұл кезде ордада Жошының оған қарсы бірқатар ұрпақтары тарапынан жас сұлтанға қастандық жасау, ордаға келген уақытында оған тұтқиыл тап беріп, көзін жою амалдары қарастырылып та қойылған еді. Бірақ оны бұл қауіптен алдын-ала Құтлықтемір сақтандырып үлгереді. Хан ордасы төңірегінің тірлігіне әбден тісқақты бектербек әуелде жаулық жасамақ адамдардың пиғылына қосылған секілді боп білдірмей жүреді де, Өзбек келген кезде оған қатер төніп тұрғанын құпиялап жеткізе қояды. Сұлтан дереу ордадан сытылып үлгеріп аман қалады. Қалың әскерімен қайта оралып, қастандықты ұйымдастырушылардың жазасын береді. Тақ иесіне шын берілгендігін айқын танытқан осы жанкешті қызметінен кейін Құтлықтемірдің беделі одан әрі күшейіп, Жошы ұлысының айбынды билеушісі Өзбек ханның ең сенімді бектерінің біріне айналады [Тизенгаузен, 2006. 277-278 б.].

Осы дереккөздегі оқиғаға ұқсас сарын Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесінде» де тарқатылады [Өтеміс қажы. 2005. 216-218 б.]. Бұл тұрғыдан алғанда «Жылнамалар жинағының» жалғасы» еңбегіндегі Өзбек ханның таққа отыруына қатысты

мәліметтер басқа бірқатар дереккөздерге қарағанда қисындылау екенін байқау қиын емес.

Ұлық ұлыстың билігін қолға алған соң Өзбек те Құтлықтемір көздеген үдеге бейіл беріп, мемлекетте ислам дінін орнықтыру ісіне белсене кіріседі. Ажал қаупі басқа төнген қатерлі күндерде жанқиярлықпен қасынан табылып, қолдау көрсеткен ұлықбегіне де әбден сенімді. Оның берген кеңестерін ілтипатпен қабылдайды. Құтлықтемірмен ақылдаса отырып ислам дінінің кіндігі Мысыр мемлекетімен дипломатиялық қатынасты нығайтуды ең әуелгі маңызды шаруалардың қатарында қолға алады. Мәмлүк сұлтаны Насыр Мұхаммедке жолдаған әуелгі мезірет хатында Мысыр патшасын ислам шекарасының одан әрі кеңейгенімен құттықтайды, өзі таққа отырғаннан кейін исламның көп жауларының көзін жойғанын жеткізеді. Жошы ұлысы мен Мысырдың алдағы уақытта да берік ынтымақта бола беретінін, ортақ жауға қарсы бірлесе күресуге әрдайым дайын екендіктерін білдіреді. Бұл ретте Өзбектің ортақ жау деп отырғаны дәл өзіндей Шыңғыс тұқымы, сайыпқыран ханның бәйбішесі қоңырат Бөрте ханымнан туған төрт тірек ұлдың кенжесі – Төленің баласы Хулагудың Иран, Ирақ жерінде құрған елхандар мемлекеті болатын.

Жошы мен Хулагу ұлыстары арасындағы бұл текетірес төркіні – әу баста әзербайжан мен гүржі жеріне деген таластан туындаған еді. Жошы ұрпақтары ол аймақ бабамыз Шыңғыс ханның өсиеті бойынша бізге тиесілі десе, Хулагу елхандары да табиғаты сұлу осынау құйқалы өңірден сірә айырылғысы жоқ, «ол жерді біз қайқы қылыштың жүзімен қан төгіп жүріп басып алғамыз, яки оны бізден бөліп алу мәселесін де сол қайқы қылыштың тілі ғана шешеді», деп оңайлықпен иліге қоймайды. Егес ушыққан сәттерде ағайындылар бір-бірімен сүреніткен соғыстарға да барып жатады. Алайда қанша ұмтылса да Жошы әулеті өзінің көздеген бұл мақсатына Өзбек ханға дейін еш қол жеткізе алмаған еді.

Жошы ұрпақтарының мәмлүк сұлтандарына, бір жағынан, қарамағымыздағы Дешті Қыпшақтан шыққан баһадүрлер ұрпағы ғой деп іш тартқан боп, өздеріне одақтас тұтуға ұмтылатындарының басты бір себебі де осыған саяды. 1303 жылы Хулагудың шөбересі Ғазан ханның Сирияға жорығы сәтсіз

аякталып, мәмлүктерден тас-талқан болып жеңілгеннен кейін, елхандардың сол төменшік шағын пайдаланып қалғысы келген Тоқтай хан Мысырдан көмек те сұрапты. Бірақ Насыр Мұхаммед сұлтан оған «біз Ғазанмен бейбіт бітім жасап қойып едік» деген бұлтарма жауап қайтарған екен [Закиров, 1966. 10-21 б.].

Өзбек таққа мінген соң көп ұзамай-ақ Мысырға келген Жошы ұлысы елшісінің қолындағы Құтлықтемірдің атынан Насыр Мұхаммедке арнайы жолданған хатта, ынтымақтастықты нығайтумен қатар, мәмлүк сұлтанына ордадағы текті тұқым – Тоқтайдың ағасы Бұрлық төренің қызы Тұлымбикені ұзату арқылы, мың жылдық құда болуға ниеттеніп отырғандықтары жөніндегі ұсыныс та бар еді. Насыр сұлтан Өзбек ханның елшісі Маңғышқа үлкен құрмет пен сый-сияпат көрсетіп, Құтлықтемірдің ынтымақтастық пен құдалық туралы ұсыныстарын ілтипатпен қабылдайтынын білдіреді. Қалыңдықты Мысырға жеткізу жайы, құда түсу рәсімдері мен жасау-жабдық мөлшері жөнінде пікірлеседі. Маңғышпен бірге өзінің екі елшісін Жошы ұлысына қоса аттандырып, достық қатынастарға алда да бейіл екенін байқатады.

Қос мемлекет арасындағы байланыстарды нығайтуды көздейтін бұл құдалықтың жөн-жосықтарының атқарылуы да біраз уақытқа созылыпты. Ақыры бес жыл өткесін, 1319 жылдың күзінде ғана 400 адамнан тұратын қыз ұзатушылар тобы қалыңдықты Мысырға қарай алып шығыпты. Оның құрамында алты елшіден басқа, Сарай шәһарының бас қазысы, бірнеше шейхтар да бар еді. Қалыңдықтың жанында жүретін жеңгелері мен құрбыларының, қызметшілері мен құлдарының өзі жыртылып айырылады. Осы орайда біздің назарымызды аударатын бір жайт, сол делегациямен бірге Мысырға Құтлықтемірдің үзенгілес серігі – шейх Аладдин Номан әл-Хорезмидің де аттанғандығы. Оған Жошы ұлысының атынан Меке мен Мәдинада, Құдыста (Иерусалимде) мінәжатханалар салуға бағышталған қаражатты жеткізу міндеті жүктелген болатын...

Ал келер жылы Хулагу мен Жошы ұрпақтары арасында Өзербайжан жері үшін таластың кезекті бір шайқасы өтіпті. Әйтсе де Өзбек пен Құтлықтемірдің Иранға қарсы Дербенттің темір қақпасынан ары өтіп бастаған бұл жорығы да сәтсіз

аяқталыпты. «Вассаф тарихы» мен Ибн Дукмақтың, Әл-Айнидың жылнамаларында Алтын Орда әскерінің асау толқынды Кура дариясынан өте алмай тұрған кезінде, Әбу-Саид падишахтың жаужүрек қолбасшысы Жұбанның жиырма мың әскерімен бұлардың сыртына шығып кетуі салдарынан, ту-талақайы шығып, ойсыраған жеңіліске ұшырағаны егжей-тегжейлі жазылады [Тизенгаузен, 2005. 245-247, 363-367 б.; Тизенгаузен, 2006. 72-177 б.].

Одан кейін Өзбек ханның бектербек Құтлықтемірге қалың қол беріп, Хорасан жақтан Иранға шабуыл жасаған Шағатай ұрпағы Жасауыл Барақұлына көмек беру үшін Хорезм арқылы аттандырған жорығы да сәтсіз аяқталады. Әйгілі ұлықбек бастаған әскер жолшыбай қалың жауған қар мен тұтқиыл соққан боранға ұрынып, көп шығынға ұшырап кері оралады. Бұл жеңілістер тізбегі Өзбекті қатты пұшайман еткен болса керек, ол талай жыл қасында сенімді тірек боп жүрген Құтлықтемірді бектербек лауазымынан босатып, Хорезмнің ұлысбегі қызметіне төмендетіп жібереді. Жаңа ұлықбек етіп, көптен қасында жүрген тағы бір сенімді түрк бегі, үшін Ісабекті (Іса Көркөзді) тағайындайды. Бұл бектербек те Құтлықтемір сияқты хан әулетінің күйеу баласы еді, деп жазады сол дәуір жылнамашылары. Ісабектің хан қызы Үткөшектен көрген перзенті Әметтің де жолы осылайша жалғасады. Әмет Өзбектің әйгілі ұлы Жәнібек ханның қызына үйленіп, өз ханның жанындағы әйгілі бектердің біріне айналады. Әметтің хан қызынан туған баласы Салшы да осал шықпайды. Ол 1375 жылы Қажытарханның әмірі боп тағайындалады. Жылнамашы Ибн Халдун Құтлықтемірдің сол 1320 жылғы Хорезмге шеттетілуінің көпке ұзамағанын, төрт жылдан кейін қайтадан бектербек лауазымына көтеріліп, хан ордасына оралғанын жазады [Тизенгаузен, 2005. 274-275 б.; Бейсенбайұлы, 2014. 407-420 б.].

Өзбек ханның 1332 жылы венециялық көпестерге арнаған алтамғалы жарлығында да қоңырат бектербегі Құтлықтемірдің сол қызметте отырғанын байқаймыз. «...Мозұл ұлысының Құтлықтемір басшылық ететін оң қол, сол қол оғландарына, Азаудың Мұхаммедқожа бастаған мыңбасы, жузбасы, онбасы бектеріне, даруғаларына, баж жинаушылары мен таразышыларына...», деп басталатын жарлық мәтiнiнде оның

есімі баршаға билік жасайтын сол лауазымына сәйкес аталып тұр [Григорьевтер, 2002. 13-28 б.].

Ал екі жылдан кейін Жошы ұлысын аралап, өз сапарнамасы арқылы сол кезеңге қатысты теңдесі жоқ құнды деректер қалдырып кеткен араб жиһангезі Ибн Баттутаның жазғандарынан біз Құтлықтемірдің тағы да Хорезм ұлысбегі қызметіне оралғанын байқаймыз. Үргенішке арнайы соққан саяхатшы Хорезм әмірі Құтлықтемірдің шәһарды өркендетуге қосқан зор еңбегін тамсана суреттейді. Үргеніштің бітіміне таң-тамаша қалып, оны түрк жұртының даңқты базарларымен, кең қолтық көшелерімен, көптеген сәнді құрылыстарымен әйгілі, аса зор да сұлу қалаларының бірі, деп жоғары баға береді. Шәһар тұрғындарының көптігі сонша, олар бір қарағанда, айнала төңіректі теңіздің толқындары сияқты теңселтіп, ырғалтып жібергендей әсерге иелендіреді, деп бейнелейді. Шәһарды Құтлықтемір сынды беделді бек басқарады. Оның зайыбы Төребике бегім де әйел заттылардың асыл үлгісі, ардақ тұтуға лайық өрелі, өте қарапайым жан. Ол Хорезм қазысы Әбу Хафстың әйелі Жижағы қатунның сіңлісі. Үргеніштің мұнаралы бас мешітін осы ханым салғызған. Оның жанындағы медресені Құтлықтемірдің өзі тұрғызған деп жазады. Үргеніш әмірінің байлық пен берекеге малынған салтанатты сарайында рәуішті әңгімелер өткізген сәттерін ілтипатпен сөз ете отырып, ұлысбекті білімі мен білігі құп жарасқан саңлақ тұлға, сол заманның алдыңғы қатарлы қайраткерлерінің бірі ретінде бағалайды [Тизенгаузен, 2005.207-240 б.; Веселовский, 1877. 79-81 б.].

Бұл ретте Құтлықтемір бектербектің Жошы ұлысының астаналары – Сарай-Берке мен Жаңа Сарай (Сарай әл-Жәдид) шәһарларын көркейту ісіне де өз үлесін қосқанын айтпай кетпеске болмайды. Еділ алабында Алтын Орданың негізгі екі астанасы болғаны белгілі. Екеуі де Еділдің сол жақ саласы, қыздың қос бұрымындай боп теңізге дейін ұлы дариямен қатарласа ағатын Ақтөбе (Ахтуба) өзенінің жағасында орналасқан. Тарихшылар көп уақыт ол астаналардың атауларын Сарай-Бату және Сарай-Берке түрінде танып, алғашқысы Бату билеген жылдары (1236-1255), екіншісі Берке хан (1256-1266) заманында ірге көтерді деп келген еді. Алайда, кейінгі археологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша, бұл қос атау бір

шәһардың екі кезеңдегі есімі боп шықты. Парсы жылнамашылары оны Сарай-Бату деп жазғанды дағды етсе, араб шежірешілері қаланы мұсылманшылыққа алғаш бейіл берген Берке ханға деген құрметтерінің белгісі ретінде Сарай-Берке деп атапты. Бүгіндері Қажытархан (Астрахан) қаласынан 80 шақырымдай теріскейде жатқан жойқын қала қирандыларының белгілері сол қос есімді астананың байырғы орны. Ал одан жүз шақырымдай жоғарыда орналасқан Сарай әл-Жәдид (Жаңа Сарай) шәһарының іргесі Өзбек ханның тұсында ғана қалана бастапты. Ғалымдар дәйектеуінше, Өзбек хан сонда жерленген [Егоров, 1985. 111-117 б.].

Өзбек хан пен Құтлықтемір бектербек билік құрған жылдар Жошы ұлысының ең дәуірлеген кезеңдерінің қатарында саналады. Ол уақыт қала құрылысының да айрықша өркендеген шағы. Дереккөздерде байырғы астана Сарай-Беркенің де сол уақыттарда әлемдегі ең сәулетті қалалардың біріне айналғандығын тамсана суреттейді. Демек, ол жарқын істерде жиырма жылдай ханнан кейінгі екінші лауазымды атқарып жүрген Құтлықтемірдің де кәдімгідей мол үлесі, қатысы бар деп айту әбден қисынды. Астана байтақтың көркеюіне бас-көз болу да бектербектің басты міндеттерінің біріне саяды. Сол заманда 75 мыңдай адам мекендеген Сарай-Беркенің асқақ салтанаты Ибн Баттутаның сапарнамасында тайға таңба басқандай анық сыпатталады. Жиһангез онда Өзбек сұлтанның Сарай-Берке атты астанасына қыстығүні Қажытарханнан үш күн жүріп жеткенін жазады. «Шәһар халқы мейлінше мол, иін тірескен сәулетті үйлері, самсаған базарлары, кең көшелері бар өскелең әрі аса әдемі қалалардың бірі. Бірде біз оның көлемін білмек ниетке беріліп, атқа мініп айналып шықпақ болдық. Қаланың бір басында тұратын біз, аздаң үйден шыққаннан, түс ауғанда ғана оның екінші басына әзер жеттік. Сол жерде намазымызды оқып, ауқаттанып алып ымыртта ғана жатын орнымызға қайтып оралдық», – деп жазады Баттута. – «Бір рет қаланың енін байқамақ боп шығып, жарты күнде ғана кейін орала алдық. Шәһарда 13 биік мұнаралы мешіттен басқа көптеген кішігірім мешіттер де бар. Астананың қазысы Бадр ад-дин әл-Арадж – ең үздік қазылардың бірі. Мұнда ислам ғұламасы имам Номан әд-дин әл-Харазмидің де өз құжырасы бар. Мен онымен жолықтым,

ол ең білгір шейхтардың бірі, соншама қарапайым әрі қайырымды жан екен», – дейді саяхатшы. Сапар жазбаларынан Құтлықтемір бектербектің Ұлық ұлыста исламды орнықтыру бағытында атқарған ісіне көп көмек берген бұл шейхты Өзбек ханның да қатты қадірлейтініне куә боламыз. Баттута Жошы ұлысы билеушісінің әр жұма сайын шейхқа арнайы жолығып кететінін, алайда имамның оны қарсы алуға өзі шықпайтынын және хан келгенде орнынан тұрмайтынын таңдана жазады. Хан оның алдына жайғасып, имаммен соншама ізет сақтай отырып әңгімелеседі, шейх та ханға жылы пейіл, құрмет білдіре тіл қатысады [*Тизенгаузен, 2005. 231-232 б.*].

Араб жиһангезі енді салынып жатқан Жаңа Сарай шәһары туралы, ол жаққа жолы түспегесін ештеңе айтпайды. Әрине іргесі сол жылдары көтеріле бастаған бұл жаңа астананың құрылысына да Құтлықтемірдің тікелей араласқаны анық. Сарай әл-Жәдидтің шарықтап өрлеуі негізінен Өзбектің баласы Жәнібек ханның билігі тұсына (1343-1357) дөп келеді.

Шынында Баттутаның еңбегін Жошы ұлысының Құтлықтемір сияқты көптеген тұлғаларының ғұмырына қатысты талай мағлұматты топтастырған ең құнды дереккөз екендігіне мойындамасқа еш лаж жоқ. Мәселен, саяхатшының Өзбек ханның отбасы мүшелері, әйелдері, бектері туралы сөз еткен тұстарынан, ханның алтын шатыр ішіндегі үсті асыл тастармен малынған күміс сирақты таққа отырған кезінде, оның оң жағында үлкен ханымы Тайдулы, оның қасына екінші ханымы Кебек (Нағанай бектің қызы), ханның сол жағында үшінші ханымы Баялын (Константинополь патшасының қызы), оның жанына Ордаша ханым (Исабек бектің қызы) жайғасқаны туралы құнды деректерге жолығар едік. Тақтың алдыңғы тұсында, оң жақта ханның үлкен ұлы Тыныбек, сол жақта екінші ұлы Жәнібек тұрыпты. Олардың алдында ханның қызы Үткөшек жайғасқан. Оң жақ, сол жақтағы орындарда үлкенді-кішілі бектер тізіліп отырыпты [*Тизенгаузен. 2005. 217-223 б.*].

Бұл жерде үшінші боп аталған Баялын ханым туралы бірер сөз айтуға тура келеді. Кей еңбектерде осы ханым мен ана жылдары Өзбектің әкесі Тоғырылдың әйелі болған, Өзбектің аман қалуына және оның хан тағына отыруына көп көмек көрсеткен қоңырат текті Баялынды (Келін-Баялын) шатастырып

жатады. Жас Өзбектің қолына хандық билік тигеннен кейін, оның отбасына бас-көз болу міндетін Құтлықтемір осы қоңырат туысы Келін-Баялынға тапсырған-ды. Өзбек хан да өз тарапынан бұл кіші шешесіне үлкен ізет-құрметпен қарайды. Баялын 1323 жылы қайтыс болғаннан кейін, ол өзіне бар қамқорлығын танытқан ананың әзіз есімін есте қалдыру үшін, византиялық ханшайымға (император Андроник II Палеологтың қызы) үйленгенде, оның христиан есімін өзгертіп Баялын деп атайды [*Григорьевтер, 2002. 196-197 б.*].

Баттутаның Сарай-Беркеден соң ұзақ жол жүріп Хорезмге жетіп, уәлаят ұлысбегі Құтлықтемірге жолыққан кезі әйгілі бектербектің қуаты қайтып, шау тартып, қимыл-қозғалысты азайтқан шағы еді. Саяхатшымен әңгімелескен кезде ол аяғын қымтай жауып отырыпты. Хорезм ұлысбегі түркітердің, әсіресе қоңыраттардың көбінде кездесетін сүйек тасу (подагра) дертімен ауырады екен, деп түсіндіреді мұны араб жиһангезі .

Баттутаның келіп-кеткеніне бір жыл өткенде, яғни 1335 жылдың 26 қарашасы күні астана Үргеніш жұртын үлкен қасірет-мұңға көмдірген қаралы хабар тарады. Қалың елдің қабырғасы қайысып, *«Алланың нұры жауған, жер-жиһанның жарық шамшырағындай, ислам ұлылығының айқын нышанындай болған Құтлықтемір сынды ардақты патшамыздың демі үзілді»*, деп қайғының ащы запыранын жұтты. Сол заман жылнамашылары бұл орны толмас қаза туралы *«Ұлық ұлыстың басты тірегі болған әйгілі тұлға дүниеден озды»*, деп қағаз бетіне түсіріп, алғы дәуірлерге асырды [*Муджмал-и Фасихи, 1980. 60 б.*].

Дереккөздерде «Құтлықтемір бектербектің Мұхаммедқожа және Сарайтемір атты екі інісінің болғандығы» да жазылып қалған. Бадраддин әл-Айнидің пысықтап айтуынша, олар Құтлықтемірге мықты сүйеу боп, ағасы берген тапсырмаларды тыңғылықты орындауларымен ерекшеленген. Құтлықтемір басқарған жорықтарға қатысқан. Жас Өзбек ханды таққа отырғызу үшін жанталас өткен қауіп-қатерлі күндер кезінде де аға қасынан табылып, қолдан келген көмектерін аямаған [*Тизенгаузен, 2005. 361 б.*]. Және бұл қызметтері елеусіз

қалмаған. Өзбек хан еті тірі жиендеріне орданың белді-белді қызметтерін беріп отырған.

Мұхаммедқожа туралы ең құнды деректі біз тағы да сол Баттутадан кездестіре береміз. Қара теңіз арқылы Қырымға келіп, одан соң арбаға мініп Азау қаласына жеткен саяхатшы, осында қаланың даруғасы (әмірі) Мұхаммедқожа әл-Хорезмиге жолыққанын жазады. Екі күннен кейін Азауға Қырымның ұлысбегі Төлектемірдің сапармен келуіне орай үлкен қонақасы берілгенде, Баттута сол дастарқанның сыйлы меймандарының бірі болады. Жылқы еті, қымыз және боза молынан тартылған астан кейін құран оқыла бастады, деп жазады жиһангез. Оны құранның соншама әдемі маһаммен оқылғаны риза етеді, сондай-ақ уағыз айту кезінде, әуелі оның арабша, содан соң түрк тілінде қайталанғанын атап өтеді. Құраннан кейін мәнерлеп өлең оқу мен ән айтуға кезек беріліпті. Алдымен арабша, сосын парсыша мен түркшеге ауысыпты. Кәдімгідей ән мен поэзия сайысы салтанат құрыпты [Тизенгаузен, 2005. 213-214 б.]. Мұхаммедқожа бектің шаңырағында өткен осы кешті сипаттаудың өзінен-ақ сол заманда орда маңында қалыптасқан рухани өмірдің бітім-тынысын байқау қиын емес. Түрк бектерінің мәдениетке осылайша көңіл бөлуінің арқасында, Жошы ұлысында орта қыпшақ тіліндегі бай әдеби мұра жасалды. Құтб, Хорезми, Сайф Сарай, Әли және басқа да қаламгерлердің шоқтықты шығармалары дүниеге келді [Золотая Орда в мировой ист, 2016. 515-519 б.].

Осы ретте біз тілге тиек етіп отырған Мұхаммедқожаның Жошы ұлысы заманындағы ұлы шығармалардың бірі – әйгілі «Мұхаббатнама» дастанын ақын Хорезмиге тапсырыспен жаздырған тұлғаның тап өзі екенін айтсақ та жеткілікті. Хорезмидін:

О, арыстан жүректі, Қоңырат ұрығы,

Кіші жастан ұлықтардың ұлығы.

Бақыт – көзі, берекет – кеніші,

Мұхаммедқожа бек әлемнің қуанышы.

Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсіз,

Шахтың шахы Жәнібек ханға етенесіз,

– деп сипаттайтын [Оғыз-нама, Мұхаббат-наме, 1986. 91 б.] жоғары лауазымды бегіңіз осы Мұхаммедқожа болатын.

Дастанның 1353 жылы Жәнібек ханның кезінде, оның Сыр бойындағы ордаларының бірінде жазылғанына қарағанда, Құтлықтемірдің бұл інісі сол кезге дейін билікте нығыз отырған.

Ол ғана емес, кіші інісі Сарайтемір де көп жылдар бойы ордадағы ең жоғары қызметтерді атқарыпты. Жәнібек хан әкесі Өзбекке талай уақыт арман болған Әзербайжанды 1356 жылы жаулап алған кезде, аймақ орталығы Тебризге баласы Бердібекті ұлысбек етіп қалдырады да, оның қасына Сарайтемірді уәзір етіп бекітеді. Бердібек келер жылы әкесі Жәнібектің науқастанып қалғанын естігесін, тақтан айырылып қалам ба деген қауіппен дереу ордаға қайтады. Бар туысқанын қырып, таққа отырған соң, Бердібек хан қият Моғұлбұғаға бектербек қызметін, Сарайтемірге уәзір лауазымын беріп, оған орданың бүкіл қаржы ісін басқаруды тапсырады [*Григорьевтер, 2002. 123-129 б.*]. Алайда екі жылдан кейін, Бердібектің өзі де сондай зұлым қастандықтың құрбанына айналады. Онымен бірге жанында жүрген талай адам да ажал тырнағына ілігеді. Солардың бірі Сарайтемір болатын. (Өтеміс қажының жазуынша, Бердібек үш жыл патшалық құрып барып, науқастан қайтқан [*Бейсенбайұлы, 2014. 184 б.*]. Бердібектің өлімімен Бату ұрпақтарының Алтын Ордадағы ұзақ әулеттік билігі аяқталып (қазақ арасында оны «*нар мойыны Бердібекте кесілді*» деп айтады), жиырма жылдай уақытқа созылған ылаңды кезең басталған еді...



ТҮП АТА ТҰЛҒА НАҒАНАЙ ҰЛЫ БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Халқымыз шежіресіндегі қазақ қоңыраттарының түп атасы ретінде сипатталатын Нағанай бек те дәл сол – Жошы ұлысының мәртебесі аса биіктеп, ерекше шарықтаған шағында билік құрған Өзбек хан мен оның баласы Жәнібек ханның кезінде алпауыт империяның әйгілі тұлғаларының қатарында саналған атақты ұлысбек, қарашы бектердің бірі. Қазақ қоңыраттарының ел аузында тараған байырғы шежіресінің қай-қайсысының да әлқисса сөзі Нағанай биден басталатыны мәлім. «Қазіргі қазақ қоңыраттарының түп атасы Нағанай бабамыз екен, оның отыз баласы болыпты, біздің қоңыраттар оның Жығалы, Мелдеби, Орынби деген үш баласынан тарапты, қалғандары өзбек жерінде екен», деп басталатын әңгіме тиегі осы тайпаға қатысы бар әр баланың құлағына кішкентайынан жақсы таныс [*Сейдімбек, 2008. 275-277 б.; Бейсенбайұлы, 1994. 42-48 б.*].

Әрі ғылыми зерттеулер дәл осы Нағанай би есімі халқының жартысы қоңыраттардан тұратын қарақалпақтарда да түп ата ретінде сипатталатынын алға тартады. Олардағы ерекшелік – Нағанайдың қарақалпақ тілінің үндестік ерекшелігіне сай Нағадай деп аталуында ғана. Мәселен, қарақалпақтың ұлы ақыны, руы қоңырат Бердақ Қарғабайұлының (1827-1900 ж.) «Шежіре» атты шығармасында:

*«Нағадай бий йұрт агасы,
Жумлә Қоңыраттың бабасы,
Отыз угылның атасы,
Улы отыз болған екен»,*

– дейтін жолдар кездеседі [*Бердақ, 1977. 162 б.*]. Осы шығарманың тағы бір шумағындағы: «*Нағадайдың отыз углы, Ебен-Себен еки қулы*» деген жолдар да қазақ қоңыраттары шежіресіндегі: «Нағанайдың отыз ұлы болған. Бірде осы атақты би Үргеніштің ханына тарту-таралғы тартады. Әбден разы болған хан оған Емен, Семен деген екі құл сыйлапты. Мейірімді Нағанай әлгі екі құлды құлдықтан босатып, жілік ұстатып, өзіне бала етіп

алады. Сол екеуін қосқанда Нағанай бидің отыз екі ұлы болыпты» [*Бабалар сөзі, 2012. 83 т, 264 б.*], – дейтін қосымша тәптіштеулермен қабысып жатады.

Шын мәнінде қоңырат тайпасының ежелгі түп-төркіні тым арғы дәуірлердің терең койнауларына, бірсыпыра сілемдері ғұн замандарына кететіні мәлім. Алайда қазақтың ауызекі шежіресінде сол байырғы тарих ықшамдалып, Жошы ұлысы дәуірінде өмір сүрген Нағанай биді түп ата ретінде тану дәстүрі қалыптасқан. **Бұл бір жағынан, қазақтың этникалық ұйысу үдерісінің Жошы ұлысы кезеңімен сабақтасып жатқанын бағамдатады.** Дәл осы тектес жөн-жоба ұлтымыздың көптеген ру-тайпаларының шежірелерінде де хронологиялық тұрғыда сәйкес көрініс береді.

Қазақ және қарақалпақ қоңыраттарының түп атасы ретінде сипатталып, бірсыпыра аңыздық сарындармен көмкерілген Нағанай есімі – бір қарағанда, қазақтың басқа да тайпаларына қатысты шежірелерде ұшырасып жататын, көбіне әуелгі түп баба ретінде халық қиялынан ғана туындаған, тарихи дерегі мәлімсіз тұлғалар секілді боп та қабылданар еді. Алайда, Нағанайдың жөні басқа. Ол өмірде шын жасаған, ХІҮ ғасырда Жошы ұлысында билік құрған Өзбек ханның замандасы болған, оның баласы Жәнібек ханның кезінде де әйгілі ұлысбек, бектербек ретінде танылған айбынды ұлыбилердің бірі.

Жошы ұлысы заманына қатысты жазба дереккөздерге Нағанай бектің есімі қарақалпақ шежіресіндегідей, Нағадай, Нағатай немесе Нуғдай, Нангудай, Нангутай, Янгудай түрінде әртүрлі боп түскен. Қазақ тілінің өз үндестік ерекшелігіне сай, ол бізде Нағанай болып қалыптасқан. Егер мерзім жағынан дәйектер болсақ, Нағанай есімінің тарихта алғаш рет қағазға түсіп таңбалануы әйгілі араб саяхатшысы Әбу Абдаллах Ибн Баттутаның (1304-1377) арқасында жүзеге асқанын көреміз. 1334 жылы Жошы ұлысын аралап жүрген ол, Өзбек ханның Бестау маңына жайлауға шыққан жазғы ордасына барғанда өзінің Нағанаймен тікелей жолыққанын жазады.

Ол заман Алтын Орданың аса дәуірлеп, ерекше байыған, сән-салтанаты артқан кезі. Жиһангездің хан ордасы мен оның төңірегіндегі берекелі де бақуатты тірлікті қаз-қалпында бейнелеуі – этнографиялық тұрғыдан аса құнды мағлұматтарды

ортаға тартады. Баттутаның бұл жазбаларын Жошы ұлысының сол дәуірдегі дәулетті, мамыражай тыныс-тіршілігі туралы энциклопедиялық деңгейдегі еңбек десе де болады. Мұны Өзбек ханның ханымдары (қатындары⁷) көшінің жайлауға қалай беттеп келе жатқандығы суреттелген жолдардан да айқын байқау қиын емес. «... Әрбір қатын күймелі арбамен жүреді. Күйме шатыры алтын жалатқан күмістен не оймышталып боялған ағаштан жасалған. Арбаны сүйрейтін аттар жібек жабулы. Аттардың бірінің арқасында отырған айдаушы бозбаланы ұлақшы деп атайды. Күймедегі қатынның оң жағында әжептеуір егдерген кәрі әйел, оны ілуқатын (көмекиі) деп атайды, сол жағында құжыққатын (киндіруші) аталатын егде әйел. Қатынның (ханымның) қарсы алдында жүзіктің көзінен өткендей сұлу, өрімдей алты қыз. Ал арт жағында арқасын сүйеп отыру үшін дәл сондай тағы екі қыз жайғасқан. Қатынның басында төбесіне тауыстың әсем қауырсынын бекіткен, қымбат асыл тастармен безендірілген тәж, үстінде алтын-күміс, асыл тастан көз қарыққан жеңіл желбегей шапан. Ілуқатын мен құжыққатынның бастарында зерлі кимешек. Қыздардың басында төбесіне тауыс қауырсыны тағылған, асыл тастармен безендірілген шошақ тебетей. Бәрі де асыл тастары жарқ-жұрқ еткен жібек көйлек киген. Қатын көшінде он-он бес шақты, үстерінде жібектен тігіліп, алтынмен зерленген, асыл тастармен әрленген киім киген византия немесе үнді бозбалалары. Олардың қолында алтынмен апталып, күміспен күптелген асаяқ. Қатын көшінің соңында 100-ге тарта басқа арбалар. Олардың әрқайсында үстеріне жібек киім, бастарына шошақ бөрік киген төрт-бес қызметші әйел. Олардың соңында түйе, өгіз жегілген 300-ге жуық арба, оларда қатынның қазынасы, дүние-мүлкі, киім-кешегі, ас-суы артылған...» [Тизенгаузен, 2005. 210-222 б.].


⁷ Көне түрк халықтарының ұғымында әйел адамды «қатын» деп атау, оны құрмет тұтуды, дәрежесінің биіктігін білдірді. Сол себепті ертеректе хандар мен ақсүйектер жұбайларын «қатын» деп атады. М.Қашқари сөздігінде (11 ғасыр) «қатын» сөзі «ақсүйек, хан, төре, бек» деген мағынада жұмсалып, кейін келе бұл ұғым «ерге шыққан әйел» деген мағынаға ауысқан.

Араб саяхатшысының жолжазбасынан дәл осындай салтанатты ханымдар көшімен Нағанай бектің қызы, Өзбек ханның екінші зайыбы Кебек бегімнің де жайлауға келгенін байқаймыз. Елде Жошы ұлысы билеушісінің сыйлы қонағы ретінде жүрген Баттутаның бірер күннен кейін ханымдардың шаңырақтарына да ілтипат білдіріп бас сұғып шығатыны бар. Әуелі бас ханым Тайдулы бегімнің (Жәнібек пен Тыныбек ханзадалардың анасы) ордасында мейман болған соң, саяхатшы келесі күні екінші ханым Кебек бегімнің ордасына да ізет жасайды. Оның отауына кірген кезде ханым жайлы төсеніш үстінде киелі құран кітабын оқып отырыпты. Үй ішінде оншақты егде әйел мен жиырма шақты қыз зерлі киімдер тігумен айналысуда екен. Меймандардың иіліп амандасқан ілтипатына Кебек бегім соншама биязы түрде жауап беріп, әдемі тілектерін білдіріпті. Молда құран оқығаннан кейін, ханым сәнді тостағандармен қымыз алдырады. Солардың бірін бегім саяхатшыға деген құрметін білдіріп өз қолымен ұсынады. «Бұл Нағадай (Нағанай) бектің қызы. Әкесін көрдім. Зор денелі кісі. Аяғы сүйек тасу (подагра) дертімен ауырады екен. Аяғын баса алмайтын болған соң, көбіне арбамен жүреді. Бір жерге бару керек болса, қызметшілері оны қолдарымен көтеріп алып келеді, соңыра солай алып кетеді», – деп жазады Баттута [*Тизенгаузен, 2005. 221-222 б.*].

* * *

Нағанайдың арғы тегі кім? Ол қоңыраттың қай тұқымының ұрпағы деген сауалдарға жауап іздер болсақ, біз оны Хиуаның атақты тарихшылары Ширмұхаммед Мунис (1778-1829) пен Мұхаммед Риза Агахидің (1809-1874) хорезмдік қыпшақ тілінде жазылған «Фирдаус ал-Иқбал» (Берекенің бейіш бағы) атты шығармасынан нақты табар едік. Хиуаның қоңырат хандарының арғы-бергі тарихы мен мемлекет басқарудағы қызметі кеңінен тарқатылған бұл аса құнды еңбектің толық нұсқасы америкалық ғалымы, Кіндік Азияның ортағасырлық тарихының әлемдік деңгейдегі ең білікті маманының бірі Ю.Брегельдің (1925-2016 ж.) аудармасы және ғылыми түсіндірмелерімен Нидерландыдағы

Лейден университетінің Brill халықаралық ғылыми баспасынан ағылшынша жарық көрді [*Firdaws al-iqbāl, history of Khorezm. – Leiden, E. J. 1999*]. Осы басылымның негізінде 2010 жылы оның өзбекше нұсқасы да Ташкентте басылып шықты [*Мунис ва Огахий, Фирдавс ул-иқбол. – Тошкент: Янги аср авлоди, 2010*].



Бұл шығармада Нағанайдың Шыңғысханның бәйбішесі Бөртенің туысы екені, Бөртенің әкесі, қоңырат көсемі Дей ноян әулетінен тарайтын ұрпаққа жататыны нақты жазылған. Сондай-ақ бұл маңызы зор жазба мұрада Шыңғысханның арғы бабасы Боданшар заманынан (X ғасыр) бермен қарай қоңырат еліне Дей ноянға дейін екі ғасырдан астам уақыт бойы билік құрған қоңырат көсемдерінің, яки Нағанайдың арғы аталарының тізімі де берілген [*Firdaws al-iqbāl, 1999. 82-83 б.*].

Яки осы тұрғыдан алғанда да жазба мұра үрдісін дамыту мен өркендету ісінде әуелден озық дәстүрімен танымал Хиуаның Әбілғазы хан, Ануша хан, Өтеміс қажы, Молда Бабажан, Баяни секілді саңлақ шежірешілерінің алдыңғы легінен көрінетін Мунис пен Агахи сынды әрі шайыр, әрі тарихшы, әрі тәржімашы, әрі мемлекет қайраткері болған дарынды тұлғалардың арқасында түрк халықтарының тарихына, Хорезм өңірін билеген қоңырат көсемдері мен билерінің бұрынғы замандарда ғұмыр кешкен баба

тұлғаларына қатысты аңыздық сарыннан көрі дәйектілік сипаты басым құнды шежірелік мұра сомдалып қалғанын ерекшелей айтар едік. Қазақтың басқа руларының ата-тек тарқату дәстүрінде, тарихтың алыс кезеңіне қатысты ең байырғы әулеттік деректерді кейінгі дәуірлерге дейін шынайы сабақтастыра алған дәл мұндай шежірелік еңбек жоқ десе де болады. «Иқбалнаме» (Бақыт кітабы) деген екінші атауы да бар бұл маңызды тарихи дереккөз, соқталы ғұмырнамалық ескерткіште қоңырат әулетінен шыққан билеушілердің өмір сүрген уақыты, атқарған қызметі, өзбек, қазақ, түрікмен, қарақалпақ халықтарының өзара қарым-қатынастарына қатысты қыруар мәлімет жинақталған.

Мунис пен Агахидің бұл еңбегінің Хиуа хандығының әр кезеңдеріне қатысты тараулары орысшаға аударылып «Түрікмен мен Түрікмения тарихы бойынша материалдар» (1938), «Қарақалпақ тарихы бойынша материалдар» (1935) атты жинақтарда жарық көрген [*Материалы по ист. туркмен*, 1938; *Материалы по ист. каракалтаков*, 1935]. Дегенмен, ол жинақтарға қоңыраттың байырғы шежіресіне қатысты әуелгі баптары қосылмаған болатын.

Қоңырат тайпасының түпкі тегіне қатысты бізге бұған дейін белгілі кей деректер парсының атақты тарихшысы Рашид ад-Диннің (1247-1318 ж.) «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінің «Қоңырат қауымы» туралы жазылған беттерінде және ол мәліметтерді қайталаған Хиуа ханы Әбілғазының (1603-1663 ж.) «Түрк шежіресінде» айтылған. Оларда қоңыраттардың ең түпкі тегі алтын күбіден туған үш ұлдан тарайтыны жазылған. Авторлардың түсіндіруінше, «алтын күбі» ұғымының мағынасы – сол ұлдарды дүниеге келтірген адамның тегі асыл, нәсілі таза, ақылды, кемел екендігін білдіреді екен. Ұлдың үлкені – Жорлық (Шұрлық) мерген. Оның Қоңырат атты ұлы болыпты. Сол себептен де аға боласы болған ол, қоңыратқа жататын үлкен қауымның атасы ретінде танылады. Алтын күбіден туған екінші ұл – Құбайшері. Оның Еңкірес (Екірес), Елқоныт деген екі ұлы болды. Үшінші ұл – Тасбұдайдан (Тұсбодау) Қаранұт, Қоңқұлыт деген екі бала. Қоңқұлыттан – Құрлас, Елшікі. Осы аталардың бәрі жолы үлкен Қоңырат атауының төңірегіне ұйысып, өздерін «қоңыратпыз» деседі [*Рашид ад-дин*, 1952. Т. 1. кн. 1. 161 б.; *Рашид ад-дин*, 2018. 1 т. 158-159 б.; *Әбілғазы*, 1991. 40-41 б.].

Мунис пен Агахидің «Фирдаус ал-Иқбал» шығармасының әуелгі баптары Рашид ад-диннің «Оғыз наме» дастаны [*Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1987.*], Әбілғазының «Түрікмен шежіресі» [*Кононов, 1958.*], «Түрк шежіресіндегі» [*Абу-л-Гази, 1906*] адамның жаратылуынан бастап баян ететін баптарын, Нұх пайғамбар, Оғыз хан аңыздарының сарынын қайталайды. Алайда кейінгі қоңырат билеушілері әулетінің арғы тарихы мен бергі Хиуа тағына отырған кезеңдеріне қатысты тараулар өзге де сол тектес еңбектерде кездеспейтін бірегей бітімімен ерекшеленеді.

Мәселен, біз осы ««Фирдаус ал-Иқбалдан» жыл санаудың X ғасырының соңында қоңырат елінің патшасы *Қалжыдай* деген адам болды деген дерекке кездесеміз. Ол билеушілер ұрпағы бермен қарай *Қаданхан*, одан – *Қабшын*, одан – *Сунтайтемір*, одан – *Ағанайхан*, одан *Жайылған хан*, одан – *Мөңке*, одан – *Арыстан*, одан – *Дей* ноян хан. «Дей ноянның шын есімі *Дәрітай*. Дей ноян оның лақап аты. Ол Есүкей баһадүрдің замандасы еді. *Дәрітайдың Қияхан, Терк Әмелхан және Тоқұшар* деген үш ұлы, *Бөрте* деген қызы болды. Оны Есүкей Шыңғысханға алып берді», делінген. Осы еңбектің *Жайылған хан* туралы айтылған тұсында «*Жайылған хан Шыңғысханның арғы бабасы Тұмна ханның («Күпия шежіреде» Тұмбынай шешен) замандасы еді. Жайылғанның Мөңке деген ұлы, Аружа деген қызы болды. Ол Аружаны Тұмна ханның ұлы Қабла ханға («Күпия шежіреде» – Қабұл хан /1101-1148 ж.) берді. Қабла хан «Қамұқ (күллі) моңғолдың» ханы болды. Аружа Қабла ханнан алты ұл көрді. Оның барша ұрпағы қият аталды», деген мәліметтер де қоса беріледі [*Firdaws al-iqbāl, 1999. 82-83 б.; Мунис ва Огахий, 2010. 114-115 б.; Моңғолдың күпия шежіресі, 2006. 1 т. 71-72 б.*].*

Яки бұл ретте біз Рашид ад-дин еңбегінде екі адам ретінде көрсетілген – Дей ноян мен оның бауыры *Дәрітайдың*, Мунис пен Агахи шығармасында бір адамның қосарлы есімі түрінде дәйектелгенін көреміз. Рашид ад-динде Дей көсемнің – *Алшы ноян және Кукұ* деген екі ұлы, *Бөрте* деген қызы; інісі *Дәрітайдың* – *Қатай, Бұйра (Бұйұр), Такұдар, Жұңқыр* деген төрт ұлы болғаны айтылады [*Рашид ад-дин, 2018. 1 т. 160 б.*]. «Фирдаус ал-иқбалда» осы ұлдардың орнына *Дәрітайдың* үш ұлының (*Қияхан, Терк Әмелхан, Тоқұшар*) есімдері ғана аталған.

Бұл, бір жағынан, Хиуаның билеуші қоңырат әулеті арасында осы нұсқаның белгілі болғанын көрсетеді...

* * *

Осы орайда Рашид ад-дин мен Әбілғазы шежірелерінде жан-жақты сөз болатын Оғыз хан және оның ұрпақтарына қатысты ежелгі аңызға құрылған сюжеттік желі туралы да айта кетудің реті келіп тұр. Рашид ад-дин тауариғы бойынша, Оғыз хан – Нұх пайғамбардың баласы, түрк жұрттарының түп атасы Йафестің немересі – Қара ханның перзенті ретінде сипатталса, Әбілғазы шежіресі бойынша, Оғыз хан – Йафестің тек тоғызыншы ұрпағы боп саналады: Йафестен – Түрк хан, одан – Түтек хан, одан – Елше хан (Абұлжа), одан – Дибжақый хан, одан – Күйүк (Көк хан), одан – Алынша хан, одан – Мұғұл мен Татар, Мұғұлдан – Қара хан, одан – Оғыз хан [*Рашид ад-дин, т.1. кн.1, 1952. 80-81 б.; Абу-л-Гази, 1958. 39-41 б.; Әбілғазы, 1991. 15-17 б.*]. Әбілғазы шежірелерінің әуелгі баптарындағы Оғыз хан ұрпақтарына қатысты негізгі сарын ««Фирдаус ал-Иқбал» шығармасында да қайталанады. «Түрк шежіресіндегі» «Моңғол хан және оның Шыңғыс ханға дейінгі ұрпақтары» [*Абу-л-Гази, 1906. 6, 11 б.; Әбілғазы, 1991. 15 б.*] деп аталған екінші баптың, Мунис пен Агахи еңбегінде «Йафестен тараған Қоңырат руының баяны» деп аталғаны болмаса, хандардың есімдері мен ғұмырнамалық желілерінде көп өзгеріс жоқ [*Мунис ва Огахий, 2010. 51 б.*].

Әрі қарай осы Оғыз ханның, шамасы, бесінші ұрпағы Ел ханның халқы жау шапқыншылығына ұшырайды да, көбі қырылып, аман қалғаны құлдық пен күндікке байланады. Ел ханның Қиян және туған інісінің Нүкүз атты ұлдары тұтқынға түскен жерлерінен келіншектерімен бірге қашып құтылады. Екеуі айналадағы жаулардың көзіне түспей, ел аяғы жете бермейтін таса жерге кеткенді жөн деп шешеді. Малдарын айдап, таудың биік асуларын өрлеген арқар соқпағының ізін қуалай жүріп отырып, бұрын адам аяғы баспаған шалғынды жазыққа, ағынды бұлағы, аңы мен құсы жыртылып айырылатын шұрайлы қойнауға тап болады. Олар Тәңірге шүкіршілік етіп, сол жазықты қоныс етіп, жер атын «Ергене қон» деп қояды. Әбілғазының айтуынша,

Ергененің мағынасы – қия, қоңның мағынасы – беткей, яғни ол «қия беткей» деген атауға сәйкес келеді

Шежіре-аңыз бойынша, Мұғұл немересі Оғыз ханнан тарайтын Қиян мен Нүкүз ұрпақтары Ергене қонда төрт жүз жылдай тұрады. Ұрпақтары көбейіп, жеке-жеке руларға айналады. Қиян әулеті қият, Нүкүз балалары дәрлікен деген қауымға ұйысады. Есукей баласы Шыңғысхан сол Қият нәсілінен. Малдарының да өсіп, көбейгені сонша, айналасын биік таулар қоршаған ол алқапқа сыймайтын мөлшерге жетеді. Содан ел ағалары ақылдаса келе, атамекендеріне қайта оралуға бел байлап, шығар жол іздейді. Ақыры Ергене қон қойнауының бір беткейіндегі негізі темір кенінен тұратын қия жартасты жетпіс сиыр мен жылқының терісінен жасалған көрікпен жан-жақтан үрлеп өртегеннен кейін, кенді тау балқыма боп ағып, жол ашылады. Сонда қоңырат қауымдары өзге нүкүз, қиян ұрпақтарымен келіспестен, басқа рулардың жаққан оттарының қоламтасын таптай, елден бұрын сыртқа алғашқы шыққан жұрт қоңырат болыпты... Мұғұлдар қоңыраттарда жиі кездесетін аяқтың сүйек тасу ауруы да, өзге елдерді елемей баса-көктеп өткен сол оғаш әрекеттерінің салдарына байланысты, аяқтарына түскен дерт деп есептейді [Мунис ва Огахий, 2010. 64-65 б.; Әбілғазы.1992. 26-29 б.; Рашид ад-дин, 2018. 1 т. 149-151, 158 б.].

Яки Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауариғы» мәліметтерін кеңінен пайдаланған Әбілғазы шежіресі бойынша, Шыңғысхан әулеті мен қоңырат қауымы Мұғұлдан тараған Оғыз хан тұқымына жатады. Әбілғазы шежіресін терең зерделеген Шәкәрім қажының «Әбілғазы хан сөзінше, қоңырат – Оғыз хан нәсілі дүрліген табынан» деп жазғаны да содан [Құдайбердіұлы, 1991. 35 б.].

Бұл жерде «Оғыз наме» сюжетінің түпкі төркіні діни, мифологиялық аңыз-эпсаналарға құрылғанын, оның әр дәуірдегі тарихи жағдаяттарға байланысты өзгеріп, құбылып отыратын ерекшеліктеріне де мән бергеніміз жөн дер едік. Оғыз қаған туралы мифтер генеологиясындағы архаикалық мазмұнға назар аударсақ, оның ұлдарының есімдері космогендік сипат алғаны аңғарылады. Мифтік кейіпкер – Оғыз қағанның үлкен үш ұлы Күн, Ай, Жұлдыз аталса, кіші үш ұлы Көк, Тау, Теңіз есімдерін

иеленген. Бұл есімдердің барынша дерексізденуі тарихтың көмескіленген көне кезеңінен хабар береді [*Тұрсуң, 2021: 47 б.*].

«Оғыз наме» нұсқаларының әуелгі тіні өте көне замандарда дүниеге келген «Оғыз қаған» атты ежелгі мұрадан бастау алады. Ауыз әдебиеті үлгісімен әуелде ауызша жасалып, бертін келе қағазға түсірілген (XIII ғасырда көне ұйғыр әрпімен жазылған соңғы нұсқасы қазір Париждің Ұлттық кітапханасында сақтаулы) бұл көне аңызда алғашқы қауымдық құрылыс кезінде, ғұндар дәуірінде, ілкі орта ғасырда орын алған сан қилы тарихи оқиғалар өзара үйлесім тауып сабақтасып жатады. Біраз зерттеушілер осы Оғыз қағанды ж.с.д. II ғасырда өмір сүрген хунну (ғұн, сиунну) патшасы Мөденің бейнесі болуы мүмкін деген болжам айтады [*Бичурин, 1950. Т. 1. 56-57 б.; Бернштам, 1951. 225-226 б.*].

Қазақтың дарынды ғалымы Құлмат Өмірәлиев «Оғыз қаған» әдеби мұрасын ежелгі хұндардың ұрпақтары көк түркердің тарихи аренаға шыққан кезінен көп бұрын YI-YIII ғасырларға дейінгі жерде-ақ түпкілікті жасалып қойған деп дәйектеді. Себебі бұл ескерткіштің сюжетінде YI ғасырдан кейінгі тарихи оқиғалардың сілемі жоқ. YI ғасырға дейінгі хұн-оғыз, хұн-түрк, түрк-оғыз, оғыз жұрттары (бүгінгі түрікмен, түрік, әзербайжандардың арғы тегі) өздерінің ортасында туған Оғыз қаған туралы аңызды да, хұндарға тән болған 24 жүйелі «руға» бөлінген басқару тәртібін де (өзге түрк халықтарында сақталмаған) YIII ғасырдан бастап Кіндік Азияға, содан кейін XI ғасырдан Кіші Азияға алып барды [*Өмірәлиев, 1988. 7-8, 21 б.*].

Парсы тарихшысы Рашид ад-диннің «Оғыз-наме» эпосы да сол ежелгі аңыз сарынын негізге ала отырып, Оғыз хан мен оның ұрпақтарының, яки оғыз тайпаларының Теріскей Қытай, Тибет, Үндістан, Тұран, Орталық Қазақстан өңірлері, Еділ-Жайық алабы, Қап тауы, Иран, Анадолы, Ирақ, Мысыр аймақтарында талай ғасыр бойы өткерген арғы-бергі ерлік тарихы, жойқын жорықтарының бар ауқымын қамти әлемдік көркемдік кеңістікке алып шыққан кең тынысты шығарма еді [*Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1987.*].

Шамамен XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында жазылған Оғыз хан туралы бұл эпостың өзі де заманалар көпші бойында әлденеше өзгерістерге ұшырады. Қосымша сюжеттер жамалып, жаңа кейіпкерлер қосылды. Соның ең елеулілері

Әбілғазы ханның үш ғасырдан кейін дүниеге келген «Түрікмен» және «Түрк» шежірелері болатын. Ол Рашид ад-диннің «Оғыз-наме» эпосы мен «Жамиғ ат-тауарих» сынды тарихтар жинағындағы Түрк халықтарының тарихы, Шыңғыс ханның шыққан тегі мен арғы бабалары, әлемнің түрлі мемлекеттерінің патшалары болған ұрпақтары туралы төрт кітаптан тұратын алып еңбектегі деректерді кеңінен пайдалана отырып, Оғыз-наме шығармасының басқа тұрпаттағы нұсқасын жасады. Оғыз-ханның арғы ата-бабаларына «Оғыз-наме» эпосында жоқ *Түрк*, *Мұғұл*, *Татар* сияқты жаңа тұлғаларды қосты. Оғыз ханды Мұғұл ханның⁸ немересіне айналдырды (*сонда: 10-16 б.*). Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарихты» сомдау кезінде соныдан қосқан, Оғыз ханнан тараған делінетін *Қиян*, *Нукүз* секілді кейіпкерлердің қазіргі моңғол жеріндегі түрк-мұғұл жұрттары арасында ежелгі сілемдері қалған *Ергене қон* аңызмен қабыстырған сюжет желісі одан әрі дамытылды.

Бұл өзгерістердің де өз себебі бар. Рашид ад-динге «Жамиғ ат-тауарихты» жазуға пәрмен берген Шыңғысханның немересі Хұлагу құрған елхандар мемлекетінің сол кездегі билеушісі, Хұлагу ханның шөбересі Ғазан хан (1271-1304 ж.) еді. Өз басы сол ұлыстың білдей уәзірі қызметінде отырған Рашид ад-дин, әлбетте Шыңғыс ханды Оғыз хандай киелі тұлғаның ұрпағы ретінде көрсетуді мақсат тұтқаны анық. Әбілғазы да Жошы ханның ұлы Шайбанның ұрпағы. Хиуаның ханы. Түрікмендерге билік жүргізді. Түрікмендер арасында кең тараған аңыздағы Оғыз ханды өзінің арғы бабасы Шыңғыс ханмен туыс ету, сол түрікмендермен тіл табысу үшін де тиімді тетік болатын... Түрк халықтарының ежелгі тегі мен тарихына қатысты қыруар деректерді жинақтаған құнды еңбектердегі түйдек-түйдек мәліметтердің аңызы қайсы, ақиқаты қайсы деген мәселенің қыр-

⁸ Әбілғазының 1768 жылы Петерборда басылған «Татарлардың ата-тек тарихы туралы» («История родословная о татарах») атты басылымында түпнұсқада *Могұл* деп жазылған есім, *Мунгл* деп өзгертілген. Содан бері ол орысша нұсқаларда Монгол деп жазылып келеді. Тек академик Кононов дайындаған «Түрікмен шежіресі» атты құнды еңбекте ғана ол түпнұсқаға жақын «Моғол» деп берілген (*Абу-л-Гази, 1958. 40, 82 б.*).

сырын зерделегенде, олардың осы тәріздес кей сипаттарына да байыппен қарап, шежірелік аңыз сарынын тікелей қуалап, оны ең шынайы дерек ретінде қабылдайтын біржақты пікірлерге беріліп кетпеу жағын да қаперде ұстай жүрген жөн деп білеміз.

* * *

Осы жерде Қоңырат тарихына да азғана шолу жасап қайтудың реті келіп тұрғандай. Мәселен, зерттеушілер тарапынан оның атауына қатысты пікір білдірілгенде, қоңырат этнонимінің көне қытай деректерінде кездесетін сілеміне назар аударылып жатады. Ол бойынша, ж.с.д. III ғасыр мен ж.с. I ғасыр аралығында Байкөлден Арал теңізіне дейінгі алып аумаққа билік жүргізген Хүн (Сиунну) империясында *құяң* (ху-иэн), *шүйбу* (суи-бу), *чулин* және *лэн* деп аталатын ерекше құрметке ие әйгілі төрт рудың арасындағы қытайша *құяң* (*қояң*) деп жазылған атаудан түрк тіліндегі *қоңыр* сөзінің сұлбасы байқалатынына мән беріледі. Яғни, қытайларда «р» дыбысы жоқ болғандықтан, қытай иероглифімен *қояң/құяң* деп жазылған сөздің түпнұсқасы көне түрк тілінде *хиогар* деп оқылады екен [Бернштам, 1951. 227-229 б.]. Бұл сөз біртіндеп – *qoğur* (*goğur*) > *qoñğur* (*goñğur*) > *qoñur* (*goñur*) – *қоңыр* түріне өзгерген [ЭСТЯ, 2000. 61-63 б.]. Бұл атауға орта ғасырларда түрк-моңғолдық «*ат*» көптік жалғауы қосылып, «*қоңыратқа*» айналғаны бағамдалады.

Бір назар аударарлығы, Сиунну империясы заманына қатысты көне қытай деректерінде елді билеген қағандар шыққан рудың тек сол *қоңыр* (*құяң*) руынан ғана қыз алып, қыз беретін дәстүрді де ұстанғандығы айтылады. Демек, бұл дәйек *қоңырлардың* әуелден биік тақ иелері әулетімен құдандалы қарым-қатынас ұстанған текті тұқым екендігінен де хабар береді.

Дәл осындай құдандалық қатынасты, кейін Шыңғыс ханның жарты әлемді билеп дәуірлеген шағында жарлық шығарып заңдастырғанын да осы *қоңыр* руы туралы дерекке салмақты дәйек ретінде ұсынуға болады. Ол жарлықта «қоңырат руында қыздар туса, олар қаған тұқымының жігітіне шығады, ал ұлдар туса, қаған тұқымының қыздарына үйленеді. Бұл жарлық ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілсін» делінген [Мэн-да Бай-лу, 1975. С. 152, примеч. 212.]. Шыңғыс хан ұрпақтарының өмірбаяндарына

көз салғанда, бұл жарлықтың талай уақытқа дейін бұлжымай орындалып келгеніне куә боламыз.

...Ғұн ұлысы төрт ғасырдай айдарынан жел есіп ғұмыр кешті. Алайда айналадағы аңдыған жау алмай қоймайды. Шығыстан сәнби ұлысы күшейіп, күнгейдегі Қытай да қайта-қайта мазасын алған ғұн мемлекетінің ж. с. 150 жылдары тарих сахнасынан кеткені мәлім. Осы ретте біз назар аударатын бір нәрсе, сол ыдырау алдында, оның билеушісі, әлгі *қоңыр (қояң)* руының көсемі болыпты. Көне деректердегі сілемдерді қуаласак, *қоңыр* руы бастан бақ тайған сол замандарда жан-жаққа бытырап, бір бөлігі сәнбилердің қарамағында қалып, Үлкен Хинган жотасының батыс бетін қоныс етсе, бір бөлшегі қазіргі қазақ жерінің күнгей бағытына қарай ығысады. Кейіннен бұл ғұндар Орта Азия аумағында билік құрып (*ақ ғұндар*), Қара Теңіздің теріскейіне дейін жорықтар жасайды. Тағы бір сынығы Теріскей Қытай мен Шығыс Түркістанды мекендейді.

Қытай деректерінде *құяң (қоңыр)* руының бұдан кейін де бірер ғасыр бойы текті әулет ретінде танылып жүргені, билік басында отырған тақ иелерімен құдандалық қатынастары үзілмегендігі айтылады. Мәселен, сәнбилер қарамағында қалған оңтүстік ғұндар, соңыра қытай бодандығына өтіп, одан кейін қайта нығайып, өз мемлекеттерін құрып, солтүстік Қытайды бағындырады. Содан оңтүстік ғұндар *сәнби* тайпалық одағынан бөлініп шыққан *тоба* тайпасының басшылығымен құрылған Тоба Вэй мемлекетінің (386-535 жылдар аралығы) құрамына енеді. *Тобалардың* шыққан тегін зерттеушілер, олардың әкелері – ғұн, шешелері – сәнбиден тараған түрк тілді жұрт [*Маннай-оол, 1980. 334 б.*], деп есептейді. Осы Тоба әулетінің әміршілері де өздерінің билігі кезінде *хояң* руынан қыз алып, оларға қыздарын беріп, тығыз некелік, құдандалық қатынаста болыпты [*Сухэбатор, 1975. 12-16-б.*].

Бұл дәстүрдің Хинган тауының оңтүстік-батыс бетінде ірге көтерген түрк-моңғол тілді Қидан мемлекеті (907-1125 жж.) кезінде де жалғасқаны мәлім. Қидан билігі дәуіріндегі қоңыраттар қытай деректерінде *юфцизюэлюй* деген атпен танылыпты [*Кычанов, 1980. 141 б.*]. «Қидан мемлекетінің тарихы» еңбегінде қоңыраттар «*оуцзюэлюй*» деп белгіленеді. Олардың әдет-салттары туцзюэлермен (түрктермен) бірдей деп

көрсетіледі [Е Лун-ли. *История государства киданей (Цидань го чжи)*. С.327-328. – М.: Наука, 1979. – 609 с.]. Қидандарды чжурчжендер (шүршіттер) жеңгеннен кейінгі деректерде қоңыраттар *гуанцила* атпен белгілі болып, олар «текті тұқым» – «клановый этноним» деп ерекшеленіпті [Евсюков, 1980. 150 б.].

«Қоңыр» этнонимінің түрк-моңғол тілінде *қоңыратқа* айналуы – осы кезеңдердің жемісі болса керек. Қоңырлар IX-XI ғасырларда маңайындағы өзге де түрк тектес жұрттармен бірге Қидан мемлекетінің қарамағында болған кезде, олардың атауына көпше *-at-* жалғауы қосылады. *-At-*, *-et-*, *-t-* көне түрк-моңғол тілінде көптік жалғаудың белгісі. Яғни, «қоңырат» – «қоңырлар» дегенді білдіреді.

Қидан мемлекетіне қатысты тарихи деректерде XI ғасырдың орта шенінде енді ірге көтере бастаған алғашқы моңғол ұлысы билеушілерінің де Қидан еліндегі десі салмақты қоңыраттармен құдандалы болғысы келгендігі айтылады. Шыңғыс ханның арғы аталары Қабыл хан да ғұн заманынан келе жатқан дәстүрді ұластырып, арнайы ниетпен қоңыраттан қыз алуды жалғастырады [Викторова, 1980. 167 б.]. Бұл мысалдан да моңғол билеушілерінің сонау ғұн заманынан Ұлы Дала кеңістігін билеген жұрттар арасында сабақтаса жалғасқан дәстүр – қоңыраттармен құдандал болу жорасын жалғастырғаны аңғарылады. Шыңғыс ханның әкесі Есукей баһадүрдің жары Өгелүннің қоңырат қызы болуының, баласы Темүжінді қоңыраттардың көсемі Дей шешеннің қызы Бөртеңі әперуінің өзі де осы ежелгі үрдістің сабақтасуының бір көрінісі еді.

Текті елдің қыздарынан текті ұлдар туар болар. ХҮ ғасырда ғұмыр кешкен қазақ шежірешісі Қыдырғали Жалайыр: «Бөрте – қоңыраттың патшасы Дей ноянның қызы. Одан туған төрт ұлдың төртеуі де атағы жер жарған хандар атанды. Үлкені Жошы еді, екінші ұлы Шағатай, үшінші ұлы Өгедей, төртінші ұлы Төле; кейінгі барлық патшалар, хандар, шаһзадалар осы төртеуінің нәсілінен еді» [Қадырғали, 1997. 46-47 б.], – деп жазады.

Қоңырат – Шыңғыс хан заманына дейін-ақ маңайындағы қоңсылас түрк нәсілдес найман, керей, меркіт, моңғол елдері секілді белгілі тайпалардың бірі болды. Осы орайда моңғолдар мен түркілердің арғы тегінің алтайлық түп-төркінінің жақындығына қатысты мәселелерге де назар аударған жөн

секілді. Ол түйін Рәшид-әд-Дин, Әбілғазы, Қыдырғали бек, Мунис пен Агахи сынды шежірешілер жазып кеткен жылнама-шығармалардағы түрк пен мұғұлдың бір бәйтерек бұтағы, бір нәсіл екендігіне қатысты дәйектемелерде де тиянақталған. Зерттеушілердің салғастыруынша, моңғолдың қазіргі тілінен тибет, қытай, үнді, мәнжіден ауысқан кірме сөздерді, қазақ тілінен араб, парсы, шағатай тілінен енген сөздері алып тастағанда, қалған түбір сөздердің тең жартысы төркіндес сөз болып қалады екен. Бұған көшпелі халықтарға ортақ дәстүр, салт-сана ұқсастығын да қосыңыз. Осы тұрғыдан алғанда да нағашысы мен қайын жұрты – қоңырат, қонысы іргелес елдердің дені түрк тектес болған, сондықтан да түрк тілін еркін сөйлей алуы әбден мүмкін Шыңғыс ханды бөтенсі қоюдың өзі қиындау. Моңғолдың көне шежіресі Шыңғысты түп-тегі әлгі қиянның бір тармағынан шығатын, көктен шаңырақ арқылы түскен нұрдан жаратылды делінетін ағайынды үшеудің бірі Бодыншардан таркатады. Ал бергі тегі – барша моңғолдың ханы болған бабасы Қабылдан бастап *қият* аталады дейді. Шыңғыстың әкесі Есүкейден бастап, оларға «боржыған қият» деп ат тағылған. Рәшид-әд-диннің дәйектеуінше, мұндағы «боржыған» – көзі көк адамға айтылатын ұғым.

Сол заманда іргелес елдер арасындағы тілдік қатынастардың түйткілсіз болғанын «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» Есүкей батырдың үлкен ұлы Темүжин тоғызға келген кезде, оған нағашылары қоңыраттың олқонұт елінен қыз айттыруға ертіп бара жатып, қоңыраттың Дей шешеніне (Бөртенің әкесі) кезіккен кездегі тілдесу сарынының өзі де байқатып өтетіндей.

Дей шешен: «Есүкей құда, қайда барасың», – дейді. Ол жөнін айтқаннан кейін: «мына ұлыңның көз жанары отты екен, бет әлпеті нұрлы екен», – дейді. Содан соң тағы да: «Өткен түнде мен бір түс көрдім. Түсімде ай мен күнді шеңгелдеп ұстаған бір аппақ сұңқар қолыма қонған екен деймін. Есүкей құда, балаңызды ертіп келгеніңіз – менің осы түсімнің жоруы болғай. Сіздің қият руының киесі келіп, маған түс болып көрінген шығар.

*Біздің қоңырат ежелден,
Жиені сұлу,
Қызы өңді ел.
Басқаның жерін жауламай,*

*Болдырмай, сірә, дау-дамай.
Бидай өңді қыздарды,
Былқылдақ күйме мінгізіп,
Жетелетіп біз нарды.
Желдірте кеп жүргізіп,
Желегін бүрке тұрғызып.
Құтты қонақ еткенбіз.
Ежелден біздің еліміз
Ерегісті сүймеген,
Сұлу бикеш өсірген,
Сұңғақ күйме мінгізген,
Қара торы қыздарды,
Қалы нәуескеге мінгізіп,
Жетелетіп боздағын
Жер өмірге жүргізіп,
Ханым орныңа отыр деп,
Қасына әкеп қойғызған....*

Есүкей құда, үйге баралық. Титтей қызымды да көріңіз», – деп Дей шешен Есүкейді үйіне ертіп барады... [Моңғолдың құпия шежіресі, 1998. 35-36 б.].

Осы үзіндіден-ақ ортағасырлық Орхон-Енесай жазбаларында, қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлық, тұрмыстық жырларда үйлесім табар ұқсас желілерді, кібіртіксіз сөйлеу мәнерін байқау қиын емес. «Моңғолдың құпия шежіресі» кітабының Өлгий қаласында (Моңғолия) алғаш қазақша жарық көрген нұсқасына (1979 ж.) алғысөз жазған белгілі ғалым Базылхан Бұқатұлының айтуынша, Шыңғысхан заманы кезінде моңғол-түрк тайпаларының тілі ортақ, бір-біріне түсінікті болғанға ұқсайды, егер олар ұғыныспайтындай болса, Шыңғыс хан түрк жұрттарымен тілмаш арқылы сөйлесуі керек еді ғой, алайда бұл туралы «Құпия шежіреде» еш дерек жоқ деген байлам айтады.

Білге қаған мен Күлтегіндей ұлы тұлғаларымен әйгілі Көк түрк қағанатының құйқалы атамекені болған аймақ – кейіннен моңғол жеріне айналған өңірде, 13 ғасырда Шыңғыс хандай баһадүр құрған Еке (Ұлы) Мұғұл ұлысы ірге көтерді. Қоңыраттар да маңайдағы басқа түрк жұрттары секілді Шыңғыс қосындарымен бірге батысқа қарай жасалған жойқын жорыққа

қатысты. Тарихи деректер олардың осы оқиғаларға қатысты жылжыған едәуір бөлегі бүгінгі қазақ жеріне келіп қоныс тепкенін айтады. Ал Көк түрк қағанаты дәуірлеген атамекенде, бүгінгі Моңғол үстіртінде қалған бөліктері бірте-бірте жергілікті жұртқа араласып сіңісіп кетті.

Қоңыраттардың ежелден Ұлы Дала кеңістігін мекен еткен ежелгі халық екені анық. Оның бір дәлелі, қоңыраттардың тайпалық эпосы – «Алпамыс» жыры. Ғалымдардың дәлелдеуінше, «Алпамыстағы» оқиғалар сарыны, ондағы кейіпкерлер, батырдың өз еліне талай жылдан кейін оралып, жары Гүлбаршынды Ұлтан таз зорлықпен алғалы жатқан тойға диуана кейпінде келуі, әке-шешесімен, баласы Жәдігермен кездесулері секілді сюжет желілері Ұлы далада ж.с.д. I мыңжылдықтың бас жағында да кездескен. Бұл дәйек, яғни “Алпамыс” желісінде Гомердің “Одиссея” дастанымен, «Қорқыт ата кітабымен» үндескен сарындардың бар екендігі бұрыннан айтылып жүрген айғақтар қатарында саналады. “Одиссея” ж.с.д. VIII-IX ғасырларда дүниеге келген шығарма. Бұл ретте зерттеушілер тарапынан “Одиссея”, “Қорқыт ата кітабы”, “Алпамыста” бар ортақ сарынның, көшпелі сюжеттердің түп негізі әуелі Ұлы Дала төрінде пайда болып, кейіннен батыс елдеріне ауысқандығы мойындалғанын айтсақ та жеткілікті [Жирмунский, 1979. 314-335 б.; Бейсенбайұлы, 2015. 280-281 б.]. Демек, қоңырат эпосының арғы сарындары да сол есте жоқ ескі замандардан келе жатқан көшпелі сюжеттің Алпамыс заманында жаңғыра көрініс берген мысалына саяды.

“Қорқыт ата кітабындағы” *іш оғыз* бектерінің арасынан “Байбура бектің баласы бозайғырлы Бамсы Бәйректі” де көруге болады. Ол – түрк халықтарына кеңінен танымал батырлық жырлардың бас кейіпкері – *Алпамыс* (Алып-Манаш, Алпамыш, Алпамша), Әбілғазының «Түрікмен шежіресіндегі» – Мамышбек. “Алпамыс” жырлары мен “Қорқыт ата кітабындағы” Бамсы Бәйрекке арналған тарауда сюжет желісі ғана емес, кейіпкерлер есімдерінде де ұқсас тұстар бар. Қазақ жырындағы Байбөрі – “Қорқыт атада” Байбура, Гүлбаршын – Бану шешек, Байшұбар – Бозайғыр деп аталады [Жирмунский, 1999. 539-549 б.; Абу-л-Гази, 1958. 78 б.]. «Алпамыстың» түрк тектес халықтардың біразында бар жыр екенін, олардың көбінде «Алпамыс» тек қоңыраттардың

тайпалық эпосы ретінде нақтыланғанын қаперге алғанда, қоңыраттың да осы жыр сарынын бағзыдан ұластырып келе жатқан көне тайпа екендігін бағамдау қиын емес.

Бұл эпостың әртүрлі (оғыз, қоңырат, қыпшақ) нұсқаларына, олардың пайда болғап уақытына тоқталып жатпай-ақ, оның қыпшақ нұсқасын негізге алайық. Ғалымдардың пікірінше, ол XIV-XVII ғасырларда Дешті Қыпшақ даласында пайда болып, дамыған. Эпоста Қоңырат тайпасының Орта жүзге жататыны, сондай-ақ осы тайпаға біріккен рулар саны отыз екі («отыз екі ата қоңырат») екені де айтылады [*Арғынбаев, Мұқанов, Востров, 2000. 216 б.*].

Шыңғысхан заманына дейінгі уақытқа қатысты тарихи дәйектерде Керулен өзені мен Бұйрақөл (Буир нор) көлінің маңын мекендеген қоңыраттардың теріскейінде моңғол тектілер, батыс жағында керейлер, оған іргелесе наймандардың қоныстанғандығы айтылады. Олардан батысқа қарай, бүгінгі қазақ жерінде қыпшақтар орналасыпты.

XIII ғасырдың басында аз ғана моңғол жұрты ортасынан Шыңғысхан сынды жаужүрек ұлан өсіп шығып, елін бір жұмырықтай ұйыстыра біліп, маңайындағы ұлыстарды бағындырып ала бастайды. Ірі Керей, Найман мемлекеттерінің өзі де оған қарсы тұра алмай, ата қоныстарынан ауа көшеді, көшпегендері Шыңғысхан қарамағына өтіп, оның жорықтарына қатысады. Шыңғыс өз еліне қоңыраттардың нағашылық, құдандалық жағын ескере отырып, олармен келіссөз арқылы қарым-қатынас жасайды. Бұл жайт «Моңғолдың құпия шежіресі», «Алтын топшы» дереккөздеріне де түскен. «Шыңғыс хан өз адамдарына: «Қалқа өзенінің Бұйра көліне құятын сағасында көп малды қоңырат елі отыр. Оларға жөнін айтса, бізге ерер, егер қарсыласса, күшпен басып алыңдар» дейді. Қоңыраттарға өз ықтиярымен қосылғаннан басқа амал қалмаған еді» дейді көне шежірелер [*Моңғолдың құпия шежіресі, 1998. 108 б.*].

Тарихи деректерде қоңырат батырларының, әсіресе Бөртенің бауырларының Шыңғыс хан төңірегінде қолбасшылық қызметтер атқарғаны, бұл дәстүрдің кейіннен де үзілмегені туралы мәлімет көп. Жошы ұлысында (Алтын Ордада) қоңырат бектері үлкен билікке ие болды. Шыңғыс хан мен Бөрте ананың тұңғышы

Жошының өздеріне құдандал жұрттың иелігіне Хорезм мен Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлерді бергені мәлім. Тоқтай хан заманында (1291-1312) қоңырат Салжыдай бек (туған жылы белгісіз – 1302 ж. қайтыс болды) ордадағы ханнан кейінгі екінші жоғарғы лауазым – бектербек (ұлықбек, ұлы би) қызметін атқарса, Өзбек ханның кезінде (1313-1342) бұл биік міндет әлгінде сөз еткен Құтлықтемір және қазір тілге тиек болып отырған Нағанай сынды әйгілі қоңырат бектеріне де жүктелді.

* * *

Сонымен, Нағанай бектербекке қатысты тақырыбымызға қайта қайырылайық.

Нағанай тікелей кімнің ұрпағы деген сауал төңірегіне қатысты әлгінде Мунис пен Агахидың «*Фирдаус ал-иқбал*» шығармасында тармақталған ата-тек шежіресінен басқа, біраз дерек парсының Рәшид әд-диннің «*Жамиғ ат-тауарих*» кітабының «Қоңырат тайпасы» атты тарауы ғана емес, басқа тұстарында да таңбаланып қалған. Бұл ретте, әсіресе, Жошы ұлысының Тоқтай хан заманындағы (1291-1312) әйгілі қоңырат бектерінің ең мәртебелілерінің бірі болған *Салжыдай* бектербекке қатысты мәліметтер назар аудартады. Ол Дей ноян әулетінен тарайтын *Бұлаған бектің* баласы [*Рашид ад-дин, 1952. т.1. кн. 1. 162 б.*].

Сол себепті де Шыңғысхан әулетімен құдандалық жолы бұрыннан бар қоңырат *Бұлаған бек* – өз уақытында Бөрте бәйбішенің Еке Моғұл ұлысының төрт тірегіне айналған ұлдарының кенжесі, қара шаңырақ иесі Төленің немересі (оның Құтықты деген баласының қызы) – Келміш бикеге құда түсіп, өз баласы Салжыдайға алып береді. Салжыдай мен Келміш бикеден туған қоңырат қызы Олжай бегім Ұлық ұлыстың ханы Мөңкетемірге (1240-1282) шығып, екеуінің некесінен Жошы ұлысының 1291-1313 жылдардағы билеушісі Тоқтай хан туады. «*Жамиғ ат-тауарихта*» Салжыдай бектің байырғы қонысы «Хорезмге жақын жерде», яки соған іргелес аймақтағы қоңыраттар иелігінде екені жазылған [*Рашид ад-дин, 1960. Т.2. 84-85, 104-105 б.*].

Рәшид әд-дин тауариғында Тоқтай ханның шөберелес туысы, Дон өзенінен Дунайға дейінгі аралықты жеке өзі билеп-төстеген атақты Ноғай қолбасшымен қақтығысып қалуының бір себебі де

осы Салжыдай бекке қатысты туындағаны жазылады. Тоқтай ханға туған нағашы әрі аталығы (ханды жас кезінен тәрбиелеген ақылшы, кеңесші) боп келетін Салжыдай өз баласы Байлаққа (Яйлақ) хан тұқымы Ноғайдың қызы Қияқты (Қабак) әперген екен. Алайда жас жұбайлар көп ұзамай бір-біріне салқын тартыпты. Келін түртпектеуге ұшырапты. Қияқ бұл жайды төркіндеріне хабардар етіпті. Ноғай бұған кәдімгідей тулап, тікелей Тоқтай ханға: «Сенің таққа отыруыңа ақылымды да, айламды да аямай жұмсаған едім, енді сол еңбегімді еш қылып, билікті Салжыдай қоңыратқа беріп қойғаның қалай», деген ренішін білдіреді. «Егер менімен дұрыс қатынаста болғың келсе, Салжыдайды Хорезмдегі өз ұлысына жібер», деген қатаң талапқа барады. Бұған Тоқтай хан: «Ол әкемдей болған адам, жасы кеп отырған бек, өзіме тәрбие берген, қалай шеттетемін» деген уәж айтып, көнбейтінін байқатады. Ақыры сол егес үлкен кикілжіңге ұласып, Ноғай мен Тоқтайдың арасындағы соғысқа ұрындырады. 1300 жылы Ноғай қолы жеңіліске ұшырап, өзі де қасында қалған он жеті адаммен қашып бара жатқанда Тоқтай ханның жасағындағы орыс сарбазының қолынан қаза табады [*Сонда: 84-87 б.*].

Рәшид әд-Диннің «Жамиғ ат-тауариғында» Салжыдайдың Байлақтан (Яйлақ, Яйлоқ) басқа баласының аты аталмайды. Дегенмен, осы орайда Мунис пен Агахидің «Фирдаус ал-Иқбал» шығармасындағы Тоқтай хан кезінде өмір сүрген *Ағадай* (Оғодай, Аққадай) баһадүрдің есімі назар аудартар еді. Онда Ағадай бектің 30 мың үйлі қоңырат пен 100 мың үйлі басқа да түрк жұрттарын жиырма екі жыл басқарып, Бұлғар, Шеркес, Қазан ұлыстарына билік жүргізгені, орыстар мен шеркестерге қарсы жорықтарға шығып, ол жерлердегі талайдан қирап жатқан қалалардың қорғандарын қалпына келтіргені, бектің өзінің 1313-1314 жылы өткен бір соғыста қаза тапқаны жазылған. Осы жолдардан кейін тақырыбымызға тікелей қатысы бар мәлімет – **Өзбек ханның өз кезінде Ағадайдың баласы Нұғадайды (Нағанайды) Еділ дариясының төменгі ағысындағы елге би еткені, осы бидің Хорезмдегі қазірет шейх Аббас шах кесенесі жанындағы өзі салдырған ғимаратта жерленгені** туралы құнды дерекке жолығамыз [*Мунис ва Огохий, 2010. 116-119 б.; Зайцев, 2016. 238-255 б.*].

Бір қызығы, «Фирдаус ал-Иқбал» еңбегінде бұл Ағадай жаңа ғана сөз болған әйгілі қолбасшы Ноғайдың баласы ретінде сипатталады. Сірә, бұл жайт ауызша шежірелік аңыздар арқылы жеткен көне мәліметтерге қатысты ара-тұра кездесіп тұратын жаңылыс дәйектердің бір көрінісіне сайса керек. Қанша дегенмен, Мунис пен Ағахи туындысы арада бес ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін жазылған дүние емес пе? Соған қарағанда, шығарма авторлары, қолбасшылық қабілетімен ерекше танылған Ноғайдың Шыңғысхан тұқымы болғанын біле қоймаған сыңайлы. Сол себепті оны ноян лауазымымен ғана атайды [*Firdaws al-iqbāl*, 1999. 85-87 б.; *Мунис ва Оғохий*, 2010. 116-117 б.]. Ноғайды қоңырат тайпасының адамы, Ағадайдың әкесі ретінде бағамдаған көне шежірелік аңызды түзетусіз қайталайды. Бұл ретте Ноғайдың атасы Буалдын (Жошының жетінші ұлы) құма әйелден туғандықтан, одан тараған ұрпақтардың Мұғұл ұлысының жосық (яса) ережесіне сай хан тағынан үміттен алмайтындығы туралы қағиданың [*Веселовский*, 1922. 3 б.]. Хиуа тарихшылары пайдаланған шежірелік аңызға өзінше әсерін тигізгені байқалады. Соған орай шежіреде Ноғай – хан тұқымы емес, қоңырат тайпасынан шыққан қолбасшы ретінде сипатталған. Сондай-ақ бұл шығармадан авторлар тарапынан Нағанайдың баласының аты да Харун деп қате жазылғанын көруге болады. Ал Харун болса, жоғарыда аталған Баттута дерегі бойынша, бізге атақты қоңырат бектербегі, өмірінің соңында Хорезм ұлысының билеушісі болған Құтлықтемірдің ұлы ретінде мәлім. Құтлықтемір Харун (Харунбек) атты бұл баласына Өзбек ханның Тайдулы ханымнан туған қызын алып берген [*Тизенгаузен*, 2005. 235 б.; *Веселовский*, 1877. 80 б.].

Осындайда, Мунис пен Ағахи шығармасында аталған Ағадай есімінің Ноғай қолбасшыға күйеу бала боп келетін Байлақтың төңірегіне қатысты дәйектермен шатастырылуы мүмкін екендігін де жоққа шығаруға болмайды. Дереккөздердің мерзімі мен кейбір қисындарына ой жіберсек, Ағадайдың өз кезінде Салжыдайға тиесілі жоғарғы дәрежелі ұлысбек, қарашы бек, бектербек лауазымын атқарғаны анық байқалады (30 мың үйлі қоңырат пен 100 мың үйлі басқа руларды билейді). Осы орайда Ағадайды Салжыдайдың үлкен балаларының бірі, яки Байлаққа аға боп келетін бауыры деп те топшылауға болатындай. Рәшид ад-дин

шежіресінің мәліметі бойынша Салжыдай бек 1302 жылы дүниеден озған. Алтын Орда жылнамашылары Нағанайды 1360-61 жыл шамасында қайтыс болды деп есептейді. Байлақтың 1300 жылы қайынатасы Ноғай қаза табардан үш-төрт жыл бұрын үйленгенін еске алсақ, біз оның ағасы ретінде жорамалдап отырған Ағадайды 1275 жылдар шамасында дүниеге келді деп те болжар едік.

Демек Салжыдай көз жұмғанға дейін де, оның жасы отыздар шамасындағы баласы Ағадайдың кезінде әкесі атқарған қарашы бек, бектербек лауазымы мен оның қарауында болған ұлысты басқаруды өз қолына алғаны пайымдалады. Яки оның бұл қызметті соңыра баласы Нағанайға да ауысты деп есептеуге келеді.

Бұл қисынға Нағанайдың жасы да сәйкеседі. Оның 1296 жылдар шамасында дүниеге келуі мүмкін екендігі туралы дәйек, 1334 жылы араб жиһангезі Баттута Жошы ұлысын аралаған кезде Нағанайдың қызы, ханның екінші ханымы боп отырған Кебек бегімнің жасы сол шақта жиырмалар шамасында еді, деп жазып қалдырған ақиқат деректен де алыс кете қоймайды [*Тизенгаузен, 2005. 221 б.*].

Бұл жерде Нағанайдың Өзбек ханға қайынаталығы мен кейіннен Өзбек ханның қызы Шекербикені өзінің Ақсопы деген баласына алып беруінің аржағында, сонау жылдары Салжыдайдың Тоқтай ханға туған нағашылығынан басталған екі шаңырақ арасындағы жақын құдандалық үрдістің әрі қарай сүйек жаңғырту дәстүрі бойынша сабақтасқаны айдан анық. Нағанайдың Салжыдай ұрпағы екендігі туралы дәйек – Салжыдай бектің ордадағы әйгілі қоңырат ұлысбегі, бектербек ретінде ылғи алдыңғы орыннан байқалар биік мәртебесінің, со қалпында кейіннен Ағадайға ауысқаны, одан Нағанайға өткені, одан соң Нағанайдың баласы Құсайынсопыға дейін жалғасқаны туралы мағлұматтар да қуаттай түседі [*Бейсенбайұлы, 2019. 274-275, 313-316 б.*].

* * *

Рашид ад-дин мен Мунис-Ағахи шежірелерін салғастыра келе, Нағанайды «Жамиғ ат-тауарихтағы» Дей ноянның (Мунистегі Дәрітайдың) ұрпағы екенін пайымдауға болады.

Рашид ад-Динде Дей ноянның ұлдары – Алшы, Хұку, қызы – Бөрте; Дәрітайдың ұлдары – Қатай, Бүйір (Бүйра), Тақұдар, Сұңқар (Жүйқұр) деп көрсетілген. Алшы ноянның шын аты Дарғы гүрген (Дәрке гүрген) еді («Күпия шежіреде» – Дергек Емел). Оның ұлы Шүгі гүрген (Шику), ол Шыңғысханның қызы Тұмалұнға үйленген. Дәрітайдың баласы Қатайдың Мәлік деген ұлы болды. Бөрте ханымның төртінші ұлы Төленің баласы, Иран жерін Еке Мұғұл ұлысына бағындырған Хұлағудың Күтүй мен Міртэй деген әйелдері осы Мәліктің немере бауырлары, ал Мұса гүрген немере інісі еді [*Рашид ад-дин, 2018. 1 т. 161- 162 б.; Рашид ад-дин, 1952, т. 1, кн.1. 162-163 б.; Рашид ад-дин, 1952, т. 1, кн. 2. 271, 273 б.; Моңғолдың құпия шежіресі, 2006.. 1 т. 159 б.*].

Мунис пен Агахи шежіресінде, әлгінде айтылғандай, бұл жайт басқаша тарқатылады. Онда Дей ноян Дәрітайдың лақап аты, оның шын есімі Дәрітай еді делінген. Дәрітайдың Бөртеден басқа – Қияхан, Терк Әмелхан, Тоқұшар деген үш ұлы болған. Үшеуі де ел басқарған. Дәрітай (Дей ноян) көз жұмғаннан кейін, оның қоңырат еліне көсемдік лауазымы Терк Әмелханға ауысыпты. Ол отыз бес жыл салтанат құрып, қыжыраның 618 жылы (1220-1221) дүниеден өтіпті. Оның төрт ұлы болған екен. Орнын басқан мұрагерінің есімі – Тәнім гүрген. Ол Шыңғысханның қызы Тұмалұнға үйленгендіктен, хан тұқымының күйеу баласы (гүрген) мансабын алған. Жошы ұлысының белгілі нояны атанып, әмір әл-әмір (бектербек) қызметін атқарған. Қыжыраның 633 жылы шамасында (1235-1236) бақиға аттанған. Оның Мұса гүрген атты бір ұлы бар еді. Ол Хұлағудың бесінші қызы Тарақайға үйленген. Берке ханның кезінде, қыжыраның 663 жылы (1264-65) дүниеден озған [*Firdaws al-iqbāl, 1999. 83-85 б.; Мунис ва Огохий, 2010. 115-116 б.*].

Мұса гүрген туралы осы деректер Рашид ад-дин шығармасындағы мәліметтермен де сәйкеседі. «Хұлағу ханның бесінші қызы – Тарақай. Оны Шыңғысханның қызы жағынан немересі Мұса гүргенге берді. Мұсаның шын аты Тағайтемір (Тағатемір) еді. Оның ұстазы болған ғалым кісі оны Мұса деп атаған. Ол Хұлағудың әйелдері Күтүй мен Мертай ханымдардың бауыры» [*Рашид ад-дин, 2018. 1 т. 162 б.; 4 т. 26 б.; Рашид ад-*

дин, 1952. 1 т., 1 кн. 163 б.; Рашид ад-дин, 1946. 3 т. 22, 65 б.], делінген «Жамиғ ат-тауарихта».

Осы салғастыруларды екшей келе Рашид ад-диндегі Дей ноянның ұлы *Алшы ноянды* (оның шын есімі Дарғы гүрген (Дәрке гүрген) – Мунистегі *Терк (Дәрке) Әмелханмен*; Алшы ноянның (Дарғы гүргеннің) ұлы *Шүгіні* (Тұмалұнның күйеуі Шикуды) – Терк Әмелханның мұрагері *Тәнім гүргенмен* (Тұмалұнның күйеуі); Салжыдайдың әкесі *Бұлаған ноянды* мерзімдік жағынан – *Мұса гүргенмен (Тағайтемірмен)* шамалы сәйкестендіруге де болатындай. Рашид ад-диндегі *Салжыдай* бектербектің – Мунис шығармасында *Ноғай* ноянмен негізсіз шатастырылғанын әлгінде айттық. Ал екі еңбектің бұдан кейінгі шежірелік тізбегінде айырмашылық жоқ. Салжыдайдың баласы – *Ағадай*, Ағадайдан – *Нағанай*.

Яки, осы дәйектерді қаперге ала отырып, Нағанайдың шыққан тегі былайша тізбектеледі деп білеміз: Жорлық (Шұрлық) мерген → Қоңырат → ... Қалжыдай (X ғасыр) → Қадан → Қабшын → Сынтайтемір → Ағанай → Жайылған → Мөңке → Арыстан → Дей ноян (Дәрітай) (XII ғ.) → Терк Әмелхан → Тәнім гүрген → Мұса Гүрген (Тағайтемір, Бұлаған) → Салжыдай → Ағадай → Нағанай (XIV ғасыр)...

* * *

Ежелгі қоңырат көсемдерінің ұрпағы Нағанайдың Жошы ұлысының әйгілі бектербегі болғанына қатысты, әлгінде араб жиһангезі Баттутаның жазбаларынан келтірілген дәйектерден басқа да құнды деректер жетерлік. Солардың қатарына «*Алтын Орда хандарының жарлықтары*» деп аталатын құжаттар шоғырын қосуға болады. Бұл жарлықтарда әдетте хан тарапынан қабылданатын заңдар, нормалар мен келісімдер, аймақта сауда жүргізуге қатысты жон-жосық ережелері мен салық мөлшерлері, кей тұлғаларға берілегін жеңілдіктер сияқты әртүрлі мәселелер құқықтық негізде бекітіліп, мемлекеттік мәртебемен міндеттеліп жатады. Әуелде олар тек ханның өз атынан ғана жарияланатын дара билік пәрмені болып келсе, XIV ғасырдың алғашқы жартысынан бастап, жарлықтар мәтініне Жошы ұлысының саяси өмірінде жетекші орындарға шыға бастаған бектербектер мен қарашы бек, ұлысбектердің де аты-жөндері қосыла бастайды.

Сондай маңызды құжаттардың бірі – ғылыми айналымда «*Жәнібек ханның венециялық көпестерге 1342 жылғы жарлығы*» деген атпен енген құқықтық дереккөз. Әуелі сол дәуірде Жошы ұлысының мемлекеттік тіліне айналған қыпшақ тілінде жазылған бұл жарлық алдымен Азау қаласында итальян тіліне аударылып, одан Венецияға жеткізіліп, Венеция Республикасының сол кездегі ресми қағаздар тілі латыншаға тәржімаланғаннан кейін ғана елдегі сенат комиссиясының қарауына ұсынылыпты. Италия архивтерінде Алтын Орда билеушілері тарапынан жазылған мұндай жарлықтардың оншақтысы бар көрінеді. Көнеге ұқыпты Италия мұрағатшылары олардың бәрін шып-шырғасын шығармай қаттап сақтай берген. 1880-1889 жылдары Венецияда мемлекеттің маңызды келісімдер мен соларға қатысты құжаттар жинақталып, екі том болып басылып шыққанда, архивте дайын тұрған осы «Хан жарлықтары» кітапқа бір тарау ретінде енген. Кітапта итальян, латын тіліндегі аударма нұсқасымен ғана жарияланған ол жарлықтар, кейіннен сол тілдерден орысшаға тәржімаланып, зерттеушілер арасында талай уақыттан бері Жошы ұлысы тарихын қаузаудың құнды дереккөздері санатында пайдаланылып келеді. Әсіресе бұл ретте, түрктанушы-деректанушы һәм роман тілдерінің мамандары А. П. Григорьев, В. П. Григорьев секілді петерборлық ғалымдардың қыруар істер атқарғанын атап өтуге болады. Олар Венецияда сақталған хан жарлықтарының әу бастағы түпнұсқасы қыпшақ тілінде жазылғандығын анықтау мақсатында көп еңбек етіп, жарлықтарда кездесетін тұлғалардың кім екенін нақтылау бойынша да тиянақты талдамалар жасады [*Григорьевтер, 2002. 276 б.*].

Ал жарлықтардың қыпшақша жазылған түпнұсқалары қайда? Олар сол дәуірде негізінен Азау қаласындағы Венеция консулдығының кеңсесінде сақталып келген екен. 1395 жылы Әмір Темір Жошы ұлысына жойқын шабуыл жасап, оны астанасы Жаңа Сараймен бірге қиратқан кезде, бұл аласапыраннан теңіздің алқымында тұрған сауда-саттық орталығы Азау шәһары да аман қалмайды. Әсіресе қаланың венециялық көпестер тұратын орамы ерекше талқандалып, түгелімен өртке оранады. Сонда консулықтағы бар құжат күлге айналыпты, деседі венециялық дереккөздер.

Енді Жәнібек ханның 1342 жылғы венеция көпестеріне арналған жарлығының латыншадан орысшаға қалай аударылғанына назар аударалық. Оның алғашқы сөйлемі: *«Предвечного бога силою, великого гения-хранителя покровительством, мой, Джанибека, указ, Великого улуса правого и левого крыла огланам, тем, под началом с Могулбугой, тысяч, сотен и десятков князьям, даругам-князьям Азова под началом с Черкес-ходжой, таможникам и весовщикам, заставщикам и караульщикам, многим людям, идущим по какому-нибудь делу, всем..»* деп басталады [Сонда: 46, 72 б.].

Егер мұны кезінде әйгілі орыс түрктанушысы, профессор И.Н. Березин, сондай-ақ өзіміздің Шоқан Уәлиханов зерттеген Тоқтамыс ханның поляк князі Ягойлаға және Қырым түмені (өлкесі) бектеріне қыпшақша жазылған жарлықтармен салыстыра қарасақ, оның әу бастағы төл түпнұсқасы мынадай түрде қағазға түсті деп табар едік. *«Аллаға беріліп, оның игі ісі мен қайырым рақымына үміт артамын (яғни «ғала аллаһи тауаккалту уа ғала карамих уа ахсаники ғаууаалту» деген арабшадан аударма). Менің Жәнібек сөзім, Ұлық ұлыстың Моғұлбұға басшылық ететін оң қол, сол қол огландарына, Азаудың Шеркесқожа басшылығындағы мыңбасы, жүзбасы, онбасы бектеріне, даруғаларына, тамғашы, тартынақшыларына, бұқаул, тұтқауылдарына, көп адамдарға, кей жортар жолаушыларына, баршаға».* Соңғы атаулардағы: *даруға* сөзі – аймақ әмірі, *тамғашы* – кеденші, *тартынақшы* – таразышы, *бұқаул* – табысты реттеуші, *жортар* – жүргінші деген мағыналарды беретінін еске саламыз [Ибатов, 1990. 12-19 б.].

Венеция көпестеріне Азау қаласынан арнайы жер бөліп беру, сауда-саттықтарын жүргізу, салық төлеу, кемелерден баж салымын алу, туындаған дауларды шешу мәселелері жүйе-жүйесімен қарастырылған алтамғалы (алқызылтамғалы) жарлықтың соңында оның жылқы жылының оныншы айында (1342 жылдың 30 қарашасы), орда Балысырда тұрғанда жазылғаны көрсетіледі (Балысыр – Азау теңізінің теріскейіндегі құмдауыт түбек).

Жарлықтың ең төменгі жағында оны Венеция елшілерінің қолына салтанатты түрде ұстатқан Ұлық ұлыстың әйгілі сегіз бегінің есімдері де тізілген. Сонда ең бірінші боп – *Нағанай* есімі

жазылып тұр. Одан кейінгілері – *Әли, Моғұлбұға, Ахмет, Беклеміш, Құртқабашы, Құтлықтемір, Айтемір* секілді бектер. Бұны Нағанайдың ордадағы бедел-биігінің сол кезде қандай деңгейде екендігін байқататын салмақты деректің бірі ретінде қабылдар едік. Яки Ұлық ұлысты ерекше дәуірлеткен Өзбек хан билігінің соңына дейін де, қоңыраттардың сонау Салжыдай бек заманынан бергі ордадағы биік мәртебелі орнының мығым күйінде екенін аңғартады. Хан әулетіне әрі нағашы, әрі жиен боп келетін бұл қоңырат бектерінің әлі де іс басында, алдыңғы лекте жүргенін көрсетеді. Өзбек ханнан кейін таққа отырған Жәнібек хан (1342-1357) да өзінің бел құдасы, кіші шешесі Кебектің әкесі, әрі туған қарындасы Шекербикенің қайын атасы Нағанайды билікке жақын ұстаған. Бектербек лауазымын берген. Мұны оның есімінің тізімде бірінші боп жазылып тұрғанынан да анық пайымдауға болады.

Жарлық соңында тізімде тұрған бектердің бірсыпырасы да, біраздан хан ордасы төңірегінде жүрген шонжарлар немесе солардың ұрпақтары еді. Екінші тұрған Әлидің есімі бізге Баттута жолжазбасынан таныс. Ол Өзбек ханның Ордаша бегім атты ханымының (бектербек Исабектің қызы) сіңлісін алған, бір жағынан ханға туған бажалығы бар қарашы бек. Сондай-ақ тізімдегі Ахмет, Беклеміш атты есімдерді, шамасы, кейіннен орыстың Ахметовтар, Беклемішовтар секілді түрк жұрттарынан тараған әулеттерінің түп-тегі ретінде жорамалдауға болады. Құртқабашы – ордадағы іс қағаздарын жүргізуші, бітікші, яки кеңсе бастығы дегенді білдіреді. Ал Құтлықтемір – Баттута ордаға саяхаттап келген кезде Қырымның бегі болған қият Төлектемірдің баласы. Тізімнің соңындағы Айтемірдің кім екені белгісіз, дейді зерттеушілер [*Григорьевтер, 68-72 б.*].

Арада біраз жылдар өткенде, яки 1358 жылы Жәнібек ханның баласы Бердібек ханның да Венеция көпестеріне қатысты кезекті жарлық шығаруының реті келіпті. Әрине бұл кезде Нағанайдың шау тартып, әрі аяғының ауруы да тіптен асқынып, қимыл-қозғалыстан қалған шағы. Алайда бұл әулеттің орда бектері арасында алғашқы боп аталатын мығым орны со күйінде сақтаулы. Дәлірек айтқанда, оның орнында тізімде бірінші боп Нағанайдың баласы Құсайынсопының есімі жазылып тұр. Нағанайдың билікке белсене араласқан *Құсайынсопы,*

Жүсіпсопы, Ақсопы есімді балалары болған. Оның баласы Құсайынсопының да Хорезм ұлысбегі ретінде бектербек лауазымында қызмет еткені осы жарлыққа есімі бірінші боп енуінен-ақ байқалады. Ол тізімде, кейіннен Бердібек ханның бектербегі болған қият Моғұлбұғаның, бас уәзір Сарайтемірдің (қоңырат Құтлықтемір бектербектің інісі) де алдында тұр. Олардан кейінгілер де осал емес. Бахрин тайпасының көсемі Тоғлубай және Жәнібек ханның кезінде бектербек болған Құтлыбұға [*Сонда: 163 б.*].

Нағанай балалары есімдерінің соңына жалғасатын «сопы» (*сұпы, суфи*) қосымшасы, ғылыми дәйектер бойынша, сол кезеңдерде Нағанай би ұрпақтары ұстанған діни-рухани ілімді емес, ХҮІІІ ғасырдың орта тұсынан Хиуа хандығында билік жүргізген қоңырат көшбасшыларының лауазымы болған «инақ» (тайпа көсемі) дәрежесіне балама атау ретінде бағамдалады. [*Вайнберг, 1960. 109-110 б.*].

Нағанай мен оның ұлы Құсайынсопының бектербек лауазымын атқарғандары туралы дерек «Фирдаус ал-иқбал» шығармасында да кездеседі. Онда: «Барша Жошы ұлысын билеген Өзбек хан Нағанайға әмір әл-әмір (әмірлердің әмірі, арабша: амир әл-умара) мансабын берді... Ол Хорезмге аттанғаннан кейін, оның орнына баласы Харун мырза әмір әл-әмір (ұлы би) болды. Бірер жылдан кейін Нағанай бақиға аттанып, Қияттағы қазірет Шейх Аббас Уәли кесенесі жанындағы өзі салдырған сағанаға жерленді. Ол имараттың қирандылары әлі күнге дейін көрініп жатыр» [*Firdaws al-iqbāl, 1999. 88-89 б.; Мунис ва Огахий, 2010. 119 б.*], – деп жазылған. Өлгінде айтқандай, мұндағы Харун мырзаның «Зафар-наме», «Шыңғыс-наме» сияқты дереккөздерде Нағанайдың баласы ретінде нақтыланған Құсайынсопының орнында аталып тұрғанын осы үзіндіден де байқауға болады. Жоғарыда айтылған Венеция құжатындағы Құсайынсопы *бектербек* – «Фирдаус ал-иқбалда» Харун *әмір әл-әмір* деп көрсетілген...

Өзбек пен Жәнібек хандар басқарған жылдарда мейлінше өркендеген Алтын Орда Бердібек ханның екі жылдай ғана уақытқа созылған билігі (1357-1359) кезінде кері кете бастайды. Ақыры өзінің бар бауырларын қырып тастап таққа мінген Бердібек ханның өмірі де шолақ болғанын жоғарыда айттық. Ол

дүниеден өткеннен кейін, дағдарысқа киліккен Жошы ұлысы ыдырап, бірінің түбіне бірі жеткен, бір билеушіні екінші билеуші асықша алмастырған келте хандар заманы басталды...

Дереккөздерде Нағанайдың Бердібектен кейінгі бір тақ таласы кезінде басқа да белгілі бектермен бірге қазаға ұшырағаны айтылады [*Тизенгаузен, 2006. 255 б.*]. Дегенмен бұл ылаңды дағдарысқа дейін Нағанай өз балаларымен бірге әу бастан қоңырат бектерінің еншісіне тиген Хорезм ұлысын Алтын Ордадан бөліп алып, дербес Қоңырат ұлысы етіп құрып та қойған еді. Қоңырат әулеті көсемдері іргесін көтерген бұл ұлысқа оның алғашқы әмірі болған Құсайынсопы 1359-1372 жылдар аралығында билік жүргізді. Қоңырат ұлысы күшейіп алған соң іргедегі Шағатай ұлысына айбат шегіп, 1365 жылы оның құрамындағы Қият пен Хиуаны өзіне қосып алып, Шыңғысхан заманына дейін атағы дүрілдеген Хорезмшахтар мемлекетіне етене аймақтарды түгендей бастауға ұмтылышты.

Бірақ, содан кейінгі жылдары Шағатай иеліктерін біртіндеп өзіне қарата бастаған жаужүрек Әмір Темір (Ақсақ Темір) қолбасшы ол қалаларды қайтарып беруді талап етіпті. Құсайынсопы оған көнбегесін, Темір оған қарсы соғыс жариялап, 1372 жылы Қоңырат ұлысының астанасы Үргеніш шәһарын қоршайды. Сол қорғаныс шайқасы кезінде Құсайынсопы қаза табады. Оның орнына билікке келген інісі Жүсіпсопы амал жоқ Әмір Темірмен келіссөзге шығып, Қият пен Хиуадан бас тартуға мәжбүр болады. Темір онымен қоса, Ақсопының қызы Сүйінбике сұлуды (Өзбек ханның жиені) баласы Жаһангер әмірзадаға ұзатуды талап етеді. Келесі жылы Самарқан төңірегіндегі Темірдің жазғы ордасында Мұхаммед Жаһангер мен Сүйінбике арудың үйленуіне арналған теңдессіз той өтеді. Әмір Темірдің төңірегіндегі жылнамашылар Нағанайдың осы немере қызының есімін көбіне Ханзада деп жазады [*Муджмал-и Фасихи. 1980. 97-98 б.*].

Әмір Темір туған құдасы болса да байтақ Хорезм өңірін Жүсіпсопының одан әрі емін-еркін билеуіне көп ырық бере қоймайды. Жүсіпсопы тағы біраз жыл басқарғандай болғанымен, Жошы ұлысын қайта қалпына келтіргісі келген Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір арасындағы кикілжің таластардың өтінде қалған аймақтың мазасы жылдан жылға кете бастайды. Ақыры Нағанай

ұрпағы Сүлейменсопының Тоқтамыс жағына шығып, Темірге қарсы кәдімгідей көтерілуінің соңы – Әмір Темірдің 1388 жылы Үргенішке жойқын шабуыл жасап, Қоңырат әулеті мемлекетін жойып жіберуімен тәмамдалады. Әмір Темір Үргеніш жұртын Самарқанға көшіріп, шәһардың орнын тып-типыл тегістеп, орнына арпа егуге бұйрық береді. Әмірдің сарбаздары он күндей аса бай да гүлденген қаланы тонап, қиратып, ойранын шығарады. Ұлыс түгелімен Темір империясының құрамына қарайды [*Иязди, Шараф ад-Дин. 2008. 126-127 б.; Веселовский, 1877. 82-86 б.*].

Елі ауа көшкен Үргеніш шәһары осыдан кейін-ақ қайта оңалмайды. Әрі оған ХҮ ғасырдың басынан бастап, табиғаттың алмасуынан туындаған экологиялық жағдай да әсерін тигізбей қоймайды. Әмудария арнасының өзгеріп, қаладан қырық шақырымдай қашықтыққа аунап кетуі салдарынан, байырғы астана аймағы қуаңшылыққа ұрынып, ақыры ол бір көшеден ғана тұратын шағын мекенге айналады. Шәһардың Үргеніш атауы 1645 жылдары одан оңтүстік-батысқа қарай 190 шақырымдай жерде ірге көтерген жаңа орталыққа ауысып, ол Жаңаүргеніш аталады. Сонау ғасырларда айбынды Хорезмшахтар мемлекетінің, одан кейіндері Нағанай балалары құрған Қоңырат әулеті ұлысының астанасы болған бағзы Үргеніш шәһары Көнеүргеніш деген атқа иеленеді. Аймақ орталығы Хиуа шәһарына көшірілуіне байланысты, енді ұлыс та Хиуа хандығы деп атала бастайды.

Кейінгі ортағасырлық мұсылман дереккөздерінде Нағанай есімі әрдайым еңбегі елеулі тұлғалар қатарында аталатыны назар аудартады. ХІҮ ғасырдың басында өмір сүрген Муин ад-Дин Натанзи жазған, Бартольд «Бүркенішті Ескендір» деп шартты ат қойған парсыша шығармада «Өзбек хан елі тарапында Әмір Нағадайдай елеулі тұлғаның есімі ерекше әйгілі» деген жолдар бар [*Тизенгаузен, 2006. 263 б.*]. ХҮІ ғасырдағы хиуалық тарихшы Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» шығармасында «Хәрәзм уәлаятының һәкімі қоңырат Нағадайоғлы Аққұсайын» туралы да сөз болады. Онда Аққұсайын (Құсайынсопы) да әкесі Нағанай сияқты ел билеген беделді тұлға, шамына тисе хорезм әскерін жиып, сол кезде дағдарысқа малтыққан Сарай уәлаятының (Алтын Орданың орталық ұлысы) өзіне де жорыққа аттанып, Тайдулы бегім таққа отырғызған Базаршы ханды орнынан алатын


күдіретке ие адам ретінде бейнеленеді [*Өтеміс қажы, 2005. 230-231 б.*].

...1760 жылдардан бастап Хиуа хандығының билігіне қайтадан Нағанай ұрпақтарының оралу үдерісі байқалады. Соған дейін де тақ төңірегіндегі жоғарғы орындарға тағайындалып жүрген қоңырат бектерінің арасынан Есмұхаммед би жаңа қоңырат әулетінің негізін қалайды. Бұл әулет өздері хан тұқымы болмағаннан кейін, таққа кейде қазақ сұлтандарын да шақырып, мәртебелеген сияқты болғанымен, өздері *инақ* (тайпа басы) деген лауазымға иеленіп негізгі билікті қолдарында ұстап отырды. Содан олар 1920 жылға дейін Хиуа хандығының тізгінін уыстан шығарған жоқ. 1800 жылдардан бастап өздеріне де хандық лауазымды заңдастырып, бір орталыққа біріккен қабырғалы мемлекет басшыларына айналады. Хиуа тарихшыларының жазбаларында сол қоңырат билеушілерінің бәрінің Өзбек ханның замандасы болған, асыл сүйегі көне Қият қаласындағы Аббас Уәли шейхтың мазараты қасында жерленіп, басына биік кесене орнатылған Нұғдай бидің (Нағанайдың) ұрпақтары екендігі әрдайым назарға алынады [*Firdaws al-iqbāl, 1999. 88-89 б.; Мунис ва Огахий, 2010. 119 б.; Бартольд, VIII т.1973. 575-578 б.*].

Хиуа хандығын билеген қоңырат инақтары мен хандарының Нағанай ұрпақтары екендігі «Фирдаус ал-иқбал» еңбегінде нақты түрде тізбектеледі. Онда біз Нағанайдың баласы Құсайынсопымен сәйкесетін тұлға ретінде аталған шежіреге Харун есімімен түскен тұлғаның баласы, яки Нағанайдың немересі – Темір би деп аталғанын көреміз. Темір бидің Ыдырысбек, Құтлұқ, Құлман, Баһадүр, Тағайбек, Бұрқы деген ұлдары болған екен. Солардың арасында әкесінің көсемдік лауазымы Құтлұқ биге тиіпті. Құтлұқ бидің – Меңлішбек, Талышбек, Бердішбек деген ұлдары болыпты. Солардың арасында мұрагерлік Меңлішбекке ауысады. Ол батырлығымен танылып, Меңліш баһадүр деген атқа иеленеді. Оның 15 ұлы болыпты. Орнын басқан ұлдың есімі – Мұса би. Мұсадан – Ағыман баһадүр (ол 1526 жылы 79 жасында көз жұмған). Ағыман би Йадгар (Жәдігер) ханның немересі Елбарыс ханның аталығы болған. Кейіннен Терсек кентінің хәкімі атанады. Оның баласы Хақназар Сырттан еді. Ол Ауаныш хан (1526-1538) кезінде инақ мансабын атқарды. Ағадай ханның кезінде (1547-1557) оның бұл


лауазымы баласы Алақ (Ұлық) баһадүрге ауысты. Оның ұлы Бұндаш баһадүр билікке ұмтылмайтын, ілім-білімге жақын, қайырымды жан болыпты. Бұндаштың орнын басқан мұрагер баласының есімі – Омбай инақ. Ол атақты шежіреші Әбілғазы ханға (1643-1663) адал қызметімен танылып, хан оған *инақ* мансабын ғана емес, күллі мемлекет ісін де тапсырады. Негізінен Нағанай ұрпақтары көбірек атқарған *инақ*, *аталық*, *хәкім* лауазымдары одан әрі қарай Омбайдың баласы Әмірсейіт инаққа, одан – Бекмұхаммед инаққа, одан – Әдинамұхаммед аталыққа, одан – Есмұхаммед биге, одан – Мұхаммедәмин инаққа (осы мансапты атқарған жылдары – 1763-1790), одан – Әуез инаққа (1790-1804) дейін үзілмей келіп, оның баласы Елтүзер хан кезінен бастап (1804-1806) қоңырат әулетінің Хиуаны билеген хандық мәртебесіне ұласады. [*Firdaws al-iqbāl*, 1999. 90-97 б.; *Мунис ва Оғахий*, 2010. 120-128 б.; *МИКХ*, 1969. 435-463 б.; *ҚТТД*, 2006. 5 т. 244-274 б.].

Хиуа тарихшыларының деректеріне сүйене отырып, К. Л. Задыхина қоңыраттың Оспан сопы, Шын сопы, Қожахмет, Шәріп сопы секілді өкілдерінің Әмір Темір, Шайбан әулеті билігі кезінде де ықпалы зор мансаптарды атқарғанына мән береді. Әбілғазы ханның тұсында Омбай инақ, 1715-1717 жылдары Назар инақ, Есмұхаммед би инақ, 1755 жылдан Мұхаммедәмин инақ, 1788-жылдардан Пазыл би инақ, 90-жылдардан Әуез инақ сияқты қоңырат көсемдерінің ел басқарудағы билік тұтқаларын ұстауы одан әрі нығаяды. Ақырында Елтүзер инақтың, одан соң Мұхаммедрақымның (1806-1826) өздеріне хан мәртебесін тағайындауы нәтижесінде, Хиуа хандығының билігі түгелімен Қоңырат әулетіне көшеді [*Веселовский*, 1877. 252-363 б.; *Задыхина*, 1952. 327-329 б.].



***Көнеүргеніштегі Құтлықтемір бектербек билікте болған жылдары тұрғызылған биіктігі алпыс жеті метрлік мұнара.**

****Көне үргеніштегі Назанай балалары билігі кезінде салынған Төрбике бегім (Құтлықтемір бектербектің зайыбы) кесенесі.***



***Төрбике бегім кесенесі күмбезінің ішкі көрінісі.**

Қоңырат хандары өздерінің хандық билігі әбден дәуірлеген жылдары, бабалары Нағанай мен оның ұрпақтарына астана болған Көнеүргенішті қайтадан бас шәһар етудің де жолдарын қарастырыпты. Қалаға су жеткізетін арнайы арық (оман) қазылып, Аллақұл ханның ұлы Мұхаммедәминнің билігі кезінде (1845-1855) астананы Хиуадан ежелгі орнына көшірмек те болыпты. Нағанай заманындағы сәулетті орданың орнына «Хорезм бақ» деп аталатын мығым бекініс те салдыртыпты. Алайда Мұхаммедәминнің өзі түрікмендермен өткен бір шайқаста қаза тауып, жоспарланған бұл іс аяқсыз қалыпты. Артынша 1873 жылы Хиуа хандығы Ресей империясының қарамағына еніп, хандық билік бұрынғысынша сақталғанымен, балапан басымен, тұрымтай тұсымен кеткен заман басталады. Көнеүргеніш сол шағын кент күйінен өспей қалады. Бүгінде ол Түрікменстанның Ташауз уәлаятына қарайтын Көнеүргеніш атырабының әкімшілік орталығы ғана. Баяғы Ұлы Хорезм мемлекеті замандарынан ежелгі өркениеттер астанасы ретінде танылған шәһарда бағзы дүние жәдігерлеріндей боп бірқатар сәулет ескерткіштері әупіріммен сақталып қалған. Солардың арасында қоңырат Құтлықтемір бектербектің Хорезмге ұлысбек болған жылдары салынған биіктігі алпыс жеті метрлік Құтлықтемір мұнарасы, әйгілі сопы ғұламасы Нәжмәддин Кубраның зәулім кесенесі, Нағанай балаларының билігі кезінде тұрғызылған Төребике бегімге (Құтлықтемір бектербектің зайыбы) арналған сәнді кесене, хорезмбақ, тасқала сарайларын, Монғол жорығына дейін салынған хорезмшах Текешке арналған кесене секілді тамаша ғимараттар әлі де көздің жауын алады [*Пилявский, 1974*].

Түрк халықтарының, соның ішінде қазақ ру-тайпалары шежіресінің қалыптасу үдерісінде Алтын Орда билеушісі Өзбек хан тұсындағы жүргізілген реформалардың ықпалы елеулі болды. Шыңғыс ханның жорықтары нәтижесінде этникалық ұйысудың жаңа кезеңін бастан өткерген түрк жұрттары Дешті Қыпшақта бой көтерген жаңа мемлекет аясында ру-тайпалық құрылымдарын қайта жасақтады. Дәстүрлі қазақ қоғамында жаңа мемлекеттердің пайда болуымен немесе оның өзгеріске түсуімен

әкімшілік-аумақтық және саяси құрылым ретінде ру-тайпалар түзілімі де дүркін-дүркін жаңарып, жаңғырып отырған. Осы заңдылыққа сай, бірі ыдырып, енді бірі мол санды, қуатты этникалық бірлікке айналған тайпалар тарихын баян еткен шежірелерде «Тоқсан екі баулы қыпшақ», «Тоқсан екі баулы өзбек», «Тоқсан баулы қоңырат» деген сияқты тұрақты шежірелік формулалар кездесетіндігінің себебі осы. Олар Алтын Орда құрамындағы көптеген тайпалық бірлестіктердің сол тұстағы сипатын білдіретін шартты атаулар еді. Қыпшақ пен қоңырат ұлыстары Жошы ұлысы аумағындағы ірі тайпалардың атымен байланысты туындаса, өзбек⁹ атауы «Өзбек хан мемлекетінің елі» деген мағынаны берді. Аймақтық негізде құрылған ұлысқа біріктірілген ру-тайпалар негізгі, басты тайпаның төңірегіне топтасып, жаңа ру-тайпалық түзілім құрайды. Өзге тайпалардан енген рулар мен аталар аймақтық бірлікті құраған тайпаның құрамына сіңіріліп, жаңа шежірелік сарындар жүйеленеді [Тұрсұн, 2021. 47 б.].

Мауераннахр аймағын (Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығындағы жерлер) мекен ететін өзбек руларының дені ХҮІ ғасырдың басында Мұхаммед Шайбани хан (1451-1510) жорығымен бірге Дешті Қыпшақтан келген қауымдарға жатады. М. Шайбани Жошы ұлысы ыдырағаннан кейін ХҮ ғасырдың 20-шы жылдары қазіргі қазақ жерінде ірге көтерген Дешті Қыпшақ ұлысының (оны ғылымда «Көшпелі өзбек ұлысы» деп атау қалыптасқан) билеушісі Әбілқайыр (1428-1468) ханның немересі болатын. Бұл ұлыстың ыдырауы Әбілқайыр ханның кезінде басталып, ол қаза тапқаннан кейін үдей түседі. Әсіресе соның алдында ғана Әбілқайыр билігіне наразылық білдіріп, одан

⁹ Өзбек термині мен Өзбек ұлысының тарихта алғаш көрініс беруі Өзбек хан заманынан басталады. ХІҮ ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешкен парсы тарихшысы Хамдаллах Казвинидің «Таңдаулы тауарығында» Өзбек ханның әскері – өзбектер, Жошы ұрпақтарының империясы – «Мамлакат-и Узбеки» деп сипатталады [Тизенгаузен, 2006. 186 б.]. Сол заманға қатысты ғылыми еңбектерде «Өзбек ұлысы» деп аталған бұл мемлекетті мекен еткен көшпелі түрк жұрттарының негізінен қыпшақ (қазақ) текті бір халық болғанына, кейіннен Шайбан ұлысына қарасты тайпалардың өзбек, Орда Ежен ұлысы тайпаларының қазақ ретінде жіктелгеніне мән беріледі [Семенов, 1954. 2-37 б.].

іргесін бөліп дербес шаңырақ көтерген Қазақ хандығы тарапынан жасалған қарсылық күші ерекше жойқын болған. М.Шайбани өзінің атасының айбарлы билігін жалғастыруға қанша тырысқанымен, қазақтардың күннен-күнге арта түскен екпін-қуаты оның Дешті Қыпшақтан ығысуына алып келді. Ол жаңа жорық бағытын сол шақта жеке-жеке иеліктерге бөлініп, бытыраңқы күйге түскен Әмір Темір әулеті билеп отырған Мауераннахр жаққа қарай бұрғанды жөн көрген. Бауыры Махмұд сұлтан екеуі 1500 жылы Бұхараны, келесі жылы Самарқанды жаулап алып, дербес Шайбан хандығын құрады. 1511 жылы Дешті Қыпшақ жерінен Шайбан әулетінің ағайынды Елбарыс пен Белбарыс сұлтандарға қарасты жұрттардың екінші тобы да жетіп, Үргеніш пен Хиуа өңірлерін басып алады. Әмударияның төменгі ағысын қамтыған осы аймақта Шайбан әулетінің болашақта *Хиуа хандығы* деп аталатын екінші мемлекетінің байрағын көтереді. Жазба дереккөздердің мәліметтерін талдап қарағанда, сол екі жорық дүмпуімен Дешті Қыпшақтан (Арқа өңірінен) жеткен түздік жұрттардың саны шамамен 360 мыңдай адам болған көрінеді. Осы жойқын қоныс аудару арқылы Өзбек ұлысының (*Мамлакат-и Узбеки*) байтақ далалық аумағынан қоныс аударған қыпшақ тілді көшпелі жұрттар өздерімен бірге Мауераннахрға «өзбек» деген терминді де ала келеді. Дегенмен *өзбек* аталымы бұл аумақта талай уақыт бойы Шайбан әулеті билеушілерінің жорығымен бірге жеткен тайпалар мен руларға ғана қатысты айтылып жүрді. Тіпті XIX ғасырдың өзінде ортаазиялық хандықтарда *өзбек* атауы сирек қолданылды. Ол әдетте өзбек текті адамды *тәжік, сарт, шағатай* секілді басқа этникалық немесе әлеуметтік топтың өкілдерінен ерекшелеп атау керек болғанда ғана пайдаланылды. *Өзбек* аталымының қазіргі Өзбекстан аумағында ортақ этнонимге айналуы, тек XX ғасырда Орта Азияны ұлттық республикаларға бөлу жұмысы жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асты. Яки қазіргі өзбек халқының тарихы оның атауының шығу этимологиясына қатысты тарихпен тікелей сәйкесе қоймайды [Сұлтанов, 2017. 78-80 б.].

Осы ретте Шайбан әулеті билеген Хиуа хандығына қараған қарақалпақ қоңыраттарының рулық құрамы қазақ қоңыраттарымен сәйкес келе бермейтініне назар аударар едік.

Қарақалпақтар екі арыс боп бөлінеді. Бір арысы – *он төрт ру*, екінші арысы – *қоңырат* деп аталады. *Он төрт ру* арысы – *қыпшақ, маңғыт, кенегес, қытай* деп аталатын төрт рудан құралады. *Қоңырат* арысы – *шүллік, жауынгер* атты екі бірлестікке бөлініп, *шүллік* тармағына – *қият, ашамайлы, қолдаулы, қостамгалы, балгалы, қандеклі, қарамойын, мүйтен* рулары енсе, *жауынгер* тармағына – *терістамгалы, бақанлы, тиеклі, ырғақлы, баймақлы, қазаяқлы, ұйғыр* рулары енеді. Ортақ ұраны – «Жайылған». (Бұл есім Мунистің «Иқбалнамесінде» қоңырат Дей ноянның арғы бабасы ретінде көрсетіледі). Әрі қарақалпақ қоңыраттарында қазақ қоңыраттарына тән «босаға» таңбасы жоқ. Қарақалпақ тарихының белгілі зерттеушісі Т. А. Жданконың жазуынша, бұл жайт олардың бастапқы баба-тектік түзілімінің өзгеріске түскенін, әуелгідей дара тайпа түрінде емес, шайбанилер жорығымен бірге келген әртүрлі рулардың қоңырат арысының аясына ұйысқан бірлестікке айналғанын байқатады [Жданко, 1950. 51-53 с.; Магидович, 1926, Кн. 2. 61-116 б.].

КСРО Ғылым академиясы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының 1945-1948 жылдары жүргізген аса ауқымды зерттеу жұмыстары кезінде Қарақалпақ этнографиялық отряды қарақалпақтардың шығу тегіне қатысты шежірелік аңыздарды да жинақтаған еді. Солардың денінде қазақ пен қарақалпақтың түбі бір туыс халықтар екендігіне мән беріледі. Әнес бабаның – Қазақ пен Созақ деген екі баласы болған, Қазақтан – қазақтар, Созақтан – қарақалпақ тарайды, немесе Әнес бабадан – қарақалпақтардың түпкі тегі – Қарақалпақ, қазақтардың түпкі тегі – Аққалпақ тарайды делінетін нұсқалар көбірек ұшырасыпты. Солардың арасында Нағанай тұлғасына қатысты қазақ қоңыраттарына таныс шежіре сілемін де көруге болады. Онда: Қазақ пен Созақ деген ағайынды екі адам болыпты. Созақтан – Жайылған мен Сейілхан, Сейілханнан – түрікмендер өрбісе, Жайылғанның ұрпағы – Нағанай би. Нағанайдың отыз ұлы, екі құлы болған. Отыз екі ұлдан 32 баулы ел тараған. Солардың бірі – қарақалпақтар екен делінеді [Жданко, 1952. 485 б.]. Бұл жерде қазақ пен қарақалпақ қоңыраттары шежіресіндегі Нағанайдың «екі құлы» деп бөлектеп айту сарынынан, жаугершілік жағдайында өзге халықтардың арасынан түрлі себептермен қоңыратқа қосылған екі рулы ел деген

қисынды да пайымдауға болады. Қоңыраттың өзге руларды өз қатарына қабылдаудағы ашықтығына қатысты ел аузында ежелден «Құл қашса қоңыраттан шығады» деген сөз де қалған [Тұрсұн, 2021. 49 б.].

Қазақтың шежірелік дәстүрінде қоңыраттың түп атасы ғана болып саналатын Нағанай есімінің бұлайша 32 баулы елдің атасы деген мәртебеге ие болуы, оның Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысындағы халықтар үшін аса мәртебелі тұлға болғанын тағы да айғақтай түседі. Қарақалпақ халқының ұлы ақыны Бердақтың «Шежіре» атты шығармасында да Нағанайдың әуелгі бабасы Майқы би, ол қоңыр ат мініп жүргендіктен Қоңырат атаныпты, Майқы биден – Жайылған, Сейілхан. Жайылғаннан – Нағанай би, Сейілханнан – Түрікмен. «Жайылған» есімінің Қоңыратқа ұран болуы содан. Нағанай би күллі қоңыраттың бабасы. Одан отыз ұл тарайды. Нағанайдан тараған ұлдардың бірі – Қарабек, одан – *Жәнібек, Қалыбек. Жәнібектің ұлы* – Қайдар, Әлібек. Қайдардан – Еділ, Жанаділ. Әлібектен – Ақәділ, Байәділ. *Қалыбектен* – Құлжан, Толыбек. Бұл екеуі саудамен айналысып, Толыбек ханнан жығалы (мөр) алып, содан «қанжығалы» атанды, Құлжан гежи (уақ мал) сатып, содан «бөгежелі» атанды. Шежіреші одан әрі Байәділден – *ашамайлы*, Қайдардың Еділінен – *қостамғалы*, Жанаділден – *қандеклі*, Бердақтың өзі шыққан *қолдаулы* рулары тарағанын да айтып өтеді. Басқа рулардың да шығу тектерін қаузаиды... Нағанайдың Хиуа хандығы билігіне араласқан кейінгі ұрпақтары, Мунис пен Агахи шығармасында есімдері аталған – Әдина аталық, Мәдемін (Мұхаммедін) инақ, оның ұлы Әуез инақ, Елтезер (Елтүзер), кейінгі Құтлымұрат инақтар (хандар) да тілге тиек болады [Бердақ, 1977. 99-137 б.].

Қарақалпақтармен бірге Әмударияның сағасын мекен ететін өзбек қоңыраттары *Көкөзек* (тартулы, жаугүр, тыркеш, оғыз, айран, бірқұлақ, қарақұрсак, шамра, калекесер, жаманқоңырат), *Балғалы* (сарсан, сағыр, нүкүс, қотыр, ішкілі, ештеке, бүйірлі, ноғай, керейт), *Ашамайлы* (сандаулы, құтым, бесқой, қамар, ақылшы, қият, көксулы, қыпшақ, қандеклі), *Қанжығалы* (қатаған, телек, тоғыз, бөгежелі, ынақ) тәрізді төрт түпке (руларына) бөлінеді [Задыхина, 1952. 338 б.].

Өзбекстанның оңтүстігіндегі, бұрын Бұхара хандығына қараған, бүгіндері негізінен Сұрхандария, Қашқадария уәлаяттары аумағындағы Байсын, Сұрхан-Шерабад шұраттарын мекендейтін өзбек қоңыраттары *Уақтамғалы*, *Қостамғалы*, *Қанжығалы*, *Айынны*, *Тартулы* деген бес бірлестіктен тұрады. *Уақтамғалы* өз ішінде (ашамайлы, баймақлы, тарақлы, шанышқылы, қазаяқлы, шөмішлі, қайшылы, ысқылы, қиғашлы, жылантаңбалы, балғалы, қарақоңырат, бөгежелі, оюлы, қандеклі, ырғақлы, абақлы, көсеулі), *Қостамғалы* (төленгіт, тілеумет, қарақасмақ, кәл, бармақ, күләбі, сауырбұзар, замбыры, құсай, отырақы, құшағұр, бәндікүшік, ақпышақ, шал, мәуліш, қарақалпақ), *Қанжығалы* (ұлыс, шөллік, құйын, қарақұрсақ, малтақа, қолдаулы, қарабура, доске, топқара, қортоғай, ноғай, желкілдек, ғәлі, қара), *Айынны* (қауқа, шұран, бесбала, топар, қашай, қарақалпақ, айтамбалы, тоқсарай, қара, қажыбасша, түрікмен-айынны, ақтана), *Тартулы* (тоғыз, мөңке, майдатоба, шопақ, абақлы, ор) дейтін аталарға тармақталады. Осы 18 ата уақтамғалы, 16 ата қостамғалы, 14 ата қанжығалы, 12 ата айынны, 6 ата тартулы топтарының бәрі қосылып, 66 ата қоңырат аталады [*Кармышева, 1976. 86-93 б.; Ханыков, 1843. 58-60 б.; Ситняковский, 1907. 22-29 б.*].

Өзбек пен қарақалпақ халықтары құрамындағы қоңыраттардың осы ру аталымдарының өзінен-ақ олардың бірсыпырасының түп-төркіні Дешті Қыпшақты мекен еткен қазақ текті ру-тайпалармен сабақтасып жатқанын байқау қиын емес. Әрі қазіргі қазақ халқы құрамында жеке-жеке рулар ретінде саналып жүрген ол аталардың Мауераннахр халықтары ішіндегі әлеуеті мен беделі жоғары қоңырат тайпасы атауы төңірегіне ұйысқаны аңғарылады. Мұны кезінде әйгілі тарихшы, географ, демограф И. П. Магидович (1889-1976 ж.) те атап өткен болатын. [*Магидович. 1926. Кн. 1. 189-190 б.*]. Өйткені қоңыраттар ХҮІ ғасырдың басындағы Шайбан әулеті жорығына дейін де Хорезм өңірінде билік құрған, сол аймақты Шыңғысхан заманынан қоныс етіп келе жатқан, ХІҮ ғасырда Нағанайдай көсемнің бас болуымен Қоңырат ұлысын құрған байырғы тайпа еді.

Бір бөлігі Сыр алабын, бірсыпыра бөлігі ортаазиялық хандықтардың жерлерін қоныстанған қоңыраттар өздерінің орналасқан жерлеріне қарай, әр аймақта, әр бөлек мемлекеттердің

қарамағында болғанымен, талай заман бір-бірімен байланыстарын үзе қойған жоқ. Оны қазақ қоңыраттары шежірелеріндегі Сыр, Түркістан өңірлері мен Бұхара, Үргеніш арасындағы арылы-берілі қарым-қатынастарды сөз ететін деректер сарыны да қуаттайды [*Бабалар сөзі*, 2012. 83 т. 264,270-271 б.]. Қазақтың атақты академигі Әлкей Марғұлан жазғандай: «Қоңыраттар жаз бойы Сарыарқаны, Торғай, Тобыл, Жайық бойын жайлап, қысқа қарай жылы жаққа, Сыр, Өмудария алабына барып қыстайтын болған. Шайбани заманынан бері қарай қоңыраттар екіге бөлінді. Бір бөлігі – Сыр бойында, Қаратауда, екінші бөлігі – ХҮІ ғасырдан бері қарай солтүстікке көше алмай Өмудария бойын қоныстап қалды. Ол жердегі қоңыраттардың кейбір қарттары бабаларының Арқаға дейін көшіп барып жүргенін ХІХ ғасырдың отызыншы жылдарына дейін айтып отыратын еді. Бірақ осы екі өңірдегі қоңыраттар (біреуі өзбек, біреуі қазақ арасында) кейінгі кездерге дейін өзара жиі қатынасып, тегі, туысы, шежіресі, шығарған аңыз жырлары бір екенін білген» [*Марғұлан*, 1985, 181 б.].

Осы орайда Нағанай есімінің әсіресе қазақ қоңыраттары мен ХҮІІІ ғасырдың орта тұсына дейін Сырдың төменгі ағысын қоныс еткен қарақалпақ қоңыраттары [*Жданко*, 1950. 140 б.; *Қарақалпақи*, 1962. 414-415 б.] шежірелерінде түп ата тұлға ретінде ерекше мәртебеленетіні аңғарылар еді. Бұған Сұрхандария жақтағы Байсын қоңыраттарының Бұхара хандығы құрамында, ал Нағанай ұрпақтары билеген Хорезм қоңыраттарының Хиуа хандығына қарайтынының, екі ұлыс билеушілерінің өзара тайталаса, жауласа ғұмыр кешкенінің өз әсері болғаны анық. Яки Хорезм, Өмудария мен Сырдарияның төменгі алабын ұзақ уақыт билеу арқылы Сыр алабына да кеңінен танымал болған Нағанай би мен оның даңқты ұрпақтарының зор атақ-абыройы іргелес аймақтарды мекен еткен қоңыраттардың ортақ шежірелік дәстүрлеріне өз ықпалын тигізген. Соған орай, қазақ және қарақалпақ қоңыраттарының сабақтас тіршілік кешулері аясында Нағанай биді өздерінің түп бабасы ретінде танитын ататек шежірелері қалыптасқан.


Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бастап рулардың құрылымы мен шежірелік тізбегі нақтылық сипат ала бастайды. Демек, «Нағанайдың отыз ұлы» Алтын Орда кезеңіндегі рулық

топтасуды танытса, оның үш ұлы Қазақ хандығының құрамына еніп, қалғаны шайбанилықтардың қарамағында қалған XV-XVI ғасырлардағы оқиғалардан хабар береді. Қасым хан, Хақназар хан, кейін Тәуекел, Есім хандардың тұсында Қазақ хандығы аумағының кеңейіп, Сыр бойындағы қалалардың Қазақ хандығы құрамына енуіне байланысты өзге тайпалар сияқты қоңыраттың да рулық құрылымы қайта жасақталды, бүгінгі ру-тайпалық құрылымы түпкілікті қалыптасты. Орта Азия хандықтарының құрамында жүрген ру-тайпалар Қазақ хандығының құрамына қосылып, халқымыздың этникалық ұйысуын аяқтады [*Тұрсын, 2021. 51 б.*].

Жалпы Шыңғыс хан әулетіне құдандалық қатынаста болған қоңыраттар көбіне-көп хан ордаларына жақындау жүргені белгілі. Қазақ ордасының билеушілері Отырар, Сығанақ, Түркістан шәһарларын астана еткен кездерінде, қазақ құрамына топтасқан қоңыраттар да осы аймаққа ұйысып, қазіргі қоныстанып отырған жерлерінде орныққан еді. Қазақ халқының құрамындағы қоңыраттар барша қоңыраттын шағын бір кесегі ғана екені оның шежіресінде де көрініс тапқан. Қазақтың XIX ғасырдағы білгір шежірешілерінің бірі Сейдаққожа Жүсіпұлының 1875 жылы Бұхарада басылып шыққан «Қазақ тайпаларының тарихы» атты еңбегінде «қоңыраттар Көтенші, Көктің күлі (Көктің ұлы), Көк Тәңірі, Үлбіші (Байсын) болып төрт топқа бөлінеді» деп жазылған. «Алғашқы екеуі – қазақтың Орта жүзі құрамында, Байсын, Көк Тәңірі қоңыраттары өзбек құрамында» делінген [*Жүсіпұлы, 1994. 104 б.*].

Жоғарыда айтылғандай, Әмударияның төменгі ағысын мекен еткен өзбек пен қарақалпақ қоңыраттарында бар Нағанайдың отыз ұлы, екі құлы болыпты деген сарынның қазақ қоңыраттары шежіресінде де қайталануы Үргеніш, Хиуа, Түркістан, Отырар аралығында бір-бірімен аралас-құралас жүрген тайпаластардың өзара ортақ шежірелік желілердің туындауына әсер еткені анық. Қазақ қоңыраттары сол отыз ұлдың ішіндегі – *Жығалы мырза, Мелдеби, Орынби* деген үш баласынан тарайтыны жөніндегі дәстүр де ғасырдан ғасырға ұласып бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.


...Халық арасында кеңінен тараған шежірелерде Нағанайдың жеті әйелі болған екен делінеді. Солардың бірі Жұпар атты анадан *Жығалы мырза, Мелдеби, Орынби* деген үш ұл дүниеге келеді. Үшеуі ержетіп, *Жығалы мырзаның Жезбике* деген бәйбішесінен *Құлшығаш* (Ақмырза деп те айтады) атты ұл көреді. Жығалы мезгілсіз дүниеден өтеді де Жезбике әменгерлік жолымен қайнысы Мелдебиге қосылады. Мелдебидің бала көтермей жүрген Құндызай атты бәйбішесі болған екен. Жезбикенің қадамы құтты болып, оның да, Құндызайдың да аяғы ауырлап, екеуі қатар ұл табады. Жезбикеден туған баланың есімін *Тәңірберді* (Көктің ұлы) деп, Құндызайдан туған баланың есімін *Құдайберді* (Көтенші) деп қояды. Нағанайдың *Орынби* деген баласынан *Сүйініш* атты бала туады. Тәңірбердіден – *Оразгелді, Алғи, Абат, Жабат* тарайды. Абаттан – *Байлар-Жандар, Жабаттан – Тоқболат, Қаракөсе*. (Осы Қаракөсені кей шежірелік деректер Жығалының інісі Сырғалының, не аталасы Қараменденің баласы, енді бірде Тоқболаттың інісі деп те жорамалдайды). Жезбике ананың Жығалы мырзадан туған *Құлшығаш* пен Мелдебиден туған *Тәңірберді* атты балаларынан тарайтын ұрпақтар (*оразгелді, алғи, байлар-жандар, тоқболат, қаракөсе* рулары) өзара топтасып, «*Алты ата Көктің ұлы*» деген бірлестік құрайды. Нағанайдың үшінші баласы Орынбиден – Сүйініш, одан – Жолдыбай, одан – *Божбан* (Игілік). Осы *божбан* руы мен Мелдебидің бәйбішесі Құндызайдан туған *Құдайберді* ұрпақтары өзара топтасып қоңыраттардың екінші тармағы – «*Алты ата Көтенші*» бірлестігін құрайды. Бұл бірлестікке: *Бес ата* (*Божбан, Саңғыл, Маңғытай* рулары мен Жетімдер руының *Сары, Сапар* аталары) және *Жаманбай* тобы кіреді. *Жаманбай* тобының өзінде бір қауым ру бар. Көтеншінің ұрпағы Қарақұдайбердінің үлкен ұлы Жаулыбайдан – *Жаманбай, Қоңырсопы* (*Қоңыришұнақ*) деген екі бала, Жаманбайдан – *Құрбан, Жаугашты, Нозай, Шоқпарлы* (*Таңатар*), *Қира* (*Мәмбет*) рулары тарайды. Ел аузындағы әңгімелерде Жаманбай ұрпақтары өсіп-өніп, төңірегіне ірілік таныта алатын әулетке айналғасын, оған Қарақұдайбердінің басқа балалары – *Аманбай, Сүттібай, Суынбай, Аққошқар, Байқошқардан* (*Қошқарбайдан*) өрегін *қожамберді* (*құйысқансыз*), *алтый, қырғызәлі, жәни, қараша, ақболат, қайрақ, борай, жиенбет* және *қоңыришұнақ*)

рулары олардың төңірегіне ұйысып, *жаманбай* намымен атала бастағаны мәністеледі. Шежірелік және ғылыми еңбектердің бәрінде Қоңыраттың негізгі ұраны – «Алатау», «Мүлкаман», таңбасы –  «Босаға» деп көрсетіледі. Ұранға шыққан Алатау батыр – Тәуекел ханның Самарқан, Бұхараға жасаған жорығында бас қолбасшы болған тұлға, Есім ханның құба қалмақпен шайқасқан жорықтарында қазақ жасақтарының құрметті қарт ағасы атанған Алатау (Жиенәлі) Бегайдарұлының есімі. М. Мұқановтың жазуынша, «Алатау» ұранымен қатар, шежіреде саңғыл мен маңғытай руларының атасы ретінде сипатталатын Мүлкаман батырдың есімі әуелі осы екі рудың ұраны болады да, уақыт өте келе, «бес ата» тобының да ұранына айналған [Қазақстан. ҰӘ. 1998. 1 т. 245 б.; 2001. 3 т. 504 б.; 2002. 4 т. 701-702 б.; 2003. 5 т. 51-52 б.; Арғынбаев, Мұқанов, Востров, 2000. 215-221 б.; Муканов, 1974. 58-65 б.; Бабалар сөзі, 2012. 83 т. 258-259, 264, 267, 270 б.; Сейдімбек, 2008. 275-277 б.; Бейсенбайұлы, 1994. 42-48, 129 б.; Қоңырат тарихы мен шежіресі, 2016. 283-338 б.].

Барлық дерлік ауызекі шежірелік деректерде Қоңырат руларын осы сипатта топтастыру орныққан. Сондықтан бұл құрылымдауды біршама тұрақтанған нұсқа деп қабылдауға болады. Осы ретте Қоңырат тайпасы туралы өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап жарық көрген көптеген шежірелік еңбектердің қазақ қоңыраттарының рулық құрылымын нақтылау, бір жүйеге түсіру ісіне көп септігі тигендігін айта кетуге тиіспіз. Яки сол жинақталған шежірелік дәйектерге талдау жасай отырып, Қоңырат тайпасының ел аузында сұрыпталған рулық құрылымы мынадай жүйе бойынша топтасады деген тұжырым жасауға болады (кесте түріндегі нұсқасы қатар беріліп отыр).

I. Қоңыраттың Көктіңұлы тобына жататын рулар: 1) Құлшығаш, 2) Алғи, 3) Тоқболат, 4) Байлар-Жандар, 5) Оразгелді, 6) Қаракөсе.

II. Қоңыраттың Көтенші тобына жататын рулар: 1) Божбан, 2) Жетімдер, 3) Саңғыл, 4) Маңғытай, 5) Алтый – Қырғызалы, 6) Ақболат –Қайрақ, 7) Жәни (Қаракөкірек) – Қараша, 8) Құрбан ата, 9) Жауғашты, 10) Ноғай, 11) Шокпарлы, 12) Қира, 13) Қоңырсопы – Борай – Жиенбет (Үш ата), 14) Қожамберді (Құйысқансыз).



Осылайша, қазақ қоңыраттарының рулық құрылымы Көктіңұлы, Көтенші деп аталатын үлкен екі бірлестікке топтасып, Көктіңұлы рулар бірлестігі жоғарыда аталған 6 рудан, ал Көтенші бірлестігі 14 рудан құралатындығы нақтыланады [*Қоңырат тарихы мен шежіресі, 2016. 287, 293-294 б.*]. Егер осы тізбедегі өзара аталас топтарға біріккен кей руларды, мәселен, Құрбан ата руына енетін бес атаны (*киікші, тіней, жары, сасық, көтен*), қосарланып тұрған *алтый – қырғызәлі, жәни – қараша, ақболат – қайрақ, қоңырсопы – борай – жиенбет* топтарын жеке-жеке ру ретінде дербес күйде санар болсақ, қазіргі кезде қоңыраттарды 29 рудан тұрады деп те айтуға болады.

Қоңыраттардың *Көктің ұлы* және *Көтенші* деп жіктелуі ел аузындағы аңыздарда нәрестені көк шөпке орап алудан туындаған атау ретінде ұғындырылады. Тарихи деректер бойынша «Көктің ұлы» тіркесі көне түрк жұрттары табынған Көк (Тәңірі) ұғымынан туындаған. М.Тынышбайұлы мұндағы «көк» сөздерінің төркіні оған моңғол үстіртін мекендеген кезінде берілген «Көк» (Тәңірі) ұғымына қатысы бар болса керек деген байыптау айтады. Ол Шыңғыстың Керей ханы Уаң ханға жазған хатында қоңыраттарды «Көк табанды тырналар» (яки «Көктің құсы») деп атағанына назар аударып, бұл сөзді қоңыраттардың түп-тегі Көк нұрынан жаралды деген ежелгі аңызбен байланыстырады [*Тынышпаев, 1993. 91б.*]. Профессор С.Аманжолов осы дәйекке орай *Көтеншіні* «көктің құсы» немесе «көк тұңғышы» сөзінің ауызекі айтылуға бейімделген түрі деп санайды. Өз кезінде орыс ғалымы Радловтың *көтенші* әу баста «Көк тәңше» («тәңше» – «Тәңірі» сөзінің кішірейген мағынасы) деген атау болуы мүмкін деген болжам жасағанын қаперге алады [*Аманжолов, 1959. 63 б.*].

Хорезм мен Қазақ тарихының әуелден қарға тамырлы сабақтастығы мен өзара этнотектік, этномәдени байланыстарына қатысты тақырыптың ең тұздықты тұстарының бірі – сірә да, әуелгі бастауын Нағанай дәуірінен тарқататын Хиуа хандығы заманы дер едік. Өкінішке қарай, сонау ғасырларда Жошы ұлысының ізін жалғастырған Қазақ хандығынан қазақ сұлтандарын да өздеріне шақырып хан сайлағаны ғана емес, одан

әлдеқалай ерте, Алтын Орданың дәуірлеген шағының өзінде, Қазақ хандығы құрылуынан екі ғасыр бұрын Нағанай бектің бастауымен Хорезмде дербес Қоңырат ұлысын құрған, қазаққа етенелігі басымдау мемлекет тарихы бізге әлі де бөгде, бөтен сияқты көрініп, назардан тыс қалып келеді. Бұл орайда қазақ зерттеушілері тарапынан, әуелгі түп төркінін Жошы ұлысы заманынан бастап тарқататын барлық қазақ шежіресі дәстүріне сай, қазақ қоңыраттарының шежіресінде түп ата ретінде (әлгінде айтқандай, тайпаның шын тарихының көне дәуірлерге кететіні бесенеден белгілі), сол Алтын Орданың тарихи тұлғасы Нағанай ұлыбидің сипатталатыны аса ескеріле бермейтінін қаперге алар едік.

Хорезм өңірінде Жошы ұлысы заманынан бастап, түп тектері ұлыдалалық киіз туырлықты жұрттардан тарайтын тұлғалардың билік жүргізуі, олардың төңірегіне өз тайпалары мен руларының ұйысуы, әсіресе ХҮ ғасырдың ортасына таман Арқа бетінен дешті-қыпшақтық тайпалардың жаппай көшіп келу үдерісінің күрт артуы бұл өңірді де ежелден Сырдың бойын қыстап, жаз бойы Арқаның самалды төсін жайлайтын, сондай-ақ Маңғыстаудан Оңтүстік Оралтау, Мұғалжар жоталарына дейін көш ұзартатын байырғы өмір салтын дағды еткен қазақтарға да ең етене мекендердің біріне айналдырды. Өзара жақын тілдік орта, тіні мен ділі ортақ мәдени кеңістік қалыптасты. Кейіннен Қазақ хандығы өз шаңырағын көтеріп, дербес өрістеу жолын бастап кеткенімен де, оның құрамындағы халықтың Хорезмге орныққан ағайын-туыс жұрттармен араластығы, алыс-берістігі үзілген жоқ. Әуелден қоныс тепкен атамекен аумақтары бөлек хандықтар мен ұлыстарға, дербес мемлекеттерге жіктеліп кетсе де бұрынғы біртұтас дәстүр аясындағы этнотектік, этномәдени байланыстар жалғасып жатты. Оны әлгінде айтқандай, шежірелік деректердегі қазақ жері мен Үргеніш арасындағы арылы-берілі қарым-қатынастарды сөз ететін мәліметтер сарыны да қуаттайды.



** Көне Хиуа шәһары. Қазіргі көрінісі.*



** Хиуаның хан сарайындағы Көрінісхана ауласындағы тас тұғыр үстіне жаз кезінде киіз үй тігілетін болған.*

Ел басына күн туған талай қиын, зұлмат шақтарда да Хорезмнің берекелі шұраты, Бес қала аймағы талай қазаққа пана болды, тіршілігін ұзартты, өмірлерін әрі қарай сабақтастыруға септесті. Ел ішінде сол қиын замандарға қатысты «Харазымның ойына тұяғың бір іліксе, тоқ болмасаң да, аштан өлмейсің. Қара

жердің емшегін емген диқан елдің тары, жүгерісі талайдың өзегін жалғап, өмірін ұзартады», «Менің көже қарнымды тойдырған бір жер бар, ол – Харазымның ойы, Әмударияның бойы», деген тағылымды сөздер қалған.

...2017 жылғы наурыз айының ортасында Хорезм өңірі мен Қазақ даласы арасындағы тарихи қарым-қатынастарды, түбі ортақ этномәдени, этнотектік тамырларымызды, сонау ғасырларда қоңырат хандары таққа отырған Хиуа аймағының өткені мен бүгінін әр қырынан зерделеу мақсатымен қазақтың бір топ ғалымы Хиуа жеріне ғылыми экспедициялық сапармен барып қайтты. Экспедиция құрамына осы сапардың негізгі бастамашысы болған академик, медицина ғылымының докторы Полат Қазымбет, жазушы, ғалым Жарылқап Бейсенбайұлы, қоғам қайраткері Керім Пірімқұлұлы, ақын Көпен Әмірбек, тарих ғылымының докторлары Жамбыл Артықбаев, Хазіретәлі Тұрсұн, тарих ғылымының кандидаты Зікірия Жандарбек және ауыл шаруашылығы ғылымының докторы Кенже Абдуллаев енді.

Ғылыми топ Ташкенттен Хорезм уәлаятының орталығы Үргенішке түнге қарай ұшақпен жетті. Ертеңіне, 13 наурыз күні, уақыт оздырмастан, алдын-ала жасалған жоспар бойынша, бізді қарсы алушы жергілікті азаматтар ұйымдастырып қойған көлікпен тіке Үргеніштен 20 шақырымдай жердегі Беруни қаласына бағыт түзеді.

Әмударияның оң жағалау бетінде орналасқан бұл шәһар – бір замандардағы Хорезмнің көне астанасы Қият қаласының орнына жанаса ірге көтерген мекен. Бұл кентті, осы жерде Шейх Аббас Уәли баба (ҮІІІ ғ.) кесенесі мен мешіті тұруына байланысты, ел арасында есімі аса құрметті әулие тұлғаның ықшамды ныспысы бойынша Шаббаз деп те атаған. 1957 жылдан бастап, ол осы шәһарда дүниеге келген ортағасырлық атақты ғалым Бирунидің құрметіне Беруни деп атала бастайды. Бүгінде Қарақалпақстанның Беруни ауданының орталығы.


«Фирдаус ал-икбал», «Хорезмшаһ тарихы» шығармалары мен академик В.В. Бартольдтың 1929 жылы жазған «Хорезм тарихы бойынша жаңа дереккөз» атты мақаласында дәл осы шейх Аббас Уәли мазары жанында Нағанай бидің жерленгені туралы нақты мәлімет бар. Хиуа тарихшыларының деректеріне сүйене отырып, Бартольд: *«Хиуаның қоңырат хандарының бабасы, Өзбек*

ханның замандасы Нугдай хан (Мунистің жазуыиша Нагадай би) деген тұлға өткен. Ол көне Қият қаласында дүниеден озып, шейх Аббас Уәли мазары жанындағы өзі салдырған кесенеді жерленген. Шежіреші Молда Бабажан «Хорезмшах тарихы» (1864) атты қолжазбасында осы кесененің құлаған қалдығының әлі де көрініп жататыны жазылған. Сондай-ақ онда Хиуаның 1856-1864 жылдардағы ханы Саид Мұхаммед баһадүрдің Наганайдың басына жаңадан кесене тұрғызуға, оған қоса шейх Аббас мешіті мен күмбесін де қайта жөндеуге пәрмен бергендігі жөніндегі құнды мәліметтер кездеседі», – деп атап көрсетеді [Бартольд, 1973. VIII т. 575-578 б.].

Өз басымызға бұл дерек біраз жылдан бері белгілі болғанымен, Аббас Уәли кесенесі мен мешіті әлі бар ма, жоқ па, әлде байырғы Қият қаласына әрдайым қауіп төндіріп тұратын тасқындардың салдарынан жойылып кетті ме, деген сауалға жауап іздеген талпыныстарымыздың көбіне нәтижесіз аяқталғанын да айтқымыз келеді. Ғаламтор беттерін қанша шарласақ та мардымды дәйек табыла қоймаған. Беруни ауданындағы тағы бір әулиелі орын Сұлтан Уәйіс кешені туралы мәліметтер мен суреттер бар, ал Аббас Уәли күмбесі жөнінде ештеңе жоқ. Тек осы экспедицияға дайындық барысында, Нөкістегі Қарақалпақ мемлекеттік өлкетану музейінің мамандарына хабарласқанда ғана тұшымды жауап ала алдық. Олар Беруниде Шейх Аббас Уәлидің кесенесі бар екенінен хабардар етті.

Беруни 51 мыңдай халқы бар шағын қала. Біз мінген көлік тіке әулие атындағы мешіт алдына келіп тоқтады. Еңселі мешіттің маңдайында араб қарпімен «Шайх Аббас Уәли баба мешіті» деп жазылған. Аздан соң мешіттің имам-хатибы Нұраддин Юсупұлымен әңгімелесіп отырдық. Бұл мешіт ел тәуелсіздігін алғаннан кейін салыныпты. Бұрын да мұнда мешіт үйі болған. Бірақ ол 1969 жылғы күшті тасқын кезінде құлаған. Жанындағы қабірстан да су астында қалып, қатты бүлінген. Содан бері бұл мазаратқа адам жерленбейтін болыпты. Бір назар аударарлығы, сол тасқыннан қабірстан ортасындағы биіктеу жерде тұрған әулие Аббас Уәли кесенесі ғана ішіндегі құлпытасымен топан судан аман қалыпты.

Біздің де іздеп келгеніміз сол сағана болғандықтан, дереу мешіттің арқа жағына өттік. Әулие кесенесі де тәуелсіздік жылдарында қайта жаңғыртылған, тап-тұйнақтай шағын күмбез екен. Ішіне кіріп, Нағанай бек пір тұтып, өзін соның қасына жерлеуді тапсырған әулие рухына тағзым еттік, имам-хатиб арнайы құран бағыштады.



** Көне Қият (қазіргі Беруни) қаласындағы Шейх Аббас Уәли әулие кесенесі. Оның оң жақ тұсында Нағанайдың басына тұрғызылған сағананың үйінді орны жатыр.*



**Нағанай би кесенесінің орнынан алынған топырақ арнайы құтыға салынды*

Тарихи деректерде Қияттың Хорезм астанасы боп тұрған кезінде салынған бас мешіт мұнарасының биіктігі Көнеүргеніштегі Құтлықтемір мұнарасынан кем түспегені айтылады. Ол XX ғасырдың басында болған жер сілкінісі кезінде қирапты. Мұнараның құламай тұрғандағы бір көрінісі 1899 жылы фотосуретке түсіріліп алынған екен. Соның Ресейдегі бір архивте сақталған нұсқасы бойынша көшіріп алынған солғын ксерокопиясының өзінен-ақ мұнараның аса зәулім болғандығы байқалады. Нұраддин имамның айтуынша, әулие күмбезінің қарсы алдындағы отыз-қырық метрдей жердегі дөңес үйме сол бас мешіт пен зәулім мұнараның орны көрінеді. Оны да барып көрдік. Жанында қабырғасы қыштан қаланған құдықтың орны сақталған.

«Фирдаус ал-иқбал» шығармасы мен академик Бартольдтың мақаласында айтылатын Нағанай би кесенесінің Аббас Уәли күмбезі жанынан салынғандығы туралы мәліметке сүйене отырып, сол кесене орнынан арнайы топырақ алынды. Халқымыздың «сүйек қосу» дәстүріне сай ол топырақ салынған құты соңыра Түркістан қаласына жеткізіліп, Нағанай биге арналып бой көтеріп жатқан стела-ескерткішті тұрғызушыларға тапсырылды. Ол стела тұғырының ішіне қойылды...



Мырзашөлдегі Нағанай би ескерткіші

Нағанай бидің кесенесі орнының киелі топырағы салынған екінші құты да 2021 жылдың күзінде Мақтаарал және Жетісай аудандарының кіре берісіндегі үлкен жолдың бойында орнатылған Нағанай би ескерткіш-кешенінің етегіне қойылды. Бұл еңселі ескерткіш-кешен 2017 жылдың сәуір айында осы екі ауданның бір топ азаматтары құрған «Нағанай баба ұрпақтары» атты қордың демеушілігімен бой көтерді.

Жошы ұлысының әйгілі бектербегі, қазақ қоңыраттарының түп атасы ретінде сипатталатын Нағанай би есімінің бүгіндері облыс орталығы, түрк халықтарына ортақ киелі қала атанып отырған Түркістан шәһарында және қоңырат жұртының қалың бір бөлігі мекен ететін Мақтарал-Жетісай өңірінде бұлайша ұлықталуы – сөз жоқ, өз заманында мемлекет мұратына қызмет етудің өнеге-үлгісін көрсеткен, дербес ұлыстың тәуелсіз дамуы жолында елтұтқалық рөл атқарған айбынды тұлға бейнесі арқылы, бүгінгі ұрпақты тарихпен тәрбиелеу, ғасырлар қойнауындағы байырғы құндылықтарымызды, өткенімізді қадірлеу, тарихи-мәдени мұрамызды түгендеу ісіне маңызды бір үлес болып қосылары хақ...



Хорезм өңіріндегі Қоңырат ұлысы, Хиуа хандығын билеуші әулеттердің хронологиясы

Қоңырат әулеті билігі (1359—1388 ж.)

Құсайынсопы (Нағанайұлы) – (1359—1372)

Жүсіпсопы (Нағанайұлы) – (1372—1379)

Сүлейменсопы – (1381—1388)

* * *

Әмір Темір әулетінің билігі (1388 – 1511)

Шибан әулеті билігі (1511—1728)

Шибан әулетінен кейін билік жергілікті Хорезм өңірі тайпабасыларының қолына өтеді. Алайда олардың өздері хан тұқымдары болмағандықтан, таққа Қазақ хандығының сұлтандарын арнайы шақырып, солардың атынан өз биліктерін жүргізіп отырды. Хорезм жері 1740 жылы Иран (қызылбастар) билеушісі, оғыз-түрікмен текті Афшар әулетінен шыққан Нәдір шахтың қоластына қарайды. Дегенмен шах билігі негізінен шартты түрде ғана болды. Ол хандықты сырттай Хорезм шонжарлары арқылы басқарып, тақ билігіне бұрынғысынша қазақ сұлтандары шақырылып тұрды. Нәдір 1747 жылы өз сарайында қастандықпен өлтірілгеннен кейін, Хорезм дербес тәуелсіздігіне қайта ие болды.

Ел билігі бір-бірімен тайталас қоңырат пен маңғыт тайпалары көсемдерінің қолына көшеді. Тарихи деректер сол кезеңдерде де Хиуа хандығы тағына қазақ сұлтандарының ұдайы тағайындалып отырғанын алға тартады.

1. Нұралы Әбілқайырұлы (1741—1742).
2. Әбілғазы Елбарысұлы (1741-1746)
3. Қайып Батырұлы (1746—1756).
4. Темірғазы Мұхаммедрақымұлы (1757-1763)
5. Шахқазы Әбілғазыұлы (1763—1765).
6. Әбілғазы Мұхаммедрақымұлы (1766)
7. Нұралы Барақұлы (1768-1769).
8. Жәңгір Қайыпұлы (1769-1770).
9. Бөлекей Ералыұлы, Әбілқайыр немересі (1770).
10. Ағын Әділұлы, Әбілқайыр немересі (1770-1772).

Темірғазы ханның кезінде қоңыраттардың көсемі Мұхаммедәмин биге 1762 жылы «инақ» (хан кеңесшісі, тайпабасы) лауазымының берілуі қоңыраттардың жоғарғы билікке белсенді түрде оралуының басы болды. Осы жылдан бастап хиуалық Қоңырат әулеті үстемдігінің негізі қаланды. Бұл әулет те алғашында өздері таңдаған қазақ сұлтандарын таққа отыруға шақырып тұрғанымен, 19 ғасырдың басында өз тайпаласы Елтүзерге (1804-1806) хан лауазымы құқығын беріп, жаңа қоңырат хандары әулетінің тарихын бастайды. Шығыс деректері бойынша Хорезм хандығы, орыс құжаттарында Хиуа хандығы деп аталған ежелгі ұлыста Қоңырат әулеті, Нағанай ұрпақтарының қайтадан қолға алған осы билігі 1920 жылға дейін созылды.

Нағанай ұрпақтары билігі (1763-1920)

1. Мұхаммедәмин би, Хорезм инағы (бас кеңесші, тайпабасы) - 1763—1790
2. Әуез инақ (Мұхаммедәмин бидің ұлы), Хорезм инағы - 1790—1804
3. Елтүзер инақ (Әуез инақтың ұлы) - 1804, Хорезм ханы - 1804—1806
4. Мұхаммедрақым 1-ші, (Әуез инақтың ұлы), Хорезм ханы - 1806—1825

5. Аллақұл (Мұхаммедрақым 1-шінің ұлы), Хорезм ханы - 1825—1842
6. Рақымқұл (Аллақұл ханның ұлы), Хорезм ханы - 1842—1845
7. Мұхаммедәмин (Аллақұл ханның ұлы), Хорезм ханы - 1845—1855
8. Абдолла (Ибадолла бектің ұлы), Хорезм ханы - 1855
9. Құтлықмұрат (Ибадолла бектің ұлы), Хорезм ханы - 1855—1856
10. Сейітмұхаммед (Мұхаммедрақым 1-шінің ұлы), Хорезм ханы - 1856—1864
11. Мұхаммедрақым 2-ші (Сейітмұхаммед ханның ұлы), Хорезм ханы - 1864—1910
12. Асфандияр (Мұхаммедрақым 2-шінің ұлы), Хорезм ханы – 1910—1918,
13. Сейітабдолла (Мұхаммедрақым 2-шінің ұлы), Хорезм ханы - 1918—1920.



ҚОҢЫРАТ ТАЙПАСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ РУЛАР МЕН АТАЛАР

Қазақтың XIX ғасырдағы білгір шежірешілерінің бірі Сейдаққожа Жүсіпұлының 1875 жылы Бұхарада басылып шыққан «Қазақ тайпаларының тарихы» атты еңбегінде «қоңыраттар Көтенші, Көктің күлі, Көк Тәңірі, Үлбіші (Байсын) болып төрт топқа бөлінеді» деп жазылған. «Алғашқы екеуі – қазақтың Орта жүзі құрамында, Байсын қоңыраттары – Құрама тайпасына енеді. Көк Тәңірі өзбек құрамында», дейді. Ол Көктің ұлы тармағын «Көктің күлі» деп атайды [*Жүсіпұлы, 1994. 104-б.*].

Қоңыраттың көнеден келе жатқан тайпа екені ғалымдар арасында мойындалған жайт. Алайда халық арасында тараған ауызекі шежірелерде түпкі ата дәстүрі Жошы ұлысы заманында ұлт болып ұйыса бастаған XIII–XIV ғасырлар төңірегіндегі мерзімнен басталып жатады. Қазақ тайпаларына қатысты шежірелердің дені де осы кезеңнен, не сәл бергі Қазақ ордасы құрылған уақыттардан тарқатылатыны бар.

Әдетте қазақ шежіресінде тайпалар мен рулар бір адамнан ғана тарайтын ұрпақ ретінде сипатталып жатады, Алайда әр тайпа құрамына жаугершілік, босқыншылық замандарда басқа бір аталардың қосылып, сіңіп, немесе оның құрамынан бір аталардың шығып, сырт руларға ауысып жататыны да тарихи шындық. Мәселен, Сейдаққожа шежіресінен қоңыратқа енетін бірталай рулардың басқа да тайпалар құрамында жүргенін көруге болады. Онда *құлшығаш* – өзбектегі қият тайпасының да бір тармағы болса, *сары жетімдер* – көне қарлұқ тайпасының бір бұтағы, сондай-ақ арғын, жалайыр, алшын, тама руларының құрамында да бар. *Тіней, киікшілер* – қыпшақ, адай, найман, жалайырларда; *жиенбет* – алшын, арғын, жалайыр, найман, ноғай... жұрттарында жеке рулар, аталар боп ұшырасады. Қоңыраттың бір руы – *маңғытай* туралы да осыны айтуға болады. Маңғытайлардың бір бөлігі қазақ құрамына, бір бөлігі құрама тайпасының қатарына сіңген делінеді. Маңғытайлар қазақтың жалайыр, әлім, найман, қаңлы тайпалары, ноғай, өзбек, қарақалпақ, қырғыз халықтарының да құрамында кездеседі [*Жүсіпұлы, 1994. 103-106 б.*].

Енді қазақ қоңыраттары құрамындағы шежіре бойынша Нағанай биден тарайды делінетін бірлестіктер, рулар мен аталарға қатысты кезінде «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы үшін дайындалған және кейінгі зерттеулер барысында толықтырылған [*Қоңырат тарихы мен шежіресі, 2016.*] анықтамалық деректерді назарларыңызға ұсынамыз.

Бірлестіктер мен топтар

Көктің ұлы – Қоңырат тайпасындағы бірлестік аты. Шежіре бойынша Қоңырат «Алты ата Көктің ұлы» және «Алты ата Көтенші» болып бөлінеді. Көктің ұлы бірлестігіне – *құлшығаш, алғи, қаракөсе, байлар-жандар, тоқболат, оразгелді* рулары кіреді. Түрк жұрттарында алты ата боп қауымдасу әуелден бар үрдіс. 24 рудан тұратын Оғыз тайпасы Оғыз ханның алты ұлынан тарайды. Нұрата түрікмендерінің «24 ата» бірлестігі әрқайсысы «Алты ата қаңжығалы», «Алты ата қазаяқлы», «Алты ата бөгежілі», «Алты ата айтамғалы» деп аталатын төрт бірлестіктен құралады.

Көктің ұлы ел аузындағы аңыздарда нәрестені көк шөпке орап алудан туындаған атау ретінде ұғындырылады. Тарихи деректер бойынша Көктің ұлы көне түрк жұрттары табынған Көк (Тәңірі) ұғымынан туындаған. М.Тынышбайұлы бұл сөзді қоңыраттардың түп-тегі Көк нұрынан жаралды деген ежелгі аңызбен байланыстырады. Әбілғазы шежіреші Оғыз хан ұрпақтары арасында Көккі (Көкұлы) тайпасы болғанын, парсы тарихшысы Рәшид-әд-Дин Қоңырат ішінде конглиут, яғни Көк ұлы тайпасы болғанын жазады. Сейдаққожа Жүсіпұлының нақтылауынша, өзбек қоңыраттары арасында Көк Тәңірі атты рулар бірлестігі бар. Ғылыми байыптауларда қазақ қоңыраттарының екінші тармағы *Көтенші* атауы да осы Көк, Тәңірі ұғымына қатысты туындағаны айтылады. Көктің ұлы бірлестігіне кіретін рулар негізінен Түркістан мен Қызылорда облыстарының жерлерін мекендеп келеді [*Қазақстан. ҰЭ. 2002. 4 т. 701-702 б.; Қоңырат тарихы мен шежіресі, 2016. 325-326 б.*].

Көтенші – Қоңырат тайпасындағы рулар бірлестігінің аты. *Бес ата* (Божбан, Саңғыл, Маңғытай рулары мен Жетімдер руының Сары, Сапар аталары) және *Жаманбай* тобы болып екі тармаққа бөлінеді. Осы алты рудың қауымдасуына байланысты ол «*Алты ата көтенші*» деп те аталады. Зерттеушілер *көтенші* сөзін әу баста Көк (Тәңірі) ұғымынан туындаған *Көк тәңше* (Тәңірі сөзінің кішірейген мағынасы) атауы ретінде байыптайды (В.Радлов, Н.Аристов). Қазақтың белгілі ғалымы С.Аманжолов қоңыраттың «Алты ата Көктің ұлы», «Алты ата Көктің құсы» деп бөлінгендігі туралы жорамалды қаперге ала отырып, қоңыраттарды (көктің құсы) мағынасында атауы бекер еместігін алға тартады. Ғалымның пікірінше «Көктің құсы» ауызекі айтылуда біртін-біртін өзгеріп «көтеншіге» айналған. Ғерттеушілер арасында көтенші атауы «Көк (Тәңірі) перзенті» (көне ғұн тіліндегі Ченли Гуту) ұғымынан туындады деген пікірлер де орнығып келеді. Ғұн заманында «бала», «перзент» сөздерінің мағынасы – «гуту» делінген. Қазіргі кезде тұңғыс-эвенк тілдерінде «ұл», «қыз» – «хутэ», «хутэн», ұйғыр тілінде «бала» – «гүдәк» деп аталады. Көтенші сөзінің құрамындағы «көтен» де әуелден осы «перзент», «құт» ұғымында қолданылып, кейіннен зат есім тудыратын «шы» жұрнағы қосылған көнеден жеткен бір сілем. Осы орайда ол қоңырат тайпасының «Көктің ұлы» деп аталатын екінші тармағының атауымен де мағыналас. Бұл қоңыраттың ертеден-ақ Тәңірі, Көк ұғымына ұқсата баламаналатын (Қаған) билігіне жақын жүрген байырғы тайпа болғандығынан да сыр аңғартып жатады. Көтенші рулары Түркістан мен Қызылорда облыстарының жерлерін мекендеп келеді [Қазақстан. ҰЭ. 2003. 5 т. 51-52 б.; Қоңырат тарихы мен шежіресі, 2016. 291-292 б.].

Бес ата – қоңырат тайпасының көтенші тармағына енетін рулар бірлестігі. Оған *саңғыл*, *божбан*, *маңғытай* рулары және жетімдер руының *сары*, *сапар* аталары енеді.

Жаманбай – Қоңырат тайпасының Көтенші тармағына енетін рулар тобының атауы. Шежіре бойынша Көтеншінің немересі Қаракұдайбердінің үлкен ұлы Жаулыбайдан – *Жаманбай*, *Қоңырсопы* деген екі бала, Жаманбайдан – *Құрбан*, *Жауғашты*, *Ноғай*, *Шоқпарлы (Таңатар)*, *Қира (Мәмбет)* рулары тарайды. Ел аузындағы әңгімелерде Жаманбай ұрпақтары

өсіп-өніп, төңірегіне ірілік таныта алатын әулетке айналғасын, оған Қарақұдайбердінің басқа балалары – Аманбай, Сүттібай, Суынбай, Аққошқар, Байқошқардан (Қошқарбайдан) өретін *құйысқансыз, алтый, қырғызәлі, жәни, қараша, ақболат, қайрақ, борай, жиенбет* және *қоңыришұнақ* рулары олардың төңірегіне ұйысып, жаманбай намымен атала бастағаны айтылады.

XIX ғ. қазақ тарихшысы Сейдаққожа Жүсіпұлының жазуынша, Жаманбай тобына кіретін рулардың бірқатары (*ноғай, жауғаишты, қырғызәлі, құйысқансыз, қира*, сондай-ақ құрбаннан тарайтын *киікші, тіней, жары* аталары) қазақтың басқа рулары және өзге де түрк халықтарының құрамында кездеседі. Қазіргі кездері Жаманбайға енетін *киікші* руы – өзбек, қарақалпақ, құрама елдері арасында; *қира* – қырғыз, өзбек; *қараша, ноғайлар* – өзбек ішінде жеке рулар санатында аталады.

Алты ата – Көтенші бірлестігі ішіндегі *Алты ата* рулар рулар тобы. Шежірелік деректерде *Алты ата* рулар тобы былай таратылады: Көтенші – Мақы – Құдайберді. Оның Сүттібайынан *Алтый, Қырғызалы, Суынбайынан Жәни (Қаракөкірек), Қараша, Аққошқарының Ақмырзасынан Ақболат, Қайрақ*. Осы алтауы Алты ата рулар бірлестігін құрайды. 1867-1877 ж. Сырдария облысының құрамында дербес құрылым болған Түркістан уезінде олар жеке *Алты ата* болысын құраған. Кейін Түркістан уезі таратылып, оның бір бөлігі Шымкент, екінші бөлігі Перовск уезіне қосылғанда Алты ата болысы Жаңақорған болысымен біріктірілген.

Рулар тізімі (Әліпбилік рет бойынша)

Алғый – Қоңырат тайпасының Көктің ұлы бірлестігіне кіретін ру. Шежіре бойынша Алғыйдан – *Жолымбет (Аққойлы), Келімбет (Қарақойлы)* аталары тарайды. Алғи өз ішінде *қарасирақ, ақкөлдiк, елгелдi, жылгелдi, жиенгелдi, жолдыбай, қауыншы, қарасақал, қайыпбердi, әгi, таздар, таңатар-назан* деп аталатын 12 атаға бөлінеді.

Алтый – Қоңырат тайпасының Көтенші бірлестігіне енетін ру. Қазақтың қара шежіресі Қарақұдайбердінің Сүттібай деген баласынан *Қырғызәлі* екеуін таратады. Алтый өз ішінде *Өрназармет, Ерназармет* болып екі атаға тармақталады.

Ақболат – Қоңырат тайпасының Көтенші бірлестігіне енетін Жаманбай тармағының бір атасы. Шежіре бойынша Құдайбердінің (Көтеншінің) Мақы деген баласынан тарайды. Мақйдан – Қарақұдайберді, одан – Аққошқар, Байқошқар. Аққошқардан – Ақмырза, одан – *Ақболат, Қайрақ*. Ақболаттардың жиі шоғырланған жері бұрынғы Жанақорған болысының тау беткейі және Шілік болысының Бөген өзені төңірегі. Ақболат өз ішінде *Асан, Құттыбай, Қармыс* болып үш ата құрайды.

Аманбай (Қожамберді, Құйысқансыз) – Қоңырат тайпасының Көтенші бірлестігіне енетін ру. Шежіре бойынша Көтеншінің ұрпағы Қарақұдайбердінің екінші баласы. Ел арасындағы аңызда Қарақұдайбердінің қарындасы Қанымкүл найман еліне ұзатылып, көп уақыт бойы бала көтермейді. Содан кейін інісі Аманбайды бауырына салып алады. Аманбай сол елде ержетіп, шаңырақ көтеріп, дүниеге *Қожамберді* атты ұл келеді. Қожамберді есейгесін, туыстарын іздеп қоңыраттар ортасына келгенде, атқа құйысқан салмай мінгенімен ерекшеленеді. Соған орай ел оны «құйысқансыз» деп атап кетеді. Бұл аңыздан Сейдаққожа Жүсіпұлының бір замандарда Найман хандығының құрамында болған құрықандардың көптеген түрк тайпаларына сіңгендігі турасында жазған дәйегінің сілемін байқауға болады. Арылы-бергіл сапырылыстарда құрықандар «құйысқансыз» деген атпен қоңыраттан басқа қазақтың қаңлы, найман, жағалбайлы

тайпаларының да құрамына сіңген (*Жүсіпұлы, қолжазба*). Шежіре бойынша қоңырат құйысқансыздарының – *тоқтыбай, кеурек, қызтуған, бидалы, арыстан, дүрет*, аталарын «алты ата аманбай» деп атайды. Жаманбай бірлестігінің ішінде өз салмағы болғандықтан, екеуін «аманбай-жаманбай» деп қосарлап айту да қалыптасқан.

Байлар-Жандар – Қоңырат тайпасының Көктің ұлы бірлестігіне енетін тармақ. Шежіре бойынша Тәңірберді (Көктің ұлы) ұрпағы Жабаттың Боғыс, Бойыс, Тайыс дейтін балаларынан тарайды, Боғыстың *Байдербіс, Жандербіс, Жолдербіс* деген үш ұлы болады. Байдербістен тарайтын *көбек, көшек* аталары – **Байлар**; Жандарбістен тарайтын *қара, шоранал, сырымбет* аталары – **Жандар** деп топтасады. *Жолдербістің* – құлшық, бөлек; *бойыстың* – құланшы; *тайыстың* – елбақ, қойбақ, қибақ аталары өздерін еншілеспіз деп *жандар* тобына қосады.

Божбан – Қоңырат тайпасының Көтенші тармағы Бес ата тобына кіреді. Шежірелік аңыздарда көнедегі Божбан батырды арғы атамыз деп есептейді. Одан бері Байбөрі байдың баласы әйгілі Алпамыс батыр мен оның ұлы Жәдігер есімдері де аталады. Зерттеушілер ХІХ ғасырда Бұхара маңын мекендеген божбандарда да осындай аңыз болғанын айтады. Қазақ божбандары шежіре бойынша, Жәдігердің інісі Жанәліден тарайды. *Қожағұл, жәукім, итемген, құлым, бекарыс, тоқпақ, жұмық, ұржық* аталарына боп жіктеледі.

Борай – шежіре деректері бойынша Көтеншінің немересі Қарақұдайбердінің Байқошқарынан (Қошқарбай) тарайтын ру. Өзінің бауыры *Жиенбет*, Қарақұдайбердінің Жаулыбайынан тарайтын *Қоңырсопы* үшеуі еншілес рулар ішінде «Үш арыс» деп топтасады. Олар бүгінге дейін іргесі ажырамаған, қыз алыспайтын рулар бірлестігін құрайды. Шежірелік деректерде Үш арыс рулар тобының ХХ ғ. басына дейін Шымкент уезінде Қаратау, Сарыөзек болыстарын мекендегендігі айтылады. Борай – *Елтүзер, Жайтүзер, Жылболды, Құлболды* аталарына тармақталады.

Жауғашты – Қоңырат тайпасы Көтенші бірлестігіндегі Жаманбай тармағына енетін ру. Шежіре бойынша Жаманбайдың бес баласының бірі. Жауғашты – *бозторғай, андас, балапан* аталарына жіктеледі. ХІХ ғасырдың шежірелік деректерінде

ноғайлы халқының бір бұтағы да жауғашты аталғаны айтылады. Ноғай ордасы ыдырағасын қазақ жеріне келіп, қоңырат, найман, жалайыр, әлім, қыпшақ, қатаған, қаңлы, байбақты тайпаларының құрамына енген. С. Жүсіпұлы еңбегінде жауғаштылардың *андас, қолдас, көкжон, қаражон, еділ, жайық* аталарына бөлінетіні де айтылады.

Жәни – қоңырат тайпасының Көтенші ұрпағы Қаракұдайбердінің төртінші баласы Суынбайдан (бір деректерде Сүттібайдан) тарайды. Ел аузындағы әңгімелерде Жәнидің көкірегі жүндес болғандықтан, Қаракөкірек деп аталғаны жөнінде де айтылады. Жәни өз ішінде *Әбділлахан, Әйімбет, Көкі* болып үш атаға бөлінеді.

Жетімдер – Қоңырат тайпасы көтенші бірлестігінің Бес ата тармағына енетін ру, Шежіре бойынша *сары, сапар* аталары боп қауымдасады. *Сары* тобы – *ырсымбет, құба, сұлу, бөгенбай, қасай, қара, беген, таз (жәдік), тебей*; *сапар* тобы – *есалы, досалы, соқыр, қатаған, жайма* деп жіктеледі. Ел аузындағы аңыздарда *жетімдер* деп әуелде әкесіз өскен Сұркіік деген жетім баладан тараған *сары, жаппас, құба, тебей* ұрпақтары ғана аталған. Кейін бұл атау сапар тобына ұйысқан руластарына да ауысқан. Сары жетімдер қазақ тарихшысы Сейдаққожа Жүсіпұлының жазуына қарағанда, көне қарлұқтардың сарыжетім руының бір сілемі. Бұл этноним қазақтың арғын тайпасының құрамына – сарыжетім, жалайырға – жетімек, алшынға – сарыжетім, тамаға – жетімсары түрінде енген. Қоңыратқа жататын жетімдердің сапар тобындағы *қатаған* атасы да кезінде Ноғай ұлысында болған осы аттас байырғы тайпадан жеткен сарқыт. Қатаған тайпасы 16-17 ғасырлардағы әртүрлі аласапырандардан ыдырап, нәубетке ұшырап, аман қалғаны өзбек, қазақ, қырғыз, қарақалпақ құрамына сіңген. Құрама тайпасына енетін қатағандардың бір бұтағы *жайма* деп аталатынына қарағанда, жетімдер руының сапар тармағына жататын *қатаған, жайма* аталары да сол дүрбелең замандар кезінде қоңыратқа сіңіп, тамырланған аталар екенін көрсетеді. Сондай-ақ сары жетімдер тобындағы *ырсымбет, жәдік* аталары қарақалпақтың *қытай* руы құрамында да бір-біріне туыс қауымдар ретінде белгілі. Осы деректер бір жағынан жетімдер

руының тарих көшінде әртүрлі сапырылыстарды бастан өткере жүріп қалыптасқан бірлестік екенін де байыптатады.

Жиенбет – Қоңырат тайпасы Көтенші бірлестігінің Жаманбай тармағына енетін ру. Шежіре бойынша Көтенші ұрпағы Қаракұдайбердінің кенже баласы Байқошқардан (бір деректерде Қошқарбайдан) тарайды. Борай, Қоңырсопы руларымен бірге өзара қыз алыспайтын, еншілес «Үш арыс» тобына енеді. Жиенбеттен – *тәңірберген, көшей, кенжегүл, айтқұл, асан, боқанай, қармыс* аталары өсіп-өнген. Бір замандарда хазар, қыпшақ, ноғай ұлыстарының құрамында болған көне алшын тайпасының бір бұтағы да жиенбет аталған. Жиенбет – Қазақ ордасы кезінде Кіші жүз рулары мен арғын, жалайыр, қыпшақ, қоңырат, найман, құрама тайпалары құрамында да ұшырасқан. Ноғай, башқұрт, ғағауыз халықтарының қатарында да болған.

Қайрақ – Көтенші рулар тобына Ақболат-Қайрақ болып енетін еншілес рудың бірі. Көтеншіден – Мақы, одан – Аққошқар, одан – Ақмырза. Ақмырзадан – Ақболат, Қайрақ тарайды. Қайрақ атасынан тараған ұрпақтар Сырдарияның сол жағалауы мен Қаратауды мекендеген. Жер жағдайына байланысты оларды «Құм Қайрағы», «Тау Қайрағы» деп атайтын болған. Қайрақтан тараған ұрпақтардың саны аз. Қайрақтан – *Көшкінші*, одан – *қонақ, наурызбай, сарымсақ, қияқ, қырғызбай* болып тармақталады.

Қаракөсе – Қоңырат тайпасының Көктің ұлы бірлестігіне кіретін ру. Шежіре бойынша қаракөседен – *балгалы, болтай, жетім, қалпе, қарулы, мұқам, тоғай, шүрен* деп аталатын 8 ата тарайды. Кей шежірелік деректерде Қаракөсені Жығалының інісі Сырғалының, немесе аталасы Қараменденің баласы, енді бірде Тоқболаттың інісі ретінде жорамалдайтын нұсқалар бар.

Қараша – Қоңырат тайпасы Көтенші бірлестігінің Жаманбай тобына енетін ру. Шежіре бойынша Көтенші немересі Қаракұдайбердінің Суынбай деген баласынан тарайды. Қараша – *Кейден*, одан – *Тоқтауыл (Бәйбіше), Қожзақ (Таздар), Қожамберді* аталары боп тармақталады. Кіші жүздің жаппас руының, өзбектің катаған руының да бір атасы қараша деп аталады.

Қира – Көтенші бірлестігіне енетін ру. Шежіре бойынша Жаманбайдың баласы. Мәмбет деп те атайды. Қира руы өз ішінде *Құлтума, Дүкен* деген 2 атаға тармақталады. Қира – өзбектің катаған руының да бір атасы ретінде белгілі.

Қоңыршұнақ (Қоңырсопы) – Қоңырат тайпасы Көтенші бірлестігінің Жаманбай тобына енетін ру. Шежіре бойынша Көтенші ұрпағы Қарақұдайбердінің Жаулыбайынан – Қоңырсопы, Жаманбай деген екі бала туады. Қоңырсопының тоғыз баласы болады. Бір шапқыншылықта сегізін жау өлтіріп кетіп, ең кенжесі, кейіннен жетіммалай атанып кеткен бала ғана тірі қалады. Қоңырсопы жатса-тұрса: «Е, құдай, шүп-шұнақ қылып қойдың ғой» деп зарланады екен. Жетіммалай тұқымдарының Қоңыршұнақ атануы осыдан делінеді. Қоңыршұнақ – *Жанай*, одан – *Жетіммалай*, одан – *тәңірқұл* (қожан, нияз, тоғай), *қожақай* (әлденей, ханкелді, төленбай, дәуті) аталары тарайды.

Құйысқансыз – Аманбайды қара.

Құлшығаш – Қоңырат тайпасы Көктің ұлы бірлестігіне енетін ру. Шежіре бойынша, қазақ қоңыраттарының түп атасы делінетін Нағанайдың бәйбішесі Жұпар анадан туған Жығалы мырзаның баласы. Әуелгі есімі Ақмырза екен, кейін Құлшығаш атаныпты делінеді. Құлшығаштан – *өтеулі, жиенбек, жортпас* тарайды. Олардан – *ораз, лепес, қайдауыл, жәдік, сары, түгіскен, досай, өтей* аталары өсіп-өнген. Құлшығаш көне қият тайпасының бір тармағы дейтін топшылаулар да бар (*Сейдаққожа Жүсіпұлы, қолжазба*).

Құрбан ата – Көтенші бірлестігінің Жаманбай тобына кіретін ру. Құрбанның өзіне дейінгі шежірелік тізбегі былай таратылады: Көтеншіден – Мақы – Құдайберді – Жаулыбай – Жаманбай – *Құрбан*. Құрбан, Жауғашты, Ноғай, Шоқпарлы, Қира деген бес ағайынды болған. Шежіре бойынша *Құрбаннан – киікші, тіней, жары, сасық, жартыбас, көтен* аталары тарайды. Олар өздерін «Құрбан балаларымыз» деп, бір-бірімен қыз алыспайды. С. Жүсіпұлының жазуынша, көне қарлұқтардан тарайтын *қотан* тайпасы да – *киікше, биікше, тіней, жарық, сасан* руларына бөлінген. Бұл дерек қазақ шежіресінде «Құрбан далалары» делінетін аталар тармағының тарихы әріден бастау алуы мүмкін екенін де көрсетеді (*Қазақстан. ҰӘ. 4 т. 584 б.*). Мәселен, Киікші

атасы өзбектің маңғыт тайпасының, қарақалпақтың қоңырат арысының құрамында да осы атау түрінде кездеседі. Ел аузындағы әңгімелерде Құрбанның әулие кісі, ұрлық пен зорлыққа қарсы, адал жан болғаны, аң аулап, құс ұстап күн көргендігі айтылады. Киікші туғанда қақпанына киік түскен екен. Бұл балам аңшы, киікші болады екен деп атын Киікші қойыпты делінеді. **Киікші** – бекбаулы (қожаберген, бөлтек, шуақ), *шегір* (қошқарбай, жәдіке, байсары, башын) аталарына бөлінеді. **Жартыбас** – Киікшінің інісі болғанымен еншілестік дәстүрге сай Киікші атасының құрамына енеді. **Тінейден** – *майлыбай, меңдібай, өте, ажан* аталары өрбиді. **Жарыдан** – Тәуіп, одан – Мама, одан – Құлымбет аталары. **Сасықтан** – Бақылдақ, одан – Сүйіндік, одан – Баубек, одан – Жанәлі. **Көтен** – шежіре бойынша Құрбанның кенжесі. Ел аузында Құрбан оны тоқсаннан асқасын көрген. Дүниеге көтенінің жиегі болмай (жамбасында қалы бар екен деп те айтылады) келгендіктен, *көтен* аталыпты деген әңгімелер бар. Көтен – *рысбике* (жолмырза, бекмырза, бозкозы, бапай, амандық), *меңдібике* (қосан, талпақ, көрпе), *құттыбике* (құттыбай) аталарына бөлінеді. Құрбан ата ұрпақтары ХХ ғ. басында Перовск уезінің Приречная, Жаңақорған, Сауран, Шымкент уезінің Ақтөбе, Сарыкөл, Шілік, Хантағы болыстарын мекендеген.

Қырғызәлі – Қоңырат тайпасы Көтенші бірлестігінің Жаманбай тобына енетін ру. Шежіре бойынша Көтенші ұрпағы Қарақұдайбердінің Сүттібайынан тарайды. Сейдаққожа Жүсіпұлының (ХІХ ғ.) шежірелік деректерінде қырғызәлілер қырғыз халқының солты тайпасының бір сынығы екені айтылады. Олар ХҮІІІ ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ жеріне келген. Бертінірек Қоңыраттың бір атасы боп сіңісіп кеткен делінеді (*Жүсіпұлы, 1994. 106-107 б.*). Алайда бұл нұсқаны қуаттайтын дерек қырғызәлі шежірелерінде әзірге кездесе қойған жоқ. Қырғызәлілер – *абыз, жәдік, сыбан, көбек* аталарына бөлінеді.

Маңғытай – Қоңырат тайпасы құрамындағы ру. Көтенші бірлестігінің Бес ата тобына енеді. Ауызша шежіре бойынша, Мұлкаманнан – Сарықұл, Бәйімбет. Сарықұлдан – Саңғыл, Бәйімбеттен – Маңғытай делінеді. Маңғытай – *шүйіш, елімбет, көшімбет, тума* аталарына бөлінеді. Шүйіш, елімбет аталарының

ұрпақтары Созақ, Түркістан, Отырар, Арыс, Жетісай өңірлерін мекендейді. Көшімбет, тума аталары өзбек арасында қоныстанып қалған. Ел арасында маңғытай мен саңғыл руларының ұрандары – бүкіл қоңыратқа ортақ «Алатауға» қоса, «Мүлкаман» деп те аталуына байланысты, Маңғытайды Саңғылдың баласы дейтін де әңгімелер бар. Дегенмен, бұл ретте қазақтың ХІХ ғасырдағы білгір тарихшыларының бірі, Сейдаққожа Жүсіпұлының жазғаны шындыққа жақындау келеді. Ол маңғытай руының тарихын Едігедей атақты көсемі бар Маңғыт ұлысымен сабақтастырады. Орта Азия мен Жетісуда түрк текті *маңғыт* тайпаларымен бірге *қидан* (қарақытай) тайпаларының да өмір сүргені белгілі. Х ғасырда Алтайдан Тынық мұхитқа дейінгі алып кеңістікте билік жүргізген көшпелі Қидан (Лию) империясына енетін халықтар арасында түрк текті жұрттар да көп болатын. Олардың арасында «сүйегі текті қоңырат тайпасы да болды» деген дерек тарихи жылнамаларда жазылып қалған. ХІІ ғасырда шығыс жақтан Жетісу мен Орта Азияға жорықпен жетіп, билік жүргізген қарақытайлардың арасында сол қоңыраттар да бар еді. Олардың дені кейіннен түрк текті *қытай*, *маңғыт* тайпаларының құрамына сіңісіп, Едіге би ұйыстырған Ноғай ұлысына енді. Бұл екі тайпаның біраз жұрты ХІУ- ХУ ғасырларда қыста Сыр бойын қызтап, жазда Ұлытауды жайлапты. Едіге мен Әмір Темірдің бір қақтығысында олар көп шығынға ұшырайды. Едіге би қаза тапқаннан кейін саны азайған маңғыт пен қытай рулары бірігіп, *қытай* қауымының көсемі *Саңғылдың* бастауымен ежелгі туысы қоңырат ішіне ойысып, *маңғытай* (маңғыт-қытайдың ықшамдалған нұсқасы) атаныпты, дейді білгір тарихшы Сейдаққожа. Олардың осынлай себептермен топтасқан басқа бөліктері де өзге тайпалардың құрамына сіңген сыңайлы. Өйткені *маңғытайлар* қазақ қоңыраттары ғана емес, құрама, жалайыр, әлім, найман, қаңлы тайпалары, ноғай, өзбек, қарақалпақ, қырғыз халықтарының құрамында да бар. Қоңырат шежірелерінде маңғытай мен саңғылдың бір-біріне жақын ағайындылар ретінде сипатталатынының мәнісі де сол алыс ғасырлардағы бауырласу дәйектеріне байланысты туындаған болуы керек. Кейіннен олардың саны көбейіп, қайтадан жіктелу үдерісі басталғанда, Саңғыл көсемнің тікелей жақын аталастары өздеріне *саңғыл* атауын қабылдайды. Түп-тегі қоңырат, маңғыт тайпаларынан

тарайтын *маңғытайлар* бір кезде екі тайпа өкілдерінің бірігуінен пайда болған ықшамды ру атауын өздерінде алып қалады (Жүсіпұлы, 1994. 103-104 б.; Қоңырат тарихы мен шежіресі, 2016. 319-322 б.).

Ноғай – Қоңыраттың Көтенші тармағының *Жаманбай* тобына жататын ру. Шежіре деректері бойынша, *сатыбалды, тоқас, шеруші* аталарына бөлінеді. *Сатыбалдының* баласы Бәйкісінің әйелі Баян қарақалпақтың қызы болған. Оның Бәйкісіден туған Өтеп, Өтес, әменгерлік жолмен қайнысы Түкшеге қосылып, одан туған Елдек, Бөрібай және қайнысы Ахмет «Баян балалары» атанған.

Оразгелді – шежіре деректері бойынша Көктің ұлынан (Тәңірберді) – Жабатқұл, одан – Мәмбетәлі, одан – Оразгелді. Ел аузында Мәмбетәлі өсіп-өніп, мал-жаны көбейгеннен кейін «Аллаға шүкір, оразды болдым» деп жиі айтатындықтан, ол Оразгелді атанған екен дейтін нұсқалар да бар. Оразгелді руы *Құрманәлі, Қаржау, Бұғышы, Бәтікей, Айғұлы, Тиекті* деген аталарға бөлінеді.

Саңғыл – Көтенші бірлестігінің Бес ата тобына енеді. Шежіре деректері бойынша, *ағысай, самай, нұрсай, қошқар, қаратілес, тиес* деген аталарға бөлінеді. Түркістан. облысының Созақ, Түркістан, Отырар аудандарын мекендейді. Саңғыл атауын Шыңғысханның замандасы Сенгеле бимен сәйкестендіретін жорамалдар айтылып жүргенімен, Сенгеле мен Саңғыл арасында елеулі хронологиялық алшақтық бар екені ескерілуі тиіс. Шежірелік тізбектерде түпкі аталардың есімдерінің қайталануы жиі кездескенімен, сол түпкі атаудың ру атына шығып осылайша таксоном түрінде жаңғыруы сирек кездеседі (*Қоңырат тарихы мен шежіресі, 2016. 323 б.*). Бұл жорамалдан көрі саңғыл руының түп-төркіні жөнінде маңғытай руына берілген анықтамада айтылған, әйгілі тарихшы Сейдаққожа Жүсіпұлының 1875 жылы Бұхарада басылып шыққан «Қазақ тайпаларының тарихы» атты еңбегінен алынған нұсқа біршама иланымдылау боп көрінеді (Жүсіпұлы, 103-104 б.; Қоңырат тарихы мен шежіресі, 2016. 319-320 б.).

Тоқболат – Қоңыраттың Көктің ұлы бірлестігіне енетін ру. Құдайбердінің Жабатынан өрбиді. Шежіре деректері бойынша, тоқболаттан – *тайты, қарасақал, сақай (әліке), барақ, қожамқұл, еспенбет-бекей* аталары тарайды. Соағн орай «Алты ата Тоқболат» деп те айтылады. Ілгеріде Ташкенттің маңында көшіп-қонып жүрген.

ДЕРЕККӨЗ ӘДЕБИЕТ

Абу-л-Гази. Родословное древо тюрков. – Казань: Типо-литография Имп. университета, 1906. – 336 с.

Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Часть первая. – Алматы: 1959. Каз. гос. уч-пед. изд. – 452 с.

Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.

Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. — 208 б.

Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 83 т. Шежірелік аңыздар. 264 б. — Астана: «Фолиант», 2012. — 448 б.

Бартольд В. В. Кят // Сочинения. Т. 3. – М.:Изд. вост. лит, 1965. – 712 с.

Бартольд В. В. Географический очерк Мевераннахра // Сочинения. Т. 1. – М.:Изд. вост. лит, 1963. – 762 с.

Бартольд В. В. Новый источник по истории Хорезма // Работы по источниковедению. УИИ т. М., 1973. – 723 б.

Бейсенбайұлы Ж. Жошы ұлысы түрк бектерінің Хорезм мен Сыр алабының этносаияси үдерістеріндегі орны. 3-25 б. // «Алтын Орданың билік институттары және қазақ қоғамындағы этносаияси процестер» атты халықаралық ғыл.-тәжіриб. конф. мат.-ры. – Түркістан: Өзірет сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, 2021. – 188 б.

Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 160 б.

Бейсенбайұлы Ж. Құтлықтемір және оның інілері. // Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Қоңырат. 14 т. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2014. – 525 б.

Бейсенбайұлы Ж. Нағанай бек. 313-316 б.; Құсайынсопы Нағанайұлы. 274-275 б. // Түркістан – руханият бесігі. Лингво-өлкетану энциклопедиясы. Бірінші кітап. – Астана: Нұрнама. KZ, 2019. – 504 б.

Бейсенбайұлы Ж. Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер. Астана: Халықаралық Түркі академиясы, «Ғылым» баспасы, 2015. – 468 б.

Бейсенбайұлы Ж. Нағанай би (Жошы ұлысының құдіретті қоңырат бектері және түп ата тұлға мәселесі орайында). Ғылыми зерттеу. – Нұр-Сұлтан: «Профмедиа Астана», 2021. – 109 б.

Бердақ. Таңдамалы шығармаларының жыйнағы. – Нөкіс: «Қарақалпақстан», 1977. – 275 б.

Бернштам А. Н. К происхождению легенды об Огуз-кагане // Очерк истории гуннов. – Ленинград: 1951. – 257 с.

Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Том 1. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1950. — LXXXVIII, 381 с.

Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Т. 2. [К-Н]. – СПб.: тип. Имп. АН, 1871. – 415 с.

Буниятов, З.М. Государство хорезмшахов-ануштегинидов 1097-1231 г. – М.: Наука. 1986. – 376 с.

Вайнберг Б.И. К истории Кунградских Суфи // Полевые исследования Хорезмской экспедиции в 1957 г. – М., 1960. – 208 с.

Васильев Д. В. Ислам в Золотой Орде. – Астрахань: 2007. – 170 с.

Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах, часть 2. – СПб.: тип. Имп. АН, 1864. – 499 с.

Веселовский Н. И. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. – СПб., 1877. – 364 с.

Веселовский Н.И. Хан из темников Золотой Орды Ногай и его время. 3 б. – Петроград: Записки Российской академии наук, 1922. – 61 с.

Викторова Л. Л. Монголы: Происхождение народа и истоки культуры – М.: Наука, 1980. – 224 с.

Геродот. История – М.: Ладомир, 1999. – 752 с.

Григорьев А. П., Григорьев В. П. Коллекция золотоордынских документов XIV века из Венеции. Источниковедческое исследование. – СПб.: Издательство СПбГУ, 2002. – 276 с.

Джаббаров И. Древний Хорезм – страна высокой культуры и уникальной духовности (Этно-исторические очерки) – М.: ИЭА РАН, 2014. – 304 с.

Евсюков В.В. К этнической истории чжурчженей // Дальний Восток и соседние территории в средние века. Новосибирск: Наука, 1980. – 153 с.

Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – М.: Наука, 1985. – 245 с.

Жданко Т. А. Каракалпаки Хорезмского оазиса / Материалы полевых исследований Каракалпакского этнографического отряда Хорезмской экспедиции АН СССР 1945-1948 гг.) // Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. Т. I. М.: АН СССР, 1952. – 652 с.

Жданко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1950. – 171 с.

Жирмунский В.М. Огузский героический эпос и «Книга Коркута». // Қорқыт ата – энциклопедиялық жинақ. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 800 с.

Жирмунский В.М. Эпические сказания об Алпамыше и «Одиссея» Гомера // Избранные труды. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. – Ленинград: Наука, 1979. – 500 с.

Жүсіпұлы С. Жүзге кірмейтін қазақ рулары. 95-107 б. // Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. –160 б.

Задыхина К. Л. Узбеки дельты Аму-дарии // Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР. Т.1. – М. 1952. – 652 с.

Зайцев И.В. К истории золотоордынских кунгратов в Хорезме и в Кырму: эмир Нангутай. // Тюркологический сборник 2013-2014. – М.: Наука. 2016. – 358 с.

Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. – М.: Наука. 1966. – 160 с.

Золотая Орда в мировой истории. – Қазан, 2016. – 968 с.

Йазди, Шараф ад-Дин Али. Зафар-наме. Книга побед Амира Темура. – Ташкент, 2008. – 486 с.

Ибатов А. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 293 б.

Каракалпаки // Народы Средней Азии и Казахстана. Т. 1. С. 414-415. М.: Изд. АН СССР, 1962. – 768 с.

Кармышева Б. Х. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана. – М.: «Наука», 1976. – 325 с.

Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази, хана хивинского. – М.-Л. Изд. АН СССР, 1958. – 284 с.

Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан. 1997. – 128 б.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 т. Алматы: 1998. – 720 б.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 т. – Алматы: 2001. – 720 б.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4 т. – Алматы: 2002. – 720 б. 5 т. 51-52 б.. – Алматы: 2003. – 720 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия.. 3 т. К-Қ. – Алматы: РПК “СЛОН”, 2012. – 736 б.

Қоңырат тарихы мен шежіресі. Ғылыми еңбек.– Алматы: Курсив, 2016. – 444 б.

ҚТТД. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 5 т. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2006. – 440 б.

- Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, Сана, 1991. – 80 б.
- Магидович И. П. Кн. 1.* Население. // Материалы по районированию Средней Азии. Территория и население Бухары и Хорезма. Ч. 1. Бухара. – Ташкент, 1926. – 289 с.
- Магидович И. П. Кн. 2.* Население. // Материалы по районированию Средней Азии. Территория и население Бухары и Хорезма. Ч. 2. Хорезм. – Ташкент, 1926. – 140 с.
- Маннай-оол М.Х.* К вопросу о тюркизации населения Тувы // Проблемы современной тюркологии. – Алматы. 1980. – 430 б.
- Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- Материалы по истории туркмен и Туркмении. том 2. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1938. – 700 с.
- Материалы по истории каракалпаков. Сборник. – М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1935. – 299 с.
- МИКХ.* Материалы по истории казахских ханств в XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений) – Алматы: Ғылым, 1969. – 650 с.
- Моңғолдың құпия шежіресі.* Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. I т. – Алматы: Дайк-пресс, 2006. – 400 б.
- Моңғолдың құпия шежіресі.* Кітапты моңғолшадан аударған М. Сұлтаняұлы. – Алматы: Өнер, 1998. – 234 б.
- Муджмал-и Фасихи* (Фасихов свод). Фасих Ахмад ал-Хавафи. – Ташкент: Фан. 1980. – 346 с.
- Муканов М. С.* Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алматы: «Наука», 1974. – 200 с.
- Мунис ва Огахий.* Фирдавс ул-иқбол. – Тошкент: Янги аср авлоди, 2010. – 520 б.
- Мэн-да Бай-лу.* Полное описание монголо-татар. – М.: Наука, 1975. – 287 с.
- Оғыз-нама, Мұхаббат-наме.* – Алматы: Ғылым, 1986. – 207 б.
- Өмірәлиев Қ.* «Оғуз қаған» эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 280 б.
- Өтеміс қажы.* Шыңғыс-наме // Қазақстан туралы түркі деректемелері. I том. – А.: Дайк-Пресс. 2005. – 400-б.
- Пилявский В.И.* Куны-Ургенч. – Ленинград, 1974. – 72 с.
- Почекаев Р.Ю.* Ханы Золотой Орды. – СПб.: Евразия. 2010. – 384 с.
- Пьянков И. В.* Средняя Азия в ахеменидское время // История Древнего мира. От ранних государственных образований до древних империй. – М.: Вост. лит-ра, 2004. – 895 с.

Рашид ад-дин Фазлуллах Хамадани. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы, ХІҮ ғ.). Көп томдық, 1 т. – Астана: Фолиант, 2018. – 596 б.

Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. кн. 1. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1952. – 221 с.

Рашид ад-дин. Сборник летописей. Том 1, кн. 2. – М.-Л. АН СССР. 1952. – 316 с.

Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т. 2. – М.-Л.: АН СССР. 1960. – 253 с.

Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.

Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана. / Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии. Вып. 1. С. 2-37. // Труды АН Таджикской ССР. Т. XII. – Сталинабад, 1954. — 150 с.

Ситняковский Н.Ф. К генеалогической таблице узбекского рода кунград // Известия Туркестанского отделения Императорского Русского географического общества. Т. VII. – Ташкент, 1907. – 250 с.

Султанов Т.И. К историографии этнополитической истории улусов Джучи и Чагатай // Золотоордынское обозрение. 2017. Т. 5, № 1. С. 74–92.

Сухэбатор Г. К вопросу этнической связи между хунну и сяньби. // Сибирь, Центральная и Восточная Азия в средние века. – Новосибирск: Наука, 1975. – 230 б.

Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы.– Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б.

Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды // История Казахстана в арабских источниках. 1 т. – Алматы: Дайк-Пресс. 2005. – 711 с.

Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды // История Казахстана в персидских источниках. IY т. – Алматы: Дайк-Пресс. 2006. – 620 с.

Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Вост. лит-ра, 1962. – 322 с.

Толстов С. П. 1948. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л.: Изд. АН СССР,– 328 с.

Толстов С. П. 1948а. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. – М.: Изд. МГУ. – 352 с.

Трепавлов В.В. Золотая Орда в ХІҮ столетии. – М.:Квадрига, 2010. – 72 с.

Тұрсұн Х. Қоңыраттың бір бұтағы – казаяқты-көлеген тарихы Алтын Орда кезеңінен басталады // «Алтын Орданың билік институттары және

қазақ қоғамындағы этносаяси процестер» атты халықаралық ғыл.-
тәжіриб. конф. мат-ры. – Түркістан: Өзірет сұлтан мемлекеттік тарихи-
мәдени қорық-музейі, 2021. – 188 б.

Тынышпаев М. История казахского народа.– Алматы: «Қазақ
университеті», 1993. – 224 с.

Firdaws al-iqbāl, history of Khorezm. By Shir Muhammad Mirab Munis
and Muhammad Riza Mirab Āghāī. Translated from Chaghatay and
annotated. By Yuri Bregel. – Leiden, E. J. Brill, 1999. – 718 p.

Фазлаллах Рашид ад-Дин. Огуз-наме. — Баку: Элм, 1987. — 128 с.

Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды.– М.:
Изд-во МГУ. 1973. – 180 с..

Ханыков Н.В. Описание Бухарского ханства – СПб.: 1843. – 279 с.

Шамильоглу Ю. Племенная политика и социальное устройство в
Золотой Орде. – Казань: 2019. – 260 с.

ЭСТЯ. Этимологический словарь тюркских языков. 6 т.
Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ». М.: 2000. – 265 с.

2021 жыл



МАЗМҰНЫ

ЗЕРТТЕУЛЕР

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

(аңыздық және деректемелік сарындар)

Шежіре – қастерлі қазынамыз	6
Ұлы жүз – Үйсін бірлестігі	11
Орта жүз	18
Арғын.....	19
Қыпшақ.....	22
Найман	26
Қоңырат	34
Керей.....	34
Уақ	38
Кіші жүз.....	41
Қаракесек бірлестігі (әлім, кете, шөмекей).....	44
Он екі ата Байұлы	47
Жетіру	54

АРҒЫ ТҮРКТЕР АҚИҚАТЫ ІЗІМЕН

Кіріспе <i>немесе</i> мәселенің мәнісі	59
--	----

I тарау. ТҮРК ТІЛДЕРІ – ПАЛЕОЛИТ ДӘУІРІНІҢ ПЕРЗЕНТІ

Америка үндістері – алыстан қосылатын туыстар.....	73
ДНҚ ақпараты – үндістердің даусыз түпкі түркітер екенін айғақтады	82
Кімбіз, қайдан шықтық? Ностра тілдері болжамы.....	86
Адам Ата – Хауа Ана ұрпақтары	88
Нәсілдер мен тілдердің саралануы	94
Мұз дәуірінің жиһанкездері	99
Арғы алтайлықтар ареалының батыс қапталы	103
Моңғол тұрпаттылық қалай қалыптасты	107

II тарау. КІНДІК АЗИЯДАҒЫ АЛТАЙЛЫҚ ЖҰРТТАРДЫҢ ІЛКІ
ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОТЕКТІК
ИШАРАЛАР

Самарқаннан Сібірге дейінгі ортақ сілем	114
Тұранның ежелгі тұрғындары	117
Каспий айналған мыңжылдықтар	124

III тарау. АРҒЫ ТҮРКТЕРДІҢ БАТЫС АЙМАҒЫ

Шумерде шығыс ностра тілдерінің ұшқыны бар	138
Шумерлер қайдан келді?	145
Үндіеуропалық кезеңге дейінгі Иран жері мен Кіндік Азия	151
Этногенездік дамуды қайта кезеңдеу	153
Субар мен қас жұрттары	156
Маңна(й), Ішғұзай	163
Ішрекі (Ордалық) жұрт	165
Мадай – Матай	168
Парс пен Барыс	173

IV тарау. КӨНЕСHҰҢҚЫР ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТТЕРІНІҢ
ІЗАШАРЛАРЫ – ІЛКІ ТҮРКТЕР

Ұлы Даланың ежелгі малшылары	178
Ерте энеолиттік Еділ мен Жайық	185
Батысты қаусырған далалық қуат	190
Ботай. Әлемнің тұңғыш жылқышылары	196
Көк аспанмен үндескен күмбез үйлер	203
Ботайдан кейінгі арғы түркітер	208
Дереккөздер	222

ШҮЙГІН МҰРА, ТҰҢҒИЫҚ ТҮЙСІК

(Шоқан – ауыз әдебиеті мен ортағасырлық жазба мұралар
зерттеушісі)

Кіріспе	238
I. ШОҚАН ЖӘНЕ БАЙЫРҒЫ ӘДЕБИ МҰРА.....	257
I.1. Ғалымның ғылыми-көркемдік дүниетанымы және рухани құндылықтар.....	257

I.2. «Едіге» және «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары: зерттеушінің мәтінтаным, талдау баспалдақтары.....	273
I.3. Қырғыздың «Манас» эпосы мен аңыздарын жүйелеуі мен саралауы	286
I.4. Қазақ шежірелері мен әпсаналары – әдеби-рухани мұра (ғалымтұжырымдамасы).....	303
II. ШОҚАН – ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛЕР ЗЕРТТЕУШІСІ.....	316
II.1. «Шежіре-и түрк» – түрк халықтары туралы бірегей мағлұмат көзі.....	316
II.2. «Шайбанинама» – қазақтың дербес ел болу күресінің дерекнамасы.....	324
II.3. «Хан жарлықтары» – ортағасырлық қыпшақ жазба жәдігерлері.....	332
II.4. Қадырғали шежіресі – қазақ тарихы туралы құнды жазба ескерткіш.....	341
II.5. Қашқар қолжазбалары – Алтышәр аймағының рухани дереккөздері.....	335
II.6. Шоқан және «Тарих-и Рашиди» әдеби жәдігері.....	370
Қорытынды	383
Дереккөз әдебиет.....	390

НАҒАНАЙ БИ және оның заманы
(Жошы ұлысы қоңырат бектерінің Хорезм мен Сыр
аймағының этносаяси үдерістеріндегі орны)

Бектербектер билігі.....	399
Ұлық ұлыс заманына дейінгі Хорезм	403
Хорезм билеушісі Нәм ұлысқа тұтқа болған Құтлықтемір бектербек.....	410
Түп ата тұлға Нағанай ұлыби және оның ұрпақтары	424
Хорезм өңіріндегі Қоңырат ұлысы. Хиуа хандығын билеуші әулеттердің хронологиясы.....	476
Қоңырат құрамындағы рулар мен аталар.....	579
Дереккөз әдебиет	492

Бейсенбайұлы Жарылқап

Шығармалары

3 том

Пішімі 60x90/16. Қаріпі Times New Roman.
Офсеттік басылым. Шартты б.т. 31,35
Таралымы 500 дана

«Өрнек» баспасының баспаханасында беттеліп,
басылып шықты